




ҚҰРАН КӘРИМ
ҚАЗАҚША МАҒЫНА
ЖӘНЕ ТҮСІНІГІ

الْفَيْءُ الْكَبِيرُ

وَتَرْجَمَهُ مَعَانِيَهُ إِلَى


اللُّغَةِ الْقَارِئَةِ

إِنَّمَا نَزَّلْنَا الذِّكْرَ وَاللَّهُ يَرُدُّ الْقَوْلَ إِلَىٰ يَوْمِ الْقِيَامَةِ



تَشْرَفُ بِالْأَمْرِ طَبَاعَةُ هَذَا الْمَوْحُوفِ الشَّرِيفِ وَتَرْجُمَةُ مَعَانِيهِ
حَاضِرَةُ الْحَيَّةِ نَزَّالَةُ الْقُرْآنِ الْمَلِكِ وَهِيَ أَرْبَعَةُ أَلْفٍ وَسِتُّونَ
مَلِكِ الْمَمْلُوكَةِ الْعَرَبِيَّةِ السُّعُودِيَّةِ

هَذَا الْمُصْحَفُ الشَّرِيفُ وَرَجْمَةٌ مَعَانِيهِ
هَدِيَّةٌ مِنْ خَادِمِ الْحَرَمَيْنِ الشَّرِيفَيْنِ الْمَلِكِ فَهْدِ بْنِ عَبْدِ الْعَزِيزِ آلِ سُعُودٍ
وَقَفَّ لِلَّهِ تَعَالَى لَا يَجُوزُ بَيْعُهُ



**БҮЛ ҚҰРАН ШӘРИФ ҚАЗАҚША МАҒЫНА ЖӘНЕ ТҮСІНГІ ШАРАПАТТЫ
ЕКІ ХАРАМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ ФАҒД ПАТША ҒАБДУЛҒАЗИЗ ҰЛЫ
САУД СЕМЬЯСЫНЫҢ СЫЙЛЫҒЫ.
АЛЛА ҮШІН АРНАЛҒАН САТУҒА БОЛМАЙДЫ.**



**ҚҰРАН КӘРИМ
ҚАЗАҚША МАҒЫНА
ЖӘНЕ ТҮСІНГІ**

**БҰЛ ҚҰРАН ШӘРИФТІҢ ҚАЗАҚША АУДАРМАСЫНЫҢ БАСЫЛЫМЫНА
ШАРАПАТТЫ ЕКІ ХАРАМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ ФАҒД ПАТША ҒАБДУЛҒАЗИЗ
ҰЛЫ САУД СЕМЬЯСЫ САУД АРАБИЯ ПАТШАСЫ ӘМІР ЕТКЕН.**

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّ هَذَا الْقُرْآنَ يَهْدِي لِلَّتِي هِيَ أَقْوَمُ.

الحمد لله رب العالمين والصلاة والسلام على سيد المرسلين محمد وعلى آله وصحبه أجمعين.. وبعد:

فتحقيقاً لتوجيهات خادم الحرمين الشريفين وناشر كتاب الله المجيد الملك فهد بن عبد العزيز آل سعود حفظه الله في العناية بكتاب الله الكريم توثيقاً وطباعة، والعمل على تيسير نشره وانتشاره بين أيدى المسلمين وتفسير معانيه باللغات الأجنبية واعتبار تلك التوجيهات أسمى الغايات والأهداف المرسومة لمجمع خادم الحرمين الشريفين الملك فهد لطباعة المصحف الشريف بالمدينة المنورة.

وبناء على التعاون بين كل من الأمانة العامة لمجمع خادم الحرمين الشريفين الملك فهد لطباعة المصحف الشريف بالمدينة المنورة والأمانة العامة لرابطة العالم الإسلامي في استقطاب علماء التفسير في البلدان الإسلامية لترجمة معاني القرآن الكريم إلى اللغات الأجنبية وذلك للحاجة إلى طرح تلك المعاني إلى جميع اللغات التي يتحدث بها المسلمون حتى يواكب التعبد بتلاوته تفهما لمعانيه.

وإيماناً بقوله تعالى (إنما المؤمنون إخوة) وشعوراً بواجب المساهمة الإسلامية. يسعدنا أن تقدم هذا المصحف الشريف وترجمة معانيه إلى اللغة القازاقية الذي أمر بطباعته خادم الحرمين الشريفين وناشر كتاب الله المجيد الملك فهد بن عبد العزيز آل سعود حفظه الله والتي قام بترجمتها فضيلة الشيخ خليفة آلطاي وراجعها الأستاذ ح. دليل خان جان آلطاي ووافقت عليه رابطة العالم الإسلامي بمكة المكرمة.

ونحمد الله أن وقتنا إلى إنجاز هذا العمل وتقديمه إلى المسلمين الناطقين باللغة القازاقية في قازخستان وخارجها رجاء أن يستلهموا منه نور الهدى والصلاح الذي يقوى إيمانهم ويثبت إسلامهم ويصلح أحوالهم في الدنيا والآخرة..

والله الهادي إلى سواء السبيل.

Бісміллаһір-Рахманір-Рахим

"Негізінен осы Құран ең тура жолға бастайды." (17-С. 9-А.)

Толық мақтау әлемдердің Раббы, Аллаға тән. Елшілердің ардақтысы Мұхаммедке, үй-ішіне және барлық жолдастарына Алланың игілігі және сәлемі болсын!

Шарапатты екі Харамның қызметкері Фаъд патшаның (Оны Алла игілігімен қорғасын!) Алланың құрметті Кітабының басылымы және Мұсылмандардың қолдарына тию, мағыналарының бөгде тілдерге аударылу жұмыстарын оңайластыруға байланысты нұсқаулары бойынша бұл елеулі мақсат және көзқарас Медине Мұнауарадағы "Фаъд Патшаның Құран Шәриф Басылым Комбинатының" бас хатшысы мен "Дүние Жүзілік Ислам Бірлігі" (Рабыта) қоғамының бас хатшысы арасында Құран Шәрифтің мағыналарын Мұсылмандар сөйлейтін әр түрлі тілдерде басылымы олардың мағынасын білмей тек қана ғибадат үшін оқу жағдайында қалмаулары көз алдыға ұсталып, Ислам мемлекеттеріндегі тәпсір ғалымдарын бірараға келтіріп солардан пайдалану жұмысы жүзеге асырылды.

Алла тағаланың: "Шын мәнінде мүміндер бауырлас қой.",- деген аятына сенім артқан бойда діни міндет деп сезіп, осы Құранды және қазақша аудармасын ұсынып отырмыз. Шарапатты екі Харамның қызметкері Ұлы Алланың Кітабын таратушы Фаъд патша Абдүлғазіз ұлы сауд семьясы (Алла оны қорысын!) Басылымына әмір берді.

Бұл Құран Шәрифтің қазақша аудармасын ардақты Халифа Алтай орындады. Оны ұстаз Дәлелхан Жаналтай көзден кешірді. Және бұған Меккедегі Дүние Жүзілік Ислам Бірлігі (Рабыта) қоғамы келісім берді. Бұл арқылы Қазақстандағы әрі басқа жерлердегі қазақша сөйлейтін Мұсылмандардың бұдан тура жол нұрын түсінулерін және имандарының күшейіп Мұсылманшылықтарының нығайып сондай-ақ дүние ахиретте ахуалдарының түзелуін үміт етеміз.

Ең тура жолға ұластырушы Алла.

مِصْحَفُ الْمَدِينَةِ النَّبَوِيَّةِ



مجمع علماء الحرم الشريف تفسير القرآن الكريم
طبعة المصحف الشريف

МЕДИНЕ МҮНАУУАРА НҮСХАСЫ



ҚҰРАН КӘРИМ
ҚАЗАҚША МАҒЫНА
ЖӘНЕ ТҮСІНІГІ

ЕКІ ХАРАМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ
ФАЪД ПАТШАНЫҢ
ҚҰРАН ШӘРИФ БАСЫМ КОМБИНАТЫ



1- ФАТИХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 7 аят. (Бұл сүре: "Әл Фатихатүл Кітап, Үммүл Құран, Сәбғүл Мәсани): Кітаптың кілті, Құранның негізі, қайталанатын 7 аят т.б. аттармен аталады. Сондай-ақ Фатиха сүресі: Аллаға жалбарынудың нағыз бір үлгісі Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (1) Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. (2) Аса қамқор, ерекше мейірімді.(3)

Қиямет күнінің иесі. (4-С.16-А) (4) (Әй Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! (5)

Бізді тура жолға сала көр! (6)

Нығметке бөлендіргендеріңнің жолына! (4-С.69-А.)

Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес! (5-С.78-А.) (7) "Амин"

(Құран кәрім, негізінен алты түрлі күрделі маңызды қамтиды: 1- Алланың барлығы, бірлігі, 2- Пайғамбарлық, 3- Құлшылық, 4- Қиямет, 5- Бұларға сенушілердің жәйі, 6- Сенбеушілердің жағдайы, соңғы екеуі көбінесе қисса түрінде келеді. Мысалы: "2-3-А.": Алланың барлығын, бірлігін, "4-А.": Қиямет күнін, "5-А.": Құлшылықты, "6-А.": Пайғамбарлықты, "7-А.": Сенушілерді, сенбеушілерді қамтиды. Қорыта айтқанда, Құран кәрімнің әр аяты немесе сүресі, осы алты түрлі негізгі маңызбен тікелей не жанай түрде ұштасып отырады. Сондықтан Фатиха сүресіне: "Үммүл Құран" делінген. Уаллаһу ағлам.... Ж-Қ.)

2- БАҚАРА СҮРЕСІ

Мединеде түскен, 286 аят. (Бұл ең ұзын сүреде, Алланың барлығы, бірлігі, пайғамбарлық, қиямет күні тәрізді негізгі сенім мәселелері, және Намаз, Ораза, Зекет, Хаж сияқты құлшылыққа тән нұсқаулар сондай-ақ үйлену, ажырасу, (қысас) кек алу, өсиет, аманат, қарыз өсім және нафақаландыру т.б.күрделі қоғамдық қарым-қатынасқа тығыз байланысты ережелер және сенбеушілердің, әсіресе Яһудилердің қылықтары баян етілумен қатар, қорытып айтқанда бір қатар маңызды мәселелер кіріспе түрінде осы сүреде қамтылған деуге болады. Ардақты пайғамбарымыз (Ғ.С):"Әр нәрсенің бір шоқтығы бар. Құранның шоқтығы Бақара сүресі" деген. Ж-Қ)


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

"Әліф Лам Мим" (1) (Бір неше сүренің басындағы осы тәрізді жеке әріптер: "Хүрүф Мұқаттағат" бөлшек әріптер деп аталады. Ұғымын Алла біледі.)

Міне осы Кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші. (2-С.177-А.) (2)


Сондай олар көмеске иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берген несібемізден (Алла жолында) Пайдаландырады.(2-С.285-А)(3)

(Мұхаммед Ғ.С.) олар саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы



түсірілгенге сенеді және ахиретке анық нанады.(4)


Міне солар Раббылары тарапынан тура жолда және солар құтылушылар. (5) (Делінген бейнеде Құранның тура жолынан пайдалана алатын тақуалардың: Көмеске иман келтіру, намазды толық орындау, Алла жолында мал сарып қылу, кітаптарға және ахиретке нану, бес шарты баян етілгеннен кейін, келесі аяттарда, ескерту пайда бермейтін, қасарысқан кәпірлермен екі жүзді (мұнафықтар) баян етіледі.)




(Мұхаммед F.C.) расында қарсы болғандарды, үгіттесең де үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар иман келтірмейді, (6) Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар. (Алла оларды жаратып ой, көз, құлақ берген болса да қарсы келіп қасарысқандықтарынан осы халге келген.) (41-С.5-А. 83-С.13-А.) (7) Адамдардың кейбіреулері, екі жүзді (мұнафықтар): "Аллаға, ахирет күніне сендік" дейді. Бірақ олар сенбейді. (8) Олар (өздерінше)

Алланы және иман келтіргендерді алдайды. Бірақ олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді. (9) Олардың жүректерінде дерт бар. (Күншілдік дерті.) Сонда Алла олардың дертін арттыра түсті. (Мұсылмандар дамыған сайын күншілдіктері қоза түсті.) Сондай-ақ оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар. (10) Оларға: "Жер жүзінде бұзақылық қылмандар!,- делінсе, олар: "Біздер түзеуші ғанамыз" дейді. (11) Сақ болыңдар! Шын мәнінде олардың өздері бұзақы, алайда олар түсінбейді. (12) Егер оларға: "Адамдар иман келтіргендей иман келтіріңдер!,- делінсе, олар: "Ақылсыздарша иман келтірейік пе?,- дер. Байқаңдар! Шын мәнінде олардың өздері ақымақ. Бірақ олар білмейді. (13) Ал және олар мүміндерге кездессе: "Біз де иман келтірдік" дер. Әрқашан олар сайтандарымен (бастықтарымен) оңашалана қалса: "Расында біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып қана жүрміз" дер. (14) Алла оларды мазаққа ұшыратып, азғындықтарында қаңғыртып қояды. (15) Олар қисық жолды туралықпен айырбастап алды. Сонда оларға саудалары пайда бермеді. Әм олар тура жолды таппады. (16)

Олардың мысалы: (Далада) от жағып маңын жарық қылғанда, Алла олардың жарығын өшіріп, қараңғылықтарда қалдырған біреу сияқты, (бұл мысалда, екі жүзді мұнафықтар; жаққан оттары өшіп, тым-тырыс қараңғылықта қалғанға ұқсатылып отыр) олар көрмейді. (17) Саңырау, сақау және соқыр болып бетінен қайтпайды. (18) Немесе қараңғылықта күркіреп, жарқылдап көктен нөсерлете құйған жаңбырға ұшырап, нажағайдан өлем деп қорқып, саусақтарын құлақтарына тыққан біреулер тәрізді. Алла кәпірлерді толық баураушы. (19) Олардың көздерін нажағай жұлып әкете жаздайды. Оларға жарық берген сәтте, олар жарықта жүреді де оларға қараңғы болған заманда, олар тұра қалады. Егер Алла қаласа, олардың есту, көру сезімдерін де жойар еді. Алланың әр нәрсеге күші толық жетуші. (Бұл мысалда, Құран жене Ислам; көзді алардай жарқылдап, күркіреп құйған нөсерге, мұнафықтар; нажағайдан қорқып, саусақтарын құлақтарына тығып жарықта жүріп, қараңғыда тұрып тантаурақтағанға теңеліп отыр. К.Б.Ж.Т. т.б.) (20) Әй Адам баласы! Сондай сендерді де сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине сақтанған боларсыңдар. (21) Ол сондай Алла, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды.




Сондықтан біле тұра Аллаға шерік қатпандар. (Сенбеушілер, Құранды Мұхаммед Ғ.С. ойдан шығарып отыр деген. 25-С.32-А.) (22) Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де со құсаған бір сүре келтіріңдер, Алладан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. (23) Егер оны істемесеңдер (әзір келтірмесеңдер, келешекте) сірә істей алмайсыңдар. Ендеше, отыны; адамдар, тастардан болып кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар! (24)




(Мұхаммед F.C.) иман келтіріп, ізгі іс істегендерді қуандыр! Расында олар үшін астарынан өзендер ағатын жәннеттер бар. Әрқашан оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар: "Осы бізге бұрын да беріліп еді" дейді. Тағы оның ұқсасы келтіріледі. Әрі олар үшін онда тап-таза жұбайлар да бар. Олар онда мәңгі қалады. (Құрандағы шыбын, өрмекші және құмырсқа тәрізді кішкентай мысалдарға таңырқағандар болған...) (25) Расында Алла шіркейді, одан да

зорғыны мысал келтіруден ұялмайды. Ал мүміндер оның Раббыларынан нақ хақиқат екендігін біледі. Ал енді қарсы болғандар: "Алла, бұл мысал менен нені қалайды?",- дейді. Алла, ол мысал менен көптегенді адастырып, әрі онымен көптегенді оңғарады. (Мысалдарға қарсы келіп адасқандар да, шындық деп біліп жол тапқандар да болады негізінде.) Олар арқылы бұзықтарды ғана адастырады. (26) Олар (иман келтіріп) серт бергеннен кейін Алланың уәдесін бұзады да Алланың жалғастырылуын бұйырған нәрсесін (жақындық, бірлікті) бөледі. Сондай-ақ жер жүзінде бұзақылық істейді. Міне солар зиянға ұшыраушылар. (27) Аллаға қалайша қарсы келесіңдер? Өлі едіңдер, сендерді тірілтті. Тағы өлтіреді. Соңыра қайта тірілтеді. Сонан соң (қияметте) Оның алдына қайтарыласыңдар. (28) Ол сондай Алла, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп оны жеті қабат көк етіп тәртіптеді. Ол әр нәрсені толық білуші. (29)

(Мұхаммед F.C.) сол уақытта Раббың періштелерге: "Әрине мен жерде бір орынбасар жаратамын!", - деген еді. (Періштелер): "Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз" деді. Алла: "Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!", - деді. (Алла, Адамды топырақтан жаратып оған жан салды. (22-С. 5-А., 55-С.14-А., 32-С.7-А.) (30) Алла Адам (F.C.) ға біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: "Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер." деді. (31) Періштелер: "Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине Сен толық білуші, өте данасың" деді. (32) (Алла Т): "Әй Адам! Оларға, бұлардың аттарын баян ет" деді. Сонда (Адам F.C.) оларға ол заттардың аттарын айтқан сәтте, Алла: "Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендеріңді білемін деп айтпадым ба?", - деді. (33) Сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар" дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып қарсы келушілерден болды. (34) Және де: "Әй Адам! Сен де жұбайың да жәннәтте тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де, мына ағашқа жоламаңдар. Онда




жазықтылардан боласыңдар" деген едік. (Бұл ағаш көбінесе бидай немесе жүзім ағашы делінген.) (35) Сонда Шайтан, екеуін ол жерден тайдырды. Ондағы нығметтерден де шығарды. Оларға: "Бір-біріңе қас болып, түсіңдер: Сендер үшін жер жүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар" дедік. (36) Сонда Адам (F.C.) Раббынан сөздер үйреніп алды да жалбарынды. (7-С. 23-А.) Раббы оның тәубесін қабылдады. Өйткені Ол тәубені өте қабылдаушы, ерекше мейрімді. (37)




"Жаннаттан бәрің түсіңдер, Менен сендерге бір туралық келсе, кім сонда тура жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды" деген едік. (38) Қарсы келіп аяттарымызды өтірік дегендер, солар, тозақтық болып, олар онда мәңгі қалады. (39) Әй Израил ұрпақтары! Берген нығметімді еске алыңдар. Уәдемді орындаңдар. Мен де серттеріңді орындаймын. Әрі Менен ғана қорқыңдар. (40) Жандарыңдағы Тәуратты растаушы Мен түсірген Құранға сеніңдер. Сондай-ақ оған

алғаш қарсы келушілерден болмаңдар. Және де аяттарымды аз ғана бағаға айырбастамаңдар (дүниелік үшін бұрмаламаңдар) да Менен ғана қорқыңдар. (41) Хақиқатты бұзықтыққа араластырмаңдар да сондай-ақ біле тұра шындықты жасырмаңдар. (42) Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер, сондай-ақ (Алланың хұзырына) иілушілермен бірге иіліңдер. (43) Елді игілікке бұйырып, өздеріңді ұмытасыңдар ма? Кітапты оқисыңдар, ойламайсыңдар ма?... (44) Сабыр және намазбен жәрдем тілеңдер. Расында намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді. (45) Ол ынталылар, Раббыларына шын жолығатындықтарын ойлап әрі Оған анық қайтарылатындықтарын да біледі. (46) (Алла Израил ұрпақтарын бақытқа бөлеп, заманында әлемнен артық қылған. Пайғамбарлар көп келген. Бірақ Алланы көрмей: "Нанбаймыз" дегендер, Пайғамбарды өлтіргендер, бұзауға шоқынып, Тәуратты өзгерткен бұзықтары да болған. 2-С. 51,55,61-А.) Әй Израил ұрпақтары! Сендерге берген нығметімді, әм әлемге артық еткенімді еске алыңдар. (47) Біреу үшін ешкім күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын және оларға жәрдем де етілмейтін бір күннен сақтаныңдар. (48)

Сендерді Перғауынның сыбайластарынан құтқардық. Олар сендерді жаман қинаумен ұстап, ұлдарыңды бауыздап, әйелдеріңді тірі қойатын еді. (Бөлгерлердің: "Израил ұрпақтарынан бір ұл туып, ықпалыңды жояды" деуі бойынша Перғауын, олардан ұл туса, бауыздатып отыратын болған.) Міне мұнда сендерге Раббыларыңнан зор сынау бар. (49) Сендер үшін теңізді жарып, құтқардық та, перғауындықтарды суға батырдық. Сендер көріп тұрдыңдар. (50) Сол уақытта Мұса (F.C.) ға (Түр тауында Тәурат үйрету үшін) қырық кеш уәде берген едік. Кейін оның артынан, бұзауды тәңір жасап алдыңдар да өздерің залым болдыңдар. (51) Сонан кейін де сендерді шүкірлік етер деп кешірім еттік. (52) Және тура жолға келулерің үшін Мұса (F.A.) ға Тәуратты (жақсы-жаманды) айырушы нұсқауды бердік. (53) Сол уақытта Мұса (F.C.): "Әй қауым! Расында сендер бұзауды тәңір жасап алумен өздеріңе қастық қылдыңдар! Ал енді жаратушыларыңа тәубе қылыңдар. Әрі өздеріңді түзетіндер. (Немесе қылмыстыларды өлтіріңдер.) Бұларың сендер үшін жаратушыларыңның қасында хайырлы. Сонда тәубелеріңді қабыл етті. Өйткені Ол тәубені қабылдаушы, ерекше мейірімді"




деді. (54) Сол уақытта сендер: "Әй Мұса! Алланы әшкере көрмейінше саған әсте иланбаймыз" дедіңдер де, сендерді бір ащы дауыс алды. (Жасыл түсті.) Көріп тұрдыңдар. (55) Сонсоң шүкірлік етерсіңдер деп, өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік. (56) Үстеріңе бұлтты көлеңке етіп, және сендерге бөдене менен құдырет шекерін (Мәнна, Сәлуаны) түсірдік. "Сендерге берген жақсы нәрселерден жеңдер" (дедік.) Олар Бізге емес өздеріне ғана қастық қылды. (57)




(Бұлар "Тие" даласынан Шам өлкесі "Ариха" қаласына түсетін болды.) Сол уақытта оларға: "Осы кентке кіріңдер, одан қалағандарыңша еркін жеңдер. Және есіктен бас қойып, (Хытта) "күнәмызды кеш" деп кіріңдер. Қателіктеріңді жарылқап, игілік істеушілердің сауабын арттырамыз" дедік. (58) Сонда залымдар, сөзді өздеріне айтылғаннан басқаға ауыстырды. (Кылмыстарына кешірім тілеудің орнына "Хынта" деп, бидай тіледі.) Сондықтан залымдарға бұзақылықтарының салдарынан

аспаннан пәле жаудырдық. (59) Сол уақытта Мұса (F.C.) қаумы үшін су тіледі. Сонда: "Таяғыңмен тасты үр" дедік. Сөйтіп, тастан он екі бұлақ жарылып шықты да әр ел өз суатын білген еді. Алланың несібесінен ішіп, жеңдер де жер жүзінде бұзақылық қылып жүрмеңдер. (60) Сол уақытты естеріңе алыңдар! "Әй Мұса! Бір-ақ түрлі тамаққа (Мәнна, Сәлуаға) сабыр ете алмаймыз. Біз үшін Раббыңа жалбарын, бізге жерден өсетін, көк өнісінен қиярынан, бидайынан, бұршағынан және сарымсағынан шығарсын" дедіңдер. Мұса (F.C.):" Сондай ол сапалы нәрсені, бұл сапасыз нәрселерге ауыстырмақшысыңдар ма? Бір қалаға түсіңдер, онда әрине қалағандарың бар" деді. (Сондықтан) оларға қорлық, жоқшылық жүктеліп, Алла (Т.) ның ашуына ұшырады. Бұл олардың, Алланың аяттарына қарсы келулері және жазықсыз пайғамбарларды өлтірулері сондай-ақ өстіп қарсы келіп, шектен шығулары себепті. (61)

Расында сондай иман келтіргендер, Яһудилер, Христиандар және Сабилар болып, кім Аллаға, ахирет күніне сенсе, Раббыларының қасында сыйлық бар. Оларға қорқыныш жоқ. Әрі олар қайғырмайды. (62) Сол уақытта сендерден (Тәуратты қабылдауға) уәде алған едік. Үстериңе Түр тауын көтеріп тұрып: "Сендерге берілген (Тәуратты) мықты ұстап, ондағы әмірлерімді елеп, ескеріндер әрине сақтанған боласындар" деген едік. (7-С. 171-А.) (63). Оның артынан тағы қайталаған едіңдер. Сонда сендерге Алланың кеңшілігі, мейірімі болмаса, әлбетте зиянға ұшыраушылардан болар едіңдер. (64) (Бұларға сенбі күні балық аулауға тыйым салынған бола тұра айлакерлік істегендіктері үшін маймылға айналып барып типыл болған. 7-С.163-А. Р.Ж.) Расында сендерден сенбі күні шектен шыққандарды білесіндер, сонда оларға: "Маймыл болып, қор болындар" деген едік. (65) Сонда ол жазаны, ілгері-кейінгілерге үлгі әрі сақтанушыларға насихат қылдық. (Израил ұрпақтарынан біреу малына қызығып, бір жақынның түнде өлтіріп тастайды. Көп жанжал болып, өлтіруші ақсынып Мұса (Ғ.С.) ға шағады. Мұса (Ғ.С.) Алланың әмірі бойынша: "Бір сиыр сойылып, кей мүшесімен қағылса, тіріліп, кім өлтіргенін айтады" дейді.) (66) Сол уақытта Мұса (Ғ.С.) қауымына: "Алла, бір сиыр бауыздауларыңды бұйырды" деді.




Олар: "Бізді келемеж қыласың ба?",- деді. Мұса (Ғ.С.): "Надандардан болудан Аллаға сиынамын" деді. (67) Олар: "Раббыңа біз үшін жалбарыншы, бізге оның не екенін білдірсін" деді. (Мұса Ғ.С.): "Алла, ол сиыр кәрі де емес, жаста емес, соның арасында" дейді. "Ал енді бұйрылғанды орындандар" деді. (68) Олар: "Раббыңа біз үшін жалбарыншы, бізге оның түсін білдірсін" десті. (Мұса Ғ.С.): "Алла, ол сап-сары сиыр, оның өңі көрушілерді сүйіндіреді дейді" деді.(69)




Олар тағы: "Раббыңа біз үшін жалбарыншы, о немене? Бізге білдірсін. Өйткені бізге (баска сиырға) ұқсас келді. Әрине Алла қаласа тура жолда боламыз" десті. (70) (Мұса F.C.) расында Алла: "Ол сиыр қорлық көрмеген, жер жыртыпаған, дін аман онда дақ жоқ дейді" деді. Олар: "Міне, әзір шындықты келтірдің" десті. Сонда олар, істегілері келмесе де оны бауыздады. (Қайта-қайта сұрақ қойып жүріп әрең орындады.) (71) Сол уақытта біреуді өлтірдіңдер де

сол жөнде таластыңдар. Алла жасырғандарыңды ортаға шығарды. (72) Сөйтіп өлікті оның кейбір мүшесімен қағыңдар" дедік. Алла осылайша, өлікті тірілтіп сендерге белгілерін көрсетеді. Әрине ойланарсыңдар. (73) Және содан кейін де жүректерің қатайып, тастай немесе тағы қаттырақ болды. Өйткені тастар жарылып, одан өзендер ағады. Әрі кей тастар қақ бөлініп, одан су шығады. Әрине кей тастар Алладан қорқып, күлайды. Алла істегендеріңнен ғапыл емес. (74) (Мұсылмандар!) Олардың сендерге сенетіндіктерін үміт қыласыңдар ма? Әрине олардың Алланың сөзін (Тәуратты) тыңдайтын бір тобы бар еді. (Ғалымдары.) Олар оған түсініп болғаннан кейін (Мұхаммед F.C. ның сипаттарын) біле тұра өзгертті. (4-С.46-А.) (75) Ал қашан олар мүміндерге кездесе: "Біз де иман келтірдік" деп, егер олар бір-бірімен жекелене қалса (бастықтары, адамдарына): "Алланың сендерге ашқан сырын, (Тәураттағы Мұхаммед F.C. ның сипаттарын) Мұсылмандардың сендерге Раббыларыңның қасында дәлелдеулері үшін оларға айтасыңдар ма? Түсінбейсіңдер ме?",- дейді. (76)



Олар билмей ме? Негізінде Алла (Т.) олардың көрнеу, көмес істегендерін біледі. (77) Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні және бос ойларды ғана ойлайды. (78) Сондай Кітапты қолдарымен жазып, сонан соң аз ақшаға (дүниелікке) сату үшін: "Осы Алланың қасынан келгені" дегендерге нендей өкініш! Және олардың қол жазғандарына нендей өкініш! Сондай-ақ олардың табыстарына нендей өкініш! (79) Олар: "Бізді тозақ оты санаулы күндер ғана (ғазапта) ұстайды. дейді. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Алладан уәде алдыңдар ма? Алла уәдесін сірә бұзбайды. Немесе Аллаға білмегендерінді айтасындар ма?",- де. (80) Керісінше, кім жамандық істесе, қателіктері оны баурап алса, сонда олар тозақтық болады да олар онда мәңгі қалады. (81) Ал және сондай иман келтіріп, түзу ғамал істегендер, ұжмақтық болып, олар онда мәңгі қалады. (82)


Бір заманда, Израил ұрпақтарынан: "Алладан басқаға құлшылық қылмандар, әке-шешеге жақсылық істендер, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге қамқорлық жасаңдар, адамдарға көркем сөз сөйлеңдер, намазды толық орындаңдар және зекет беріндер" деп ант алған едік. Содан кейін бет бұрдыңдар. Сендерден аз-ақ адам қалды. Өйткені сендер ежелден бет бұрушысыңдар. (Сендер үшін шындықтан бет бұру қиын емес.) (83)



(Эй Яьудилер!) Бір заманда: "Бір-біріңнің қандарыңды төкпеңдер, өз-өздеріңді жұрттарыңнан шығармаңдар" деп, уәде алған едік. Сөйтіп мақұлдап куә болған едіңдер. (84) Содан кейін өздеріңді өлтіресіңдер, бір бөлімдеріңді жұрттарынан шығарасыңдар әрі оларға қарсы жауыздық, дұшпандықта өзара көмектесесіңдер. Егер олар сендерге тұтқын болып келсе, оларға бодау беріп құтқарасыңдар. Негізінен сендерге оларды жұрттарынан

шығаруға тыйым салынған. (Алла, олардан бір-бірін өлтірмеске, жұрттарынан шығармасқа, қастандық істемеске, тұтқынға түссе, төлеу беріп құтқаруға уәде алады. Бірақ олар соңғысын ғана орындамақшы болады.) Сендер Кітаптың кейіне сеніп, кейіне қарсы келесіңдер ме? Сендерден кім мұндай істесе, әрине олардың жазасы дүние тіршілігінде қорлық әрі қиямет күнінде қатты қинауға қайтарылады (салынады). Және Алла (Т.) істеген істеріңнен ғапыл емес. (85) Осындай ахиретті беріп, дүние тіршілігін айырбастап алғандар, олардан ғазап жеңілтілмейді де оларға көмек те болмайды. (86) Расында Мұса (F.C.) ға Кітап бердік те, одан кейін пайғамбарларды жалғасты түрде жібердік. Және Мәрьем ұлы Ғиса (F.C.) ға да мұғжизалар беріп, Жебрейіл (F.C.) арқылы қуаттадық. Әрқашан сендерге бір пайғамбар көңілдерің қаламаған нерсе кәлтiрсе, тәкаппарланасыңдар. Олардың бір бөлімін (Ғиса, Мұса F.C. ды) жасынға шығарып, (Зәкерия, Яхя F.C.) бір бөлімін өлтірдіңдер. (87) Олар: "Жүрегіміз перделі" деді. Жоқ, Алла оларды, қарсы болуларының салдарынан қарғады. Сондықтан азы-ғана иман келтірді. (88)

Олардың қасындағы Тәуратты, растаушы Құран келген шақта, олар бұрын (ақыр заман пайғамбары арқылы көпірлерге) үстемдік тілеген бола тұра өздеріне Тәуратта таныған (Мұхаммед F.C.) келген заманда, қарсы шықты. Қарсы болушыларға Алланың лағынеті болсын. (Мединелік Яғудилер, ақыр заман Пайғамбары келуден бұрын көпірлерге: "Біздің дінімізді қостаушы Пайғамбардың келуі жақын" дейтін еді. Бірақ ақыр заман Пайғамбары Израил ұрпақтарынан болмағандықтан қарсы шықты. М.Ж.Б.Р.Т.) (89) Олар, Алла (Т.) ның өз кеңшілігінен құлдарынан қалағанына түсіргенін (Құранды) қызғанып қарсы келумен өздерін нендей жаман нәрсеге айырбастады да олар ашу үстіне ашуға ұшырады. Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар. (90) Әрқашан оларға: "Алла түсірген (Құран) ге иман келтіріңдер" делінсе: "Өзімізге түсірілгенге, иман келтіреміз" деп, олар оның тысындағы (Құран) ға қарсы болады. Олардың қасындағы Тәуратты растаушы Құран хақ. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер (Тәуратқа) иман келтірген болсаңдар, бұрын Алланың елшілерін неге өлтірдіңдер?",- де. (91) Сендерге Мұса (F.C.) ашық дәлелдер екелгеннен кейін де бұзауды тәңір жасап алдыңдар. Сендер залымсындар. (92) Сол уақытты еске



алдыңдар. Бастарыңа Түр тауын көтеріп тұрып: "Сендерге біз берген (Тәурат) ді мықты ұстаңдар да құлақ салыңдар"деп серт алған едік. Олар: "Құлақ салдық, қарсы болдық" деді. Өйткені қарсылықтарының салдарынан жүректеріне бұзау сіңіп алған. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер (Тәуратқа) иман келтірген болсаңдар, имандарың сендерге нендей жаман нәрсені (бұзауға табынуды) бұйырған" де. (Тәуратта бұзауға табыну жоқ еді.) (93)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ
الْبَقَرَةُ


قُلْ إِنْ كُنْتُمْ لَكُمْ الدَّارُ الْآخِرَةُ عِنْدَ اللَّهِ خَالِصَةً مِنْ
دُونِ النَّاسِ فَتَمَنَّوْا الْمَوْتَ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿٩٤﴾
وَلَنْ يَتَمَنَّوَهُ أَبَدًا بِمَا قَدَّمْتُمْ إِلَيْهِمْ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِالظَّالِمِينَ
﴿٩٥﴾ وَلَنَجْذِثُنَّهُمْ أَهْرَاصَ النَّاسِ عَلَى حَيَوتِهِمْ وَمِنَ الَّذِينَ
أَشْرَكُوا يَوْمَئِذٍ أَحَدُهُمْ لَوْ يُعَمَّرُ أَلْفَ سَنَةٍ وَمَا هُوَ بِمُرَحَّبٍ
مِنَ الْعَذَابِ أَنْ يُعَمَّرَ وَاللَّهُ بَصِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ ﴿٩٦﴾ قُلْ
مَنْ كَانَ عَدُوًّا لِجِبْرِيْلَ فَإِنَّهُ لَعَدُوٌّ لِلَّهِ بِإِذْنِ اللَّهِ
مُصَدِّقًا لِمَا بَيَّنَّا بِيَدِهِ وَهُدًى لِلْمُؤْمِنِينَ
﴿٩٧﴾ مَنْ كَانَ عَدُوًّا لِلَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَرُسُلِهِ وَجِبْرِيْلَ
وَمِيكَائِيلَ فَإِنَّ اللَّهَ عَدُوٌّ لِلْكَافِرِينَ ﴿٩٨﴾ وَلَقَدْ أَنْزَلْنَا
إِلَيْكَ آيَاتٍ بَيِّنَاتٍ وَمَا يَكْفُرُ بِهَا إِلَّا الْفَاسِقُونَ ﴿٩٩﴾
أَوْ كَلِمَاتٍ عَاهَدُوا عَاهِدًا نَبَذَهُمْ قُرَيْبٌ مِّنْهُمُ بَلْ أَكْثَرُهُمْ
لَا يُؤْمِنُونَ ﴿١٠٠﴾ وَلَمَّا جَاءَهُمْ رَسُولٌ مِّنْ عِنْدِ اللَّهِ
مُصَدِّقٌ لِّمَا مَعَهُمْ بَدَّوْا قُرْبَىٰ مِّنَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ
كَتَبَ اللَّهُ وَرَاءَ ظُهُورِهِمْ كَأَنَّهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿١٠١﴾

10

(Мұхаммед F.C.): "Егер Алланың қасындағы ахирет жұрты, елден ерекше нағыз сендер үшін ғана болса, өлім тілеңдерші! Шыншыл болсаңдар" де. (94) Бірақ олар қолекі істеп, ілгері жіберген қылмыстары себепті сірә өлім тілемейді. Алла залымдарды толық біледі. (95) (Мұхаммед F.C.) Яһудилердің жалпы адамдардан да мүшріктерден де тіршілікке (ұзын өмірге) тым құмар екенін көресің. Олардың әрбіреуі мың жыл өмір сүруді арман етеді. Алайда өмір оны

азаптан арашаламайды. Алла (Т.) олардың істегендерін толық көруші. (Яһудилердің тағы бір қылығы: "Жебрейіл дұшпанымыз, бізге азап әкелген, уахиды Мікәйіл әкелсе нанар едік" дейтін еді.) (96) (Мұхаммед F.C. оларға) айт: "Кім Жебрейіл (F.C.) ге дұшпан болса, (Алланың дұшпаны.) Өйткені ол, Алланың бұйрығы бойынша бұрынғыларды растаушы, Құранды сенушілер үшін туралық әрі қуандырушы түрде жүрегіңе қондырды. (97) Кім Аллаға, періштелеріне, елшілеріне сондай-ақ Жебрейіл, Мікәйіл (F.C.) ге дұшпан болса, әлбетте Алла (Т.) көпірлерге дұшпан. (98) (Мұхаммед F.C.) расында саған ап-ашық аяттарды түсірдік. Оған бұзақылар ғана қарсы келеді. (99) (Яһудилер) қай қашан да бір уәде жасалса, олардың бір бөлімі оны бұзып тастамады ма? Бәлкім олардың көбі Тәуратқа да сенбейді. (100) Оларға Алла тарапынан олардың қолындағы Тәуратты растаушы Елші келген шақта, Кітап берілгендердің бір бөлімі, тіпті түк білмегендей Алланың Кітабын (Тәуратты) арт жақтарына атты... (101)

(Олар Тәуратты қойып) Сүлейман (F.C.) ның патшалығы заманындағы шайтандар оқыған (сиқыр) ға илесті. Сүлейман (F.C.) қарсы келмеді. (Сиқыр жасамады.) Бірақ шайтандар, адамдарға сиқыр үйретіп, кәпір болды. Олар Бабылда "Һарут, Марут" атты екі періштеге түсірілгенді үйретті. Ол екі періште: "Біз сынақ үшін келдік, қарсы болмандар" деп айтпайынша ешкімге үйретпеген. Сонда да олар, екеуінен: Ер-әйелдің арасын айыратынды үйренетін еді. Олар, Алладан бұйрықсыз ешкімге зиян бере алмайды. Олар өздеріне зиян келтіретін, пайда бермейтін нәрсені үйренетін еді. Расында олар оны айырбастап алғанға (Алланың Кітабының орнына сиқыр үйренгенге) ақиретте несібе жоқтығын білді. Олар, өздеріне нендей жаман нәрсе сатып алғандықтарын білген болса еді. (102) Егер олар иман келтіріп, (сиқырдан) сақтанса, әрине Алла жағынан хайырлы сауап болар еді. Егер олар білген болса. (103) Әй



мүміндер: "Рағина" деп айтпандар. "Үнзүрна" дөңдер. Әрі тындандар. Кәпірлер үшін күйзелтуші азап бар. (104) (Рағина, Үнзүрна, екеуі де: "Бізге назар аудар" деген ұғымда. "Рагинаны" Яьудилер басқа мағнада қолданатын болғандықтан ескертілген.) Сондай Кітап иелерінің қарсы болғандары және мүшріктер сендерге Раббыларың жақтан бір игілік түсуін қаламайды. Дегенмен Алла мәрхаметін қалаған кісісіне арнайды. Сондай-ақ Алла (Т.) зор кеңшілік иесі.(105)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَةِ

سُورَةُ
الْبَقَرَةِ


﴿ مَا نَسَخَ مِنْ آيَةٍ أَوْ نُنسِهَا نَأْتِ بِخَيْرٍ مِمَّا أَوْسَلَهَا
 أَلَمْ تَعْلَمْ أَنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿١٠٦﴾ أَلَمْ تَعْلَمْ أَنَّ اللَّهَ لَهُ
 مُلْكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا لَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ مِنْ
 وَلِيٍّ وَلَا نَصِيرٍ ﴿١٠٧﴾ أَمْ تُرِيدُونَ أَنْ تَسْأَلُوا رَسُولَكُمْ
 كَمَا سَأَلِ مُوسَى مِنْ قَبْلُ وَمَنْ يَتَّبِعِ الْكُفْرَ يَا أَيُّهَا
 الَّذِينَ آمَنُوا فَلَا ضَلَالَ سَاءَ السَّبِيلِ ﴿١٠٨﴾ وَذَكَرْنَا مِنْ أَهْلِ
 الْكِتَابِ لَوْلِيًّا وَمَنْ يُرِدْ دُونََكُمْ مِنْ بَعْدِ إِيْمَانِكُمْ كَمَا رَأَى أَحْسَنًا
 مِنْ عِنْدِ أَنْفُسِهِمْ مِنْ بَعْدِ مَا بَيَّنَّ لَهُمُ الْحَقُّ فَاعْتُوا
 وَأَصْفَحُوا حَتَّى يَأْتِيَ اللَّهُ بِأَمْرٍ إِنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ
 ﴿١٠٩﴾ وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَمَا تَقَدَّمُوا لَأَنْفُسِكُمْ
 مِنْ خَيْرٍ يَجِدُوهُ عِنْدَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ
 ﴿١١٠﴾ وَقَالُوا لَنْ يَدْخُلَ الْجَنَّةَ إِلَّا مَنْ كَانَ هُودًا أَوْ نَصْرِيًّا
 تِلْكَ أَمَانِيُّهُمْ قُلْ هَاتُوا بُرْهَانَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ
 صَادِقِينَ ﴿١١١﴾ بَلَى مَنْ أَسْلَمَ وَجْهَهُ لِلَّهِ وَهُوَ مُحْسِنٌ
 فَلَهُ أَجْرُهُ عِنْدَ رَبِّهِ وَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿١١٢﴾

١٧


оларга шындық айқын болғаннан кейін өз күншілдіктерінен сендерді иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды. Алла бір әмірін келтіргенге дейін, оларды көшіріңдер, елеңдер. Күдіксіз Алланың әр нәрсеге күші толық жетеді. (109) Намазды толық орындандар, зекет беріндер. Өздерің үшін ілгері бір жақсылық жолдасаңдар, оны Алланың қасында табасыңдар. Шынында Алла (Т.) не істегендеріңді толық көруші. (110) Олар: "Үжмаққа Яьуди немесе Христиан ғана кіреді" деді. Бұл олардың өз ойлары ғана. (Мұхаммед F.C.): "Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріндер" де. (111) Олай емес, кім жүзін Аллаға жөнелтіп, өзі жақсылық істейтін болса, сонда оған Раббыңның қасында сыйлық бар, оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды. (112)

Бір аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын, не сол сияқты келтіреміз. Әрине Алла (Т.) ның әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе? (106) Білмедің бе? Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Сендер үшін Алладан өзге не дос не жәрдемші жоқ. (107) Немесе пайғамбарларыңнан, бұрынғы Мұса (F.C.) дан сұралған тәрізді (жоқтан өзгені) сұрағыларың келе ме? Кім иманын қарсылыққа ауыстырса, расында ол тура жолдан адасқан болады. (108) Кітап иелерінің көбі,

Кітапты оқи отырып, Яьудилер: "Христиандар еш нәрсе емес" деді. Христиандар да: "Яьудилер дәнеңе емес" деді. Сондай-ақ білмегендер де олардың айтқанындай айтты. (Араптар да: "Ислам діні еш нәрсе емес" деді. Т.М.) Сонда Алла (Т.) олардың таласқандарына қиямет күні билік айтады. (113) Алланың мешіттерінде Оның аты зікір етілуіне тыйым салғаннан әрі мешітті бұзуға тырысқаннан кім залымырақ? Олардың мешітке қорыққан түрде ғана кірулері керек еді. Олар үшін дүниеде қорлық, ахиретте зор ғазап бар. (114) Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән. Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (ризалығы М.Т.) сол жақта. Расында Алла (Т.) өте кең, толық білуші. (Егер қыблаға қарау қауіп-қатерлі болса, бет алдына қарап намаз оқуға болады. Ж.Қ.) (115) Олар: "Алла, бала иемденді" деді. Ол, баладан пәк. (Яьудилер: Ғұзайыр Ғ.С. ды, Христиандар: "Ғиса Ғ.С. ды, Араптар: Періштелерді Алланың баласы" деді. 9-С. 3-А) Дегенмен көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар, түгел Оған бой ұсынады. (116) Ол, көктер мен жерді жоқтан бар етуші. Егер бір істің болуын қаласа,




сонда тек қана оған "бол" дейді. Ол, бола қалады. (117) Сондай білмегендер: "Алла, бізге ауызекі айтса, немесе бізге бір белгі келтірсе еді" деді. Бұлардан бұрынғылар да бұлардың айтқаны тәрізді айтқан болатын. (4-С.153-А.) Олардың жүректері ұқсас. Расында нақ иланатын елге аяттарды ашық баян еттік. (118) (Мұхаммед Ғ.С.) шынында сені қуандырушы, қорқытушы етіп, хақиқат бойынша жібердік, тозақтықтардан жауапкер емессің. (119)



(Мұхаммед Ғ.С.) олардың діндеріне ермейінше, Яуди де Христиан да сірә сенен разы болмайды. Оларға: "Әрине Алланың жолы сол тура" де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос не жәрдемші болмас. (120) Біз өздеріне Кітап бергендер, оны шынайы оқиды, міне солар иман келтіргендер. (Бұлар Ғабдолла Сәлем Ұлы және Хабаштықтар. Р.Ж.Х.Т.) Кім Кітапқа қарсы келсе, сонда олар зиян етушілер. (121) Әй Израил

ұрпақтары! Сендерге берген нығметімді және сендерді әлемге үстем қылғанымды еске алыңдар. (122) Және сондай күннен қорқыңдар. Ол күнде біреу үшін біреу күймейді де ешкімге болысу пайда бермейді. Сондай-ақ олар, ешкімнен көмек көре алмайды. (123) Сол уақытты еске ал! Ыбырайым (Ғ.С.) ды Раббы сөздермен сынады. Сонда ол, оларды толық орындады. Алла: "Әрине сені адамдарға басшы қыламын." деді. Ол: "Ұрпақтарымын да ете көр!",- деді. Алла: "(Ұрпақтарыңнан) залымдар сертіме жете алмайды" деді. (Бұл сынау сөздер туралы тәпсірлерде түрлі баяндар бар.) (124) Сол уақытта үйді (Қағбаны) адам баласы үшін орталық әрі бейбітшілік орны етіп жасадық. Ыбырайым (Ғ.С.) ның орнынан намаз орны қылып алыңдар. Және Ыбырайым, Ысмайыл (Ғ.С.) екеуінен: "Үйімді (Қағбаны) тауап етушілер, ғибадатқа отырушылар және рүкүғ, сәжде қылушылар үшін тап-таза ұстандар" деп, уәде алғанбыз. (125) Сол уақытта Ыбырайым (Ғ.С.): "Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла көр! Және оның тұрғындарынан кім Аллаға, ахирет күніне иман келтірсе, әр түрлі өнімдермен ризықтандыр" деп, жалбарынды. (Раббы): "Кім қарсы болса, оны да аз (күнгі дүниеде) пайдаландырамын, сонан соң оны (ахиретте) от азабына зорлаймын. Ол, барар орынның жаманы" деді. (126)

Сол уақта Ыбырайым мен Ысмайыл (Ғ.С.) үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: "Бізден қабыл айла, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісің." (127) "Раббымыз, екеумізді де өзіңе бой ұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да өзіңе бой ұсынушы бір үммет қыла көр, әрі бізге хаж ғамалдарымызды көрсетіп, тәубелерімізді қабыл айла, әлбетте Сен өзің тәубені қабыл етуші, ерекше мейрімдісің!" (128) "Раббымыз ұрпағымыздың ішіне өздерінен, оларға аяттарыңды оқитын, Кітапты әрі үкімдерін үйретіп, оларды тазартатын бір елші жібергейсің, күдіксіз Сен өзің ғана аса үстем, өте данасың" (деп жалбарынды. Ыбырайым Ғ.С. ның тілегі бойынша Мұхаммед Ғ.С. елші болып келді. К.Ж.Қ.) (129) Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ыбырайым (Ғ.С.) ның жолынан бет бұрады? Расында оны дүниеде таңдадық әрі күдіксіз ол, ақиретте де игілерден болады. (130) Бір кезде Раббы оған: "Бой ұсын!",- деді. Ол: "Бүкіл әлемнің Раббына бой ұсындым" деді. (131) Ыбырайым (Ғ.С.) бұны ұлдарына өсиет етті және Яғқұп (Ғ.С.) да: "Әй ұлдарым! Әрине Алла сендер үшін осы дінді ұнатты, сондықтан сендер нағыз Мұсылман болып өліңдер" деді. (132) Яғқұп (Ғ.С.) қа өлім келген сәтте, балаларына: "Неменеге құлшылық




қыласыңдар?",- дегенде, барма едіндер? Сонда олар: "Сенің Тәңіріңе, аталарыңның Тәңіріне: Ысмайыл, Ысхақтың бір-ақ Тәңіріне құлшылық қыламыз. Сондай-ақ Соған бой ұсынамыз" деген еді. (133) Міне солар бір үммет еді, өтіп кетті. Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, сендер олардың істегендерінен сұралмайсыңдар. (Сондай-ақ бұл қылықтарыңмен олардан пайдалана алмайсыңдар.Р.Т.) (134)

وَقَالُوا كُونُوا هُودًا أَوْ نَصَارَى تَهْتَدُوا قُلْ بَلْ مِلَّةَ إِبْرَاهِيمَ
 حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ﴿١٣٦﴾ قُولُوا آمَنَّا بِاللَّهِ وَمَا
 أُنزِلَ إِلَيْنَا وَمَا أُنزِلَ إِلَيْكَ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ
 وَالْأَسْبَاطَ وَمَا أُوتِيَ مُوسَى وَعِيسَى وَمَا أُوتِيَ النَّبِيُّونَ
 مِنْ رَبِّهِمْ لَا تَفْرُقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْهُمْ وَنَحْنُ لَهُمْ مُسْلِمُونَ ﴿١٣٧﴾
 فَإِنِ آتَاكُمْ بِشَيْءٍ مِّن مَّا أَمَرْتُمْ بِهِ فَقَدْ أَهْتَدُوا وَإِن نُّوَلِّوْا فِئْتَانًا
 مِنْهُم فِي شِقَاقٍ فَسَيَكْفِيكَهُمُ اللَّهُ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ
 ﴿١٣٨﴾ صِبْغَةَ اللَّهِ وَمَنْ أَحْسَنُ مِنَ اللَّهِ صِبْغَةً وَنَحْنُ لَهُ
 عَابِدُونَ ﴿١٣٩﴾ قُلْ أَتَحَاجُّونَنِي فِي اللَّهِ وَهُوَ رَبُّنَا وَرَبُّكُمْ
 وَإِنَّا أَعْمَلُنَا وَلَكُمْ أَعْمَالُكُمْ وَنَحْنُ لَهُ مُخْلِصُونَ ﴿١٤٠﴾ أَمْ
 نَقُولُونَ إِنَّ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ
 وَالْأَسْبَاطَ كَانُوا هُودًا أَوْ نَصَارَى قُلْ إِنَّمَا أَعْلَمُ أَنَّ اللَّهَ
 وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّن كَتَمَ شَهَادَةً عِنْدَهُ مِنَ اللَّهِ وَمَا اللَّهُ
 بِغَفِيلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ ﴿١٤١﴾ تِلْكَ أُمَّةٌ قَدْ خَلَتْ لَهَا مَا كَسَبَتْ
 وَلَكُمْ مَا كَسَبْتُمْ وَلَا تُنتَلُونَ عَمَّا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿١٤٢﴾


айырмаймыз. (Бәріне де сенеміз.)
 Және біздер Ол Аллаға ғана бой
 ұсынушымыз" деңдер. (136) Сонда
 олар, егер сендер сенген сияқты
 сенсе, онда рас тура жол табар еді.
 Ал егер олар бет бұрса, сонда олар,
 мүлде жолдан шыққан болады.
 Сонда да Алла сені олардан
 қорғауға жетіп асады. Ол Алла, (Т.)
 естуші, әр нәрсені білуші.
 (Христиандар, туған балаларын бір
 сары суға шомылдырып "тазарды"
 дейді. Алланың жаратқан өңі
 жақсы. Жасама түс не керек? Б.М.Т.)
 (137) Өң Алланыкі, Өн (беру) де
 Алладан кім артық? Сондықтан біз
 Оған құлшылық қыламыз. (138)
 (Мұхаммед F.C.) оларға: "Біздің де
 сендердің де Раббыларың Алла
 жайында бізбен таласасындар ма?
 Біздің істегеніміз бізге, сендердің
 істегендерің, сендерге тән. Біз
 Аллаға нағыз ықыластымыз" де.
 (139) Немесе сендер: "Ыбырайым,
 Ысмайыл, Ысқақ, Яғқұп және
 ұрпақтары: Яһуди не Христиан еді"
 дейсіңдер ме? (Мұхаммед F.C.)
 оларға: "Сендер жақсы білесіңдер
 ме? Алла жақсы біле ме?",- де.
 Жанындағы Алланың куәлігін (Алла
 білдіргенді) жасырғаннан кім
 залымырақ? Сондай-ақ Алла (Т.)
 істегендеріңнен ғапыл емес. (140)
 Олар өтіп кеткен бір үммет,
 олардың еңбектері оларға, сендердің
 еңбектерің сендерге тән. Олардың
 істеген істерінен сендер
 сұралмайсындар. (141)

Олар: "Яһуди немесе Христиан
 болыңдар, тура жолда боласыңдар"
 деді. (Мұхаммед F.C.) олай емес,
 Ыбырайым (F.C.) ның түп-тура
 жолындамыз, ол ортақ
 қосушылардан емес еді" де. (135)
 Және оларға: "Біз Аллаға, бізге
 түсірілген Құранға әрі Ыбырайым,
 Ысмайыл, Ысқақ, Яғқұп (F.C.) тарға,
 ұрпақтарына тағы Мұса, Фиса (F.C.)
 ға берілген нәрселерге сондай-ақ
 Раббылары тарапынан өзге
 пайғамбарларға берілген нәрселерге
 иман келтіріп әрі олардың араларын

(Мұхаммед Ғ.С. Медине қаласына көшіп келгеннен кейін намазды бір жарым жылға жақын "Месжид Ақса" жаққа қарап оқып, әр уақыт қыбланың "Қағба" болуын арман ететін еді. Ақыр бір күні Алланың әмірі бойынша "Қағба" жаққа қарап намаз оқыла бастағанда, ел арасында әр түрлі күңкіл болады...) Адамдардың кейбір ақымақтары: "Оларды, қарап тұрған қыбласынан не нәрсе бұрды?,- дейді. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шығыс та батыс та Аллаға тән. Ол, қалағанын тура жолға салады" де. (142) Осылайша сендерді (артық, кемсіз) орташа бір үммет қылдық. Адамдарға куә болуларың сондай-ақ Пайғамбардың сендерге куә болуы үшін. Қарап тұрған қыбланды, теріс бағынатын біреулерден Пайғамбарға ілесетін кісілерді білуге істеген едік. Әрине бұл, Алла, тура жолға салғандардан басқаға қиынрақ. Алла имандарыңды жоймайды. Күдіксіз Алла, адам баласына өте жұмсақ ерекше мейрімді. (143) (Мұхаммед Ғ.С.) жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан өзің разы болған қыблаға айналдырамыз. Енді жүзіңді "Месжид Харам" жаққа бұр. (Мүміндер) қай жерде болсаңдар да: Жүздеріңді сол жаққа жөнелтіндер. Расында өздеріне кітап берілгендер,




негізінен қыбланың ауысуын Раббыларынан бір шындық екенін біледі. Алла олардың істегендерінен ғапыл емес. (144) (Мұхаммед Ғ.С.) ол кітап берілгендерге әр түрлі мұғжизаны келтірсең де олар сенің қыблаңа ілеспейді (қосылмайды). Ал, сен де олардың қыбласына қосылушы емессің. Сондай-ақ олар да бір-біреулерінің қыбаларына ілеспейді. Өзіңе мұншалық мәлімет келгеннен кейін, олардың ойларына еліктесең әлбетте сен анық залымдардан боласың. (145)



Харам жаққа қарат. Өйткені ол, Раббыңнан бір хақиқат. Алла (Т.) не істегендеріңнен ғапыл емес. (149) Және қайдан (жолға) шықсаң да жүзінді Месжид Харам жаққа қарат. (Бұл жердегі қыбланың қайталануы маңыздылығын бекіту. Р.М.) (Әй мүміндер!) Қайда болсаңдар да (намазда) жүздеріңді солай қаратыңдар. Адамдар үшін сендерге қарсы бір дәлел болмасын. (Яьудилер: "Бұлар Ыбырайым Ғ.С. ның дінінде болса, неге Кағба жаққа қарамады?" демесін.) Бірақ олардың залымдары айта береді. Олардан қорықпаңдар. Сендерге нығметтерімді толықтауым және тура жолда болуларың үшін Менен корқыңдар. (150) Іштеріңе, өздеріңнен аяттарымыды оқитын, сендерді тазартатын және сендерге Құранды әрі үкімдерін үйрететін сондай-ақ білмегендеріңді үйрететін Елші жібергеніміз сияқты... (151) Енді, Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылыңдар да қарсы болмаңдар. (152) Әй мүміндер! Сабыр және намазбенен (Алладан) жәрдем тілеңдер, күдіксіз Алла (Т.) сабыр егушілермен бірге. (153)

Өздеріне кітап бергендеріміз (Мұхаммед Ғ.С. ды) ұлдарын танығандай таныйды. Негізінен олардан бір тобы (ғалымдары) шындықты біле тұра жасырады. (146) (Мұхаммед Ғ.С.) хақиқат Раббыңнан келген. Сондықтан сірә күдіктенуші бола көрме. (147) Әркімнің бір бет алатын қыбласы бар. Сонда жақсылыққа жарысыңдар. Қайда болсаңдар да Алла барлығыңды бірараға жинайды. Күдіксіз Алла (Т.) ның әр нәрсеге күші жетеді. (148) Қайдан (жолға) шықсаң да жүзінді Месжид

Алла жолында өлтірілгендерді (шәһиттерді) олар өлі демендер, олар тірі, бірақ сендер сезіп біле алмайсыңдар. (154) Әрине сендерді хауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан сондай-ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз, (Мұхаммед Ғ.С. сондай жағдайларда) сабыр етушілерді қуандыр! (155) Қашан оларға бір қайғы жетсе: "Олар шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз" деді. (156) Міне соларға, Раббылары жақтан жарылқау және мәрқамет бар. Әрі олар тура жолдағылар. (Қағбаның жанында "Сафа, Мәруе" деген екі төбешік бар. Бағы заманда Ысмайыл (Ғ.С.) дың анасы Ажар ханым су іздеп екі арасында кезек жүгірген, Алланың бір белгілі қасиетті орны еді. Кейін жаһилиет дәуірінде екеуіне де бүт орнатылып, соларға шоқынлатын болғандықтан: Мұсылмандар "Сафа, Мәруе" ге жүгірмесек те болар деп, ойлағандықтан осы аят түскен. Р.Ж.М.Т-Қ.) (157) Негізінде "Сафа, Мәруе" Алланың белгілерінен. Сонда кім хаж немесе ғұбра орындаса, ол екеуін де тауап етудің оқасы жоқ. Кімде – кім артықша бір хайыр істесе, Алла шүкірлікті қадырлаушы, толық білуші. (158) Негізінен біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Алла лағынет етеді әрі барлық лағынет етушілер лағынет етеді. (159) Бірақ тәубе еткендер,



жағдайларын түзелткендер және шындықты баян еткендер басқа. Міне солардың тәубесін қабыл етуші, ерекше мейірімдімін. (160) Расында сондай қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер, міне соларға Алланың лағынеті әрі періштелердің және біртұтас адамдардың лағынеті болады. (161) Олар лағынетте мәңгі қалады, олардан газап жеңілтілмейді де оларға мұрса берілмейді. (162) Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол, аса қамқор, ерекше мейірімді. (163)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَةِ


إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ
 وَالْعَالَمِ الَّتِي تَجْرِي فِي الْبَحْرِ يَمَافْتَعُ النَّاسَ وَمَا أَنْزَلَ اللَّهُ
 مِنَ السَّمَاءِ مِنْ مَّاءٍ فَأَخْجَاهُ الْأَرْضَ بَعْدَ مَوْتِهَا وَبَثَّ فِيهَا
 مِنْ كُلِّ دَابَّةٍ وَنَضْرِيفِ الرِّيحِ وَالسَّحَابِ الْمُسَخَّرِ
 بَيْنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْقِلُونَ ﴿١٦٥﴾ وَمِنَ
 النَّاسِ مَنْ يَتَّخِذُ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَنْدَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ
 وَالَّذِينَ آمَنُوا أَشَدُّ حُبًّا لِلَّهِ وَلَوْ رَى الَّذِينَ ظَلَمُوا إِذْ يَرُونَ
 الْعَذَابَ أَنَّ الْقُوَّةَ لِلَّهِ جَمِيعًا وَأَنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعَذَابِ ﴿١٦٦﴾
 إِذْ تَبَرَأَ الَّذِينَ اتَّبَعُوا مِنَ الَّذِينَ اتَّبَعُوا وَأَرَاؤُا الْعَذَابَ
 وَتَقَطَّعَتْ بِهِمُ الْأَسْبَابُ ﴿١٦٧﴾ وَقَالَ الَّذِينَ اتَّبَعُوا لَوْ أَنَا
 لَنَافِعُ لَهُمْ فَتَنَبَّرُوا بِمَنِّهِمْ كَمَا تَبَرَّءُوا مِنَّا كَذَلِكَ يُرِيهِمُ اللَّهُ
 أَعْمَالَهُمْ حَسَرَاتٍ عَلَيْهِمْ وَمَا هُمْ بِبَخْرِيينَ مِنَ النَّارِ ﴿١٦٨﴾
 يَا أَيُّهَا النَّاسُ كُلُوا مِمَّا فِي الْأَرْضِ حَلَالًا طَيِّبًا وَلَا تَتَّبِعُوا
 خُطُوَاتِ الشَّيْطَانِ إِنَّهُ لَكُمْ عَدُوٌّ مُبِينٌ ﴿١٦٩﴾ إِنَّمَا يَأْمُرُكُمْ
 بِالسُّوءِ وَالْفَحْشَاءِ وَأَن تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ ﴿١٧٠﴾

٢٥

етеді де оларды Алланы сүйгендей сүйеді. Ал мүміндер, Алланы тағы артық сүйеді. Егер залымдар газапты көрсе, бүкіл қуаттың Аллаға тән екенін, шын мәнінде Алланың қатты азап иесі екенін білсе еді. (165) Сол уақытта ерілгендер (бастағандар), өздеріне ергендерден безеді. Сондай-ақ олар азап көргенде қарым-қатынастары кесіледі. (166) Ал ерушілер: "Әттең! Бізге (дүниеге) қайтар күн болса, олар бізден безгендей, бізде олардан безер едік" дер. Солайша Алла олардың істеген істерін өздеріне өкініш етіп көрсетеді. Сондай-ақ олар тозақтан шығушы емес. (167) Әй адам баласы! Жер жүзінде болған халал, таза нәрседен жеңдер! Және шайтанның ізіне ермеңдер! Өйткені ол сендерге ашық дұшпан. (168) Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды. (169)

Күдіксіз көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің ауысуында, адам баласына пайдалы нәрселермен теңізде жүрген кемеде және Алланың көктен жаңбыр жаудырып, жер өлгеннен кейін онымен жандандыруында әрі онда әр түрлі хайуанды таратуында, желдерді және көк пен жердің арасындағы бағынышты бұлтты басқаруында әлбетте ойлаған елге (Алланың барлығы, бірлігіне) белгілер бар. (164) Адамдардың кейбіреулері Аллаға өзгені теңдес

(Мекке мүшріктеріне) Алла түсірген (Құранға) бой ұсыныңдар делінсе олар: "Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз" деді. Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі тура жолда болмаған болса да ма? (Сонда да солардың жолымен жүре ме?) (170) Кәпірлердің, мысалы: Дабыстағанда, үнді, айғайды ғана естіп түсінбейтін біреу тәрізді; саңырау, сақау және соқыр. Сонда олар еш нәрсені аңғармайды. (171) Әй мүміндер! Ризықтандырғанымыздың жақсысынан жеңдер. Әрі Аллаға шүкірлік етіңдер, егер Оған ғана құлшылық ететін болсаңдар. (172) Шынайы түрде сендерге өлексені, (арам өлген малды), қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды. Сонда кім мәжбүрленсе, қарсылық қылмаса, шектен шықпаса оған кінә жоқ. Күдіксіз Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (Алладан басқаға арналып бауыздалған мал арам. Егер бір Мұсылман Алладан басқаға жақындасу ниетімен бауыздаса діннен шығады. Бауыздағаны жемтік болады. Р.Т-К.Ж-Қ. Және мәжбүрлік екі түрлі: Жейтін нәрсе таба алмау, не біреу зорлау. Ж-Қ.) (173) Сондай Алла түсірген Кітаптан (Тәураттағы Мұхаммед Ғ.С. ның сипаттарын) жасырып, оны аз ақшаға (дүниеге),



айыр бастағандар, Солар қарындарына отты ғана жейді. (Қарындарын отпен толтырады.) Қиямет күні Алла оларға тіл қатпайы да оларды ақтамайды және оларға күйзелтуші ғазап бар. (174) Олар адасуды туралықтың орнына, азапты жарылқаудың орнына ауыстырып алғандар. Сонда олар тозаққа қалай шыдайды? (175) Осы, Алланың Кітапты туралықпен түсіргендігі үшін. Негізінен Кітап жайында таласқандар ұзақ қайшылықта. (176)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَةِ

سُورَةُ
الْبَقَرَةِ


لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ
الْبِرَّ مَنْ ءَامَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَآلَمَلَئِكَتِهِ وَالْكَتَابِ
وَالنَّبِيِّينَ وَءَاتَى الْمَالَ عَلَى حُبِّهِ ذَوِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ
وَالْمَسْكِينِ وَابْنَ السَّبِيلِ وَالسَّائِلِينَ وَفِي الرِّقَابِ وَأَقَامَ
الصَّلَاةَ وَءَاتَى الزَّكَاةَ وَالْمُؤْتُونَ بِعَهْدِهِمْ إِذْ عَاهَدُوا
وَالصَّابِرِينَ فِي الْبَأْسَاءِ وَالصَّرَاءِ وَحِينَ الْبَأْسِ أُولَئِكَ الَّذِينَ
صَدَقُوا وَأُولَئِكَ هُمُ الْمُتَّقُونَ ﴿١٧٧﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ
عَلَيْكُمُ الْقِصَاصُ فِي الْقَتْلِ الْغَرُّ بِالْغَرِّ وَالْعَبْدُ بِالْعَبْدِ وَالْأَنْثَىٰ
بِالْأُنثَىٰ فَمَنْ عَفَىٰ لَهُ مِنْ أَخِيهِ شَيْءٌ فَأَبْعِ بِالْمَعْرُوفِ وَأَدِّءْهُ
إِلَيْهِ بِإِحْسَنٍ ذَلِكَ تَخْفِيفٌ مِّن رَّبِّكُمْ وَرَحْمَةٌ فَمَنْ أَعَدَّىٰ
بَعْدَ ذَلِكَ فَعَلَهُ عَدَاؤُ آبِئِهِ ﴿١٧٨﴾ وَلَكُمْ فِي الْقِصَاصِ حَيٰوةٌ
يَّأَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ إِذَا حَضَرَ أَحَدَكُمُ الْمَوْتُ إِنْ تَرَكَ خَيْرًا الْوَصِيَّةَ لِلْوَالِدَيْنِ
وَالْأَقْرَبِينَ بِالْمَعْرُوفِ حَقًّا عَلَى الْمُتَّقِينَ ﴿١٨٠﴾ فَمَنْ بَدَّلَهُ
بَعْدَ مَا سَمِعَهُ فَإِنَّمَا إِثْمُهُ عَلَى الَّذِينَ يُبَدِّلُونَهُ إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿١٨١﴾

٢٧

саған ілескендерді қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын. Сонсоң қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін" деді. (55) "Ал енді сондай қарсы келгендерді, дүниеде де ахиретте де өздерін қатты азаппен қинаймын әрі олар үшін ешбір жәрдемші болмайды." (56) Және сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, сондай олардың сыйлықтары толық беріледі. Алла залымдарды жақсы көрмейді. (57) (Мұхаммед Ғ.С.) міне осыны саған аяттардан, хикметті насихаттардан оқимыз. (58) Шын мәнінде Алла қасында Ғиса (Ғ.С.) ның жағдайы: Өзін топырақтан жаратып, сонсоң "бол" дегенде бола қалған Адам (Ғ.С.) ның жағдайы сияқты. (59) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббыңнан бір хақиқат. Енді күдіктенушілерден болма. (60) Ал Ғиса (Ғ.С.) жайында саған мәлімет келгеннен кейін өзіңмен кім таласса да оларға: "Келіңдер! Балаларымызды, балаларыңды, әйелдерімізді, әйелдеріңді, өздерімізді және өздеріңді шақырып алайық. Сонсоң Алланың лағынеті өтірікшілерге болсын! Деп қарғасайық" де. (61) (Нажыраннан келген дін басшыларына: "Егер Ғиса (Ғ.С.) жайындағы сенімдерің рас болса, бала-шағаларымызбен жиналып, Алланың лағынеті өтірікшілерге болсын!",- деп, (Мұхаммед Ғ.С.) Фатыма, Хасан, Хұсайынды ертіп шыққан екен. Ж.Р.М.Т.Х.)

"Раббымыз! Түсіргеніңе иман келтіріп, Пайғамбарға ердік; енді бізді куә болушылар мен бірге жаз." (53) Олар айлакерлік істеді, Алла да амалын тапты. Алла тәсілшілердің жақсысы. (Яьудилер Ғиса (Ғ.С.) ны өлтіру үшін айлакерлік жасады. Алла (Т.) амалын тауып, олардың біреуін Ғиса (Ғ.С.) ға ұқсатты. Олар соны өлтірді. Ж.М.Р.К.Т.) (54) Сол уақытта Алла: "Әй Ғиса! Сені Мен алушымын! (Т.К.Ж-Қ.) Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да

Расында осы (Ғиса Ғ.С. ға байланысты) қиссалар әлбетте шындық. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Шын мәнінде Ол Алла, аса үстем, тым кемеңгер. (Бұл Христиандардың үш элементтік сенімдеріне тойтарыс. Р.М.Б.Ж-Қ.) (62) Егер олар (Алланы бірлеуден) бет бұрса, Алла бұзақыларды біледі. (63) (Мұхаммед Ғ.С.): "Әй Кітап иелері! Біздің арамызбен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіңдер; жалғыз Аллаға құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Сондай-ақ Алладан өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық" деп айт. Егер олар жүз бұрса: "Қуә болыңдар, шәксіз біз Мұсылман болдық" деңдер. (64) Әй Кітап иелері! Ыбырайым (Ғ.С.) жайында не үшін таласасыңдар? Негізінен Інжіл де Тәурат та одан кейін түсірілген. Ойламайсыңдар ма? (65) Ал сендер мәліметтерің болған нәрсеге таластыңдар ғой. Білмеген нәрселеріңе неге таласасыңдар? Алла біледі, сендер білмейсіңдер. (66) Ыбырайым (Ғ.С.) Яһуди де,



Христиан да емес еді, нағыз Мұсылман еді. Ортақ қосушылардан емес еді. (67) Расында адамдардың Ыбырайым (Ғ.С.) ға ең жақындары; оған ергендер мен осы Пайғамбар (Мұхаммед Ғ.С.) және де мүміндер. Алла мүміндердің иесі. (68) Кітап иелерінің бір тобы, сендерді адастыруды қалады. Олар, өздерін ғана адастырады. Бірақ олар аңғармайды. (69) Әй Кітап иелері! Өздерің көріп, біле тұра, Алланың аяттарына не үшін қарсы келесіңдер? (70)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ
النَّازِعَاتِ

يَا أَهْلَ الْكِتَابِ لِمَ تَلْسُونَهُ الْحَقَّ بِالْبُطْلِ وَتَكْفُرُونَ بِالْحَقِّ
وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿٧١﴾ وَقَالَتْ طَافِيَةٌ مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ ءَامِنُوا
بِالَّذِي أُنزِلَ عَلَيَّ الَّذِينَ ءَامَنُوا وَجَهَ النَّهَارِ وَكَفَرُوا ءَاخِرُهُ
لَعْنَهُمْ يَرْجِعُونَ ﴿٧٢﴾ وَلَا تُؤْمِنُوا إِلَّا لِمَنْ تَبِعَ دِينَكُمْ قُلْ إِنْ
أَهْدَىٰ هَدَىٰ اللَّهُ أَن يُوَفَّىٰ أَحَدٌ مِنْكُمْ مَأْ أُوتِيْتُمْ أَوْ يُجَازَىٰ
عِنْدَ رَبِّكُمْ قُلْ إِنْ الْفَضْلُ بِيَدِ اللَّهِ يُؤْتِيهِ مَنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ وَسِعُ
عِلْمُهُ ﴿٧٣﴾ يَخْنُصُ بِرَحْمَتِهِ ءَمِنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ ذُو الْفَضْلِ
الْعَظِيمِ ﴿٧٤﴾ وَمِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ مَنْ إِنْ تَأْمَنَهُ بِعِقَابِ
يُودِهِ إِلَيْكَ وَمِنْهُمْ مَنْ إِنْ تَأْمَنَهُ بِدِينَارٍ لَا يُؤَدُّهُ إِلَيْكَ إِلَّا
مَا دُمَّتْ عَلَيْهِ قَائِمًا ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ قَالُوا لَيْسَ عَلَيْنَا فِي الْأُمُتِ
سَكِيلٌ وَيَقُولُونَ عَلَى اللَّهِ الْكُذِبُ وَهُمْ يَعْلَمُونَ ﴿٧٥﴾
بَلَىٰ مَنْ أَوْفَىٰ بِعَهْدِهِ وَاتَّقَىٰ فَإِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَّقِينَ ﴿٧٦﴾ إِنْ
الَّذِينَ يَشْرُونَ بِعَهْدِ اللَّهِ وَأَيْمَانِهِمْ ثَمَنًا قَلِيلًا أُولَٰئِكَ لَا
خَلَاقَ لَهُمْ فِي الْآخِرَةِ وَلَا يُكَلِّمُهُمُ اللَّهُ وَلَا يَنْظُرُ إِلَيْهِمْ
يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَلَا يُزَكِّيهِمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٧٧﴾


الجزء
الشمس

٥٩

(Тағы олар өзара): "Сендерге берілгендей еш біреуге берілетіндігіне немесе олардың, Раббыларыңның жанында сендерге дәлелдейтіндіктеріне де сенбендер" десті. (Мұхаммед Ғ.С.): "Шын мәнінде кеңшілік Алланың қолында, Ол кімді қаласа, соған береді. Сондай-ақ Алла аса кең, әр нәрсені білуші" деп айт. (73) Ол, қалаған кісісіне мәрхаметін арнайды және Алла зор кеңшілік иесі. (74) (Мұхаммед Ғ.С.) кейбір Кітап иелеріне, толып жатқан нәрсе аманат қойсаң да, саған өтейтіндері бар. Тіпті бір динар аманат берсең де, ұдайы басында қақшыйып тұрсаң, әрең беретіндері де бар. Оның себебі олардың: "Надандар (Яһуди болмағандар) жайында бізге тергеу жоқ" дегендіктерінен. Сондай-ақ олар Аллаға біле тұра өтірік айтады. (75) Олай емес! Кім өз уәдесін орындаса, Алладан қорықса, расында Алла (Т) тақуаларды жақсы көреді. (76) Негізінен сондай Аллаға берген серттерімен, анттарын аз ақшаға (дүниеге) айырбастағандар, міне солардың ахиретте бір сыбағасы жоқ. Қиямет күні Алла оларға сөз қатпайды да оларға қарамайды әрі оларды ағартпайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар. (77)

Әй Кітап иелері! Не үшін шындықты, бұзықтықпен араластырып, біле тұра хақиқатты жасырасыңдар? (71) Кітап иелерінің бір тобы, (өзара): "Мүміндерге түсірілген Құранға күндіздің алдында (тәңертең) иман келтіріп, күндіздің соңында (кешке жақын) қарсы шығыңдар. Мүмкін олар (күдіктеніп, діндерінен) қайтар" десті. (72) Ал және олар: "Өз діндеріңе ергендерге ғана сеніндер" деді. (Мұхаммед Ғ.С.): "Расында Алланың жолы тұра жол" деп айт.

Расында кітап иелерінен бір бөлімі, Кітапта болмағанды Кітапта бар екен деп ойлауың үшін тілдерін бұрмалап оқиды да: "Осы Алланың қасынан келді" дейді. Бірақ ол Алланың қасынан емес. Сондай-ақ олар біле тұра өтірік айтады. (78) Алла бір адамға кітап, даналық және пайғамбарлық берген болса, сонсоң оның басқа адамдарға: "Алланы қойып маған күл болыңдар" деулері лайық емес. Бірақ: Кітапты үйретулерің, оқуларың бойынша нағыз Құдайшыл болыңдар" (деулері лайық.) (79) Сондай-ақ олар сендерге: "Періштелерді, пайғамбарларды тәңір жасап алыңдар!",- деп бұйырмайды. Сендерді Мұсылман болғаннан кейін қарсылыққа бұйыра ма? (80) Сол уақытта Алла (Т.) пайғамбарлардан: "Сендерге Кітап, хикмет бердім, соңыра жандарыңдағыны растаушы Пайғамбар келсе, әлбетте оған иман



келтіріп, әрине оған жәрдем етесіңдер! Мойындап ауыр міндетімді қабыл алдыңдар ма?",- дегенде, олар: "Қабыл алдық!",- деген. (Алла): "Ендеше куә болыңдар. Мен де сендермен бірге куә болушыларданмын" деген. (81) Ал сонда бұдан кейін кім бет бұрса, міне солар бұзақылар. (82) Олар, Алланың дінінен басқа дін іздей ме? Көктердегі және жердегі барлық жан иесі ерікті, еріксіз Аллаға бой ұсынады. сондай-ақ олар, ол жаққа қайтарылады. (83)

سُورَةُ التَّوْبَةِ

التَّوْبَةِ


قُلْ ءَامَنَّا بِاللّٰهِ وَمَا أُنزِلَ عَلَيْنَا وَمَا أُنزِلَ عَلَيْنَا مِن رَّبِّهِمْ
 وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ وَالْأَسْبَاطَ وَمَا أُوتِيَ
 مُوسَى وَعِيسَى وَالنَّبِيِّينَ مِن رَّبِّهِمْ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ
 مِّنْهُمْ وَنَحْنُ لَهُم مُّسْلِمُونَ ﴿٨٥﴾ وَمَن يَبْتَغِ غَيْرَ الْإِسْلَامِ
 دِينًا فَلَن يُقْبَلَ مِنهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخٰسِرِينَ ﴿٨٦﴾
 كَيْفَ يَهْدِي اللّٰهُ قَوْمًا كَفَرُوا بَعْدَ إِيمٰنِهِمْ وَشٰهَدُوا
 أَن الرُّسُولَ حَقٌّ وَجَاءَهُمُ الْبَيِّنَاتُ وَاللّٰهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ
 الظَّالِمِينَ ﴿٨٧﴾ أُولَئِكَ جَزَاءُ هُمُ أَن عَلِمْتُمْ أَن اللّٰهَ
 وَالْمَلَائِكَةَ وَالنَّبِيَّيْنَ أَجْمَعِينَ ﴿٨٨﴾ خٰلِدِينَ فِيهَا لَا يَخْفَى
 عَلَيْهِمُ الْعَذَابُ وَلَا هُمْ يُنظَرُونَ ﴿٨٩﴾ إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا مِن
 بَعْدِ ذَلِكَ وَأَصْلَحُوا فَإِنَّ اللّٰهَ غَفُورٌ رَّحِيمٌ ﴿٩٠﴾ إِنَّ الَّذِينَ
 كَفَرُوا بَعْدَ إِيمٰنِهِمْ ثُمَّ أَزَادُوا كُفْرًا لَّن نُّقَبِّلَ تَوْبَتَهُمْ
 وَأُولَئِكَ هُمُ الضَّٰلُونَ ﴿٩١﴾ إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا وَمَاتُوا وَهُمْ
 كٰفِرٌ فَلَن يُقْبَلَ مِن أَحَدِهِمْ قَلْبٌ مِّنَ الْأَرْضِ ذٰهَبًا وَلَوْ
 أَفْتَدَىٰ بِهِ ۗ أُولَئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ وَمَا لَهُم مِّن نَّاصِرِينَ ﴿٩٢﴾

٦١

(85) Аллаға иман келтіріп, шын мәнінде Пайғамбардың хақтығына куә болғаннан әрі оларға ашық дәлелдер келгеннен кейін қарсы шыққан қауымды Алла қалайша тура жолға салады? Алла залым елді тура жолға салмайды. (86) Міне солардың жазалары: Шәксіз оларға Алланың, періштелердің әрі біртұтас адамдардың қарғысы болады. (87) Олар қарғыста мүлде қалады да олардан азап жеңілтілмейді және оларға назар аударылмайды. (88) Бірақ сондай иман келтіріп, сонсоң тәубе еткендер және де ғамалдарын түзеткендер басқа. Расында Алла (Т.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (89) Ал сондай иман келтіргеннен кейін қарсы болғандар және қарсылықтарын арттырғандар, олардың тәубесі әсте қабыл болмайды. Міне солар, жолдан адасқандар. (90) Негізінен қарсы келіп, кәпір күйінде өлгендер, олардың әрбіреуі жер жүзі толы алтын төлесе де әсте қабыл етілмейді. Міне солар үшін күйзелтуші азап бар. Сондай-ақ оларға ешбір жәрдемші жоқ. (91)

(Мұхаммед Ғ.С.): "Біз Аллаға, өзімізге түсірілген Құранға, Ыбырайым, Ысмайыл, Ысқақ, Яғқұп (Ғ.С.) тарға және ұрпақтарына түсірілгенге және Мұса, Ғиса (Ғ.С.) ларға сондай-ақ пайғамбарларға Раббыларынан түсірілгенге де иман келтірдік; еш біреуінің араларында айырмашылық жасамаймыз. Сондай-ақ біздер Ол Аллаға бой ұсынушылармыз" де. (84) Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де ахиретте зиянға ұшыраушылардан болады.

Сүйген нәрселеріңді Алла жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсендер де Алла (Т.) оны толық біледі. (92) Тәурат түсірілуден бұрын, Исраилдың (Яғқұп Ғ.С. ның) өзіне ғана арам еткенінен басқа барлық тағам Исраил ұрпақтарына халал еді. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға айт: "Егер сөздерің шын болса, Тәуратты әкеліп соны оқыңдар." (93) Ал бұдан кейін кім Аллаға өтірік жала жапса, міне солар залымдар. (94) (Мұхаммед Ғ.С.): "Алла шын айтты, ал онда бір бағыттағы Ыбырайым (Ғ.С.) ның жолына еріңдер, ол ортақ қосұшылардан емес еді" деп айт. (95) Негізінен адам баласы үшін Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мұбарак және тура жол. (96) Онда ашық белгілер, Ыбырайым (Ғ.С.) ның орны бар. Сондай-ақ кім оған кірсе, аман болады. Оның жолына шамасы келген кісілер, Алла үшін Қағбаны зират ету (хаж қылу) керек. Ал кім қарсы келсе, Алла барлық әлемнен



бай. (97) (Мұхаммед Ғ.С.): "Әй Кітап иелері! Не үшін Алланың аяттарына қарсы келесіңдер? Алла сендердің не істегендеріңе куә. (Оған аян.)" деп айт (98) (Мұхаммед Ғ.С.): "Әй Кітап иелері! Өздерің туралығына куә бола тұра не үшін қисықтық іздеп, мүміндерді Алланың жолынан тыясыңдар? Алла сендердің не істегендеріңнен ғапыл емес" де. (99) Әй мүміндер! Кітап берілгендердің бір бөліміне бой ұсынсаңдар, сендерді иман келтіргеннен кейін қарсылыққа қайтарады. (100)

سُورَةُ التَّوْبَةِ

توبه


وَكَيْفَ تَكْفُرُونَ وَأَنْتُمْ تُتْلَىٰ عَلَيْكُمْ آيَاتُ اللَّهِ وَفِيكُمْ
 رَسُولُهُ ۗ وَمَنْ يَعْتَصِم بِاللَّهِ فَقَدْ هُدِيَ إِلَىٰ صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ ﴿١٠١﴾
 يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ وَلَا تَمُونُوا بِالْأَنْفُسِ
 الْمُسْلِمِينَ ۗ وَأَعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعًا وَلَا تَفَرُّوا
 وَأَذْكُرُوا نِعْمَتَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ إِذْ كُنْتُمْ أَعْدَاءً فَأَلَّفَ بَيْنَ قُلُوبِكُمْ
 فَأَصْبَحْتُمْ بِنِعْمَتِهِ إِخْوَانًا وَكُنْتُمْ عَلَىٰ شَفَا حُفْرَةٍ مِنَ النَّارِ
 فَأَنْقَذَكُمْ مِنْهَا كَذَلِكَ يُبَيِّنُ اللَّهُ لَكُمْ آيَاتِهِ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ
 ﴿١٠٢﴾ وَلَنْ تَكُنْ مِنْكُمْ أُمَّةٌ يَدْعُونَ إِلَى الْخَيْرِ وَيَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
 وَيَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿١٠٣﴾ وَلَا
 تَكُونُوا كَالَّذِينَ تَفَرَّقُوا وَاخْتَلَفُوا مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَهُمُ الْبَيِّنَاتُ
 وَأُولَٰئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ ﴿١٠٤﴾ يَوْمَ تَبْيَضُّ وُجُوهٌ وَتَسْوَدُّ
 وُجُوهٌ فَأَمَّا الَّذِينَ اسْوَدَّتْ وُجُوهُهُمْ أَكْفَرْتُمْ بَعْدَ بَيِّنَاتِكُمْ
 فَذُوقُوا الْعَذَابَ بِمَا كُنْتُمْ تَكْفُرُونَ ﴿١٠٥﴾ وَأَمَّا الَّذِينَ ابْيَضَّتْ
 وُجُوهُهُمْ فَفِي رَحْمَةِ اللَّهِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴿١٠٦﴾ تِلْكَ آيَاتُ
 اللَّهِ تَتْلُوهَا عَلَيْكَ بِالْحَقِّ وَمَا اللَّهُ يُدْ ظَلَمَ الْعَالَمِينَ ﴿١٠٧﴾

٦٣

Сендерге Алланың аяттары оқылуда әрі іштерінде Алланың елшісі бола тұра қалайша қарсы келесіңдер? Және кім Аллаға жабысса, сонда әрине ол тура жолға түсірілді. (101) Әй мүміндер! Алладан шынайы қорқумен қорқыңдар да Мұсылман болған күйде ғана өліңдер. (102) Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ өздеріңе Алланың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені: Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды,

Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді. (103) Сендерден жақсылыққа шақыратын сондай-ақ дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне солар құтылушылар. (Бір Ислам қоғамы болу шарт. Ж-Қ.) (104) Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне соларға зор азап бар. (105) Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды. Сонда қара беттерге: "Иман келтіргеннен кейін қарсы келдіңдер ме? Ендеше, қарсы келулерің себепті азапты татыңдар!", - (делінеді.) (106) Ал енді ақ жүзділер, Алланың рахметінде болады да, олар онда мәңгі қалады. (107) Осы Алланың аяттары. (Мұхаммед Ғ.С.) оны, саған шындықпен оқимыз. Алла (Т.), әлемге зұлымдық етуді қаламайды. (108)

Көктердегі және жердегі нәрселер Алланың иелігінде және барлық істер Аллаға қайтарылады. (109) Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тытын сондай-ақ Аллаға сенетін хайырлы бір үмет болып, шығарылдыңдар. Ал егер Кітап иелері иман келтірсе еді, әлбетте олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар. Олардың көбірегі бұзақылар. (110) Олар сендерге ренштен басқа зиян бере алмайды. Ал егер сендермен соғысса, сырт айналып қашады. Сонсоң оларға жәрдем етілмейді. (111) Қайда болса да оларға қорлық соққысы тиген. Бірақ Алладан қорғау және адамдардан келісім болса басқа. Әрі олар Алланың ашуына ұшырап, кедейшіліктің де соққысын жеді. Осы олардың Алланың аяттарына қарсы келулері, жазықсыз пайғамбарларды өлтірулері себепті. Сондай-ақ олардың қылмысты



болып шектен шығуларының салдарынан. (112) Кітап иелерінің бәрі бірдей емес. Олардың түн мезгілінде тіке тұрып, Алланың аяттарын оқып, сәжде ететін бір тобы бар. (Сәлам ұлы Ғабдулла сияқты. Ж.К.Р.Т.Ж-Қ.) (113) Олар Аллаға, ахирет күніне сенеді де дұрысқа қосып, бұрыстан тосады. Сондай-ақ хайырлы істерде жарысады. Міне солар ізгілер. (114) Олар хайырдан не істесе де тойтарылмайды. (Зая кетпейді.) Алла (Т.) тақуаларды толық біледі. (115)

سُورَةُ التَّوْبَةِ

تَوْبَةٍ


إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ تَغْفِي عَنْهُمْ أَمْوَالُهُمْ وَلَا أَوْلَادُهُمْ
 مِنْ اللَّهِ شَيْئًا وَأُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴿١١٦﴾
 مَثَلُ مَا يُنْفِقُونَ فِي هَذِهِ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا كَمَثَلِ رِيحٍ فِيهَا
 صِرٌّ أَصَابَتْ حَرْتًا قَوْمًا ظَلَمُوا أَنْفُسَهُمْ فَأَهْلَكَتْهُمَا وَمَا
 ظَلَمَهُمُ اللَّهُ وَلَكِنْ أَنْفُسُهُمْ يَظْلِمُونَ ﴿١١٧﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ
 آمَنُوا لَا تَتَّخِذُوا بَطَانَةً مِنْ دُونِكُمْ لَا يَأُولُونَكُمْ خَبْرًا
 وَدُّوْا مَا عَنِتُّمْ قَدْ بَدَتِ الْبَغْضَاءُ مِنْ أَفْوَاهِهِمْ وَمَا تُخْفِي
 صُدُورُهُمْ أَكْبَرُ قَدْ بَيَّنَّا لَكُمُ الْآيَاتِ إِنْ كُنْتُمْ تَعْقِلُونَ ﴿١١٨﴾
 هَاتِمُكُمْ أَوْلَاءٌ يُحِبُّوهُمْ وَلَا يُحِبُّونَكُمْ وَتَوَمَّنُونَ بِالْكِتَابِ كُلِّهِ
 وَإِذَا لِقَاكُمْ قَالُوا آمَنَّا وَإِذَا خَلَوْا عَصَوْا عَيْتَكُمْ الْأُنَامِلَ
 مِنْ الْأَعْيُنِ قُلْ مُؤْتُوا يَعِظُكُمْ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿١١٩﴾
 إِنْ تَمَسَّكْتُمْ حَسَنَةً نَسُوهُمْ وَإِنْ تَضَيَّقْتُمْ سِنَّةً يَنْفِرُوا
 بِهَا وَإِنْ تَضَرُّوا وَتَتَّقُوا لَا يَضُرُّكُمْ كَيْدُهُمْ شَيْئًا
 إِنَّ اللَّهَ بِمَا يَعْمَلُونَ مُحِيطٌ ﴿١٢٠﴾ وَإِذْ عَدَّتْ مِنْ أَهْلِكَ
 ثِيَابُ الْمُؤْمِنِينَ مَقْعِدِ الْقِتَالِ وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿١٢١﴾

١٥


Негізінен қарсы болғандардың малдары, балалары Алладан ешбір нәрсені қорғамайды. Міне солар тозақтық, олар онда мәңгі қалады. (116) Олардың бұл дүние тіршілігінде қылған хайырларының мысалы: Өздеріне зұлымдық істеген елдің егініне тиіп жоқ еткен суық боран тәрізді. Оларға Алла зұлымдық етпеді, бірақ олар өздеріне зұлымдық етті. (117) Әй мүміндер! Өздеріңнен өзгелерді сырдаст тұтпаңдар. Олар сендерге қастандықтан тартынбайды.

Сондай-ақ олар күйзелулеріңді қалайды. Олардың кектері аузынан-ақ көрініп тұр. Әрі олардың жүректерінде жасырғандары тағы үлкен. Егер түсінетін болсаңдар, әрине сендерге аяттарымызды баян еттік. (118) Я, сендер оларды жақсы көрсеңдер де, олар сендерді жақсы көрмейді. Сондай-ақ сендер Кітаптың бәріне сенесіңдер. Қашан олар сендерге кездесе: "Иман келтірдік" деп, ал қашан олар оңашалана қалса, сендерге деген ызаларының зардабынан саусақтарын шайнар. (Мұхаммед Ғ.С.): "Ызаланған бойда өліп кетіңдер!" де. Шәксіз Алла көкіректегілерді толық біледі. (119) Егер сендерге бір игілік жетсе, оларға жаман көрінеді. Ал егер сендерге бір жамандық жетсе, оған олар хош болады. Егер сабыр етсеңдер, сақтық істесеңдер, олардың сығандықтары сендерге ешбір зиян қылмайды. Күдіксіз Алла (Т.) Олардың не істегендерін толық біледі. (120) (Мұхаммед Ғ.С. Ұхыт соғысы кезінде) үйіңнен ерте шығып, мүміндерді соғыс үшін орындарға орналастыруда едің. Алла әр нәрсені естіп, білуші. (121)

(Ұхыт соғысында мұнафықтар майданнан қасақана қайтып кеткендіктен, оң-сол екі қанаттағы топқада қобалжу кірді.) Сол уақытта сендерден екі топ, уайымдап үрейленді. Сондай-ақ Алла (Т.) ол екеуінің жәрдемшісі еді. Мүміндер, Аллаға тәуекел етсін. (122) Әрине Алла сендерге Бәдірде де жәрдем етті. Онда сендер тағы нашар едіңдер. Алладан қорқыңдар, әлбетте шүкір еткен боласыңдар. (123) (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта (Бәдірде) мүміндерге: "Раббыларың сендерге періштелерден үш мың түсіріп жәрдем етсе, жетпей ме?" - деуде едің. (124) Әрине егер сабыр етсеңдер, сақсынсаңдар сондай-ақ жау дереу осы араға жетіп келетін болса, Раббыларың сендерге бес мың белгілеулі періштелермен жәрдем етеді. (125) Алла (Т.) мұны сендер үшін қуаныш әрі онымен жүректерің орнықсын деп қана етеді. Нұсрат, өте үстем, хикмет иесі Алланың қасынан ғана болады. (126) Сондай-ақ кәпірлердің бір жағын қыру немесе абыржыту, олардың күдер үзіп қайтулары үшін. (127) (Мұхаммед Ғ.С.) ешбір іс сенің еркінде емес. Алла немесе олардың тәубесін қабыл етеді әлде оларды




қинайды. Өйткені, олар залымдар. (128) Көктер мен жердегілердің бәрі Аллаға тән. Кімді қаласа, жарылқап, кімді қаласа, азап қылады. Сондай-ақ Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (129) Әй мүміндер! Үсті-үстіне өсім жемендер, Алладан қорқыңдар. Әрине құтыларсыңдар. (130) Сондай-ақ қарсы болғандар үшін дайындалған оттан қорқыңдар. (131) Әрі Аллаға және Елшісіне бой ұсынғыңдар, әлбетте мәрхаметке бөленесіңдер. (132)




Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жәннәтке жарысыңдар. (133) Олар кеңшілікте, таршылықта Алла жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла (Т.) жақсылық істеушілерді сүйеді. (134) Ал олар қашан арысздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, Алланы естеріне алып, күнәларының жарылқануын тілейді. Күнәларды Алладан басқа кім жарылқайды.

Сондай-ақ олар істеген істеріне біле тұра қасарыспайды. (135) Міне солардың сыйлықтары Раббылары тарапынан жарылқау және астарынан өзендер ағатын ұжмақтар. Олар онда мәңгі қалады. Ғамал істеушілердің сыйлықтары нендей айбат! (136) Сендерден бұрын түрлі уақиғалар өткен. Жер жүзін кезіндер: Жасынға шығарушылардың соңының не болғанын көріңдер. (137) Бұл (Құран) адам баласы үшін ашық түсінік, тура жол және тақуалар үшін насихат. (138) (Мұсылмандар!) Босамаңдар да қайғырмаңдар. Егер мүмін болсаңдар, әлбетте үстем боласыңдар. (139) Сендер (Ұхытта) жараланған болсаңдар, әрине (Бәдірде) ол ел де, сол құсап жараланған болатын. Осы күндерді адамдардың араларында айналдырамыз. Өстіп Аллаға сенушілерді анықтау және сендерден шәйіт алу үшін.... Алла зұлымдарды сүймейді. (140)

Сонымен қатар мүмірдерді тазарту және кәпірлерді жою үшін. (141) Әйтпесе, сендерден соғысқандарды анықтап, сабырлыларды ашаламай, жәннәтке кіріп кетеміз деп ойлайсыңдар ма? (142) Расында сендер өлімге кездесуден бұрын оны тілеуші едіңдер. Ал енді оны көрдіңдер де, қарап тұрсыңдар. (Ұхыт соғысында "Мұхаммед F.C. өлтірілді" деген хабар тарап, Мұсылмандар абыржып қалды.) (143) Мұхаммед (F.C.) бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер сонда өкше (із) леріңе айналасыңдар ма? (Қайта кәпір боласыңдар ма?) Кім өкше ізіне қайтса Аллаға ешбір зиян келтірмейді. Сондай-ақ Алла, шүкір етушілерді сыйлайды. (144) Алланың бұйрығы болмайынша ешкім өлмейді, ол жазулы бір мерзім. Кім дүниенің пайдасын тілесе, оған одан береміз. Ал кім ахирет пайдасын қаласа, оған одан береміз. Сондай-ақ шүкірлік етушілерді сыйлаймыз. (145) Қаншаласаң пайғамбар онымен бірге көптеген құдайшылдар




соғысқан болатын; сонда бастарына келгенге олар босамады да осалдамады Сондай-ақ именбеді. Алла қажырлыларды жақсы көреді. (146) Ал олардың сөздері: "Раббымыз! Күнеларымызды, ісіміздегі орынсыздықтарымызды кеше көр әрі табанымызды мықтап, кәпір қауымға қарсы жәрдем бер!", - деу ғана еді. (147) Сондықтан Алла (Т.) оларға дүние пайдасын беріп, ахирет пайдасының ең көркеміне бөледі. Алла жақсылық істеушілерді сүйеді. (148)



Әй мүміндер! Егер кәпірлерге бой ұсынсаңдар, сендерді кері қайтарады. Сонда зиян етушілерге айналасыңдар. (149) Әрине иелерің Алла, Ол нұсрат беріушілердің жақсысы. (150) Ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға ортақ қосулары себепті кәпірлердің жүректеріне қорқу саламыз. Сондай-ақ олардың орындары от. Залымдардың орны нендей жаман! (Мұхаммед Ғ.С. Ұхыт соғысында бір топ адамды арт жақтағы бір кезеңге қойып: "Бұл арадан әсте

айрылмаңдар!", - деген болса да, олар жау жеңілді деп ойлап, араласып кетіп, бір неше кісімен бастықтың ғана қалғанын сезген жау, оларды типыл қылып, арт жақты қоршап кеткендіктен Мұсылмандар қатты абыржып, шақыруға қарамай қаша бастайды.) (151) Расында Алла, сендерге деген уәдесін шындыққа айналдырып, Оның бұйрығымен оларды өлтіре бастадыңдар. Дегенмен Алла өздеріңе сүйген нәрселеріңді көрсеткеннен кейін, осалдық қылып, берілген әмір жайында таластыңдар да қарсы келдіңдер. Сендерден біреулер дүниені қалайды да біреулер ахиретті қалайды. Сонсоң Алла сендерді сынау үшін олардан беттеріңді қайтарды да онымен қатар кешірім етті. Алла мүміндерге кеңшілік иесі. (152) Сол уақытта Пайғамбар арттарыңнан шақырса да ешкімге қайрылмай ұзап бара жаттыңдар. Алла, сендерді қолдарыңнан кеткенге де бастарыңа келгенге де кейімеулерің үшін қайғы үстіне қайғыға ұшыратты. Алла (Т.) не істегендеріңді толық біледі. (153)

Сонсоң (Алла) сендерге қайғыдан кейін тыныштық ұиқысын жіберді де сендердің бір бөлімдеріңді баурап алды. Және бір топтың, жандары қайғы болып, олар Аллаға орынсыз надандық ой ойлады. Олар: "Бұл істе бізде не ерік бар?",- десті. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Барлық іс Алланың еркінде" деп айт. Ал олар іштерінде жасырған нәрселерін саған әшкерелемейді. Тағы олар: "Іс біздің еркімізде болса еді, осы жерде өлтірілмес едік" дейді. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Егер сендер үйлерінде болсаңдар да, өлтірілуі жазылғандар, әрине өлтірілетін жерлерінде болар еді" деп айт. Алла көкіректеріңдегіні сынау және жүректеріңдегіні тазарту үшін өстіді. Сондай-ақ Алла көкейлердегіні толық білуші. (154) Шын мәнінде (Ұхыт соғысы күні) екі топ кездескен сәтте, сендерден бет бұрғандарды кейбір қылықтарының салдарынан шайтан мүлде тайдыра жаздады. Расында Алла оларды кешірім етті. Шәксіз, Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (155) Әй мүміндер!



Кәпірлер сияқты болмаңдар! Олар жер жүзінде кезіп жүрген немесе соғыста болған туыстары үшін: "Егер олар жанымызда болса еді, өлмес те өлтірілмес те еді" деді. Алла бұны олардың жүректеріне қасірет қылу үшін өстіді. Алла тірілтеді де, өлтіреді. Сондай-ақ Алла (Т.) не істегендеріңді толық көруші. (156) Егер Алла жолында өлтірілсеңдер немесе өлсеңдер, әрине Алланың жарылқауы әрі мәрхаметі олардың барлық жиган-тергендерінен жақсы. (157)

سُورَةُ التَّيْمَةِ

التَّيْمَةِ


وَلَيْنَ مُتَمِّمٌ أَوْ قَاتِلٌ لِيَ اللَّهِ مُحْشَرُونَ ﴿١٥٨﴾ فِيمَا رَحِمَةً مِنَ
 اللَّهِ لَيْتَ لَهُمْ وَلَوْ كُنْتَ فَظًا غَلِيظَ الْقَلْبِ لَأَنْقَضُوا مِنْ حَوْلِكَ
 فَاعْفُ عَنْهُمْ وَاسْتَغْفِرْ لَهُمْ وَشَاوِرْهُمْ فِي الْأَمْرِ فَإِذَا عَزَمْتَ
 فَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَوَكِّلِينَ ﴿١٥٩﴾ إِنْ يَنْصُرْكُمْ اللَّهُ
 فَلَا غَالِبَ لَكُمْ وَإِنْ يَخْذِلْكُمْ فَمَنْ ذَا الَّذِي يَنْصُرْكُمْ مِنْ
 بَعْدِهِ وَعَلَى اللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ ﴿١٦٠﴾ وَمَا كَانَ لِنَبِيٍّ أَنْ
 يَكْفُرَ وَمَنْ يَكْفُرْ يَأْتِ بِمَا غَلَّ يَوْمَ الْقِيَامَةِ ثُمَّ تُوَفَّى كُلُّ
 نَفْسٍ مَا كَسَبَتْ وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ ﴿١٦١﴾ أَفَمَنْ أَتَّبَعَ رِضْوَانٌ
 اللَّهِ كَمَنْ بَاءَ بِسَخَطٍ مِنَ اللَّهِ وَمَا لَهُ جَهَنَّمَ وَتُورِ الْمَصِيرُ
 ﴿١٦٢﴾ هُمْ دَرَجَاتٌ عِنْدَ اللَّهِ وَاللَّهُ بِصِيرِهِمْ يَعْلَمُونَ ﴿١٦٣﴾
 لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ إِذْ بَعَثَ فِيهِمْ رَسُولًا مِنْ أَنْفُسِهِمْ
 يَتْلُوا عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَزَكَاةً مِنْهُمْ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ
 وَالْحِكْمَةَ وَإِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِي ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿١٦٤﴾
 أَوْلَمَّا أَصَبْتُمْ مِصْبِيَّةً قَدْ أَصَبْتُمْ مِثْلَهَا قُلْتُمْ أَنْ هَذَا
 قُلُوبُ هَؤُلَاءِ مِنْ عِنْدِ أَنْفُسِكُمْ إِنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿١٦٥﴾

٧١

Егер өлсеңдер не өлтірілсеңдер де әрине Алланың алдына жиналасыңдар. (158) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға Алланың мейірімі бойынша, жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең, Аллаға тәуекел ет. Негізінен Алла тәуекелшілерді жақсы көреді. (159) Егер Алла сендерге нұсрат берсе,

сонда сендерге үстем келуші болмайды. Ал егер Алла сендерді тастаса, (жәрдем қылмаса,) одан кейін сендерге кім жәрдем етеді? Сондай-ақ мүміндер Аллаға тәуекел етсін. (Рауаят бойынша олжаны ойлап, Ұхыт соғысында қарауылды тастап кеткендерге ескерту. Р.Т.Т-Қ.) (160) Бір пайғамбар үшін олжаға қаралық істеуі мүмкін емес. Ал егер кім қаралық істесе, қиямет күні қаралық істеген нәрсесімен келеді. Сонсоң әркімнің еңбегі толық беріледі. Сондай-ақ олар зұлымдыққа ұшырамайды. (161) Алланың ризалығын іздеген кісі, Алланың ашуына ұшырап, орны тозақ болған кісімен тең бе? Ол нендей жаман орын. (162) Олар Алланың қасында түрлі дәрежелерде болады. Сондай-ақ олардың не істегендерін толық көруші. (163) Расында Алла (Т.) мүміндерге қамқорлық етіп, олардың ішіне өздерінен, оларға Алланың аятын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап, хикмет үйрететін Елші жіберді. Өйткені, олар бұрын ашық адасуда еді. (164) Сендер оларды екі есесіне ұшыратқан бір қайғыға, өздерің ұшырағандықтан: "Бұл қайдан келді?,"- дедіңдер. (Ұхытта Мұсылманнан жетпіс кісі шеһіт болған болса, Бәдірде кәпірден жетпісі өліп, жетпісі қолға түскен еді.) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Ол өз пиғылдарыңнан" деп айт. Шәксіз Алланың әр нәрсеге күші жетуші. (165)

Ал және сендерге (Ұхытта) екі топ қарсыласқан күнгі тиген соққы, Алланың бұйрығымен мүміндерді байқау үшін еді. (166) Сондай-ақ мұнапықтарды да байқау үшін... Ал оларға: "Келіңдер, Алла жолында соғысыңдар, не қорғанысқа тұрыңдар" делінсе, олар: "Егер соғысуды білсек, әрине арттарыңнан ерер едік" деді. Олар ол күні иманнан көрі қарсылыққа жақынырақ еді. Олар жүректерінде болмағанды ауыздарымен айта береді. Негізінде Алла, олардың жасырын нәрселерін жақсы біледі. (167) (Мұхаммед Ғ.С.) өздері отырып, туыстарына: "Егер тілімізді алса еді, олар өлтірілмес еді" дегендерге: "Сөздерің шын болса, өлімді өздеріңнен кетіріңдер" деп айт. (168) Алла жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі. (169) Олар Алланың кеңшілігімен өздеріне берген нәрселеріне маз-мейрам болады да, әзірше өздеріне қосылмай арттарында қалғандарды да: "Оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды" деп шүйіншілегілері келеді. (170) Тағы олар Алладан



болған нығметке, кеңшілікке қуанады. Шынында Алла мүміндердің сауабын жоймайды. (171) Өздері соққы жегеннен кейін де Алла және Елшісінің нұсқауларын қабылдағандар сондай-ақ олардың жақсылық істеп, тақуа болғандары үшін зор сыйлық бар. (172) Оларға адамдар: "Сендер үшін ел жиналды, сондықтан олардан қорқыңдар" деді. (Бұл сөз) олардың иманын арттырды да олар: "Бізге Алла жетіп асады, Ол нендей жақсы ие" деді. (173)

سُورَةُ التَّوْبَةِ

التَّوْبَةِ


فَأَقْبَلُوا بِنِعْمَةٍ مِّنَ اللَّهِ وَفَضْلٍ لَّمْ يَمَسَّهْمُ سُوءٌ وَاتَّبَعُوا
 رِضْوَانَ اللَّهِ وَاللَّهُ ذُو فَضْلٍ عَظِيمٍ ﴿١٧٦﴾ إِنَّمَا ذُكِرْتُمُ الشَّيْطَانُ
 يُخَوِّفُ أَوْلِيَاءَهُ. فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا إِن كُنتُمْ مُّؤْمِنِينَ ﴿١٧٧﴾
 وَلَا يَجْرُؤُكَ الَّذِينَ يَسْتُرُونَ فِي الْكُفْرِ أَنَّهُمْ لَنْ يَضُرُّوا اللَّهَ
 شَيْئًا يُرِيدُ اللَّهُ أَلَّا يَجْعَلَ لَهُمْ حِطًّا فِي الْأَخِرَةِ وَلَهُمْ عَذَابٌ
 عَظِيمٌ ﴿١٧٨﴾ إِنَّ الَّذِينَ أَسْتُرُوا الْكُفْرَ بِالْإِيمَانِ لَنْ يَضُرُّوا
 اللَّهَ شَيْئًا وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿١٧٩﴾ وَلَا يَحْسَبَنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا
 أَنَّمَا تُمَلِّئُهُمْ خَيْرٌ لَّأَنفُسِهِمْ إِنَّمَا تُمَلِّئُهُمْ لِيُزَادُوا فِي إِسْمَاءٍ
 وَلَهُمْ عَذَابٌ مُّهِينٌ ﴿١٨٠﴾ مَا كَانَ اللَّهُ لِيَذَرَ الْمُؤْمِنِينَ عَلَىٰ مَا
 أَنْتُمْ عَلَيْهِ حَتَّىٰ يَمِيزَ الْخَبِيثَ مِنَ الطَّيِّبِ وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُطْلِعَكُمْ
 عَلَى الْغَيْبِ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَجْتَبِيٰ مِن رُّسُلِهِ مَن يَشَاءُ فَتَأْمِنُوا بِاللَّهِ
 وَرُسُلِهِ. وَإِن تَوَمَّنُوا وَسَتَقُوا فَلَكُمْ أَجْرٌ عَظِيمٌ ﴿١٨١﴾ وَلَا
 يَحْسَبَنَّ الَّذِينَ يَبْخُلُونَ بِمَاءِ أَنفُسِهِمْ أَنَّهُمْ مِّنْ فَضْلِهِ. هُوَ خَيْرٌ
 لَّهُمْ بَلْ هُوَ سَرٌّ لَّهُمْ سَيُطَوَّقُونَ مَا بَخُلُوا بِهِ. يَوْمَ الْقِيَامَةِ
 وَاللَّهُ يَبْرِئُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاللَّهُ يَمَّا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ ﴿١٨٢﴾

٧٣

(Ұхыт соғысының келер жылы Мекке кәпірлері Мединеге кәліп: "Соғысуға жиналып жатыр" деген хабарды алған Мұсылмандардың жігері қайнап, жолға шыққанда, жау қорқып, қайтып кетіп, Мұсылмандар аман-есен пайдаланып қайтады. Ж.М.Р.Т-Қ.) Сондықтан олар Алланың нығметі және кеңшілігімен бір сәтсіздікке ұшырамай Алланың ризалығына бөленіп, қайта оралды. Алла (Т.) зор кеңшілік иесі. (174) Негізінен шайтан өз достарын қорқытады.

Сондықтан олардан қорықпаңдар да Менен қорқыңдар, егер мүмін болсаңдар. (175) (Мұхаммед F.C.) олардың қарсылыққа жарысулары сені кейітпесін. Өйткені, олар Аллаға әсте зиян келтіре алмайды. Алла оларға ахиретте бір несібе бермеуді қалайды. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар. (176) Негізінен сондай иманның орнына қарсылықты айырбастағандар, олар да Аллаға ешбір зиян бере алмайды және олар үшін күйзелтуші азап бар. (177) Ал және сондай қарсы болғандар, негізінен оларға мұрса беруімізді, өздеріне хайырлы деп әсте ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын деп қана орай береміз. Сондай-ақ олар үшін қорлаушы қинау бар. (178) Алла, мүміндерді осы сендер болған күйде, жақсыдан жаманды айырмай қоюшы емес. Әрі сендерге көместі де білдірмейді. Бірақ елшілерінен қалағанын таңдап, соған білдіреді. Ендеше, Аллаға, елшілеріне иман келтіріңдер егер иман келтіріп, тақуа болсаңдар, Сонда сендер үшін зор сыйлық бар. (179) Алланың кеңшілігінен өздеріне берген нәрселеріне сараңдық істегендер, олардың сараңдық қылған нәрселері, қиямет күні өздерінің мойындарына оралады. Сондай-ақ көктер мен жердің мирасы Алланикі. Әрі Алла олардың не істегендерін толық біледі. (180)


Әрине олардың: "Алла кедей, біз баймыз" деген сөздерін Алла естіді. Олардың айтқандарын және жазықсыз пайғамбарларды өлтіргендерін жазамыз да, оларға: "Күйдіруші азапты татыңдар!", - дейміз. (181) Бұл қолекі істегендеріңнің сазайы. Шәксіз Алла, құлдарына зулымдық қылушы емес. (182) Сондай: "Расында Алла (Т.) бізге от жеп кететін бір құрбан келтірмейінше, ешбір пайғамбарға иман келтірмеуімізге серт берген" дегендерге (Мұхаммед Ғ.С.): "Сендерге менен бұрынғы пайғамбарлар ашық дәлелдерді сондай-ақ айтқандарыңды келтірген еді. Егер сөздерің рас болса, оларды неге өлтірдіңдер?," - деп айт. (183) (Мұхаммед Ғ.С.) егер олар сені мойындамаса, сенен бұрынғы ашық дәлелдер, нұсқалар және түрлі кітап келтірген пайғамбарларды да



الْحَرْبِ
٨

٧٤


мойындамаған еді. (184) Әркім өлімді татады. Шын мәнінде қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып ұрмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі. (185) Малдарың және жандарың жайында әрине сыналасыңдар; сондай-ақ сендерден бұрыңғы кітап берілгендерден және мүшріктерден де көптеген ренш естисіңдер. Егер сабыр етсеңдер әрі сақсынсаңдар; шәксіз бұл маңызды істер. (186)




Сол уақытта Алла (Т.) Кітап берілгендерден: "Әлбетте оны адамдарға түсіндіріңдер, жасырмаңдар" деп, сенім алған. Дегенмен олар, оны арт жақтарына тастады. Әрі олар оны аз бір бағаға айырбастап алды. Сонда олар нендей жаман нәрсе сатып алды. (187) (Мұхаммед Ғ.С.) сондай істегендеріне мез болып, істемегендерімен де мақталуларын сүйгендерді есепке алма. Сондай-ақ оларды азаптан құтылады деп әсте ойлама. Өйткені олар үшін жан

түршігерлік азап бар. (188) Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Алла (Т.) ның әр нәрсеге толық күші жетеді. (189) Шәксіз көктердің және жердің жаратылуында түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте ақыл иелері үшін дәлелдер бар. (190) Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып (әр халде) Алланы еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: "Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың, Сен рәксің, бізді от азабынан сақта!" (191) "Раббымыз! Сен кімді отқа салсаң, расында оны қорладың. Залымдардың еш жәрдемшісі жоқ." (192) "Раббымыз! Біз: 'Раббыларыңа иман келтіріңдер' (деп) шақырған шақырушыны естіп, иман келтірдік. Раббымыз! Енді күнеларымызды жарылқап, жамандықтарымызды жасыр. Және жақсылармен бірге өлім бер!" (193) "Раббымыз! Бізге елшілеріңе уәде еткендеріңді бер. Сондай-ақ бізді қиямет күні қорлама. Күдіксіз Сен уәдеден айнымайсың" (деп тілейді) (194)

Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: "Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел ғамал істеушілердің ғамалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. (Бәрің бірдейсіңдер.) Және сондай босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Алланың қасынан. Әрине сыйлықтың жақсысы Алланың қасында." (195) (Мұхаммед Ғ.С.) қарсы болғандардың, мемлекеттерде айналып (кезіп) жүруі сені алдамасын. (196) Азбір пайдаланудан кейін олардың орны тозақ, нендей жаман орын. (197) Бірақ сондай Раббыларынан қорыққандар, олар үшін астарынан өзендер ағатын бақшалар бар. Олар Алла тарапынан қонақ үйлерде қалады. Алланың қасындағылар игілерге жақсы. (198) Шын мәнінде



Кітап иелерінен Аллаға иман келтіріп, сендерге түсірілген әрі өздеріне түсірілген нәрселерге Алладан қорыққан түрде сенетіндері де бар. Сондай-ақ олар Алланың аяттарын аздаған бағаға сатпайды. Міне солар үшін Раббыларының қасында сыйлық бар. Алла (Т.) тез есеп көруші. (199) Әй мүміндер! Әр нәрсеге сабырлы, жауға шыдамды және қорғанысқа дайын болыңдар. (Ж.М.Р.Х.Т.Ж-Қ.) Сондай-ақ Алладан қорқыңдар әрине құтыласыңдар. (200)



4-НИСА СҮРЕСІ


Мединеде түскен. Жүз жетпіс алты аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шәксіз Алла

(Т.) сендерді бақылаушы. (1) Жетімдердің малдарын беріңдер, жаманды жақсымен алмастырмаңдар; олардың малдарын өз малдарыңа қосып жемендер. Өйткені ол, күнә. (2) Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріңе жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар немесе қолдарыңдағы құң де болады. Әділетсіздік болмауға жақынырағы осы. (4-С. 19-А) (3) Әйелдердің мәерін (қалыңын) ықыласпен беріңдер. Сонда егер әйелдер өз көңілдерінше, сендерге мәерден бір нәрсе көңшілік етсе, онда оны жеңдер; сіңімді, жүрімді болсын. (4) Және Алланың сендерді басына тұрғызған малдарды ақылсыздарға бермеңдер. (Жетімнің малын ақылдары толмай өздеріне тапсырмаңдар.) Оларды көректендіріп, киіндіріңдер де, оларға сыпайы сөз сөйлеңдер. (5) Жетімдерді үйлену шағына жеткенше сынаңдар. Сонда егер олардан бір естиярлық көрсендер, дереу олардың малдарын өздеріне беріңдер. Сондай-ақ олардың ержетуінен қорқып, ысыраптап, тездетіп жемендер. Ал және біреу бай болса, онда тартынсын да, біреу жарлы болса, онда да орнымен жесін. Қашан олардың малдарын өздеріне тапсырсаңдар, оларға айғақ қойыңдар. Алла (Т.) есеп көруде жеткілікті. (6)

Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен еркектерге де үлес бар. Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен әйелдерге де үлес бар. Аз немесе көп болса да, одан өлшеулі несібе бар. (7) Бөліс кезінде ағайындар, жетімдер және міскіндер келсе, онда оларды құр тастамай бір нәрсе беріңдер де, өздеріне сыпайы сөз сөйлеңдер. (8) Арттарында нашар (жас) балалар қалдырса, оларға не болар екен деп уайым жесін. Алладан қорықсын да, дұрысын айтсын. (9) Негізінен сондай жетімдердің малдарын зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын от пен толтырған болады. Сондай-ақ жалындаған тозаққа кіреді. (10) Алла сендерге, балаларың жайында; бір еркекке екі әйелдің мұрасындай үлес бұйырады. Егер әйелдер екінің үстінде болса, онда қалған малдың үштен екісі олардікі. Ал егер жалғыз қыз болса, онда жартысы онікі. Өліктің баласы



болса, әке-шешесіне қалған малдың алтыдан бірі тиеді. Егер баласы болмай оның мұрагері әке-шешесі ғана болса, онда шешесіне үштен бірі тиеді. Егер өліктің туыстары болса, онда шешесіне алтыдан бірі тиеді. (Бұлар) етілген өсиет және борыш өтелгеннен кейін орындалады. Сендер әкелеріңмен ұлдарыңның пайда тұрғысынан қайсысы жақын екенін білмейсіңдер. Бұл үкімдер, Алла тарапынан бекітілген. Күдіксіз Алла, терең білім, хикмет иесі. (11)

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ

سورة النِّسَاءِ
الحزب
8


﴿١١﴾ وَلَكُمْ نِصْفُ مَا تَرَكَ أَزْوَاجُكُمْ إِنْ لَمْ يَكُنْ
 لَهُنَّ وَلَدٌ فَإِنْ كَانَ لَهُنَّ وَلَدٌ فَلَكُمْ الرَّبْعُ مِمَّا
 تَرَكَنَّ مِنْ بَعْدِ وَصِيَّةٍ يُوَصِّينَ بِهَا أَوْ دِينٍ
 وَلَهُنَّ الرَّبْعُ مِمَّا تَرَكَتُمْ إِنْ لَمْ يَكُنْ لَكُمْ وَلَدٌ
 فَإِنْ كَانَ لَكُمْ وَلَدٌ فَلَهُنَّ الثُّمُنُ مِمَّا تَرَكَتُمْ
 مِنْ بَعْدِ وَصِيَّةٍ تُوصُونَ بِهَا أَوْ دِينٍ وَإِنْ كَانَ
 رَجُلٌ يُورَثُ كَلِئَلَةً أَوْ امْرَأَةً وَهِيَ أَخٌ أَوْ أُخْتٌ فَلِكُلِّ
 وَاحِدٍ مِّنْهُمَا الشُّدُحُ إِنْ كَانُوا آبَاءَكُمْ أَوْ أَبْنَاءَكُمْ
 فَهُمْ شَرَكَاءُ فِي الثُّلُثِ مِنْ بَعْدِ وَصِيَّةٍ يُوصِي بِهَا
 أَوْ دِينٍ غَيْرِ مُضَارٍّ وَصِيَّةٍ مِنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ خَلِيمٌ
 ﴿١٢﴾ تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ
 يُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ
 خَالِدِينَ فِيهَا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ ﴿١٣﴾
 وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَتَعَدَّ حُدُودَهُ يُدْخِلْهُ
 نَارًا خَالِدًا فِيهَا وَلَهُ عَذَابٌ مُّهِينٌ ﴿١٤﴾

٧٩

Сендерге баласы болмаған жұбайларыңның қалдырған нәрселерінің жартысы тиеді. Ал егер олардың баласы болса, олардың қалдырған нәрселерінің сендерге төрттен бірі тиеді; олардың өсиеті және борышы өтелгеннен кейін. Егер сендерде бала болмағанда, қалдырған нәрселеріңнің оларға төрттен бірі, сендерде бала болса, оларға сегізден бірі тиеді; өсиеттерің және борыш өтелгеннен кейін. Ал егер мирас алынатын әке-шешесіз және баласыз (кәлала)

ер немесе әйелдің бір еркек яки қыз туысы болса, онда әрбіріне алтыдан бірі, олар бірден көп болса, сонда олар үштен біріне ортақ болады; өсиет және борыш өтелгеннен кейін. Өсиет, зиянсыз болу керек, Алланың нұсқауы осы. Алла (Т.) әр нәрсені білуші, өте жұмсақ. (12) Бұлар Алланың қойған шектері. Кім Аллаға және Елшісіне бой ұсынса, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізіледі де, олар онда мәңгі қалады. Зор табыс осы. (13) Ал кім Аллаға, Елшісіне қарсы келіп Оның шектерінен шықса, ол, ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар. (14)

Сондай әйелдеріңнен зина қылғандар, оларға өздеріңнен төрт айғақ келтіріңдер, егер олар айғақ болса. Онда оларды өлгенге дейін не Алла бір жол қойғанға шейін үйлерде қамандар.... (15) Сендерден арсыздық істеген екеуіне де жапа беріңдер. Егер екеуі де тәубе етіп, түзелсе, олардан бет бұрыңдар. (тиіспендер.) Негізінен Алла, тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді. (16) Шын мәнінде Аллаға (сыйымды) тәубе, жамандықты білмей істеп сонсоң дереу тәубе етсе, сонда олардың тәубесін Алла қабылдайды. Алла әр нәрсені білуші хикмет иесі. (17) Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: "Енді шынайы тәубе қылдым" деген және қарсы болған бойда өлгендердің тәубесі қабыл емес. Міне солар үшін күйзелтуші азап әзірледік. (Араптар жаһилиет дәуірінде, өлген жақындарының түл әйеліне ие шығып, өздері қалыңсыз алып немесе басқамен тұрмыстанса одан қалың алатын еді. Ж.Б.Р.К.Т.) (18) Әй мүміндер! Сендер үшін



әйелдерге зорлықпен мүрагер болуларың халал емес. Және бергендеріңнің бір бөлімін алып қалу үшін оларды зорламаңдар. Бірақ олар ашық арсыздық істесе басқа. Сондай-ақ олармен жақсы шығысыңдар. Егер оларды жек көрсендер, сендердің жақтырмаған нәрселеріңде Алланың көптеген хайыр жасап қойған болуы мүмкін. (Яғни: Әйелдің келбеті, мінезі сендерге жек көрінсе де шығысыңдар, басқа түрлі хайыр болуы мүмкін.) (19)

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ


وَإِنْ أَرَدْتُمْ اسْتِبْدَالَ زَوْجٍ مَّكَانَ زَوْجٍ وَءَانَيْتُمْ
 إِحْدَيْهُنَّ قِتْطَارًا فَلَا تَأْخُذُوا مِنْهُ سَخِيطًا إِنَّمَا أَخْذُوهُ
 بِهَيْبَتِنَا وَإِنَّمَا تُمْسِكُنَا ﴿٢٠﴾ وَكَيْفَ تَأْخُذُونَهُ وَقَدْ أَفْضَى
 بَعْضُكُمْ إِلَى بَعْضٍ وَأَخَذْتُ مِنْكُمْ مِيثَاقًا
 غَلِيظًا ﴿٢١﴾ وَلَا تَنْكِحُوا مَا نَكَحَ آبَاؤُكُمْ مِنْ
 النِّسَاءِ إِلَّا مَا قَدْ سَلَفَ إِنَّهُ كَانَ فَجْشَةً وَمَقْتًا
 وَسَاءَ سَبِيلًا ﴿٢٢﴾ حُرِّمَتْ عَلَيْكُمْ أُمَّهَاتُكُمْ
 وَبَنَاتُكُمْ وَأَخَوَاتُكُمْ وَعُمَّتُكُمْ وَخَالَاتُكُمْ وَبَنَاتُ
 الْأَخِ وَبَنَاتُ الْأَخْتِ وَأُمَّهُنَّ لَكُمُ اللَّيْءُ أَرْضَعْتُمُ
 وَأَخَوَاتُكُمْ مِنَ الرِّضَاعَةِ وَأُمَّهُنَّ نِسَائِكُمْ
 وَرَبِّبْتِكُمْ أَلَيْتِي فِي صُجُورِكُمْ وَمَنْ نَسِيَكُمْ
 أَلَيْتِي دَخَلْتُمْ بِهِنَّ فإِنْ لَمْ تَكُونُوا دَخَلْتُمْ بِهِنَّ
 فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ وَخَلَيْتُمْ بَيْنَهُمْ الَّذِينَ
 مِنْ أَصْلَابِكُمْ وَأَنْ تَجْمَعُوا بَيْنَ الْأُخْتَيْنِ
 إِلَّا مَا قَدْ سَلَفَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ غَفُورًا رَحِيمًا ﴿٢٣﴾

٨١


қыздарың, (Ұл-қыздарыңның қыздары,) қыз туыстарың, (әке-шеше бір не бөлек,) әкелеріңмен туысқан әйелдер, шешелеріңмен туысқан әйелдер, еркек және қыз туыстарыңның қыздары, (олардың қыздары,) сүт емізген аналарың, еміскен қыз туыстарың, қайын аналарың, жақындасқан әйелдеріңнің (бұрынғы ерінен болған) қолдарындағы өгей қыздарың, егер ол әйелдерге жақындаспаған болсаңдар, сендерге бір оқасы жоқ. Бел балаларыңның әйелдері және екі қыз туысты бірге үйленулерің арам қылынды. Бірақ өткен өтті. Негізінен Алла (Т.) тым жарылқаушы ерекше мейірімді. (23)

Егер бір жұбайды (ажыратып) орнына басқа жұбай алғыларың келсе, оған толып жатқан мәбер берген болсаңдар да, одан еш нәрсе алмаңдар. Оған жала қойып, ашық күнәлы болып аласыңдар ма? (20) Олар сендерден ауыр серт алып, (некеленіп,) бір-біріңе қосылған едіңдер. (2-С.229-А.) (21) Әйелдерден әкелерің үйленгендерді үйленбейдер. Бірақ өткен өтті. Бұл бір арсыздық және жиренішті жаман жол. (22) Сендерге аналарың, (әке-шешелеріңнің аналары)

Некелі әйелдермен үйленулерің арам қылынды. Бірақ қолдарыңдағы күндер (соғыс тұтқындары) басқа. Сендерге Алланың жазуы осы. Бұлардан басқаларды абыройлы болу, бой суытушы болмау шартымен малдарыңды беріп қалауларың (мәер беріп алуларың) халал қылынды. Сонда олардан осы шартпен пайдалансаңдар, бекітілген мәерің беріңдер. Мәер тоқтасылғанан кейін ризалассаңдар, (еркек артық беріп, әйелдің аз алуы немесе тіпті алмауында) сендерге оқасы жоқ. Расында Алла толық білуші, хикмет иесі. (24) Сендерден біреудің, мүмін азат әйел алуға шамасы келмесе, онда қолдарыңдағы мүмін күндерден алсын. Алла имандарыңды жақсы біледі. Бір-біріңненсіңдер. (Бәрің адам баласысыңдар.) Ендеше күндерді қожайындарының рұхсатымен олардың мәерлерін дұрыс беріп, абыройлы болулары, зинашы және




астыртын көңілдес болмаулары шартымен алсын. Егер олар үйленіп алып, арсыздық істесе, онда оларға азат әйелдерге болатын жазаның жартысы орындалады. Бұл (күнді алу) сендерден зинадан қорыққан кісі үшін. Егер сабыр етсеңдер, өздерің үшін хайырлы. Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (25) Алла (Т.) сендерге түсіндіруді және сендерді өздеріңнен бұрынғылардың тура жолдарына салуды сондай-ақ тәубелеріңді қабыл етуді қалайды. Алла толық білуші, хикмет иесі. (26)



айтылғанды дүшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл Аллаға оңай. (30) Егер сендер тыйым салынған нәрселердің үлкенінен сақтансаңдар, сендердің жамандықтарыңды жасырып, өздерінді құрметті орыңға кіргіземіз. (31) Алланың біріңе-біріңді артық еткен нәрсесін көксемейдер. Еркектердің еңбектерінің үлесі өзіне және әйелдердің еңбектерінің тиесісі өзіне тән. Алладан оның кеңшілігін сұраңдар. Шәксіз Алла әр нәрсені толық білуші. (32) Әке-шеше және жақындарыңның қалдырған нәрселерінің әрқайсысына мұрагер қылдық. Сондай-ақ сендермен серт байлағандарға да сыбағасын беріңдер. Алла (Т.) әр нәрсені бақылаушы. (33)

Алла (Т.) тәубелерінді қабыл етуді қалайды. Сондай-ақ шабуат қуғандар (жыныстық әуесқойлар) сендердің зор ауытқумен жолдан шығуларыңды қалайды. (27) Негізінен Алла сендерге жеңілдікті қалайды. Өйткені адам баласы нашар жаратылған. (28) Әй мүміндер! Өзара малдарыңды бұзықтықпен жемеңдер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа. Және бір-біріңді өлтірмеңдер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді. (29) Ал кім осы

Еркектер; әйелдерді билеуші. Өйткені Алла, бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар; малдарынан да пайдаландырады. (Әйелдерге мәер, нафақа береді.) Ал енді жақсы әйелдер; бой ұсынушылар, Алла қоруга бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар. Ал сондай-ақ әйелдердің бас тартуларынан сезіктенсеңдер, сонда оларды насихаттаңдар және оларды төсектерінде тастап қойыңдар. (Одан болмаса) оларды сабаңдар. Ал егер олар сендерге бой ұсынса, онда олардың зиянына бір жол іздемеңдер. Расында Алла өте жоғары, тым ірі. (34) Егерде екеуінің арасының ашылуынан хауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіндер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Алла да, екеуінің арасын үйлестіреді. Күдіксіз Алла толық білуші, анық хабар алушы.(35) Алла (Т.) ға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және әке-шешеге жақындарға, жетімдерге,



міскіндерге жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астарыңдағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен Алла, тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді. (36) Бұлар сондай сараңдық қылып, адамдарға да сараңдық бұйырады. Сондай-ақ олар өздеріне Алланың кеңшілігімен бергенін жасырады. Қарсы болушылар үшін; қорлаушы азап әзірледік. (37)

الْحَمْدُ لِلَّهِ

سُورَةُ النِّسَاءِ


وَالَّذِينَ يُنْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ رِيقًا مِنَ النَّاسِ وَلَا يُؤْمِنُونَ
 بِاللَّهِ وَلَا بِالْيَوْمِ الْآخِرِ وَمَنْ يَكُنِ الشَّيْطَانُ لَمُرَيتًا فَسَاءَ
 قَرِينًا ﴿٣٨﴾ وَمَا ذَا عَلَيْهِمْ لَوْ ءَامَنُوا بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَأَنْفَقُوا
 مِمَّا رَزَقَهُمُ اللَّهُ وَكَانَ اللَّهُ بِهِمْ عَلِيمًا ﴿٣٩﴾ إِنْ اللَّهُ لَا يَظْلِمُ
 مِثْقَالَ ذَرَّةٍ وَإِنْ تَكَ حَسَنَةً يَضْعَفْهَا وَيُؤْتِ مِنْ لَدُنْهُ
 أَجْرًا عَظِيمًا ﴿٤٠﴾ فَكَيْفَ إِذَا جِئْنَا مِنْ كُلِّ أُمَّةٍ بِشَهِيدٍ
 وَجِئْنَا بِكَ عَلَى هَؤُلَاءِ شَهِيدًا ﴿٤١﴾ يَوْمَ يَذُودُ الَّذِينَ
 كَفَرُوا وَعَصَوُا الرَّسُولَ لَوْ تُسَوَّى بِهِمُ الْأَرْضُ وَلَا يَكْتُمُونَ
 اللَّهُ حَدِيثًا ﴿٤٢﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَقْرَبُوا الصَّلَاةَ
 وَأَنْتُمْ سُكَرَىٰ حَتَّى تَعْلَمُوا مَا تَقُولُونَ وَلَا جُنُبًا إِلَّا عَابِرِي
 سَبِيلٍ حَتَّى تَغْتَسِلُوا وَإِنْ كُنْتُمْ مَرَجًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ أَوْ جَاءَ
 أَحَدٌ مِنْكُمْ مِنَ الْغَائِطِ أَوْ لَمَسْتُمُ النِّسَاءَ فَلَمْ تَجِدُوا مَاءً
 فَتَمِمْوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَامْسَحُوا بِوُجُوْهِكُمْ وَأَيْدِيكُمْ إِنَّ
 اللَّهَ كَانَ عَفُوًّا غَفُورًا ﴿٤٣﴾ أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ أُوتُوا نَصِيبًا مِنَ
 الْكِتَابِ يَشَرُّونَ الصَّلَاةَ وَيُرِيدُونَ أَنْ تَضَلُّوا السَّبِيلَ ﴿٤٤﴾

١٥

(Мұхаммед F.C.) әр үмметке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп келтірсек қандай болар еді? (41) Аллаға қарсы болып, Пайғамбардан бас тартқандар, қиямет күні, жермен-жексен болуды арман етеді. Алладан бір сөз жасыра алмайды. (42) Әй мүміндер! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін намазға жақындамаңдар. Сондай-ақ жүніп күйінде шомылмайынша, (бой дәретсіз намаз оқымаңдар.) Бірақ, жол жүргенде болады. Ал егер ауыру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе, яки әйелдерге жақындассаңдар да су таба алмасаңдар, сонда таза жер жынысына (тәяммүм соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар. Расында Алла аса кешірімді, тым жарылқаушы. (43) (Мұхаммед F.C.) өздеріне Кітаптан бір үлес берілгендерге қарамайсың ба? Олар, адасуды сатып алды. Сендерді де жолдан аздыруды қалайды. (44)

Олар сондай Аллаға, ахирет күніне сенбей малдарын адамдарға көрсету үшін жұмсайды. Ал біреудің сыбайласы шайтан болса, ол жаман сыбайластық. (38) Я олар, Аллаға, ахирет күніне сеніп, Алланың өздеріне берген несібесінен пайдаландырса, оларға не болар еді? Әрине Алла оларды толық біледі. (39) Негізінен Алла (Т.), тозаң түйірінің салмағындай да әділсіздік етпейді. Егер бір жақсылық болса, оны неше есе арттырады әрі өз жанынан да ірі сыйлық береді. (40)

سُورَةُ يُنُسٍ

الَّتِي نُنَادِيكَ بِهَا


وَإِذَا أَذَقْنَا النَّاسَ رَحْمَةً مِنْ بَعْدِ ضَرَاءٍ مَسَّتْهُمْ إِذَا لَهُمْ مَكْرٌ فِي
 ءَايَاتِنَا قُلِ اللَّهُ أَشْرَعُ مَكْرًا إِنَّ رُسُلَنَا يَكْتُبُونَ مَا تَمْكُرُونَ
 ﴿٢١﴾ هُوَ الَّذِي يُسِرُّكُمْ فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ حَتَّى إِذَا كُنْتُمْ فِي الْفُلِكِ
 وَجَرَيْنَ بِهِمْ بِرِيحٍ طَيِّبَةٍ وَفَرِحُوا بِهَا جَاءَ تَهَارٍ بِرِيحٍ عَاصِفٍ
 وَجَاءَهُمُ الْمَوْجُ مِنْ كُلِّ مَكَانٍ وَظَنُوا أَنَّهُمْ أُحِيطَ بِهِمْ دَعَوُا
 اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ لَئِنْ أُجِبتْنَا مِنْ هَذِهِ لَنَكُونَنَّ مِنَ
 الشَّاكِرِينَ ﴿٢٢﴾ فَلَمَّا أُجِبتُهُمْ إِذَا هُمْ يَبْعُونَ فِي الْأَرْضِ بِعَدْرِ
 الْحَيِّ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّمَا بَغَيْتُمْ عَلَى أَنْفُسِكُمْ مَتَاعَ الْحَيَاةِ
 الدُّنْيَا ثُمَّ إِلَيْنَا مَرْجِعُكُمْ فَنُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٢٣﴾
 إِنَّمَا مَثَلُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا كَمَاءٍ أَنْزَلْنَاهُ مِنَ السَّمَاءِ فَاخْتَلَطَ بِهِ
 نَبَاتٌ الْأَرْضِ وَمِمَّا يَأْكُلُ النَّاسُ وَالْأَنْعَامُ حَتَّى إِذَا أَخَذَتِ الْأَرْضُ
 زُخْرُفَهَا وَازَّيَّنَتْ وَظَنَّ أَهْلُهَا أَنَّهُمْ قَدِرُوا عَلَيْهِمْ
 أَنهَامَا أَمْرًا لَيْلًا أَوْ نَهَارًا فَجَعَلْنَاهَا حَصِيدًا كَأَنْ لَمْ تَغْنَبْ
 بِالْأَمْسِ كَذَلِكَ نُفَصِّلُ الْآيَاتِ لِقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ ﴿٢٤﴾ وَاللَّهُ
 يَدْعُوا إِلَى دَارِ السَّلَامِ وَيَهْدِي مَنْ يَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ ﴿٢٥﴾

۲۱۱


Бір боран келіп оларға әр тараптан толқын келгенде, олар, онымен қоршалдық деп ойлаған сәтте; сенімін нағыз Аллаға арнап: "Егер осыдан бізді құтқарсаң шүкір етушілерден болар едік" деп тілейді. (22) Дегенмен, Алла оларды құтқарған кезде, олар жер жүзінде орынсыз қарсылық істейді. Әй адам баласы! Дүние тіршілігіндегі қарсылықтарыңның зияны өздеріңе ғана. Сонсоң барар жерлерің біз жақ. Сонда сендерге істеген істеріңді білдіреміз. (23) Шын мәнінде дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді. Ол арқылы адамдар, малдар жейтін өсімдіктер аралас өсіп, жер жүзі құлпырып зейнеттенген кезде, жер иесі; пайдалануға күшіміз жетеді деп ойлаған сәтте, түнде не күндіз әміріміз келіп, тіпті кеше болмаған тәрізді түбінен орылғанға айналдырдық. Ойланатын қауымға аяттарымызды осылайша айырып баян етеміз. (24) Алла есендік жұртына (жәннәтке) шақырады да, қалаған құлын түп-тура жолға салады. (25)

Адам баласына бір зиян тигеннен кейін рахметімізді таттырсақ, сол уақытта олардың аяттарымызға байланысты айлакерліктері болады. (Мұхаммед F.C.): "Алла, жазаландыруда өте жылдам" де. Р а с ы н д а е л ш і л е р і м і з (періштелеріміз) істеген сығандықтарыңды жазады. (21) Ол сондай Алла, сендерді құрылықта, теңізде кездіреді. Хатте сендер кемеде боласыңдар. Кеме, оларды жақсы бір самал арқылы алып бара жатады да, олар онымен мәз болады.

Сондай жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар. Олардың беттерінде бір дақ не қорлық әсері көрінбейді, солар жәннәттік. Олар онда мәңгі қалады. (26) Ал сондай жамандық істегендердің жазасы, сондай ғана болады, беттерінде қорлық әсері болады. Оларды, Алладан қорғаушы болмайды. Олардың беттері түннің қараңғылығынан бір бөлім қаптағандай. Солар тозақтық. Олар онда мүлде қалады. (27) Қиямет күні оларды түгел жинаймыз. Сонсоң мүшріктерге: "Сендер де, Аллаға қосқан шеріктерің де орындарыңда тұрыңдар!", - дейміз. Сонда олардың араларын айырамыз. Олардың шеріктері: "Сендер бізге табынбаған едіңдер" дейді. (Олардың Аллаға теңеп табынғандары: Пайғамбарлар, періштелер. Б.Р.Т.Ж-Қ.) (28) "Енді сендер мен біздің арамызға куәлікке Алла жеткілікті. Тіпті біздің, сендердің табынғандарыңнан хабарымыз жоқ" дейді. (29) Сол арада әркім бұрын істеген ісінен сыналады. Сондай-ақ шынайы иелері Алланың хұзырына апарылады. Жасама нәрселері олардан ғайып болды. (30)




(Мұхаммед F.C.): "Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім игерді?", - де. Олар: "Алла" дейді. "Ендеше Алладан қорықпайсыңдар ма?", - де. (31) Міне осы Алла, шынайы Раббыларың. Шындықтан кейін адасудан басқа не бар? Қалай бұрылып бара жатырсыңдар? (32) Осылайша бұзақылық істегендерге Раббыңның: "Рас олар иман келтірмейді" деген сөзі хақиқат болды. (33)



(Мұхаммед F.C.): "Аллаға теңеген шеріктеріңнен, тұңғыш жаратып, сонсоң өлтіріп қайта тірілтетін бар ма?",- де. "Алла, бастапта жаратып, сонан соң қайта тірілтеді. Сонда қ а й д а б ұ р ы л ы п б а р а ж а т ы р с ы ң д а р ?",- де. (34) "Шеріктеріңнен тура жолға салатын бар ма?",- де. "Алла тура жолға салды. Ал сонда тура жолға салатын Аллаға бағыну лайық па? Жоқ, тура жолға салынбайынша жол таба алмайтын біреуге ме? Сендерге не болды? Қалай (жансақ) үкім

бересіңдер?",- де. (35) Олардың көбі ой жоруга ғана ілеседі. Расында ой, шындыққа қарағанда түкке тұрмайды. Күдіксіз Алла, олардың істегендерін толық білуші. (36) Осы Құран, Алладан өзгенікі деп жала жапсыруға болмайды. Ол, алдындағыны растап, Кітапты ашық баян етеді. Әлемдердің Раббы тарапынан екендігінде шәк жоқ. (37) Олар: "Оны, Мұхаммед өзі сәйкестірді" дей ме? (Мұхаммед F.C.): "Ондай шыншыл болсаңдар, Алладан өзге кімге шамаларың келсе шақырып, осы тәрізді бір суре жасап әкеліңдер!",- де. (38) Олай емес, олар білімі жетпеген сондай-ақ өздеріне мағынасы білдірілмеген нәрсені олар жасынға шығарды. Осылайша, бұлардан бұрынғылар да жасынға шығарған болатын. Енді қарашы! Залымдардың соңы не болды? (39) Олардан Құранға сенетіндер де бар. Олардан оған сенбейтіндер де бар. Раббың бұзақыларды жақсы біледі. (40) (Мұхаммед F.C.) егер сені жасынға шығарса: "Менің ісім өзіме тән, сендердің істерің өздеріңе тән. Сондай-ақ сендер менің істегенімнен аулақсыңдар, мен де сендердің істегендеріңнен аулақпын" де. (41) Олардан саған құлақ салатын біреулер де бар. Егер олар түсінбейтін болса да, саңырауларға естірте аласын ба? (42)

(Мұхаммед F.C.) олардың саған қарайтын біреулері де бар. Дегенмен көрмейтін көзсіздерді сен тура жолға саласың ба? (43) Расында Алла адамдарға еш зұлымдық қылмайды. Бірақ адамдар өздеріне-өздері зұлымдық қылады. (44) Оларды жинайтын күні; (дүниеде) күндіз бір-ақ сағат тұрғандай болып, олар бір-бірін танийды. Аллаға жолығуды жасынға шығарып, тура жолға түспегендер зиянға ұшырайды. (45) (Мұхаммед F.C.) егер оларға уәде еткен бейнеттің кейбірін саған көрсетсек немесе сені (бұрын) дүниеден алсақ та, олардың жиналатын орны біз жақ. Соңында Алла олардың не істегендеріне айғақ. (46) Әр үмметтің бір пайғамбары бар. Оларға пайғамбарлары келген заман, араларына туралықпен үкім болады. Сондай-ақ олар, зұлымдыққа ұшырамайды. (47) Олар (кәпірлер): "Егер сендер шыншыл болсаңдар, осы уәде қашан болады" дейді. (48) (Мұхаммед F.C.): "Алланың қалауынан басқа өзіме пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Әр үммет үшін бір ажал бар. Қашан олардың белгілі мерзімі келсе, бір сәтке кешіктірілмейді де ілгерлетілмейді" де. (49) Маған айтыңдаршы! Алланың азабы



сендерге түнделетіп не күндіз келсе, күнәкарлар не нәрсені асығып тілер еді" де. (50) Азап түскеннен кейін оған иман келтіресіңдер ме? Немесе әзір ме? Расында сендер азапты асығып тілеп едіңдер. (51) Сонсоң залымдарға: "Мәңгілік азапты татыңдар! Істегендеріңнің ғана сазайын тартасыңдар" делінеді. (52) Сенен олар: "Бұл шындық па?";- деп сұрайды. "Әрине Раббыма ант етемін, сөзсіз Ол жақ. Сендер Алланы әлсірете алмайсыңдар" де (53)

سُورَةُ الْيُونُسَ


الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ

وَلَوْ أَنَّ لِكُلِّ نَفْسٍ ظَلَمَتْ مَا فِي الْأَرْضِ لَافْتَدَتْ بِهِ. وَأَسْرُوا
 النَّدَامَةَ لَمَّا رَأَوُا الْعَذَابَ وَفُضِيَ بَيْنَهُمْ بِالْقِسْطِ وَهُمْ
 لَا يُظْلَمُونَ ﴿٥٤﴾ أَلَا إِنَّ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ الْآلَانَ
 وَعَدَّ اللَّهُ حَقًّا وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٥٥﴾ هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ
 وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ﴿٥٦﴾ يَا أَيُّهَا النَّاسُ فَدَجَاءَ تَكُم مَوْعِدَةٌ
 مِنْ رَبِّكُمْ وَسَفَاءٌ لِمَا فِي الصُّدُورِ وَهُدًى وَرَحْمَةٌ لِلْمُؤْمِنِينَ
 ﴿٥٧﴾ قُلْ يُفَضِّلُ اللَّهُ بِرَحْمَتِهِ فَبِذَلِكَ فَلْيَفْرَحُوا هُوَ خَيْرٌ مِمَّا
 يَجْمَعُونَ ﴿٥٨﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ لَكُمْ مِنْ رَبِّكُمْ مِنْ
 زَرْقٍ فَجَعَلْتُمْ مِنْهُ حَرَامًا وَحَلَالًا قُلْ إِنَّ اللَّهَ آذَنَ لَكُمْ أَمَّا عَلَى اللَّهِ
 تَقَرُّوْنَ ﴿٥٩﴾ وَمَا ظَنُّ الَّذِينَ يَتَقَرُّونَ عَلَى اللَّهِ الْكَذِبِ
 يَوْمَ الْقِيَامَةِ إِنَّ اللَّهَ لَذُو فَضْلٍ عَلَى النَّاسِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ
 لَا يَشْكُرُونَ ﴿٦٠﴾ وَمَا تَكُونُ فِي شَأْنٍ وَمَا تَتْلُوا مِنْهُ مِنْ قُرْآنٍ
 وَلَا تَقْمَلُونَ مِنْ عَمَلٍ إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا إِذْ تُفِيضُونَ
 فِيهِ وَمَا يَعْزُبُ عَنْ رَبِّكَ مِنْ شَيْءٍ ذَرَفٍ وَالْأَرْضُ وَلَا فِي
 السَّمَاءِ وَلَا أَصْغَرَ مِنْ ذَلِكَ وَلَا أَكْبَرَ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُبِينٍ ﴿٦١﴾

٢١٥

сенушілер үшін тура жол және рахмет (түрінде Құран) келді. (57) (Мұхаммед F.C.): "Олар, Алланың кеңшілігі, мәрхаметімен болған осылармен қуансын. Өйткені, Құран олардың жиған-тергендерінен хайырлы" де. (58) "Қарамайсыңдар ма! Алланың сендерге берген несібесінен арам, халал жасадыңдар" де. "Сендерге Алла рұхсат берді ме? Немесе Аллаға жала жауып жүрсіңдер ме?,- де. (59) Сондай Аллаға өтірік жала жапқандардың, қиямет күні туралы ойы не? Расында Алла, әрине адамдарға кеңшілік иесі. Бірақ олардың көбі шүкірлік қылмайды. (60) (Мұхаммед F.C.) әрқандай бір жағдайда болсаң, Алла тарапынан бір Құран оқысаң және сендер бір іс істесеңдер, әлбетте оған шомған кездерінде, сендерді көреміз. Сондай-ақ жердегі, көктегі тозаң салмағындай нәрсе Раббыңнан жасырылмайды. Тағы одан кішісі, үлкені ашық бір Қітапта бар. (61)

Өзіне зұлымдық істеген әркім жер жүзіндегі нәрселер өзінікі болса, төлеуге беріп, азапты көргенде, іштей өкінер еді. Араларына әділдік пен үкім етіледі. Зұлымдыққа ұшырамайды. (54) Сақ болыңдар! Расында көктердегі әрі жердегі нәрселер Алланыкі. Біліңдер! Алланың уәдесі хақ. Бірақ олардың көбі білмейді. (55) Ол тірілтеді, өлтіреді. Сондай-ақ Оның алдына қайтарыласыңдар. (56) Әй адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа,



Біліңдер! Расында Алланың достарына хауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. (62) Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар. (63) Оларға дүние тіршілігінде де ахиретте де қуаныш бар. Алланың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне ірі қол жетушілік осы. (64) (Мұхаммед Ғ.С.) кәпірлердің сөзі сені кейітпесін, Расында бүкіл үстемдік Аллаға тән. Ол әр нәрсені естуші, білуші. (65) Естеріңде болсын! Расында көктердегі, жердегі әркім Алланың иелігінде. Алладан өзге теңеген шеріктеріне шокынғандар, олар ойларына ғана ілеседі. Сондай-ақ олар ойларынша ғана жорамалдайды. (66) Ол сондай Алла, сендер үшін түнді дем алыс, күндізді жарық қылды. Күдіксіз, осында тыңдайтын ел үшін дәлелдер бар. (67) Олар: "Алланың


баласы бар" десті. Ол, одан пәк. Ол, мүңсыз. Әрине көктердегі әрі жердегі нәрселер Оған тән. Бұған байланысты қастарыңда бір дәлел жоқ. Аллаға қарсы білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма? (68) (Мұхаммед Ғ.С.): "Расында сондай Аллаға өтірік жала жапсырғандар, құтылмайды" де. (69) Олардікі дүниеде ғана пайдалану. Сонсоң олардың қайтар орны біз жақ. Сонан кейін де қарсы болғандықтары себепті қатты азап таттырамыз. (70)

وَأَتْل عَلَيْهِمْ بِنُوحٍ إِذْ قَالَ لِقَوْمِهِ يَتَقَوْمِ إِنْ كَانَ كَبُرَ عَلَيْكُمْ
 مَقَامِي وَتَذِكْرِي بَيِّنَاتٍ اللَّهُ فَعَلَى اللَّهِ تَوَكَّلْتُ فَأَجْمَعُوا
 أَمْرَكُمْ وَشُرَكَاءَكُمْ ثُمَّ لَا يَكُنْ أَمْرُكُمْ عَلَيْكُمْ غُمَّةً ثُمَّ اقْضُوا
 إِلَيَّ وَلَا تَنْظُرُونِ ﴿٧١﴾ فَإِنْ تَوَلَّيْتُمْ فَمَا سَاءَ لَكُمْ مِنْ أَجْرٍ إِنْ
 أَجْرِي إِلَّا عَلَى اللَّهِ وَأَمْرُتُ أَنْ أَكُونَ مِنَ الْمُسْلِمِينَ ﴿٧٢﴾
 فَكَذَّبُوهُ فَجَبْنَتْهُ وَمَنْ مَعَهُ فِي الْفَلَاحِ وَجَعَلْنَاهُمْ خَلَائِفَ
 وَأَعْرَفْنَا الَّذِينَ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا فَأَنْظُرْ كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الْمُتَكَبِّرِينَ
 ﴿٧٣﴾ ثُمَّ بَعَثْنَا مِنْ بَعْدِهِ رَسُولًا إِلَى قَوْمِهِمْ فَجَاءَهُمْ بِالْبَيِّنَاتِ
 فَمَا كَانُوا لِلْيَوْمِ مَوْتِيمًا كَذَّبُوا بِهِ مِنْ قَبْلِ كَذَلِكَ نَطَّعُ عَلَى قُلُوبِ
 الْمُعْتَدِينَ ﴿٧٤﴾ ثُمَّ بَعَثْنَا مِنْ بَعْدِهِمْ مُوسَى وَهَارُونَ إِلَى
 فِرْعَوْنَ وَمَلَئِهِ بِآيَاتِنَا فَاسْتَكْبَرُوا وَكَانُوا قَوْمًا مُجْرِمِينَ ﴿٧٥﴾
 فَلَمَّا جَاءَهُمُ الْحَقُّ مِنْ عِنْدِنَا قَالُوا إِنَّ هَذَا لَسِحْرٌ مُبِينٌ ﴿٧٦﴾
 قَالَ مُوسَى أَتَقُولُونَ لِلْحَقِّ لَمَّا جَاءَكُمْ أَسِحْرٌ هَذَا وَلَا يُفْلِحُ
 السَّحَرُونَ ﴿٧٧﴾ قَالُوا أَجِئْتَنَا لِنَلْفِنَا عِوَابًا وَعَدْتَنَا عَلَيْهَآ آيَاتِنَا
 وَتَكُونُ لَكُمْ آلِكِرِيَاءَ فِي الْأَرْضِ وَمَا نَحْنُ لَكُمْ بِمُؤْمِنِينَ ﴿٧٨﴾

Аллаға ғана тән. Сондай-ақ Мұсылмандардан болуға бұйырылдым...." (72) Сонда олар, оны жасынға шығарды. Сондықтан Нұх (F.C.) ты әрі онымен бірге кемеді болғандарды құтқарып, олардың орындарын бастырдық. Аяттарымызды жасынға шығарғандарды суға батырдық. Ескерту берілгендердің соңының не болғаның көр! (73) Сонсоң Нұх (F.C.) тан кейінде елдеріне пайғамбарлар жібердік. Оларға ашық мұғжизалар келтірді. Бұрында жасынға шығарғандықтары үшін олар иман келтірмеді. Міне шектен шығушылардың жүректерін өстіп бітейміз. (74) Сонсоң олардың кейін Мұса мен Һарун (F.C.) ды Перғауын және сыбайластарына мұғжизалармен жібердік. Олар менменсіп, күнәкар ел болды. (75) Оларға біз тараптан шындық келген кезде: "Рас осы ашық жады" деді. (76) Мұса (F.C.): "Сендерге келген хақиқатты сөйтіп айтасыңдар ма? Бұл сиқыр ма? Сиқыршылар құтылмайды" деді. (77) Олар (Мұса мен Һарунға): "Ата-бабаларымызды тапқан жолдан бұруға әрі жер жүзінде екеуің ұлық болуға келдіңдер ме? Біз, екеуіңе сенбейміз" деді. (78)

(Мұхаммед F.C.) оларға Нұх (F.C.) тың әңгімесін оқы. Бір заманда еліне: "Әй елім! Араларыңда тұруым, Алланың аяттарын үгіттеуім сендерге зор келген болса, онда Аллаға тәуекел еттім. Ал енді сендер және шеріктерің не істейтіндеріңде бірлесіңдер. Сонсоң істерің өздеріңе мұң болмасын. Кейін маған мұрса бермей-ақ қолдарыңнан келгенін істеңдер!" деген. (71) "Ал егер жалтайсаңдар, сендерден жалақы сұрамадым ғой. Менің жалақым

Перғауын: "Бүкіл білген сиқыршыларды маған келтіріңдер" деді. (79) Ал сиқыршылар келген кезде, Мұса (F.C.): "Не қоймақшы болсаңдар, қойыңдар" деді. (80) Олар қойғанда, Мұса (F.C.): "Бұл келтіргендерің сиқыр, күдіксіз Алла оны бұзады. Расында Алла бұзақылардың ісін жөндемейді" деді. (81) "Егер күнәкарлар жақтырмаса да, Алла хақиқатты сөздерімен шынға шығарады." (82) Мұса (F.C.) ға, Перғауын мен шонжарларының өздеріне тигізетін кесірінен қорқып, елінен бір топ ғана иман келтірді. Расында Перғауын ол жерде өктем еді. Сондай-ақ ол шектен шығушылардан еді. (83) Мұса (F.C.) еліне: "Әй елім! Егер Аллаға иман келтірген болсаңдар, сондай-ақ Мұсылман болсаңдар онда Аллаға тәуекел қылыңдар" деді. (84) Олар: "Біз Аллаға тәуекел қылдық. Раббымыз, бізді залым елмен сынама" деді. (85) "Сондай-ақ бізді мәрхаметіңмен кәпір қауымнан құтқара көр!..." (86) Мұса мен оның туысына: "Екеуің Мысырда елдеріңе



үйлер салыңдар да үйлеріңді намаз орны қылып, намаз оқыңдар. Онымен қатар мүміндерді шүйіншіле" деп уақи еттік. (87) Мұса (F.C.): "Раббымыз! Расында Сен Перғауын және оның шонжарларына дүние тіршілігінде зейнет және малдар бердің жолыңнан адастырулары үшін бе? Малдарын жоқ ет, жүректерін қатайт! Жан түршігерлік азапты көргенге дейін олар иман келтірмейді" деді. (88)


قَالَ قَدْ أُجِيبَت دَعْوَتُكُمْ مَا فَاسْتَقِيمُوا وَلَا تَبِغُوا سَبِيلَ
 الَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٨٩﴾ وَجُوزُوا بِسَبِيلِ إِسْرَائِيلَ يَلِ الْبَحْرِ
 فَأَتْبِعَهُمْ فِرْعَوْنَ وَجُنُودَهُ بُعْيًا وَعَدُوا حَتَّى إِذَا أَدْرَكَهُ
 الْعَرَقُ قَالَ ءَأَمِنْتُ أَنَّهُ لَآ إِلَهَ إِلَّا الَّذِي ءَأَمِنْتُ بِهِ بِنُوٓأَسِرَءِيلَ
 وَأَنَا مِنَ الْمُسْلِمِينَ ﴿٩٠﴾ ءَأَلْفَنُ وَقَدْ عَصَيْتَ قَبْلَ وَكُنْتَ
 مِنَ الْمُفْسِدِينَ ﴿٩١﴾ فَالْيَوْمَ نُنَجِّيكَ بِدَنِكَ لَتَكُونَنَّ لِمَنْ
 خَلَقْنَا ءَأَيَّةً وَإِن كَبِيرًا مِنَ النَّاسِ عَنِ ءَأَبْنِنَا لَعَنُفُلُونَ ﴿٩٢﴾
 وَلَقَدْ بَوَأْنَا بِئِبْرَاهِيمَ يَلِ مَبُوءَ صِدْقٍ وَرَزَقْنَاهُمْ مِنَ الطَّيِّبَاتِ
 فَمَا ائْتَفَلُوا حَتَّى جَاءَهُمُ الْعِلْمُ إِنَّ رَبَّكَ يَقْضِي بَيْنَهُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ
 فِيمَا كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ ﴿٩٣﴾ فَإِن كُنْتَ فِي شَكٍّ مِمَّا أَنزَلْنَا إِلَيْكَ
 فَسْأَلِ الَّذِينَ يُقْرءُونَ ءَأَلْكِتَآبِ مِن قَبْلِكَ لَقَدْ جَاءَكَ
 الْحَقُّ مِن رَبِّكَ فَلا تَكُونَنَّ مِنَ الْمُمْتَرِينَ ﴿٩٤﴾ وَلا تَكُونَنَّ
 مِنَ الَّذِينَ كَذَبُوا بِآيَاتِ ءَأَللّهِ فَكَفَرُوا مِنَ الْخَاسِرِينَ
 ﴿٩٥﴾ إِنَّ الَّذِينَ حَقَّتْ عَلَيْهِمْ كَلِمَتُ رَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ
 ﴿٩٦﴾ وَلَوْ جَاءَتْهُمْ كُلُّ ءَأَيَّةٍ حَتَّى يَرَوْا ءَأَلْعَذَابَ ءَأَلْأَلِيمِ ﴿٩٧﴾

219

Алла: "Екеулеріңнің тілектерің қабылданды. Онда тура жолда болыңдар да, білмейтіндердің жолына ермеңдер!", - деді. (89) Исраил ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда Перғауын және әскерлері жауыздық, дұшпандықпен оларды қуды. Ақыр ол суға батар сәтте: "Исраил ұрпақтары иман келтірген Тәңірден басқа Тәңір жоқтығына иман келтірдім. Мен де бой ұсынушылардан болдым" деді. (90) "Енді ғана сендің бе? Расында сен бұрын қарсы келген

бұзақылардан болған едің...." (91) "Сенен кейінгіге үлгі болуы үшін дененді (жансыз түрде) құтқарамыз. Расында адамдардың көбі аяттарымыздан хабарсыз" (92) Расында Исраил ұрпақтарын жақсы жерге орналастырдық. Сондай-ақ жақсы нәрселермен ризықтандырдық. Оларға білім келгенге дейін қайшылыққа түспеді. Расында Раббың олардың таласқан нәрселері жайында қиямет күні үкім береді. (93) (Мұхаммед F.C.) егер саған түсіргенімізден күдіктенсең, сенен бұрынғы Кітап оқығандардан сұра. Расында саған Раббыңнан хақиқат келді. Сондықтан күдіктенушілерден болма. (94) Сондай-ақ Алланың аяттарын жасынға шығарушылардан болма. Онда зиян тартушылардан боларсың. (95) Расында өздеріне Раббыңның қарғысы лайық болғандар иман келтірмейді. (96) Сондай-ақ оларға бүкіл мүғжизалар келсе де күйзелтуші азапты көргенге дейін (олар иман келтірмейді.) (97)

Юныс (F.C.) тың ғана елінен басқа (азаптың келгенін көріп) иман келтірген әрі имандары пайда берген бір кент болмаған. Олар иман келтірген заманда, өздерінен дүние тіршілігіндегі қорлықты айықтырдық та, оларды бір мерзімге дәйін пайдаландырдық. (98) (37-С.39-А.) (Мұхаммед F.C.) егер Раббың қаласа еді, әрине жер жүзіндегілердің барлығы түгелдей иман келтірер еді. Адамдарды иман келтіруге сен зорлайсың ба? (99) Алладан бұйрықсыз ешкімнің иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты ақылдарын жұмсамайтындарға береді. (100) (Мұхаммед F.C.): "Қараңдар! Көктер мен жерде не бар?",- де. Сенбейтін қауымға; дәлелдер, ескертулер пайда бермейді. (101) Олар өздерінен бұрын өткендердің бастарына келген күндер тәріздіні ғана күтеді. (Мұхаммед F.C.): "Онда тосыңдар! Расында мен де сендермен бірге тосамын!",- де. (102) Сонсоң елшілерімізді, иман келтіргендерді құтқарамыз. Осылайша иман келтіргендерді құтқаруымыз бізге міндет. (103) (Мұхаммед F.C.): "Әй адам баласы! Менің дінімнен



күдікте болсаңдар. Ал онда мен, сендердің Алладан өзге табынғандарыңа табынбаймын; бірақ сендерді өлтіретін Аллаға құлшылық қыламын және иман келтірушілерден болуға бұйырылдым" де. (104) "Ал, бетінді нағыз бір ыңғай Алланы бірлеу дініне бұр. Шерік қатушылардан болма!" (105) "Және де Алладан өзге саған пайда, зиян келтіре алмайтын нәрселерге жабарынба. Сонда егер оны істесең, онда күдіксіз сен залымдардан боларсың" (106)

وَأَن يَمَسَّكَ اللَّهُ يَضْرِبَ فَلَا كَاشِفَ لَهُ إِلَّا هُوَ وَإِن يُرِدْكَ بِخَيْرٍ فَلَا رَادَ لِفَضْلِهِ يُصِيبُ بِهِ مَن يَشَاءُ مِن عِبَادِهِ وَهُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ ﴿١٧﴾ قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ قَدْ جَاءَكُمُ الْحَقُّ مِن رَّبِّكُمْ فَمَن أَهْتَدَىٰ فَأَنَّمَا هُتَدَىٰ لِنَفْسِهِ وَمَن ضَلَّ فَإِنَّمَا يَضِلُّ عَلَيْهَا وَمَا أَنَا عَلَيْكُمْ بِوَكِيلٍ ﴿١٨﴾ وَأَتَّبِعْ مَا يوحىٰ إِلَيْكَ وَأَصِرْ حَتَّىٰ يَحْكُمَ اللَّهُ وَهُوَ خَيْرُ الْحَاكِمِينَ ﴿١٩﴾

سُورَةُ هُودٍ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الرَّكُنْتُ أَحْكَمْتَ أَيُّنَّهُ ثُمَّ فَضَّلْتَ مِن لَّدُنِّ حَكِيمٍ خَيْرٍ ﴿١﴾ أَلَا تَعْبُدُوا إِلَّا اللَّهَ إِنِّي لَكُرْمَةٌ بَدِيرٌ وَبَشِيرٌ ﴿٢﴾ وَأَن أَسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ ثُمَّ تُوبُوا إِلَيْهِ يُغْفِرْ لَهُمْ مَنَّا حَسَنًا إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى وَيُؤْتِ كُلَّ ذِي فَضْلٍ فَضْلَهُ وَإِن تَوَلَّوْا فَإِنِّي أَخَافُ عَلَيْكُم عَذَابَ يَوْمٍ كَبِيرٍ ﴿٣﴾ إِلَى اللَّهِ مَرْجِعُكُمْ وَهُوَ عَلَّامٌ لِّسِرِّ الْغُيُوبِ ﴿٤﴾ أَلَا إِنَّهُمْ يَتَّبِعُونَ أَصْدُقَ وَرَهْرَهً لِّسْتَحْفُوا مِنهُ الْأَجِينَ يَسْتَغْشُونَ بِيَابَهُمْ يَعْلَمُ مَا يُسِرُّونَ وَمَا يُعْلِنُونَ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿٥﴾

٢٢١

Саған уақи етілгенге ер. Сондай-ақ Алла бір үкім бергенге дейін сабыр ет. Ол, үкім берушілердің хайырлысы. (109)


11-ҺҮД СУРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз жиырма үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ұғымын Алла біледі. Бұл аяттары бекітілген бір Кітап. Сонсоң аса дана, толық білуші тарапынан ашық баян етілген. (1) Алладан басқаға әсте құлшылық қылмандар. Шын мәнінде мен сендерге Оның тарапынан қорқытушы, қуандырушымын. (2) Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонан соң Оған тәубе етіңдер. Ол сендерді белгілі бір мерзімге дейін көркем түрде пайдаландырады да, әрбір мәрхамет иесіне артық сыйлық береді. Егер жалтайсаңдар, расында сендер туралы ұлы күннің азабынан қорқамын. (3) Қайтар жерлерің Алла жақ. Ол, әр нәрсеге күші жетуші. (4) Естеріңде болсын. Олар, Одан жасырыну үшін кеуделерін бұрады! Біліңдер! Олар киімдерін бүркенген кезде де, Алла көрінеу, көмес істеген нәрселерін біледі. Расында Ол, көкіректегілерді толық білуші. (5)

(Мұхаммед F.C.) егер Алла саған бір зиян жеткізсе, сонда оны Алладан басқа айықтырушы жоқ. Ал егер саған бір жақсылық қаласа, оның кеңшілігін тойтарушы жоқ. Ол, оны құлдарынан қалаған кісісіне береді. Ол өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (107) (Мұхаммед F.C.): "Әй адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан хақ келді. Енді кім тура жолда болса, өзі үшін тура жолда болады. Ал енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін" де. (108)

Жер бетіндегі әр жәндіктің көрегі Аллаға ғана тән. Ол, олардың тұрақты, тұрақсыз орындарын біледі. Барлығы ашық бір Кітапта. (6) Ол Алла, қайсыларың жақсы ғамал істейді деп, сынау үшін көктер мен жерді алты күнде жаратты. Оның ғаршысы су үстінде еді... (Ғаршыдан кейін су жаратылған. Б.М.К.Р.Т. 21-С. 30-А) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Егер сендер өлгеннен кейін тірілесіңдер" десең, кәпірлер: "Мынау ашық жадыдан басқа дәнеңе емес" дейді. (7) Егер олардан азапты белгілі бір мерзімге дейін кешіктірсек, әрине олар: "Оны не тосты?", - дейді. Сақ болыңдар! Оларға азап келген күні солардан қайтарылмайды. Олардың мазақ қылған нәрселері бастарына жетеді. (8) Егер біз адам баласына мәрхамет нәсіп етіп, сонан кейін оны одан алсақ, сөзсіз ол мүлде күдер үзіп, өте қарсы келеді. (9) Алайда оған тиген зияннан кейін,




нығметтерімізді таттырсақ, әрине: "Ол жамандықтар менен кетті" деп, күдіксіз ол қуанып, мақтанады. (10) Бірақ сабыр етіп, ізгі іс істегендер, міне солар үшін жарылқау және зор сауап бар. (11) (Мұхаммед Ғ.С.) бәлкім сен олардың: "Оған қазына неге түсірмейді? Яқи онымен бірге періште неге келмейді?", - деулеріне көңің тарайып, өзіңе уақи етілген нәрсенің кейбірін тастауың ықтимал. Шынында сен бір ескертушісің. Алла әр нәрсеге көпшіл. (12)




Немесе олар: "Құранды өзі жасады" дей ме? (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер айтқандарың шын болса, Алладан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да сол сияқты жасама он сүре келтіріңдер" де. (13) Егер ол шақырғандарың сендерге жауап бермесе, онда біліңдер, шын мәнінде бұл Құран Алланың білімімен түсірілген әрі Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ал енді де бой ұсынбайсыңдар ма?", - де. (14) Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде

олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ олар онда кемшілікке ұшыратылмайды. (15) Соларға ақиретте тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниедегі жасағандары жойылып кетті. Негізінде олардың істегендері босқа. (16) Раббынан ашық бір дәлелі болған және оған жалғас куәсы да болған сондай-ақ бұрынғы жетекші әрі игілік түріндегі Мұса (F.C.) ның Кітабына ие болған кісілер, міне солар, Құранға сенгендер. Әрқандай топтардан кім Құранға қарсы келсе онда оның уәделі орны от. (Мұхаммед F.C.) сен де одан күдікте болма. Расында Құран, Раббың тарапынан бір хақиқат. Бірақ адамдардың көбі сенбейді. (17) Аллаға өтірік жала жапсырғаннан кім залымырақ. Міне бұлар, Раббыларының хұзырына шығарылады. Сондай-ақ айғақтары да: "Міне бұлар, Раббыларына өтірік айтқандар" дейді. Естеріңде болсын! Алланың қарғысы залымдарға тән. (18) Олар сондай Алланың жолынан тосады да оны қисайтуға тырысады. Тағы олар ақиретке қарсы келушілер. (19)



Бۇлар жер жүзінде Алланы нашарлата алмайды. Әрі олардың Алладан өзге жәрдемшілері жоқ. Оларға азап еселеніп отырады. Өйткені, олар ести алмайды да көре алмайды. (20) Міне солар, өздеріне зиян етеді. Жасама Тәңірлері олардан безіп жоқ болады. (21) Күдіксіз олар, ақиретте өте зиянға ұшырағандар. (22) Дау жоқ, иман келтіріп ізгі іс істегендер, Раббыларына бой ұсынғандар, олар жаннаттық. Олар, онда мәңгі қалады. (23) (Кәпір, Мұсылман) екі топтың мысалы: Саңырау мен естуші тәрізді. Мысал тұрғысынан екеуі тең бе? Түсінбейсіндер ме? (24) Әрине біз Нұх (F.C.) ты қауымына жібердік: "Мен сендер үшін ап-ашық бір ескертушімін." (25) "Аллаға ғана ғибадат қылындар, шынында мен сендерге, күйзелтуші күннің азабынан қорқамын" деді. (26) Елінің қарсы келген бастықтары: "Біз сені өзіміз тәрізді ғана адам көреміз, саған тар


көзқарасты қорларымыздан басқанын ергенін көрмейміз. Сондай-ақ сендердің бізге бір артықшылықтарыңды көрмейміз. Тіпті сендерді өтірікші деп ойлаймыз" деді (27) Нұх (F.C.): "Әй елім! Көрдiңдер ме? Раббым тарапынан ашық бір дәлел үстінде болсам және Ол, өз қасынан бір мәрхамет еткен болса, Ал ол, сендерге көрінбесе, сондай-ақ сендер оны жек көрсеңдер де сендерге оны зорлал қабылдата аламыз ба?" деді. (28)



"Әй елім! Сендерден мал сұрамаймын. Жалақым Аллаға ғана тән. Сондай-ақ иман келтіргендерді қуалаушы емеспін. Өйткені, олар Раббыларына жолығушылар. Бірақ мен сендерді надан көремін" (29) "Әй елім! Егер мен оларды қуаласам, мені Алладан кім қорғайды, түсінбейсіңдер ме?" (30) Мен сендерге: "Жанымда Алланың қазыналары бар демеймін де көместі де білмеймін. Мен бір періштемін де демеймін. Сондай-ақ көздеріңе ілмейтіндерге: "Алла әсте жақсылық

қылмайды" демеймін. Алла олардың ішіндегілерді жақсы біледі. Ол уақытта мен залымдардан болармын" (деді.) (31) Олар: "Әй Нұх! Рас бізбен жанжалдастың, сондықтан тартысуды көбейтіп жібердің. Егер сөзің шын болса, енді бопсалаған нәрсенді бізге келтір" деді. (32) Нұх (Ғ.С.): "Оны сендерге қаласа, Алла ғана келтіреді. Сендердің оған шамаларың келмейді" деді. (33) "Егер Алла, сендерді қаңғыртуды қаласа, сендерді үгіттеуді қаласам да үгітім сендерге пайда бермейді. Ол, сендердің Раббыларың. Сол уақытта оған қайтарыласыңдар." (34) (Мұхаммед Ғ.С.) бәлкім кәпірлер: "Құранды өзі жасады" дей ме?. Оларға: "Егер оны жасаған болсам күнәсы маған тән. Алайда, мен сендердің істеген күнәларыңнан аулақпын" де. (35) Сондай-ақ Нұх (Ғ.С.) қа: "Еліңнен иман келтіргеннен басқалары, әсте иман келтірмейді. Енді олардың істегендеріне кейіме" делінген түрде уақи егілді. (36) Көз алдымызда нұсқауымыз бойынша кеме жаса. Залымдар турасында маған айт па! Өйткені, олар суға батырылады. (37)

Кемені жасап жатқанда, елінің бастықтары жанынан өткен сайын оны тәлкек қылды. Нұх (F.C.) оларға: "Егер бізді сықақ қылсаңдар, біз де сендерді, бізді сықақ қылғандарындай сықақ етеміз" деді. (38) Ал енді жедел білесіңдер: Қорлайтын азап кімге келер екен және тұрақты азап кімнің басына түседі екен?" (39) Ақыр әміріміз келген заманда, тандырдан су қайнады. Нұх (F.C.) қа: "Ол кемеге әр нәрседен бір жұп және бұрын үкім етілгеннен басқа семьянды орналастыр. Әрі иман келтіргендерді де ал" дедік. Негізінде онымен бірге иман келтірген өте аз ғана еді. (40) Нұх (F.C.): "Кемеге отырыңдар Оның жүруі де тұруы да Алланың атымен. Расында Раббым өте жарылқаушы, ерекше мейірімді" деді. (41) Ол кеме оларды, таулардай толқында алып жүрді. Нұх (F.C.) айрылуда болған ұлына: "Әй балақайым! Бізбен бірге кемеге отыр, қарсы болушылардан болма!", - деп дабыстады (42) Ұлы, Кенған: "Мені судан сақтайтын тауға паналаймын" деді. Әкесі: "Бүгін Алланың әмірінен сақтаушы



жоқ. Бірақ біреуге мәрхамет етсе басқа" дегенде, екеуінің арасына толқын түсіп Кенған суға батқандардан болды. (43) "Әй жер! Суыңды жұт. Аспан сен де тоқта" делінді де су тартылды. Іс бітті. Кеме Жуди тауына тоқтады. "Залымдар жоқ болсын!" делінді. (Бұл Жуди тауы Мұсылға жақын. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж-Қ.) (44) Нұх (F.C.) Раббына дабыстап: "Раббым! Күдіксіз ұлым семьяннан ғой. Шәксіз уәдең хақ. Сондай-ақ Сен ең тура үкім етушісің" деді. (45)

قَالَ يَنْفُوحُ إِنَّهُ لَيْسَ مِنْ أَهْلِكَ إِنَّهُ عَمَلٌ غَيْرُ صَالِحٍ فَلَا تَتَّبِعَنَّ
 مَا لَيْسَ لَكَ بِهِ عِلْمٌ إِنِّي أَعْطَكُمُ الْكِتَابَ أَنْ تَكُونُوا مِنَ الْغَالِبِينَ ﴿٤٦﴾


قَالَ رَبِّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَسْأَلَكَ مَا لَيْسَ لِي بِهِ عِلْمٌ وَإِلَّا
 تَتَّبِعُنِي وَتَرْحِمْنِي أَكُنْ مِنَ الْخَاسِرِينَ ﴿٤٧﴾ قِيلَ يَنْفُوحُ
 أَهْطِ سَلْمَىٰ مَتَا وَرَكَتَيْ عَلَيْكَ وَعَلَىٰ أَمْرٍ مِمَّنْ مَعَكَ
 وَأُمُّ سَنَمٍ مَعَهُمْ ثُمَّ يَمْسُهُمْ مَتَا عَذَابِ الْيَمِّ ﴿٤٨﴾ تِلْكَ
 مِنْ أَنْبَاءِ الْغَيْبِ نُوحِيهَا إِلَيْكَ مَا كُنْتَ تَعْلَمُهَا أَنْتَ وَلَا قَوْمُكَ
 مِنْ قَبْلِ هَذَا فَاصْبِرْ إِنَّ الْعَذَابَ لِلْمُتَّقِينَ ﴿٤٩﴾ وَإِلَىٰ عَادٍ
 أَخَاهُمْ هُودًا قَالَ يَنْفُورُوا عِبُدُوا اللَّهَ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ
 غَيْرِهِ إِنَّكُمْ أَنْتُمْ الْأَقْفَرُونَ ﴿٥٠﴾ يَنْفُورُوا لَا تَسْأَلُهُمْ عَلَيْهِ
 أَجْرًا إِنْ أَجْرِيَ إِلَّا عَلَىٰ الَّذِي فَطَرَنِي أَفَلَا تَتَّقُونَ ﴿٥١﴾
 وَيَنْفُورُوا اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ ثُمَّ ثَابَرُوا إِلَيْهِ يُرْسِلِ السَّمَاءَ
 عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا وَيَزِدْكُمْ قُوَّةً إِلَىٰ قُوَّتِكُمْ وَلَا تَتَوَلَّوْا
 مُجْرِمِينَ ﴿٥٢﴾ قَالُوا يَا هُودُ مَا جِئْتَنَا بِبَيِّنَةٍ وَمَا نَحْنُ
 بِسَارِكِي آلِ هَارُونَ فَوَلِّكَ وَمَا نَحْنُ لَكَ بِمُؤْمِنِينَ ﴿٥٣﴾

۲۲۷


(Алла): "Эй Нух! Ол, сёмьяннан емес. Өйткені, оның ісі дұрыс емес. Сондықтан білмеген бір нәрсені Менен тілеме. Сені надандардан болмауңды насихаттаймын" деді. (46) (Нух F.C.): "Раббым! Расында білмегенімді Сенен тілеуден өзіңе сиынамын. Егер мені жарылқамасаң, маған мәрхамет етпесең зиянға ұшыраушылардан болармын" деді. (47) "Эй Нух! Саған, сенімен бірге болған топтарға бізден сәлеметтік, молшылықпен кемеден түс! Бір талай топты дүниеде

пайдаландырамыз да сонан кейін олар біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды" делінді. (48) (Мұхаммед F.C.) міне бұлар білінбеген еңгімелерден. Оны саған уақи етеміз. Бұдан бұрын оны сен де, каумың да білмейтін еді. Онда сабыр ет. Расында соңғы табыс тақуалар үшін. (49) Ғад қаумына туыстары Һуд (F.C.) ты жібердік: "Эй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа Тәңірлерің жоқ. Сендер өте жалақорсыңдар" деді. (50) "Эй елім! Бұған сендерден жалақы сұрамаймын, еңбегім мені жаратқанға ғана тән. Сонда да түсінбейсіндерме?" (51) "Эй халқым! Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонсоң Оған тәубе қылыңдар. Сендерге көктен жаңбыр жаудырып, қуаттарыңның үстіне қуат қоссын. Сондай-ақ күнәкар болып, жалтармаңдар" деді. (52) Олар: "Эй Һуд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Біздер сенің сөзің бойынша тәңірлерімізді тастамаймыз да саған сенбейміз" деді. (53)

Олар: "Саған кейбір тәңірлеріміздің киесі тиген екен" деп қана айтамыз. Ғүд (F.C.): "Расында мен Алланы айғақ қыламын, сендер де айғақ болыңдар. Мен сендердің Аллаға қосқан шеріктеріңнен аулақпын" деді. (54) "Маған Алладан басқа бәрің мекерлік қылыңдар да сонан кейін мүрса бермеңдер" (55) "Расында мен, менің Раббым әрі сендердің Раббыларың Аллаға тәуекел еттім. Ол, маңдайынан ұстамаған (толық меңгермеген) ешбір жандық жоқ. Күдіксіз Раббым тура жолда." (56) "Егер жалтарсаңдар да мен шынында өзім арқылы жіберілген нұсқауды сендерге жалғастырдым. Раббым орындарыңа басқа елді әкелсе, сендер оған ешбір зиян келтіре алмайсыңдар. Шынында Раббым әр нәрсені қорғаушы" (деді.) (57) Әміріміз келген кезде, Ғүд (F.C.) ты және онымен бірге иман келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ оларды ауыр азаптан да босаттық. (58) Осы Ғад елі, Раббыларының аяттарына қарсы келіп, Оның елшілеріне мойындамай әрбір зөрекер тоңмойындардың әміріне бағынды. (59) Бұл дүниеде де қиямет күнінде де олардың қырсоңынан лағынет қалмады. Естерінде болсын! Ғад елі Раббыларына қарсы болды. Естерінде болсын! Ғұттың қауымы Ғад, (мәрхаметтен) аулақ болсын! (60) Сәмүд еліне туыстары Салиь




(F.C.) ті жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа ешбір тәңірлерің жоқ. Ол, сендерді жерден жаратып әрі онда өмір сүргізді. Енді Одан жарылқау тілендер. Және Оған тәубе қылыңдар. Күдіксіз Раббым жақын тілеуді қабылдаушы" деді. (61) Олар: "Әй Салиь! Сен бұдан бұрын арамызда үміт күтілген едің. Аталарымыздың табынғанынан бізді тиясың ба? Расында сенің бізді шақырған нәрсеңе күдік ішінде әрі күмәндіміз" деді. (62)




алады" деді. (64) Сонда да олар оны өлтүрүп тастады. (Салий F.C.): "Жүрттарыңда үш күн бой жасай тұрыңдар. Бүл өтіріксінуге болмайтын бір уәде" деді. (65) Ал әміріміз келген кезде, мәрхаметімізбен Салий (F.C.) және онымен бірге иман келтіргендерді күтқардық. Сондай-ақ сол күннің қорлығынан да.... Күдіксіз Раббың, Ол өте күшті, аса үстем. (66) Залымдық істегендерді ащы дауыс алып, олар өз жұртында жалмандарынан түсіп, типыл болды. (67) Тіпті ол жерде олар отырмаған сияқты болды. Естеріңде болсын! Шынында Сәмүд елі Раббыларына қарсы келді. Біліңдер! Сәмүд еліне рахмет жоламасын! (68) Расында елші (періште) леріміз Ыбырайым (F.C.) ға хош хабармен сәлем берді. Ыбырайым (F.C.) олардың сәлемін алып, сонда дереу пысырылған бұзау келтірді. (69) (Ыбырайым F.C.) олардың қолдарын оған тигізбегенін көріп, оларды жатырқады да олардан тіксінді. Олар: "Қорықпа! Расында біз Лүт қауымына жіберілдік" деді. (70) (Ыбырайым F.C.) ның түрегеп тұрған әйелі күліп жіберді. Сонда оны Ысхақ және артынан Яғқұп пен қуандырдық. (71)

(Салий F.C.): "Әй халқым! Айтыңдаршы, егер мен Раббым тарапынан ашық дәлелде болсам, өз тарапынан маған бір мәрхамет еткен болса да мен Оған қарсы келсем, сонда мені Алладан кім қорғайды? Сонда сендер маған зияннан басқаны арттырмайсыңдар" деді. (63) "Әй халқым! Мынау Алланың аруанасы, сендерге бір мұғжиза. Сондықтан оны қойып қойыңдар, Алланың жерінде оттасын. Оған жамандық тигізбеңдер. Онда сендерді жұуықта бір азап қолға

(Ыбырайым Ғ.С. ның жұбайы): "Әттең-ай! Мен кемпір, мына ерім шал, мен туам ба? Бұл әрине таңғажайып нәрсе!", - деді. (72) (Періштелер оған): "Сен Алланың әміріне таңғаласың ба? Алланың мәрхаметімен молшылығы сендерге болсын. (Әй Ыбырайым) семьясы Шынында Алла мақтауға лайық, аса жоғары." (73) Ыбырайым (Ғ.С.) нан қорқу кетіп, оған қуаныш келген кезде, Біз (елшілеріміз) бен Лүт елі жайында сөзге қилікті. (74) Шынында Ыбырайым (Ғ.С.) анық жұмсақ, тым қамқор, бой ұсынушы. (75) (Періштелер): "Әй Ыбырайым! Бұдан шегін! Өйткені, Рабббыңның әмірі келген. Күдіксіз оларға қайтарылмайтын апат келеді" (деді.) (76) Елшілеріміз (жас жігіттер бейнесінде) Лүт (Ғ.С.) қа келгенде (елінің сұмдығын ойлап,) олардың келуімен қынжылды да олардың салдарынан көңлі тарайып: "Бұл ауыр бір күн" деді. (77) Қауымы оған жүгірісіп келді. Сондай-ақ олар бұрыннан да жаман істер істейтін еді. (Лүт Ғ.С.): "Әй халқым! Мына қыздарым, олар сендер үшін тағы таза. Енді Алладан қорқындар! Қонақтарым жайында мені қорламаңдар. Іштеріңде бір де есті кісі жоқ па?," - деді. (Лүт Ғ.С. ның "мына қыздарым" дегені, елінің әйелдері еді. Өйткені, Бір пайғамбар үмметінің әкесі жерінде. Б.К.Х.Т.Ж-Қ) (78) Олар: "Сенде білесің. Қыздарыңда жұмызымыз жоқ,




Расында сен біздің нені қалайтындығымызды жақсы білесің" деді. (79) (Лүт Ғ.С.): "Әттең! Сендерге төтеп берер күшім болса не бір мықты бекініске паналасам" деді. (80) (Елшілер): "Әй Лүт! Расында біз Раббыңның елшілеріміз. Олар, әсте саған соқтыға алмайды. Дереву түннің бір бөлімінде үй-ішіңмен жөнел, жұбайыңнан басқа ешкім кейін қалмасын. Өйткені, еліңе келетін апат оған да жетеді. Олардың уәдесі таң. Таң жақын емес пе?," - деді. (81)



Оларға апат әміріміз келген сәтте, ол жердің үстін астына келтірдік. Сондай-ақ үстеріне ерекше әзірленіп қыздырылған тас жаудырдық. (82) Раббыңның қасында таңбаланған болатын. Бұл апат залымдардан ұзақ емес. (83) Мәянға туыстары Шұғайыпты жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сондай-ақ өлшеуді, таразыны кемітпеңдер. Расында мен сендерді молшылық ішінде көремін. Күдіксіз

мен сендерге байланысты тырп еткізбейтін күннің азабынан қорқамын" деді. (84) "Әй елім! Өлшеуді, тартуды толық орындандар, адамдардың нәрселерін кемітпеңдер! Сондай-ақ жер жүзінде бұзғыншы болып жүрмеңдер." (85) "Егер нанатын болсаңдар, сендерге Алланың қалдырған халал нәресі хайырлы. Мән сендерге күзетші емеспін." (86) Олар: "Әй Шұғайып! Біздің аталарымыздың табынғанын тастауымызды немесе малдарымызды қалауымызша істетуден тыйылуымызды саған намазың әмір ете ме? Тіпті сен өте жұмсақ, аса есті көрінесің" деді. (87) (Шұғайып Ғ.С.): "Әй халқым! Айтыңдаршы! Егер мен Раббым тарапынан ашық дәлел үстінде болсам және өз қасынан маған көркем ризық берген болса, сендерді тыйған нәрсемді өзім істеп, сендерге қарсы келуді қаламаймын. Шамам келгенінше түзелтуді ғана қалаймын. Табысты болуым, Аллаға ғана байланысты, Оған тәуекел еттім әрі Оған бой ұсынамын" деді. (88)

"Әй халқым! Маған қарсы келулерің, өздеріңе Нұх қауымы не Һүд қауымы немесе Салиһ қауымына келген тәрізді ауыршылық келтірмесін! Сондай-ақ Лүт елі сендерден ұзақ емес" (89) "Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонсоң Оған тәубе қылыңдар. Шынында Менің Раббым ерекше мейірімді, өте сүйгіш..." (90) Олар: "Әй Шүғайып! Біз сенің айтқаныңның көбіне түсінбейміз. Әрі сені ішімізде әрине төмен көреміз. Егер ағайының болмаса еді, әлбетте таспен атып өлтірер едік. Сондай-ақ сен бізге кәдірлі емессің" деді. (91) (Шүғайып F.C.): "Әй халқым! Сендерге Алладан ағайыным қадырлы ма? Алланы мүлде арқаларыңның артына тастадыңдар. Расында Раббым не істегендеріңді толық білуші" деді. (92) "Әй халқым! Қолдарыңнан келгенін істеңдер, мен де істеймін. (Міндетімді атқарамын.) Жақында қорлаушы азаптың кімге келетінін және кімнің өтірікші екенін білесіңдер. Енді бақыландар! Әрине мен де сендермен бірге бақылаушымын" деді. (93) Әміріміз келген заман, Шүғайып (F.C.) Ды және онымен бірге иман



келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ залымдық қылғандарды бір ащы дауыс қолға алды да жұрттарында етбеттеген бойда жоққа айналды; (94) Тіпті ол жерде отырмағандай. Естеріңде болсын! Сәмүд елі мәрхаметтен ұзақтасқандай Мәдян елі де ұзақтасты. (95) Расында Мұса (F.C.) ны аяттарымызбен және ашық дәлелмен жібердік. (96) Перғауынға және шонжарларына жіберсек те олар Перғауынның әміріне бағынды. Перғауынның әмірі тура емес еді. (97)

سورة النازعات
النازعات


يَقْدُمُ قَوْمَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَأَوْرَدَهُمُ النَّارَ وَيَنْسُ الْوَرْدُ
 الْمَمْرُودُ ﴿٩٨﴾ وَأَتَّبِعُوا فِي هَذِهِ لَعْنَةً وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يَنْسُ
 الرَّقْدُ الْمَرْقُودُ ﴿٩٩﴾ ذَلِكَ مِنْ أَنْبَاءِ الْقُرَى نَقُصُّهُ عَلَيْكَ
 مِنْهَا قَائِمٌ وَحَصِيدٌ ﴿١٠٠﴾ وَمَا ظَلَمْتَهُمْ وَلَكِنْ ظَلَمُوا
 أَنْفُسَهُمْ فَمَا أَغْنَتْ عَنْهُمْ آلِهَتُهُمُ الَّتِي يَدْعُونَ مِنْ دُونِ
 اللَّهِ مِنْ شَيْءٍ لَمَّا جَاءَهُمْ رُسُلُهُمْ وَمَا زَادُهُمْ عِزًّا تَنْبِيْهُ
 وَكَذَلِكَ أَخْذُ رَبِّكَ إِذَا أَخَذَ الْقُرَىٰ وَهِيَ ظَالِمَةٌ إِنَّ أَخْذَهُ
 أَلِيمٌ شَدِيدٌ ﴿١٠١﴾ إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَةً لِمَنْ خَافَ عَذَابَ الْآخِرَةِ
 ذَلِكَ يَوْمٌ مَّجْمُوعٌ لَهُ النَّاسُ وَذَلِكَ يَوْمٌ مَّشْهُودٌ ﴿١٠٢﴾ وَمَا
 نُؤَخِّرُهُ إِلَّا لِأَجَلٍ مُّعَدَّدٍ ﴿١٠٣﴾ يَوْمَ يَأْتُكَ كَمَا تَأْتُ نَفْسٌ
 إِلَّا بِإِذْنِهِ فَمِنْهُمْ شَقِيٌّ وَسَعِيدٌ ﴿١٠٤﴾ فَأَمَّا الَّذِينَ شَفَعُوا فِي
 النَّارِ لَهُمْ فِيهَا زَفِيرٌ وَشَهِيقٌ ﴿١٠٥﴾ خَلِيلِينَ فِيهَا مَا دَامَتْ
 السَّمَوَاتُ وَالْأَرْضُ إِلَّا مَا شَاءَ رَبُّكَ إِنَّ رَبَّكَ فَعَّالٌ لِّمَا يُرِيدُ
 ﴿١٠٦﴾ وَأَمَّا الَّذِينَ سَعَدُوا فِي الْجَنَّةِ خَلِيلِينَ فِيهَا مَا دَامَتْ
 السَّمَوَاتُ وَالْأَرْضُ إِلَّا مَا شَاءَ رَبُّكَ عَطَاءٌ غَيْرٌ مَّجْدُورٍ ﴿١٠٧﴾

۲۳۳

пайда келтірмеді. Сондай-ақ зияндарын арттырғаннан басқа түкке тұрмады. (101) (Мұхаммед F.C.) Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп алады; күдіксіз Оның соққысы қатты күйзелтеді. (102) Күдіксіз осыда ақирет азабынан қорыққан кісілерге әрине дәлел бар. Қиямет; адамдардың жиналатын күні. Сондай-ақ ол, әзір болатын бір күн. (103) Ол қиямет күнін, санаулы бір мерзім ғана кешіктіреміз. (104) Ол күн келсе, Алланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар. (105) Ал енді сорлылар, тозақта ыңыранып, шыңғырады. (106) Олар тозақ та көктер мен жердің тұруынша мүлде қалады. Бірақ Раббың қаласа басқа. Шынында Раббың қалағанын толық орындаушы. (107) Ал енді бақытты болғандар, жаннатық болады. Олар жаннатта көктер мен жердің тұруынша мәңгі қалады. Бірақ Раббың қаласа басқа. Бұл үздіксіз бір сыйлық. (108)

Перғауын қиямет күні елінің алдына түседі. Оларды тозаққа апарды. Ол баратын жер нендей жаман бір жер. (98) Бұл дүниеде де қиямет күнінде де лағынет оның қырсоңынан қалмайды. Ол нендей жаман сыбаға! (99) (Мұхаммед F.C.) осы өлкелердің хабары. Саған оны баян етеміз. Олардың кейі тұр, кейі орылып жоғалған. (100) Біз оларға зұлымдық қылмадық. Олар өздеріне зұлымдық етті. Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Алладан өзге жалбарынғандары өздеріне ешбір

(Мұхаммед F.C.) онда олардың табынғандарына байланысты күдікте болма. Олар ата-бабаларының бұрыннан табынғандары қүсап табынады. Әрине біз олардың сыбағаларын кемітпей береміз. (109) Расында Мұса (F.C.) ға Кітап бердік. Сонда да қайшылық тудырылды. Егер Раббыңнан сөз берілмеген болса еді, (бұйрық солай болмаса еді,) әрине араларына үкім берілген болар еді. Расында олар Құраннан шәк ішінде күдіктенуде. (110) (Мұхаммед F.C.) күдіксіз Раббың; олардың барлығының істегендерінің бодауын әрине, толық береді. Өйткені Ол, олардың істегендерін толық біледі. (111) (Мұхаммед F.C.) бұйырылғанындай тура бол! Сенімен бірге тәубе еткен кісілер де. Және артық кетпендер! Өйткені Алла, не істегендеріңді толық көруші. (112) Сондай зұлымдық істегендерге бейім сыңай байқатпаңдар. Онда сендерге тозақ кездеседі. Сендерге Алладан басқа дос болмайды, сонсоң көмекте көрмейсіңдер! (113) (Мұхаммед F.C.) күндіздің екі жағында, (таң және екінті намазы) Түннің күндізге таяу кезінде, (ақшам, жашыйық) намазын толық орында. Шынында жақсылықтар,



жамандықтарды жояды. Бұл түсінушілер үшін бір насихат. (114) (Мұхаммед F.C.) сабыр ет. Расында Алла, жақсылық істеушілердің еңбегін жоймайды. (115) Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл иелері, жер жүзіндегі бұзықтықтан тыйса еді? Бірақ олардың азын ғана құтқардық. Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп күнәкар болды. (116) (Мұхаммед F.C.) Раббың халқы түзу болған кенттерді орынсыз жоқ етпейді. (117)

سُبْحَانَ رَبِّيَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ

وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ لَجَعَلَ النَّاسَ أُمَّةً وَاحِدَةً وَلَا يَرَاؤُونَ مُخْتَلِفِينَ
 (120) إِلَّا مَنْ رَجَعُ رَبُّكَ وَلِذَلِكَ خَلَقَهُمْ وَتَمَّتْ كَلِمَةُ رَبِّكَ
 لَأَمْلَأَنَّ جَهَنَّمَ مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ (121) وَكَلَّا نَقْصُ
 عَلَيْكَ مِنْ أَنْبَاءِ الرُّسُلِ مَا نَشِئْتُ بِهِ فُؤَادَكَ وَجَاءَكَ فِي هَذِهِ
 الْحَقُّ وَمَوْعِظَةٌ وَذِكْرَى لِلْمُؤْمِنِينَ (122) وَقُلْ لِلَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ
 أَعْمَلُوا عَلَيَّ مَا كَانَتْكُمْ إِنَّا عَمِلُونَ (123) وَأَنْظِرُوا إِنَّا مُنْظِرُونَ
 (124) وَاللَّهُ غَيْبُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَإِلَيْهِ رُجْعُ الْأُمُورِ كُلُّهُ
 فَأَعْبُدْهُ وَتَوَكَّلْ عَلَيْهِ وَمَا رَبُّكَ بِغَفِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ (125)

سُبْحَانَ رَبِّيَ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الرَّبِّكَ ءَإِنِّي أُنزِلْتُهُ فِيهَا فَاغْرِبْنَا
 أَعْمَلِكُمْ تَعْقِلُونَ (1) مَخْنُوقٌ قَصُّ عَلَيْكَ أَحْسَنَ الْقَصَصِ
 بِمَا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ هَذَا الْقُرْآنَ وَإِنْ كُنْتَ مِنْ قَبْلِهِ
 لَمِنَ الْغَافِلِينَ (2) إِذْ قَالَ يُوسُفُ لِأَبِيهِ يَا أَبَتِ إِنِّي رَأَيْتُ
 أَحَدَ عَشَرَ كَوْكَبًا وَالشَّمْسَ وَالْقَمَرَ رَأَيْتُهُمْ لِي سَاجِدِينَ (3)


۲۳۵

және мұминдер үшін бір насихат әрі түсінік келді. (120) (Мұхаммед F.C.) сондай иман келтірмегендерге: "Өздеріңше істендер. Расында біз де істейміз" де. (121) "Сендер де соңын күтіндер, біз де күтеміз" (де) (122) Көктер мен жердің сыры Аллаға тән. Істің бәрі Соған қайтады. Ендеше, Соған құлшылық қылып, Оған тәуекел ет. Раббың істейтін істеріңнен гапыл емес. (123)

12- ЮСЫП СҮРЕСІ

Меккеде түскен, жүз он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Бұлар ап-айқын Құранның аяттары. (1) Расында біз мұны Арапша Құран түрінде түсірдік, әрине түсінерсіңдер. (2) (Мұхаммед F.C.) саған бұл Құранды уахи етуімізбен өзіңе қиссалардың ең жақсысын баян етеміз. Негізінде сен бұдан бұрын әрине хабарсыз едің. (3) Сол уақытта Юсып (F.C.) әкесіне: "Әкетайым! Рас мен түсімде он бір жұлдыз және күн мен айды, маған сәжде қылғанын көрдім" деді. (4)

(Мұхаммед F.C.) егер Раббың қаласа, адамдарды бір-ақ үммет қылар еді. Олар үнемі қайшылықта тұруда. (Алла Т. сынақ үшін еркіне қойды. Б.М.Р.Т.Ж-Қ.) (118) Бірақ Раббыңның мәрхамет еткені басқа. Оларды сол үшін жаратты. Раббыңның: "Әрине тозақты бүкіл жындар және адамдармен толтырамын" деген сөзі тура шықты. (119) (Мұхаммед F.C.) саған пайғамбарлардың қиссасын көңліңді орнықтыру тұрғысынан баян етеміз. Осында саған хақиқат



(Яғқұп Ғ.С.): "Әй балақайым! Түсінді туыстарыңа айтпа! Саған бір айлакерлік жасар. Расында шайтан адам баласына ашық дұшпан" деді. (5) "Міне осылайша Раббың сені ұнатады. Саған түстердің жоруын үйретеді. Бұрынғы аталарың Ыбырайым, Ысхақ (Ғ.С.) тарғаныметтерін тамамдағандай саған және Яғқұп (Ғ.С.) ұрпағына нығметін толықтастырады. Шәксіз Раббың толық білуші, хикмет иесі" (6) Расында Юсып әрі туыстарының киссасында сұраушылар үшін өнегелер бар. (7) Сол уақытта туыстары: "Юсып және туысы, (Бінямын) әкемізге бізден жақсы көрінеді. Біз болсақ мықты бір топпыз. Дау жоқ, әкеміз ашық адасуда" деді. (8) Олардан бір айтушы: "Юсыпты өлтіріңдер немесе бір жерге апарып тастаңдар. Өздеріңе әкелеріңнің алды бос қалады. Артынан да түзу бір топ боларсыңдар" деді. (9) Іштерінен тағы бір айтушы: "Егер менің айтқанымды істейтін болсаңдар, Юсыпты өлтірмеңдер де оны бір құдықтың түбіне тастаңдар. Кейбір жүргінші тауып алар" деді. (10) Олар: "Әй әкеміз! Юсып туралы бізге


сенбейтін саған не болды? Әрине оған қамқормыз" десті. (11) "Ертең оны бізбен бірге жібер. Тамақтансын, ойнасын. Расында біз оны қорғаушымыз" десті. (12) (Яғқұп Ғ.С.): "Расында сендердің оны алып кетулерің маған уайым салады. Әрі сендер оған кәперсіз қалып, оны қасқыр жеуінен қорқамын" деді. (13) Олар: "Біз мықты бір топ бола тұра оны қасқыр жесе, әрине сол уақытта зиянға ұшыраушылардан болармыз" десті. (14)

فَلَمَّا ذَهَبُوا بِرَبِّهِمْ وَاجْتَمَعُوا أَن يَجْعَلُوهُ فِي غِيَابَتِ الْحَبِّ وَأَرْحَمَنَا
 إِلَهَهُ لَنُنَبِّئَنَّهُمْ بِأَمْرِهِمْ هَذَا وَهُمْ لَا يَشْعُرُونَ ﴿١٥﴾ وَجَاءَ وَرَ
 أَبَاهُمْ عِشَاءً يَبْكُونَ ﴿١٦﴾ قَالُوا يَا أَبَا نَاهٍ إِنَّا نَدْعُبُكَ هَبْنَا سَنَاقِي
 وَرَكَعْنَا يُوسُفَ عِنْدَ مَتْلَعِنَا فَكَلَّمَهُ الذُّبُّ وَمَا أَنْتَ
 بِمُؤْمِنٍ لَّنَا وَلَوْ كُنَّا صَادِقِينَ ﴿١٧﴾ وَجَاءَ وَعَلَى قَيْصِيهٖ
 يَدٌ كَرْدِبٍ قَالِ بَلْ سَوَّلَتْ لَكُمْ أَنفُسُكُمْ أَمْرًا فَصَبْرًا جَمِيلًا
 وَاللَّهُ الْمُسْتَعَانُ عَلَى مَا تَصِفُونَ ﴿١٨﴾ وَجَاءَتْ سَيَّارَةٌ فَأَرْسَلُوا
 وَارِدَهُمْ فَأَدْلَى دَلْوَهُ قَالَ يَبُشْرَىٰ هَذَا غَلْمٌ وَأَسْرُوهُ بَضْعَةَ
 وَاللَّهُ عَلَيْهِمُ بِمَا يَعْمَلُونَ ﴿١٩﴾ وَشَرَوْهُ بِمِثْقَلِ
 دَرَاهِمٍ مَّعْدُودَةٍ وَكَانُوا فِيهِ مِنَ الزَّاهِدِينَ ﴿٢٠﴾ وَقَالَ
 الَّذِي اشْتَرَاهُ مِن مِّصْرَ لَا مِرْيَةَ أَكْرَمَىٰ مِثْوَنُ غَسَوِي
 أَن يَنْفَعَنَا أَوْ نَضُرَّ وَلَا نَكْتُمُ الَّذِي كَفَرَ لَكَ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِالْغُيُوبِ
 الْأَرْضِ وَنَعْلَمُهُ مِنْ تَأْوِيلِ الْأَحَادِيثِ وَاللَّهُ غَالِبٌ عَلَى
 أَمْرِهِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٢١﴾ وَلَمَّا بَلَغَ
 أَشُدَّهُ رَءَاهُ آيَاتِنَا فَحُكِّمَ وَعُلِّمَ وَكَذَلِكَ نُجَزِّي الْمُحْسِنِينَ ﴿٢٢﴾


(Туыстары Юсыпты қырга алып шығып, әр түрлі аяусыз жапалар көрсетіп, қатты қинап өлтіруге жақындайды. Ол, оларға жылап, еңіреп жалбарынғандықтан өлтірмей әкелеріне қасқыр жеді деп, қанға бояп көрсету үшін жейдесін шешіп алып, жандары ашымай беліне жіп байлап құдыққа салбыратып тұрып, жібін кескен сәтте, Алладан Жебірейіл арқылы Юсып Ғ.С. га п а й ғ а м б а р л ы қ к е л е д і . Б.Ж.К.Р.Т.Ж-Қ.) Сонда олар, Юсыпты алып кеткен кезде, бәрі оны

құдықтың түбіне тастауға бірлесті. Оған: "Туыстарыңа әлбетте осы істерінің хабарын бересің. Олар сезбейді" деп уақи еттік. (15) Олар іңірде әкелеріне жылап келді. (16) "Әй Әкеміз! Біз жарысып кеткенде, Юсыпты нәрселеріміздің жанына тастап кетсек, сонда оны қасқыр жепті. Енді шын айтсақта, бізге сенбейсің ғой" десті. (17) Сондай-ақ олар оның жейдесіне өтірік қан жағып әкелді. Әкелері: "Олай емес! Сендерге нәпсілерің бір істі жақсы көрсеткен екен. Енді көркем сабыр керек. Айтқандарыңа Алладан жәрдем тіленеді" деді. (18) (Үш күннен кейін Мәяннан Мысырға бара жатқан керуен адасып, құдыққа жақын түседі. Б.М.К.Ж.Р.Т.) Бір жүргінші келіп, дереу сушыларын жіберді; ол қауғасын салып: "Ой шүйінші! Міне бір еркек бала" деді. Олар оны сауда малы етіп, жасырып қойды. Алла, олардың не істегендерін толық біледі. (19) Олар оны кем бағаға бірнеше теңгеге сатып жіберді. Өйткені, Олар Юсыпқа ынтық емес еді. (20) Мысырдағы оны сатып алған кісі әйеліне: "Орнын құрметтеп жақсы бақ. Мүмкін бізге пайдасы тиер немесе бала қып алармыз" деді. Осылайша Юсыпты ол жерге онналастырып, оған түстердің жоруын үйреттік. Алла өз ісіне өктем, бірақ адамдардың көбі білмейді. (21) Ол ержеткенде, оған даналық, білім бердік. Жақсылық істеушілерді естіп сыйлаймыз. (22)

(Бұл Юсыпты жүргіншіден сатып алған, Мысырдың казына уәзірі Кытпирдің әйелі Зілиха еді. Ол уақытта Мысыр патшасы Уалит ұлы Риян иман келтіреді. Б.Ж.М.К.Р.) Юсып тұрған үйдің әйелі (Зілиха), оның көңлін өзіне тартпақшы болды да есіктерді бекітті: "Қане кел бері!", – деді. Юсып (F.C.): "Аллаға сиынамын. Ол (ерің) қожайыным, мені жақсы орынға қойды. Шынында залымдар құтылмайды" деді. (23) Расында әйел одан ой қылды. Егер Раббының дәлелін көрмесе, Юсып та одан ой қылған болар еді. Юсыптан жамандық, арсыздықты бұруымыз үшін өстідік. Өйткені, ол ықыласты құлдарымыздан еді. (24) Екеуі есікке жүгірді де әйел, оның жейдесін арт жағынан жыртып алып қалды. Екеуі есік алдында әйелдің қожайынына кездесіп қалып, әйел еріне: "Сенің жұбайыңа жамандық ойлаған біреудің жазасы сөзсіз абақты немесе жан түршігерлік азап" деді. (25) Юсып (F.C): "Ол, көңлімді өзіне тартпақшы болды" деді. Әйел жағынан бір айғақ: "Егер Юсыптың жейдесі алдынан жыртылса, әйел шын айтты да ол, өтірікшілерден болады" (26) "Оның жейдесі артынан жыртылса, онда әйел өтірік айтты да




Ол, шыншылдардан" деп куәлік берді... (27) Сонда оның жейдесінің арт жағынан жыртылғанын көрген ері: "Міне бұл, әйелдер, сендердің қулықтарың. Расында сендердің амалдарың үлкен" деді. (28) "Юсып, мұны қоя сал! Ханым, сен күнәң үшін жарылқану тіле! Расында сен қатәлесушілерденсің!", – деді (29) Қаладағы қатындар: "Бастықтың әйелі жігітінен көңіл қыпты. Расында әйелді махаббат баурапты. Әлбетте біз оны ашық адасуда көреміз" деп өсектеді. (30)



Зіліха, қатындардың өзіне сөгіс бергендіктерін естігенде; оларға шақыру жіберіп, олар үшін сүйеніп отыратын диван әзірледі де әрбіреуіне бышақ беріп, Юыпқа: "Шық, оларға көрін!", - деді. (Жеміс кесіп отырған қатындар,) оны көрген сәтте, бір түрлі ірі бағалап (естері шығып,) өз қолдарын турады. Қатындар: "Ой Алла! Мынау адам емес; бұл бір құрметті періште-ақ қой" десті. (31) (Зіліха оларға): "Ал міне, мені өсектегендерің осы. Расында оның көңлін мен қаладым.

Сонда да абырой сақтады. Және де ол, әмірімді орындамаса, әлбетте а бақтыға салынып, қор болушылардан болады" деді. (32) (Юсып Ғ.С.): "Раббым! Бұлардың, мені істеуге шақырған істерінен маған зіндан сүйкімдірек. Егер бұл қатындардың сұмдықтарын менен бұрмасаң, оларға бейімдеп надандардан боламын" деп тіледі. (33) Сонда Раббы тілегін қабыл етіп, одан қатындардың сығандықтарын тойтарды. Өйткені Ол Алла, толық естуші, өте білуші. (34) Сонсоң оларға дәлелдер көрінгеннен кейін де оны бір мерзімге дейін абақтыға салды. (35) Және де Юсыппен бірге екі жігіт абақтыға кірді. Ол екеуінің бірі: "Мен түсімде арақ сыққанымды көрдім" деді. Екіншісі: "Мен төбеме нан көтеріп жүр екемін. Одан құс жегенін көрдім. Бізге бұл түстірдің жоруын айтып бер. Күдіксіз, біз сені жақсылық қылушылардан көреміз" деді. (36) (Юсып Ғ.С. оларға): "Сендерге көректендірілетін тамақ келмей-ақ екеуіңе де түстің жоруын айтып беремін. Бұл маған Раббымның үйреткендерінен. Шынында Аллаға сенбеген және ақирет күніне қарсы келген бір елдің дінін тастадым" деді. (37)

"Аталарым, Ыбырайым, Ысхақ және Ярқұп (F.C.) тардың дінін қудым. Біздің Аллаға ешбір шерік қосуымыз тиісті емес. Бұл бізге әрі адам баласына Алланың бір мәрхаметі. Бірақ адамдардың көбі шүкірлік қылмайды." (38) "Әй менің абақты жолдастарым! Бөлек-бөлек Раббылар жақсы ма? Немесе әр нәрсеге өктем жалғыз Алла жақсы ма?" (39) "Сендердің Одан өзге шоқынған нәрселерің, сендер әрі аталарың атаған құр аттар ғана. Алла, оларға табынуға байланысты ешбір дәлел түсірмеген. Үкім Аллаға ғана тән. Ол, өзіне ғана құлшылық қылуларыңды бұйырған. Міне осы, түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі білмейді" (40) "Әй абақты жолдастарым! (Бұл түс көркен екеуінің бірі патшаның сушысы, бірі ашпазы екен.) Біреуің қожайынына арақ ішкізеді. (Бұрынғы жұмысын істейді.) Ал басқа біреуің дереу асылып, басын құс шоқиды. Міне екеуің жоруын сұраған іс бітті." (41) Құтылады деп




ойлаған екеуінің біреуіне: "Қожайыныңның жанында мені ескер!",- деді (Юсып F.C.). Сонда шайтан қожайыныңның алдында еске алуды ұмыттырды да сондықтан Юсып бірнеше жыл абақты да жатып қалды. (42) (Бір күні) патша: "Түсімде, жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл сабақтар, тағы сондай құрағандарын көрдім. Әй сыбайластар! Егер түс жоритын болсаңдар, менің түсімді жорындар" деді. (43)

قَالُوا أَضَعَفْتُ أَحْطَرُ وَمَا مَحْنُ يَا وَيْلُ الْأَعْلَمُ بِعِلْمِ بْنِ ٤٤
 وَقَالَ الَّذِي نَجَّى مِنْهُمْ مَا وَادَّكَرَ مَعْدُ أُمَّةٍ أَنَا أَنْتُمْ كُمْ يَا وَيْلَهُ
 فَارْسُلُونِ ٤٥ يُوسُفُ أَيُّهَا الصِّدِّيقُ أَفْتَا فِي مَسْجِعٍ بِقَرْيَةٍ
 مِصْرَانَ يَا كُفَّهِنَّ سَمِعَ عِجَابٌ وَسَمِعَ مُدْبِكَةً حَضِرَ
 وَأَخْرَجَ بِسِنِّ الْعَلِيِّ أَرْجِعْ إِلَى النَّاسِ لَعَلَّهُمْ يَعْلَمُونَ ٤٦ قَالَ
 تَزْرَعُونَ سَمِعَ سَيِّئِينَ دَابَّأ فَا حَصَدْتُمْ فَذَرَوْهُ فِي سُنْبُلِهِ لَا
 قِيلًا مَنَّا كَلُونَ ٤٧ ثُمَّ يَا قَى مِنْ بَعْدِ ذَلِكَ سَمِعَ شِدَادًا يَا كُنْ
 مَا قَدَّمْتُمْ لَنْ لَا قِيلًا مَنَّا حَصَوْنَ ٤٨ ثُمَّ يَا قَى مِنْ بَعْدِ ذَلِكَ
 عَامٌ فِيهِ بَعَاثَ النَّاسُ وَفِيهِ بَصُرُونَ ٤٩ وَقَالَ لِلْمَلِكِ أَتَوْتَنِي
 بِهِ عِلْمًا جَاءَهُ الرَّسُولُ قَالَ أَرْجِعْ إِلَى رَبِّكَ فَسْتَلْهُ مَا بَالَ
 النَّسْوَةَ الَّتِي قَطَعَنَ أَيُّدِيهِنَّ إِنَّ رَبِّي بِكَيْدِهِنَّ عَلِيمٌ ٥٠ قَالَ
 مَا حَاطَبُكَ أَنْ إِذْ رَوَدُّنَّ يُوسُفَ عَنْ نَفْسِهِ قُلْنَ حَسْبُ لِلَّهِ
 مَا عَلِمْنَا عَلَيْهِ مِنْ سُوءٍ قَالَتْ أَمْرَأَتُ الْعَزِيزِ الْفَنَ حَصَصَ
 الْحَقُّ أَنَا رَوَدُّنَهُ عَنْ نَفْسِهِ وَإِنَّهُ لَمِنَ الصِّدِّيقِينَ ٥١ ذَلِكَ
 لِيَعْلَمَ أَنِّي لَمْ أَخُنْهُ بِالْغَيْبِ وَأَنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي كَيْدَ الْفَاسِقِينَ ٥٢


қайтып барайын" (46) Юсып (F.C.):
 "Жеті жыл әдеттегіше егін егесіңдер
 де сонда органдарыңды бастырмай
 сабақтарыңда қойып, бірақ аздап
 жейтіндеріңді ғана аласыңдар." (47)
 "Тағы бұдан кейін жеті қатты
 (ашаршылық жыл) келеді. Бір аздап
 сақтағандарыңнан басқа бұрыннан
 сол үшін жинағандарыңды
 жейсіңдер." (48) "Ал бұдан кейін
 адамдар жаңбырға қанып онда
 жемістердің суын сығатын жыл
 келеді" деді. (49) (Мұны естіген)
 патша: "Оны маған алып келіңдер"
 деді. Шабарман келген кезде, (Юсып
 F.C.): "Қожайыңыңа қайтып бар. Ол,
 қолдарын кескен қатындардың
 мақсаттары не? Сұра! Күдіксіз
 Раббым, олардың қулықтарын толық
 біледі" деді. (50) (Патша қатындарды
 жинап алып): "Юсыптың көңлін
 алмақшы болғандарыңда жағдай не
 еді?" деп сұрайды. Әйелдер: "Алла
 сақтасын! Оған байланысты бір
 жамандық білмедік" десті. Уәзірдің
 әйелі де: "Міне шындық ортаға
 шықты. Оның көңлін алуды мен
 қалаған едім. Расында, ол анық
 шыншылдардан" деді. (51) (Юсып
 F.C.): "Осы (қатындардан сұралу
 мәселесі) расында оған астыртын
 қиянат қылмағанымды патшаның
 білуі үшін. Күдіксіз Алла,
 қиянатшылардың қастығын
 оңалтпайды" деді. (52)

(Олар): "Бұл шым-шытырық бір түс
 екен. Сондықтан біз мұндай
 түстердің жоруын білмейміз" деді.
 (44) Ол екеуінің құтылғаны,
 Юсыпты бірталайдан кейін есіне
 алды да: "Мен сендерге оның
 жоруының хабарын беремін. Деру
 мені (абақтыға) жіберіңдер" деді. (45)
 (Ол, абақтыға барып): "Әй шыншыл
 Юсып! Бізге, жеті семіз сиырды жеті
 арық сиырдың жеуі және жеті
 жасыл сабақ пен құрағандары
 жайында жоруын бер. Олардың да
 оны білулері үшін адамдарға

"Нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпіс жамандыққа бұйырады. Бірақ та Раббым мәрхамет етсе ол басқа. Күдіксіз Раббым өте жарылқаушы, ерекше мейірімді" (53) Патша: "Оны маған алып келіңдер. Оны өзім үшін арнаулы адам қып алайын" деді. Патша Юсыпқа сөйлескен сәтте: "Әрине бүгін біздің алдымызда елеулі орның және сенің бар" деді. (54) (Юсып F.C. патшаға): "Мені мемлекеттің қазына бастығы қыл. Өйткені, мен оны қорғауды (басқаруды) білемін" деді. (55) Міне, осылайша Юсыпты ол жерге орналастырдық. Қалаған жерінде отыра алады. Қалағанымызды мәрхаметімізге бөлейміз. Сондай-ақ жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмаймыз. (56) Әрине иман келтіріп, тақуа болғандардың ақиреттегі сыйлығы тағы жақсы. (57) (Ашаршылық жылдарында) Юсыптың туыстары келіп, жанына кірді. Сонда Юсып оларды таныды. Олар, оны танымады. (58) Юсып (F.C.) олардың жүктерін әзірлеткен сәтте: "Маған әке бір туыстарың (Бінямын) ды ала келіңдер. Шын мәнінде астық толтырғанымды және мейман достардың жақсысы екенімді көрмейсіңдер ме?,- деді. (59) "Егер оны маған келтірмесеңдер, менде, сендерге өлшеп берер жоқ. Сондай-ақ маған жақындамаңдар." (60) Олар: "Біз оны әкесінен қалауға тырысамыз. Сөзсіз мұны




орындаймыз" десті. (61) Юсып (F.C.) жігіттеріне: "Олардың (астық сатып алуға әкелген) өз нәрселерін де жүктерінің ішіне қойыңдар. Әрине үйлеріне қайтып барған кезде, оны біліп, мүмкін олар қайтып келер" деді. (62) Сонда олар әкелеріне қайтып барғандарында: "Әй әкеміз! Біздің өлшеу тоқтатылды. (Астық бермейтін болды.) Сондықтан туысмыз (Бінямын) ды бізбен бірге жібер де (астық) өлшеп алайық. Сондай-ақ біз оны әлбетте қорғаймыз" деді. (63)



(Яғқұп Ғ.С.): "Бұдан бұрын туысына байланысты сендерге сенгенім сияқты бұған да сендерге сенейін бе? Дегенмен, Алла толық қорғаушы әрі Ол, мейірімділердің ең мейірімдісі" деді. (64) Олар жүктерін ашқанда, Өздеріне қайтарылған нәрселерін тапты да: "Әй әкеміз! Не іздейміз! Міне нәрселеріміз өзімізге қайтарылыпты, тағы семьямызды қамтамасыз етіп, туыстарымызды қорғаймыз. Сондай-ақ тағы бір түйе (астық) өлшеуімізге болады. Негізінен бұл

өлшеп әкелгеніміз шамалы" десті. (65) Әкелері: "Бәрің бір-ақ қолды болып кетпейінше, оны міндетті түрде маған әкелулеріңе байланысты Алланың атымен серт бергенге дейін оны сендермен бірге жібере алмаймын" деді. Сөйтіп олар, әкелеріне серт берген сетте, әкелері: "Алла айтқанымызға уәкіл" деді. (66) Балаларына: "Әй балаларым! Қалаға бір қақпадан кірмей бөлек-бөлек қақпалардан кіріңдер. Онымен қатар сендерден Алланың бұйрығынан еш нәрсені кетіре алмаймын. Үкім Аллаға ғана тән. Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін" деді. (67) Олар, әкелерінің әмірінше, кірген болса да олардан Алланың тақдырынан ешнәрсені кетіре алмайтын еді. Бірақ Яғқұп (Ғ.С.) көңліндегі бір хажетін ғана атқарған болды. Өйткені ол, біз үйреткендіктен білім иесі еді. Алайда, оны адамдардың көбі білмейді. (68) Олар Юсыптың жанына кіргенде, Юсып туысын (Бінямынды) өз қасына алып: "Мен, сенің ініңмін. Олардың істегендеріне кейіме" деді. (69)

Юсып (F.C.) олардың нәрселерін қамдағанда, су ыдысын өз туысының жүгінің ішіне қойып, олар жүрген соң бір айғайшы: "Әй керуенші! Сендер анық ұрысыңдар" деп айғайлады. (70) Олар, бұларға бұрылып: "Не нәрсе жоғалттыңдар?";- деді. (71) Бұлар: "Патшаның су ыдысын жоғалттық. Оны әкелген кісіге бір түйе жүк сыйлық бар. Әрі мен оған жауаптымын" деді. (72) Олар: "Аллаға ант етеміз. Расында бұл жерге бұзақылық үшін келмегенімізді әрине білдіңдер. Сондай-ақ біз ұры емеспіз" деді. (73) Бұлар: "Егер өтірікші болсаңдар, оның жазасы не?";- деді. (74) Олар: "Оның жазасы, кімнің жүгінен шықса, сонда соның өзі жазалы. Біз залымдарды осылайша жазалаймыз" деді. (75) Өз туысының жүгінен бұрын олардың жүгін тінте бастап, сонсоң оны туысының жүгінен шығарды. Осылайша Юсыпқа әдіс үйреттік. Өйткені, Алла қаламайынша патшаның заңында туысын алып қала алмас еді. Қалаған кісіміздің дәрежелерін



көтереміз. Сондай-ақ әр ілім иесінің үстінде бір білуші бар. (76) Олар: "Егер бұл ұрлық қылса, әрине туысы да бұрын ұрлық қылған болатын" деді. Сонда Юсып (F.C.) ол сөзді жүрегінде сақтап, оларға әшкерелемеді. (Ішінен): "Сендер тағы жаман орындасыңдар. Алла айтқандарыңды жақсы біледі" деді. (77) Олар: "Әй қожайын! Бұның көрі әкесі бар. Сондықтан оның орнына бірімізді ал. Шын мәнінде біз сені игілік істеушілерден көреміз" деді. (78)

سورة يوسف

الأنعام


قَالَ مَعَاذَ اللَّهِ أَنْ نَأْخُذَ إِلَّا مِنْ وَجْدَتِنَا مَتَّعْنَا عَبْدَهُ إِنَّا
 إِذَا الظَّالِمُونَ ﴿٨٠﴾ فَلَمَّا أَسْتَيْسُوا مِنْهُ خَلَصُوا نَجِيًّا
 قَالَ كَبِيرُهُمْ أَلَمْ تَعْلَمُوا أَنَّ أَبَاكُمْ قَدْ أَخَذَ عَلَيْكُمْ
 مَوْثِقًا مِنَ اللَّهِ وَمِنْ قَبْلُ مَا فَرَّطْتُمْ فِي بُيُوتِكُمْ فَلَنْ أَبْرَحَ
 الْأَرْضَ حَتَّى يَأْذَنَ لِي أَبِي أَوْ يَحْكُمَ اللَّهُ لِي وَهُوَ خَيْرُ الْحَاكِمِينَ
 ﴿٨١﴾ أَرْجِعُوا إِلَيَّ أَيْبُكُمْ فَقُولُوا يَا أَبَانَا إِنَّكَ سَرَقْتَ
 وَمَا شَهِدْنَا إِلَّا بِمَا عَلَّمْنَا وَمَا كُنَّا لِلْغَيْبِ حَافِظِينَ
 ﴿٨٢﴾ وَسَأَلِ الْقَرْيَةَ الَّتِي كُنَّا فِيهَا وَالْعِيرَ الَّتِي أَقْبَلْنَا فِيهَا
 وَإِنَّا لَصَادِقُونَ ﴿٨٣﴾ قَالَ بَلْ سَوَّلَتْ لَكُمْ أَنْفُسُكُمْ أَمْرًا
 فَصَبْرًا جَمِيلًا عَسَى اللَّهُ أَنْ يَأْتِيَنِي بِهِمْ جَمِيعًا إِنَّهُ هُوَ
 الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ ﴿٨٤﴾ وَتَوَلَّى عَنْهُمْ وَقَالَ يَا سَفِيحَى عَلَى
 يُوسُفَ وَأَبِئْتَصْت عَيْتَاهُ مِنْ الْحَزَنِ فَهُوَ كَاطِمٌ ﴿٨٥﴾
 قَالُوا تَاللَّهِ تَفْتَوْنَا نَدْكُرُ يُوسُفَ حَتَّى تَكُونَ حَرَضًا
 أَوْ تَكُونَ مِنَ الْهَالِكِينَ ﴿٨٦﴾ قَالَ إِنَّمَا أَشْكُوا بِنُسْبَتِي
 وَحُزْنِي إِلَى اللَّهِ وَأَعْلَمُ مِنَ اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ ﴿٨٧﴾

٢٤٥

(Юсып F.C.): "Нәрсемізді жанынан тапқан адамнан басқаны алып қалудан Аллаға сиынамыз. Біз ол уақытта анық залымдардан боламыз" деді. (79) Олар, Юсыптан күдер үзген сәтте, оңашаланып кеңесті. Олардың үлкені: "Білмейсіңдер ме? Расында әкелерің сендерге байланысты Алланың атымен серт алған. Сондай-ақ бұрын Юсып жайында орасан айыптысыңдар. Сондықтан маған әкем рұхсат бергенге немесе мен үшін Алла бір үкім қылғанға (өлгенге) дейін осы

жерден әсте айрылмаймын. Ол Алла үкім етушілердің ең жақсысы" деді. (80) "Сендер әкелеріңе қайтыңдарда: 'Әй әкеміз! Шын мәнінде ұлың ұрлық қылды. Біз білгенімізге ғана айғақпыз. Сондай-ақ біз көместі білмейміз' деңдер." (81) "Ал біз ішінде болған қаладан және бізге кездескен керуеннен сура. Сөз жоқ, біз шын айтамыз" (82) (Яғқұп F.C.): "Олай емес. Сендерді нәпсілерің бір іске қызықтырған екен. Енді маған көркем сабыр керек. Бәлкім Алла олардың бәрін маған келтірер. Өйткені, Ол толық білуші, хикмет иесі" деді. (83) (Яғқұп F.C.) олардан теріс айналып: "Ой қайран Юсып!", – деп күйіктен көздері ағарып, сонда ол қасіреттеніп іштей тынды. (84) Олар, әкелеріне: "Аллаға ант етеміз. Күйіктен ерігенге немесе типыл болғанға дейін Юсыпты жоқтай бересің" деді. (85) (Яғқұп F.C.): "Мен күйзелісімді де күйінішімді де Аллаға ғана шағамын. Әрі Алладан сендер білмеген нәрсені білемін" деді. (86)

"Әй ұлдарым! Барыңдар да Юсыпты және туысын іздестіріңдер! Сондай-ақ Алланың мәрхаметінен күдер үзбеңдер. Өйткені, Алланың рахметінен, қарсы болған қауым ғана күдер үзеді..." (87) Олар, Юсып (Ғ.С.) қа барып, кірген сәтте: "Әй қожайын! Бізге және семьямызға ашаршылық тиді. Онымен қатар мардымсыз бір нәрсемен келдік. Сонда да толық өлшеп бер. Тіпті бізге садақа да бер. Күдіксіз Алла, садақа берушілерді сыйлайды" деді. (88) (Юсып Ғ.С.): "Сендер білместіктен Юсыпқа және туысына не істегендеріңді білесіңдер ме?",- деді. (89) Олар: "Сен өзің шын Юсыпсың ба?",- деді. "Мен Юсып мынау туысым. Расында Алла бізге игілік қылды. Шын мәнінде кім Алладан сақсынса, сабыр етсе, күдіксіз Алла жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмайды" деді. (90) Олар: "Аллаға ант етеміз. Рас Алла сені бізге ықпалды етті. Өйткені, біз күнәкар едік" деді. (91) (Юсып Ғ.С.): "Бүгін



сендерге сөгіс жоқ. Алла сендерді жарылқайды. Ол мейірімділердің ең мейірімдісі" деді. (92) "Енді мына жейдемді абарып, әкемнің бетіне қойыңдар; көзі көруге келеді. Біртұтас үй-іштеріңмен маған келіңдер" деді. (93) Керуен Мысырдан айрылып шыққан кезде, олардың әкесі (Яғқұп Ғ.С.): "Егер алжыды демесеңдер шын мәнінде мен Юсыптың исін алып отырмын" деді. (94) Ел: "Аллаға ант етеміз. Әрине сен бұрынғы жан-сақтықтасың" деді. (95)

سورة يوسف
الحق القائل عتق

فَلَمَّا آتَىٰ جَاءَ النَّبِيَّ أَلْفَهُ عَلَىٰ وَجْهِهِ فَآزَتْ بَصِيرًا قَالَ
أَلَمْ أَقُلْ لَكُمْ إِنِّي أَنبَأُكُمْ مِنَ اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ ﴿٩٦﴾ قَالُوا
يَتَّبِعُنَا مَا نَتَّبِعُ وَإِنَّا كُنَّا بِهَذَا صَحَفًا خَالِفِينَ ﴿٩٧﴾ قَالَ سَوْفَ
أَسْتَغْفِرُكُمْ رَبِّي إِنَّهُ هُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ ﴿٩٨﴾ فَلَمَّا
دَخَلُوا عَلَىٰ يُوسُفَ ءَاوَىٰ إِلَىٰ أَبِيهِ وَقَالَ ادْخُلُوا مِصْرَ
إِن شَاءَ اللَّهُ ءَامِينَ ﴿٩٩﴾ وَرَفَعَ أَبُوهُ عَلَى الْعَرْشِ وَخَرُّوا
لَهُ سُجَّدًا وَقَالَ يَتَّابِتْ هَذَا تَأْوِيلُ رُءُوسِي مِنْ قَبْلُ قَدْ جَعَلَهَا
رَبِّي حَقًّا وَقَدْ أَحْسَنَ بِي إِذْ أَخْرَجَنِي مِنَ السِّجْنِ وَجَاءَ بِكُمْ
مِنَ الْبَدْوِ مِنْ بَعْدِ أَنْ نَزَغَ الشَّيْطَانُ بَيْنِي وَبَيْنَ إِخْوَتِي إِنَّ
رَبِّي لَطِيفٌ لِمَا يَشَاءُ إِنَّهُ هُوَ الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ ﴿١٠٠﴾ رَبِّ
قَدْ ءَاتَيْتَنِي مِنَ الْمَلِكِ وَعَلَّمْتَنِي مَا كُنْتُ لَا أَتْلُو فَأطَّرَ
السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ أَنْتَ وَلِيِّ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ تَوَفَّنِي
مُسْلِمًا وَالْحَقِّي بِالصِّلِحِينَ ﴿١٠١﴾ ذَلِكَ مِنْ أَنْبَاءِ الْغَيْبِ
نُوحِيهِ إِلَيْكَ وَمَا كُنْتَ لَدَيْهِمْ إِذْ أَجْمَعُوا أَمْرَهُمْ وَهُمْ يَمْكُرُونَ
﴿١٠٢﴾ وَمَا أَكْفَرُ النَّاسِ وَلَوْ حَرَصْتَ بِمُؤْمِنِينَ ﴿١٠٣﴾


سورة
يوسف

٢٤٧


"Алланың қалауы бойынша Мысырға бейбіт түрде кіріңдер" деді. (99) Әке-шешесін таққа көтерді. Барлығы Алла үшін сәждеге жығылды. (Юсып F.C.): "Әй әкетайым! Міне бұрынғы көрген түсімнің жоруы. Рас оны Раббым хақиқатқа шығарды. Сондай-ақ шайтан туыстарым мен менің арамды бұзғаннан кейін, мені абақтыдан шығарып, сахарадан сендерді келтіріп, маған рас игілік етті. Күдіксіз Раббым қалағанына өте мейірімді. Ол толық білуші, хикмет иесі" (100) "Раббым маған патшалық бердің және түстердің жоруын үйреттің. Көктер мен жердің жаратушысы, Сен дүние, ахиретте иемсің. Мені бой ұсынған күйде өлтіріп, игілерге қос!" (101) (Мұхаммед F.C.) саған бұл қиссаны көмес хабарлардан уахи етеміз. Олар іс жүзінде бірлесіп (Юсыпқа) мекерлік жасағанда, жандарында болмаған едің. (102) Сен, қанша ынтызар болсаңда, адамдардың көбі иман келтірмейді. (103)

Шүйіншісі келген сәтте, жейдені Яғқұп (F.C.) тың бетіне қоя сала көзі көруге айналды: "Сендерге Алла тарапынан сендер білмейтін нәрсені білемін демеп пе едім?" деді. (96) Ұлдары: "Әй әкеміз! Біздің күнеларымыздың жарылқануын тіле! Расында біз кателескен едік" деді. (97) Яғқұп (F.C.): "Сендер үшін Раббымнан жарылқау тілеймін. Өйткені, Ол аса жарылқаушы, ерекше мейірімді" деді. (98) Олар, Юсып (F.C.) тың қасына барғанда әке-шешесін өз қасына алды да:

(Істегендеріңе) олардан ақы сурамайсың. Ол Құран бүкіл әлемге тән үгіт. (104) Көктерде және жерде қаншалаған дәлел бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді. (105) Олардың көбі Аллаға иман келтірмейді. Сондай-ақ олар ортақ қосады. (106) Ал олар, Алланың баурап алушы азабынан немесе кенеттен сезбеген түрде қияметтің келіп қалуынан қауіпсіз болды ма? (107) (Мұхаммед Ғ.С.): "Менің жолым осы. Алла жаққа шақырамын. Мен және маған ергендер, ашық дәлел үстінде. Алланы пәктеймін. Сондай-ақ шерік қатушылардан емеспін" де. (108) Сенен бұрын да кенттердің халқынан өздеріне уақи етіп, еркектерді ғана жібердік. Ал енді олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Әрине ақирет жұрты тақуалар үшін хайырлы, түсінбейсіңдер ме? (109) Хатте



пайғамбарлар күдер үзіп, олар шын мәнінде жасынға шығарылдық деп ойлаған кезде, өздеріне жәрдеміз келген еді де сонда қалағанымыз құтқарылды. Сондай-ақ бейнетіміз күнәкар қауымнан қайтарылмайды. (110) Әрине пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Бірақ өзінен бұрынғы кітаптарды растайды. Сондай-ақ иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын тура жол және игілік. (111)




13-РАҒЫД СҮРЕСІ

Мекеде түскен. Қырық үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Бұл Құранның аяттары. (Мұхаммед F.C.) саған Раббың тарапынан түсірілген хақиқат. Бірақ адамдардың көбі сенбейді. (1) Ол сондай Алла, көктерді тірексіз көтерді; көріп тұрсыңдар. Сонсоң ғаршыны меңгеріп, күн мен айды іске қосты. Олардың әрбірі бір белгілі мерзім

үшін жүреді. Бүкіл істерді Ол, жолға қойып, аяттарды ашық баян етеді. Ә р и не Р а б б ы л а р ы ң а кездесетіндеріңе нанарсыңдар. (2) Тағы Ол сондай Алла, жерді төсеп, онда асқар таулар, өзендер жаратты. Әрі онда әр түрлі жемістерден екіден жүйп етті. Түнді күндізге жабады. Шынында бұнда ойланатын қауым үшін дәлелдер бар. (3) Жер жүзінде көршілес құрылықтар, жүзім бақшалары, егіндер және ашалы, ашасыз құрманың ағаштары бар. Бәрі бір сумен суарылады да жемістерін бір-бірінен артылтамыз. Сөз жоқ, бұнда түсінген ел үшін дәлелдер бар. (4) (Мұхаммед F.C.) егер таңғалсаң, олардың: "Біз бір топырақ болған кезде, жаңадан жаратыламыз ба?",- деген сөздеріне таңырқау керек. Міне бұлар Раббыларына қарсы болғандар. Әрі бұлар мойындарында темір шынжырлар болатындар. Сондай-ақ бұлар тозақтық. Олар онда мәңгі қалады. (5)

(Мұхаммед F.C. ажыуа түрінде) олар сенен жақсылықтан бұрын жедел жамандық тілейді. Расында бұлардан бұрын ғибрат аларлық мысалдар өткен болатын. Шәксіз Раббың, адам баласының зұлымдықтарына қарсы жарылқау күшіне ие. Сондай-ақ Раббыңның азабы да қатты. (6) Сондай қарсы болғандар: "Оған Раббынан бір мұғжиза неге келмейді?,- дейді. Шын мәнінде сен бір ескертушісің. Сондай-ақ әр елдің бір жолбасшысы бар. (7) Алла (Т.) әр ұрғашы жыныстың неге жүкті болғандығын және жатырлардың нені кемітіп, нені артылтқанын (нені туып нені қойғанын) біледі. Оның жанында әр нәрсе өлшеулі. (8) (Ол) көместі, көрнеуді білуші. Аса ұлы, өте жоғары. (9) Сендерден кім сөзді жасырса да жарияласа да және кім түнде жасырынып, күндіз шықса да Аллаға бәрі бірдей. (10) Әркімнің алды-артынан Алланың әмірі бойынша, өкшелеп, қорғаушы (періштелер) бар. Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла,



оны өзгертпейді. Сондай-ақ егер Алла, бір қауымға бейнет тілесе, Сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ. (11) Ол сондай Алла, сендерге қорқу және үміт түрінде нажағайды көрсетіп, жаңбыр толы ауыр бұлттарды пайда қылады. (12) Көктің гүрілі; дәріптеп, періштелер қорқып, Алланы пәктейді. Алла, нажағайларды жіберіп, қалағанына тигізеді. Олар, Алла жайында таласады. Негізінде Алла, орасан күшке ие. (13)

سُورَةُ الرَّحْمٰنِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيْرِ

سجدة


لَهُ دَعْوَةُ الْحَقِّ وَالَّذِينَ يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ لَا يَسْتَجِيبُونَ لَهُمْ بِشَيْءٍ إِلَّا كَبْسِطٍ كَثِيْبٍ إِلَى الْمَاءِ لِيَسْلُقَ فَاهُ وَمَا هُوَ بِبَالِيْعٍ وَمَا دَعَا الْكٰفِرِيْنَ
إِلَّا فِي ضَلٰلٍ ﴿١٤﴾ وَلِلّٰهِ يَسْجُدُ مَنْ فِي السَّمٰوٰتِ وَالْأَرْضِ طَوْعًا
وَكَرْهًا وَيَطْلُبُ لَهُمْ بِالْعَذُوْرِ وَالْأَصَالِ ﴿١٥﴾ قُلْ مَنْ رَبُّ السَّمٰوٰتِ
وَالْأَرْضِ قُلْ لِلّٰهِ قُلْ أَفَاتَخَذْتُمْ مِنْ دُونِهِ أَوْلِيَآءَ لَا يَمْلِكُوْنَ لِأَنفُسِهِمْ
نَفْعًا وَلَا ضَرًّا قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الْأَعْمَىٰ وَالْبَصِيْرُ أَمْ هَلْ تَسْتَوِي
الظُّلُمٰتُ وَالنُّوْرُ أَمْ جَعَلُوا لِلّٰهِ شُرَكَآءَ خَلَقُوا كَخَلْقِهِ فَتَشْبِهُهِنَّ الْخٰلِقُ
عَلَيْهِمْ قُلْ إِنَّهُ خَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ وَهُوَ الْوٰجِدُ الْقَهْرُ ﴿١٦﴾ أَنْزَلَ مِنَ
السَّمَآءِ مَآءً فَسَالَتْ أَوْدِيَةٌ بِقَدَرِهَا فَاحْتَمَلَ السَّيْلُ زَبَدًا رَابِيًا
وَمِمَّا يُوقِدُوْنَ عَلَيْهِ فِي النَّارِ ابْتِغَآءَ حَلِيَةٍ أَوْ مِتْعٍ زَبَدٌ مِّثْلُهٗ كَذٰلِكَ
يَصْرِبُ إِلّٰهُ الْحَقُّ وَالْبَاطِلُ فَأَمَّا الزَّبَدُ فَيَذْهَبُ جُفَاءً وَأَمَّا مَا
يَبْقَعُ النَّآسَ فَيَمْكُثُ فِي الْأَرْضِ كَذٰلِكَ يَصْرِبُ إِلّٰهُ الْأَمْنَالُ ﴿١٧﴾
لِلَّذِيْنَ أَسْتَجَابُوا لِرَبِّهِمْ الْحُسْنَىٰ وَالَّذِيْنَ لَمْ يَسْتَجِيبُوْا لَهُ
لَوْ أَنَّ لَهُمْ مَآفِ الْأَرْضِ جَمِيْعًا وَمِثْلُهٗ مَعَهُ لَآفَتْ وَأُوبِيْءَ
أَوْلِيَآءِكُمْ هُمْ سَوْءُ الْحِسَابِ وَمَأْوٰهُمُ جَهَنَّمُ وَيَسَّرُ لِلهَادِ ﴿١٨﴾

٢٥١

тіпті өздеріне де пайда, зиян келтіре алмайтындарды ие қылып алдыңдар ма?",- де. "Көрмейтін мен көретін немесе жарық пен қараңғылықтар тең бе?",- де. Я болмаса, олар; Аллаға, Оның жаратқанындай жарататын; жаратулары, Алланың жаратуына ұқсас ортақтар қоса ма? (Оларға) айт: "Әр нәрсені жаратушы Алла. Ол жалғыз, аса өктем" (16) Ол көктен жаңбыр жаудырды да ойпаттар өз өлшеуі бойынша сел болып, көпірген көбікті қалқытып ақты. Сондай-ақ сәндік-бұйым немесе аспап жасау үшін оған от жағып, еріткен металдарда да сондай көбік болады. Алла, хақиқат пен жасандыны осылайша мысалдайды. Ал енді көбік кеуіп, ұшып кетеді де адам баласы пайдаланатын нәрсе жер бетінде тұрып қалады. Осылайша Алла мысал береді. (17) Раббыларына бағынғандар үшін игілік бар. Ал Оған бағынбағандар, егер біртұтас жер жүзіндегі нәрселер және онымен бірге тағы сондай нәрсе олардікі болса да (өздерін құтқару үшін) төлеуге берер еді. Міне солар үшін есептің жаманы болады. Олардың орындары тозақ; нендей жаман орын. (Жоғарыдағы мысалда хақиқат; Қорытылған металға, жасанды нәрселер, ұшып кететін көбікке ұқсатылып отыр. Ж-Қ.) (18)

Шынайы тілек Аллаға тән. Олардың Алладан өзге тілегендері, оларға ешбір жауап бермейді. Олар судың ауыздарына келуі үшін алақандарын жайған тәрізді. Тіпті су оған жетіп келмейді. Өйткені, көпірлердің тілегі мүлде қаңғырыс. (14) Көктердегі және жердегі әркім әрі көлеңкелері, ерікті, еріксіз түрде ертелі-кеш Аллаға сәжде қылады. (Әміріне бағынады.) (15) (Мұхаммед F.C.) олардан: "Көктер мен жердің Раббы кім?",- деп сұра да: "Алла!",- деп жауап бер. "Алланы қойып,

(Мұхаммед F.C.) шын мәнінде Раббың тарапынан саған түсірілгенді шындық деп білген кісі, соқыр кісімен тең бе? Бұны ақыл иелері ғана түсінеді. (19) Олар, сондай Алланың уәдесін орындағандар әрі серттерін бұзбағандар. (20) Олар, Алланың жалғастырылуын әмір еткен нәрсесін жалғастырып, Раббыларынан қорқа отырып, есебінің жаман болуынан қауіптенгендер. (21) Раббыларының ризалығын іздеп, сабыр еткендер, намазды толық орындап, өздеріне берген несібемізден көрнеу, көмес пайдаландырғандар және жақсылық арқылы жамандықты кетіргендер, міне ақирет жұртының табысы солардікі. (22) Олар Ғадын атты жаннаттарға кіреді. Аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, олар да кіреді. Періштелер әр есіктен олардың үстіне кіреді: (23) "Сабыр еткендіктерің үшін, Алланың есендігі сендерге болсын! Соңғы жұрт нендей жақсы" (дейді.) (24) Сондай, Аллаға берген серттерін бекіткеннен кейін бұзғандар және Алланың, бірлесуін бұйырған нәрселерді бөлгендер әрі жер жүзінде бұзақылық істегендер, міне лағынет осыларға. Сондай-ақ мекеннің жаманы солардікі. (25) Алла (Т.) қалаған кісінің несібесін



кеңітіп, тарылтады. Олар, дүние тіршілігіне мәз болды. Негізінде дүние тіршілігі; ақиреттің жанында тек қана бір күн көріс. (26) Қарсы болғандар: "Пайғамбарға, Раббы тарапынан бір белгі неге түсірілмеді?,- дейді. (Мұхаммед F.C.): "Расында Алла, кімді қаласа, адастырады да өзіне бұрылғанды тура жолға салады" де. (27) Сондай иман келтіргендер; Алланы еске алу арқылы көңілдері жай тапқандар. Естеріңде болсын; Алланы еске алумен жүректер орнығады. (28)

سورة الرعد

الَّذِي نَزَّلَ فِيهَا


الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ طُوبَىٰ لَهُمْ وَحُسْنُ
 مَآبٍ ﴿٣١﴾ كَذَلِكَ أَرْسَلْنَاكَ فِي أُمَّةٍ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهَا أُمَمٌ
 لِّتَسْتَلُوا عَلَيْهِمْ الَّذِي أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ وَهُمْ يَكْفُرُونَ بِالرَّحْمَنِ
 قُلْ هُوَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَإِلَيْهِ مَآبٍ ﴿٣٢﴾
 وَلَوْ أَنَّ قُرْءَانَ أَنَا سِيرَتِ بِهِ الْجِبَالُ أَوْ قُطِعَتْ بِهِ الْأَرْضُ أَوْ كُمُ
 بِهِ الْمَوْقِفُ بَلْ لِلَّهِ الْأَمْرُ جَمِيعًا أَفَلَمْ يَأْتِنِ الَّذِينَ آمَنُوا
 أَن لَّوَيْسَاءُ اللَّهِ لَهْدَى النَّاسَ جَمِيعًا وَلَا يَزَالُ الَّذِينَ كَفَرُوا
 تُصَلِّبُهُمْ بِمَا صَنَعُوا قَارِعَةً أَوْ تُخَلِّدُ قَرِيْبًا مِنْ دَارِهِمْ حَتَّىٰ يَأْتِيَ
 وَعَدَّ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ لَا يُخَلِّفُ الْعِيَادَ ﴿٣٣﴾ وَلَقَدْ أَسْمَعْتَنِي بِرُسُلٍ
 مِنْ قَبْلِكَ فَأَمَلَيْتُ لِلَّذِينَ كَفَرُوا ثُمَّ أَخَذْتَهُمْ فَكَيْفَ كَانَ
 عِقَابِ ﴿٣٤﴾ أَفَمَنْ هُوَ قَائِمٌ عَلَىٰ كُلِّ نَفْسٍ بِمَا كَسَبَتْ وَجَعَلُوا
 لِلَّهِ شُرَكَاءَ قُلْ سَمُّوهُمْ أَمْ يَنْبَغُونَ لَهُ بِمَا لَا يَعْلَمُ فِي الْأَرْضِ أَمْ
 يَبْظَهُرُ مِنَ الْقَوْلِ بَلْ رُزِقُوا الَّذِي كَفَرُوا مَكْرَهُمْ وَصُدُّوا عَنِ
 السَّبِيلِ وَمَنْ يُضِلِلِ اللَّهُ فَمَا لَهُ مِنْ هَادٍ ﴿٣٥﴾ لَهُمْ عَذَابٌ فِي الْحَيَاةِ
 الدُّنْيَا وَعَذَابٌ الْآخِرَةِ أَشَقُّ وَمَالَهُمْ مِنَ اللَّهِ مِنْ وَاقٍ ﴿٣٦﴾

٢٥٣


Аллаға тән. Мүміндер аңғармады ма? Алла қаласа еді, адамдарды тұтас тура жолға салар еді. Қарсы болғандарға Алланың уәдесі келгенге дейін қылықтарының салдарынан үнемі соққы жетеді немесе жұрттарының маңына түседі. Күдіксіз Алла серттен таймайды. (31) (Бұл соңғы үш аят, Мекке кәпірлеріне байланысты. Үйлерінің жақынындағы хауіп; Хұдайбия уақиғасы. Б.Ж.М.Р.Х.) Расында сенен бұрын келген пайғамбарлар да тәлкек қылынған болатын. Сонда қарсы болғандарға кеңшілік беріп барып сонсоң оларды қолға алдым. Азабым қандай? (32) Әркімнің істеген ісін бақылаушы Алла емес пе? Сонда да олар, Аллаға ортақтар қосты. (Мұхаммед F.C.): "Олардың аттарын атаңдар!", – де. Аллаға жер жүзінде білмейтін бір нәрсенің хабарын беріп отырсыңдар ма? Немесе бос бір сөзбен (ортақ қосасыңдар ма?) Олай емес, кәпірлерге айлакерліктері әдемі көрсетілді де тура жолдан тосылды. (33) Оларға дүние тіршілігінде азап бар. Әрине ақиретте азабы тағы қатты. Сондай-ақ оларды, Алладан ешбір қорғаушы жоқ. (34)

Сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер; шаттық та көркем орын да солардікі. (29) (Мұхаммед F.C.) осылайша, саған уахи еткенімізді, Аллаға қарсы келгендерге оқуың үшін бір елге жібердік. Одан бұрын да көптеген елдер өткен болатын. Оларға: "Ол, менің Раббым, Одан басқа тәңір жоқ. Оған тәуекел қылдым. Қайтар жерім де Сол" де. (30) Олар, егер Құран арқылы таулар жүргізіліп, жер бөлшектеніп және өліктер сөйлестірілсе де (сенбейді.) Алайда, барлық іс

Сондай тақуалар үшін әзірленген ұжмақтың мысалы: Астынан өзендер ағады. Оның жемістері және көлеңкелері мәңгілік. Міне, Алладан қорыққандардың соңы. Қарсы келушілердің соңы тозақ. (35) (Мұхаммед F.C.) өздеріне Кітап бергендеріміз; (иман келтіргендері; Б.Ж.М.Р.Х.Т.) саған түсірілген Құранға қуанады. Онымен қатар қарсы топтардан Құранның кей жерін мойындамайтындар да бар. Оларға: "Шын мәнінде Аллаға құлшылық қылуға әрі Оған ешбір ортақ қоспауға бұйырылдым. Мен Ол жаққа шақырамын. Және қайтар жерім де Сол жақ" де. (36) Осылайша, Құранды, арапша үкім түрінде түсірдік. Саған ғылым келгеннен кейін, олардың көңілдері ауған тарапқа ілессең, сені Алладан арашалайтын бір дос не қорғаушы болмайды. (37) Расында сенден бұрын да пайғамбарлар жібергенбіз. Оларға да жұбайлар, ұрпақтар бергенбіз. Ешбір пайғамбар, Алланың рұқсатынсыз бір аят келтіре алмайды. Әр нәрсенің мезгілі жазулы. (38) Алла (Т.) қалағанын өшіреді де қалдырады. Негізгі Кітап, Оның қасында. (39) (Мұхаммед F.C.) оларға уәде етілген кейбір уақиғаны, саған көрсетсек те, не саған көрсетпей өлтірсек те негізінде саған жалғастыру ғана



міндет. Есебі, бізге тән. (40) Олардың жеріне келіп, әр тараптан кеміткенімізді көрмей ме? (Исламның кеңіп, олардың кеміп бара жатқанын. Б.М.Ж.) Үкімді Алла береді. Оның үкімін тойтарушы жоқ. Ол, есепті тез көруші. (41) Расында бұларда, бұлардан бұрынғылар да мекерлік қылған. Дегенмен барлық шаралар Аллаға тән. Алла (Т.) әркімнің нә істегенін біледі. Қарсы болушылар жақында дүниенің соңғының кімдікі екенін біледі. (42)




Қарсы болғандар: "Сен Пайғамбар емессің" дейді. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Мені мен сендердің арамызға куәлік жөнінде Алла және Кітапты білгендер жетік" де. (43)

14-ІБРАҒИМ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Елу екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұрымын Алла біледі. (Мұхаммед Ғ.С.) бұл Құран адамдарды, Алланың рұқсатымен,

қараңғылықтардан жарыққа, сондай-ақ үстем әрі мақтауға лайық Алланың жолына шығаруың үшін біз саған түсірген бір Кітап. (1) Ол сондай Алла, көктердегі және жердегі нәрселер Онікі. Кәпірлерге болатын қатты азаптан нендей өкініш! (2) Олар, сондай ақиретке қарағанда, дүние тіршілігін жақсы көреді. Сондай-ақ Алланың жолынан тосып, оның қисаюын қалайды. Осылар, ұзақ қаңғырыста. (3) Әр пайғамбарды ашық түсіндірсін деп; елінің тілінде ғана жібердік. Алла кімді қаласа, адастырады да кімді қаласа, тура жолға салады. Ол, өте үстем, аса дана. (Жетінші сүренің жүз елу сегізінші аяты бойынша, Мұхаммед (Ғ.С.) бүкіл адам баласына, Алла тарапынан Елші екендігі даусыз. Арап тілінде түскен Құранның әр тілдегі аудармасы уәкілдік етеді. Б.М.Р.Х.) (4) Расында Мұса (Ғ.С.) ны: "Еліңді қараңғылықтардан жарыққа шығар. Алланың күндерін ескерт" деп, мұғжизалармен жібердік. Шәксіз мұнда; бейнетке сабыр етіп, нығметке шүкірлік етушілер үшін өнегелер бар. (5)

Сол уақытта Мұса (Ғ.С.) еліне: "Алланың сендерге берген ырысын еске алыңдар. Өйткені, сендерді Перғауынның сыбайластарынан құтқарды. Олар, сендерді жаман қинаумен ұстаушы еді. Ұлдарынды бауыздап, әйелдеріңді тірі қоятын еді. Міне, бұнда сендерге, Раббыларың тарапынан үлкен сынау бар. (6) Сол уақытта Раббыларың: "Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін. Ал, егер қарсы келсеңдер, азабым тым қатты" деп, жариялады. (7) Мұса (Ғ.С.): "Сендер және бір тұтас жер жүзіндегі әркім қарсы келсеңдер де Алла анық мұңсыз, мақтауға лайық. (8) Сендерге өздеріңнен бұрынғы Нух, Ғад, Сәмүд және сондай-ақ олардан кейінгілердің хабары келмеді ме? Оларды Алла ғана біледі. Оларға пайғамбарлары мұғжизалармен келген еді. Олар саусақтарын ауыздарына апарып (бармақтарын тістеп): "Шынында біз сендер арқылы жіберілген нәрсеге қарсымыз. Сондай-ақ сен бізді шақырған нәрсеге, әлбетте шәкте




және күдіктіміз" деді. (9) Олардың пайғамбарлары: "Көктер мен жерді жаратушы Алла жайында күмәнданасыңдар ма? Ол күнәларыңды жарылқауға және сендерді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіруге (кеңшілік етуге) шақырады" деді. (Олар, пайғамбарларына): "Сендер де біздей-ақ адамсыңдар. Бізді ата-бабаларымыздың табынған нәрселерінен тосқыларың келе ме? Бізге ашық бір дәлел келтіріңдер" деді. (10)




пайғамбарларына: "Әлбетте сендерді жерімізден шығарамыз немесе дінімізге қайтасыңдар" деді. Сондықтан оларға, Раббылары: "Әлбетте залымдарды типыл қыламыз" деп, уахи етті. (13) "Әлбетте ол жерге олардан кейін сендерді орналастырамыз. Бұл хұзырымнан сескеніп, ескертуімнен қорыққандығы үшін..." (14) (Пайғамбарлар) Алладан көмек тіледі де зорекер қасарысқанның барлығы зиянға ұшырады. (15) Оларға оның артынан тозақ бар. Және іріңнің суы ішкізіледі. (16) Оны жұтуға тырысады, оны тамағынан өткізе алмайды. Сондай-ақ оған әр тараптан өлім келеді. Ол өле алмайды. Тағы оның артынан ауыр азап келеді. (17) Сондай Раббыларына қарсы келгендердің ғамалдарының мысалы; Боранды күнде жел ұшырған күл сияқты. Еңбектерінен ешбір пайда көре алмайды. Міне! Осы, ұзақ қаңғырыс. (18)

Пайғамбарлары оларға: "Әрине біз сендер құсаған адам баласымыз. Бірақ Алла (Т.) құлдарынан кімді қаласа, соны сыйлыққа бөлейді. Алладан бұйрықсыз біздің сендерге бір мүғжиза келтіруіміз мүмкін емес. Мүміндер Аллаға ғана тәуекел етсін" деді. (11) "Расында, бізге тура жолдарымызды көрсеткен Аллаға сенім артпайтын не болды? Бізге тарттырған жапаларыңа әлбетте сабыр етеміз. Ендеше, Аллаға сенім артушылар тәуекел етсін" (деді) (12) Ал қарсы болғандар,

(Мұхаммед F.C.) Алланың көктер мен жерді шындық бойынша жаратқанын көрмедің бе? Егер қаласа, сендерді кетіріп, жаңадан халық келтіреді. (19) Бұл Алла (Т.) ға елеулі жұмыс емес. (20) Барлығы Алланың хұзырына шығып, сонда нашарлары, үлкенсігендерге: "Біз сендерге еріп едік. Ал сендер, бізден Алланың азабынан еш нәрсе кетіре аласындар ма?,- дейді. Олар: "Алла бізді егер оңғарған болса еді, әрине біз де сендерді оңғарар едік. Енді біз бай-байласақ та шыдасақ та бәрі бір. Құтылар жеріміз жоқ" дейді. (21) Іс біткен заман шайтан: "Расында Алла сендерге шындықты уәде етті. Сондай-ақ мен де сендерге уәде етіп, опасыздық еттім. Негізінде, сендерді шақырғаннан басқа өктемшілігім жоқ еді. Сонда да шақыруымды қабыл алдыңдар. Ендеше, мені сөкпеңдер де өздеріңді сөгіндер. Мен сендерді құтқара алмаймын. Сондай-ақ сендер де мені құтқара алмайсындар. Расында, бұрыннан да мені Аллаға ортақ қосуларыңа




қарсы едім" дейді. Сөз жоқ залымдарға жан түршігерлік азап бар. (22) Сондай иман келтіріп ізгі іс істегендер, Раббыларының рұқсатымен ішінде мәңгі қалатын, астынан өзендер ағатын жаннаттарға кіргізіледі. Олардың жаннаттағы амандасулары "сәлем" болады. (23) (Мұхаммед F.C.) көрмейсің бе? Алла қандай мысал берді: Көркем сөз, ("Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ" деген сөз. Б.Ж.М.Р.Х.Т.Ж-Қ) тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді. (24)




Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша, әр уақыт жемісін береді. Алла (Т.) адам баласына насихат алуы үшін мысал келтірді. (25) Ал енді (Аллаға шерік қатылған) жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты. (26) Алла (Т.) сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де ақиретте де мықты сөзбен бекітеді. (Сондықтан ол мүмін өмірде қандай қатты қинау көрсе де: "Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ. Мұхаммед Алланың Елшісі" деген сенімнен бұлжымайды әрі

қабырдағы сурақтарға да дұрыс жауап береді. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.) Алла залымдарды адастырады. Сондай-ақ Алла қалағанын істейді. (27) (Мұхаммед Ғ.С.) сондай Алланың нығметтеріне шүкір етуді, қарсы болуға ауыстырған және қауымдарын, құритын жұртқа итергендерді көрмейсің бе? (28) Олардың жұрты жағаннам нендей жаман орын. (29) Олар, жолдан адастыру үшін Аллаға теңдестер жасайды. Оларға: "Күн көре тұрыңдар! Қайтар орындарың тозақ" де. (30) Сондай иман келтірген құлдарыма айт: "Намазды толық орындасын. Сондай - ақ бір нәрсені айырбастауға және достық болмайтын бір күннің келуінен бұрын өздеріне берген несібемізден тиісті орынға көрнеу, көмес жұмсасын. (31) Сондай Алла (Т.) көктер мен жерді жаратып, аспаннан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық үшін өнімдерді шығарды. Онымен қатар өз өмірімен теңізге жүргізу үшін кемелерді еріктеріңе берді. Әрі өзендерді де сендерге бағындырды. (32) Ол Алла (Т.) сендердің пайдаларың үшін, тұрақты түрде күн мен айды іске қосып, күн мен күндізді де іске қосты. (33)

Әрі сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында адам баласы өте енсапсыз, аса шүкірсіз. (34) (Мұхаммед F.C.) сол уақытта Ыбырайым (F.C.): "Раббым! Осы Мекке қаласын бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды бұттарға шоқынудан ұзақ қыл!" (35) "Раббым олар, адамдардың көбін адастырды. Ал енді біреу маған ерсе, рас ол менен. Тағы біреу маған қарсы келсе, онда Сен өте жарылқаушы, ерекше мейірімдісің" (36) "Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйің (Кағба) ның жанына орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілдерін оларға ауатын қыл! Сондай-ақ оларды, жемістермен ризықтандыр! Әрине олар шүкірлік етер" (37) "Раббымыз! Күдіксіз, Сен жасырын, әшкерелерімізді білесің. Жердегі, көктегі нәрселер Аллаға жасырын емес" (38) "Барлық мақтау маған қартайған шағымда Ысмайыл мен



Ысхақты берген Аллаға тән. Күдіксіз Раббым тілекті естуші" (39) "Раббым! Мені әрі ұрпақтарымды намазды толық орындаушы қыл! Раббымыз! Тілегімді қабыл айла!" (40) "Раббымыз! Есеп құрылатын күні, мені, әке-шешемді (9-C.114-A) және мүміндерді жарылқа!",- (деді) (41) (Мұхаммед F.C.) Алла (T.) залымдардың істегендерінен кәперсіз деп әсте ойлама! Шынында Алла, оларды көздер шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеулетеді. (42)




(Сол күні) олар бастарын қақшитып, олардың көздері өздеріне де қайрылмай және жүректері ұшып, жүгіріп бара жатады. (43) Адамдарды, оларға азап келетін күннен қорқыт! Сондай залымдық қылғандар (сол күні): "Раббымыз! Бізді жақын бір мерзімге дейін кешіктірі. Шақыруыңды мақұлдап, пайғамбарларыңа ерейік" дейді. (Оларға): "Бұрын өздеріңе ешбір зауал болмайтынына ант ішпеп пе едіңдер?",- (делінеді.) (44) Сендер өздеріне зұлымдық


қылғандардың жұрттарында отырдыңдар. Оларға қалай істегеніміз сендерге аян болды. Сендерге өнегелі мысалдар бердік. (45) Олар түрлі мекерлік істеді. Негізінде олардың мекерліктері тіпті тауларды қозғалтатын болса да мекерліктерін Алла іске асырмайды. (46) (Мұхаммед F.C.) Алла пайғамбарларына еткен уәдесінен таяды деп ойлама! Шәксіз Алла өте үстем, өш алу күшіне ие. (47) О күні, жер басқа жерге, көктер де басқаға ауыстырылады. Әлем, жалғыз, өктем Алланың хұзырына шығады. (48) Сол күні, күнәкарлардың шынжырларға маталғанын көресің. (49) Олардың көйлектері қара майдан болады да олардың беттерін от шалады. (50) Өстіп, Алла әркімге істеген еңбегінің бодауын беру үшін. Күддіксіз Алла тез есептеуші. (51) Бұл (Құран) адам баласына бір құлақтандыру. Бұл арқылы сескенсін және шын мәнінде Алланың жалғыз Тәңірі екенін білсін. Әрі ақыл иелері үгіт алсын. (52)

15-ХЫЖЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Тоқсан тоғыз аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Ұғымын Алла біледі. Бұлар
 Кітаптың; ап-ашық Құранның
 аяттары. (1) Кейде сондай қарсы
 болғандар да: "Әттең! Мұсылман
 болсақ еді" деп арман қылады.
 (6-С.27-А.) (2) (Мұхаммед Ғ.С.)
 оларды қойып қой. Жесін,
 пайдалансын; дәмелері
 айналдырсын. Олар жуықта түсінеді.
 (3) Ешбір жұртты, белгілі бір
 мерзімсіз әсте жоқ етпедік. (4) Ешбір
 үммет ажалын ілгердете алмайды да
 кейіндете алмайды. (5) (Кәпірлер,
 Пайғамбарға): "Әй өзіне үгіт (Құран)
 түсірілген! Сен анық жындысың"
 деді. (6) "Егер сен шыншылдардан
 болсаң періштелерді неге
 әкелмейсің?" (7) Періштелерді бір
 шындық түрінде ғана түсіреміз де
 сол уақытта оларға мұрса
 берілмейді. (8) Расында Құранды Біз
 түсірдік. Әрі шын мәнінде, оны Біз
 қорғаушымыз. (9) Расында




(Мұхаммед Ғ.С.) сенен бұрын
 алғашқы топтарға да елші жібердік.
 (10) Оларға келген пайғамбарды,
 олар, мүлде тәлкек қылар еді. (11)
 Осылайша (мазақтаған нәрсесін)
 күнәкарлардың жүректеріне
 кіргіземіз. (12) Сонда да олар оған
 сенбейді. Расында бұрынғылар да
 сөйтіп өткен болатын. (13) Егер
 оларға көктен бір есік ашсақ, дереу
 жоғары шығып бара жатса: (14)
 "Расында көздеріміз байланды.
 Бәлкім біздер жадыланған елміз"
 деседі. (15)




нәрсенің қорлары бар. Бірақ белгілі мөлшерде ғана түсіреміз. (21) Пайдалы желдерді жібердік те аспаннан жаңбыр жаудырып, сендерді сонымен сусындаттық. Әйтпесе, сендер оны жинап ала алмайсыңдар. (22) Күдіксіз біз тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ барлығының мұрагері бізбіз. (28-С. 88-А.) (23) Расында сендерден бұрын келгендерді де білеміз. Сондай-ақ кейінгі келетіндер де бізге мәлім. (24) (Мұхаммед Ғ.С.) сөз жоқ, Раббың, оларды (қияметте) жинайды. Өйткені, Ол, хикмет иесі, толық білуші. (25) Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық. (26) Жындарды да (адамнан бұрын) түтінсіз оттан жаратқан едік. (27) (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта Раббың періштелерге: "Бейнеленген қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан адам жаратамын" деді. (28) Оның жаратылысын тамадап, оған рухымнан үрлеген (жан салған) сәтте, оған сәжде қылыңдар! (Бас иіңдер!) (29) Сонда періштелер тұтас сәжде қылды. (30) Бірақ, Ібіліс сәжде қылушылармен бірге болудан бас тартты. (31)

Расында біз көкте жұлдыздар жаратып, қараушылар үшін аспанды безедік. (16) Сондай-ақ ол көкті, бүкіл қарғыс тиген шайтаннан қорғадық. (17) Дегенмен кім ұрлықшылап тыңдаса, оны жарық үшқын қуады. (18) Тағы жерді жайдық та оған асқар таулар орналастырдық. Сондай-ақ ол жердегі әр нәрсені мәлім мөлшерде өсірдік. (19) Және жерде сендер үшін де, сендер ризық бере алмайтындар үшін де күн көріс жасадық. (20) Өйткені, біздің қасымызда әр

(Алла Т.): "Әй Ібіліс! Сен неге сәжде қылушылармен бірге болмадың" деді. (32) (Ібіліс): "Сен бейнеленген қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан жаратқан адамға сәжде етуіме болмайды" деді. (33) (Алла): "Онда сен жаннаттан шық. Өйткені, сен қуылдың" деді. (34) "Шынында саған қиямет күніне дейін лағынет бар..." (35) (Ібіліс): "Ендеше, Раббым! Маған қайта тірілетін күнге дейін кеңшілік бер" деді. (36) (Алла, Ібіліске): "Расында саған кеңшілік берілді" деді. (37) "белгілі бір мерзімге дейін" (38) (Ол): "Раббым, мені қаңғыртқандығың үшін; әлбетте адам баласына жер жүзіндегі (жаман) нәрселерді жақсы көрсетіп, олардың барлығын адастырамын" деді. (39) "Бірақ, олардың ішіндегі нағыз құлдарыңды адастыра алмаймын" (деді.) (40) (Алла): "Маған келетін тура жол осы" деді. (41) "Менің шынайы құлдарыма ықпалың жүрмейді. Бірақ, саған кім ерсе, адасқандардан болады" (42) "Сөз жоқ, олардың бәрінің уәделі жәрі жааннам" (43) Тозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардан бір бөлегі айрылады. (44) Сөзсіз тақуалар




бақшаларда және бастауларда болады. (45) Жаннатқа амандықпен кіріңдер! (46) Олардың жүректеріндегі кекті шығардық. туыс болып, тақтардың үстінде бір-біріне қарсы отырады. (47) Жаннатта олар шаршамайды да одан шығарылмайды. (48) (Мұхаммед F.C.) құлдарыма хабар бер. Күдіксіз Мен аса жарылқаушы, ерекше мейірімдімін. (49) Шын мәнінде азабым да күйзелтуші. (50) Оларға Ыбырайым (F.C.) ның қонақтарының да жайын айт. (51)



кім күдер үзеді?,- деді. (56) (Періштелерге): "Әй елшілер! жұмыстарың не?,- деді. (57) (Елшілер): "Расында біз бір қылмысты елге жіберілдік" деді. (58) "Лут (Ғ.С.) тың сыбайластарын түгел құтқарамыз" (59) "Бірақ, оның жұбайы құтқарылмайды. Өйткені, оны типыл болатындардан болуын ұйғардық" (60) Елшілер, Лут семьясына келгенде: (61) "Сөзсіз сендер бөгде кісілерсіңдер" деді. (Лут Ғ.С. оларға.) (62) (Елшілер): "Жоқ, біз олардың күмәнданған азабын алып келдік" деді. (63) "Біз саған нақ шындықты келтірдік. Әрине шын айтамыз" (64) "Дереу көштің бір бөлімінде түн қатып, үй-ішінді алып жөнел. Өзің, олардың артында жүр. Сендерден ешкім артына қарамасын. Бұйырылған жерге жете беріңдер" (65) (Лут Ғ.С.ға): "Күдіксіз олардың соңы таңменен жоғалады" деген бұйрықты білдірдік. (66) Қаланың халқы (арсыздық істеу үшін) қуанысып жетті. (67) (Лут Ғ.С.): "Рас бұлар, менің қонағым. Мені қорламаңдар" деді. (68) "Алладан қорқыңдар. Мені ренжітпеңдер..." (69) (Олар): "Біз сені елді қорғаудан тыймап па едік?,- деді. (70)

Сол уақытта періштелер, Ыбырайым (Ғ.С.) ның жанына кіріп: "Сәлем" дегенде, Ыбырайым (Ғ.С.): "Біз сендерден қорқамыз" деді. (52) (Періштелер): "Қорықпа! Біз сені білімді бір ұлменен шүйіншілейміз" деді (53) (Ыбырайым Ғ.С.): "Маған кәрілік жеткенде қуантасыңдар ма? Мені неліктен шүйіншілейсіңдер?",- деді. (54) (Періштелер): "Біз, сені бір шындықпен шүйіншіледік. Енді күдер үзушілерден болма!" деді. (55) (Ыбырайым Ғ.С.): "Раббының рахметінен, адасушылардан басқа

(Лут F.C.): "Егер айтқанымды істейтін болсаңдар, мыналар қыздарым" деді. (71) (Мұхаммед F.C.) Өміріңе серт! Олар, расында мастықтарында дел-сал еді. (72) Сонда оларды күн шыға ащы дауыс алды. (73) Оны, асты-үсті қып, үстөріне қатқан қиыршықтан тас жаудырдық. (74) Күдіксіз осыда, қырағылар үшін әлбетте өнегелер бар. (75) Өйткені, ол жер, жол үстінде еді. (76) Күдіксіз осыда мүміндер үшін ғыбрат бар. (77) (Шұғайып F.C. ның елі) Әйкеліктер де залым болған еді. (78) Оларды да жазаландырдық. (Садум, Әйке) екеуі де даңғыл жол үстінде. (79) Әлбетте (Салиь елі) Хыжырлықтар да пайғамбарларды жасынға шығарған еді. (80) Оларға мұғжизаларымызды келтірдік. Алайда, олар, одан бет бұрған еді. (81) Олар, таулардан берік үйлер үңгіп алатын еді. (82) Сонда оларды да таңменен ащы дауыс қолға алды. (83) Олардың істеген еңбектерінің (мықты үйлерінің) өздеріне бір пайдасы болмады. (84) Көктер мен жерді әрі екеуінің арасындағы нәрселерді бір шындық бойынша жараттық. Сөзсіз қиямет келеді. Сондықтан көркем, жұмсақ сыңай байқат. (85) Шынында Раббың, Ол толық



жаратушы, аса білуші. (86) (Мұхаммед F.C.) әлбетте біз саған қайталанып оқылатын жеті аятты (Фатиха сүресін) және ұлы Құранды бердік. (87) Кәпірлердің кейбіреулеріне, біз пайдаландырған нәрселерге көз сүзбе. Оларға қамықпа. Мұсылмандарға қанатыңды жай. (88) "Шын мәнінде мен сендерге ашық ескертушімін" де. (89) Сөйтіп, бөлүшілерге де Кітап түсірген едік. (Кітап иелері немесе Меккеліктер. Б.Ж.М.К.Т.Х.Ж.-Қ.) (90)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الَّذِينَ جَعَلُوا الْقُرْآنَ عِضِينَ

الَّذِينَ جَعَلُوا الْقُرْآنَ عِضِينَ ﴿٩١﴾ فَوَرَبِّكَ لَنَسْتَأْتَهُمُ
 أَجْمَعِينَ ﴿٩٢﴾ عَمَّا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿٩٣﴾ فَأَصْدَعْ يَا مُؤْمِرُ وَأَعْرِضْ
 عَنِ الْمُشْرِكِينَ ﴿٩٤﴾ إِنَّا كَفَيْنَاكَ الْمُسْتَهْزِئِينَ ﴿٩٥﴾ الَّذِينَ
 يَجْعَلُونَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ فَسَوْفَ يَعْلَمُونَ ﴿٩٦﴾ وَلَقَدْ نَعَأَهُ
 أَنْكَ يَصِيقُ صَدْرُكَ بِمَا يَقُولُونَ ﴿٩٧﴾ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَكُنْ
 مِنَ السَّاجِدِينَ ﴿٩٨﴾ وَاعْبُدْ رَبَّكَ حَتَّىٰ يَأْتِيَكَ الْيَقِينُ ﴿٩٩﴾

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَن أَمَرَ اللَّهُ فَلَا تَسْتَعْجِلُوهُ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَىٰ عَمَّا يُشْرِكُونَ
 ﴿٩١﴾ يُزِيلُ الْمَلٰٓئِكَةُ بِالرُّوحِ مِنْ أَمْرِهِ عَلَىٰ مَنْ يَشَاءُ مِنْ عِبَادِهِ
 أَنْ أَنْذِرُوا أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاتَّقُونَ ﴿٩٢﴾ خَلَقَ السَّمٰوٰتِ
 وَالْأَرْضِ بِالْحَقِّ تَعَالَىٰ عَمَّا يُشْرِكُونَ ﴿٩٣﴾ خَلَقَ
 الْإِنسَانَ مِنْ نُطْفَةٍ فَإِذَا هُوَ خَصِيمٌ مُّبِينٌ ﴿٩٤﴾ وَالْأَنْفُسَ
 خَلَقَهَا أَلْكُمْ فِيهَا دَفٌّ وَمَنْعَفٌ وَمِنْهَا تَأْكُفُونَ ﴿٩٥﴾
 وَلَكُمْ فِيهَا جَمَالَ حَيَاتٍ تَرْيَحُونَ وَحِينَ تَسْرَحُونَ ﴿٩٦﴾

٢٦٧

көңліңнің тарайғанын білеміз. (97) Енді Раббыңды пәктеп, дәріптеп сәжде етушілерден бол. (98) Раббыңа, саған өлім келгенге дейін құлшылық қыл. (99)


16- НАХЫЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз жиырма сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Алланың әмірі келді. Сондықтан оның тез келуін тілемендер. Алла, олардың қосқан шеріктерінен пәк те жоғары. (1) Алла періштелерді өз әмірлерінен бір рұхпенен (уахименен) құлдарынан қалағанына: "Рас Менен басқа ешбір Тәңір жоқ. Әрі Менен қорқыңдар" деп ескертіндер делінген түрде түсіреді. (2) Ол көктерді және жерді шындықпенен жаратты. Олардың қосқан шеріктерінен жоғары. (3) Адам баласын бір тамшы судан жаратты. Сонда да ол ашық жанжалшыл. (4) Тағы малдарды жаратты: Малдар да сендерді жылытатын және басқа пайдалы заттар бар. Әрі олардан жейсіңдер. (5) Сендер үшін малдарды қоралаған уақытта және өргізген кезде, бір зауық бар. (6)

Олар, Құранды бөлшектегендер. (Инжіл, Тәуратқа сәйкеспейді және өлең, сиқыр, бақсылық, ертегі т.б. деп, тоғыз саққа жүгірткендер.) (91) (Мұхаммед F.C.) Раббыңа серт, әлбетте оларды түгел сұраққа тартамыз; (92) Олардың қылған қылықтарынан. (93) Саған берілген бұйрықты ашық ұқтыр да шерік қатушылардан бет бұр. (94) Рас сені мазақтаушыларға қарсы Біз жетіп асамыз. (95) Алламен бірге басқа тәңір қылып алғандар, әлі-ақ біледі. (96) Расында олардың айтқандарына



Малдар; жандарың қиналып, ерең қалаға жеткізетін жүктеріңді көтереді. Рас Раббыларың өте жұмсақ, ерекше мейірімді. (7) Жылқыларды, қашарларды және есектерді мінулерің әрі зейнет үшін жаратты. Тағы сендер білмейтін нәрселерді жаратады. (Бірақ жылқы етін жеуге болады. Ж.Б.М.К.Т.) (8) Тура жолды түсіндіру Аллаға тән. Ол жолдың қисығы да бар. Егер Алла қаласа, барлығыңды тура жолға салар еді. (9) Ол сондай Алла, сендерге көктен жаңбыр жаудырып, одан сусын және ол арқылы малдарыңды жаятын орман шығарады. (10) Алла, сендерге су арқылы егін, зәйтін, құрма ағаштары, жүзімдер және бүкіл өсімдіктерден өсіреді. Тақ осында түсінетін ел үшін әрине белгілер бар. (11) Ал сендер үшін түнді, күндізді әрі айды, күнді істетті.

Жұлдыздар да Оның әміріне бағынысты. Тақ осыда, ойланған қауым үшін әлбетте белгілер бар. (12) Сендер үшін жер жүзінде түрлі-түсті не жаратқан болса, шын үгіт алатын қауым үшін әлбетте үлгі бар. (13) Және де Ол, сондай Алла, жас ет жеулерің үшін және киініп, тағынатын сәндік-бойымдар шығаруларың үшін теңізді бағындырды. Алладан ризық іздеулерің үшін кемеңіз суды жарып бара жатқанын көресің. Әрине шүкірлік етерсіңдер. (14)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الَّذِينَ يَخْتَفُونَ


وَالَّذِينَ فِي الْأَرْضِ رَوَّسًا أَن نَّسَيْدَ يَكْفُرُوا وَأَتَوُوا سُبُلًا
لَّعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ ﴿١٥﴾ وَعَلَّمَتْنِي وَبِالتَّجْمِيمِ هُمْ يَهْتَدُونَ
﴿١٦﴾ أَفَمَن يَخْلُقُ كَمَن لَا يَخْلُقُ أَفَلَا تَذَكَّرُونَ ﴿١٧﴾ وَإِن
تَعُدُّوا نِعْمَةَ اللَّهِ لَا تُحْصُوهَا إِنَّ اللَّهَ لَعَفُورٌ رَّحِيمٌ ﴿١٨﴾
وَاللَّهُ يَعْلَمُ مَا تُسْرُوتُ وَمَا تُعْلِنُونَ ﴿١٩﴾ وَالَّذِينَ يَدْعُونَ
مِن دُونِ اللَّهِ لَا يَخْلُقُونَ شَيْئًا وَهُمْ يُخْلَقُونَ ﴿٢٠﴾ آمَنُوا عَذْرَ
أَخْيَارٍ وَمَا يُشْعُرُونَ أَيَّانَ يُبْعَثُونَ ﴿٢١﴾ إِلَهُكُمْ إِلَهُ وَاحِدٌ
فَالَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِالْآخِرَةِ قُلُوبُهُم مُّنْكَرَةٌ وَهُمْ مُّسْتَكْبِرُونَ
﴿٢٢﴾ لَّاحِرْمَ أَنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ مَا يُسْرُوتُ وَمَا يُعْلِنُونَ إِنَّهُ
لَآ يُحِبُّ الْمُسْتَكْبِرِينَ ﴿٢٣﴾ وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ مَاذَا أُنزِلَ رُبُّكُمْ
قَالُوا الْأَسْطِيرُ الْأُولَىٰ ﴿٢٤﴾ لِيَحْمِلُوا أَوْزَارَهُمْ كَامِلَةً
يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَمِن أَوْزَارِ الَّذِينَ يُضِلُّونَهُمْ بِغَيْرِ عِلْمٍ أَلَا
سَاءَ مَا يَزِيدُونَ ﴿٢٥﴾ قَدْ مَكَرَ الَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ
فَأَنَّى اللَّهُ بُنِينَهِمْ مِنَ الْقَوَاعِدِ فَخَرَّ عَلَيْهِمُ السَّقْفُ
مِن فَوْقِهِمْ وَأَتَنَّهُمُ الْعَذَابُ مِن حَيْثُ لَا يَشْعُرُونَ ﴿٢٦﴾

٢٦٩


Алладан басқа жалбарғандары еш нәрсені жарата алмайды. Олар жаратылғандар. (20) Олар өлі, тірі емес. Сондай-ақ қашан тірілетіндерін білмейді. (21) Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Сондай ақиретке нанбаушылардың жүректері қарсы. Сондықтан олар менменсушілер. (22) Дау жоқ! Алла, олардың жасырғандарын және көрнеу істегендерін біледі. Расында Алла өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді. (23) Қашан оларға: "Раббыларың не түсірді?",- делінсе: "Бұрынғылардың ертегілері!",- дейді. (24) Өстіп олар қиямет күні, өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбіреуін көтереді. Байқаңдар! Үстіне алған нәрселері нендей жаман. (25) Расында бұлардан бұрынғылар да айлакерлік істеген. Сондықтан Алла, олардың құрылыстарының ірге тастарынан келіп, төбесі жоғартынан үстеріне құлады. Сондай-ақ оларға аңғармаған жерден апат келді. (Бұл, Намруттың Бабылда жасатқан, Алла тарапынан жіберілген жел құлатқан мұнараның мысалы. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) (26)

Сендерді теңселтпеу үшін жер жүзінде асқар тауларды орналастырды. Жөн тауып жүрулерің үшін өзендер, жолдар жаратты. (15) Олар жол тауып жүретін белгілер және жұлдыздар (жаратты.) (16) Жаратушы біреу, жарата алмайтын біреумен тең бе? Енді де түсінбейсіңдер ме? (17) Алланың нығметін санасаңдар санына жете алмайсыңдар. Рас, Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (18) Алла (Т.) жасырын және көрнеу не істегендеріңді біледі. (19) Сондай

Сонсоң қиямет күні Алла оларды қорлайды да: "Сендердің сол жайында таласқан ортақтарым қайда?", – дейді. Сондай білім иелері: "Рас, бүгін қорлық және жаманшылық, қарсы болушылардың үстінде" дейді. (27) Сондай өздеріне зұлымдық еткендердің періштелер жандарын аларда: "Ешбір жаманық істемеп едік" деп мойынсал болады. Олай емес. Рас Алла сендердің істегендеріңді жақсы біледі. (28) Сондықтан ішінде мүлде қалатын жаһаннамның есіктерінен кіріңдер. Өзін жоғары санағандардың орны нендей жаман. (29) Сондай Алладан қорыққандарға: "Раббыларың не түсірді?", – делінсе, олар: "Игілік" дейді. Сондай-ақ жақсылық істегендерге бұл дүниеде жақсылық бар. Әрине ақирет жұрты тағы жақсы. Әлбетте тақуалардың қонысы қандай жақсы. (30) Олар, астарынан өзендер ағатын Ғадын бақшасына кіреді. Сондай-ақ олар онда нені қаласа бар. Осылайша, тақуаларды Алла сыйлайды. (31) Ол сондай тақуалар, жақсы жағдайда періштелер жандарын алып: "Сендерге есендік болсын,




ғамалдарыңа орай жаннатқа кіріңдер" дейді. (32) Қарсы болғандар, өздеріне (жан алғыш) періштелердің келуін немесе Раббыңның бұйрығының келуін ғана күте ме? Бұлардан бұрынғылар да осылайша істеген болатын. Сондай-ақ Алла оларға зұлымдық қылмады. Бірақ олар, өздеріне зұлымдық қылған еді. (33) Сондықтан істеген кесірлері өздеріне тиіп, сондай-ақ сайқы-мазақ қылған нәрселері өз бастарына жетті. (34)




Аллаға шерік қосқандар: "Егер Алла қаласа еді, біз де аталарымыз да Алладан өзге ешбір нәрсеге табынбас едік. Әрі Оның бұйрығынсыз еш нәрсені арам етпес едік" деді. Осылайша, бұлардан бұрынғылар да істеген. Сонда елшілерге ашық жалғастыру ғана міндет. (35) Расында әр үмметке: "Аллаға құлшылық қылыңдар, бұзықтардан аулақ болыңдар" дейтін елші жібердік. Олардың кейбіреулерін Алла оңғарып, кейбіреулеріне адасу тиісті болды.

Ал енді жер жүзінде кезіндер де жасыңға шығарушылардың соңының не болғанын көріңдер. (36) (Мұхаммед F.C.) егер олардың оңғарылуына құштар болсаң да рас Алла адастырған біреуді оңғармайды. Әрі олар үшін жәрдемші жоқ. (37) Және де олар: "Алла, өлген біреуді тірілтпейді" деп, Алланың атымен қатты ант ішті. Олай емес. (Өлікті тірілту) Алланың шын уәдесі. Бірақ адамдардың көбі білмейді. (38) Алла, оларға қайшылыққа түскен нәрселерін анықтау, қарсы болғандардың өтірікші екенін білдіру үшін (өліктерді тірілтеді.) (39) Бір нәрсенің болуын қалағанда, сөзіміз тек қана оған: "Бол" деу; сонда бола қалады. (40) Сондай зұлымдыққа ұшырағаннан кейін Алла жолында босқандарды, дүниеде жайлы қонысқа орналастырамыз. Егер олар білетін болса, ақиреттегі сыйлығы тағы үлкен. (41) Олар, сондай сабыр етіп, Раббыларына тәуекел еткендер. (42)

(Мұхаммед F.C.) сенен бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана елші етіп, жібердік. Егер білмесеңдер, кітап иелерінен сұраңдар. (43) Мүғжизалармен, кітаптармен (пайғамбарлар жібердік.) Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер. (44) Сондай мекерліктің жаманын істегендер, Алланың, өздерін жерге жұттыруынан немесе ойламаған жерден өздеріне азап келуінен хауіпсіз бе? (45) Немесе олар кезіп жүргенде, өздерін апат алуынан бейбіт болды ма? Онда олар қашып құтыла алмайды. (46) Яки олар, өздері қорыққан апаттың алуынан алаңсыз болды ма? Шынында Раббыларың аса жұмсақ, ерекше мейірімді. (47) (Сәжде аяты) олар Алланың жаратқан нәрселерінің көлеңкелерінің оң және сол жақтардан ауытқып, Аллаға бас қойған түрде, олардың бой ұсынғанын көрмей ме? (48) Көктерде және жерде болған әр жандық әрі періштелер, тәкаппарланбай Аллаға сәжде қылады. (49) Өздерінен үстем болған Раббыларынан қорқады. Әрі берілген бұйрықтарды орындайды.




(50) Алла (Т.): "Екі тәңір жасап алмандар. Шын мәнінде, Ол, бір-ақ Тәңір. Ендеше, Менен ғана қорқыңдар" деді. (51) Көктерде және жерде болған нәрселер Оның иелігінде. Ұдайы құлшылық Аллаға тән. Алладан басқадан қорқасыңдар ма? (52) Сендердегі әр нығмет Алладан. Сонан кейін сендерге зиян жетсе, сонда Оған жалбарынасыңдар. (53) Сонан соң сендерден Ол, қиыншылықты айықтырған сәтте, бір бөлімдерің, Раббыларына ортақ қосады. (54)




Олар берген нығметтерімізге нашүкірлік етеді. Әзірше пайдалана тұрыңдар, жедел білесіңдер! (55) (Мүшріктер) өздеріне берген несібемізден, не екенін білмейтін бұттарға сыбаға арнайды. Аллаға серт! Бұл жасама қылықтарыңнан әлбетте сұраққа тартыласыңдар. (56) Тағы олар, Аллаға қыздарды ұйғарады. (Періштелерді Алланың қыздары дейді.) Алла, одан пәк. Өздері үшін қалағанын (ұлды) арнайды. (57) Егер, олардың біреуі қызбен шүйіншіленсе, (әйелінің

қыз тапқанын естісе,) оны ашу қысып, беті қап-қара бола бастайды. (58) Өзіне берілген жаман хабардың салдарынан, елден жасырынады. Оны қордыққа шыдап ұстау немесе топыраққа көміп тастау керек пе? Ал, олар, нендей жаман үкім береді. (59) Сондай ақиретке сенбегендер үшін мысалдың жаманы болады. Мысалдың жоғарысы, Аллаға тән. Ол, үстем, хикмет иесі. (60) Алла, адам баласын, олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жәндік қалмас еді. Бірақ оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. Ал, қашан олардың мерзімі келсе, Олар оны, бір сәтке кейіндете алмайды да ілгерлете алмайды. (61) Олар өздері жек көрген (қыздар) ді Аллаға ұйғарып, тілдерімен, "Жақсы нәрселер өздеріне тән" деп өтірік айтады. Шәк жоқ! Оларға тозақ бар. Рас олар, сүйреліп барушылар. (62) Аллаға серт! (Мұхаммед F.C.) Расында сенен бұрын да үмметтерге елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан, оларға, өз қылықтарын әйбет көрсетті. Сондықтан бүгін де ол, олардың досы. Оларға күйзелтуші азап бар. (63) Саған Құранды, олардың қайшылыққа түскен нәрселерін анықтауың және иман келтірген ел үшін тура жол әрі игілік түрінде ғана түсірдік. (64)

Алла аспаннан жаңбыр жаудырып, өлген жерді кейін онымен жандандырды. Негізінде бұнда тыңдаған қауым үшін әрине үлгі бар. (65) Шын мәнінде сендер үшін малдар да, ғибрат бар. Малдың қарнындағы қанымен жынның арасынан шыққан ішушілерге сүйкімді нағыз сүтті сендерге ішкіземіз. (66) Құрма ағаштарының жемістерінен және жүзімдерден арақ әрі көркем көрек жасап аласыңдар. Рас мұнда ойлаған елге анық үлгі бар. (Араққа тыйым салынудан бұрын түскен аят. Б.Ж.М.Р.Х.Ж-Қ.) (67) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббың, араға: "Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал!",- деп, нұсқады. (Жаратылыс қабілет берді.) (68) "Сонсоң әр түрлі өсімдіктен же де Раббыңның қолайластырған жолына түс!" Араның қарындарынан түрлі-түсте бал шығады. Онда адам баласы үшін шипа бар. Шынында мұнда да ойлайтын қауым үшін әлбетте ғибрат бар. (69) Алла (Т.) сендерді жаратты және сендерді өлтіреді. кейбіреулерің, білгеннен кейін білмейтін өмірдің қорына қайтарылады. Күдіксіз Алла (Т.)




толық білуші, аса күшті. (70) Алла (Т.) несібеде, біріңнен-біріңді артық қылды. Сондай несібелері артық етілгендер, қол астындағыларға бермейді. Сондай-ақ несібеде олар тең. Олар Алланың нығметіне қарсы келе ме? (71) Алла (Т.) өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды. Сондай-ақ сендерді тап-таза нәрселерден ризықтандырды. Сонда да олар, бос нәрселерге сеніп, Алланың нығметіне шүкірсіздік ете ме? (72)



Аллаға тән. Бірақ олардың көбі білмейді. (75) Тағы Алла (Т.) екі кісіні мысал келтірді; екеуінің бірі сақау, шамасы түкке келмейді. Ол, қожайынына жүк. Оны қайда жұмса да хайыр келтірмейді. Міне осы, әділетті әмір етіп, тура жолмен жүрген кісімен тең бе? (76) Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті одан да жақынырақ. Сөзсіз, Алланың әр нәрсеге күші толық жетуші. (77) Алла (Т.) сендерді аналарыңның қарнынан еш нәрсе білмейтін түрде шығарды да сендерге есту, көру және ойлау қабілетін берді. Әрине шүкірлік етесіңдер. (78) Олар аспан бостығындағы бағынышты құсты көрмей ме? Оларды Алладан басқа ешкім ұстап тұра алмайды. Негізінен сонда иман келтірген қауым үшін әлбетте белгілер бар. (79)

Олар, Алладан өзге өздері үшін жер мен көктен бір ризыққа ие болмайтын, және дәнеңеге шамалары келмейтін нәрсеге (пұтқа) шоқынады. (73) Аллаға мысал бермеңдер. (Алланы еш нәрсеге теңемеңдер.) Негізінде Алла әр нәрсені біледі, сендер білмейсіңдер. (74) Алла бір мысал берді; біреудің иелігіндегі еш нәрсеге шамасы келмейтін құл мен өзіне бізден көркем ризық берген, сонда ол, одан көрнеу, көмес жұмсайтын біреулер тең бола ала ма? Барлық мақтау



Алла (Т.) сендерге үйлеріңді тұрақ қылды. Әрі сендер үшін малдардың терілерінен; тасынған күндеріңде, отырған күндеріңде жеңіл пайдалануларыңа болатын баспаналар; жүндерінен, жабағыларынан әм қылдарынан бір мерзімге дейін тұтыну бұйымдарын, сауда заттарын пайда қылды. (80) Алла жаратқандарынан көлеңкелер жасап, және таулардан ықтасындар пайда қылды. Сондай-ақ сендер үшін ыстықтан қорғайтын киімдер және соғыста қорғанатын сауыттар пайда қылды. Осылайша сендерге нығметтерін тамамдады. Әрине бой ұсынарсыңдар. (81) Сонда да егер олар жалтайса, саған ашық түрде жалғастыру ғана міндет. (Әй Елшім!) (82) Олар Алланың нығметтеріне мойындайды да кейін оған қарсы келеді. Негізінен олардың көбі қарсы. (83) Қиямет күні, әр үмметтен бір айғақ жібереміз. Қарсы

болғандарға рұхсат берілмейді де олардан жақсылық күтілмейді. (84) Зұлымдық қылғандар, азапты көргенде, олардан жеңітілмейді де оларға мүрса берілмейді. (85) Аллаға шерік қосқандар, қосқан ортақтарын көрген сәтте: "Раббымыз! Сенен өзге сиынған ортақтарымыз осы" дейді. Олар: "Тіпті сендер мүлде өтірікшісіңдер" деп, сөзді оларға тастайды. (86) Олар, ол күні Аллаға бой ұсынады. Олардың жасанды тәңірлері олардан ғайып болады. (87)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الَّذِينَ كَفَرُوا


سُورَةُ
النَّازِعَاتِ
٢٨

الَّذِينَ كَفَرُوا وَصَدُّوا عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ زَادَنَّهُمْ عَذَابًا فَوْقَ
 الْعَذَابِ بِمَا كَانُوا يُفْسِدُونَ ﴿٨٨﴾ وَيَوْمَ نَبْعَثُ فِي كُلِّ
 أُمَّةٍ شَهِيدًا عَلَيْهِمْ مِنْ أَنْفُسِهِمْ وَجِئْنَا بِكَ شَهِيدًا عَلَنَ
 هَؤُلَاءِ وَنَزَّلْنَا عَلَيْكَ الْكِتَابَ تِبْيَانًا لِكُلِّ شَيْءٍ وَهُدًى
 وَرَحْمَةً وَبُشْرَى لِلْمُسْلِمِينَ ﴿٨٩﴾ إِنْ أَنْتَ إِلَّا مُرْسِلٌ
 وَالْإِحْسَانُ وَإِيتَايَ ذِي الْقُرُونِ وَتَنْهَى عَنِ الْفَحْشَاءِ
 وَالْمُنْكَرِ وَالْبَغْيِ يُعْظِمُكُمْ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ ﴿٩٠﴾
 وَأَوْفُوا بِعَهْدِ اللَّهِ إِذَا عَاهَدْتُمْ وَلَا تَنْقُضُوا الْأَيْمَانَ
 بَعْدَ تَوْكِيدِهَا وَقَدْ جَعَلْتُمُ اللَّهَ عَلَيْكُمْ كَفِيلًا إِنَّ
 اللَّهَ يَعْلَمُ مَا تَقْعَلُونَ ﴿٩١﴾ وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِي نَقَضَتْ
 غَزْلَهَا مِنْ بَدْقُوهِ أُنْكَارًا تَتَّخِذُونَ أَيْمَانَكُمْ دَخَلًا
 بَيْنَكُمْ أَنْ تَكُونَ أُمَّةٌ هِيَ أَرْبَى مِنْ أُمَّةٍ إِنَّمَا يَبْلُوكُمْ
 اللَّهُ بِهٖ وَلِيَبَيِّنَ لَكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مَا كُنتُمْ فِيهِ تَخْتَلِفُونَ ﴿٩٢﴾
 وَلَوْ شَاءَ اللَّهُ لَجَعَلَكُمْ أُمَّةً وَاحِدَةً وَلَٰكِنْ يُضِلُّ مَنْ
 يَشَاءُ وَيَهْدِي مَنْ يَشَاءُ وَلَتَسْتَلْنَ عَمَّا كُنتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٩٣﴾

٢٧٧

арсыздықтан, қарсылықтан әм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер. (90) Қашан серттессендер, Аллаға берген серттеріңді орындаңдар. Анттарыңды, Алланы өздеріңе кепіл етіп, бекіткеннен кейін бұзбаңдар. Күдіксіз Алла не істегендеріңді біледі. (91) Бір топты басқа топтан үстем деген сылтаумен араларыңдағы анттарыңды бұзып, жібін мықтап иіргеннен кейін тарқатқан қатын құсаған болмаңдар. Шын мәнінде Алла сендерді осымен сынайды. Сондай-ақ дүниеде қайшылыққа түскен нәрселеріңді қиямет күні сендерге ашықтайды. (92) Егер Алла қаласа еді, сендерді бір-ақ үммет қылар еді. Алайда, Алла кімді қаласа, адастырып кімді қаласа, тура жолға салады. Әлбетте істегендеріңнен сұраласыңдар. (93)

Сондай қарсы болғандарға және Алланың жолынан тосқандарға, бұзықтық қылғандықтары үшін; қинау үстіне қинау арттырамыз. (88) Қиямет күні әр үмметтің ішінде, өздерінен бір айғақ әкелеміз. (Мұхаммед Ғ.С.) сені осы үмметке айғақ қылып келтіреміз. Сондай-ақ саған әр нәрсені ашықтайтын және Мұсылмандар үшін тура жол, игілік әм қуаныш түрінде Құранды түсірдік. (89) Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де



Анттарыңды араларыңда алдауға сылтау қылмаңдар. Аяқ берік басылғаннан кейін тайып, Алланың жолынан тосқандықтарың үшін жамандығын татасыңдар. Әрі сендерге зор азап бар. (94) Алланың антын арзымайтын нәрсеге айырбастамаңдар. Білегің болсаңдар, Алланың қасындағы ғана жақсы. (95) Сендердің жандарыңдағы дүниелік түгейді де Алланың қасындағы қалады. Әрине сабыр еткендердің сыйлығын, істеген істерінен де жақсырақ береміз. (96) Ер немесе әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз. (97) Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сиын. (98) Шын мәнінде иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткендерге шайтанның бір үстемдігі болмайды.

(99) Шынында оның үстемдігі, оны дос тұтып Аллаға шерік қатушыларға ғана жүреді. (100) Біз, бір аяттың орнына басқа аятты ауыстырған кезде, Алла нені түсіргенін жақсы біледі. Алайда олар Пайғамбарға: "Сен анық жалақорсың" дейді. Олай емес. Олардың көбі түсінбейді. (101) (Мұхаммед F.C.) Жебірейіл Құранды; шынайы түрде иман келтіргендерді бекемдеу әм Мұсылмандар үшін туралық әрі қуаныш түрінде Раббың тарапынан түсірді. (102)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

النَّازِعَاتِ


وَلَقَدْ عَلِمْتُمْ أَنَّهُمْ يَقُولُونَ إِنَّمَا يُعَلِّمُهُ بَشَرٌ لِّسَانٌ
 الَّذِي يُلْحِدُونَ إِلَيْهِ أَعْجَمِيٌّ وَهَذَا لِسَانٌ عَرَبِيٌّ
 مُبِينٌ ﴿١٠٦﴾ إِنَّ الَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِآيَاتِ اللَّهِ لَا يَهْتَدِيهِمْ
 اللَّهُ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿١٠٧﴾ إِنَّمَا يَفْتَرِي الْكَذِبَ الَّذِينَ
 لَا يُؤْمِنُونَ بِآيَاتِ اللَّهِ وَأُولَئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ
 ﴿١٠٨﴾ مَنْ كَفَرَ بِاللَّهِ مِنْ بَعْدِ إِيمَانِهِ لَا مَنْ أَكْرَهَ
 وَقَلْبُهُ مُطْمَئِنٌّ بِالْإِيمَانِ وَلَكِنْ مَنْ شَرَحَ بِالْكُفْرِ صَدْرًا
 فَعَلَيْهِمْ غَضَبٌ مِنَ اللَّهِ وَلَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ ﴿١٠٩﴾
 ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ اسْتَحَبُّوا الْحَيَاةَ الدُّنْيَا عَلَى الْآخِرَةِ
 وَأَنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ ﴿١١٠﴾ أُولَئِكَ
 الَّذِينَ طَعِيَ اللَّهُ عَلَى قُلُوبِهِمْ وَسَمِعْتَهُمْ وَأَبْصَرْتَهُمْ
 وَأُولَئِكَ هُمُ الْفٰطِنُونَ ﴿١١١﴾ لَا جَرَمَ لَهُمْ فِي
 الْآخِرَةِ هُمُ الْخٰسِرُونَ ﴿١١٢﴾ ثُمَّ إِنَّ رَبَّكَ
 لِلَّذِينَ هٰجَرُوا مِنْ بَعْدِ مَا فَتَنَّا ثُمَّ جٰهَدُوا
 وَصَبَرُوا إِنَّ رَبَّكَ مِنْ بَعْدِهَا لَغَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿١١٣﴾

۲۷۹

Рас білеміз. Өйткені, олар: "Құранды Мұхаммедке бір адам үйретеді" дейді. Олардың ұйғарған адамының тілі бөгде. Ал бұл Құран ашық Арап тілінде. (103) Шынында Алланың аяттарына сенбегендерді, Алла оңғармайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар. (104) Шын мәнінде Алланың аяттарына сенбегендер, орынсыз жасынға шығарады. Міне солар, жалғаншылар. (105) Жүрегі иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген біреуден басқа біреу; иман

келтіргеннен кейін Аллаға қарсы келсе, сондай-ақ біреу көңлін имансыздыққа берсе, оған Алланың ашуы және оларға зор азап бар. (Бұл аят бойынша, жүрегіндегі Аллаға сенімі мықты біреудің зорлық көргенде қарсылық сөз айтуына болады. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) (106) Бұл жағдай, олардың дүниені, ақиретке балап жақсы көрулерінің салдарынан. Шынында Алла, қарсы болған елді оңғармайды. (107) Міне, бұлар сондай; Алла, олардың жүректерін, құлақтарын және көздерін бітеп қойған. Тағы олар мүлде кәперсіз. (108) Сөз жоқ! Олар ахиретте зиян тартушылар. (109) (Мұхаммед F.C.) негізінен Раббың; жапа көргеннен кейін босқандардың, соғысқандардың және сабыр еткендердің (жары.) Күдіксіз Раббың бұдан кейін аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (110)

Қиямет күні әркім өзін құтқаруға тырысады. Сондай-ақ әркімге істегенінің бодауы беріледі. Оларға әділетсіздік етілмейді. (111) Алла сендерге бейбітшіліктегі жайбарақат бір кентті мысал берді: Оған әр тараптан мол ризық келуші еді. Ақырында, Алланың нығметіне қарсы келді. Сондықтан Алла оларға қылықтарының салдарынан ашаршылық және хауіп-қатердің тонын кидіріп жапа тартырды. (Бұл Мекке кенті. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж-Қ.) (112) Расында оларға өздерінен Пайғамбар келді де олар оны жасынға шығарды. Сондықтан ол залымдарды азап қолға алды. (113) Ал, енді Алланың сендерге берген ризығының халал, тазасынан жеңдер. Сондай-ақ егер Оған ғана құлшылық қылатын болсаңдар, Алланың нығметіне шүкірлік қылыңдар. (114) Шын мәнінде сендерге жемтік, қан, доңыз еті және Алладан басқаның атын алып бауыздалғанды арам етті. Сонда біреу зорланса, бас тартпаса, шектен шықпаса, күдіксіз Алла, аса



жарылқаушы, ерекше мейірімді. (2-С.173-А.) (115) Тілдеріңнің "бұл арам, бұл халал" деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар. Аллаға өтірік жала жапсырған боласындар. Шынында Аллаға өтірік, жала жапсырғандар, құтылмайды. (116) Дүние аз бір күн көріс. Олар үшін күйзелтуші азап бар. (117) (Мұхаммед F.C.) Яьудилерге арам етілген нәрселерді бұрын саған баян қылған едік. (6-С.146-А.) Біз оларға әділетсіздік істемедік. Олар өздеріне зұлымдық қылды. (118)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

ثُمَّ إِنَّ رَبَّكَ لِلَّذِينَ عَمِلُوا السُّوءَ بِجَهْلَةٍ ثُمَّ تَابُوا مِنْ
بَعْدِ ذَلِكَ وَأَصْلَحُوا إِنَّ رَبَّكَ مِنْ بَعْدِهَا لَغَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿١١٩﴾
إِنَّ إِلَهَهُمْ كَأَنَّ أَئِمَّةً قَانِتًا لِلَّهِ حَنِيفًا وَلَمْ يَكُ مِنَ الْمُشْرِكِينَ
﴿١٢٠﴾ شَاكِرًا لِأَنْعُمِهِ اجْتَبَاهُ وَهَدَاهُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ
﴿١٢١﴾ وَمَا تَبَيَّنَتْ فِي الدُّنْيَا حَسَنَةٌ وَإِنَّهُ فِي الْآخِرَةِ لَمِنَ الصَّالِحِينَ
﴿١٢٢﴾ ثُمَّ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ أَنْ اتَّبِعِ مِلَّةَ إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ
مِنَ الْمُشْرِكِينَ ﴿١٢٣﴾ إِنَّمَا جَعَلُ السَّبْتُ عَلَى الَّذِينَ
اخْتَلَفُوا فِيهِ وَإِنَّ رَبَّكَ لَيَحْكُمُ بَيْنَهُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فِيمَا
كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ ﴿١٢٤﴾ أَنْزِلْ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحِكْمَةِ
وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ وَحَدِّ لَّهُمْ بِلَا تَلْوِيٍّ أَوْ أَحْسَنُ إِنَّ رَبَّكَ
هُوَ أَعْلَمُ بِمَنْ ضَلَّ عَنْ سَبِيلِهِ ۖ وَهُوَ أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ ﴿١٢٥﴾
وَإِنْ عَاقَبْتُمْ فَعَاقِبُوا بِمِثْلِ مَا عُوقِبْتُمْ بِهِ ۖ وَلَئِنْ صَبَرْتُمْ
لَهُوَ خَيْرٌ لِّلصَّابِرِينَ ﴿١٢٦﴾ وَأَصْبِرْ وَمَا صَبْرُكَ إِلَّا بِاللَّهِ
وَلَا تَحْزَنْ عَلَيْهِمْ وَلَا تَكُ فِي ضَلَالٍ مِّمَّا يَمْكُرُونَ ﴿١٢٧﴾
﴿١٢٨﴾ إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ ﴿١٢٩﴾


281

(Мұхаммед F.C.) сонсоң расында Раббың, білмей жамандық істеп, содан кейін тәубе етіп, істерін түзелткендер жағында. Рас Раббың бұдан кейін де әлбетте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (119) Шынында Ыбырайым (F.C.) нағыз Аллаға бойсунушы, хаққа бейім бір басшы еді. Аллаға шерік қосушылардан емес еді. (120) Алланың нығметтеріне шүкір етуші еді. Алла, оны таңдап, тура жолға салды. (121) Оған дүниеде жақсылық бердік. Сондай-ақ ол,


ахиретте де әлбетте игілерден болады. (122) (Мұхаммед F.C.) Сонан соң саған, хаққа бейім Ыбырайым (F.C.) ның жолын қууыңды уақи еттік. Ол шерік қатушылардан болған емес. (123) Шын мәнінде сенбі; ол жайында таласқандарға (мереке) күні қылынды. (Мұхаммед F.C.) рас Раббың, қиямет күні, олардың араларындағы таластарына үкім береді. (7-С.163-А.) (124) Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз, Раббың Ол, жолынан адасқан кісіні де жақсы біледі. Әрі Ол, тура жол тапқандарды да жақсы біледі. (125) Егер дұшпанға жаза берсеңдер, өздеріңе істелген тәрізді ғана істеңдер. Егер сабыр қылсаңдар, әрине Ол, сабырлылар үшін хайырлы болады. (126) (Мұхаммед F.C.) сабыр ет! Сабыр етуің Алланың ғана мәрхаметі. Оларға кейіме де олардың істеген мекерлеріне тарылма! (127) Шынында Алла, тақуалармен сондай-ақ жақсылық, істеушілермен бірге. (128)

17-ICPA СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Құлын (Мұхаммед Ғ.С. ды) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Месжид Харамнан біз айналасын мұбарак қылған Месжид Ақсаға апарған Алла, әр түрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол, естуші, білуші. (Мұхаммед Ғ.С. бір түні Жебрейіл Ғ.С. арқылы Бұраққа мінгізіліп, Месжид Харамнан Месжид Ақсаға апарылып, ол арадан да көкке шығарылып, бір демде адам баласының өлшеулі сезімінен тыс дәрежеге ие болып қайтқан "Мифраж" уақиғасы. 53-С. 1-18-А.) (1) Мұса (Ғ.С.) ға Кітап бердік те оны Исраил ұрпақтарына: "Менен өзгені ие тұтпаңдар!", - деп жолбасшы қылдық. (2) Әй Нұх (Ғ.С.) пен бірге (кемеге) түсіргендеріміздің ұрпақтары! Күдіксіз ол, шүкір етуші бір құл еді. (3) Кітапта Исраил ұлдарына: "Әрине жер жүзінде екі рет бұзғыншылық қылып, өте текаппарланасыңдар" деп ескерттік. (4) Екі уәденің алғашқысы келген кезде, оларға, қатты жауынгер құлдарымызды жібердік те олар үйлердің араларына дейін кірді. Бұл орындалатын уәде еді. (5) Сонсоң сендерді оларға үстем қылдық. Әрі сендерді малдар, балалар арқылы қуаттап, сан жағынан да молайттық. (Олардың бірінші астамшылығы;




Тәуратқа қарсы келу, Шағяны өлтіру. Екіншісі: Зәкерия, Яхяны өлтіру және Ғисаға қастандық. Жеңілістері: Санжарып, Бахтынасар, Жалұт дәуірлері. Жақсарған дәуірлері: Даниял, Дәуіт дәуірлері. Б.Ж.М.К.Р.Х.Ж-Қ.) (6) Егер игілік істесеңдер, өздерің үшін; Жамандық істесеңдер тағы өздеріңе тән. Екінші уәделі мезгіл келген кезде; беттеріңді бұзып, қынжылту үшін және алғашқы кіргендеріндей Месжид Ақсаға кіріп, тас талқан қылулары үшін (жібердік.) (7)



белгісін кетіріп, күндізді; Раббыларының кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын; заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. Сондай-ақ әр нәрсені ашық баян еттік. (12) Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ қиямет күні оның кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде кездеседі. (13) "Кітапбыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің" (делінеді) (14) Кім тура жолда жүрсе, шын мәнінде өзі үшін тура жолда жүреді. Ал кім адасса, сонда ол өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқаның күнәсын көтермейді. Біз бір пайғамбар жібермейінше ешкімге азап қылмаймыз. (15) Қашан бір өлкені жоқ еткіміз келсе, олардың дәулет мастарына әмір етеміз. Сонда олар оған қарсы келеді. Сондықтан оларға деген сөз (үкім) шындыққа айналады. Сөйтіп оларды негізінен жоқ етеміз. (16) Нұх (Ғ.С.) тан кейін ғасырлар бойы қаншалағанды жоқ еттік. (Мұхаммед Ғ.С.) Раббың құлдарының қылмыстарын білу, көруде жетіп асады. (17)

Мүмкін Раббыларың мәрхамет етер. Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз. Сондай-ақ жағаннамды кәпірлерге зіндан қылдық. (8) Негізінде осы Құран ең тура жолға салады. Әрі дұрыс іс істеген мүміндер үшін әрине зор сыйлық бар екендігін шүйіншілейді. (9) Рас ахиретке сенбегендер үшін күйзелтуші азап әзірледік. (10) Адам баласы жамандықты жақсылық тілегендей тілейді. Негізінен адам баласы тым шыдамсыз. (11) Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн

Кім дүниені қаласа, Біз де қалаған кісімізге дүнеде қалағанымызды береміз. Сонсоң оны жағаннамға саламыз. Ол, оған қорланып, мәрхаметке ұзақ болған түрде кіреді. (18) Ал кім мүмін болған түрде, ахиретті қалап, сол үшін тырысса, міне солардың тырысулары шүкірге (қабылдануға) лайық. (19) (Мұхаммед F.C.) дүние тілеген бұларға да ахирет қалаған оларға да Раббыңның мәрхаметінен береміз. Негізінен Раббыңның берері тыйылмайды. (20) Олардың кейбіреулерін, кейбіреулерінен қалайша үстем қылғанымызға қара! Әрине ақирет, дәрежелер тұрғысынан тағы ірі, артықшылық жағынан да тағы зор. (21) Алламен бірге басқа тәңір жасама! Онда қорланған түрде отырып қаласың. (22) Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарында кәрілікке жетсе: "Тұь" деме. (Кейіс білдірме.) Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. (23) Ол екеуіне кішірейіп



мәрхамет құшағын жай да: "Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!",- де. (24) Раббыларың іштеріңдегі нәрсені жақсы біледі. Егер игілерден болсаңдар, негізінде Алла, бойсұнушыларды жарылқайды. (25) Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласыңдар. Және мүлде ысырап қылмаңдар. (26) Шынында ысырапқорлар шайтанның туысы. Ал шайтан, Раббына өте қарсы. (27)

سُورَةُ الْاِنشَاءِ

الْمَثَلِ الْاَشْرَفِ


وَمَا نَعُرَضْنَهُمْ عَنْهُمُ ابْتِغَاءَ رَحْمَةٍ مِنْ رَبِّكَ نَرْجُوهَا فَقُلْ لَهَا فَوَلَا
 مَيْسُورًا ﴿٢٨﴾ وَلَا تَجْعَلْ يَدَكَ مَغْلُولَةً إِلَىٰ عُنُقِكَ وَلَا تَبْسُطْهَا
 كُلَّ الْبَسْطِ فَتَقْعُدَ مَلُومًا مَحْسُورًا ﴿٢٩﴾ إِنَّ رَبَّكَ بِبَسْطِ الزَّرْقِ
 لِمَنْ يَشَاءُ وَيَقْدِرُ إِنَّهُ كَانَ بِعِبَادِهِ خَبِيرًا بَصِيرًا ﴿٣٠﴾ وَلَا تَقْتُلُوا
 أَوْلَادَكُمْ خَشْيَةَ إِمْلَاقٍ نَحْنُ نَرْزُقُهُمْ وَإِنَّا لَكْرِيمُونَ ﴿٣١﴾ فَتَلَّهِمْ كَمَا
 خَطَبْنَا كَبِيرًا ﴿٣٢﴾ وَلَا تَقْرَبُوا الزَّوْجَ إِنَّهُ كَانَ فَجْشَةً وَسَاءَ
 سَبِيلًا ﴿٣٣﴾ وَلَا تَقْتُلُوا النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ وَمَنْ
 قُتِلَ مَظْلُومًا فَقَدْ جَعَلْنَا لَوْلِيَّهِ سُلْطَانًا فَلَا يَسْرِفُ فِي
 آلِقَاتِهِ إِنَّهُ كَانَ مُنْضَوْرًا ﴿٣٤﴾ وَلَا تَقْرَبُوا مَالَ الْيَتِيمِ إِلَّا بِالَّتِي
 هِيَ أَحْسَنُ حَتَّىٰ يَبْلُغَ أَشُدَّهُ وَأَوْفُوا بِالْعَهْدِ إِنَّ الْعَهْدَ كَانَ
 مَسْئُولًا ﴿٣٥﴾ وَأَوْفُوا بِالْكَيْلِ إِذَا كَلَّمْتُمْ زُرْعًا بِالْقِسْطِ اسْمُ الْمُسْقَمِ
 ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا ﴿٣٦﴾ وَلَا تَنْفَقْ مَالَيْكَ بِهِ عِلْمٌ
 إِنَّ السَّمْعَ وَالْبَصَرَ وَالْفُؤَادَ كُلُّ أُولَئِكَ كَانَ عَنْهُ مَسْئُولًا ﴿٣٧﴾
 وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ
 الْجِبَالَ طُولًا ﴿٣٨﴾ كُلُّ ذَلِكَ كَانَ سَيِّئُهُ عِنْدَ رَبِّكَ مَكْرُوهًا ﴿٣٨﴾

۲۸۵


Раббыңның мәрхаметін іздеп, үміт еткен түрде жалтақтасаң, (қолыңда болмағандықтан бере алмасаң,) онда оларға сыпайы сөйле. (28) Қолыңды мүлде мойныңа байлаулы қылма да бүтіндей ашпа. (Өте сараң болма да бір-ақ берме.) Онда сөгіске ұшырап, таршылықта қаласың. (29) Шынында Раббың қалаған кісісіне несібесін кеңітіп, тарылтады. Күдіксіз Ол құлдарынан толық хабар алушы, көруші. (30) Бір де кедейшіліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер. Біз оларды да сендерді де

көректендіреміз. Расында оларды өлтіру зор қателік. (Жаһилиет дәуірінде, араптар қыз балаларын тірідей көміп тастайтын болған. 16-С.59-А.) (31) Зинаға жоламандар. Өйткені, Ол анық арсыздық және жаман жол. (Зинаға жууымаңдар: "Соған бейімдететін әр түрлі әрекеттерден аулақ болыңдар!",- деген маңызда. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж-Қ.) (32) Алла, арам еткен кісіні өлтірмеңдер! Бірақ тиісті болса, өлтіріледі. Ал біреу жазықсыз өлтірілсе, сонда өліктің иесін ерікті еттік. Өлтіруде шектен аспасын. Өйткені, оған жәрдем етіледі. (Өш әперіледі.) (33) Жетімнің малына жоламандар. Бірақ ол, ержеткенге дейін жақсылап шығысуға болады. Сертті орындаңдар. Сөз жоқ, уәде сұралады. (34) Өлшегенде толық өлшеп, тура таразамен тартыңдар! Осы хайырлы әм нәтиже тұрғысынан да жақсы. (35) Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек олардың барлығы одан сұралады. (36) Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың да бой жағынан да тауларға жете алмайсың. (37) Осы барлық жаман нәрселер, Раббыңның қасында жек көрілген. (38)

(Мұхаммед F.C.) міне осы, Раббыңның саған уахи еткен хикметінен; Алла мен бірге басқа тәңір жасама: Сөгiс берiлген, мәрхаметтен қуылған түрде тозаққа тасталасың. (39) Раббыларың сендерге ұлдарды арнап, өзіне періштелерден қыз етіп алды ма? Шынында әлбетте ауыр сөз сөйлейсіңдер. (40) Расында бұл Құранды насихат үшін қайта-қайта баян еттік. Дегенмен олардың жиреніштерін ғана арттырды. (41) (Мұхаммед F.C.): "Егер Алла мен бірге олардың айтқандарындай тәңірлер болса еді, онда әрине ғаршының иесіне бір жол іздер еді. (Не қарсы шығар еді, немесе бой ұсынар еді.) (42) Алла (Т.) олардың айтқан нәрселерінен пәк, үстем, ірі. (43) Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар, Алланы пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың тәсбихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсыңдар. Шынында Алла өте жұмсақ, аса жарылқаушы. (44) (Мұхаммед F.C.) сен қашан Құран оқысаң сенімен ахиретке сенбегендердің арасына көмес бір перде жасаймыз. (45) Олардың жүректеріне Құранды түсінулеріне кедергі және құлақтарына қаға беріс жасадық. Құранда Раббыңды бір ғана деп еске алған кезінде, олар жиренген түрде арттарына




бұрылып кете береді. (46) Біз, олар сені тыңдағанда, қайтып тыңдағандарын және өзара сыбырласқанда залымдардың: "Сендер, жадыланған біреуге ғана ілесесіңдер" дегендектерін жақсы білеміз. (47) Қара! Олар саған қандай мысалдар берді. (Ақын, сиқыршы, бақсы, жыңды деді.) Олар, сөйтiп адасты. Олар енді жол таба алмайды. (48) Олар: "Біз, сүйектер және қоқым болған кезде, жаңа бір жаратылыспен қайта тірілеміз бе?" - деді. (49)




(Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Тас болындар, немесе темір болындар" де (50) "Әлде тіпті ойларыңдағы ең зор жаратылыс болындар. (Қайта тірілтілесіңдер.)" Сонда олар: "Бізді кім қайта тірілтеді?",- дейді. "Сендерді әуелгі рет жаратқан Алла" де. Сонда олар, саған бастарын шайқап: "Ол қашан?",- дейді. "Жақында болатын шығар" де. (51) Сендерді шақырған күні, Оны дәріптей қабылдап, (қабырда) аз ғана жаттық деп ойлайсыңдар. (52) Құлдарыма айт! "Ең сыпайы түрде

сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар. Расында шайтан адамдар үшін ашық дұшпан" (53) Раббыларың сендерді жақсы біледі. Қаласа, мәрхамет етеді де қаласа, азап етеді. Сені оларға қорғаушы етіп, жібермедік. (54) Раббың көктер мен жердегі әркімді жақсы біледі. Расында пайғамбарлардың біреулерінен, біреулерін артық қылдық. Сондай-ақ Дауытқа Зәбүрды бердік. (55) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Алладан өзге (тәңір деп) ойлағандарыңды шақырыңдар. Олардың, қиыншылықтарыңды айықтыруға, сендерден бұрып, жіберуге шамалары келмейді" де. (56) Олардың сиынғандары; (періштелер, пайғамбарлар, жындар. К.Б.Ж.М.Р.) Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп, құлшылық арқылы ізденеді. (5-С.35-А.) Рақметінен үміт етіп, азабынан қорқады. Негізінде Раббының азабы сескенуге тиісті. (57) Біз қиямет күнінен бұрын жоқ етпеген немесе қатты азапқа ұшыратпаған ешбір кент болмас. Бұлар, Кітапта (Лаухыл Махфүзда) жазулы. (58)

Біздің мұғжизалар жібермеуіміз бұрынғылардың мұғжизаны жасынға шығаруы ғана болды. Сондай-ақ Сәмүд еліне көрнеу түрде аруана жібердік. Бірақ оған зұлымдық қылып, өлтірді. Негізінде мұғжизаларымызды үрейлендіру үшін ғана жібереміз. (59) (Мұхаммед F.C.) бір кезде саған: "Негізінде Раббың адамдарды баураған" деген едік. Саған Мифражда біз көрсеткенді (Б.Ж.К.Р.Т.Ж-Қ.) және Құрандағы қарғалған ағашты (44-С.43-А.) адамдарға бір сынақ қылдық. (Өйткені, Мифраж уақиғасына да тозақтағы Заққұм ағашына да сенбеген.) Оларды қорқытуымыз, зор қателесуді ғана арттырады. (60) Сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар!", - дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс сәжде қылмай: "Балшықтан жаратқаныңа сәжде қыламын ба?", - деді. (61) Ібіліс: "Осы, менен ардақты қылғаныңды көрдің бе? Егер мені қиямет күніне дейін кешіктірсең, әлбетте ұрпақтарының өте азынан басқасын қырыма бір аламын" деді. (62) (Алла): "Кет! Енді олардан кім саған ерсе, сонда рас жазаларың жаһаннам болады. Толық бір жаза" деді. (63) "Олардан шамаң келгенін дауысыңмен әуліктірі. Және оларға,




атты, жаяу түрде келіп, байбаламдап, дүрліктірі. Сондай-ақ олардың малдарына, балаларына (арамдық араластырып) ортақ бол. Оларға жалған уәде бер." Негізінде шайтан оларға алдаудан басқа уәде бере алмайды. (64) "Шынайы құлдарым болса, оларға ықпалың жүрмейді. Раббың уәкілдікте жетік." (65) Раббыларың сондай Алла; өзінің кеңшілігінен несібе іздеулерің үшін теңізде кеме жүргізеді. Өйткені, Ол, сендерге өте мейірімді. (66)




бейбітсіңдер ме? Сонда сендерге болысып, бізді қуалаушы таба алмайсыңдар. (69) Расында адам баласын ардақтадық. Сондай-ақ оларды құрылықта да теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен көректендірдік. Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен не құрлым артық жараттық. (70) (Мұхаммед F.C.) бір күні бүкіл адам баласын бастықтарымен бірге шақырамыз. Сонда кімнің кітабы оңынан берілсе, міне солар, кітаптарын оқиды. Оларға қылдай қиянат болмайды. (71) Бұл дүниеде шындықты көрмегендер, ақиретте соқыр әрі жолдан адасқан болды. (72) (Мұхаммед F.C.) олар сені, саған уахи еткенімізден басқа нәрсені, бізге жала жапсыртып бұзуға жақындады. Сол уақытта олар, сені дос тұтады. (73) Егер біз сені бекемдемесек еді, әрине оларға біраз бейімдеуге жақындар едің. (74) Егер ондай болса, саған тіршілікте де қайтыс болғаннан кейін де әлбетте еселеп азап таттырар едік. Сосын өзіңе, бізге қарсы жәрдемші таба алмас едің. (Бұл аяттар, мүшріктердің Мұхаммед F.C. ға келіп, кейбір діни ережелердің өз қалауларына сәйкес орындалуын талап еткендіктеріне баланысты түскен. Б.Ж.Р.Т.Х.Ж-Қ.) (75)

Сендер теңізде бір қиыншылыққа душар болған сәтте, Алладан басқа сиынғандарың жоқ болады. Ал енді сендерді құтқарып, қырға шығарса, жалт бересіңдер. Негізінде адам баласы тым нәсүкір. (67) Алланың құрылықта да сендерді жерге жұттыруынан немесе сендерге тасты боран жіберуінен хауіпсізсіңдер ме? Соңыра өздеріңе бір болысушы таба алмайсыңдар. (68) Не сендерді қайтадан теңізге қайтарып, қарсылықтарыңның салдарынан бір құйын жіберіп, суға батыруынан

(Мұхаммед F.C.) олар сені, түрткі салып, жерден (Меккеден) шығара жаздады. Сонда олар, сенен кейін өте аз тұрады. (Оларға Меккенің баяны болмайды.) (76) Расында сенен бұрын жіберген елшілерімізде де жол осы еді. (Елшілерді қуғандар, опа таппаған еді.) Біздің жолымызда ешбір өзгеріс таппайсың. (77) Түс қиғаннан, түннің қараңғылығына дейін намаз оқы. (Бесін, екінті, ақшам және жашыйық намаздары.) Әрі таң намазын оқы. Күдіксіз таң намазына періштелер де қатынасады. (Ж.М.К.Р. т.б.) (78) (Мұхаммед F.C.) Түннен оянып (Құранмен) өзіңе тән нәпіл оқы. Раббыңның сені бір мақтаулы орынға жеткізуінен үміт етіледі. (Бұл зор шапағат орны. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж-Қ.) (79) (Мұхаммед F.C.): "Раббым! Мені (кірер жеріме) шындықпен кіргіз де (шығар жерімнен) шындықпен шығар. Әрі маған өз қасыңдан жеңіс көмек ет" де. (80) "Хақиқат келді. Негізсіз нәрселер жойылды. Сөзсіз, бекер нәрселер жойылады" де. (81) Құраннан, мүміндерге, шипа және рахмет түсіреміз. Ол, залымдардың зиянын тым арттыра түседі. (82) Біз адам баласына нығмет берген кезде,




жалтайып, бір жағына қыңырайып алды. Қашан оған бір сәтсіздік жетсе, мүлде күдер үзеді. (83) (Мұхаммед F.C.): "Әркім өз жөн көргенін істейді. Сонда Раббың, кімнің тура жолда екенін жақсы біледі" де. (84) (Мұхаммед F.C.) олар сенен (рұх) жан туралы сұрайды: "Ол, Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді" де. (85) Әрине қаласақ, саған уахи еткен Құранды алып алар едік. Кейін Бізге қарсы бір жар таба алмас едің. (86)




Бірақ Раббыңның мәрхаметі бойынша қалдырдық. Өйткені, саған, Раббыңның кеңшілігі тым зор. (87) (Мұхаммед F.C.): "Егер адамдар, жындар осы Құранның ұқсасын келтіруге жиналса, тіпті олар, бір-біріне көмекші болса да келтіре алмайды" де. (88) Расында Біз бұл Құранда адам баласы үшін әр нәрсенің мысалынан ашалап, баян еттік. Сонда да адамдардың көбі, бас тартып, мүлде қарсы келді. (89) Олар: "Бұл жерден сен бізге, бастау ағызғанға дейін саған әсте

сенбейміз" деді. (90) "Немесе сенің құрмадан, жүзімнен бір бақшаң болсын. Сонда оның араларынан өзендер ағызып қоярсың" (91) "Не ойлағаныңдай аспанды үстімізге кесек түрінде түсірерсің. Яки Алланы, періштелерді бетпе-бет келтірерсің." (92) "Не болмаса, алтыннан бір үйің болсын. Яки аспаңға шығарсың. Сонда да бізге оқитын бір Кітап түсірмейінше, көкге шыққандығыңа әсте сенбейміз" деді. (Мұхаммед F.C.): "Раббымды пәктеймін! Мен бір адам баласы Пайғамбар ғанамын" де. (93) Адам баласына; Пайғамбар, тура жол (Құран) келтірген кезде, олардың: "Алла; адамды, пайғамбар қылып, жіберді ме?";- деген сөздері ғана иман келтірулеріне бөгет болды. (94) (Мұхаммед F.C.): "Егер жер жүзінде бейбіт жүргендер, періштелер болса еді, әрине оларға көктен періште елші жіберер едік" дегенді, айт. (95) Оларға: "Алла сендер мен менің арамда куәлік тұрғысынан жетіп асады. Шын мәнінде Ол, құлдарынан толық хабар алушы, аса қырағы" де. (96)

Алла кімді оңғарса, сонда ол тура жолда. Алла кімді адастырса, оған Алладан өзге жәрдемші таба алмайсың. Біз оларды қиямет күні, бетімен жер басқан, сақау және саңырау түрде жинаймыз. Орындары тозақ, толастаған сайын оларға жалынын арттыра түсеміз. (97) Бұл олардың сазайы. Өйткені, олар аяттарымызға қарсы келді. Және: "Біз сүйектер тіпті қоқым топырақ болып кеткен кезде; жаңадан жаратылып, тірілеміз бе?",- деді. (98) Олар шынында көктер мен жерді жаратқан Алланың; өздері сияқтыларды да жаратуға күші жететіндігін көрмей ме? (Алла) олар үшін бір белгілі мезгіл жасаған; онда есте шәк жоқ. Сонда да залымдар бас тартып, мүлде қарсы келді. (99) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер сендер Раббымның рахметінің қазынасына ие болсаңдар, сол уақытта да оның жұмсалып кетуінен қорқып, әрине үнемшілдік істер едіңдер. Өйткені, адам баласы тым сараң" де. (100) Расында Мұса (F.C.) ға тоғыз ашық мұғжиза берген едік. (Таяқ, қолдың жарқырауы шегіртке, бит, қан, тастан су шығару, теңіздің жарылуы және Тұр тауының көтерілуі.Б.М.К...) (Мұхаммед F.C.) Исраил ұрпақтарынан сұра: Мұса оларға келген кезде; Перғауын: "Әй Мұса! Әрине сені сиқырланған деп ойлаймын" деген еді. (101) Мұса



(F.C.): "Расында сен бұлардың; көктер мен жердің Раббы түсірген көрнеу мұғжизалары екенін білесің. Әй Перғауын? Шын мәнінде мен, сені типыл болады деп ойлаймын.",- деген еді. (102) Ақыр (Перғауын) Исраил ұрпақтарын мемлекеттен шығарғысы келді. Сонда оны, онымен бірге болғандарды суға батырып жібердік. (103) Одан кейін Исраил ұрпақтарына: "Бұл жерге (Мысырға) орналасыңдар. Қашан қиямет уәдесі келсе, Сендерді жинап әкелеміз" дедік. (104)




пәктейміз. Әрине Раббымыздың уәдесі орындалады" дейді. (108) Олар жылап, етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыласын арттырады. (Бұлар; Кітап иелерінен Мұсылман болғандар. Ж.Р.Х.Ж-Қ.) (109) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Мейлі Алла деп немесе Рахман деп атаңдар. Қайсысымен атасаңдар да ең көркем аттар Оған тән" де. Намазда; жариялап та құпиялап та оқыма да осының арасындағы жолды ұста. (110) "Барлық мақтау, бала иемденбеген әрі мүлкінде еш серігі болмаған сондай-ақ әлсіздіктен көмекшісі болмаған Аллаға лайық" де. Және Оны, өте ұлықта. (111)

18-КЕҒФ СҮРЕСІ

Біз Құранды шындықпен түсірдік. Ол, шындық бойынша түсті. (Мұхаммед F.C.) сені қуанту, ескерту үшін ғана жібердік. (105) Біз Құранды адамдарға тоқырап оқуың үшін бөлімдерге айырып, аз-аздап түсірдік. (106) (Сәжде аяты бар.) (Мұхаммед F.C.): Құранға мейлі сеніңдер мейлі сенбеңдер; бұдан бұрын өздеріне ғылым берілгендер, оларға Құран оқылған заман, етпеттерінен сәждеге жығылады. (107) Олар: "Раббымызды

Меккеде түскен. Жүз он аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барлық мақтау құлына, (Мұхаммед F.C.ға) Құранды түсірген Аллаға тән. Онда ешбір қыңырлық қылмады. (1) Өте түзу Құран; Алланың қасынан: Қатты азаппен үрейлендіру, түзу іс істеген мүміндерге, көркем сыйлық барлығын шүйіншілеу үшін (түсірілді.) (2) Олар, онда (жаннатта) мәңгі тұрады. (3) Сондай-ақ: "Алланың баласы бар" дегендерді ескерту үшін (түсірді.) (4)

(Алланың баласы болуына байланысты) не өздерінің не аталарының мәліметі жоқ. Ауыздарынан шыққан сөз тым үлкен. Негізінде олар мүлде өтірік айтады. (5) (Мұхаммед F.C.) енді олар бұл Құранға сенбесе, арттарынан кейіп, өзінді жоя жаздайсың. (6) Біз адам баласының қайсысы жақсы ғамал істейді деп сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық. (7) Күдіксіз, біз, жер жүзіндегі нәрселерді, әлбетте мүлде шөл топырақ ете аламыз. (8) (Мұхаммед F.C.) үңгірдегілерді және жазуды, таңырқарлық белгілерімізден деп ойладың ба? (Бір заманда Тарсус қаласындағы Дақянус патшаның зұлымдығынан қашқан адамдар; "Кәф"; солардың бекінген үңгірі. "Рақим"; солардың аты-жөні жазылған тақтай.т.б. рауаяттар бар...) (9) Сонау заманда жігіттер үңгірге бекінді де: "Раббымыз! Бізге өз қасыңнан игілік бер! Біз үшін бұл ісімізде тура жол әзірле" деді. (10) Сонда олардың құлақтарына үңгірде неше жыл бойы перде қойдық. (Терең ұйқы бердік.) (11) Сосын екі жақтың қайсысы олардың жатқан мезгілін есептегендігін анықтау үшін оларды ояттық. (12) (Мұхаммед F.C.) Біз саған олардың хабарын шынайы түрде баян етеміз. Олар



Раббыларына шын сенген жігіттер еді де оларға туралықты арттыра түстік. (13) Олардың жүректерін бекемдедік. Сол уақытта олар, тіке тұрып: "Раббымыз, көктер мен жердің Раббы. Одан өзге тәңірге әсте жалбарынбаймыз. Әрине сол уақытта рас көкіп сөйлеген боламыз" деді. (14) "Мына еліміз, Алладан өзге тәңір тұтты. Бұлар, оған байланысты ашық дәлел келтірсе еді? Енді Аллаға өтірік жала қойғаннан залымырақ кім бар?",- деді. (15)

سُورَةُ الْكَافِرَاتِ

الْمَاءِ الْعَذْبِ

العرب
٣٠


وَإِذْ أَعْرَضْتُمُوهُمْ وَمَا يَعْبُدُونَ إِلَّا اللَّهَ فَأَوْوُوا إِلَى الْكَهْفِ
 يَنْشُرْ لَكُمْ رَبُّكُمْ مِنْ رَحْمَتِهِ. وَيَهَيِّجْ لَكُمْ مِنْ أَمْرِكُمْ مَرْفَقًا
 ﴿١٦﴾ وَرَبَّى السَّمْسَ إِذَا طَلَعَتْ تَرُورَعْنَ كَهْفِهِنَّ ذَاتِ
 الْيَمِينِ وَإِذَا غَرَبَتْ تَقَرُّضُهُمْ ذَاتِ الشِّمَالِ وَهُمْ فِي فَجْوَةٍ
 مِنْهُ ذَلِكَ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ مِنْ يَهْدِ اللَّهُ فَهُوَ الْمُهْتَدِ وَمَنْ
 يُضِلِلْ فَلَنْ تَجِدَ لَهُ وَلِيًّا مُرِيدًا ﴿١٧﴾ وَحَسْبُهُمْ أَنْكَارَ
 وَهُمْ رَفُودٌ وَقَلْبُهُمْ ذَاتِ الْيَمِينِ وَذَاتِ الشِّمَالِ وَكَلْبُهُمْ
 بَسِطٌ ذِرَاعَيْهِ بِالْوَصِيدِ لَوِطَعَ عَلَيْهِمْ لَوْلِيَّتْ مِنْهُمْ
 فِرَارًا وَلَمَلِئَتْ مِنْهُمْ رُجُبًا ﴿١٨﴾ وَكَذَلِكَ بَعَثْنَاهُمْ
 لِيَتَسَاءَلُوا بَيْنَهُمْ قَالَ قَائِلٌ مِنْهُمْ كَمْ لَبِئْتُمْ قَالُوا لَبِئْنَا
 يَوْمًا أَوْ بَعْضَ يَوْمٍ قَالُوا رَبُّكُمْ أَعْلَمُ بِمَا لَبِئْتُمْ فَابْعَثُوا
 أَحَدَكُمْ بِوَرِقِكُمْ هَذِهِ إِلَى الْمَدِينَةِ فَلْيَنْظُرْ أَيُّهَا أَزْكَى
 طَعَامًا فَلْيَأْتِكُمْ بِرِزْقٍ مِنْهُ وَلْيَتَلَطَّفْ وَلَا يُشْعِرَنَّ
 بِكُمْ أَحَدًا ﴿١٩﴾ إِنَّهُمْ إِنْ يَظْهَرُوا عَلَيْكُمْ يَرْجُمُوكُمْ
 أَوْ يُعِيدُوكُمْ فِي مِلَّتِهِمْ وَلَنْ تُفْلِحُوا إِذًا أَبَدًا ﴿٢٠﴾

٢٩٥


(Олар, өзара): "Әйтеу елдеріңнен де олардың Алладан өзге табынғандарынан да айрылдыңдар; енді үңгірге бекініңдер. Сендерге Раббыларың рахметін шассын! Сондай-ақ сендер үшін істеріңде оңайлық әзірлесін" (16) (Мұхаммед F.C.) қарасаң; күн шыққан сәтте, үңгірлерінің оң жағынан ауытқығанын, күн батқан сәтте, оларды сол жақта қалдырғанын көрер едің. Олар үңгірдің кең бір жерінде. Бұл Алланың белгілерінен. Алла кімді оңғарса, сол тура жолда.

Ал кімді адастырса, сонда оған эсте көмекші, жетекші таба алмайсың. (17) Олар, ояу деп ойлайсың; негізінен олар ұйқыда еді. Оларды оңға, солға аунататын едік. Иттері, екі аяғын көсілген бойда босағада. Егер оларды көрсең, олардан ішіңе қорқу толып, бұрылып қашар едің. (18) Осылайша оларды, өзара бір-бірінен сұрасулары үшін ояттық. Олардан бір айтушы: "Қанша жатып қалдыңдар?",- деді. Олар: "Бір күн немесе күннің бір бөлімі жатып, тұрдық" деді. "Қанша жатып, тұрғандарыңды Раббыларың жақсы біледі. Мына ақшаларыңмен біреуіңді қалаға жіберіңдер. Сонда тамақтың қайсысы жақсы, көріп, сендерге одан көрек келтірсін. Сондай-ақ сыпайылық істеп, сендерді ешбіреуге сездірмесін" десті. (19) "Өйткені, егер қала халқы сендерге ықпал жүргізсе, не сендерді таспен атады немесе діндеріне қайтарады. Ол уақытта үнемі құтыла алмайсыңдар..." (20)

(Рауаят бойынша; олардың базарға барғаны, сауда алғанда берген ақшасы, көне Дақянүс ақшасы екенін көргендер, бұл қазына тауып алған екен деп ойлап, патша сұрастырғанда: сонау Дақянүс дәуріндегі қашқандар екенін білген патша; елімен барып, сөйлескеннен соң үңгірдегілер өліп, сонда жерленеді. Эл Ытқан, Табари.) Осылайша, Алланың уәдесінің шындығын, қияметтің шәкіздігін әлемнің білуі үшін оларды, бұларға мәлімдедік. Сол кезде бұлар; өзара олар жөнінде тартысуда еді. Кейі: "Олардың үстіне үй салындар" деді. Раббылары оларды жақсы біледі. Ал бұлардың іс басындағылары: "Әрине олардың үстіне мешіт жасап алайық" деді. (21) Бұлар көрмей-ақ мөлшерменен: "Олар үшеу, төртіншісі иттері" десе, кейі: "Олар бесеу, алтыншысы иттері" деп, кейі: "Жоқ, олар жетеу, сегізіншісі иттері" дейді. "Олардың санын Раббым жақсы біледі. Адамдардың өте азы ғана біледі" де. Оның үшін олар жайында тартысып, олар туралы ешбіреуінен дәнеңе сұрама. (22) Еш нәрсені: "Осыны ертең істеймін" деп айтпа. (23) Бірақ: "Алла қаласа (жасаймын)" (де.) Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал да: "Раббымның мені бұдан да туралыққа жақынырақ жолға салуынан үміткермін" де. (Яһудилердің нұсқауы бойынша, Араптар; Мұхаммед Ғ.С. нан: Рұх, үңгірдегілер және Зұлқарнайын туралы сұрағанда: "Алла қаласа"




демей; "Ертең жауап берейін" дегендіктен уахи кешіккен екен.) (24) Олар үңгірлерінде үш жүз жыл жатты. Тоғыз (жыл) арттырды. (309 жыл болды.) (25) "Олардың қанша жатқанын Алла жақсы біледі. Көктер мен жердегі көместі білу Оған тән. Ол нендей толық көруші, естуші. Оларға Алладан өзге бір көмекші жоқ. Ол, өз үкіміне ешкімді ортақ қылмайды" де. (26) Раббыңның Кітабынан саған уахи етілгенді оқы. Оның сөздерін ешбір ауыстырушы жоқ. Әрі Одан өзге паналайтын орын да таба алмайсың. (27)



олар су сұрап жалбарса, еріген кен тәрізді беттерді қуыратын бір су беріледі. Ол нендей жаман сусын, әм нендей жаман орын. (29) Иман келтіріп, дұрыс іс істегендердің және жақсы ғамал істеген кісінің еңбегін жоймаймыз. (30) Міне, бұлар үшін астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары бар. Олар онда алтыннан білезіктермен безенеді; олар жұқалы-қалыңды жасыл жібектен киімдер киеді де олар онда, дивандарға сүйенеді. Нендей жақсы сауап, нендей әйбет жастанатын орын! (Дүние дәулетіне мәз болып, Аллаға шерік қатып, ақиретті ұмытқан Патрос деген кәпір мен тоқ мейіл Яғұза деген Мұсылманның жағдайынан мысал беріліп отыр. Б.М.Р.Ж-Қ.) (31) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға екі адамның мысалын баян ет: Біреуіне жүзімдерден екі бақша қылдық. Әрі екі бақшаның арасын құрма ағаштарымен қоршап; екі бақшаның арасына егіндер өндірдік. (32) Екі бақша да жемістерін берді. Одан еш нерсе кемітпеді. Араларынан бұлақ ағыздық. (33) Оның басқа кірімі де бар еді. Сонда ол, жолдасымен сөйлескенде: "Мен сенен мал жағынан молшылықта, әм бас жағынан да үстеммін" деді. (34)

(Мұхаммед Ғ.С.) тәңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарғандармен бірге өзің де сабыр ет. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді басқаға аударма. Сондай-ақ Біз; жүрегін, Бізді еске алудан кәперсіздендірген, әуесіне ерген және ісі шектен асқан біреулерге бағынба. (6-С.25-А.) (28) "Бұл хақиқат (Құран) Раббыларыңнан" де. Сонда кім қаласа сенсін, кім қаласа қарсы келсін. Расында Біз, залымдар үшін дуалдары қоршап алатын тозақ оты әзірледік. Егер

Ол өзіне зұлымдық еткен түрде бақшасына кірді де: "Тіпті бұны жоқ болады деп ойламаймын" деді. (35) "Әрі қияметтің болатындығын да ойламаймын. Мүбада Раббыма қайтарылсам, әрине бұдан да жақсы орын табамын" (деді.) (36) Жолдасы оған сөйлесіп тұрып: "Сені топырақтан, сонан кейін бір тамшы судан жаратып, сонан соң жөндеп адам еткен Аллаға қарсы келесің бе?",- (деді) (37) "Бірақ, менің Раббым, Ол Алла; Раббыма ешбіреуді шерік қоспаймын" (38) "Өз бақшаңа кірген сәтте; бұл Алланың қалауы, Алладан басқа ешбір қуат жоқ неге демедің? Тіпті мені мал және бала жағынан өзіңнен кем көрсең де" (39) "Раббымның: Маған сенің бақшаңнан жақсырағын беруі, сенікінің үстіне көктен апат жіберіліп, мүлде қақ топыраққа айналуы мүмкін" (40) "Немесе бақшаңның суы тартылып, оны әсте іздеп таба алмассың" (41) Оның еңбектері еш болып, бақшасына өкініп, екі алақанын ұйқалауға айналды да: "Әттеген-ай! Раббыма ешкімді серік қоспасам еді" деді. (42) Оған Алладан өзге жәрдем етер



бір топ жоқ. Сондай-ақ өзін де құтқара алмады. (43) Сол жерде иелік шынайы Аллаға тән. Ол, сыйлық беру тұрғысынан жақсы әрі нәтиже жағынан да хайырлы. (44) (Мұхаммед Ф.С.) оларға дүние тішілігінен мысал бер: (Дүние тіршілігі;) көктен біз жаудырған жаңбыр арқылы: Жердің өсімдіктері бір-біріне араласып, құлпырып, одан құрғақ үгіндіге айналып, оны желдер ұшырып кеткен тәрізді. Сондай-ақ Алла, әр нәрседен үстем күш иесі. (45)

سُورَةُ الْكَافِرَاتِ


الْمَالِ وَالْبَنُونَ زِينَةَ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَالْبَاقِيَاتُ الصَّالِحَاتُ
 خَيْرٌ عِنْدَ رَبِّكَ ثَوَابًا وَخَيْرٌ أَمْلًا ﴿٤٦﴾ وَيَوْمَ نَسِيرَ الْجِبَالِ تُرَى
 الْأَرْضُ بَارِزَةً وَحَشَرْتَهُمْ فَمَنْ نَعَادُوا مِنْهُمْ أَحَدًا ﴿٤٧﴾ وَعَرْضُوا
 عَلَىٰ رَبِّكَ صَفًّا لَقَدْ جِئْتُمُونَا كَمَا خَلَقْنَاكُمْ أَوَّلَ مَرَّةٍ بَلْ زَعَمْتُمْ
 أَلَّنْ نَجْعَلَ لَكُمْ مَوْعِدًا ﴿٤٨﴾ وَوَضِعَ الْكِتَابَ فَتَرَى الْمُجْرِمِينَ
 مُشْفِقِينَ مِمَّا فِيهِ وَيَقُولُونَ يَا وَيْلَتَنَا مَالِ هَذَا الْكِتَابِ
 لَا يَقَادُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً إِلَّا أَحْصَاهَا وَوَجَدُوا مَا عَمِلُوا
 حَاضِرًا وَلَا يَظُنُّ رَبُّكَ أَحَدًا ﴿٤٩﴾ وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا
 لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ كَانَ مِنَ الْجِنِّ فَفَسَقَ عَنْ أَمْرِ رَبِّهِ
 أَفَتَسْتَخِدُّونَهُ وَذُرِّيَّتَهُ أَوْلِيَاءَ مِنْ دُونِي وَهُمْ لَكُمْ عَدُوٌّ
 بِئْسَ لِلظَّالِمِينَ بَدَلًا ﴿٥٠﴾ مَا أَشْهَدْتُهُمْ خَلْقَ السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضِ وَلَا خَلْقَ أَنْفُسِهِمْ وَمَا كُنْتُمْ مَسْخُذًا مِمَّنْ عَضِدُوا
 ﴿٥١﴾ وَيَوْمَ يَقُولُ نَادُوا شُرَكَاءِيَ الَّذِينَ زَعَمْتُمْ فَدَعَوْهُمْ
 فَلَمْ يَسْتَجِيبُوا لَهُمْ وَجَعَلْنَا بَيْنَهُمْ مَوْبِقًا ﴿٥٢﴾ وَرَأَى الْمُجْرِمُونَ
 النَّارَ فَظَنُّوا أَنَّهُمْ مُوَافِعُوهَا وَلَمْ يَجِدُوا عَنْهَا مَصْرِفًا ﴿٥٣﴾

الْحَبْرُ
 ٣

(делінеді.) (48) Гамал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәкарлардың, одан қорыққанын көресің. Олар: "Абырым-ай! Бізге нендей өкінім! Мына Кітапта, кішкенені де үлкенді де тастамай-ақ түгендепті" дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды. (49) (Мұхаммед F.C.) сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар" деген едік. Ібілістен басқа бүкіл періштелер сәжде қылған еді. Жыннан болған ол, Раббының әмірінен бас тартты. Сонда да Менен өзге оны және ұрпақтарын дос етіп, аласыңдар ма? Олар болса, сендерге дұшпан. (Алла тұрып, шайтанды дос көру.) Залымдар үшін нендей жаман өзгеріс! (50) Мен жер, көкті жаратқанда және олардың өздерін жаратқанда, оларды керек қылмадым. Сондай-ақ ешқашан аздырушыларды көмекші еткен емеспін. (51) Қиямет күні; (Алла, кәпірлерге): "Өздеріңнің, Менің шеріктерім деп ойлағандарыңды шақырыңдар" дейді. Сонда оларды шақырады. Бірақ олар өздеріне жауап бермейді. Сондай-ақ олардың араларына бір кәтерлі орын жасаймыз. (2-С. 166-А.) (52) Күнәкарлар; тозақ отын көріп, сонда өздерінің оған түсетіндіктерін сезеді. Бірақ, одан бұрылар жер таба алмайды. (53)

Мал мен балалар, дүние тіршілігінің сәні. Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында; табыс бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы. (46) Қиямет күні, тауларды жүргіземіз де жерді жап-жазық көресің. Және де адам баласын; олардан ешкімді тастамай жинаймыз. (47) Олар, Раббыңның хұзырына қатарланып келтіріледі. Оларға: "Бастапта жаратқанымыз тәрізді келдіңдер, тіпті сендерге бір уәделі мерзім белгілемедік деп, ойладыңдар"

Расында осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал адам баласы, көп нәрселерде жанжалшыл. (54) Қашан да адам баласына тура жетекші келсе, оларды иман келтірулеріне және Раббыларынан жарылқану тілеулеріне кедергі болған нәрсе, бұрынғыларға келген апаттың; өздеріне келуін немесе азаптың қарсы алдарына келуін тосулары. (55) Негізінде елшілерді қуандыру, қорқыту үшін ғана жібердік. Кәпірлер, бос нәрселер арқылы шындықты төмендетуге жағаласады. Әрі апаттарымызды және ескерткен нәрселерімізді тәлкекке алады. (56) Раббыларының аяттары арқылы үгіттеліп, одан бет бұрған және бұрынғы өз қолымен істегендерін ұмытқан кісіден кім залымырақ? Расында олардың жүректеріне оны түсінбейтін қалтқы және де құлақтарына керемет пайда қылдық. (Мұхаммед Ғ.С.) оларды туралыққа шақырсаң да әрине мүлде жолға келмейді. (57) Раббың; өте жарылқаушы, мәрхамет иесі. Егер оларды қылықтарының салдарынан қолға алатын болса, әрине оларға азапты тездетер еді. Дегенмен олар үшін белгілі бір мерзім бар. О заман олар, Алладан өзге паналайтын жер таба алмайды. (58) Олар зұлымдық еткен заманда, сол кенттерді жоқ еттік. Солардың жоқ етілулері үшін де мерзім



белгілеген едік. (Мұса Ғ.С. Алланың берген зор ғылымына ие құлы Хызыр Ғ.С. ға, екі теңіздің бірлескен жерінде кездесу үшін; Юшақ ұлы Нүн екеуі жолға шығады. Б.Ж.М.Р.К.) (59) Сол уақытта Мұса (Ғ.С.) жігітіне: "Екі теңіздің қосылған жеріне дейін тоқтамаймын. Немесе жүріспен жылдар өткіземін" деді. (60) Екеуі екі теңіздің құйғанына жеткен кезде, балықтарын ұмытты. Сонда балық, сырғып барып, теңізден жол алды. (61)

سورة الكهف


فَلَمَّا جَاوَزَا قَالَ لِفَتَاهُ إِنَّا نَادَعَاكَ نَالِقَد لَقِينَا مِنْ سَفَرِنَا
هَذَا نَصَبًا ﴿٦٦﴾ قَالَ أَرَأَيْتَ إِذْ أَوْتِنَا إِلَى الصَّخْرَةِ فَإِنِّي نَسِيتُ
الْحُوتَ وَمَا أَنَسَنِيهِ إِلَّا الشَّيْطَانُ أَنْ أَذْكُرَهُ وَاتَّخَذَ سَيِّئَهُ
فِي الْبَحْرِ عَجْبًا ﴿٦٧﴾ قَالَ ذَلِكَ مَا كُنَّا نَبِغُ فَأَرْتَدَّا عَلَىٰ آثَارِهِمَا
فَصَصَا ﴿٦٨﴾ فَوَجَدَا عَبْدًا مِنْ عِبَادِنَا ءِتَيْنَاهُ رَحْمَةً مِنْ
عِنْدِنَا وَعَلَّمْنَاهُ مِنْ لَدُنَّا عِلْمًا ﴿٦٩﴾ قَالَ لَهُ مُوسَىٰ هَلْ أَتَيْتَكَ
عَلَىٰ أَنْ تُعَلِّمَنِي مِمَّا عَلَّمْتَ رُسُلَنَا ﴿٧٠﴾ قَالَ إِنَّكَ لَنْ تَسْتَطِيعَ
مَعِيَ صَبْرًا ﴿٧١﴾ وَكَيْفَ نَصْبِرُ عَلَىٰ مَا تَرْتَجِطُ بِمِصْرًا ﴿٧٢﴾ قَالَ
سَتَجِدُنِي إِن شَاءَ اللَّهُ صَابِرًا وَلَا أَعْصِي لَكَ أَمْرًا ﴿٧٣﴾ قَالَ
فَإِنِ اتَّبَعْتَنِي فَلَا تَسْتَلْبِئْ عَنِّي وَحَتَّىٰ أَحْدِثَ لَكَ مِنْهُ ذِكْرًا
﴿٧٤﴾ فَأَنْطَلَقَا حَتَّىٰ إِذَا رَكِبَا فِي السَّفِينَةِ خَرَقَهَا قَالَ أَخْرَقْنَاهَا
لِنُغْرِقَ أَهْلَهَا لَقَدْ جِئْتَ شَيْئًا إِمْرًا ﴿٧٥﴾ قَالَ أَلَمْ أَقُلْ إِنَّكَ
لَنْ تَسْتَطِيعَ مَعِيَ صَبْرًا ﴿٧٦﴾ قَالَ لَا تُؤَاخِذْنِي بِمَا نَسِيتُ وَلَا
تُرْهِقْنِي مِنْ أَمْرِي عَسْرًا ﴿٧٧﴾ فَأَنْطَلَقَا حَتَّىٰ إِذَا لَقِيَا غُلَامًا فَقَتَلَهُ
قَالَ أَفَنَتَّ نَفْسًا رَكِيبَةً بَعْدَ نَفْسٍ لَقَدْ جِئْتَ شَيْئًا نُكْرًا ﴿٧٨﴾

۳۰۱


"Саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін саған ерейін бе?",- деді. (66) "Расында сен менімен бірге болуға шыдая алмайсың" деді. (67) "Ішкі сырын толық білмейтін нәрсеге қалай сабыр ете аласың?",- (деді.) (68) (Мұса F.C.): "Алла қаласа, мені сабырлы табарсың. Сондай-ақ саған ешбір істе қарсы келмеймін" деді. (69) "Ал онда маған ілессең, саған айтпайынша, менен еш нәрсе сұрама" деді. (70) Сөйтіп, екеуі жолға шықты да кемеге түсіп, оны тесе бастады. (Мұса F.C.): "Кемедегілерді суға батыру үшін тестің бе? Рас орынсыз істедің" деді. (71) (О кісі): "Мен саған менімен бірге әсте сабыр ете алмайсың демедім бе?" деді. (72) (Мұса F.C.): "Ұмытқан нәрсемді есепке алма. Маған ісімде қолайсыздық тудырма" деді. (73) Екеуі тағы жолға шықты. Бір ұл бала кездесіп еді, (о кісі) оны өлтірді. (Мұса F.C.): "Кісі өлтірмеген жазықсыз біреуді өлтірдің бе? Рас жаман іс істедің" деді. (74)

Екеуі ілгерлеп барған кезде, Мұса (F.C.) жігітіне: "Азығымызды әкелші; әрине осы сапарымызда шаршадық" деді. (62) "Көрдің бе? Тасқа дем алғанда, балықты ұмытқан екемін. Маған оны айтуды шайтан-ақ ұмыттырды. Ол таңғажайып түрде теңізде жол алды" деді. (63) (Мұса F.C.): "Міне іздегеніміз осы" деп, екеуі ізінше қайта қайтты. (64) Сонда екеуі; өз тарапымыздан игілік беріп, өз қасымыздан ғылым үйреткен құлдарымыздан бірін тапты. (65) Мұса, (F.C.) о кісіге:

"Сен менімен бірге жүруге әсте шыдая алмайсың демедім бе?",- деді. (75) "Егер бұдан кейін бір нәрсе сұрасам, тіпті мені жолдас қылма. Рас менен саған сылтау табылды" деді. (76) Сонда екеуі тағы жүріп, бір кент халқына барып, тұрғындарынан тамақ сұрады. Олар, екеуін қонақ қылудан бас тартты. Сонда да екеуі, ол жердегі жығылғалы тұрған тамды көріп; оны жөннеді. (Мұса F.C.): "Егер қаласаң, бұған жалақы алар едің" деді. (77) "Міне осы, мені мен сен екеуіміздің арамның айрылуы. Ал енді саған сабыр ете алмаған нәрселеріңнің сырын айтайын" деді. (78) "Кеме теңізде кәсіп істеген кембағалдардікі еді. Оны ақаулы еткім келді. Өйткені, ар жақтарында, әр (мықты) кемені тартып алатын патша бар еді" (79) "Ал баланың мүмін әке-шешесі бар еді. Оның, әке-шешесін бас тарттыруға, қарсылыққа зорлауынан қорықтық" (80) "Раббылары, оның орнына өздеріне одан тағы таза, тағы мәрхаметті бір бала беруін қаладық" (81) "Ал енді там; бұл қаладағы екі жетім баланікі болып, оның астында ол екеуіне тән қазына бар еді. Сондай-ақ әке-шешелері түзу кісі болғандықтан Раббың, ол екеуі ержетіп, қазыналарын шығарып




алауын қалады. Бұл Раббыңнан бір мәрхамет еді. Сондай-ақ бұны мен өздігімнен істемедім. Міне осы, сенің сабыр ете алмаған істерің" (82) (Мұхаммед F.C.) олар сенен Зұлқарнайынды сұрайды: "Сендерге оның жайын түсіндірейін" де. (Бұл Зұлқарнайын "екі мұйызды" деген ұғымда. Екі тұлымы немесе тажында екі мұйызы болғандықтан атанған. Аты, Ескендер, пайғамбар емес. Батыс, шығысты кезген; РҰм, фарсы делінген, т.б. рауаяттар бар. Ж.Б.М.К.Р.) (83)




иман келтіріп, түзу іс істесе, оған жақсы сыйлық бар. Сондай-ақ жеңіл іс бұйырамыз" (88) Бұдан кейін (шығысқа қарай) шара қолданды. (89) Тіпті күн шығатын жерге жеткен кезде, оның бір елдің үстінен туғанын көрді. Ол елге күннен өзге перде жасамаған едік. (Баспаналары, киімдері жоқ еді.) (90) Осындай еді. Расында оның не істегенін толық білеміз. (91) Содан кейін тағы да бір шара қолданды. (92) Тіпті екі таудың арасына жеткен кезде, сөзді түсіне алмайтын бір ел тапты. (93) Олар: "Әй Зұлқарнайын! Яжүж, Мажүж бұл жерде бұзақылық істеуде. Саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет жасайсыңба?" деді. (Бұл; Азербайжан таулары. Яжүж, Мажүж; Япас ұрпағынан болған бір бұзақы ел. Ж.Б.Р.К.М.Х.) (94) Зұлқарнайын: "Раббымның маған бергені бес артық. Сендер маған күш көмегін қылыңдар да сендер мен олардың арасына бір бөгет жасайын" деді. (95) "Маған темір тақтайлар әкеліңдер" деді. Екі беттің арасы теңелген кезде: "Көріктеңдер" деді. Ол от болған сәтте: "Маған еріген мыс әкеліңдер, үстіне құяйын" деді. (96) Сонда олар, оны аса алмады да тесе алмады... (97)

Негізінде Зұлқарнайынды жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне әр істе қолайлық бердік. (84) О да бір шара қолданды. (85) Тіпті күн бататын жерге жеткен сәтте, оны қара балшықты бұлаққа батқан түрде көрді. Сондай-ақ сол маңнан бір ел тапты. "Әй Зұлқарнайын, не (ол елді) азаптарсың немесе оларға жақсылық істерсің" дедік. (86) Оларға: "Енді кім зұлымдық қылса, оны жазаландырамыз. Сосын Раббына айдалып, Раббы оған қатты жаза береді" деді. (87) "Ал енді кім

(Зұлқарнайын): "Бұл Раббымнан бір мәрхамет. Қашан Раббымның уәдесі (қиямет) келсе, оны жермен-жексен қылады. Сондай-ақ Раббымның уәдесі хақ" деді. (98) Қиямет күні, оларды бір-біріне қосылған түрде қоямыз да Сүр үріліп, оларды тұтас жинаймыз. (99) Ол күні тозақты кәпірлерге айқын көрсетеміз. (100) Олар насихатымнан көздері перделі және құлақтары ести алмайтындар. (101) Кәпірлер, Мені қойып, құлдарымды ие етуді ойлай ма? Расында тозақты, кәпірлерге қонақ үй етіп, әзірледік. (102) (Мұхаммед F.C.): "Сендерге қылығы бойынша зиянға ұшыраушылардың хабарын берейін бе?", - де. (103) Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: "Рас жақсы іс істедік" деп ойлайды. (104) Міне олар, Раббыларының аяттарына әрі Раббыларына жолығуға қарсы келгендер. Сондықтан еңбектері еш болған. Сонда оларға қиямет күні еш мән бермейміз. (105) Олар қарсы келіп, аяттарымызды, елшілерімізді тәлкекке алғандықтары себепті жазалары тозақ. (106) Расында иман келтіріп, түзу іс істегендер үшін Пердәуіс жаннаты, қонақ үй болады. (107) Олар онда мәңгі қалады да



өздері одан ауысуды қаламайды. (108) (Мұхаммед F.C.): "Егер Раббымның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді" де. (109) "Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уахи етілуде. Сондай-ақ кім Раббына жолығуды үміт етсе, сонда түзу іс істеп, Раббына істеген құлшылығында; Оған ешкімді ортақ етпесін" де. (110)




19-МӘРЯМ СҮРЭСІ

Мединеде түскен. Тоқсан сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) (Мұхаммед Ғ.С.) бұл Раббыңның құлы Зәкеря (Ғ.С.) ға мәрхаметінің естелігі. (2) Ал бір заманда ол, Раббына құпия дауыспен жалбарынған еді. (3) "Раббым! Сүйегім қаусап, басым ағарған. Дегенмен саған қойған тілегім, босқа кетпеген еді" деді. (4) "Шынында мен өзімнен кейінгі

жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) қорқамын. Сондай-ақ жұбайым кембір. Сонда да маған өз қасыңнан бір мұрагер бере көр!" (5) "Ол, маған да мұрагер болып, әрі Яғқұп ұрпағына да мұрагер болсын. Раббым оны ризалығыңа бөле!" (6) (Алла): "Әй Зәкеря! Расында сені бір үл арқылы қуантамыз. Аты Яхя. Бұрын оған ешкімді аттас қылмаған едік." (7) (Зәкеря): "Раббым! Менің ұлым қалайша болады! Жұбайым кембір. Расында өзім де кәріліктен қурадым" деді. (8) "Міне солайша" деді. Бірақ Раббың: "Ол маған оңай. Өйткені, сені бұрын жаратқанымда дәнөңе емес едің" деді. (9) "Раббым маған бір белгі бер" деді. (Алла): "Сенің белгің: сап-сау бола тұра үш тәулік адамдармен сөйлесе алмайсың" деді. (10) Сонда (Зәкеря) михраптан шығып, қауымына: "Ертелі-кеш Алланы дәріптеңдер" деп нұсқады. (11)

"Әй Яхя! Кітапты мықты ұста" деп, сәбилігінде-ақ даналық берген едік. (12) Әрі оған өз қасымыздан мұлайымдық, күнәдан тазалық бердік. Өзі де тақуа еді. (13) Әрі әке-шешесіне де мейірімді еді. Зоракер, күнәкар емес еді. (14) Оған туылған күні, өлетін күні және тірі тұрғызылатын күні амандық болсын. (15) (Мұхаммед Ғ.С.) Құрандағы Мәрямды айтып бер. Сол уақытта ол, тұрған үйінің шығыс жағындағы бір орынға жекеленіп барды. (16) Сонда олардың бер жағынан шымалдық ұстап қойған еді. Сондай-ақ оған рұхымызды (Жебірейілді) жібердік те ол, оған толық адам бейнесінде көрінді. (17) (Мәрям): "Егер сен тақуа болсаң да сенен Аллаға сиынамын" деді. (18) (Рұх): "Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Рабыңның елшісімін" деді. (19) Мәрям: "Маған бір адам жұғыспаса, маған қалайша бала болады? Сондай-ақ суық жолда болмасам" деді. (20) (Жебірейіл Ғ.С.): "Ол, солайша" деді. Өйткені, Рабың: "Бұл Маған оңай. Мен



тараптан адам баласына бір үлгі әрі бір мәрхамет. Бұл біткен бір іс еді" деді. (21) Мәрям; ол балаға жүкті болып, соныменен ұзақ бір жерге кетті. (22) Сонда оны толғақ қысап, құрма ағашының төбіне барды да: "Әттең-ай! Мен бұдан бұрын өліп қана мүлде ұмытылып кеткен болсам еді" деді. (23) (Періште) оның астыңғы жағынан: "Кейіме, Рабың астыңнан бір бұлақ жаратты" деп дабыстады. (24) "Құрманың бұтағын өзіңе қарай сілк. Саған жас құрма түседі" (деген үн келді.) (25)


فَكُلِي وَاشْرَبِي وَقَرِّي عَيْنًا فَأِمَّا تَرِينَ مِنَ الْبَشَرِ أَحَدًا فَقُولِي
 إِنِّي نَذَرْتُ لِلرَّحْمَنِ صَوْمًا فَلَنْ أُكَلِّمَ الْيَوْمَ إِنْسِيًّا ﴿٣٠﴾
 فَآتَتْ بِهِ قَوْمَهَا تَحْمِلُهُ قَالُوا يَا مَرْيَمُ لَقَدْ جِئْتِ شَيْئًا
 فَرِيًّا ﴿٣١﴾ يَا خُتَّةُ هَدْرُونَ مَا كَانَ أَبُوكَ أَمْرًا سَوِيًّا وَمَا كَانَتْ
 أُمُّكَ بَغِيًّا ﴿٣٢﴾ فَأَشَارَتْ إِلَيْهِ قَالُوا كَيْفَ نُكَلِّمُ مَنْ كَانَ فِي
 الْبَيْتِ مَهْدًى صَبِيًّا ﴿٣٣﴾ قَالَ إِنِّي عَبْدُ اللَّهِ آتَانِيَ الْكِتَابَ وَجَعَلَنِي
 نَبِيًّا ﴿٣٤﴾ وَجَعَلَنِي مُبَارَكًا أَيْنَ مَا كُنْتُ وَأَوْصَانِي بِالصَّلَاةِ
 وَالزَّكَاةِ مَا دُمْتُ حَيًّا ﴿٣٥﴾ وَبِرَأْيِ بَوْلَدِي وَلَمْ يَجْعَلْنِي
 جَبَّارًا شَقِيًّا ﴿٣٦﴾ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ يَوْمَ وُلِدْتُ وَيَوْمَ أَمُوتُ
 وَيَوْمَ أُبْعَثُ حَيًّا ﴿٣٧﴾ ذَلِكَ عِيسَى ابْنُ مَرْيَمَ قَوْلَ الْحَقِّ
 الَّذِي فِيهِ يَمْتَرُونَ ﴿٣٨﴾ مَا كَانَ لِلَّهِ أَنْ يَتَّخِذَ مِنْ وَلَدٍ سُبْحَانَهُ
 إِذَا قَضَىٰ أَمْرًا فَإِنَّمَا يَقُولُ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ ﴿٣٩﴾ وَإِنَّ لِلَّهِ رَبِّ وَرَبِّكُمْ
 قَاعًا مَدُونًا هَذَا صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ ﴿٤٠﴾ فَأَخْتَلَفَ الْأَحْزَابُ مِنْ
 بَيْنِهِمْ فَوَيْلٌ لِلَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ مَّسْجِدِ يَوْمٍ عَظِيمٍ ﴿٤١﴾ أَسْمِعْ يَوْمَ
 وَأَبْصِرْ يَوْمَ يَأْتُونَ تَنَاكُتِ النُّطُفِ لِيَوْمِ الْيَوْمِ فِي ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿٤٢﴾

۳۰۷

Ал енді же де іш. Көз айым бол!
 Егер адамдардан біреу көрсең: "Аса
 қамқор Алла үшін ораза атадым.
 Сондықтан бүгін еш адаммен
 сөйлеспеймін" де. (26) Сонда баланы
 көтеріп еліне келді. Олар: "Әй
 Мәрям! Расында сен өрескел бір
 нәрсе келтірдің" деді. (27) "Әй
 Һарунның қарындасы! (Сонымен
 рулас қыз.) Әкең де жаман кісі емес,
 шешең де жаман жолда емес еді."
 (28) Мәрям баланы көрсетті. Олар:
 "Бесіктегі бір бөбекпен қайтып
 сөйлесеміз?,"- деді. (29) (Бала): "Рас

мен Алланың құлымын. Маған
 кітап беріп, пайғамбар қылды" деді.
 (30) "Сондай-ақ мені қайда болсам
 да құтты етті де, тіршілігім
 бойынша намазды, зекетті
 орындауға бұйырды." (31) "(Мені)
 шешеме мейірімді етіп, бір зоракер
 және қиқар қылмады." (32) "Маған
 туылған күнімде, өлер күнімде және
 тірілтіліп, тұрғызылатын күнім де
 амандық болады." (33) Міне осы:
 Олар шүбәланған Мәрям ұлы Гиса
 (Г.С.) жайындағы Алланың хақ сөзі.
 (34) Алланың баласы болуы мүмкін
 емес. Алла (Т.) одан мүлде пәк. Ол,
 бір істің болуын қаласа, тек қана
 оған "бол" дейді. Сонда ол, бола
 қалады. (35) "Күдіксіз Алла, менің
 де Раббым әрі сендердің де
 Раббыларың. Онда Оған ғана
 құлшылық қылыңдар. Тура жол
 осы." (36) Алайда, (Яһуди,
 Христиан) топтары өзара таласты.
 Қарсы болғандарға, ұлы бір күннің
 келуінде нендей өкініш. (37) Олар,
 алдымызға келген күні, нақ естиді
 де көреді. Бірақ залымдар, бүгін
 ашық түрде адасуда. (38)

(Мұхаммед F.C.) ол сенбей селқостықта болғандарға, олар үшін іс бітіп кететін қасырет күнін ескерт. (39) Расында біз жерге де ондағыларға да мұрагер боламыз. Және олар біз жаққа қайтарылады. (40) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Ыбырайым (F.C.) ды есіңе ал. Негізінде ол турашыл пайғамбар еді. (41) Сол уақытта әкесіне: "Әй әкетайым! Естімес, көрмес, сондай-ақ өзіңе бір пайдасы жоқ нәрсеге неге шоқынасың?",- деді. (42) "Әй әкетайым! Расында маған, саған келмеген білім келді. Сондықтан маған ілес. Сені тура жолға салайын." (43) "Әй әкетайым! Шайтанға шоқынпа! Өйткені, шайтан, Аллаға қарсы болған." (44) "Әй әкетайым! Сені Алла жағынан азап қолға алып, шайтанға дос болып, қалуыңнан қорқамын." (45) Әкесі: "Әй Ыбырайым! Сен тәңірлерімнен бет бұрасың ба? Егер, мұны қоймасаң, әрине сені таспен атамын. Сондай-ақ өзің менен аулақ бол" деді. (46) (Ыбырайым F.C.): "Саған амандық болсын. Сені Раббымның жарылқауын тілеймін. Өйткені, Ол, өте мейірімді" деді. (47) "Мен сендерден де Алладан өзге



шоқынғандарыңнан да араны ашып, Раббыма жалбарынамын. Сондай-ақ Раббыма жалбарынсам, бос қалмауымнан үміткермін." (48) (Ыбырайым F.C.) олардан; олардың Алладан өзге табынғандарынан да ажыраған кезде, оған Ысхақ пен Яғқұпты беріп, әрқайсысын пайғамбар қылдық. (49) Оларға рахметімізден бағыш етіп, оларды әр тілде жоғары бағалаттық. (50) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Мұса (F.C.) ны есіңе ал. Рас ол, ықыласты әрі жіберілген пайғамбар еді. (51)


وَنَدَبْتَهُ مِنْ جَانِبِ الطُّورِ الْأَيْمَنِ وَقَرَّبْتَهُ يَحْيَىٰ ۖ وَوَهَبْنَا لَهُ مِنْ رَحْمَتِنَا أَخَاهُ هَارُونَ نَبِيًّا ﴿٥٦﴾ وَأَذْكُرُ فِي الْكِتَابِ إِسْمَاعِيلَ إِنَّهُ كَانَ صَادِقَ الْوَعْدِ وَكَانَ رَسُولًا نَبِيًّا ﴿٥٧﴾ وَكَانَ بِأَمْرٍ أَهْلَهُ بِالصَّلَاةِ وَالزُّكُوفِ ۖ وَكَانَ عِنْدَ رَبِّهِ مَرْضِيًّا ﴿٥٨﴾ وَأَذْكُرُ فِي الْكِتَابِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّهُ كَانَ صِدِّيقًا نَبِيًّا ﴿٥٩﴾ وَرَفَعْنَاهُ مَكَانًا عَلِيًّا ﴿٦٠﴾ أُولَٰئِكَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ مِن ذُرِّيَةِ آدَمَ وَمِمَّنْ حَمَلْنَا مَعَ نُوحٍ وَمِن ذُرِّيَةِ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْرَائِيلَ وَمِمَّنْ هَدَيْنَا وَاجْتَبَيْنَا إِذِ اتَّخَذُوا الْعَهْدَ ۗ أُولَٰئِكَ الَّذِينَ احْتَفَيْنَا عَنَّا فَخَلَفُوا بِهَا عَصَاكَ ۖ وَاللَّهُ يَخْلُقُ مَا يَشَاءُ ۗ وَاللَّهُ عَلِيمٌ خَبِيرٌ ﴿٦١﴾ وَلَا يَطْلُمُونَ شَيْئًا ۚ جَنَّاتٍ عَدْنٍ الَّتِي وَعَدَ الرَّحْمَنُ عِبَادَهُ بِالْقَبْئِيبِ ۖ إِنَّهُ كَانَ وَعْدُهُ مَأْتِيًّا ﴿٦٢﴾ لَا يَسْمَعُونَ فِيهَا لِقْوًا لِاسْمَأْذَانَ ۖ وَلَهُمْ رِزْقُهُمْ فِيهَا بُكْرَةً وَعَشِيًّا ﴿٦٣﴾ تِلْكَ الْجَنَّةُ الَّتِي نُورِثُ مِنْ عِبَادِنَا مَنْ كَانَ تَقِيًّا ﴿٦٤﴾ وَمَا نُنزِّلُ إِلَّا بِأَمْرِ رَبِّكَ لَهُ مَا بَيْنَ أَيْدِينَا وَمَا خَلْفَنَا وَمَا بَيْنَ يَدَيْكَ ۗ وَمَا كَانَ رَبُّكَ نَسِيًّا ﴿٦٥﴾

۳۰۹


Оған Түр тауының оң жағынан дабыстап, сөйлесу үшін өзімізге жақындаттық. (52) Әрі мәрхаметімізбен туысы Һарұнды, өзіне пайғамбар етіп бердік. (53) (Мұхаммед Ғ.С.) Құрандағы Ысмайыл (Ғ.С.) ды есіңе ал. Шынында ол, уәдесіне берік әрі жіберілген бір пайғамбар еді. (54) Үй-ішіне, намазбен зекетті орындауды бұйыратын еді. Сондай-ақ Раббының қасында сүйікті еді. (55) (Мұхаммед Ғ.С.) Кітаптағы Ыдырыс (Ғ.С.) ды ескер.

Өйткені, ол шыншыл бір пайғамбар еді. (56) Оны жоғары орынға көтердік. (Пайғамбарлық дәрежесіне, Аллаға жақындауға, жаннатқа және көкке шығаруға. Ж.Б.Р.К.Х.) (57) Міне бұлар, Алла, өздерін нығметке бөлеген пайғамбарлар. Адам (Ғ.С.) ның және Нұх (Ғ.С.) пен бірге (кемеде) тасығандарымыздың ұрпағынан әрі Ыбырайым (Ғ.С.) және Исраилдың ұрпағынан тура жол көрсетіп, таңдаған кісілерімізден. Оларға Алланың аяттары оқылған сәтте, жылаған бойда сәждеге жығылады (Сәжде бар) (58) Бұл пайғамбарлардан кейін орындарына, намазды қойып, нәпсілеріне ергендер келді. Олар жақында (қияметте) адасуларының сазайын тартады. (59) Бірақ кім тәубе қылып, иман келтірген түрде түзу іс істесе, міне солар ешбір әділетсіздікке ұшырамай жаннатқа кіреді. (60) Ол, аса қамқор Алланың құпия түрде құлдарына уәде еткен (Ғадын) жаннаттары. Расында Оның уәдесі орындалады. (61) Олар жаннатта сәлемнен басқа бос сөз естімейді. Және оларға жаннатта ертелі-кеш несібе бар. (62) Құлдарымыздан біреу тақуа болса, соны мұрагер ететін бейіш осы. (Бір уақ Жебірейіл Ғ.С. кешіккендіктен Мұхаммед Ғ.С. алаң болады. Ж.Б.М.Р.К. (63) (Жебрейіл Ғ.С.): "Раббымың әмірімен ғана түсеміз. Алды-артымыздағы және екі арадағы жағдайларды білу Оған тән. Сондай-ақ Раббың ұмытпайды. (64)

Ол, көктер мен жердің ері арасындағылардың Раббы. Сондықтан Соған құлшылықта сабырлы бол. Сол аттас білетінің бар ма? (Бұдан басқа Алла бар ма?) (65) Адам баласы: "Мен өлген уақытта тіріліп, ортаға шығарыламын ба?",- дейді. (66) Ал адам баласы, өзін алғаш жаратқанымызда, дәнеңе емес екенін ойламай ма? (67) Раббыңа серт! Әлбетте оларды да шайтандарын да жинаймыз. Сонан соң тозақтың айналасына тізерлетіп, оларды әзірлейміз. (68) Сонан кейін әрбір топтан Аллаға қайсысы қатты қарсы келгенін ортаға шығарамыз. (69) Сосын әрине олардан тозаққа лайық болғанын жақсы білеміз. (70) Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім. (71) Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозақта жүгіндіріп қоямыз. (72) Өздеріне ашық түрде аяттарымыз оқылған заман; кәпірлер, (байлықтарын салғастырып) мүміндерге: "Екі топтың қайсысы жағдайда жақсы, жиналыста көркем?",- деді. (73)



Бұлардан бұрынғы нәсілден талайды жоқ еттік. Олар, дүниелікте әрі көріністе бұлардан артық еді. (74) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Кім адасқан болса, Алла оны мүлде созып қояды да ақыр өздеріне уәде етілген азапты не қияметті көрген сәтте, олар кімнің орны жаман, сыбайластары әлсіз екенін біледі" де. (75) Алла (Т.) тура жол тапқандарға туралықты арттырады. Тұрақты игілік; Раббыңның, қасында сауап тұрғысынан жақсы да нәтиже бойынша хайырлы. (76)




(Мұхаммед F.C.) көрмедің бе? Кәпірлерге, оларға түрткі салатын шайтандарды жібердік. (83) Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз. (84) Сол күні, тақуаларды Рахманның хузырына қонақ түрінде жинаймыз. (85) Күнәкарларды шөлдеген түрде тозаққа айдаймыз. (86) Рахманның қасында уәде алғаннан басқа ешкім шапағат ету күшіне ие бола алмайды. (2-С.555-А.) (87) Олар: "Алла, бала иемденді" десті. (88) Расында өрескел нәрсе сөйледіңдер. (89) Бұдан көктер шатынай, жер жарыла, таулар құлап түсе жаздайды: (90) Аллаға бала ұйғарғандықтарынан. (91) Негізінен Аллаға бала лайық емес. (92) Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана құл болып келеді. (93) Расында Алла, оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі. (94) Сондай-ақ олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді. (95)

(Мұхаммед F.C.) аяттарымызға қарсы келіп: "Әлбетте маған мал, бала беріледі" дегенді көрдің бе? (77) Ол, көместі білді ме? Немесе Алладан уәде алды ма? (78) Әсте олай емес. Оның айтқанын жазамыз да оған азапты арттырған сайын арттырамыз. (79) Сондай-ақ оның айтқанына Біз ие боламыз да ол бізге жалғыз келеді. (80) Олар өздеріне абырой үшін Алладан өзге тәңір жасап алды. (81) Олай емес, тәңірлері олардың табынуларына қарсы шығып, өздеріне теріс келеді. (82)


Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендерге; Алла, сүйіспеншілік береді. (96) (Мұхаммед Ғ.С.) Құранды, ол арқылы тақуаларды қуантып, қасарысқан елді қорқытуың үшін өз тілінде оңайластырып түсірдік. (97) Олардан қаншалаған нәсілді жоқ еттік. Енді олардың ешбіреуін сезініп, сыбдырларын естисің бе? (98)

20-ТАҒА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз отыз бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С. ның бір аты.) Басқа ұғымын Алла біледі. (1) Саған Құранды машақат үшін түсірмедік. (2) Бірақ қорыққан кісіге насихат үшін түсірдік. (3) Жер мен биік көктерді жаратқаннан түсірілді. (4) Ол Рахман, ғаршыны меңгерді. (5) Көктердегі, жердегі әрі екі арасындағы нәрселермен топырақтың астындағы нәрсе Оған тән. (6) Сөзіңді мейлі әшкерә сөйле. Расында Ол сырды да құпияны да біледі. (7) Ол Алла. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ең көркем аттар Оған тән. (8) (Мұхаммед Ғ.С.) саған Мұса (Ғ.С.) ның әңгімесі келді ме? (Мұса Ғ.С. жұбайымен Мәдяннан Мысырдағы шешесін көру үшін жолға шығады. Қараңғы бір қыс




түнінде "Туа" ойпатына келгенде бір жағынан жұбайы толғатып, жолдан адасып, қарлы бораннан қойлары ығып кетеді. Ж.Б.М.Р.К.Х.) (9) Сол уақытта ол бір от көріп, үй-ішіне: "Тұрып тұрыңдар. Бір от көрдім. Бәлкім сендерге бір шоқ келтіремін немесе от жақта, бір жол көрсетуші табармын" деді. (10) Ол отқа барған сәтте: "Әй Мұса!" деп шақырылды. (11) "Рас Мен Раббыңмын. Кебісіңді шеш. Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатындасың" (12)




таянамын. Онымен қойларыма жапырақ қағып беремін әрі онда басқа да істерім бар" деді. (18) "Әй Мұса! Оны таста!",- деді. (19) Оны тастады. Сонда ол, жылан болып жүрді. (20) "Оны ұста, қорықпа! Оны әуелгі халына қайтарамыз" деді. (21) "Қолыңды қойныңа тық. Аппақ ақаусыз басқа бір мұғжиза болып шықсын" (22) Саған ірі мұғжизаларымызды көрсету үшін (еді.)" (23) "Перғауынға бар. Өйткені ол, шектен шыққан." (24) (Мұса F.C.): "Раббым! Көңлімді кеңейтпейсің!",- деді. (25) "Ісімді оңайластырғайсың!" (26) "Тілімнің тұтықпасын шеше көр." (27) "Олар сезімді түсінсін!" (28) "Маған семьямнан бір уәзір қыл!" (29) "Туысым һарұнды," (30) "Ол арқылы арқамды қуатта!" (31) "Оны істеріме ортақ қыл." (32) "Сені көп дәріптеуіміз үшін." (33) "Сені көп еске аламыз." (34) "Күдіксіз Сен бізді көресің." (35) (Алла): "Әй Мұса! Сенің тілегің берілді" деді. (36) "Негізінде саған басқа да бір рет игілік еткен едік." (37)

"Сені ұнаттым. Енді уахи етілгендерді тыңда" (13) "Рас Мен Алламын. Менен басқа тәңір жоқ. Сондықтан маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алу үшін намазды толық орында." (14) "Әркім істегенінің бодауын алу үшін; Мен мезгілін құпиялаған қиямет анық келеді." (15) "Ендеше, сені; қияметке сенбей, көңілдері тартқанына ілескендер, (қияметке сенуден) тоспасын. Онда жоқ боласың." (16) "Әй Мұса! Оң қолыңдағы не нәрсе?" (17) (Мұса F.C.): "Ол таяғым. Оған

"Сол уақытта анаңның көкейіне тиісті нәрселер салған едік: (38) "Оны сандыққа салып, дәрияға тастап жібер; дәрия оны қырға шығарып тастасын. Оны оған да Маған да дұшпан біреу тауып алсын." "(Әй Мұса! Саған) көз алдымызда бағылуың үшін өз тарапымнан махаббат салдым." (39) "Сол уақытта әпекең барып: Сендерге оны бағатын біреу көрсетейін бе?",- деді. Сонда сені, көз айым болып кейімеуі үшін анаңа қайтардық. Және бір кісі өлтірдің. Сонда сені, ол қайғыдан құтқарған едік те сынаулармен сынаған едік. Сондай-ақ жылдар бойы Мәян елінде тұрдың. Сосын белгілі мерзімде қайтып келдің, әй Мұса!" (40) "Сені Өзіме арнадым." (41) "Сен туысың (Һарун екеуің) мүғжизаларымды апарыңдар. Мені еске алуда селқостық қылмаңдар." (42) "Екеуің Перғауынға барыңдар, өйткені ол шектен шыққан." (43) "Оған сыпайы сөз сөйлеңдер, мүмкін үгіт алар немесе қорқар." (44) (Мұса мен Һарун F.C.): "Раббымыз! Оның өктемдік қылуынан немесе шектен шығуынан қорқамыз" деді. (45) (Алла Т.): "Қорықпаңдар! Сендермен біргемін. Естимін, көремін" деді. (46) "Екеуің барып: Біз, Раббыңның саған жіберген елшісіміз; ал енді




Израил ұрпақтарын бізбен бірге жібер. Енді оларды қинама, саған Раббыңның мүғжизасымен келдік. Есендік тура жолдағыларға болсын" деңдер. (47) "Бізді жасынға шығарып, бет бұрғандарға азап болатындығы уахи етілді." (48) (Перғауын): "Әй Мұса! Раббыларың кім?",- деді. (49) (Мұса): "Раббымыз, әр нәрсеге бір бейне беріп, сонан соң оны тура жолға салған" деді. (50) (Перғауын): "Ал сонда бұрынғы деуірдегілердің жағдайы қандай?",- деді. (51)



(Мұса F.C.): "Олардың мәліметі Раббымның қасындағы Кітапта бар. Раббым жаңылмайды да ұмытпайды" деді. (52) Ол сондай Алла, сендер үшін жерді бесік қылып, онда сендерге жолдар ашқан және көктен жаңбыр жаудырған. Ол су арқылы түрлі өсімдіктерден пар-парымен шығарды. (53) Жеңдер де малдарыңды жайындар. Рас бұнда ақыл иелері үшін өнеге бар. (54) Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз. (55)

Расында Перғауынға барлық мұғжизарымызды көрсеттік. Бірақ ол жасынға шығарып бас тартты. (56) "Әй Мұса! Сиқырың арқылы бізді жерімізден шығару үшін келдің бе?",- деді. (57) "Әрине біз де сол тәрізді сиқыр әкелеміз. Ендеше бізбен өз араңда бір уәделі жер белгіле. Біз де сен де айнымайтын ыңғайлы бір орын болсын" деді. (58) (Мұса F.C.): "Табысатын уактымыз, мереке күнгі ел жиналатын сәске болсын" деді. (59) Сонда Перғауын бұрылып кетті де сиқыршыларын жинап келді. (60) Мұса (F.C.) оларға: "Құрып-ақ қалындар! Аллаға өтірік жала жапсырмаңдар. Онда сендерді азаппен жоқ етеді. Расында кім жала жапсырса, мүлде зиянға ұшырайды" деді. (61) Олар өзара тартысып, жасырын кеңесті. (62) Олар: "Бұл екеуі сиқыршы, сиқырлары арқылы сендерді жерлеріңнен шығаруды, ардақты діндеріңді жоюды қалайды" десті. (63) "Сондықтан барлық сиқырларыңды жинап, сосын қатарланып келіңдер. Расында бүгін кім үстем болса, мұратқа жетеді." (64)

Олар: "Әй Мұса! Енді (асаңды) не сен таста немесе біз бұрын тастайық" деді. (65) (Мұса F.C.): "Жоқ, сендер тастаңдар" деді. Сол сәтте, олардың (тастаған) жіптері мен таяқтары сиқырларының салдарынан, Мұса (F.C.) ға жүрген жылан болып сезілді. (66) Сондықтан Мұса (F.C.) көңлінде бір қобалжу сезді. (67) "Қорықпа! Сен үстем боласың" дедік. (68) "Оң қолыңдағыны (таяқты) таста! Олардың жасағандарын жалмасын. Шынында олардың жасағандары, сиқыршының ғана айласы. Сиқыршы қайда барса да құтылмайды" дедік. (69) Сонда бүкіл сиқыршылар, сәждеге жығылып: "Мұса мен Һарунның Раббына иман келтірдік" деді. (70) (Перғауын, сиқыршыларға): "Мен сендерге рұхсат беруден бұрын иман келтірдіңдер ме? Әрине ол, сендерге сиқыр үйреткен үлкендерің екен. Енді, әлбетте қолдарыңды да аяқтарыңды да шадырлата кесемін. Және сендерді құрманың бұтақтарына асамын. Сөйтіп қайсымыздың азабымыз қатты да тұрақты екенін жақсы білесіңдер" деді. (71) Олар: "Бізге келген ашық мұғжизалардан сондай-ақ бізді жаратқаннан, сені артық көре алмаймыз. Деруе не үкім берсең бер. Әрине сен осы дүниеде ғана ықпал жүргізе аласың" деді. (72) "Күдіксіз



біз, қателіктерімізді және сен бізді зорлаған сиқырды кешіруі үшін Раббымызға иман келтірдік. Сондай-ақ Алла (Т.) хайырлы да тұрақты." (73) Күдіксіз кім Раббына күнәкар болып келсе, рас оған тозақ бар: Онда ол, өлмейді де тіршілік өмір де сүрмейді. (74) Ал кім Оған иман келтіріп, рас ізгі іс істеп келсе, міне соларға жоғары дәрежелер бар: (75) Астынан өзендер ағатын Ғадын бақшалары; Олар, онда мәңгі қалады. Пәк болған кісінің сыйлығы осы. (76)


وَلَقَدْ أَوْحَيْنَا إِلَىٰ مُوسَىٰ أَنْ أَسْرِ بِعِبَادِي فَاصْرَبْ لَهُمْ طَرِيقًا
 فِي الْبَحْرِ يَبَسًا لَا تَخَفْ دَرَكًا وَلَا تَخْشَىٰ ۗ (٧٧) فَانجِعْهُمْ وَعَدْوَنٌ
 يُجَادُونَ ۗ فَغَشِيَهُمْ مِنَ اللَّيْلِ مَا عَشَيْتُمْ ۗ (٧٨) وَأَضَلَّ فِرْعَوْنُ قَوْمَهُ
 وَمَاهَدَىٰ ۗ (٧٩) يَسْبِقِ إِسْرَهُ يَلْ قَدْ أَمْجَنَّاكُمْ مِنْ عَدُوِّكُمْ وَوَعَدْنَاكُمْ
 جَانِبَ الطُّورِ الْأَيْمَنِ وَنَزَّلْنَا عَلَيْكُمُ الْمَنَّاءَ وَالسَّلْوَىٰ ۗ (٨٠) كُلُوا
 مِنْ طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ وَلَا تَطْغَوْا فِيهِ فَيَحِلَّ عَلَيْكُمْ غَضَبِي
 وَمَنْ يَحِلَّ عَلَيْهِ غَضَبِي فَقَدْ هَوَىٰ ۗ (٨١) وَإِنِّي لَغَفَّارٌ لِمَنْ تَابَ
 وَآمَنَ وَعَمِلَ صَالِحًا ثُمَّ اهْتَدَىٰ ۗ (٨٢) وَمَا أَعْجَلَكُ عَنْ
 قَوْمِكَ يَمُوسَىٰ ۗ (٨٣) قَالَ هُمْ أَوْلَاءُ عَلَىٰ أَتْرَابِي وَعَجِلْتُ إِلَيْكَ
 رَبِّ لِتَرْضَىٰ ۗ (٨٤) قَالَ فَإِنَّا قَدْ فَتَنَّا قَوْمَكَ مِنْ بَعْدِكَ وَأَضَلَّهُمُ
 السَّامِرِيُّ ۗ (٨٥) فَرَجَعَ مُوسَىٰ إِلَىٰ قَوْمِهِ غَضْبَانَ أَسِفًا قَالَ
 يَقَوْمِ أَلَمْ يَعِدْكُمْ رَبُّكُمْ وَعَدَّ أَحْسَنَ أَفْطَالٍ عَلَيْكُمْ
 الْعَهْدَ أَمْ أَرَدْتُمْ أَنْ يَحِلَّ عَلَيْكُمْ غَضَبٌ مِّنْ رَبِّكُمْ فَأَحْلَقْتُمْ
 مَوْعِدِي ۗ (٨٦) قَالُوا مَا أَخْلَفْنَا مَوْعِدَكَ بِمَلِكِنَا وَلَكِنَّا حَمَلْنَا
 أَوْزَارًا مِنْ زِينَةِ الْقَوْمِ فَقَدَتْهَا فَمَا كُنَّا لِنَمْلِكَ الْقِيَامَ ۗ (٨٧)

السَّمِرِيُّ
 ٢٣

٣١٧


Расында Мұсаға: "Құлдарымды (Израил ұрпақтарын) түнделетіп, алып кет; оларға теңізде құрғақ жол аш. Олардың қуып жетулерінен қорықпа да шошыма!"; - деп уахи қылдық. (77) Сонда оларды қуған Перғауын мен әскерлерін теңіз басып, ішіне алды. (78) Перғауын, елін адастырып, тура жолға салмаған еді. (79) Әй Израил ұрпақтары! Өздеріңді дұшпандарыңнан құтқарып, Тұр тауының оң жағын сендерге уәде қылдық. Сондай-ақ сендерге, Мәнна, Сәлуаны түсірдік.

(80) Біз сендерге берген таза ризықтан жеңдер. Бұнда шектен шықпаңдар. (Өйтсендер.) Сендерге ашуым түседі. Ал кімге ашуым түссе, расында сол жоқ болады. (81) Өйткені; Мен, кім тәубе етіп, иман келтіріп, игілік істеп, тура жолда болса; әлбетте жарылқаймын. (Мұса F.C. елінен сайлап алған жетпіс кісімен Тұр тауына жүргенде, олардан оза жүрген екен.7-C.155-A.) (82) "Әй Мұса! Сені қауымыңнан не асықтырды?" (83) (Мұса F.C.): "Олар артымда, Раббым, разы болуың үшін Саған асықтым" деді. (84) (Алла): "Рас Біз, сенен кейін еліңді сынадық. Сондай-ақ оларды, Сәміри жолдан шығарды" деді. (85) Сонда Мұса (F.C.) ашуланып, кейіген түрде, еліне қайтты да: "Әй елім! Раббыларың сендерге жақсы уәде қылмап па еді? Сендерге уәде ұзақ келді ме? Немесе өздеріңе Раббыларыңның қағары келуін қалап, уәдемнен айныдыңдар ма?"; - деді. (86) Олар: "Уәдеңнен өздігімізден таймадық. Бірақ бізге, ол елдің сәндік-бұйымдары артылған еді. (Алып шыққан едік.) Сонда оларды отқа салдық. Осылайша Сәміри де салды" деді. (87)



Сонда Сәміри, оларға; мәңіреген бір бұзаудың мүсінін шығарды да олар: "Сендердің де Мұсаның да тәңірі осы. Бірақ ол жаңылды" десті. (88) Олар оның өздеріне жауап қайтармағанын сондай-ақ олар үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емес екендігін көрмей ме? (89) Рас бұрын Һарүн да оларға: "Әй елім! Шынында сендер осы арқылы сыналдыңдар. Күдіксіз Раббыларың мейірімді. Сондықтан маған еріп, әміріме бой ұсыныңдар!",- деген еді. (90) Олар: "Мұса бізге қайтқанға дейін бұған табынудан табжылмаймыз" десті. (91) (Мұса F.C.): "Әй Һарүн! Бұлардың адасқанын көргенде, артымнан келуіңнен сені тосқан не? Немесе әміріме қарсы келдің бе?",- деді. (92-93) (Һарүн): "Әй анамның ұлы! Сақалым мен шашымды ұстамашы. Израил ұрпақтарының арасына іріткі салдың, сөзімді елемедің деуіңнен қорықтым" деді. (7-С.150-А) (94) (Мұса F.C.): "Әй Сәміри! Жә, сенің істегенің не?",-


деді. (95) (Сәміри): "Олар көрмеген бір нәрсе көрдім. Елшінің (Жебрейіл F.C.) ізінен бір уыс топырақ алып, оны ішіне салдым. Оны маған нәпсім жақсы көрсетті" деді. (96) (Мұса F.C.): "Енді кет! Өмірін бойынша: 'Маған жұғыспа' деп өтесің. Күдіксіз саған әсте өзгермейтін бір жаза тағы бар. Бұлжымай табынған тәңіріңе қара! Әлбетте оны өртеп сонан соң дәряға тастап жібереміз." (97) "Тәңірлерің Алла ғана. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ, білімі әр нәрсені сидырады." (98)




айтқандарын жақсы білеміз. Олардың ең туралары: "Дүниеде бір-ақ күн тұрдыңдар" дейді. (104) (Мұхаммед F.C.) олар сенен таулардың жайынан сұрайды. Сонда оларға: "Рабым тозаң қылып, ұшырып жібереді" де. (105) Оны теп-тегіс жазық қылады. (106) Сен онда ешбір қия не томпақ көрмейсің. (107) Олар; қиямет күні, шақырушыға еш бұрылмай ілеседі. Сондай-ақ Рахманның алдында дауыстар бәсеңдейді. Тіпті сыбдырдан басқаны естімейсің. (108) Сол күні Рахман рұқсат берген, сөзін жақтырғаннан басқаның шапағаты пайда бермейді. (109) Өйткені Алла, олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Басқалар оны толық білмейді. (110) Тірі, меңгеруші (Алла) ге бастар иіледі. Кім зұлымдық арқаласа, қор болады. (111) Ал кім иман келтірген түрде түзу іс істесе, сонда ол жамандықтарының артуынан, жақсылықтарының кемуінен қорықпайды. (112) Осылайша Құранды Арапша түсіріп, онда түрлі ескертулер баян еттік. Мүмкін олар сақтанар. Немесе оларға үгіт пайда қылар. (113)

(Мұхаммед F.C.) өстіп, саған кейбір болып өткен уақиғаларды баян етеміз. Сондай-ақ саған өз қасымыздан Құранды бердік. (99) Кім Құраннан бет бұрса, сонда күдіксіз оған қиямет күнінде күнә жүктеледі. (100) Олар ол бейнетте мүлде қалады. Олар үшін қиямет күні нендей жаман жүк. (101) Сүр үрілген күні, күнәкарларды көздері көгерген түрде жинаймыз. (102) Олар араларында: "Дүниеде он-ақ тәулік тұрдық" деп сыбырласады. (23-С. 113-А.) (103) Олардың не

Шынайы меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. (Мұхаммед F.C.) саған етілген уахи бітуден бұрын Құранды оқуға асықпа да: "Раббым, білімімді арттыр!",- де. (114) Рас бұрын Адамға үкім берген едік. Алайда, ол ұмытты. Оны төзімді таппадық. (115) Сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар!",- дедік. Сонда олар сәжде қылды. Бірақ Ібіліс сәжде қылмай бас тартты. (116) Сонда Адамға: "Күдіксіз осы, саған да жұбайыңа да дұшпан. Екеуіңді жаннаттан шығарып жібермесін. Сонда машақат тартасыңдар" дедік. (117) Күдіксіз сен жаннатта, аш-жалаңаш қалмайсың. (118) Сондай-ақ онда шөлдемейсің де күннің ыстығы өтпейді. (119) Ақыр шайтан оған азғыру жүргізіп: "Әй Адам! Саған мәңгілік ағашын және таусылмайтын салтанатты көрсетейін бе?",- деді. (120) Сонда екеуі, одан жеді. Дереу ұятты жерлері көрінді. Сондықтан екеуі де үстеріне жаннаттың жапырақтарын жаба бастады. Адам (F.C.) Раббына күнәкар болып, жолдан тайды. (121)



Сонан кейін Раббы оны есіркеп, тәубесін қабыл етіп, тура жолға салды. (122) Бір-біріңе дұшпан болған бойда жаннаттан түгел түсіңдер. Егер екеуің тарапымнан бір туралық келіп, кім тура жолыма ілессе, сонда ол адаспайды да машақат тартпайды. (123) Ал кім үгітімнен бет бұрса, сонда күдіксіз оған бір тар тұрмыс болады. Сондай-ақ оны соқыр түрде жинаймыз. (124) "Раббым, мені неге соқыр етіп тірілттің? Расында мен көретін едім" дейді. (125)




(Алла): "Міне осылай. Өйткені саған аяттарымыз келген еді. Сонда сен оны ұмытқан едің. Сол сияқты бүгін сен де ұмытыларсың" дейді. (126) Ал міне сөйтіп, шектен шыққан, Раббының аяттарына иман келтірмеген кісіні жазаландырамыз. Әрине ахирет азабы әрі қатты әрі тұрақты. (127) Оларды жұрттарында жүріп жүрген өздерінен бұрынғы Біз жоқ еткен нәсілдер (дін үлгісі) жолға салмады ма? Рас мұнда ақыл иелеріне өнеге бар. (128) Егер Раббыңнан бекітілген сөз;


белгіленген бір мерзім болмаса, әрине істері біткен болар еді. (129) (Мұхаммед F.C.) сонда олардың айтқандарына сабыр ет. Күн шығудан бұрын да батудан бұрын да Раббыңды мақтай пәкте. Кеш мезгілдерінде және күндіздің айналасында да пәкте. Мүмкін ризалыққа бөленерсің. (130) Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сзбе. Раббыңның несібесі хайырлы да тұрақты. (131) Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс тақуаға тән. (132) Олар: "Бұл, Раббынан бір мұғжиза неге келтірмейді?", – деді. Оларға, бұрынғы кітаптарда ашық дәлелдер келмеді ме? (Бұрынғы Інжіл, Тәуратты және т.б. кітаптарды қамтыған бұл Құран, осал бір мұғжиза ма? Ж.Б.К.М.Р) (133) Егер бізге бір елші жіберген болсаң, қор және сорлы болудан бұрын аяттарыңа көнер едік" дер еді. (134) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Бәріміз де соңын күтеміз. Ал сендер де күтіңдер. Таяуда кімнің тура жолға ие екендігін, кімнің тура жол тапқандығын білесіңдер" де. (135)

21-ӘНБИЯ СҮРЕСІ

"Меккеде түскен. Жүз он екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Адам баласының есеп көретін мезгілі таяды. Алайда, олар кәперсіз бет бұруда. (1) Олар, Раббыларынан өздеріне келген әр жаңа ескертуді мүлде ойыншық етіп қана тыңдайды. (2) Олардың жүректері боста. Жасырын кеңескен залымдар: "Бұл сендер сияқты ғана адам. Көре тұра сиқырға ересіндер ме?",- (деп күңкілдесті.) (3) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Раббым; жер, көктегі сөйленгенді біледі. Сондай-ақ Ол, толық естуші, білуші" деді. (4) Олар: "Олай емес. Бұл шым-шытырық тұтстер. Жоқ, өзінің жасандысы. Жоқ, ол ақын. Әйтпесе, бізге бұрынғы елшілерше бір белгі келтірсін" деді. (5) Бұлардан бұрынғы біз жоқ еткен кент (халқы) иман келтірмеді. Енді бұлар иман келтіре ме? (6) Сенен




бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана жіберген едік. Егер білмесеңдер Кітап иелерінен сұраңдар. (7) Ол пайғамбарларды тамақ жемейтін бір дене қылмадық. Сондай-ақ олар мәңгі қалушы да емес. (8) Сонан кейін оларға етілген уәдемізді шыңға шығарып, оларды және қалаған кісілерімізді құтқардық та шектен шығушыларды жоқ еттік. (9) Сендерге ішінде өздеріңе үгіт болған бір Кітап жібердік. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (10)



жасағымыз келсе де оны жасайтын болсақ өз қасымыздан-ақ жасап алар едік... (17) Егер өтірікті, шындықпен ұрсақ, миын бырқ еткізер еді де сонда ол жойылып, кетер еді. Жасанды сөздеріңнің салдарынан сендерге нендей өкініш. (18) Көктер мен жердегілер Алланыкі. Оның қасындағылар, Оған құлшылық қылудан дандайсымайды да шаршамайды. (19) Олар күндіз-түні Алланы дәріптеуден жалықпайды. (20) Оларың жерден жасап алған тәңірлері; солар, өліктерді тірілте ме? (21) Егер жер-көкте Алладан басқа да тәңірлер болса еді, әлбетте екеуі де бұзылып, кетер еді. Ғаршының Раббы Алла, олардың жасанды сипаттарынан пәк. (22) Ол, істегендерінен сұралмайды да олар сұралады. (23) Немесе олар, Алладан өзге тәңірлер жасап алды ма? (Мұхаммед Ғ.С.): "Дәлелдеріңді келтіріңдер. Міне менімен бірге болғандардың Кітабы және менен бұрынғылардың Кітабы" де. Олай емес, олардың көбі шындықты білмейді. Сондықтан олар жалтарады. (24)

Қаншалаған халқы залым кентті талқандадық та одан кейін басқа ел жараттық. (11) Сонда олар азабымызды сезген сәтте, ол жерден қаша бастады. (12) "Қашпаңдар! Бақ берілген жерге, үйлеріңе қайтыңдар. Мүмкін сұраласыңдар" (деді.) (13) Олар: "Өкінішке орай біз залым екеміз" деді. (14) Осы дауыстары; біз оларды орылған шөп, сөнген отқа айналдырғанға дейін сенбеді. (15) Көк пен жерді және екі арасындағыны ойыншық қып жаратпадық. (16) Егер бір ойыншық

(Мұхаммед F.C.) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық қылыңдар" деп қана уахи етіп, жібердік. (25) Сонда олар: "Алланың баласы бар" деді. Алла одан пәк. Олай емес, періштелер ардақты құлдары. (Олар періште Алланың қыздары дейтін еді.) (26) Олар, Одан оза сөз сөйлемейді. Сондай-ақ олар, Оның әмірін ғана орындайды. (27) Алла олардың өткенін де келешегін де біледі. Олар, Алланың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады. Олар Алладан қорыққаннан тітірейді. (28) Олардан кім: "Алладан өзге мен де тәңірмін!,- десе, оны тозақпен жазаландырамыз. Залымдардың сазайын сөйтіп тарттырамыз. (29) Қарсы болғандар, негізінде көктер менен жер тиіскен еді. Екеуін ажыратқанымызды, әр жанды нәрсені судан жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ сенбей ме? (30) Жер оларды тербетпесін деп, асқар тауларды орналастырдық. (16-С. 16-А) Және жөн табулары



үшін кең жолдар жараттық. (31) Аспанды берік бір төбе қылдық. Олар болса, мұндағы белгілерден бет бұрады. (32) Ол Сондай Алла; түнді, күндізді, күнді және айды жаратты. Әрқайсысы өз айналасында жүзеді. (33) (Мұхаммед F.C.) сенен бұрын да адам балсына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең сонда олар мәңгі қала ма? (34) Әркім өлімді татады. Сендерді сынап; жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласыңдар. (35)

سُورَةُ الْأَنْبِيَاءِ


الْحَمْدُ لِلَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَإِذْ أَرْسَلْنَاكَ كَافِرًا تَكْفُرًا أَنْ يَتَّخِذُوا
 مِنْكَ إِهْتِمَامًا وَإِنِّي عَلِيمٌ بِمَا يَكْفُرُونَ
 أَهَذَا الَّذِي يَذَّكَّرُ بِهِ لِنُاسٍ غَافِلِينَ
 هُمْ كَافِرُونَ ﴿٣٦﴾ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ
 فَأَنبَأَهُ فَأَلَّ تَسْتَعْجِلُونَ ﴿٣٧﴾ وَيَقُولُونَ
 مَتَى هَذَا الْوَعْدُ
 إِن كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿٣٨﴾ لَوْ يَعْلَمُ الَّذِينَ
 كَفَرُوا حِينَ لَا يَكْفُرُونَ عَنْ وُجُوهِهِمُ
 النَّارُ وَلَا عَن ظُهُورِهِمْ وَلَا
 هُمْ يُصْرُونَ ﴿٣٩﴾ بَلْ تَأْتِيهِمْ بَغْتَةً
 فَتَبْهَتُهُمْ فَلَا يَسْتَطِيعُونَ رَدَّهَا
 وَلَا هُمْ يُنظَرُونَ ﴿٤٠﴾ وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا
 بِرُسُلٍ مِنْ قَبْلِكَ فَحَاقَ بِالَّذِينَ سَخِرُوا
 مِنْهُمْ مَا كَانُوا بِهِ يَسْتَهْزِئُونَ ﴿٤١﴾ قُلْ
 مَنْ يَكْفُرْكُمْ بِاللَّيْلِ وَالنَّهَارِ مِنَ
 الرَّحْمَنِ بَلْ هُمْ عَنْ ذِكْرِ رَبِّهِمْ مُعْرِضُونَ
 أَمْ هُمْ عَلَىٰ آلِهَةٍ تُنْعَمُونَ مِنْ دُونِنَا
 لَا يَسْتَطِيعُونَ نَصْرَ أَنفُسِهِمْ وَلَا هُمْ
 مِنَّا يُصْحَبُونَ ﴿٤٢﴾ بَلْ مَنَعْنَا
 هَؤُلَاءِ وَءَابَاءَهُمْ حَتَّىٰ طَالَ عَلَيْهِمُ
 الْعُمُرُ أَفَلَا يَرَوْنَ أَنَّا أَنبَأُوا
 الْأَرْضَ بِنَفُصِهِمَا مِنْ آطْرَافِهَا
 أَفَهُمُ الْعَالَمِينَ ﴿٤٣﴾

۳۲۵


(Мұхаммед Ғ.С.) қарсы болғандар, қашан сені көрсе, өзіңді мүлде тәлкектеп: "Тәңірлеріңді сөз қылып жүрген осыма?,- дейді. Сондай-ақ олар өздері Рахманның зікіріне (Кітабына) қарсы. (36) Адам баласы асыққыш болып жаратылған. Белгілерімді көрсетемін. Менен тез тілемендер. (37) Олар: "Ал егер шын айтсаңдар, осы уәде қашан келеді?,- дейді. (38) Егер қарсы болғандар; оттан беттерін де арқаларын да қорғай алмайтын мезгілді білсе еді. (39) Олай емес!

Бейнет оларға кенеттен келіп, өздерін абыржытады. Сонда олар оны тойгара алмайды да өздеріне мұрса да берілмейді. (40) Расында сенен бұрынғы пайғамбарлар да а ж ы у а л а н ғ а н . Сонда мазақтағандардың, тәлкектеген нәрселері өз бастарына жеткен. (41) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сендерді күндіз-түні Алладан кім арашалай алады?,- де. Керісінше олар Раббыларының насихатынан бет бұруда. (42) Немесе бізден өзге өздерін қорғайтын тәңірлері бар ма? Тәңірлері өз бастарына жәрдем ете алмаумен қатар бізден де қолдау таппайды. (43) Әрине, оларды да аталарын да ұзын бір өмірге дейін пайдаландырдық. Ал енді олар, жерді айналасынан (апаттар арқылы) кеміткенімізді көрмей ме? Сонда жеңіске солар ие бола ма? (44)



(Мұхаммед F.C.) оларға: "Шын мәнінде сендерге уахи арқылы ескертемін. Саңырау ескертілсе де дауысты естімейді" де. (45) Рас, егер оларға Раббыңның азабынан азғантай ғана жетсе, олар: "Неңдей өкініш! Біз залым екеміз" дейді. (46) Қиямет күні, туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз. (47) Рас Мұса мен Һарун (F.C.) ға жақсы-жаманды ажырататын, тақуалар үшін жарық және үгіт түрінде Кітап бердік. (48) Олар Раббыларын көрмей-ақ қорқып әрі олар, қияметтен үрейленеді. (49) Бұл Құран біз түсірген мұбарак бір насихат. Енді соған да қарсы келесіңдер ме? (50) Рас, бұрын Ыбырайым (F.C.) ға да туралық берген едік. (51) Сол уақытта ол; әкесіне, еліне: "Мына сендер шоқынған мүсіндер не?",-


деді. (52) Олар: "Біз аталарымызды осыған табынған түрде таптық.",- деді. (53) (Ыбырайым F.C.): "Рас сендер де аталарын да адасудасыңдар" деді. (54) Олар: "Сен бізге шындықты әкелдің бе? Ойнап, жүрсің бе?",- деді. (55) "Олай емес. Негізінде сендердің Раббыларың, көктер мен жердің Раббы; соларды Ол жаратты. Сондай-ақ осыларына айғақ болушыларданмын" деді. (56) "Аллаға серт етемін! Сендер бұрылып кеткеннен кейін әлбетте бұттарыңа соқтығамын" (деді.) (57)




деді. (63) Олар өзара: "Шынында сендер залымсыңдар" десті. (64) Сосын олар, мүсеуірей сүлкііп: "Расында бұлардың сөйлемейтінін білесің ғой" деді. (65) "Онда сендер Алланы қойып, өздеріңе ешбір пайда, зиян келтіре алмайтын нәрсеге табынасыңдар ма?" (66) "Тұь! Сендерге де Алланы қойып, табынғандарыңа да. Енді де түсінбейсіңдер ме?",- деді. (67) Олар: "Егер бір нәрсе істейтін болсаңдар, Ыбырайымды өртеп, тәңірлеріңе көмек етіңдер" десті. (Олар, Ыбырайымның қол-аяғын байлап, "мүнжанық" деген атқы арқылы отқа атарда Жебрейіл (Ғ.С.) келіп: "Бір хажетін бар ма?",- дегенде: "Саған хажетім жоқ" дейді. "Онда Раббыңнан тіле!",- дегенде: "Өзіне халім мәлім. Алла маған жетеді, Ол нендей жақсы ие" деп, нағыз Алла ға ғана сиынады. Б.М.Х.) (68) "Әй от! Ыбырайымға салқын, зиянсыз бол" дедік. (69) Олардың Ыбырайым (Ғ.С.) ға қастық істегілері келді. Бірақ өздерін сәтсіздікке ұшыраттық. (70) Лұт (Ғ.С.) ты құтқарып, әлемдер үшін мүбарак болған жерге жеткіздік. (71) Ыбырайым (Ғ.С.) ға Ысхақты артықша Яғқұпты бердік. Бәрін де түзу кісілер еттік. (72)

Сонда оларды быт-шыт қылып, бәлкім осыған айналар деп, үлкенін ғана қойды. (58) Олар: "Бұны тәңірлерімізге кім істесе де ол, анық залым екен" десті. (59) "Ыбырайым деген бір жігіттің осыларды сөз қып жүргенін естідік" десті. (60) "Оны, көрулері үшін адамдардың көз алдына алып келіңдер" десті. (61) "Әй Ыбырайым! Осыны тәңірлерімізге сен істедің бе?",- десті. (62) "Бәлкім мына олардың үлкені істеген шығар. Егер сөйлей алатын болса, олардан сұраңдар"

Оларды әміріміз бойынша, тура жол көрсететін басшы қылып, оларға жақсылық істеуді, намазды орындауды, зекет беруді уахи қылдық. Олар бізге құлшылық қылушы еді. (73) Лут (F.C.) қа хикмет, ғылым бердік. Жаман істер істейтін кенттен құқардық. Рас олар, жаман бұзық ел еді. (74) Оны рахметімізге бөледік. Рас ол жақсылардан еді. (75) Бұрын жалбарынған Нұх (F.C.) тың тілегін қабыл етіп, оны әрі үй-ішін зор апаттан құтқарған едік. (76) Оны, аяттарымызды жасынға шығарған елден қорғадық. Өйткені олар, сүмбайы ел еді. Сонда оларды түгел суға батырдық. (77) Дауыт пен Сүлеймен (F.C.) ді есіңе ал. Екеуі бір елдің қойы түнде егінге түсіп, соған билік айтқанда, биліктерін көріп тұрдық. (Дауыт F.C.: "Егін иесі қойды алсын" деп билік қылғанда; баласы, Сүлеймен: "Қой иесі егінді бағып, жетілдіргенге дейін қой егін иесінде тұрсын" дейді. Б.М.Р.) (78) Сонда оны Сүлейменнің көкейіне салдық. Негізінен де әрқайсысына




әкемшілік, білім бердік. Және Дауыт (F.C.) пен бірге Алланы дәріптейтін тауларды, құсты бой ұсындырдық. Оны Біз істедік. (79) Дауыт (F.C.) қа сендерді соғыстан қорғау үшін сауыт жасау өнерін үйреткен едік. Сонда сендер шүкір етесіңдер ме? (80) Сүлеймен (F.C.) ге қатты желді бағындырдық. Оның әмірімен, біз мұбарак қылған жерге жүреді. (Сүлеймен (F.C.) нің тағы желмен ұшып; Шамға, Йеменге дейін баратын еді. Б.К.Р.Х.Ж-Қ.) (34-С. 12-А. 38-С. 36-А.) (81)




алып, құрт ауру берсе де қабақ шытпай сабыр еткендіктен; науқасынан айықтырып, бұрынғыдан екі есе әулет, дәулет береді. Ж.Б.М.К.Р.Х.) (84) Ысмайыл, Ыдрыс, Зүлкәфил (Ғ.С.) дерге де (мәрхамет еткен едік.) Солардың барлығы да сабырлы еді. (85) Сондай-ақ оларды мәрхаметімізге бөледік. Өйткені олар, игілерден еді. (86) Юнысты есіңе ал. Сол уақытта ашуланып, кетіп қалды да біздің еш тарлық қылмауымызды ойлап, сонда қараңғылықтар ішінде (балықтың қарнында): "Сенен басқа ешбір тәңір жоқ. Пәксін. Шын мәнінде мен қателесушілерден болдым" деп, жалбарынды. (37-С. 138-А.) (Айтқанына көнбеген еліне, ашуланып, бет алды кетіп, бір кемеге отырғанда балық жұтады. Б.М.К.Р.Х.) (87) Тілегін қабыл етіп, оны қайғыдан құтқардық. Міне иман келтіргендерді сөйтіп құтқарамыз. (88) Зәкерияны да есіңе ал. Раббына: "Раббым! Мені жалғыз қойма. Сен ең жақсы мұрагерсің" деп жалбарынды. (89) Сонда тілегін қабыл етіп, оған Яхяны бердік. Әрі жұбайын жасарттық. Өйткені бұлар, жақсылықтарға ұмтылады. Бізден үмітпен қорқу арасында тілейді де бізге бәйек болады. (90)

Оған суға сүңгітін, басқа істер де істейтін жындардан да мойынсал қылдық. Сондай-ақ олардың бақылаушысы едік. (34-С.12-А.) (82) Әйүп (Ғ.С.) те Раббына: "Маған бір бәле келді. Сен мәрхамет етушілердің абзалысың" деп, жалбарынды. (83) Сонда тілегін қабыл етіп, өзіндегі науқасты айықтырып, Сондай-ақ құлшылық қылушыларға ғибрат үшін өзіне семьясын және олармен бірге бір есе артық мәрхамет етіп, бердік. (Алла сынамаққа балаларын, мал-мүлкін



Сондай абыройын қорғаған (Мәрям) га рухымыздан үрледік. Сондай-ақ өзін де ұлын да бүкіл әлемге ғибрат қылдық. (91) Осы сендердің үмметтерің бір-ақ үммет. Мен Раббыларың. Сондықтан Маған ғана құлшылық қылыңдар. (Алланы бірлеуші бүкіл пайғамбарлар келтірген дін, Ислам діні. Сондықтан бір-ақ үмметсіңдер. Ж.Б.М.Р.К.) (92) Олар араларында дін істерін бөлшектеді. Негізінде барлығы бізге қайтады. (93) Сонда кім иман келтіріп, жақсылық істесе, оның еңбегі босқа кетпейді. Күдіксіз оған жазамыз. (94) Біз жоқ еткен кент халқының бізге қайтпауы мүмкін емес. (95) Яжүж, Мажүж ағытылып, әрбір төбеден келгенге дейін. (Хадис кітаптарында заман ақырға таяғанда: Яжүж, Мажүж шығатындығы білдірілген. Тәпсір Мадарік.) (96) Ол шын уәде

(қиямет) таяса, сол уақытта қарсы болғандардың көздері шарасынан шығып: "Әттеген-ай! Біз бұдан кәперсіз залым екенміз" дейді. (97) Сендер және Алладан өзге табынған нәрселерің, тозақтың отынысыңдар. Сендер соған кіресіңдер. (98) Егер олар тәңір болса, оған кірмес еді. Барлығы онда мүлде қалады. (99) Олар, тозақта ыңыранып, олар ол жерде еш нәрсе естімейді. (100) Күдіксіз өздеріне Бізден игілік жазылғандар, солар тозақтан аулақ болады. (101)




игі құлдарым мұрагер болады" деп жаздық. (24-С.55-А.) (105) Күдіксіз осы Құранда, құлшылық қылған елге, әрине бір ұқтыру бар. (106) (Мұхаммед F.C.) Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік. (107) "Шын мәнінде маған, Тәңірлерің бір-ақ Тәңір деп уахи етілді. Онда Соған бой ұсынасыңдар ма?",- де. (108) Ал сонда егер олар жүз бұрса: "Сендерді тегіс құлақтандырдым. Сендерге уәде етілген нәрсе алыс па? Жақын ба? Білмеймін" де. (109) "Күдіксіз Алла, сөздің көрнеуін де біледі, жасырғандарыңды да біледі." (110) "Білмеймін. (Бәлкім бұл (мерзім) сендер үшін бір сынау, бір заманға дейін пайдалану шығар." (111) (Мұхаммед F.C.): "Раббым, туралықпен үкім ет. Жасама суреттеулеріңе, мейірімді Раббымыздан жәрдем тіленеді" деді. (112)


Олар тозақтың сыбдырын да естімейді. Сондай-ақ олар жаннаттағы көңілдері қалаған нәрселерінде мәңгі қалады. (102) Оларды қорқыныштың ең зоры уайымдатпайды да оларды періштелер: "Міне бұл сендерге уәде етілген күн" деп қарсы алады. (103) Ол күнде, көкті, кітаптың бетін бүктегендей бүктейміз де, әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл Бізге бір міндет. Шынында Біз орындаймыз. (104) Расында Тәураттан кейінгі Зәбүрде: "Жерге

22-ХАЖ СҮРЕСІ

Мединеде түскен, жетпіс сегіз аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Әй адам баласы! Раббыларыңнан
 қорқыңдар. Расында қияметтің
 сілкінісі үлкен нәрсе. (1) Ол күні, әр
 емізушінің емізгенін ұмытқанын
 және әрбір буаз жәндіктің іш
 тастағанын көресің. Адамдарды мас
 түрде көресің. Негізінде олар мас
 емес. Бірақ Алланың азабы қатты.
 (2) Адамдардың кейі, Алла жайында
 білмей таласады да қасарысқан
 шайтанға ілеседі. (3) Негізінде кім
 шайтанды дос көрсе; ол, оны
 адастырып, тозақ отына бастайды
 деп жазылған. (4) Әй адам баласы!
 Егер өлгеннен кейін тірілуден
 күдіктенсеңдер, әрине біз сендерді
 топырақтан сонан соң жыныстық
 тамшыдан, кейін ұйыған қаннан




тағы бейнеленген, бейнеленбеген
 кесек еттен өздеріңе тектеріңді
 білдіру үшін жараттық. Сондай-ақ
 жатырларда қалаған мерзімге дейін
 қойып қоямыз. Соңында бөбек
 түрінде шығарамыз. Одан кейін
 ержетесіңдер. Кейбіреулерің қайтыс
 болып, кейбіреулерің әр нәрсені
 білгеннен кейін түк білмейтін
 өмірдің ең нашарына
 қайтарыласыңдар. Қураған жерді
 көресің. Оған жаңбыр жаудырсақ,
 құлпырып, көпсіді де әр түрлі
 көркем өсімдік өндірді. (5)



бұрыннан қолекі істегендеріңнің сазаы." Расында Алла құлдарына зұлымдық қылушы емес. (10) Адамдардан Аллаға немқұрайды құлшылық қылатындар бар. Егер оған бір жақсылық келсе, сол себепті көңілдері орнығады да егер оған бір кесір тисе; жалтарып, дүние, ахиретте зиян тартады. Міне бұл ашық зиян. (11) Олар Алладан өзге өздеріне пайда, зиян бере алмайтын нәрселерге сиынады. Міне сол ұзақ адасу. (12) Сөйтіп олар, пайдасынан зияны жақын біреулерге сиынады. Әрине нендей жаман қожайын! Нендей жаман сыбайлас! (13) Күдіксіз Алла, иман келтіріп, түзу іс істегендерді, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Шынында Алла қалағанын істейді. (14) Кім; Алла, дүние, ахиретте пайғамбарға әсте жәрдем етпейді деп, ойласа, дереу бір жіппен төбеге асылып, сосын соны кессін де көрсін. (Буынып, өліп көрсін.) Оның бұл амалы ызаланған нәрсесін келтіре ала ма? (Ж.Б.М.К.Р.) (15)

Осы дәлелдер бойынша, шын мәнінде Алла; Ол, хақ. Күдіксіз Ол, өлікті тірілтеді. Өйткені, әр нәрсеге күші жетеді. (6) Әлбетте қиямет келеді. Онда күдік жоқ. Шәксіз Алла, қабырдағыларды тірілтеді. (7) Адамдардың кейі; білімсіз, жолбасшысыз және сәуле беруші кітабы да жоқ. Алла жайында таласады. (8) Алланың жолынан адастыру үшін тоң мойындық істейді. Оған дүниеде қорлық бар. Әрі қиямет күнінде, жандырушы азаптың дәмін таттырамыз. (9) "Бұл

Сөйтіп Құранды ашық-ашық аяттар түрінде түсірдік. Рас Алла, қалағанын тура жолға салады. (16) Расында иман келтіргендер, Яғуди болғандар, Сабилар, Христиандар, Мәжүсилер және Аллаға шерік қосқандар, күдіксіз Алла, осылардың арасына билік айтады. Шын мәнінде Алла әр нәрсеге айғақ. (17) (Сәжде аяты бар.) (Мұхаммед F.C.) көрмейсің бе? Аллаға; көктерде, жерде болған әркім; күн, ай, жұлдыздар, таулар, ағаш, хайуандар және адамдардың көбі сәжде қылады. Және де олардың көбіне азап тиісті болған. Алла кімді қорласа, сонда оны, ешбір құрметтеуші болмайды. Күдіксіз Алла, қалағанын істейді. (18) Осы, Раббылары жайында таласқан екі әріптес: Қарсы болғандарға, оттан киім пішілген, төбелерінің үстінен қайнап тұрған



су құйылады. (19) Онымен олардың ішіндегілері және терілері ерітіледі. (20) Олар үшін темірден күрзілер болады. (21) Қашан олар, тозақтың бейнетінен шығуды қаласа, оған қайта итеріледі де: "Жандырушы азаптың дәмін татыңдар!", – (делінеді.) (22) Күдіксіз Алла; иман келтіріп, ізгі іс істегендерді, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Олар онда алтын және інжу білезіктермен безенеді. Ондағы киімдері де жібек болады. (23)

سُورَةُ الْحَجِّ

الْحَجَّ الْمَشْرُقِ


وَهْدُوا إِلَى الطَّيِّبِ مِنَ الْقَوْلِ وَهْدُوا إِلَى صِرَاطِ الْحَمِيدِ
 ﴿٢٤﴾ إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا وَيَصُدُّونَ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ وَالْمَسْجِدِ
 الْحَرَامِ الَّذِي جَعَلْنَاهُ لِلنَّاسِ سَوَاءً الْعَاكِفُ فِيهِ وَالْبَادِ
 وَمَنْ يُرِدْ فِيهِ بِإِلْحَادٍ بِظُلْمٍ نُذِقْهُ مِنْ عَذَابِ أَلِيمٍ ﴿٢٥﴾
 وَإِذْ بَوَّأْنَا لِإِبْرَاهِيمَ مَكَانَ الْبَيْتِ أَنْ لَا تُشْرِكْ بِي
 شَيْئًا وَطَهِّرْ بَيْتِيَ لِلطَّائِفِينَ وَالْقَائِمِينَ وَالرُّكَّعِ
 السُّجُودِ ﴿٢٦﴾ وَأَذِّنْ فِي النَّاسِ بِالْحَجِّ يَا تَوْكَلْ رَبَّكَ لَا وَعَى
 كُلِّ ضَامِرٍ يَأْتِينَ مِنْ كُلِّ فَجٍّ عَمِيقٍ ﴿٢٧﴾ لِنَشْهَدُوا
 مَنْفَعٍ لَهُمْ وَيَذْكُرُوا اسْمَ اللَّهِ فِي أَيَّامٍ مَعْلُومَاتٍ
 عَلَى مَا رَزَقَهُمْ مِنْ بَهِيمَةِ الْأَنْعَامِ فَاكُلُوا مِنْهَا وَأَطِعُوا
 الْبَاسِ الْفَقِيرَ ﴿٢٨﴾ ثُمَّ لِيَقْضُوا تَفَثَهُمْ وَلِيُوفُوا
 نُدُورَهُمْ وَلِيَطَّوَفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ ﴿٢٩﴾ ذَلِكَ وَمَنْ
 يَعْظَمْ حُرْمَتَ اللَّهِ فَهُوَ حَسْرَةٌ عَلَيْهِ عَصِيَّةً وَأُجِّلَتْ
 لَكُمْ الْأَنْعَامُ إِلَّا مَا يَشُلُّ عَلَيْكُمْ فَاصْحَبْنَاهُ
 الرِّجْسَ مِنَ الْأَوْثَانِ وَاصْحَبْنَاهُ قَوْلَ الرَّورِ ﴿٣٠﴾

۳۳۰

Олар, көркем сөзге көндіріліп, мақтаулы Алланың жолына салынғандар. (Көркем сөз: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ж.Б.М.К.Р.) (24) Шынында қарсы болғандарға, Алланың жолынан сондай-ақ Біз; оның тұрғындарымен шеттен келуші адамдарға тең қылған Месжид Харамнан тосқандарға және кім онда зұлымдықпен жолдан шығуды қаласа, оған жан түршігерлік азаптың дәмін таттырамыз. (25) Сол уақытта Ыбырайым (F.C.) ды Кағбаның

орнына: "Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа! Тауап етушілерге, тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушыларға таза ұста" деп, орналастырған едік. (26) Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді. (27) Олар өздеріне тән пайдаларын көрсін. Сондай-ақ өздеріне берілген малдардан белгілі күндерде Алланың атын алсын. (Құрбан шалсын.) Одан өздерің де жеңдер және жоқ-жітікке де жегізіндер. (28) Сонан соң олар кірлерін кетірсін. (Шаш, тырнағын алып, ыхрамнан шықсын.) Және айтқан нәзірлерін орындап, Кағбаны тауап кылсын. (29) Міне осы, кім Алланың ардақтағандарын жоғары бағаласа; сонда оған Раббыларының қасында хайырлы. Сендерге арамдығы білдірілгеннен басқа малдар, халал қылынды. Ал енді нәжіс бұттардан сақтаныңдар. Сондай-ақ өтірік сөздерден сақтаныңдар. (16-С.116-А.) (30)

Нағыз құл болып, Аллаға ортақ қоспаңдар. Кім Аллаға ортақ қосса; Сонда ол, көктен түсіп, оны құс іліп, әкететін немесе оны, ұзаққа жел ұшырып кеткен нәрсе сияқты. (31) Міне осы. Кім Алланың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан. (32) Құбандықтан белгілі мерзімге дейін пайдалануларыңа болады. Сосын ол Қағбаның жанындағы орнына апарылады. (Қашан шалынғанға дейін мінуге, артуға, төлінен, сүтінен, жүнінен пайдалануға болады. Ж.Б.М.К.Р.) (33) Біз әрбір үммет үшін, өздеріне берген малдардан, Алланың ғана атын атап, құрбан шалуды бекіттік. Өйткені, Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Сондықтан Соған бой ұсыныңдар. (Мұхаммед!) Ықыластыларды қуандыр. (34) Олар, қашан Алла зікір етілсе, жүректері дүпілдейді. Өздеріне келген ауыршылыққа шыдап, намазды орындай отырып, берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (35) Түйе, сиырды (Б.М.К.Р.) сендер үшін; Алланың белгілері (құрбандықтары) қылдық. Мұнда сендер үшін хайыр бар. Оларды тұрғызып қойып, оған Алланың атын айтыңдар. Сонда қашан олардың жамбастары жерге тисе (жаны шықса) жеңдер де мұхтажға да мұхтаж емеске де жегізіндер. Өстіп шүкір етулерің үшін; малды еріктеріңе бердік. (36) Ешқашан құрбанның еттері,



қандары Аллаға үлгірмейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың үлгіреді. (Араптар жаһилиет заманында Қағбаның қабырғасына құрбанның еттерін асып, қандарын жағатын. Б.М.К.Р.) Сендерге тура жол көрсеткен Алланы, ұлықтауларың үшін; осылайша малды, еріктеріңе бердік. (Мұхаммед F.C.) жақсылық істеушілерді қуандыр. (37) Күдіксіз Алла, иман келтіргендерді қорғайды. Әрине Алла, бүкіл қианатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді. (38)

سُورَةُ الْحَجِّ


الْحَجَّ الْمَكِّيِّ

أُوذِنَ لِلَّذِينَ يُقْتَلُونَ بِأَنَّهُمْ ظَلَمُوا وَإِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ بِغُيُوبِهِمْ
 لَقَدْ يُرِيدُ ﴿٣٩﴾ الَّذِينَ أُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بِغَيْرِ حَقٍّ إِلَّا أَنْ
 يَقُولُوا رَبُّنَا اللَّهُ وَلَوْلَا دَفْعُ اللَّهِ النَّاسَ بَعْضَهُمْ بِبَعْضٍ لَفَسَدَتِ
 الصَّوَامِعُ وَبَيْعٌ وَصَلَوَاتٌ وَمَسَاجِدُ يُذَكَّرُ فِيهَا اسْمُ اللَّهِ
 كَثِيرًا وَلَا يَنْصُرُ رَبَّهُ اللَّهُ مِنْ نَصْرِهِ إِنَّ اللَّهَ لَقَوِيٌّ
 عَزِيزٌ ﴿٤٠﴾ الَّذِينَ إِنْ مَكَانَهُمْ فِي الْأَرْضِ أَمَامُوا الصَّلَاةَ
 وَآتَوُا الزَّكَاةَ وَأَمَرُوا بِالْمَعْرُوفِ وَنَهَوْا عَنِ الْمُنْكَرِ
 وَاللَّهُ عَاقِبَةُ الْأُمُورِ ﴿٤١﴾ وَإِنْ يُكَذِّبُوكَ فَقَدْ كَذَّبَتْ
 قَبْلَهُمْ قَوْمُ نُوحٍ وَعَادٌ وَثَمُودٌ ﴿٤٢﴾ وَقَوْمُ إِبْرَاهِيمَ وَقَوْمُ لُوطٍ ﴿٤٣﴾
 وَأَصْحَابُ مَدْيَنَ وَكَذَّبَ مُوسَىٰ فَأَمَلْنَا لِلْكَافِرِينَ ثُمَّ
 أَخَذْتَهُمْ بِكَيْفٍ كَانَ نَكِيرِ ﴿٤٤﴾ فَكَانَ مِنْ قَرَابَةِ
 أَهْلِكْنَهَا وَهِيَ ظَالِمَةٌ فَهِيَ خَاوِيَةٌ عَلَىٰ عُرُوشِهَا
 وَبَنِي مُعَاطَةَ وَقَصْرٍ مَشِيدٍ ﴿٤٥﴾ أَفَلَمْ يَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ
 فَتَكُونُوا لَهُمْ قُلُوبًا يَعْقِلُونَ بِهَا أَوْ ءَاذَانًا يَسْمَعُونَ بِهَا فَأَتَاهَا
 لَاتَعْمَى الْأَبْصَارُ وَلَكِنْ تَعْمَى الْقُلُوبُ الَّتِي فِي الصُّدُورِ ﴿٤٦﴾

۳۳۷

Алла оған жәрдем етеді. Шәксіз Алла, аса көруші, тым үстем. (2-С. 251-А) (40) Егер оларды жер жүзіне орналастырсақ; олар, намазды орындар, зекет берер сондай-ақ дұрысқа қосып, бұрыстан тосар еді. Негізінде істердің соңы Аллаға тән. (41) (Мұхаммед F.C.) егер олар, сені жасынға шығарса, рас олардан бұрын Нұх (F.C.) тың елі және Ғад, Сәмүд елі де жасынға шығарған болатын. (42) Сондай-ақ Ыбырайым (F.C.) елі және Нұх (F.C.) елі де. (43) Сондай-ақ Мәдияндықтар да жасынға шығарып, Мұса да жасынға шығарылған еді. Сонда ол кәпірлерге мұрса беріп барып, сосын қолға алдым. Танымау қалай екен? (44) Қаншалаған залым болған кенттерді типыл қылдық. Міне ол, үсті-астына түсіп жатыр. Және иен қалған құдық, ойран болған сарай. (45) Олар жер жүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері және естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес. Бірақ көкіректеріндегі жүректері соқыр. (46)

Шынында шабуыл жасалып, зұлымдыққа ұшырағандарға, соғысу үшін рұхсат берілді. Күдіксіз Алланың, оларға жәрдем етуге, күші толық жетеді. (39) Олар, сондай жазықсыз: "Раббымыз Алла" дегендіктерінен ғана жұрттарынан шығарылғандар. Егер Алла; адамдарды, бірін-бірі арқылы қорғамаса, Манастырлар, Чіркеулер, Ябудилердің құлшылық орындары және ішінде Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Алла жолына жәрдем етсе,



(Мұхаммед F.C.) олар сенен азаптың тез келуін тілейді. Алла уәдесінен әсте айнымайды. Негізінде Алланың қасындағы бір күн, сендер санайтын мың жылмен тең. (47) Қаншалаған кенттерге ол залым бола тұра мұрса беріп барып сонан соң қолға алдым. Әрине барар жері де Біз тарап. (48) (Мұхаммед F.C.): "Әй адамдар! Шын мәнінде мен сендерге ашық ескертуші ғанамын" де. (49) Ал иман келтіріп, түзу іс істегендер, оларға жарылқау әрі құрметті несібе бар. (50) Сондай аяттарымызды бұзуға тырысқандар, міне солар тозақтық. (51) (Мұхаммед F.C.) Сенен бұрын да, елші не пайғамбар жіберген болсақ, қашан ол үміттенсе, үмітіне шайтан күдік салды. (Немесе қашан ол оқыса, оқуына шайтан күдік салды. Ж.Б.М.К.Р.) Алла шайтанның салатынын жойып, сосын өз аяттарын бекемдейді. Алла толық білуші, хикмет иесі. (52)

Шайтанның салатынын; жүректері қатайғандарға, сынақ үшін. Залымдар, әрине ұзақ бір қайшылықта. (53) (Мұхаммед F.C.) ғылым берілгендер, Құранның Раббыңнан бір хақиқат екендігін біліп, оған сеніп және оған жүректері берілуі үшін. Күдіксіз Алла, иман келтіргендерді әлбетте тура жолға салды. (54) Сондай қарсы келгендер, өздеріне кенеттен қиямет келгенге немесе сәтсіз бір күннің азабы келгенге дейін үнемі Құраннан күдіктенуде. (55)

سُورَةُ الْحَجِّ

الْحَجَّ الْمَشْرُقِ

الْمَلِكُ يَوْمَئِذٍ لِّلَّهِ يَحْكُمُ بَيْنَهُمْ فَالَّذِينَ آمَنُوا
 وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ فِي جَنَّاتِ النَّعِيمِ ﴿٥٦﴾ وَالَّذِينَ كَفَرُوا
 وَكَذَّبُوا بِآيَاتِنَا فَأُولَٰئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ مُّهِينٌ ﴿٥٧﴾
 وَالَّذِينَ هَاجَرُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ ثُمَّ قُتِلُوا أَوْ مَاتُوا
 لَيَرْزُقَنَّهُمُ اللَّهُ رِزْقًا حَسَنًا وَإِنَّ اللَّهَ لَهُ وَخِيرٌ
 الرَّزْقِينَ ﴿٥٨﴾ لِيُدْخِلَنَّهُمْ مُّدْخَلًا يَرْضَوْنَهُ وَإِنَّ
 اللَّهَ لَعَلِيمٌ حَلِيمٌ ﴿٥٩﴾ ذَلِكَ وَمَنْ عَاقَبَ بِمِثْلِ
 مَا عُوقِبَ بِهِ ثُمَّ بُعِيَ عَلَيْهِ لَيَنْصُرَنَّهُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ
 لَعَفُوفٌ غَفُورٌ ﴿٦٠﴾ ذَلِكَ يَا أَيُّهَا اللَّهُ يُرِيحُ الْيَسْلَ فِي
 النَّهَارِ وَيُرِيحُ النَّهَارَ فِي اللَّيْلِ وَإِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ بَصِيرٌ
 ﴿٦١﴾ ذَلِكَ يَا أَيُّهَا اللَّهُ هُوَ الْحَقُّ وَأَنْتَ مَا يَدْعُونَكَ مِنْ
 دُونِهِ هُوَ الْبَاطِلُ وَأَنْتَ اللَّهُ هُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ ﴿٦٢﴾
 أَلَمْ تَرَ أَنَّ اللَّهَ أَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَتُصْبِحُ الْأَرْضُ
 مُخْضَرَّةً إِنَّ اللَّهَ لَطِيفٌ خَبِيرٌ ﴿٦٣﴾ لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ
 وَمَا فِي الْأَرْضِ إِنَّ اللَّهَ لَهُوَ الْغَنِيُّ الْحَمِيدُ ﴿٦٤﴾


الحج
٢١

۳۳۹

Сол күні, иелік Аллаға тән. Олардың араларына үкім жүргізеді. Сонда иман келтіргендер, ізгі іс істегендер, бақытты жаннаттарда болады (56) Қарсы келіп, аяттарымызды жасынға айналдырғандар, міне соларға қорлаушы азап бар. (57) Ал Алла жолында босқандар, сосын өлтірілген немесе өлгендер, әлбетте Алла оларға көркем несібе береді. Күдіксіз Алла, әрине Ол, несібе берушілердің жақсысы. (58) Алла оларды разы болатын орынға

кіргізеді. Рас Алла, аса білуші, өте жұмсақ (59) Міне осылай; кім өзіне істелгендей ғана істеген бола тұра; ол, қайта бұған соқтықса, әрине Алла, оған жәрдем етеді. Күдіксіз Алла, аса кешірімді, өте жарылқаушы. (60) Міне шын мәнінде Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Күдіксіз Алла, әр нәрсені естиді, көреді. (61) Міне күдіксіз Алла, Ол хақ. Расында олардың Алладан өзге сиынғандары ол, босқа. Рас Алла, Ол өте жоғары, аса ұлы. (62) Көрмейсің бе? Рас Алла, көктен жаңбыр жаудырып, жерді жасылдыққа айналдырды. Шәксіз Алла, өте мұлайым, толық білуші. (63) Көктердегі әрі жердегі нәрселер Алланикі. Шынында Алла, өте бай, аса мақтаулы. (64)


Рас Алланың, жердегілерді және өз әмірімен теңізде жүрген кемені сендерге бағынышты қылғанын және де өз бұйрығынсыз көктің жерге түсуін тоқтатқанын көрмейсің бе? Күдіксіз Алла, адам баласына, әлбетте өте есіргеуші, аса мейірімді. (65) Ол сондай Алла, сендерді тірілтті, сосын өлтіреді, сонан кейін және тірілтеді. Расында адам баласы нәсүкір. (66) Әр үммет үшін, олар орындайтын бір ереже жасадық. (5-С.48-А.) Ендеше (Мұхаммед F.C.) олар, сенімен бұ іс жайында тартыспасын. Раббың жаққа шақыр. Сен әлбетте тура жол үстіндесің. (67) Егер олар сенімен таласса: "Алла, не істегендеріңді жақсы біледі" де. (68) Алла, қиямет күні, араларыңдағы қайшылыққа түскен нәрселер жайында үкім береді. (69) Алланың жер, көктегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Шәксіз бұлар, Кітапта жазулы. Күдіксіз бұл, Аллаға оңай. (70)



Олар, Алладан өзге, оған ешбір дәлел түсірілмеген және ол жөнде өздеріне де ешбір мәлімет болмаған нәрселерге табынады. Ол залымдар үшін, бір жәрдемші болмайды. (71) Қашан оларға ашық аяттарымыз оқылса, кәпірлердің жүздерінен қарсылық сезесің. Сондай-ақ оларға аяттарымызды оқығандарды бассала жаздайды. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Енді сендерге бұдан да жаманның хабарын берейін бе? Ол, от! Алла оны, қарсы болғандарға уәде еткен нендей жаман орын!",- де. (72)

23-МҮМИНҮН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз он сегіз аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірмді
 Алланың атымен бастаймын.
 Шынында иман келтіргендер
 құтылды. (1) Олар, сондай мүміндер,
 намаздарында іштей жалбарынады.
 (2) Олар, бос нәрселерден аулақ
 болады. (25-С. 72-А.) (3) Олар,
 зекеттерін береді. (4) Олар, ұятты
 жерлерін сақтайды. (5) Бірақ,
 жұбайлары немесе меншіктілері
 болса, оларға сөгіс жоқ. (6) Онда кім
 бұлардан басқаны іздесе, міне солар,
 шектен шығушылар. (7) Олар,
 аманаттарын, уәделерін қорғаушы.
 (8) Олар, намаздарына ұқыпты. (9)
 Міне солар, мұрагерлер. (10) Олар
 онда мәңгі қалатын фердауыс
 жаннатына мұрагер болады. (11)
 Расында адамды нағыз балшықтан
 жараттық. (12) Сонан кейін оны
 жатырда тұратын тамшы қылдық.
 (13) Сосын тамшыны ұйыған қан



жасадық. Ұйыған қанды кесек ет
 жасап, кесек етті сүйек жасадық та
 сүйектерге ет қаптадық. Сонан
 кейін оны басқа бір жаратылыс
 қып, жан салдық. Жаратушылардың
 шебері ұлы Алла. (14) Бұдан кейін
 әрине сендер өлесіңдер. (15) Сосын
 сендер қиямет күні, күдіксіз
 тірілтілесіңдер. (16) Рас үстеріңде
 жеті жол жараттық. Сондай-ақ
 жаратқандарымыздан хабарсыз
 емеспіз. (Жаратудан да
 жаратылғандардан да хабарымыз
 бар.) (17)

سُورَةُ الْمُؤْمِنِينَ

الْبَيْتُ الْعَظِيمُ


وَأَنْزَلْنَا مِنَ السَّمَاءِ مَاءً بِقَدَرٍ فَأَسْكَنَتْهُ فِي الْأَرْضِ وَبَنَّا عَلَى ذَهَابٍ
 بِهِ لَقَدَرُونَ ﴿١٨﴾ فَأَنشَأْنَا لَكَرِيمِهِ جَنَّاتٍ مِنْ تَحْتِهَا أَنْجَابٌ
 لَكَرِيمٍ فَوَاكِهَةٌ كَثِيرَةٌ وَمِنْهَا تَأْكُلُونَ ﴿١٩﴾ وَشَجَرَةٌ تَخْرُجُ مِنْ
 طُورِ سَيْنَاءَ تَنْبُتُ بِالذَّهْنِ وَصَبِغٍ لِلآكِلِينَ ﴿٢٠﴾ وَإِنْ لَكَرْمٍ فِي
 الْأَنْعَامِ لَعِبْرَةٌ لَتُفَسِّحُكُمْ مَتَاعًا فِي بُطُونِهَا وَلَكَرِيمٍ فِيهَا مَنَافِعٌ كَثِيرَةٌ
 وَمِنْهَا تَأْكُلُونَ ﴿٢١﴾ وَعَلَيْهَا وَعَلَى الْفَالَكِ تَحْمَلُونَ ﴿٢٢﴾ وَلَقَدْ
 أَرْسَلْنَا نُوحًا إِلَى قَوْمِهِ فَقَالَ بِقُوَّةٍ أَعْبُدُوا اللَّهَ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ
 غَيْرِهِ ﴿٢٣﴾ أَفَلَا تَتَّقُونَ ﴿٢٤﴾ فَقَالَ الْمَلَأُوا الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ قَوْمِهِ مَا هَذَا
 إِلَّا بَشَرٌ مِثْلُكُمْ يُرِيدُ أَنْ يَفْضَلَ عَلَيْكُمْ وَوَشَاءَ اللَّهُ لَآتِيَنَّ
 مَلَائِكَةَ مَا سَعَيْنَا هَذَا فِي آيَاتِنَا الْأُولَى ﴿٢٥﴾ إِنْ هُوَ إِلَّا
 رَجُلٌ بِرٌّ جِنَّةً فَرُّ بَصُؤِهِ بِهٖ حَتَّى جِئْتَهُ ﴿٢٦﴾ قَالَ رَبِّ انصُرْنِي
 بِمَا كَذَّبُونِ ﴿٢٧﴾ فَأَوْحَيْنَا إِلَيْهِ أَنْ اصْنَعْ الْفَالِكَ بِأَعْيُنِنَا
 وَوَحِّينَا فَإِذَا جَاءَ أَمْرُنَا وَفَارَ التَّنُورُ فَاسْتَلْكَ فِيهَا مِنْ
 كُلِّ زَوْجَيْنِ اثْنَيْنِ وَأَهْلَكَ إِلَّا مَنْ سَبَقَ عَلَيْهِ الْقَوْلُ
 مِنْهُمْ وَلَا تُخَاطَبُنِي فِي الَّذِينَ ظَلَمُوا إِنَّهُمْ مُغْرَقُونَ ﴿٢٨﴾

۳۴۳

Көктен бір мөлшерде жаңбыр жаудырып, оны жер жүзіне тоқтаттық. Рас оны жоғалтуға да күшіміз жетеді. (18) Міне сонымен сендерге құрма ағаштары, жүзімдер және оның ішінде сендер көректенетін көптеген жемістер бар бақшалар пайда қылдық. (19) Сондай-ақ Түрсинадан жеушілерге қатық түрінде майлы өсетін (зәйтін) ді шығардық. (20) Рас сендер үшін малдарда әлбәтте өнеге бар. Сендерге олардың іштеріндегі (сүтін) ішкіземіз. (16-С. 66-А.)

Сондай-ақ малда сендер үшін көптеген пайда бар. Және олардан жейсіңдер. (21) Мал және кеме менен тасымалданасыңдар. (22) Рас Нұх (Ғ.С.) ты еліне жібердік. Сонда ол: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сонда да қорықпайсыңдар ма?" деді. (23) Онда елінің қарсы болған бастықтары: "Бұл өздерің сияқты ғана адам. Сендерге үстем болғысы келеді. Егер Алла қаласа, періште жіберер еді. Бұны бұрынғы аталарымыздан естімедік" деді. (24) "Ол, жын соққан ғана бір адам. Сондықтан оны бір заманға дейін тосыңдар." (25) (Нұх Ғ.С.): "Раббым! Олардың мені жасынға шығаруларына қарсы маған нұсырат бер!", - деді. (26) Сонда оған: "Көздеуіміз де нұсқауымыз бойынша кеме жаса" деп уахи еттік. Қашан әміріміз келіп, тандыр (дан су) қайнаса, сонда әр жыныстан бір жұп және өздеріне қарсы бұйырық берілгендерден басқа, семьяңды алып, кемеге түс. Сондай-ақ залым болғандар жайында маған түк деме. Өйткені олар, суға батуға тиісті" деп уахи еттік. (27)

Сен қашан жолдастарыңмен бірге кемеге орналасаң: "Барлық мақтау бізді залымдардан құтқарған Аллаға тән" де. (28) "Раббым! Мені құтты бір қонысқа қондыр! Сен ең жақсы орналастырушысың" де. (29) Рас бұнда өнегелер бар. Әрине Біз сынаймыз. (30) Бұлардан кейін басқа нәсілдер пайда қылдық. (7-С.69-А.) (31) Оларға өздерінен жіберген елшіміз: "Аллаға құлшылық қылыңдар. Алладан басқа тәңірлерің жоқ. Сонда да қорықпайсыңдар ма?",- (деді.) (32) Елінің қарсы болған, ахиретті жасынға шығарған сондай-ақ Біз, өздеріне дүние тіршілігінде кеңшілік берген бастықтары: "Бұл өздерің құсаған ғана бір адам. Жегендеріңді жеп, ішкендеріңнен ішеді" деді. (33) "Егер өздерің сияқты адамға бой ұсынсаңдар, рас сендер; сол уақытта зиянға ұшырайсыңдар." (34) "Сендерге; өліп, топырақ және сүйек болғанда; шын тіріліп, шығатындарыңды ескерте ме?" (35) "Сендерге бұл ескертілген нәрсе; ұзақ, тым ұзақ!" (36) "Дүниедегі тіршілігіміз ғана тіршілік. Кейіміз өлеміз, кейіміз




өмір сүреміз де қайта тірілтілмейміз." (37) "Ол (ьүд) Аллаға өтірік жала жапсырған адам. Біз оған сенбейміз." (38) (ьүд F.C.): "Раббым! Мені жасынға айналдырғандарға қарсы, нұсрат бер!",- деді. (39) (Алла): "Олар аз бір заманда әлбетте өкінішке ұшырайды" деді. (40) Шынайы түрде оларды ащы бір дауыс қолға алып, сыпырындыға айналдырдық. Залым қауым рахметтен ұзақ болсын! (41) Сосын бұлардан кейін басқа нәсіл пайда қылдық. (42)

مَا تَسْبِقُ مِنْ أُمَّةٍ أَجْلَهَا وَمَا يَسْتَجِرُونَ ﴿٤٦﴾ ثُمَّ أَرْسَلْنَا رَسُولَنَا تَتْرَأُ
 كُلَّ مَا جَاءَ أُمَّةٌ رَسُولَهَا كَذَّبُوهُ فَأَتْبَعْنَا بَعْضَهُمْ بَعْضًا وَجَعَلْنَا لَهُمْ
 أَحَادِيثَ فَبَعَدَ الْقَوْمَ لَا يُؤْمِنُونَ ﴿٤٧﴾ ثُمَّ أَرْسَلْنَا مُوسَى وَأَخَاهُ
 هَارُونَ بِآيَاتِنَا وَسُلْطَانٍ مُبِينٍ ﴿٤٨﴾ إِلَى فِرْعَوْنَ وَمَلَئِهِ
 فَاسْتَكْبَرُوا وَكَانُوا قَوْمًا عَالِينَ ﴿٤٩﴾ فَقَالُوا أَنُؤْمِنُ بِلَشْرَيْنِ مِثْلِنَا
 وَقَوْمُهُمَا لَنَا عِيدُونَ ﴿٥٠﴾ فَكَذَّبُوهُمَا فَكَانُوا مِنَ الْمُهْلَكِينَ ﴿٥١﴾
 وَلَقَدْ آتَيْنَا مُوسَى الْكِتَابَ لَعَلَّهُمْ يَهْتَدُونَ ﴿٥٢﴾ وَجَعَلْنَا
 ابْنَ مَرْيَمَ وَآمَنَةً آيَةً وَءَاوَيْنَهُمَا إِلَى رِبْوٍ وَذَاتِ قَرَارٍ وَمَعِينٍ ﴿٥٣﴾
 يَا أَيُّهَا الرُّسُلُ كُلُوا مِنَ الطَّيِّبَاتِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا إِنِّي بِمَا
 تَعْمَلُونَ عَلِيمٌ ﴿٥٤﴾ وَإِنْ هَذِهِ أُمَّةُكُمْ أُجِدَّةً وَأُنَارًا يَكْتُمُ
 فَأَنْقُرُونِ ﴿٥٥﴾ فَتَقَطَّعُوا أَمْرَهُمْ بَيْنَهُمْ زُبُرًا كُلٌّ حِزْبٌ بِمَا لَدَيْهِمْ
 فَرِحُونَ ﴿٥٦﴾ فَذَرَّهُمْ فِي عَمْرَتِهِمْ حَتَّى حِينٍ ﴿٥٧﴾ أَيْحَسِبُونَ أَنَّمَا
 يُنَادِيهِمْ مِنْ مَالٍ وَبَنِينَ ﴿٥٨﴾ نَسَارِعُ لَهُمْ فِي الْخَيْرَاتِ بِاللَّاشِعُرُونَ
 ﴿٥٩﴾ إِنَّ الَّذِينَ هُمْ مِنْ خَشْيَةِ رَبِّهِمْ مُشْفِقُونَ ﴿٦٠﴾ وَالَّذِينَ هُمْ
 بِآيَاتِنَا رَبِّهِمْ يُؤْمِنُونَ ﴿٦١﴾ وَالَّذِينَ هُمْ بِرَبِّهِمْ لَا يُشْرِكُونَ ﴿٦٢﴾

Ешбір қауым ажалын (белгілі мерзімін) ілгерлете, кейіндете алмайды. (43) Сонан кейін елшілерімізді үздік-создық жібере бердік те әр үммет; пайғамбарлары келген сайын оны жасынға шығара берді. Сондықтан оларды, бірінен кейін бірін жойып, аңызға айналдырдық. Иман келтірмеген ел рахметтен ұзақ болсын! (44) Артынан Мұса мен туысы Һарұнды белгілеріміз, ашық дәлелдерімізбен жібердік. (45) Перғауын мен шонжарларына. Сонда олар

дандайсыған, өр көкірек ел еді. (46) Олар: "Елі, бізге құлдық істеп жүрген, өзіміз секілді екі адамға сене кетейік пе?",- десті. (47) Екеуін жасынға шығарды. Сондықтан жоқ етілді. (48) Рас Мұса (F.C.) ға; елі, тура жол табуы үшін Кітап бердік. (49) Мәріем ұлы мен анасын бір ғибрат қылдық. Екеуін бұлақты, бір көтеріңкі жәйлі жерге орналастырдық (Бұл жер; Бәйтіл Мұқаддас, Дымшық, Мысыр. Ж.Б.М.К.Р.) (50) Әй пайғамбарлар! Таза нәрселерден жендер, игілік істендер. Расында не істегендерінді жақсы білемін. (51) Рас осы топтықтар, бір-ақ топтық. Мен, Раббыларың. Менен ғана қорқыңдар. (2-С. 213-А.) (52) Алайда олар өзара (дін) істерінде бөлшектеніп, әр гүрүппа өз алдарындағысына мәз болды. (53) (Мұхаммед F.C.) оларды бір мерзімге дейін адасқан бойынша тастап қой. (54) Негізінде оларды, мал және балалармен қамдағанымызды: (55) Олардың игіліктеріне ынтық болғандығымыз деп ойлай ма? Олай емес. Олар, түсінбейді. (56) Ал олар Раббыларынан қорқып, үрейленеді. (57) Олар, Раббыларының аяттарына иман келтіреді. (58) Олар, Раббыларына серік қоспайды. (59)

Расында не берсе де Раббыларына қайтуларынан, жүректері қорқып, бергендер; (60) Міне осылар, жақсылықтар да жарысады да олар, оның озаттары. (61) Кісіге шамасы келетінді ғана міндеттендіреміз. Жанымызда шындықты сөйлейтін бір Кітап бар. (Лаухыл Махфүз не амал дәптері. Ж.Б.) Олар зұлымдық көрмейді. (62) Бірақ олардың жүректері бұл Құраннан хабарсыз және олардың бұдан өзге де істеген істері бар. (63) Олар мәз болған кезде, жазаға тартсақ, сол уақытта олар зар илейді. (64) "Бүгін зарламаңдар! Расында сендер, Менен жәрдем көре алмайсыңдар." (65) "Сендерге аяттарымыз оқылатын еді де теріс айналатын едіңдер." (66) "Аяттарымызға тәкаппарсынып, мүлде сандырақтаушы едіңдер" (67) Олар сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме? (68) Немесе пайғамбарларын олар танымады да сондықтан оған қасарыса ма? (Негізінен олар: "Мұхаммед Әмин: сенімді Мұхаммед" деп, бала жастан толық сенім артқан, өмірінде еш өтірік айтпаған, биязы мінезді, сондай-ақ ешкімнен оқымаған бола тұра даналықтың ең кемеліне ие екенін жақсы біледі. Ж.Б.К.М.Р.) (69) Немесе: "Онда бір жындылық бар" дей ме? Олай емес. Оларға шындықты әкелді де олардың көбі шындықты



жақтырмайды. (70) Егер шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді. Олай емес. Оларға үгіт келтірдік. Сонда олар насихаттарынан жалтарды. (71) (Мұхаммед F.C.) олардан жалақы сұрадың ба? Раббыңның сауабы хайырлы. Ол, ризық берушілердің ең хайырлысы. (72) Әрине сен оларды тура жолға шақырасың. (73) Ахиретке сенбегендер, әлбетте жолдан шығушылар. (74)

سورة المؤمنون

المؤمنون

المرسلون


وَلَوْ رَحِمْنَاهُمْ وَكَشَفْنَا مَا بِهِمْ مِنْ ضُرٍّ لَلْجُوفِ طٰغِيَتِهِمْ
 يَعْمَهُونَ ﴿٧٥﴾ وَلَقَدْ أَخَذْنَاهُمْ بِالْعَذَابِ فَمَا اسْتَكَانُوا لِرَبِّهِمْ
 وَمَا يَضُرُّعُونَ ﴿٧٦﴾ حَتَّىٰ إِذَا فَتَحْنَا عَلَيْهِم بَابًا ذَا عَذَابٍ شَدِيدٍ
 إِذَاهُمْ فِيهِ يَسْبُحُونَ ﴿٧٧﴾ وَهُوَ الَّذِي أَنشَأَ لَكُمُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَرَ
 وَالْأَفْئِدَةَ قَلِيلًا مَّا تَشْكُرُونَ ﴿٧٨﴾ وَهُوَ الَّذِي ذَرَأَكُمْ فِي الْأَرْضِ
 وَإِلَيْهِ تُحْشَرُونَ ﴿٧٩﴾ وَهُوَ الَّذِي يُحْيِي وَيُمِيتُ وَلَهُ اخْتَلَفُ
 اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ أَفَلَا تَعْقِلُونَ ﴿٨٠﴾ بَلْ قَالُوا مِثْلَ مَا قَالَ
 الْأَوَّلُونَ ﴿٨١﴾ قَالُوا أَءِذَا مِتْنَا وَكُنَّا تُرَابًا وَعِظْمًا إِذًا
 نَلْمَعُونَ ﴿٨٢﴾ لَقَدْ وَعَدْنَا نَحْنُ وَمَا آبَاؤُنَا هَذَا مِنْ قَبْلُ إِنْ هَذَا
 إِلَّا أَسْطِيرٌ الْأَوَّلِينَ ﴿٨٣﴾ قُلْ لِمَنْ الْأَرْضُ وَمَنْ فِيهَا إِنْ
 كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿٨٤﴾ سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ أَفَلَا تَذَكَّرُونَ ﴿٨٥﴾
 قُلْ مَنْ رَبُّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ وَرَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ ﴿٨٦﴾
 سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ أَفَلَا نُنْفِقُ ﴿٨٧﴾ قُلْ مَنْ مِنْ بَيْنِهِ
 مَلَائِكَةٌ كُتِبَ عَلَيْهِمُ الْقُرْآنُ وَلَهُمْ حُجْرٌ وَلَا يَجْرُ الْعَلِيَّةُ إِنْ
 كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿٨٨﴾ سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ فَأَنَّى تُسْحَرُونَ ﴿٨٩﴾

۳۴۷


Егер оларға мәрхамет етіп, бейнеттерін айықтырсақ та қасаруларында абыржып кете береді. (75) Рас оларды азапқа алдық. Сонда да Раббыларына мойынсал болмады әрі жалбарынбады. (76) Тіпті оларға бір азаптың есігін ашсақ, сол уақытта олар оның ішінде күдер үзеді. (77) Ол, сендер үшін: Есту, көру және ойлау қабілетін жаратты. Сонда да аз ғана шүкірлік қыласыңдар. (78) Ол, сендерді жер жүзіне таратты. Сондай-ақ Ол Алла тарапына жиналасыңдар. (79)

Сендерді тірілтеді, өлтіреді және күндіз, түннің ауысуы Оған тән. Ал ойламайсыңдар ма? (80) Жоқ, олар бұрынғылардың айтқанын айтады. (81) Олар: "Біз өліп, топырақ және сүйектер болсақ та рас қайта тірілтілеміз бе?,"- деген (82) "Расында бұл бопса, бізге де бұрынғы аталарымызға да жасалған. Бұл бұрынғылардың ертегілері ғана." (83) (Мұхаммед F.C.): "Егер білсеңдер, жер жүзі және жер жүзінде болғандар кімдікі?,"- де. (84) Олар дереу: "Алланікі" дейді. "Ал сонда да зер салмайсыңдар ма?,"- де. (85) "Жеті көктің Раббы және ұлы ғаршының Раббы кім?,"- де. (86) Дереву: "Алла" дейді. "Сонда да қорықпайсыңдар ма?,"- де. (87) "Егер білсеңдер, әр нәрсенің басқаруы қолында, өзі қорғаушы, қорғалмайтын (немесе Оған қарсы біреуді біреу қорғай алмайтын) кім?,"- де. (88) Олар дереу: "Алла" дейді. "Ал онда қалайша жадыландыңдар?,"- де. (89)

Жоқ, олай емес. Оларға шындықты әкелдік. Олар мүлде өтірікші. (90) Алла еш бала иемденбеді. Онымен бірге тәңір де жоқ. Ондай болғанда, әрине әр тәңір өз жаратқаның алып кетер еді де бір-біріне үстемдік қылар еді. Алла, олардың сипаттағанынан пәк. (21-С. 22-А. 17-С. 42-А.) (91) Алла көрнеуді де көместі де біледі. Сондай-ақ олардың қосқан ортақтарынан үстем. (92) (Мұхаммед): "Раббым! Оларға уәде етілген азапты әлбетте маған көрсететін болсаң, (мен барда әкелсең,) (93) "Раббым! Мені залым елдің ішінде қылма!",- де. (94) Расында оларға деген апатты әрине саған көрсетіп, әкелуге де шамамыз келеді. (95) Жамандықты жақсылықпен кетір. Олардың баян еткен нәрсесін жақсы білеміз. (96) "Раббым! Шайтандардың түртектерінен саған сиынамын" де. (97) "Раббым! Олардың жаныма келуінен де саған сиынамын..." (98) Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: "Раббым! Мені дүниеге қайтар!" (99) "Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы ғамал істермін." Әсте олай емес. Рас бұл,



оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар. (100) Қашан Сүр үрілсе, сол күні; олардың араларында туыстық (байланыс) жоғалып, бір-бірін сұраспайды. (70-С. 10-А.) (101) Ал сол күні, кімнің таразысы ауыр тартса, міне солар құтылушылар. (102) Ал және кімнің таразысы жеңіл тартса, міне олар өздерін зиянға ұшыратқандар. Олар тозақта мүлде қалады. (103) Олардың беттерін от өртеп, олардың онда тістері ақсынып қалады. (104)




сендер оларды келемежге алып едіңдер. Хатте оларға күлулерің Мені еске алуларыңды мүлде ұмыттырған еді. (110) Рас бүгін Мен оларды сабыр еткендіктері себепті сыйлыққа бөледім. Олар анық мұратқа жеткендер... (111) Алла, оларға: "Сендер жер жүзінде қанша жыл тұрдыңдар?",- дейді. (112) Олар: "Бір күн немесе тағы аз уақыт тұрдық. Санаушылардан сұра" дейді. (30-С. 55-А.) (113) "Егер білген болсаңдар аз ғана-ақ тұрдыңдар" дейді. (114) "Шын Біз, сендерді босқа жараттық та тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп, ойлайсыңдар ма?",- дейді. (115) Шынайы патша Алла, өте жоғары. Одан басқа тәңір жоқ. Ол, ардақты ғаршының Раббы. (116) Біреу, Алла мен бірге дәлелсіз басқа бір тәңірге табынса, рас оның есебі Раббының қасында. Өйткені, қарсы болғандар құтылмайды. (117) (Мұхаммед Ғ.С.): "Раббым! Жарылқа, мәрхамет ет! Сен мәрхамет етушілердің ең жақсырағысың" де. (118)


"Өздеріңе аяттарым оқылғанда оны жасыңға шығармадыңдар ма?" (105) Олар: "Раббым! Сорымыз жеңіп, адасқан бір ел екеміз ғой" дейді. (106) "Раббымыз! Бізді бұдан шығар! Сонда егер қайта күнәкар болсақ; Шын залымбыз." (107) Оларға: "Сонда сіңіп, жоғалыңдар! Маған сөйлеспендер" дейді. (108) Құлдарымнан бір бөлім: "Раббымыз! Иман келтірдік, бізді жарылқа! Және бізге мәрхамет ет. Сен мәрхамет етушілердің ең жақсысысың" дейтіндер бар еді. (109) Сонда

24-HYP CYPECI

Мединеде түскен. Алпыс төрт аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
Бұл сүрені түсірдік те оның
үкімдерін парыз қылдық. Сондай-ақ
үгіт алуларың үшін; мұнда ашық
аяттар түсірдік. (1) Зинашы әйел
мен ердің әрбіріне жүз дүре
соғыңдар. Егер Аллаға, ахирет
күніне сенсеңдер; оларға
жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі
екеуінің жазасын мүміндерден бір
тобы көріп тұрсын. (2) Зинашы ер;
зинашы немесе мүшрік әйелмен
үйленуге лайық. Зинашы әйел де;
зинашы немесе мүшрік ермен ғана
үйленеді. Бұлар мүміндерге арам
қылды. (3) Сондай абыройлы
әйелдерге зина жаласын
жабсырғандар; кейін төрт айғақ
келтіре алмаса, онда оларға сексен
дүре соғыңдар. Және олардың
куәліктерін мүлде қабыл етпеңдер.
Міне солар, бұзықтар. (4) Бірақ
содан кейін тәубе етіп,
түзелгендерге; Алла, аса
жарылқаушы, ерекше мейірімді. (5)
Жұбайларына зина жаласын жауып,
өздерінен басқа ешбір айғақтары
болмағандардың әрбірінің куәлігі,
шын айтушы екендіктеріне
байланысты төрт рет Алланың
атымен ант ішулері. (6) Бешінші




ретте; (ер): "Егер өтірік
айтушылардан болсам, Маған
Алланың лағынеті болсын!,- (дейді)
(7) Ерінің өтірік айтушылардан
екендігіне байланысты әйел де төрт
рет Алланың атымен ант ішіп,
өзінен жазаны кетіре алады. (8)
Бешінші рет; (әйел): "Егер оның
айтқандары шын болса, маған
Алланың қаыары тисін!,- (дейді.)
(9) Егер сендерге Алланың
кеңшілігі, мәрхаметі болмаса, (не
болар еді?) Расында Алла, тәубелерді
қабылдаушы, аса дана. (10)




(Пайгамбар Ғ.С. Бану Мұсталиқ соғысынан қайтқанда түнеп көшкен бір жерде Ғайша Р.А. түзге отырып келсе, мойнындағы алқасы жоқ. Соны қарап келгенше, көш жөнеліп кеткендіктен жұртта отырғанда қарауылда жүрген Сапуан Мұғтал ұлы түйесіне мінгізіп, алып келеді. Сондықтан Ғабдолла Ұбай ұлы т.б. лар өсек қылады. Ж.Б.М.Р.) Шынында сендерден өсек айтып келген топтың сөзін жаман деп есептемендер. Керісінше ол, сендер үшін хайырлы. Олардың әрбіреуі

күнә тапты. Олардан басшылық еткен үлкеніне зор азап бар. (11) Егер оны естігендерінде мүмін ер, әйел көңілдерінде хайыр ойлап: "Бұл бір ашық өсек" десе еді? (12) Олар, оған төрт куә келтірсе еді? Сондай-ақ олар куә әкелмеді. Міне солар, Алланың қасында өтірікші. (13) Егер сендерге дүние, ахиретте Алланың кеңшілігі, мәрхаметі болмаса еді, әрине өсек тартқандықтарыңның салдарынан зор азапқа душар болар едіңдер. (14) Сол уақытта өсекті ауызекі жалғастырып, білмеген нәрсені айта отырып, оны жеңілге сайдыңдар. Ол, Алланың қасында зор іс еді. (15) Егер оны естіген сәтте: "Бұны, біздің айтуымызға болмайды. Алла сақтасын. Бү бір ірі жала" деген болсаңдар еді. (16) Егер мүмін болсаңдар, Алла мұндайды мүлде қайта істемеулерінді насихаттайды. (17) Алла, сендерге аяттарын ашық баян қылады. Әрі Алла толық білуші, аса дана. (18) Расында сондай мүміндердің ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге; дүние, ахиретте күйзелтуші азап бар. Алла біледі. Сендер білмейсіңдер. (19) Егер сендерге Алланың кеңшілігі, мәрхаметі болмаса. Рас Алла өте жұмсақ, ерекше мейірімді. (20)



Эй мүміндер, шайтанның басқан іздерін баспаңдар. Кім шайтанның іздеріне ерсе, күдіксіз ол, ұятсыздықты, жамандықты меңзейді. Егер сендерге Алланың игілігі, мейірімі болмаса еді, ешбіреуің әсте ағармайтын едіңдер. Бірақ Алла қалаған құлын ағартады. Алла әр нәрсені естуші, білуші. (21) Сендерден кеңшілік, молшылыққа ие болғандар; жақындарына, міскіндерге, мұғажірлерге Алла жолында бермеуге ант етпесін. Гапу етіп, кешірсін. Алланың сендерді жарылқауын жақсы көрмейсіңдер ме? Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (22) Расында абыройлы мүмін, ақ ниет әйелдерге жала қойғандар; дүние, ахиретте қарғалды. Әрі олар үшін ірі азап бар. (23) Қиямет күні, оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады. (24) Сол күні Алла, оларға лайықты жазасын


толық береді. Сондай-ақ рас Алланың ашық шындық екенін олар біледі. (25) Сүм әйелдер; сүм ерлерге, сүм ерлер; сүм әйелдерге сондай-ақ игі әйелдер; игі ерлерге, игі ерлер; игі әйелдерге лайық. Бұлар, олардың айтқандарынан ақ. Олар үшін жарылқау әрі көркем несібе бар. (26) Эй мүміндер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұхсат алмайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер. Бұл сендер үшін хайырлы. Әрине түсінерсіңдер. (27)




сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас Алла, олардың не істегендерінен хабар алушы. (30) Мүмін әйелдерге де айт: "(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өзіндігінен көрінгендері басқа. (Беті, қол-аяқтары. Ж.Б.М.К.) Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ: Ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, үгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, әпеке-сіңлілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады. Және де көмескі зейнеттерін басқаларға білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін. Әй мүміндер, түгел Аллаға тәубе қылыңдар! Әрине құтыларсыңдар. (31)

Егер үйде ешкім таппасаңдар, өздеріңе рұхсат бермейінше кірмеңдер. Егер сендерге: "Қайтыңдар" делінсе, онда қайтыңдар. Бұл сендер үшін жақсырақ. Алла не істегендеріңді жақсы біледі. (28) Ішінде отырылмайтын, нәрселерің бар (қонақ үй сияқты. Ж.Б.М.К.Р.) үйлерге кірулеріңнің оқасы жоқ. Алла көрнеулеріңді де көместеріңді де біледі. (29) (Мұхаммед F.C.) Мүміндерге айт: (Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін

Іштеріңдегі бойдақтарды (ер жеткен үл-қыздарды, тұл ер, әйелдерді. Ж.Б.М.К.Р.) сондай-ақ қолдарындағы құл, күңдердің дұрыстарын үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса да, Алла өз кеңшілігімен оларды байытады. Алла, аса кеңшілік иесі, толық білуші. (32) Үйлене алмағандар, Алла өз кеңшілігімен байытқанға дейін суық жолдан сақтансын. Қолдарындағы (құл, күң) лардан хат тілегендерге, егер оларда бір хайыр білсеңдер, хат келісімін жасаңдар. Әрі оларға Алланың өздеріңе берген малынан да беріңдер. (Құл, күңдердің қожайынына ақша төлеп, не бір қызмет атқарып, азаттық алу үшін келісім жасап қолынан хат алу хақысы бар. Ж.Б.М.К.Р.) (Бұларға зекет те беріледі. 9-С. 6-А.) Өздері абыройлы болуды қалаған күңдеріңді дүние тіршілігінің пайдасы үшін жамандыққа зорламаңдар. Кім оларды зорласа; онда Алла, ол зорланғаннан кейін аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (Күнәсы зорлаушыға болады.) (33) Рас сендерге ап-ашық аяттарды әрі сендерден бұрынғы өткендерден мысал және тақуалар үшін насихат түсірдік. (34) Алла (Т.) көктер мен жердің нұры. Оның нұрының мысалы: Ішінде жарық бар қуыс (немесе қуыста жанған жарық)




сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал әйнек; бейне інжудай бір жұлдыз. Шығыста батыста болмаған берекетті зәйтін майымен тамызылады. Тіпті от тимей-ақ оның майы жарық бергелі тұр. Нұр үстіне нұр. Алла қалаған кісісін өз нұрына бөлейді. Алла адамдарға өстіп мысал береді. Алла әр нәрсені толық білуші. (35) (Бұл нұр) Алланың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. (36)




Алланы табады. Ол, оның есебін толық көреді. Алланың есебі, жылдам. (39) Немесе олардың мысалы: Терең теңіздегі қараңғылық тәрізді. Толқын үстіне толқын, оның үстін бұлт қаптаған қараңғылықтар; бір-бірінің үстінде. Кісі қолын шығарса, оны көре алмайды. Алла жарық қылмаған біреудің жарығы болмайды. (40) Көктер мен жердегі әркімнің әрі қатар-қатар ұшқан құстың Алланы дәріптегенін көрмейсің бе? Барлығы өзіне тән намазын, тәсбиһын біледі. Алла олардың істегенін толық біледі. (41) Көктер мен жердің меңгеруі Аллаға тән. Және қайтар жер де Алла жақ. (42) Көрмейсің бе? Рас Алла, бұлттарды айдайды. Сосын оның араларын біріктіреді. Сонан соң оны қабат-қабат қылады. Сонда бұлттың араларынан жаңбыр шыққанын көресің. Және аспаннан ішінде бұршағы бар (бұлт) тауларын түсіреді де ол арқылы қалаған пендесіне апат жеткізіп, қалағанынан бұрып, әкетеді. Нажағайдың жарқылы; көздерді әкете жаздайды. (43)

Өздерін сауда-сатық; Алланың зікірінен, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар, жүректер мен көздердің қозғалатын күнінен қорқады. (37) Сондықтан Алла, оларға істегендерінің ең көркем сыйлығын тіпті өз қасынан артылтып береді. Алла қалаған құлын есепсіз несібеге бөлейді. (38) Сондай қарсы болғандардың істері, шөлдегі сағым сияқты. Шөлдеген кісі оны су деп, ойлайды. Ақыр оған барған сәтте, еш нәрсе таба алмайды. Жанында

Алла; күндізмен, түнді ауыстырады. Рас бұнда, қырағылар үшін әрине ғибрат бар. (44) Алла әр жандықты судан жаратты. Сонда кейбіреуі баурымен жүреді, кейбіреулері екі аяғымен жүреді және кейбіреуі төрт аяқтап, жүреді. Алла қалағанын жаратады. Рас Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші. (45) Расында ашық баян етуші аяттарды түсірдік. Сондай-ақ Алла қалағанын тура жолға салады. (46) Олар: "Аллаға, Пайғамбарға иман келтірдік, бой ұсындық" дейді де, сосын одан кейін олардан бір бөлімі жалтарады. Міне солар иман келтірмегендер. (47) Қашан олар, араларына үкім беру үшін Аллаға, Пайғамбарына шақырылса, сол уақытта олардың бір бөлімі бас тартады. (48) Егер оларға бір тиесі болатын болса, оған бой ұсынған түрде келеді. (49) Олардың жүректерінде дерті бар ма? Немесе күдіктенуде ме? Не өздеріне Алла, Пайғамбары әділетсіздік істейді деп, қорқа ма? Олай емес. Олардың өздері залым. (50) Шын мәнінде мүміндер, араларына үкім




беруге шақырылғанда, олардың сөздері: "Естідік, бой ұсындық" деу болады. Міне бұлар құтылушылар. (51) Кімде-кім Аллаға, Пайғамбарына бағынса, сондай-ақ Алладан қорқып, сақтанса, міне солар, қолы жеткендер. (52) (Мұхаммед Ғ.С.! Мұнафықтар): "Егер әмір етсең (соғысқа) әлбетте шығамыз" деп, Аллаға шынайы ант ішеді. Оларға: "Ант ішпеңдер! Бағынғандарың мәлім. Шәксіз Алла, не істегендеріңді толық біледі" де. (53)




(Мұхаммед F.C.): "Аллаға, Пайғамбарына бағын" де. Егер бағынудан бет бұрсаңдар, шын мәнінде Пайғамбар, өзіне жүктелгенге, сендер, өздеріңе жүктелгенге міндеттісіңдер. Ал егер Пайғамбарға бой ұсынсаңдар, тура жол табасыңдар. Сондай-ақ Пайғамбарға ашық түрде жалғастыру ғана міндет. (54) Алла сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге; өздерінен бұрынғы өткендердей жер жүзіне мұрагер қылуды уәде етті. Сондай-ақ олар

үшін өзі разы болған дінін нығайтып, хауіп-қатерден кейін бейбітшілікке айналдырады. Олар, Маған құлшылық қылады. Маған еш нәрсені шерік қоспайды. Кім бұдан кейін қарсы келсе, міне солар, бұзақылар. (55) Намазды толық орындаңдар да зекет беріңдер. Әрі Пайғамбарға бой ұсыныңдар. Әрине мәрхаметке бөленесіңдер. (56) (Мұхаммед F.C.) сондай қарсы келгендер, жер жүзінде бізді әлсіретті деп, ойлама! Олардың орны тозақ, нендей жаман орын! (57) Әй мүміндер! Меншіктеріңдегі құл-күңдер, әлі ержетпеген балаларың, осы үш мезгілде (жандарыңа) рұхсат сұрап кірсін: Таң намазының алдында, түсте киімдеріңді шешкен уақытта және ясту намазынан кейін. Сендер үшін осы үшеуі ұялатын мезгіл. Бұлардан кейін (басқа уақытта) сендерге де оларға да айып емес. Өйткені, сендер бір-біріңе кіріп, шығуларыңа керексіңдер. Осылайша Алла, сендерге аяттарын баян етеді. Алла толық білуші, хикмет иесі. (58)

Ержеткен балаларың, бұрынғылар рұхсат сұрағандай рұхсат сұрап кірсін. Осылайша сендерге Алла аяттарын ашық баян етеді. Алла толық білуші, хикмет иесі. (59) Некеленуден күдер үзіп, үйде отырған кемпірлердің зейнеттерін ашпай сырт киімдерін шешулері айып емес. Егер бұдан да сақтанса, олар үшін тағы жақсы. Алла толық естуші, әр нәрсені білуші. (60) (Бір үйден тамақ жеулерінде) соқырға кінә жоқ, ақсаққа кінә жоқ, ауруға да кінә жоқ. Сондай-ақ сендерге өз үйлеріңнен (әйелдеріңнің, балаларыңның. Ж.М.Р.) не әкелеріңнің үйлерінен, я шешелеріңнің үйлерінен, я аға-інілеріңнің үйлерінен, я әпеке-қарындастарыңның үйлерінен, я әкелеріңмен туысқан көкелеріңнің үйлерінен, я



әкелеріңмен туысқан апайларыңның үйлерінен, я нағашы ағаларыңның үйлерінен, я нағашы апайларыңның үйлерінен, немесе кілттеріне ие болған не достарыңның үйлерінен тамақ жеулеріңде айып жоқ. Сондай-ақ бірлікте не жеке-жеке жеулерің айып емес. Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе (Мұсылмандарға) Алла тарапынан көркем берекет тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер! (4-С. 86-А.) Осылайша Алла, сендерге аяттарын ашық баян етеді. Әрине түсінерсіңдер. (61)




Пайғамбардың шақыруын өзара бір-бірінді шақыруға ұқсатпандар! Рас Алла, сендерден ептеп, далдаланып шығып кететіндерді біледі. Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын. (63) Естерінде болсын! Көктер мен жердегі нәрселер Алланикі. Расында Ол, сендердің неменеді болғандарыңды біледі. Сондай-ақ олар, өз жағына қайтқан күні, оларға, не істегенін білдіреді. Алла барлық нәрсені толық біледі. (64)

Шын мәнінде мүміндер, сондай Аллаға, Пайғамбарына иман келтіргендер, егер олар Пайғамбар мен бірге топты түрде бір істе болса, Пайғамбардан рұхсат алмайынша кетпейді. (Мұхаммед F.C.) рас сенен рұхсат сұрағандар; міне солар, Аллаға, Пайғамбарға иман келтіргендер. Қашан олар кейбір жұмыстары үшін сенен рұхсат сұраса, олардан қалағаныңа рұхсат бер. Және оларға Алладан жарылқау тіле. Күдіксіз Алла, өте жарылқаушы, аса мейірімді. (62)


25-ФҮРҚАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жетпіс жеті аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бүкіл әлемге бір ескертуші болуы үшін құлына (жақсы-жаманды айыратын) Құранды түсірген Алла өте жоғары. (1) Көктер мен жердің патшалығы Онікі. Ол, ешкімді бала қылып алмады да Оның патшалығында ешбір ортағы жоқ. Сондай-ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі. (2)




(Сонда да) олар Алладан өзге, бір нәрсені жарата алмайтын, өздері жаратылатын, сондай-ақ өздеріне де пайда, зиян келтіру күшіне жәнә өлтіру, тірілту тағы өлгенді қайта тірілту күшіне ие болмағандарды тәңір жасап алды. (3) Сондай кәпірлер: "Бұл Құран мүлде жасанды. Оны өзі шығарды, оған басқа ел де көмектесті" деп, олар орынсыз жала жапсырды. (4) Жәнә олар: "Ол Құран бұрынғылардың аңызы. Оны, бұл жаздырып алады да, ертелі-кеш өзіне оқылады" деді. (5) (Мұхаммед F.C.): "Құранды көктер мен жердің сырын білетін Алла түсірді. Рас Алла өте жарылқаушы, тым мейірімді" де. (6) Тағы олар: "Бұл қалай Пайғамбар? Тамақ жейді, базарларда жүреді. Неге оған, онымен бірге жүріп, қорқытатын періште түсірмейді?",- десті. (7) "Немесе оған (шаңырактан) бір қазына тасталса не оның бір көректенетін бақшасы болса еді."

Сөйтiп залымдар: "Сендер мүлде жадыланған кісіге ересiңдер" деді. (8) (Мұхаммед F.C.) Қара! Сен үшін қалай мысалдар берді. Енді олар жол таба алмайтын түрде адасты. (9) Сондай молшылық иесі Алла қаласа, бұлардан да жақсы, астарынан өзендер ағатын бақшалар бере алады. Тағы сен үшін; сарайлар жасай алады. (10) Бірақ олар қияметті жасынға шығарады. Қияметті жасынға шығарғандар үшін; қайнаған тозақты өзiрледік. (11)



бар. Бұл, Раббың міндетті түрде орындайтын бір уәде. (16) Ол; сол күні, оларды және Алладан өзге табынғандарын жинайды. Сонда олардан: "Осы құлдарымды сендер адастырдыңдар ма? Немесе жолдан өздері адасты ма?",- деп, сұрайды. (17) (Ол табынылғандар): "Сен пәксің. Бізге Сенен өзгені ие қылуымыз лайық емес. Бірақ Сен, оларды да аталарын да қамтамасыз еттің. Тіпті Сені еске алуды ұмытты да жоғалуға лайық бір ел болды" деді. (5-С.116-117-А. 34-С.40-41-А.) (18) (Табынғандарың); рас айтқандарыңды жасынға айналдырады. Сонда оны қайтара алмайсыңдар да бір көмек те таба алмайсыңдар. Сендерден кім зұлымдық қылса, ірі азап таттырамыз. (19) (Мұхаммед Ғ.С.) Сенен бұрын да тамақ жейтін, базарларда жүретін ғана пайғамбарларды жіберген едік. Негізінде біріңді-біріңе сынау қылдық. Сабыр етесіңдер ме? Раббың әр нәрсені көруші. (20)

Тозақ, оларды ұзақ бір жерден көрген сәтте, олар оның қайнап, күркірегенін естиді. (12) Олар, тозақтың тар бір жеріне қолдары, мойындарына байлаулы тасталғанда, сол жерде жоқ болуды қалайды. (13) "Бүгін бір-ақ жоқ болуды тілемендер! Көптеген жоқ болуды тілеңдер" (делінеді) (14) (Мұхаммед Ғ.С.): "Осы азап жақсы ма? Немесе тақуалар үшін сыйлық әрі барар орын түрінде уәде етілген мәңгілік жаннат жақсы ма?",- де. (15) Олар мәңгі қалатын жаннатта, не тілесе



Сондай бізге кездесуді күтпегендер: "Бізге періштелер неге түсірілмейді? Немесе Раббымызды көрсек" деді. Расында олар өздерін-өздері жоғары санады да тым шектен шығып кетті. (21) Олар періштелерді көрген күні, күнәкарлар үшін қуанышты күн болмайды. Періштелер: "Жоқ, сендерге қуаныш жоқ" дейді. (Не өздері: "Махрұм қалдық" дейді.) (22) Олар нендей бір іс істеген болса, рас оны қолға алып, шашылған тозаңға айналдырамыз. (23) Ол күні, жаннаттықтардың тұрар жері жақсы, тынығар жерлері өте көркем болады. (24) Ол күні, аспан бұлттарша жарылып, періштелер жалғасты түрде түсіріледі. (25) Ол күні, шын патшалық Алланикі. Ол кәпірлер үшін өте ауыр күн болады. (26) Ол күні әр залым өз қолын шайнап: "Әттеген-ай! Пайғамбармен бірге жол тұтқан болсам еді" дейді. (27) "Нендей өкініш маған; Әттең! Мен пәленбайды дос тұтпаған болса

едім..." (28) "Шынында ол, Құран келгеннен кейін мені одан адастырды. Негізінде шайтан адам баласы үшін опасыз болады." (29) Пайғамбар: "Раббым! Рас менің елім бұл Құранды тастап қойды" деді. (30) Сол Сияқты әр пайғамбар үшін күнәкарларды дұшпан қылдық. Раббың жетекшілік және көмекшілікте саған жетіп, асады. (31) Тағы кәпірлер: "Оған Құран бір-ақ жолда неге түсірілмеді?", - деді. Осылайша, көкейіңе қондыру үшін оны анықтап оқыдық. (32)

سُورَةُ الْفُرْقَانِ

الْمَاءِ الْغَائِقِ


وَلَا يَأْتُونَكَ بِمِثْلِ آلِجُنَّتِكَ بِالْحَقِّ وَأَحْسَنَ تَقْسِيمًا ﴿٣٣﴾
 الَّذِينَ يُحْشِرُونَ عَلَىٰ وُجُوهِهِمْ إِلَىٰ جَهَنَّمَ أُولَٰئِكَ سُورٌ
 مَّكَانًا وَأَضَلُّ سَبِيلًا ﴿٣٤﴾ وَلَقَدْ آتَيْنَا مُوسَىٰ الْكِتَابَ
 وَجَعَلْنَا مَعَهُ أَخَاهُ هَارُونَ وَزِيرًا ﴿٣٥﴾ فَقُلْنَا أَذْهَبَ إِلَى
 الْقَوْمِ الَّذِينَ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا فَدَمَرْنَاهُمْ تَدْمِيرًا ﴿٣٦﴾ وَقَوْمَ
 نُوحٍ لَمَّا كَذَّبُوا الرُّسُلَ أَغْرَقْنَاهُمْ وَجَعَلْنَا هُمُومَ النَّاسِ
 آيَةً وَأَعْتَدْنَا لِلظَّالِمِينَ عَذَابًا أَلِيمًا ﴿٣٧﴾ وَعَادًا وَثَمُودًا
 وَأَصْحَابَ الرَّسِّ وَقُرُونًا بَيْنَ ذَلِكَ كَثِيرًا ﴿٣٨﴾ وَكُلًّا ضَرَبْنَا
Сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің бұйымы, зейнеті ғана. Ал Алланың қасындағы нәрсе хайырлы да тұрақты. Енді де ойламайсыңдар ма? (60) Ал енді өзіне жақсы уәде беріп, соған қауышатын біреу; өзін дүние тіршілігінде пайдаландырып, сосын қиямет күні жазаға әзірленетін кісілер тәрізді ме? (61) (Алла Т.) ол күні, оларға: "Сендердің Маған серік деп ұйғарғандарың қайда?",- деп, дабыстайды. (62) Өздеріне сөз келгендер: "Раббымыз! Бұлар, біз

(Мұхаммед F.C.) оларға: "Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейiн ұдайы қараңғы қылса, Алладан басқа сендерге жарық келтiретiн тәңiр кiм? Естiмейсiңдер ме?",- де. (71) "Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейiн ұдайы күндiз қылса, Алладан басқа сендерге онда тынығатын түн келтiретiн тәңiр кiм? көз салмайсыңдар ма?",- де. (72) Алла, сендерге өз мәрхаметiнен түндi тынығу, күндiздi кеңшiлiгiн (ризык) iздеулерiң үшiн жаратты. Әрине шүкiрлiк етерсiңдер. (73) Сол күнi, оларға: "Менiң серiгiм деп, ойлағандарың қайда?",- деп, дабыстайды. (74) Ол күнi, әр үмметтен бiр айғақ шығарып: "Дәлелдерiңдi әкелiңдер" деймiз. Сонда олар, рас хақиқат, Аллаға тән екенiн бiледi де олардың жасанды нәрселерi жоқ болады. (75)




Рас Қарун, Муса (F.C.) ның елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ оған, кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда оған халқы: "Елірме! Расында Алла, еліргендерді жақсы көрмейді" деді. (76) "Алланың саған берген дәулетімен ахирет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді. (77)



"Алланың сыйлығы; иман келтіріп ізгі іс істегендерге тағы жақсы. Ал оған сабырлылар ғана жетеді" деді. (80) Ақыр оны да үйін де жерге жұтқыздық. Алладан өзге оған жәрдем етер бір топ болмады әрі оған көмек етілмеді. (Бұл атақты Қарун; бай, Мұса (Ғ.С.) ның жақыны, асқан сараң, мың да бір зекет бер десе; бермей, Мұса (Ғ.С.) ны ел алдында қорлау үшін жала жапсырып, көп іренжітеді. Б.М.Р.) (81) Кеше оның орнында болуды көкsegендер: "Сірә, Алла құлдарынан кімді қаласа, соның несібесін кеңітіп, таралтады екен. Егер Алла, бізге қамқорлық қылмаса, әрине бізді де жерге жұтқызар еді. Айтқандайын, кәпірлер құтылмайды." (82) Міне ахирет жұрты: Оны, жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде соңғы табыс тақуалар үшін. (83) Кім бір жақсылық келтірсе; оған одан жақсы сыйлық бар. Ал кім бір жамандық келтірсе; ол жамандықты істегендерге, істегендерінің ғана сазайы беріледі. (84)

Қарун: "Шын мәнінде бұл, маған мендегі білімге берілді. (Баудың жөнін білуші едім)" деді. Негізінде Алланың бұдан бұрын, бұдан да күшті, тобы көп нәсілдерді жоқ еткенін білмеді ме? Күнәкарлар, күнәларынан суралмайды. (Бәрі жазулы. 82-С. 10-11-А.) (78) Ол, қауымына сән-салтанат ішінде шықты; дүние тіршілігін қалағандар: "Әттең! Бізге де Қарунға берілген тәрізді болса; өйткені ол, зор ырыс иесі" деді. (79) Өздеріне білім берілгендер:




(Мұхаммед F.C.) шәксіз саған Құранды міндетті қылған Алла, әрине сені қайтар жеріңе (Меккеге) қайтарады. "Раббым, Туралық келтірген кісіні де ашық адасудағы кісіні де жақсы біледі" де. (85) Саған Кітап түсірілетінін үміт етпеген едің. Бірақ Раббыңның мәрхаметі. Сондықтан қарсы болғандарды сүйемелдеме! (86) Алланың аяттары саған түсірілгеннен кейін олар сені одан (аяттарға ғамал қылудан) тоспасын. Оларды Раббыңа шақыр да әсте серік қатушылардан болма! (87) Алла мен бірге басқа тәңір шақырма! Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Оның өзінен басқа әр нәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласыңдар. (88)

29-ҒАНКӘБҮТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алпыс тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланыр атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Адамдар: "Сендік" деумен сыналмай қойып


қойылатындықтарын ойлай ма? (2) Рас олардан бұрынғыларды да сынаған едік. Сондай-ақ Алла, әлбетте шыншылдарды да біледі, өтірікшілерді де біледі. (3) Немесе жамандық істегендер, Бізден қашып құтыламыз деп, ойлай ма? Олар нендей жаман үкім береді! (4) Кім Аллаға жолығуды үміттенсе, әрине Алланың белгілі мезгілі келеді. Ол, аса естуші, толық білуші. (5) Біреу игілік үшін күресе, сөзсіз өзі үшін күреседі. Әрине Алла, әлемнен бай. (6)




Сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің жамандықтарын әлбетте жоямыз да өздерін істегендерінен көрі жақсырақ сыйлыққа бөлейміз. (7) Адам баласына әке-шешесіне жақсылық қылуды нұсқадық. Егер екеуі саған білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуыңа тырысса, онда ол екеуіне бағынба. Қайтар жерің Мен жақ. Сол уақытта сендерге не істегендеріңді түсіндіремін. (8) Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендерді игілерге қосамыз. (9) Адамдардың

кейбірі: "Аллаға иман келтірдік" дейді де олар Алла жолында жапа тартса, адамдардың кесірін, Алланың азабындай көреді. Әлбетте Раббыңнан бір нұсырат келетін болса: "Әрине біз сендермен бірге едік" дейді. Алла әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе? (10) Әлбетте Алла иман келтіргендерді де біледі. Әрине мұнафықтарды да біледі. (11) Сондай кәпірлер, иман келтіргендерге: "Біздің жолымызға ілесіңдер, қателіктеріңді біз көтерейік" деді. Негізінен олар, бұлардың күнәларынан еш нәрсе көтеруші емес. Расында олар суайт. (12) Әрине олар, өз жүктерін де онымен бірге басқа жүктер де көтереді. Әлбетте олар қиямет күні, жасама істерінен сураққа тартылады. (13) Рас Нұх (Ғ.С.) ты еліне жібердік. Сонда олардың ішінде тоғыз жүз елу жыл тұрды. Сол уақытта оларды топан басып алды, олар; залым еді. (14)

Оны және кемедегі жолдастарын құтқарып, ол уақиғаны әлемдерге ғибрат қылдық. (15) Ыбырайым (Ғ.С.) ды да. Сол уақытта еліне: "Аллаға құлшылық қылыңдар да Одан қорқыңдар. Егер білсендер, оларың сендер үшін хайырлы" деді. (16) "Алладан өзге табынғандарың, сендерге ризық бере алмайды. Онда ризықты Алланың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық қылыңдар да Оған шүкір етіңдер. Сол жаққа қайтарыласыңдар." (17) "Егер сендер жасынға шығарсаңдар, расында бұрынғы үмметтер де жасынға айналдырған. Пайғамбардың міндеті ашық жалғастыру ғана." (18) Олар көрмеді ме? Алла жаратуды қалай бастайды, сосын оны қайтарады. Расында бұл Аллаға оңай. (19) (Мұхаммед Ғ.С.): "Жер жүзінде кезіңдер де жаратуды қалай бастап, сосын екінші жасауды




да жасайды. Көріңдер! Расында Алланың әр нәрсеге күші жетеді" де. (20) Кімді қаласа, азап қылады да кімді қаласа, мәрхамет етеді. Сондай - ақ Сол жаққа бұрыласыңдар. (21) Сендер жерде де көкте де Алланы әлсірете алмайсыңдар. Сондай-ақ сендерге Алладан өзге не дос не жәрдемші жоқ. (22) Сондай Алланың аяттарына әрі өзіне қауышуға қарсы келгендер; міне солар, рахметімнен күдер үзді. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар. (23)




Сонда елінің жауабы: "Ыбырайымды өлтіріңдер немесе оны өртеңдер" деу ғана болды. Алла оны оттан құтқарды. Сөз жоқ, бұнда сенген елге ғибраттар бар. (24) (Ыбырайым Ғ.С.): "Шын мәнінде сендер дүние тіршілігінде өзара достық үшін Алладан өзге бұттар жасап алдыңдар. Сосын қиямет күні бір-біріңе қарсы шығып, бір-бірінді қарғайсыңдар да орындарың тозақ болып, сендерге ешбір жәрдемші болмайды" деді. (25) Сонда Лұт (Ғ.С.) оған иман келтірді. (Ыбырайым

Ғ.С.): "Шын мәнінде мен Раббым жаққа жөнелемін. Күдіксіз Ол, үстем, хикмет иесі" деді. (26) Оған Ысхақты, Яғқұпты бердік те оның ұрпақтарына кітап, пайғамбарлық мәрхамет еттік. Әрі өзіне дүние сыйлығын бердік. Әрине ол, ахиретте де ізгілерден. (27) Лұт (Ғ.С.) қа да (Пайғамбарлық бердік.) Сол уақытта еліне: "Рас өздеріңнен бұрын әлемде ешкім істемеген арсыздықты істедіңдер" деді. (28) "Рас сендер еркектерге жақындасасыңдар да жол кесіп, және мәжілістерінде жамандық істейсіңдер ме?" (27-С. 54-А.) Сонда елінің жауабы: "Егер шыншылдардан болсаң, қане бізге Алланың азабын келтірші" дегеннен басқа болмады. (29) (Лұт Ғ.С.); "Раббым! Бұзақы елге қарсы маған жәрдем бере көр!",- деді. (30)



Елшілеріміз (періштелер), Ыбырайым (Ғ.С.) ға шүйіншімен келген сәтте: "Осы халқы залым болған кентті рас жоқ етеміз" десті. (31) Ыбырайым Ғ.С.): "Әрине онда Лұт та бар" деді. (Елшілер): "Ол жерде кімнің болғанын жақсы білеміз; кейін қалушылардан болатын қатынынан басқа өзін де үй-ішін де әлбетте құтқарамыз" деді. (32) Елшілеріміз Лұт (Ғ.С.) қа келген сәтте, олардың салдарынан қынжылып, көңлі тарайды. (Періштелер; көркем жас жігіттер сүретінде еді. Б.Ж.Р.) Олар: "Қорықпа да кейіме. Сөз жоқ, кейін қалушылардан болатын жұбайыңнан басқа өзіңді де семьяңды да құтқарамыз" деді. (33) "Бұл кент халқына бұзықтықтарының салдарынан көктен пәле жаудырамыз." (34) Расында ойлаған елге; одан ашық өнеге қалдырдық. (35) Мәдянға туыстары Шұғайып


(Ғ.С.) ты жібердік те: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар да ахирет күнінен үміт етіндер. Жер жүзінде бұзақылық істеп, жүрмеңдер" деді. (36) Сонда елі оны жасынға шығарды. Сондықтан жер қатты сілкініп, жұрттарында типыл болды. (37) Сондай-ақ Ғад, Сәмүд (елі де жоқ болған). Расында сендерге олардың жұрттарынан-ақ байқалады. Шайтан олардың қылықтарын әдемі көрсетіп, оларды жолдан тосты; олар көріп, біліп тұрса да. (38)




жасап алған өрмекшінің мысалы сияқты: Шын мәнінде үйлердің ең осалы өрмекшінің ұясы. Егер олар білетін болса. (41) Сөз жоқ, Алла (Т.) олардың өзінен өзге кімге жалбарынғанын біледі. Ол, өте үстем, хикмет иесі. (42) Міне осы мысалдарды адамдар үшін келтіреміз. Бірақ оларды білгендер ғана түсінеді. (43) Алла көктер мен жерді хақиқат бойынша жаратты. Расында бұнда иман келтіргендер үшін бір дәлел бар. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы да намазды орында. Күдіксіз намаз; арсыздықтан, жамандықтан тыяды. Әрине Алланы еске алу, аса ірі нәрсе. Сондай-ақ Алла (Т.) не жасағандарыңды біледі. (45)

Қарун, Перғауын және Һаманды да (жоқ еттік.) Расында Мұса (Ғ.С.) оларға ашық белгілер келтірген еді де олар жер жүзінде дандайсыған еді. Сонда да олар қашып құтыла алмады. (39) Олардың күнәларының салдарынан кейбіреулерін; үстіне тас жаудырып, кейбіреулерін; ащы дауыспен, кейбірлерін; жерге жұттырып және кейбіреулерін де суға батырып, бәрін қолға алдық. Алла оларға зұлымдық етпеді. Бірақ олар өздеріне зұлымдық етті. (40) Алладан өзгені ие етіп алғандар; үя

Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырыңдар. (Сыпайы, дәлелді түрде қанағаттандырыңдар.) Оларға: "Бізге түсірілгенге де сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Тәңіріміз де сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Біз Оған бой ұсынғандармыз" деді. (46) (Мұхаммед Ғ.С.) осылайша саған Кітап түсірдік. Сондықтан өздеріне кітап бергендеріміз оған сенеді. Және осылар (араптар) дан да оған сенетіндер бар. Аяттарымызға кәпірлер ғана қарсы келеді. (47) Сен бұдан бұрын бір кітап оқымаған едің де оны қолың мен жазбаған едің. Егер ондай болса еді, әрине бұзықтар; күдіктенер еді. (48) Олай емес. Негізінде Құран, өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын аяттар. Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді. (49) Олар: "Оған Раббынан неге мұғжизалар түсірілмейді?", – десті. "Мұғжизалар; Алланың ғана



жанында. Шын мәнінде мен ашық ескертуші ғанамын" де. (50) Әрине оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз өздеріне жетіп аспай ма? (Одан артық мұғжиза бола ма?) Сөз жоқ. Құранда, иман келтірген ел үшін әрине игілік және үгіт бар. (51) Алла, мені мен сендердің арамьзда куәлікте жеткілікті. Өйткені Ол, көктердегі әрі жердегі нәрселерді біледі. Сондай бос нәрселерге сеніп, Аллаға қарсы келгендер, міне солар; зиянға ұшыраушылар. (52)




қылындар. (56) Әрбір жан несі өлімді татады. Сосын Біз жаққа қайтарылады. (57) Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, әлбетте оларды жаннаттың астынан өзендер ағатын жоғарғы орындарына орналастырамыз да олар онда мәңгі қалады. Ғамал істеушілердің сыйлығы нендей әйбет. (58) Сондай сабыр етіп, Раббыларына тәуекел етеді. (59) Қаншалаған жан-жаныуар бар; көрегін көтеріп жүрмейді. Алла (Т) оларды да сендерді де көректендіреді. Ол тым естуші, білуші. (60) Егер олардан: "Көктер мен жерді кім жаратты және күн мен айды кім іске қосты?";- деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді. Сонда олар қайда лағып барады. (61) Алла құлдарынан кімді қаласа, несібесін кеңітеді де тарылтады. Күдіксіз Алла әр нәрсені толық біледі. (62) Ал егер олардан: "Көкпен жаңбыр жаудырып, онымен жерді өлімнен кейін жандандырған кім?";- деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді. (Мұхаммед Ғ.С.): "Барлық мақтау Аллаға лайық" де. Бірақ олардың көбі түсінбейді. (63)

(Мұхаммед Ғ.С.) олар, сенен азапты тездетіп тілейді. Егер мерзім белгіленген болмаса, әлбетте оларға апат келер еді. Әрине, олар сезбеген түрде азап келеді. (53) Олар, өзіңнен апаттың жедел келуін сұрайды. Сөз жоқ! Тозақ кәпірлерді әрине орап алады. (54) Сол күні апат, оларды төбелерінің үстінен де аяқтарының астынан да қоршап алады да: "Қылықтарыңның дәмін татыңдар" дейді. (55) Әй иман келтірген құлдарым! Әрине жерім кең. Сондықтан Маған ғана ғибадат


Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек ғана. Күдіксіз ахирет жұрты анық тіршілік. Әттең! Олар білсе. (64) Қашан олар кемеге отырса, дінін Аллаға арнаған түрде жалбарынады да, оларды құтқарып қырға шығарса, сол уақытта олар; Аллаға серік қосады. (65) Өздеріне берген нәрселерімізге қарсы бола тұрсын әрі олар пайдалана тұрсын. Бірақ жедел олар біледі. (66) (Мекке халқы) маңындағы адамдар қағып әкегіліп тұрғанда, Меккені ардақты және бейбіт орын еткенімізді көрмеді ме? Сонда бос нәрсеге сеніп Алланың нығметіне нәсікшілік қыла ма? (67) Аллаға жасанды жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе? (68) Сондай жолымызда күрескендерді әлбетте тура жолдарымызға саламыз. Рас Алла жақсылық істеушілермен бірге. (69)

30-РҰМ СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Алпыс аят. (Ирандық мәжусилер, Христиан Рұмдарды жеңіліске ұшыратқанда Мекке араптары: "Біздің мәжусилер, Христиандарыңды жеңді" деп, масаттанады. Б.Ж.М.К.Р.)




Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Рұм жеңілді. (2) Ең жақын жерде олар жеңілгеннен кейін жедел жеңіске ие болады. (3) Бірнеше жылдың ішінде. Іс бұрын да кейін де Алланың еркінде. Сол күні мүміндер де қош болады. (Сол күндерде Мұсылмандар Бәдірде жеңіске ие болады...) (4) Алланың жәрдемімен. Ол, кімді қаласа, жәрдем етеді. Ол аса үстем, ерекше мейірімді. (5)




олар, бұлардан күштірек еді де олар, жерді қопарып, олар оны; бұлардың дамытуынан көрі көбірек дамытқан еді. Оларға ашық дәлелдер мен елшілер де келген еді. Сонда Алла, оларға зұлымдық еткен емес. Бірақ олар өздеріне зұлымдық етті. (9) Сосын жамандық істегендердің соңы; Алланың аяттарын жасынға шығарып, оны мазақ қылғандықтары үшін жаман болды. (10) Алла (Т.) баста жаратады да сосын қайтаратын да өзі. Және Ол жаққа қайтарыласыңдар. (11) Қиямет-қайым болған күні күнәкарлар күдер үзеді. (12) Оларға, Аллаға қосқан ортақтарынан шапағатшы болмайды да өздері ортақтарына қарсы шығады. (13) Қиямет-қайым болған күні, сол күні; (Кәпір, Мұсылман) айрылады. (36-С. 59-А.) (14) Ал енді иман келтіріп, ізгі іс істегендер; бір бақшада сыйланады. (15)

Бұл Алланың уәдесі. Алла уәдесінен айнымайды. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (6) Олар дүние тіршілігінен көрініп тұрғанын біледі де өздері ахиреттен кәперсіз. (7) Алла (Т.) Көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды шындықпен белгілі бір мерзім үшін жаратты. Өздері жайында ойламай ма? Шынында адамдардың көбі Раббыларына жолығуға қарсы келеді. (8) Олар жер жүзінде кезіп, өздеріне бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме? Негізінен



Ал енді сондай қарсы келіп, ахиретте Маған жолығуды жасынға шығарғандар, міне солар; тозаққа әзір түрде қойылады. (16) Ендеше түнеген мезгілде әрі таң атырған уақытта Алланы пәктендер. (Түнгі, таңғы намаз.) (17) Көктер мен жерде, кешке және түскі уақытқа кіргенде, барлық мақтау Аллаға лайық. (Түскі, кешкі намаздар.) (18) Ол, өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарады да жерді өлгеннен кейін жандандырады. Сол сияқты сендер де (қабырдан) шығарыласыңдар. (19) Оның белгілерінен бірі; сендерді топырақтан жаратуы. Сосын сендер адам болып, таркаласыңдар. (Өсіп, өнесіңдер.) (20) Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар. (21) Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің түстеріңнің,


қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар. (22) Күндіз-түнде ұйықтауларың, сондай-ақ Алланың кеңшілігін іздеулерін де, Оның белгілерінен. Күдіксіз бұларда тыңдаған қауым үшін белгілер бар. (23) Сендерге үрейлену, дәмету түрінде нажағайды көрсетуі, көкпен жаңбыр жаудырып онымен өлгеннен кейін жерді жандандыруы да Оның белгілерінен. Рас бұлар да ақыл жұмсаған халыққа үлгілер бар. (24)



тең ортақ болып, олардан өздеріңнен жасқанғандай жасқанасыңдар ма? Осылайша аяттарымызды ақыл жұмсаған елге егжей-тегжейлі баян етеміз. (28) Әрине залымдар, білмесе де көңілдері тартқан жаққа кеткен. Алла адастырған кісіге кім тура жол көрсетеді. Сондай-ақ оларға ешбір жәрдемші жоқ. (29) (Мұхаммед F.C.) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (15-С. 56-А.) (30) Аллаға бой ұсынған түрде Одан қорқа отырып, намазды орындаңдар. Әрі ортақ қосушылардан болмаңдар. (31) Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларына мәз болғандар. (32)

Көк пен жердің Оның әмірінде тұруы да Оның белгілерінен. Сосын сендерді жерден бір шақырумен шақырған сәтте, дереу сендер шыға келесіңдер. (25) Көктер мен жердегі әркім Онікі. Тұтас Оған бой ұсынады. (26) Сол, сондай жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте үстем, хикмет иесі. (27) Ол, сендерге өздеріңнен мысал келтіреді: Сендерге Біз берген несібе де қол астарыңдағы құлдар да сендер мен

Қашан адам баласына бір бейнет жетсе, олар Раббыларына ықыласпен жалбарынады. Сосын Алла, қашан оған өз тарапынан бір мәрхамет таттырса, сонда олардың кейбіреулері, Раббыларына ортақ қосады. (33) Бұны, оларға берген несібемізге нәсікшілік ету үшін істейді. Я енді пайдалана тұрындар, таяуда түсінерсіңдер. (34) Немесе оларға, Аллаға ортақ қатуларын айтатын бір дәлел түсірдік пе? (35) Қашан адам баласына бір жақсылық татырсақ; сонда ол, оған мәз болады да егер өздерінің қолекі істегендерінің салдарынан бір жамандық келсе, сонда олар күдер үзеді. (36) Расында Алла қалаған құлына несібесін кеңітіп, тарайтқанын көрмей ме? Күдіксіз бұнда сенген қауымға белгілер бар. (37) Ендеше жақындарға, міскіндерге жолда қалғандарға хақысын бер. Алланың ризалығын көксегендер үшін осы жақсы. Міне солар құтылушылар. (38) Сендердің адамдардың малына берген өсімдерің Алланың қасында өспейді де Алланың ризалығын тілеп



берген зекеттерің өседі. Ал сонда, міне солар; артықша сауапқа бөленушілер. (39) Ол Алла, сендерді жаратып, сосын ризық береді, одан кейін өлтіреді, соңыра тірілтеді. Ал сендердің Аллаға қосқан ортақтарыңнан, осылардан бір нәрсе істейтін кім? Алла олардың қосқан ортақтарынан пәк әрі жоғары. (40) Адамдардың қолекі істегендерінің кейбірінің сазайын татыру үшін құрылықта әрі теңізде бұзықтық шықты. Мүмкін олар, бағыттарынан қайтар. (41)

سُورَةُ الزُّمَرِ

الْمُلَّاكِ وَالْعَزِيِّرِ


قُلْ سِيرُوا فِي الْأَرْضِ فَانظُرُوا كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الَّذِينَ مِن قَبْلُ
 كَانَ أَكْثَرُهُمْ مُشْرِكِينَ ﴿٤٥﴾ فَأَوَّحَيْتُ لِّلَّذِينَ الْفَيْمِ
 قَبْلَ أَن يَأْتِيَهُم لَّامْرَدٌ لَهُم مِّنَ اللَّهِ يَوْمَئِذٍ بِصَدْعُونَ ﴿٤٦﴾ مَن
 كَفَرَ فَعَلَيْهِ كُفْرُهُ، وَمَن عَمِلَ صَالِحًا فَلَا نَفْسَ لَهُم بِيَهُدُونَ ﴿٤٧﴾
 لِيَجْزِيَ الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِن فَضْلِهِ ۗ إِنَّهُ لَا يُحِبُّ
 الْكَافِرِينَ ﴿٤٨﴾ وَمِن ءَايَاتِهِ أَن يُرْسِلَ الرِّيحَ مَبْشُرَاتٍ وَلِيَذُقَكُم
 مِّن رَّحْمَتِهِ، وَلِيَجْزِيَ الْفُلُكَ بِأَمْرِهِ، وَلِيَتَنَبَّأَ مِن فَضْلِهِ، وَلَعَلَّكُمْ
 تَشْكُرُونَ ﴿٤٩﴾ وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا مِن قَبْلِكَ رُسُلًا إِلَى قَوْمِهِمْ فَجَاءَهُمْ
 بِالْبَيِّنَاتِ فَأَنكَرْنَا مِنَ الَّذِينَ أَجْرَمُوا وَكَانَ حَقًّا عَلَيْنَا نَصْرُ
 الْمُؤْمِنِينَ ﴿٥٠﴾ اللَّهُ الَّذِي يُرْسِلُ الرِّيحَ فَتُبْشِرُ سَحَابًا فَيَبْسُطُهُ
 فِي السَّمَاءِ كَيْفَ يَشَاءُ وَيَجْعَلُهُ رِجْسًا فَيَكْفُرُ بِهِ الَّذِينَ لَمَّا
 خَلَقْتَهُمْ ۗ فَإِذَا أَصَابَهُ مِنَ السَّمَاءِ مِن مَّاءٍ إِذَا هُمْ بِسَحَابٍ مِّن
 قَدْحٍ ﴿٥١﴾ وَإِن كَانُوا مِن قَبْلِ أَن يُزَلَّ عَلَيْهِمْ مِّن قَبْلِهِ لَمُبْلِسِينَ
 ﴿٥٢﴾ فَأَنظُرْ إِلَى ءَاتِنَا رَحْمَتِ اللَّهِ كَيْفَ يُحْيِي الْأَرْضَ بَعْدَ
 مَوْتِهَا ۗ إِنَّ ذَٰلِكَ لَمُحْيِي الْمَوْتِ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿٥٣﴾

٤٠٩


Ол, қарсы келгендерді жақсы көрмейді. (45) Сендерге игілік татыру үшін қуантушы самалдар жіберуі, кеңшілігінен несібе іздеулерің үшін өз әмірімен кемеңі жүргізуі Оның белгілерінен. Әрине шүкір етерсіңдер. (46) Әрине сенен бұрын да олардың елдеріне елшілер жібердік; оларға дәлелдер келтірді. Сонда олардың күнәкарларының сазайын тарттырдық. Сондай-ақ мүміндерге жәрдем ету бізге міндет. (47) Ол сондай Алла, желдерді жібереді де бұлттарды жүргізіп, оны қалауы бойынша аспанда жаяды. Және бұлтты бөлшектейді. Сонда оның араларынан жаңбырдың шыққанын көресің. Сонда ол, жаңбырды құлдарынан қалағанына жеткізеді. Сол уақытта олар қуанышқа ие болады. (48) Негінен олар өздеріне жаңбыр келуден бұрын әлде қашан күдер үзген болатын. (49) Алланың рахметінің әсерлеріне қара. Жер жүзі өлгеннен кейін оны қалай жандандырды. Рас Ол, өлілерді тірілтеді, Оның әр нәрсеге күші толық жетеді. (50)

(Мұхаммед F.C.): "Жер жүзінде кезіндер де бұрынғылардың соңы не болды көріңдер" де. Олардың көбі Аллаға серік қосушы еді. (42) Алладан тойтарылмайтын күн келуден бұрын жүзіңді түп-тура дінге жөнелтіп, мықты тұр. Ол күні олар айрылады. (36-С. 59-А.) (43) Кім қарсы болса, қарсылығы өзіне. Ал және кім түзу іс істесе, сонда ол өзі үшін рахат орын әзірлеген болды; (44) Өстіп Алла иман келтіріп, түзу іс істегендерге өз кеңшілігінен сыйлық береді. Рас

Әлбетте бір жел жіберсек те сонда егіннің сарғайғанын көрсе, әрине олар, одан кейін қарсы шығады. (Апатқа сабыр етпейді.) (51) (Мұхаммед F.C.) рас сен өліктерге естірте алмайсың. Сондай-ақ бет бұрып, кетіп бара жатқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың. (52) Соқырды да адасқан жағынан тура жолға сала алмайсың. Аяттарымызға иман келтіріп өздері бой ұсынған кісілерге ғана естірте аласың. (53) Ол сондай Алла; сендерді әлсіз жаратып, сосын әлсіздіктен кейін күш беріп, сосын күштен кейін нашарлатып, көртейтті. Ол, қалағанын жаратады. Сондай-ақ Ол, аса естуші, тым күшті. (54) Қиямет-қайым болатын күні, күнәкарлар, (өлгеннен қияметке дейін) бір сағаттан басқа тұрмадық деп, ант ішеді. Осылайша олар, (дүниеде де алданып,) адасқан еді. (55) Ал ғылым және иман берілгендер: "Расында Алланың жазуындағы тірілетін күнге дейін тұрдыңдар, тірілетін күн осы. Бірақ



сендер білмейтін едіңдер" дейді. (56) Енді сол күні, зұлымдық қылғандардың сылтаулары пайда бермейді. Олардан бір игілікте күтілмейді. (57) Расында бұл Құранда адам баласы үшін әр түрлі мысал бердік. Оларға бір белгі келтірсең де қарсы келгендер: "Сендер бұзушы ғанасыңдар" дейді. (58) Осылайша Алла, білмегендердің жүректерін бітейді. (59) (Мұхаммед F.C.) енді сабыр ет. Алланың уәдесі хақ. Сенбегендер сені оңай көрмесін. (60)




31-ЛУҚМАН СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Отыз төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Міне бұл, хикметті Кітаптың аяттары. (2) Тура жол; мәрхамет, жақсылық істеушілер үшін. (3) Сондай олар намазды толық орындап, зекет береді. Сондай-ақ олар ахиретке толық нанады. (4) Міне солар, Раббылары тарапынан тура жолда, сондай-ақ олар құтылушылар. (5) Адамдардың

түк білмесе де Алланың жолынан адастыру және тәлкекке алу үшін ертегіге айырбастап алғандар бар. Міне солар, үшін қорлаушы азап бар. (6) Оған аяттарымыз оқылған сәтте, оны естімегендей тіпті құлақтарында тығын бардай паңсып теріс айналады. Оны күйзелтуші азаппен қуандыр. (7) Күдіксіз иман келтіріп, тәуә іс істегендер, олар үшін нығметі түгемейтін бақшалар бар. (8) Онда олар мәңгі қалады. Алланың уәдесі хақ. Ол, өте үстем, хикмет иесі. (9) Сендер, тіреусіз көрген көкті жаратты да сендерді теңселтеді деп, жер бетіне асқар тауларды қойды. Сондай-ақ бүкіл жандықты өргізді де көктен жаңбыр жаудырып, онда әр түрлі көркем парымен өсімдіктерді өсірдік. (10) Бұл Алланың жаратқаны. Ал Алладан өзгенің не жаратқанын Маған көрсетіңдерші! Әрине залымдар ашық адасуда. (11)

Рас Лұқманға шүкірлік етуі үшін даналық бердік. Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал кім нәсукірлік етсе, сонда да Алла мүңсыз, мақтауға лайық. (Лұқман аса дана, табиғ болған кісі. Жалпы көз қарас бойынша, Лұқман пайғамбар емес, дәрігер. Б.Ж.М.Р.) (12) Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: "Әй ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық" деді. (13) Адамдарға; ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешені шүкір ет. Қайтар орның Мен жақ. (14) Егер екеуі білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған құштар адамдардың жолына түс. Сосын барар орындарың Мен жақ; сонда істеген істеріңді баян етемін. (15) (Лұқман): "Әй ұлым! Тарының салмағындай болса да бір жар тастың ішінде болса да көктерде не жерде болса да Алла




оны (қиямет күні) келтіреді. Расында Алла өте мұлайым, толық білуші." (16) "Әй ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас бұлар маңызды істерден." (17) "Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердеңдеп, жүрме. Расында Алла, бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді." (18) "Жүрісінде орташа бол да даусыңды бәсендет. Сөз жоқ, дауыстардың ең жаманы есектің дауысы." (19)



Көрдiңдер ме? Рас Алла (Т.) сендерге көктердегi, жердегi нәрселердi бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерiн толықтасырды. Сонда да ешбiр бiлiмi, тура жолы не нұрландырушы кiтабы болмаған кейбiр адамдар, Алла жайында таласады. (20) Қашан оларға: "Алланың түсiрген нәрсесiне iлесiңдер" делiнсе, олар: "Жоқ, аталарымызды тапқан нәрсеге iлесемiз" дейдi. Егер шайтан оларды жалындаған азапқа шақырса да ма? (21) Кiм өзiн Аллаға тапсырып,

игiлiк iстесе, сонда ол; расында берiк тұтқаны ұстаған болады. Бүкiл iстердiң соңы Аллаға тән. (22) (Мұхаммед F.C.) кiм қарсы келсе, сонда оның қарсылығы сенi кейiтпесiн. Олардың қайтар жерi Бiз. Сонда оларға не iстегендерiн баян етеміз. Расында Алла, көкiректегiлердi толық бiледi. (23) Оларды аз пайдаландырып, сосын ауыр азапқа зорлаймыз. (24) (Мұхаммед F.C.) Егер олардан: "Көктер мен жердi жаратқан кiм?",- деп, сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейдi. "Барлық мақтау Аллаға тән" де. Әрине олардың көбi түсiнбейдi. (25) Көктер мен жерде болған нәрселер Алланикi. Рас Алла бай, мақтауға лайық. (26) Рас егер жер жүзiндегi ағаш атаулы; калам, тәңiз (сия болып), одан кейiн оған тағы жетi теңiз көмектесiп, (жазса да) Алланың сөздерi таусылмайды. Күдiксiз Алла, өте үстем, хикмет иесi. (27) Сендердiң жаратылуларың да тiрiлтулерiң де бiр-ақ кiсiдей ғана. Расында Алла, аса естушi, тым көрушi. (28)

Көрмедің бе? Расында Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Сондай-ақ күн мен айды бағындырды. Барлығы белгілі бір мерзімге дейін жүреді. Рас Алла, олардың істегендерін толық білуші. (29) Міне шәксіз Алла Ол, хақ. Сөз жоқ, олардың Алладан өзге жалбарынғандары босқа. Күдіксіз Алла, Ол өте жоғары, аса ұлы. (30) Көрмедің бе? Рас кеме теңізде Алланың ілтипатымен сендерге Оның деректерін көрсету үшін жүреді. Рас осыларда тым сабырлы, өте шүкір етушілердің барлығына белгілер бар. (31) Қашан оларды таулардай толқын орап алса, дінге деген нағыз ықыласпен Алладан тілейді. Ал қашан Алла, оларды құтқарып, қырға шығарса, олардың кейбіреуі орташа болады. Негізінде аяттарымызға біртұтас опасыз қасарысқандар ғана қарсы келеді. (32) Әй адам баласы! Раббыларыңнан қорқындар және ешбір әке; баласы тарапынан бодау төлемейтін сондай-ақ ешбір бала



да; әкесі тарапынан түк бермейтін күннен де қорқындар. Күдіксіз Алланың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ өте алдаушы ол, (шайтан да) Алла турасында алдамасын (33) Әрине қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді. Күдіксіз Алла (Т.) толық білуші, хабар алушы. (34)



арасындағыларды алты күнде жаратып, сосын ғаршыны меңгерді. Сондықтан сендердің Одан өзге ешбір иелерің де шапағатшыларың да жоқ, ойламайсындар ма? (4) Ол, көктен жерге дейін істі игереді. Сосын сендердің санауларың бойынша, мың жыл шамасындағы бір күнде Оған көтеріледі. (5) Ол көместі де көрнеуді де білуші. Өте үстем, тым мейірімді. (6) Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестірді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды. (7) Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты. (8) Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рұхын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіңдер. (9) Олар: "Қашан топыраққа араласып, жоғалсақ, шын-ақ жаңа жаратыламыз ба?",- дейді. Әрине олар, Раббыларына қауышуға қарсы келгендер. (10) (Мұхаммед F.C.): "Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарыңды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасындар" де. (11)


32-СӘЖДЕ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла біледі. (1) Бұл Кітап, әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген. Мұнда шәк жоқ. (2) Олар: "Оны өзі жасады" дей ме? Олай емес, сенен бұрын ескертуші жіберілмеген елге ескертуің үшін ол, Раббыңнан бір шындық. Әрине олар, тура жол табар. (3) Ол сондай Алла, көктер мен жерді әрі екі

Күнәкарлардың, Раббыларының жанында бастарын иіп: "Раббымыз! Көрдік, естідік, енді бізді (дүниеге) қайтар, түзу іс қылайық. Рас нандық" дегендерін бір көрсең! (12) Егер қаласақ еді, әркімді тура жолға салар едік. Бірақ Менен: "Тозақты бүтіндей жындар, адамдармен толтырамын" деген сөз болған. (Бұлар, шайтандармен оларға ерген адамдар. 38-С. 84-85-А.) (13) "Бүгінге кездесуді ұмытудың демін татыңдар. Рас біз де сендерді ұмыттық. Істегендеріңнің салдарынан мәңгі азапты татыңдар" (14) (Сәжде аяты бар.) Шын мәнінде аяттарымызға, өздеріне үгіт берілген кезде, сәждеге жығылып; Раббыларын мақтап, пәктейді. Сондай-ақ тәкаппарланбай иман келтіреді. (15) Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, (түнде ұйқыдан тұрып,) Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (16) Ешкім



қылмысы жаққандықтан өздеріне көмес сақтаулы қуанышты сыйлықты білмейді. (17) Мүмін болған кісі, бұзық болған кісі сияқты бола ма? Әрине тең болмайды. (18) Өйткені иман келтіріп, ізгі іс істегендер; олардың істеген ғамалдарына жарай қонақ үй түрінде жаннаттар да орын бар. (19) Ал енді бұзақылардың орны тозақ. Әрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады да: "Өздерің жасынға шығарған оттың азабын татыңдар" делінеді. (20)




Әрине оларға зор азаптан бері дүниенің азабын татырамыз. Мүмкін олар райдан қайтар. (21) Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәкарлардың лайықты жазасын береміз. (22) (Мұхаммед F.C.) әрине Мұса (F.C.) ға Кітап берген едік. Енді сен де оған қауышудан күдіктенбе... Оны Израил ұрпақтарына тура жол қылдық. (23) Әрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нақ сенген кезде, араларынан бұйрығымызбен тура


жол көрсететін бастықтар қылған едік. (24) (Мұхаммед F.C.) Әрине Раббың қиямет күні, олар қайшылыққа түскен нәрселер жайында араларына шешім жасайды. (25) Бұлардан бұрын, қаншаласаған нәсілдерді жоқ еттік. Бұлардың, олардың жұрттарында жүріп жүргендігі бұларға жол көрсетпей ме? Расында мұнда гибраттар бар. Сонда да тыңдамай ма? (26) Олар көрмей ме? Рас суды, шөл жерге апарамыз да ол арқылы малдары әрі өздері жейтін өнім шығарамыз. Олар сонда да көрмей ме? (27) Олар: "Егер шыншыл болсаңдар, бұл шешім қашан болады?,- дейді. (28) "Шешім күні, кәпірлерге имандары пайда бермейді әрі оларға мұрса да берілмейді" де. (29) Енді олардан бет бұр да күт! Расында олар да тосуда. (30)

33-АХЗАП СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жетпіс үш аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 Әй нәби! Аллаға тақуалық істе де кәпірлермен мұнафықтарға бағынба. Рас Алла тым білуші, аса дана. (1) Раббыңнан өзіңе уахи етілгенге ілес. Әрине Алла не істегендеріңді толық білуші. (2) Аллаға тәуекел ет. Ол, уәкіллікте жеткілікті. (3) Алла (Т.) ешбір адамның кеудесінде екі жүрек жасаған емес. (Анамның арқасындайсың деп,) сөрт қылған жұбайларың, аналарың болмайды. (Араптар; әйелін анасының бір мүшесіне ұқсатып, сөрт қылса; анам боп қалды деп, ажырасатын болған. Ислам дінінде садақа төленеді. Бұны "Зіһар" деп, атайды.) Және асырандыларың; бел балаларың бола алмайды. Бұларың ауызша сөздерің ғана. Алла шындықты айтады да Ол тура жол көрсетеді. (4) Оларды әкелерімен шақырыңдар. Сол Алланың қасында тұрақ. Егер әкелерін білмесеңдер, сонда олар;




дінде туыстарың, достарың. Ол жөнде қателессеңдер, сендерге кінә емес. Бірақ әтейге жүректеріңмен болса, (болмайды.) Алла өте жарылқаушы, тым мейірімді. (5) Пайғамбар, мүміндерге өздерінен артық. Оның жұбайлары олардың аналары. Алланың Кітабында; туысқандар бір-біріне мүміндерден де мұғажірлерден де (мираста) жақын. Бірақ достарыңа (мүміндерге) қамқорлық жасауларыңа болады. Осылар Кітапта жазылған болатын. (6)




(іжіреттің бешінші жылы көптеген рулардан құралған он екі мың кісілік қалың қол, Мединеге шабуыл жасайды. Мұхаммед (Ғ.С.) үш мың кісімен ор қазып, қорғаныс соғысын жасайды. Бір айға жақын болған соғыста, Мұсылмандар тым күйзелгендіктен, Құдыретше қатты боран шығып, жау абыржып, қашады. Б.Ж.Р.М.К.) (9) Сол уақытта олар сендердің жоғарғы жақтарыңнан да төменгі жақтарыңнан да келген еді. Көздерің алайып, жүректерің ауызға келген еді. Сондай-ақ Аллаға байланысты әр түрлі ойлар ойланған еді. (10) Міне сол арада мүміндер сыналып, қатты теңселген еді. (11) Сол уақытта Мұнафықтармен жүректерінде дерті болғандар: "Бізге Алла да Елшісі де алдап қана уәде берген екен" деді. (12) Сол уақытта олардан бір бөлімі: "Әй Мединеліктер! Енді сендерге тұруға болмайды. Дереву қайтындар" десе, олардың тағы бір бөлімі, Пайғамбардан: "Үйлеріміз иен еді" деп, рұхсат сұрайды. Негізінде олар (үйлері) иен емес, олар қашуды ғана ойлайды. (13) Егер оларға әр тараптан кіріліп, сосын өздерінен пітіне талап етілсе, әрине кешіктірмей-ақ белсене кірісер еді. (14) Негізінде бұрыннан қайта қашпауға Аллаға уәде берген. Аллаға берген уәдесіне жауапкер. (15)

(Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ыбырайым, Мұса және Мәрийем ұлы Ғиса (Ғ.С.) лардан, солардан берік уәде алған едік. (7) Алла шыншылдардың шындығынан сұрау үшін еді. Кәпірлерге қинаушы азап әзірледі. (8) Әй мүміндер! Алланың сендерге болған нығметін еске алыңдар. Сендерге ләшкерлер келген еді. Сонда оларға боран және сендер көрмеген ләшкерлер жіберген едік. Алла не істегендеріңді толық көруші.

(Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер өлімнен немесе өлтіруден қашсаңдар, сендерге еш пайда бермейді. Қашқан уақытта да аз-ақ пайдаланасыңдар" де. (16) "Егер Алла сендерге бір жамандық қаласа немесе жақсылық қаласа, сендерді Алладан қорғайтын кім?",- де. Негізінде олар, өздеріне Алладан өзге бір дос не бір көмекші таба алмайды. (17) Әрине Алла, сендерден (соғысқа шығуға) кедергі болғандарды да туыстарына: "Бізге келіңдер" деушілерді де біледі. Олардың өте азы ғана соғысқа қатынасады. (18) Сендерге(келсе де) тым сараң. Ал қашан бір хауіп төнсе, олардың саған, өздерін өлім есірігі басып бара жатқандай көздері төңкеріліп қарағаның көресің. Сонда хауіп-қатер кетсе, қылған хайырларына іштері ашып, сендерге өткір тілдерін тигізеді.. (100-С. 8-А.) Міне осылар иман келтірмегендер. Сондықтан Алла, олардың ғамалдарын жойды. Бұл Аллаға оңай. (19) Олар руларды (жауларды) кетпеді деп, ойлады. Егер ол рулар келсе, өздері сахарадағы бәдеуилердің ішінде




болып, сендердің хабарларыңды сұрап тұруды көксейді. Егер олар іштерінде болса да өте аз соғысады. (20) Расында сендер үшін, Алланы да ахирет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін; Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар. (21) Мүміндер жау топтарын көрген сәтте: "Міне бізге Алланың да Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Алла да Елшісі де рас айтқан" десті. Сондай-ақ олардың сенімдерін, бой ұсынуларын одан ары арттыра түсті. (22)



Мүміндерден, Аллаға деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін есте ауыстырмады. (23) Алла шыншылдарды шыншылдықтарыменен сыйлар. Ал мұнафықтарды қаласа, азаптайды да немесе оларға тәубе нәсіп етеді. Күдіксіз Алла, өте жарылқаушы, тым мейірімді. (24) Алла ол көпірлерді долданған бойларынша қайтарады. Олар игілікке жете


алмады. Алла соғыста мүміндерге жетіп асады. Алла аса күшті, тым үстем. (Бұрынғы тоқтамды бұзып, бұл соғыста жауға болысқан Яғуди Құрайза тайпасының бекіністері қоршалып, кейі өлтіріліп, кейі тұтқынға алынады. Б.Ж.М.К.) (25) Алла (Т.) кітап иелерінен жауға болысқандарды бекіністерінен түсірді. Сондай-ақ олардың жүректеріне үрей салды. Бір бөлімін өлтіріп, бір бөлімін тұтқынға алып жаттыңдар. (26) Олардың жерлеріне, үйлеріне, малдарына және сендер аяқ баспаған жерге сендерді мұрагер қылды. Әр нәрсеге Алланың толық күші жетеді. (Бұл аяқ баспаған жерден мақсат; Иран, Рұм т.б. қияметке дейін алынатын мемлекеттер. Б.Ж.М.Р.Х.) (27) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа: "Дүние тіршілігін оның сәнін көкесендер, дереу келіңдер, сендерге бір нәрселер беріп, көркем түрде ажыратайын" де. (28) "Егер Алланы, Елшісін және ахирет жұртын қаласаңдар, әрине Алла сендерден жақсылық істегендерге зор сыйлық дайындайды." (29) Әй Пайғамбардың әйелдері! Сендерден біреу ашық бір ұятсыздық істесе, оның азабы екі есе артырылады. Бұл Аллаға оңай. (30)



Алла (Т.) және Елшісі, қашан бір іске үкім берсе, мүмін ер және мүмін әйел үшін олардың істерінде ерікті болуларына болмайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне қарсы келсе, сонда рас ашық адасқан болады. (Жахыш қызы Зейнеп Мұхаммед Ғ.С. ның әкесімен туысқан апайының қызы еді. Ал Харис ұлы Зейіт құлдықтан азат еткен асыранды ұлы еді. Пайғамбар Ғ.С. Зейнепті Зейітпен үйлендіргенде, Зейнеп те жақындары да қаламаған еді.

Аралары жараса алмай Зейіт Пайғамбар Ғ.С. ға келіп, айрылатындығын айтады. К.Х.А.Ж.Қ.Т-Қ.) (36) (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта өзіне Алла да бақ берген, сен де бақ берген Зейітке: "Жұбайыңды ажыратпа, Алладан қорық!",- деуде едін; Алланың жариялайтын нәрсесін көңліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Алла лайық. Сонда одан Зейіттің жұмысы біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік; мүміндерге, асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін. Алланың әмірі орындалады. (37) Пайғамбарға Алланың оған парыз еткен нәрсесінде оған айып жоқ. Бұрынғы өткендерге де Алланың жолы осы еді. Алланың әмірі тұжырымды бір үкім. (38) Сондай пайғамбарлар, Алланың нұсқауларын жалғастырып, Одан қорқады да Алладан басқа ешбіреуден қорықпайды. Алла есеп көруде жетіп асады. (39) Мұхаммед (Ғ.С.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Алла әр нәрсені толық білуші. (40) Әй мүміндер! Алланы өте көп зікір етіңдер. (41) Оны ертелі-кеш пәктендер. (42) Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығу үшін өзі рахмет қылып, періштелері дұға қылады. Сондай-ақ мүміндерге ерекше мейірімді. (43)

Олар Аллаға жолыққан күні амандары, "сәлем" болады. Және оларға қымбатты сыйлық әзірледі. (44) Әй Пайғамбар! Сөз жоқ, сені бір куә әрі қуантушы, ескертуші етіп, жібердік. (45) Алла жаққа, Оның нұсқауымен шақырушы бір нұрлы шырақ түрінде жібердік. (46) (Мұхаммед F.C.) мүміндерді рас оларға Алладан, ірі игілік барлығын шүйіншіле. (47) Кәпірлер мен мұнафықтарға бой ұсынба. Олардың жәбір-жапаларын елеме. Аллаға тәуекел ет. Алла кепілдікте жетеді. (48) Әй мүміндер! Егер мүмін әйелдерді; некеленіп, оларға қосылмай тұрып ажыратсаңдар, сонда оларға сендердің санайтын бір мерзімдерің болмайды. (Ғиддат күтпей-ақ үйлене беруіне болады.) Онда олардың мәер хақтарын беріп, көркем түрде ажыратыңдар. (Егер мәер белгіленген болса, жартысы, болмаса азды-көпті бір нәрсе беріледі. 2-С. 236-237-А.) (49) Әй Пайғамбар! Расында саған мәерлерін берген жұбайларыңды, Алла саған нәсіп етіп, иелігінде болған күндерді, сенімен бірге көшіп келген әкеңмен туысқан



ерлердің, әкеңмен туысқан әйелдердің, шешеңмен туысқан ерлердің әрі шешеңмен туысқан әйелдердің қыздарын халал қылдық. Сондай-ақ егер мүмін бір әйел өзін Пайғамбарға бағыштаса; Пайғамбар оны некеленгісі келсе, бұны; өзге мүміндерден ерекше саған халал еттік. Мұсылмандарға жұбайлары, қол астарындағы күндері хаққында нені парыз еткенімізді білдік; Саған тарлық болмауы үшін. Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (50)

سُورَةُ الْاِحْتِشَابِ الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِي

الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ


تُرْجَى مِنْ نَشَأِهِ مِنْهُنَّ وَتَقْوَى إِلَيْكَ مِنْ نَشَأِهِ وَمَنْ أَنْبَغَيْتَ
مِمَّنْ عَزَلْتَ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكَ ذَلِكَ أَدْنَى أَنْ تَقْرَأَ عَنِ هُنَّ
وَلَا يَحْزَنَ وَبَرَضِينَ بِمَاءِ آيَاتِهِنَّ كُفُّهُنَّ وَاللَّهُ يَعْلَمُ
مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَلِيمًا حَلِيمًا ﴿٥١﴾ لَا يَجِدُ لَكَ
الْإِنْسَاءَ مِنْ بَعْدِ وَلَا أَنْ تَبَدَّلَ مِنْ مِنْ أَرْوَجٍ وَلَوْ أَعْجَبَكَ
حُسْنُهُنَّ إِلَّا مَا مَلَكَتْ يَمِينُكَ وَكَانَ اللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ وَرَفِيقًا
﴿٥٢﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَدْخُلُوا بُيُوتَ النَّبِيِّ إِلَّا أَنْ
يُؤْذَنَ لَكُمْ إِلَى طَعَامٍ غَيْرٍ نَبِطٍ مِنْهُ وَلَكِنْ إِذَا دُعِيتُمْ
فَادْخُلُوا فَإِذَا طَعِمْتُمْ فَانْتَشِرُوا وَلَا مُسْتَسِينِينَ فَجَدِيبٌ وَإِنْ
ذَلِكُمْ كَانَ يُؤْذَى النَّبِيَّ فَيَسْتَجِئْ مِنْكُمْ وَاللَّهُ لَا
يَسْتَجِئْ مِنْ الْحَقِّ وَإِذَا سَأَلْتُمُوهُنَّ مَتَاعًا فَاسْأَلُوهُنَّ مِنْ
وَرَاءِ حِجَابٍ ذَلِكُمْ أَطْهَرُ لِقُلُوبِكُمْ وَقُلُوبِهِنَّ وَمَا كَانَ
لَكُمْ أَنْ تُؤْذُوا رَسُولَ اللَّهِ وَلَا أَنْ تُنْكِرُوا آيَاتِهِ
مِنْ بَعْدِهِ أُولَئِكَ إِنْ ذَلِكُمْ كَانَ عِنْدَ اللَّهِ عَظِيمًا ﴿٥٣﴾ إِنْ
تُبَدَّوْا شَيْئًا أَوْ تَخَفَوْهُ فَإِنَّ اللَّهَ كَانَتْ يَكُلُّ شَيْءًا عَالِمًا ﴿٥٤﴾

٤٢٥

басқа әйел алуыңа) болмайды. Бірақ қол астындағы күндер бір сәрі. Алла барлық нәрсені бақылаушы. (52) Әй мүміндер! Пайғамбардың үйлеріне сендерге рұхсат берілмейінше кірмеңдер де тамақтың пысуын күтпеңдер. Бірақ қашан шақырылсаңдар; кіріңдер де тамақ жеген кезде, дереу тарқандар, сөзге айналмаңдар. Расында бұлардың Пайғамбарды қынжылтады әрі сендерден ұялады. Бірақ Алла (Т.) шындықтан ұялмайды. егер Пайғамбар (Ғ.С.) дың жұбайларынан бір нәрсе сұрасаңдар, далданың артынан сұраңдар; бұлардың, сендердің де олардың да жүректерінің тазалығы. Сондай-ақ сендердің Алланың Елшісін қынжылтуларыңа және одан кейін жұбайларымен әсте некеленулеріңе болмайды. Сондай істеулерің Алла қасында зор күнә. (53) Бір нәрсені әшкерелесеңдер де жасырсаңдар да әрине Алла (Т.) әр нәрсені толық біледі. (54)

(Мұхаммед Ғ.С.) жұбайларыңнан кімді кейін қалдырып, қалағаныңды жаныңа аласың. Бөлек қойғандарыңнан біреуін қаласаң да саған бір кінә жоқ. Бұл олардың кезайым болып, кейімеулеріне және оларға берген нәрсенде түгел разы болуларына тағы жақын. Алла жүректеріңдегіні біледі. Алла (Т.) толық білуші, тым жұмсақ. (51) Саған бұдан кейін әйелдер халал емес, сұлулықтары қызықтырса да. Жұбайларыңнан ауыстыруыңа; (бұлардан бірін ажыратып, орнына

(Пайғамбар F.C. ның) жұбайларына; әкелері, ұлдары, туыстары, олардың ұлдары, қыз туыстарының ұлдары, Мұсылман әйелдер және қол астарындағы күндері жайында бір айып жоқ. (Бұларға көрінулеріне болады.) (Әй әйелдер!) Алладан қорқыңдар! Алла (Т.) әр нәрсені көреді. (55) Расында Алла, Пайғамбарға рахмет етеді. Және періштелер салауат айтады. Әй мүміндер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер. (56) Расында Аллаға, Елшісіне ренш бергендер, соларға диние, ахиретте Алла қарғыс беріп, оларға қорлаушы азап дайындады. (57) Сондай мүмін ер, мүмін әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды. (58) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: "Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл,



олардың танылуларына, сондай-ақ кейітілмеулеріне жақынырақ. Алла (Т.) аса жарылқаушы, тым мейірімді. (59) Егер мұнафықтар, жүректерінде дерті болғандар және қалада уайымды өсек тарқатқандар тыйылмаса, әрине сені оларға үстем етеміз. Сосын олар қалада саған аз заман көрші бола алады. (60) Олар қарғысқа ұшырап, қайдан табылса да ұсталып, өлтіріледі. (61) Алланың бұрынғы өткендерге жолы осы. Алланың жолынан әсте ауыс-күйіс таба алмайсың. (62)

سُورَةُ الْأَنْعَامِ

الْأَنْعَامِ

يَسْأَلُكَ النَّاسُ عَنِ السَّاعَةِ قُلْ إِنَّمَا عِلْمُهَا عِنْدَ اللَّهِ وَمَا يُدْرِيكَ
 لَعَلَّ السَّاعَةَ تَكُونُ قَرِيبًا ﴿٦٣﴾ إِنَّ اللَّهَ لَعَنَ الْكٰفِرِينَ وَأَعَدَّ
 لَهُمْ سَعِيرًا ﴿٦٤﴾ خٰلِدِينَ فِيهَا أَلَا يَجِدُونَ وَلِيًّا وَلَا نَصِيرًا
 ﴿٦٥﴾ يَوْمَ تَقَلَّبُ وُجُوهُهُمْ فِي النَّارِ يَقُولُونَ يَا لَيْتَنَا أَطَعْنَا اللَّهَ
 وَأَطَعْنَا الرَّسُولَ ﴿٦٦﴾ وَقَالُوا رَبَّنَا إِنَّا أَطَعْنَا سَادَتَنَا وَكِبَرَاءَنَا
 فَأَضَلُّونَا السَّبِيلًا ﴿٦٧﴾ رَبَّنَا آتِنَا مِن مِّنَ الْعَذَابِ
 وَالْعَنَتُمْ لَعْنًا كَبِيرًا ﴿٦٨﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ
 ءَادَوْا مُوسَىٰ فَبَرَأَهُ اللَّهُ مِمَّا قَالُوا وَكَانَ عِنْدَ اللَّهِ وَجِيهًا ﴿٦٩﴾
 يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَفُولُوا قَوْلًا سَدِيدًا ﴿٧٠﴾ يُضْلِحْ
 لَكُمْ أَعْمَالَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ
 فَقَدْ فَازَ فَوْزًا عَظِيمًا ﴿٧١﴾ إِنَّا عَرَضْنَا الْأَمَانَةَ عَلَى السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضِ وَالْجِبَالِ فَأَبَيْنَ أَن يَحْمِلْنَهَا وَأَشْفَقْنَ مِنْهَا وَحَمَلَهَا
 الْإِنْسَانُ إِنَّهُ كَانَ ظَلُومًا جَهُولًا ﴿٧٢﴾ لِيُعَذِّبَ اللَّهُ الْمُنَافِقِينَ
 وَالْمُنَافِقَاتِ وَالْمُشْرِكِينَ وَالْمُشْرِكَاتِ وَيَتُوبَ اللَّهُ
 عَلَى الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ وَكَانَ اللَّهُ غَفُورًا رَّحِيمًا ﴿٧٣﴾


٤٢٧

(Мұхаммед F.C.) адамдар сенен қиямет мерзімінен сұрайды. Оларға: "Оның білімі Алланың қасында; қайдан білесің, мүмкін мерзімі жақын шығар" де. (63) Расында Алла кәпірлерге лағынет етті. Және оларға жалындаған тозақты әзірледі. (64) Олар онда мәңгі қалады. Не дос не көмекші таба алмайды. (65) Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: "Әттең! Бізге не болды? Аллаға бой ұсынып, Елшісіне көнген болсақ еді" дейді. (66) "Раббымыз! Басшыларымызға,

үлкендерімізге бой ұсындық та бізді солар адастырды" дейді. (67) "Раббымыз! Оларға азаптан екі есе бер. Және оларды рахметіңнен мүлде аулақ қыл." (68) Әй мүміндер! Сендер де Мұса (F.C.) ны ренжіткендер сияқты болмаңдар. Бірақ оны Алла, олардың айтқандарынан ақтады. Ол, Алланың қасында беделді еді. (69) Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер. (70) Алла істеріңді оңалтып, күнеларыңды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол; ұлы табысқа ие болады. (71) Рас аманатты, (дінді. Ж-Қ.Ж.М.К.Р.Х.) көктер мен жерге және тауларға ұсындық; сонда олар оны жүктелуден бас тартып, одан қорықты. Оны адам баласы жүктелді. Өйткені ол, өте залым, тым білімсіз... (72) Нәтижеде Алла мұнафық ерлер мен әйелдерді және мүшрік ерлермен әйелдерді азапқа салады да мүмін ерлер мен әйелдердің тәубесін қабыл етеді. Алла (T.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (73)

34-СӘБӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктер мен жерде болған нәрселер; өзіне тән болған Аллаға, барлық мақтау лайық. Әрі ахиреттегі мақтау да Оған лайық. Ол, хикмет иесі, толық хабар алушы. (1) Ол, жерге кіргенді, одан шықанды әрі көкге шыққанды, одан түскенді біледі. Ол, тым мейірімді, аса жарылқаушы. (2) Қарсы болғандар: "Бізге қиямет келмейді" деді. (Мұхаммед F.C.): "Олай емес, көместі білетін Раббыма ант етемін! Әлбетте сендерге ол мезгіл келеді. Көктердегі, жердегі тозаңның түйірінің салмағындай нәрсе Одан тасаланбайды. Сондай-ақ одан үлкені де кішкенесі де белгілі бір Кітапта жазулы" де (3) (Ол күні) иман келтіріп, ізгі іс істегендерге сыйлық берілуі үшін. Міне солар үшін; жарылқау, көркем несібе бар.



(4) Ал аяттарымыз жайында оны күшінен қалдыруға тырысқандар, міне соларға жаман бейнетті азап бар. (5) Өздеріне білім берілгендердің, саған Раббыңнан түсірілгеннің хақ екендігіне және мақтаулы, үстем Алланың жолына салатындығына көздері жетеді. (6) Сондай қарсы болғандар, (өзара): "Қашан сендер бөлшектеліп, тозаңға айналғаннан кейін, шын жаңадан жаратылатындарыңнан сендерге хабар беретін адамды көрсетейік бе?",- деседі. (7)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ

أَفَرَأَى عَلَى اللَّهِ كَذِبًا أَمْ بِهِ جِنَّةٌ بَلَى الَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِالْآخِرَةِ
 فِي الْعَذَابِ وَالضَّلَالِ الْبَعِيدِ ﴿٨﴾ أَفَلَمْ يَرَوْا إِلَى مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ
 وَمَا خَلْفَهُمْ مِنْ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ إِنَّ نَشَأَ خَسِيفٌ بِهِمْ
 الْأَرْضِ أَوْ تُسْقِطَ عَلَيْهِمْ كِسْفًا مِنَ السَّمَاءِ إِنْ فِي ذَلِكَ
 لَآيَةٌ لِكُلِّ عَبْدٍ مُنِيبٍ ﴿٩﴾ وَلَقَدْ آتَيْنَا دَاوُدَ مِنَّا مَقْضِيًا
 يُنَبِّئُ أَهْلَ الْبَلَدِ وَالطَّيْرِ وَالنَّاسِ وَالْحَيَّةِ ﴿١٠﴾ أَنْ أَعْمَلْ
 سَبِيغَتٍ وَقَدِّرْ فِي السَّرْدِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا إِنِّي بِمَا تَعْمَلُونَ
 بَصِيرٌ ﴿١١﴾ وَسُلَيْمَانَ الرِّيحَ عُدُوهُمَا شَهْرًا وَوَحَا شَهْرًا
 وَأَسْلَمْنَا لَهُ الْفِطْرَ وَمِنَ الْجِنِّ مَن يَعْمَلُ بَيْنَ يَدَيْهِ بِإِذْنِ
 رَبِّهِ وَمَن يَزِغْ مِنْهُم مِّنْ أَمْرٍ نَّأْتِيهِ مِنَ الْبَعِيرِ ﴿١٢﴾
 يَعْمَلُونَ لَهُ مَا يَشَاءُ مِنْ مَّحْدِيبٍ وَيَنْشِيلُ جِجَارًا كَالْحِوَابِ
 وَقُدُورًا رَّاسِيًا أَعْمَلُوا أَلْ دَاوُدَ شُكْرًا وَقَلِيلٌ مِّنْ عِبَادِيَ
 الشَّكُورِ ﴿١٣﴾ فَلَمَّا قَضَيْنَا عَلَيْهِ الْمَوْتَ مَا دَلَّهُمْ عَلَى مَوْتِهِ
 إِلَّا دَابَّةُ الْأَرْضِ تَأْكُلُ مِن سِنَانِهِ فَلَمَّا خرَّتْ تَبَيَّنَ الْجِنُّ
 أَنْ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ الْغَيْبَ مَا لَبِثُوا فِي الْعَذَابِ الْمُهِينِ ﴿١٤﴾


عَنْ
الْحَرَبِ
١٣

٤٢٩

жұмсағтық; (21-С. 79-А.) (Дәуіт Ғ.С. ның мұғжизалары; ол тәсбих айтқанда, таулар, құштар ән қосып, қолында; қара темір жұмсап, одан аспаптар жасайды. Б.Ж.К.М.Р.) (10) "Кең сауыттар жаса, оны тоқығанда мөлшерле. Оң істендер. Әрине не істегендеріңді толық көрушімін." (11) Сүлеймен (Ғ.С.) ге де ерте кетуі бір айлық, кешке қайтуы бір айлық (жол алатын) желдерді бағындырдық. Ол үшін еріген мыстан бұлақ ағыздық. Я, Раббының бұйрығымен оның алдында жұмыс істейтін жындарды да бағындырдық. Олардан кім әмірімізден тайса, оған жалындаған азаптан таттырамыз. (12) Олар, Сүлеймен (Ғ.С.) нін қалауынша, құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді. "Ей Дәуіт (Ғ.С.) тің үй-іші! Шүкірлік етіндер!" Құлдарымнан шүкір етуші аз. (13) Біз оның (Сүлеймен Ғ.С. нің) өліміне үкім берген заманда, жындарға оның өлімін; оның таяғын жеген бір жердің құрты ғана көрсетті. Сонда ол жығылған сәтте, жындарға аян болды. Егер жындар, көместі білген болса еді, олар, ауыр машақатта қалмас еді. (Сүлеймен Ғ.С. Месжид Ақсаны жындарға салғызып жатқанда; өлсе де таяғына сүйеніп тұрғандықтан жындар, білмей істей беріп; таяғын құрт жеп жығылғанда бір-ақ біледі. Б.Ж.М.К.) (14)

"Ол, Аллаға байланысты өтірік жала қоя ма? Немесе оның жындылығы бар ма?" Жоқ олай емес. Ахиретке сенбегендер, азапта және ұзақ адасуда. (8) Олар, көктен және жерден алды-артындағы нәрселерді көрмей ме? Егер қаласақ, оларды жерге жұтқызамыз не үстеріне көктен кесектер түсіреміз. Рас мұнда Аллаға берілген әр құл үшін ғибрат бар. (9) Расында Дәуіт (Ғ.С.) ке өз жанымыздан ізгілік бердік: "Әй таулар, құстар! Онымен бірге үн қосыңдар" (дедік.) Және оған темірді

Расында Сәбә елдерінің қоныстарында бір ғибрат бар. Оңнан, солдан екі бақша (бар еді. Оларға): "Раббыларыңның несібесін жеңдер де Оған шүкір етіндер. Бір көркем қала, Раббыларың да аса жарылқаушы" (делінді.) (27-С. 22-А.) (15) Олар бас тартты. Сондықтан оларға күшті сел жібердік те ол бакшаларын ащы мәуелі, жыңғылды бір азғантай жеміс ағашы бар; екі бақшаға айналдыдық. (16) Өстіп оларды нәсукірліктері себепті жазаландырдық. Қарсы келгендерді ғана жазаландырамыз. (17) Оларменен сондай біз берекет берген кенттер арасында көрініп тұрған ауылдар бар. Онда кезілегін жер белгіледік: Ол жерде күндіз-түні аман-есен кезіңдер." (Бұлар, Шам мен Йеменнің арасындағы ауылдар. Бірақ олар бұған қанағат қылмады.) (Б.Ж.М.) (18) Сонда олар: "Раббымыз! Сапарларымыздың араларын ұзақтастыр!", - деп, өздеріне кесірлері тиді. Сонда оларды аңызға айналдырып, быт-шыт қылып, мүлде тозғындыққа ұшыраттық. Сөз жоқ, бұнда әр сабыр етуші, шүкір етушілерге үлгі бар. (19) Расында оларға деген Ібілістің ойы шынға



шығып, бір-ақ топ мүміндерден баскасы саған ілесті. (20) Негізінде Ібілістің оларға ешбір ықпалы жоқ еді. Бірақ ақиретке сенген кісімен, одан күдікте болғанды ажырату үшін ғана. Раббың әр нәрсені қорғаушы. (21) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Алладан өзге, көктерде де жерде де тозаңның салмағындай түкке ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ. Сондай-ақ Аллаға олардың ешбіреуі көмекші де емес. Тәңір деп ойлағандарыңды шақырыңдар" де. (22)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

العرب
١١


وَلَا تَنْفَعُ الشَّفَعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أذِنَ لَهُ. حَتَّىٰ إِذَا فُزِعَ عَن
 قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقُّ وَهُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ
 ﴿٢٣﴾ قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ قُلْ اللَّهُ
 وَإِنِّي آوِيَاكُمْ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ ﴿٢٤﴾ قُلْ
 لَا تَسْتَوُونَ عَمَّا أَحْرَمْنَا وَلَا تَسْتَلُّ عَمَّا تَعْمَلُونَ ﴿٢٥﴾ قُلْ
 يَجْمَعُ بَيْنَنَا رَبُّنَا ثُمَّ يَفْتَحُ بَيْنَنَا بِالْحَقِّ وَهُوَ الْفَتَّاحُ الْعَلِيمُ
 ﴿٢٦﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمُ الَّذِينَ أَحْقَمْتُمْ بِهِ شُرَكَاءَ كَلَّالٍ هُمْ وَاللَّهُ
 الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿٢٧﴾ وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلنَّاسِ
 بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٢٨﴾
 وَيَقُولُونَ مَتَىٰ هَذَا الْوَعْدِ إِن كُنتُمْ صَادِقِينَ ﴿٢٩﴾
 قُلْ لَكُمْ مِيعَادٌ يَوْمَ لَا تَسْتَعْرِفُونَ عَنْهُ سَاعَةً وَلَا تَسْتَعِدُّونَ
 ﴿٣٠﴾ وَقَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَنْ نُؤْمِنَ بِهَذَا الْقُرْآنِ وَلَا
 بِالَّذِي بَيْنَ يَدَيْهِ وَلَوْ تَرَىٰ إِذِ الظَّالِمُونَ مَوْقُوفُونَ عِنْدَ
 رَبِّهِمْ يَرْجِعُ بَعْضُهُمْ إِلَىٰ بَعْضٍ الْقَوْلَ يَقُولُ الَّذِينَ
 اسْتَضَعُوا لِلَّذِينَ اسْتَكْبَرُوا إِنَّا لَنَأْتِيَنَّكُمْ لَكُمُومِينًا ﴿٣١﴾

٤٣١

Алланың қасында, рұхсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, өзара: "Раббың не айтты?",- десе: "Хақты айтты" деседі. Ол Алла, аса жоғары, тым үлкен. (23) (Мұхаммед Ғ.С.) олардан: "Сендерге көктерден және жерден кім несібе береді?",- деп сұра да: "Алла" де. Негізінде біз немесе сендер әлбетте тура жолда не ашық адасудамыз. (24) Оларға: "Біздің кесірімізден сендер сұралмайсыңдар да сендердің

істегендеріңнен біз сұралмаймыз" де. (25) Оларға: "Раббымыз арамызды қосып, сосын арамызға шындықпен үкім етеді. Ол, қара қылды қақ жарған, аса білгіш" де. (26) "Оған ортақтар етіп, қосқандарыңды маған көрсетіңдерші. Әсте мүмкін емес. Әрине Ол Алла, өте үстем, аса дана" де. (27) Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (28) Олар: "Егер шыншыл болсаңдар, осы құқайлаған уәделерің қашан?",- дейді. (29) (Мұхаммед Ғ.С.): "Сендерге уәде етілген бір күн бар. Одан бір сәтке кейін қалмайсыңдар да ілгері кете алмайсыңдар" де. (30) Сондай қарсы келгендер: "Біз әсте бұл Құранға сенбейміз әрі бұның алдындағы (кітап) ларға да сенбейміз" деді. Ол залымдарды, Раббыларының хұзырында тұрғызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрғанда бір көрсең: Езілгендер; өздерін ірі санағандарға: "Сендер болмасаңдар, иман келтіретін едік" дейді. (31)

Өздерін ірі санағандар, езілгендерге: "Сендерге тура жол келгеннен кейін, сендерге біз бөгет болдық па? Керісінше өздерің күнәкар едіңдер" дер. (32) Езілгендер, өздерін ірі санағандарға: "Күндіз-түні кулықпен, Аллаға қарсы келуімізді, Оған теңеулер жасауымызды әмір етуші едіңдер" дер. Сондай-ақ азапты көрген кезде, ішінен өкінеді; қарсы келгендердің мойындарына боғаулар жасадық. Оларға істегендерінің ғана жазасы беріледі. (33) Бір кентке ескертуші жіберген болсақ, әсіресе олардың байлары: "Рас сендер арқылы жіберілген нәрселерге қарсымыз" деді. (34) Сондай-ақ олар: "Біздер, көп малдар, балаларға иеміз. Сондықтан да азапқа душар болмаймыз" деді. (35) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сөз жоқ, Раббым әлде кімге тілесе, несібесін кеңітіп, тарайтады; бірақ адамдардың көбі түсінбейді" де. (36) Малдарың да балаларың да сендерді жанымызға жақындастырмайды. Бірақ кім иман келтіріп, оң іс



істесе, міне соларға істегендерінің салдарынан неше есе сыйлық бар. Сондай-ақ олар аман-есен жоғары орындарда болады. (37) Сондай-ақ аяттарымызды күшінен қалдыруға тырысқандарға келсек, міне солар; азапқа душар болатындар. (38) (Мұхаммед Ғ.С.): "Рас Раббым, несібені құлдарынан кімге қаласа; кеңітеді де оған өлшеп-тамап та береді. Тиісті орынға бір нәрсе жұмсаңдар, сонда Алла, тағы есесін береді. Ол, ризық берушілердің ең жақсысы" де. (39)

وَيَوْمَ نَحْشُرُهُمْ جِجَاعًا مِّمَّ قَوْلِ الْمَلَكَةِ اهْتُولَاءِ إِنَّا كُنَّا
 يَعْبُدُونَ ﴿٤٠﴾ قَالُوا سُبْحٰنَكَ أَنْتَ وَلَيْسْنَا مِنْ دُونِهِمْ بِل كَانُوا
 يَعْبُدُونَ الْجِنَّ أَكْثَرَهُمْ بِهِمْ مُؤْمِنُونَ ﴿٤١﴾ قَالُوا لِمَ لَمْ يَأْتِكُمْ
 بَعْضُ الْبَعْضِ نَفْعًا وَلَا ضَرًّا وَقَوْلِ الَّذِينَ الَّذِينَ ظَلَمُوا أَذَابَ
 النَّارِ الَّتِي كُتِبَ عَلَيْهَا كُذُوبٌ ﴿٤٢﴾ وَإِنَّا نَتْلُو عَلَيْكُمْ آيَاتِنَا نَتْلُو
 قَالُوا مَا هَذَا إِلَّا رَجُلٌ يُرِيدُ أَنْ يَصُدَّكُمْ عَنْ آلِهَتِكُمْ أَتَابَاؤُكُمْ
 وَقَالُوا مَا هَذَا إِلَّا آيَاتُكَ مُفْتَرَىٰ وَقَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَوِ لِحَقِّ لَمَّا
 جَاءَهُمْ إِنَّ هَذَا إِلَّا أَسْحَابٌ مِينِ ﴿٤٣﴾ وَمَاءَ الْيَنْبُوتِ مِنْ كُتُبِ
 يَدْرُسُونَهَا وَمَا أَرْسَلْنَا إِلَيْهِمْ قَبْلَكَ مِنْ نَذِيرٍ ﴿٤٤﴾ وَكَذَّبَ
 الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ وَمَا يُلْفَعُوا مَعَشَارَ مَاءٍ الْيَنْبُوتِ فَكَذَّبُوا رَسُولِيَّ
 فَكَيْفَ كَانَ نَكِيرِ ﴿٤٥﴾ ﴿٤٥﴾ قُلْ إِنَّمَا أَعْطِيكُمْ بِرِجْدَةً أَنْ
 تَقُومُوا لِلَّهِ مَشْفَىٰ وَقُرْدَىٰ ثُمَّ نُنْفِئُكُمْ وَأَمَّا بِصَاحِبِكُمْ
 مِنْ جِنَّةٍ إِنْ هُوَ إِلَّا نَذِيرٌ لَكُمْ بَيْنَ يَدَيْ عَذَابٍ شَدِيدٍ ﴿٤٦﴾
 قُلْ مَا سَأَلْتُكُمْ مِنْ أَجْرٍ فَهُوَ لَكُمْ إِنْ أَجْرِي إِلَّا عَلَى اللَّهِ وَهُوَ عَلَى
 كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ ﴿٤٧﴾ قُلْ إِنْ رِئِي بِقَدْفٍ بِالْحَقِّ عَلَّمَ الْعُقُوبِ ﴿٤٨﴾


олар: "Бұл адам, сендерді аталарың табынған нәрселерден тыжуды ғана қалайды" деді. Және: "Бұл Құран, жасанды бір өтіріктен басқа дәннең емес" деді. Сондай-ақ өздеріне келген шындыққа қарсы болғандар: "Бұл ашық бір жады ғана" деді. (43) Оларға оқитын бір кітап бермедік те өздеріне сенен бұрын бір ескертуші жібермедік. (Олар дәлелсіз қасары суда.) (44) Олардан бұрынғылар да жасынға шығарған еді. Бұлар, оларға бергеніміздің оннан біріне де жеткен жоқ. Сонда да олар, елшілерімді жасынға шығарды. Менің соққым қалай екен? (45) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде сендерге бір үгіт беремін; Алла үшін екі-екіден, бір-бірден тұрыңдар да сосын ойланыңдар. Жолдастарыңда бір жындылық жоқ. Ол, сендер үшін келетін қатты азапты алдын ала ескертуші ғана" де. (46) Оларға: "Сендерден ақы тілемедім. Ол сендердікі болсын. Менің ақым Аллаға ғана тән. Ол әр нәрсеге куә" де. (47) Оларға: "Негізінде шындықты Раббым ортаға атады. Ол, көместерді толық білуші" де. (48)

Ол күні, Алла оларды тұтас жинайды. Сосын періштелерге: "Осылар, сендерге табынушы ма еді?",- деп сұрайды. (25-С. 17-А.) (40) (Періштелер): "Сен пәксің! Біздің иеміз олар емес, Сенсің. Бәлкім олар жынға табынатын еді. Олардың көбі соларға сенуші еді" дейді. (41) Бүгін бір-бірлеріңе пайда, зиян тигізу күшіне ие емессіңдер. Залымдарға: "Жасынға айналдырған тозақтың азабын татыңдар" дейміз. (42) Оларға түсінікті аяттарымыз оқылған кезде,


(Мұхаммед F.C.) оларға: "Шындық келді. Енді бұзықтық бастамайды да қайтып келмейді" де. (49) "Егер адассам, шын мәнінде адасуым өз зияныма болады. Ал егер тура жолда болсам, сонда ол, Раббымның уахи еткенімен болады. Күдіксіз Ол, толық естуші, аса жақын" де. (50) Олардың үрейленіп қашар жер жоқ, жақын жерден ұсталғанын бір көрсен. (51) "Оған иман келтірдік" дейді, олар; бірақ ұзақ жерден олардың қолдарына қалайша келеді? (52) Расында олар, оған бұрын қарсы келген еді. Олар ұзақ жерден көрмей сілтейді. (53) Олармен олардың қалаған нәрселерінің арасына кедергі түседі. Бұрын ұқсастарына да сөйтілген еді. Сөз жоқ, олар шәк ішінде күдіктенуші. (54)

35-ФАТЫП СҮРЕСІ

"Меккеде түскен. Қырқ бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктерді және жерді жасаған сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған




Алла (Т.) ға барлық мақтау лайық. Ол, жаратуда қалағанын арттырады. Күдіксіз Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші. (1) Алла (Т.) ның адам баласына берген мәрхаметін тосушы жоқ. Алланың тосқан нәрсесін артынан жіберуші жоқ. Ол аса үстем, тым хикмет иесі. (2) Әй адам баласы! Алла сендерге берген ырысын еске алыңдар: Сендерге көктен, жерден несібе беретін бір жаратушы бар ма? Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Сонда қалай тентіреп, бара жатырсыңдар? (3)




(Мұхаммед F.C.) олар сені жасынға шығарса, расында сенен бұрынғы елшілер де жасынға шығарылған еді. Барлық іс Аллаға қайтады. (4) Әй адам баласы! Сөз жоқ, Алланың уәдесі хақ. Ендеше дүние тіршілігі сендерді есте алдамасын. Сондай-ақ аса алдағыш та сендерді Алла туралы алдамасын. (5) Шәксіз сендерге шайтан дұшпан. Сондықтан сендер де оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын тозақтықтардан болуға шақырады. (6) Сондай қарсы

болғандар, оларға қатты азап бар. Ал иман келтіріп, оң іс істегендер, олар үшін жарылқау әрі ірі сыйлық бар. (7) Сондай жаман ісі өзіне әдемі көрсетіліп, оны жақсы көрген біреу (жақсымен тең бе?) Алла қалағанын адастырып, қалағанын тура жолға салады. Ендеше (Мұхаммед F.C.) оларға қайғырып, өзіңді жойма. Әрине Алла, олардың қылған істерін толық біледі. (8) Ол сондай Алла, желдерді жіберіп, сонда ол; бұлтты қозғап, оны өлі бір жерге айдаймыз. Және жаңбыр арқылы жансыз қалған жерді қайта жандандырамыз. Өліктің тірілуі де осы сияқты. (9) Кім күрмет көкесе, негізінде бүкіл кәдір-құрмет Аллаға тән. Көркем сөз Алла жаққа шығады. Сондай-ақ жақсы ғамал оны көтереді. (Көркем сөз: Иман, сенім. Жақсы ғамал: Сенім бойынша істеген құлшылық. Екеуі бір-бірін көтереді. Бірінсіз-бірі қабылданбайды. Б.М.К.Р.Х.) Ал сондай жамандықтың тәсілін істегендер, олар үшін қатты азап бар. Олардың тәсілдері ол, өзінен-өзі жоқ болады. (10) Алла (Т.) сендерді топырақтан сосын мәниден жаратып, кейін сендерді жұп-жұп қылды. Ешбір ұрғашы Алланың білімінен тыс жүкті болмайды да тумады. Алланың Кітабында жазылған өмір ұзартылмайды да қысқартылмайды. Әрине бұл Аллаға оңай. (11)

Екі теңіз тең емес: Бұл тәтті шөл қандырады; ішілуі сүйкімді. Ол, тұзды ащы. Әрбірінен жас ет (балық) жейсіңдер әрі тағатын сәндік-бұйымдар (інжу-маржан) шығарасындар. Сондай-ақ Алланың кеңшілігінен несібе іздеу үшін; кеменің теңізде суды жарып бара жатқанын көресің. Әрине шүкір етерсіңдер. (12) Ол Алла, түнді күндізге кигізіп, күндізді де түнге кигізеді. Сондай-ақ ай мен күнді игерді. Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Біртұтас осылар, Раббыларың Алланикі. Иелік Соған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. (13) Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Мұбада олар естісе де сендерге жауап қайтара алмайды. Сондай-ақ қиямет күні олар сендердің ортақ қосқандықтарыңнан танады. Толық хабар беруші Алладай саған ешкім түсіндірмейді. (14) Әй адам баласы! Аллаға мұхтажсыңдар. Алла (Т.) Ол, әр нәрседен мұңсыз, өте мақтаулы.




(15) Қаласа сендерді жоқ етеді де жаңа ел әкеле алады. (16) Я, бұл Аллаға қиын емес. (17) Ешбір күнәкар, басқаның күнәсын көтермейді. Күнәсы ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер жақыны болса да олан еш нәрсе жүктелмейді. (Мұхаммед F.C.) шын мәнінде Раббыларынан көрмей-ақ қорыққандарды, намазды орындағандарды ғана үгіттей аласың. Ал кім күнәдан тазарса, өзі үшін тазарады. Және барар жері Алла жақ. (18)



Соқыр мен көруші тең емес. (Көпір мен Мұсылман, надан мен ғалым. Ж.М.) (19) Қараңғылық пен жарық тең емес. (Шындық пен өтірік. Б.) (20) Көлеңке мен ыстық тең емес. (Жаннатпен тозақ. Ж.М.) (21) Тірілер мен өліктер тең емес. Рас Алла (Т.) әлде кімді қаласа, естіртеді. (Мұхаммед F.C.) сен, қабырлардағы біреулерге естірте алмайсың. (Қарсылықта қасарысқандар, қабырлардағы өліктерге теңеліп отыр. Б.Ж.М.Р.) (22) Сен, бір ескертуші ғанасың. (23) Сөз жоқ,

сені шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде бір ескертуші болмаған бір үммет жоқ. (24) Егер сені жасынға шығарса, расында бұлардан бұрын мұғжизалар, нұсқаулар және нұрландырушы Кітап келтірген пайғамбарларды да жасынға шығарған. (25) Сосын қарсы келгендерді қолға алдым. Сонда соққым қалай екен! (26) Шын Алланың көктен жаңбыр жаудырғанын көрмейсің бе? Сонда онымен түрлі-түсті жемістер шығардық. Сондай-ақ таулардан да ақ, қызыл әрі қап-қара түрлі-түсті жолақтарды көрмейсің бе? (27) Адамдардан, құрт-құмырсқа және ірі жәндіктерден түрлі-түстегілер осындай. Шын мәнінде құлдарынан ғалымдары; Алладан қорқады. Рас Алла өте үстем, аса жарылқаушы (28) Әрине Алланың Кітабын оқып, намазды толық орындағандар және өздеріне берген несібемізден көрнеу, көмес түрде тиісті орынға жұмсағандар, еш түгемейтін бір сауда (сауап) үміт ете алады. (29) Өйткені Алла, олардың сыйлықтарын толық беріп, әрі өз кеңшілігінен артылып береді. Әрине Ол, өте жарылқаушы, аса қадыр білуші. (30)

(Мұхаммед F.C.) сондай саған біз уахи еткен Құран, ол хақ. Алдыңғыны растаушы. Әрине Алла, құлдарынан анық хабар алушы, тым қырағы. (31) Сосын ол Кітапты құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. (Бұлар; сахабалар, оған ергендер, тіпті қияметке дейінгі ғалымдар. Б.М.К.Р.) Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал тағы біреулері, Алланың бұйырығынша жақсылықтарға ілгерлеуші болады. Міне осы, ұлы мәрхамет. (32) Олар, ғадын жаннаттарына кіреді. Онда алтын және інжу білезіктермен безенеді де олардың онда киімдері жібектен болады. (33) Олар: "Барлық мақтау бізден қайғыны жойған Алла (Т.) ға лайық. Әрине Раббымыз аса жарылқаушы, қадыр білуші" дейді. (34) "Ол өз кеңшілігінен бізді тұрақты орынға орналастырды. Бізге бұл жерде шаршау да жалығу да болмайды" (деп бата қылады.) (35) Ал енді қарсы келушілер үшін тозақ оты бар. Оларға өлім үкімі берілмейді.



Олардан азап жеңітіпмейді. Әрбір қарсы келушілерді өстіп жазалаймыз. (36) Олар тозақта: "Бізді тозақтан шығар! Істеген ғамалдарымыздан басқа жақсы ғамал істейік" деп шыңғырады. "Сендерге; үгіт алғысы келген кісі, үгіт алатын өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді татыңдар Залымдар үшін ешбір көмекші жоқ" (делінеді.) (37) Әрине Алла (Т.) көктер мен жердің көмесін біледі. Шәксіз Ол, көңілдердегіні де біледі. (38)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ

هُوَ الَّذِي جَعَلَكُمْ خَلَائِفَ فِي الْأَرْضِ فَمَنْ كَفَرَ بَعْلَيْهِ كُفْرُهُ وَلَا
 يَزِيدُ الْكَافِرِينَ كُفْرَهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ إِلَّا مَقْتًا وَلَا يَزِيدُ الْكَافِرِينَ
 كُفْرَهُمْ إِلَّا خَسَارًا ﴿٤٠﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمْ شُرَكَاءَ كُمُ الَّذِينَ نَدْعُونَ مِنْ
 دُونِ اللَّهِ أَرُونِي مَاذَا خَلَقُوا مِنَ الْأَرْضِ أَمْ لَهُمْ شِرْكٌ فِي السَّمَوَاتِ
 أَمْ أُنزِلَتْ إِلَيْهِمُ كِتَابٌ فَهُمْ عَلَىٰ بَيِّنَةٍ مِنْهُ بَلْ إِنَّ بَعْدَ الظَّالِمِينَ
 بَعْضُهُمْ بَعْضٌ إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا ﴿٤١﴾ إِنَّ اللَّهَ يُمَسِّكُ السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضَ أَنْ تَزُولَا وَلَئِنْ زَالَتَا إِنْ أَمْسَكَهُمَا مِنْ أَحَدٍ مِنْ بَعْدِهِ
 إِنَّهُ كَانَ حَلِيمًا غَفُورًا ﴿٤٢﴾ وَأَقْسَمُوا بِاللَّهِ جَهْدَ أَيْمَانِهِمْ لَئِنْ
 جَاءَهُمْ نَذِيرٌ لَيَكُونُنَّ أَهْدَىٰ مِنْ إِحْدَى الْأُمَمِ فَلَمَّا جَاءَهُمْ نَذِيرٌ
 مَا زَادَهُمْ إِلَّا تَفُورًا ﴿٤٣﴾ أَسْمَتُ كِبَارًا فِي الْأَرْضِ وَمَكْرُ السُّنِيِّ
 وَلَا يَحِيقُ الْمَكْرُ السُّنِيِّ إِلَّا بِأَهْلِيهِ فَهَلْ يَنْظُرُونَ إِلَّا سُنَّتَ
 الْأَوَّلِينَ فَلَنْ يَجِدَ لِسُنَّتِ اللَّهِ تَبْدِيلًا وَلَنْ يَجِدَ لِسُنَّتِ اللَّهِ تَحْوِيلًا
 ﴿٤٤﴾ أَوَلَمْ يَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ فَيَنْظُرُوا كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الَّذِينَ مِنْ
 قَبْلِهِمْ وَكَانُوا أَشَدَّ مِنْهُمْ قُوَّةً وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُعْجِزَهُ مِنْ شَيْءٍ
 فِي السَّمَوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ إِنَّهُ كَانَ عَلِيمًا قَدِيرًا ﴿٤٥﴾

الْحَمْدُ لِلَّهِ
الْعَلِيِّ

٤٤


ме? Жоқ олай емес. Залымдар бірін-бірі алдауды ғана уәде етеді" де. (40) Рас Алла (Т.) көктер мен жерді бұулжытпай ұстайды. Мүбада екеуіне бір зауал болса, Одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз Ол, тым жұмсақ, аса жарылқаушы (41) Олар, өздеріне ескертуші келсе, әлде бір үмметтен көрі тағы туралықта болатындықтарына Аллаға шынымен ант қылған. Бірақ, оларға ескертуші келген заман, олардың жиренулерін ғана қоздырды. (6-С. 26-А.) (42) Олар жер жүзінде паңсып жаман тәсіл жасады. Негізінде айлакерліктің кесірі иесіне ғана болады. Олар, бұрынғылардың жолынан басқаны күте ме? (Олардың басына келгенді ғана күтеді.) Алланың жолынан әсте бір өзгеріс таба алмайсың да Алланың жолынан бір бұрылыс көре алмайсың. (43) Олар, жер жүзінде кезбей ме? Сонда олар, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Тіпті олардың күші, бұлардан артық еді. Көктердегі және жердегі нәрселер Алланы осалдата алмайды. Шексіз Ол, толық білуші, аса күшті. (44)

Ол сондай Алла сендерді жер жүзінде орынбасар қылды. Сонда кім қарсы келсе, қарсылығының обалы өзіне. Қарсы болушылардың қарсылығы Раббыларының ыза-сынан басқаны арттырмайды әрі қарсы болушылардың қарсылы зиянды ғана арттырады. (39) (Мұхаммед F.C.): "Алладан басқа табынған ортақтарыңды көрдіңдер ме? Маған көрсетіндерші. Олар, жер жүзінде не жаратты? Немесе олардың көктерде бір одақтығы бар ма? Не Біз оларға кітап беріп, олар бір дәлел үстінде


Егер Алла (Т.) адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жәндік қалдырмас еді. Бірақ оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мезгілі жетсе, сонда Алла құлдарын толық көреді. (45)

36-ЯСІН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, сексен үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Терең сырлы Құранға серт. (2) (Мұхаммед F.C.) шәксіз сен анық елшілерденсің. (3) Тура жолдасың. (4) Өте үстем, ерекше мейірімді Алла түсірген (Құран жолы.) (5) Аталары ескертілмей өздері кәперсіз қалған елге ескертуің үшін. (6) Расында олардың көбі зиянына берілген қаулыға лайық болды. Сондықтан олар иман келтірмейді. (2-С. 7-А.) (7) Рас олардың мойындарына боғаулар салдық. Сонда ол. иектеріне дейін; сондықтан олардың бастары кекжиіп қалған. (Бұл бір мысал: Қасарысып, шындыққа бас имейді. Ж.) (8) Олардың арттарынан да бөгет алдарынан да бөгет жасап, көздерін қаптадық. Олар көрмейді. (9) (Мұхаммед F.C.) Оларға ескертсең де ескертпесең де бәрі бір. Олар иман келтірмейді. (10) Шын мәнінде сен, үгітге еріп, Рахманды көрмей-ақ




қорыққан кісілерге ескерте аласың. Ал оларды жарылқау және құрметті сыйлықпен қуант! (11) Рас Біз өліктерді тірілтеміз. Сондай-ақ олардың ілгері жіберген, кейін қалдырған нәрселерін жазамыз. Әр нәрсені ашық бір Кітапта түгендеп қойдық. (Адамның; үйретілген ғылым, жаряланған кітап және жасалған хайыр құрылыстарының сауабы немесе қалдырған жаман өнегелерінің күнәсы; өлгеннен кейін де ғамал дәптеріне жазылып, отырады. Б.М.К.Р.) (12)



(Мұхаммед Ғ.С.) оларға, елшілер келген кент халқын мысал көрсет: (Антақя кенті. Ғиса Ғ.С. ның елшілері. Б.Ж.М.) (13) Оларға екі елші жібердік. Сонда олар екеуін жасынға шығарды. Үшінші елшімен қуаттадық. Сонда елшілер: "Рас сендерге елшіміз" деді. (14) (Кент халқы): "Сендер біз сияқты ғана адамсыңдар. Сендерге Рахман, еш нәрсе жіберген жоқ. Сендер мүлде өтірік айтасыңдар" деді. (15) (Елшілер): "Раббымыз біледі. Расында сендерге елшіміз." (16)

"Бізге ашық түрде жалғастыру ғана міндет" деді. (17) Олар: "Расында сендер себепті сәтсіздікке ұшырадық. Егер айтқандарыңнан қайтпасаңдар, әлбетте сендерді таспен атқылаймыз. Сондай-ақ сөзсіз сендер бізден жан түршігерлік қинау көресіңдер" деді. (18) (Елшілер): "Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге. (Өз қылықтарыңнан.) Бөрілген үгітті ырым қыласыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шыққан елсіңдер" деді. (19) Қаланың шетінен біреу жүгіріп келіп: "Әй қаумым! Елшілерге ілесіңдер" деді. (20) "Сендерден ақы сұрамайтын кісілерге еріндер. Олар тура жолда." (21) "Өзімді жаратқанға неге құлшылық қылмаймын? Және сендер де Соған қайтарыласыңдар." (22) "Одан өзге тәңірлер етіп алайын ба? Мұбада Алла маған зиян келтіргісі келсе, Олардың қолдаулары маған ешбір пайда бермейді де олар мені құтқара алмайды." (23) "Сөз жоқ, онда мен ашық адасуда боламын." (24) "Күдіксіз Раббыларыңа иман келтірдім. Енді маған құлақ салыңдар" (дегендігі үшін елі таспен атып өлтіреді. Б.Ж.К.М.Р.) (25) "Жаннатқа кір" делінді де ол: "Әттең! Елім білген болса еді;" (26) "Раббымның мені жарылқап, ардақтылардан еткенін" деді. (27)

Одан кейін оның еліне, көктен бір әскер түсірмедік әрі түсіруші де емеспіз. (28) Ол бір ғана дауыс еді. Сонда олар сөніп, жоқ болды. (29) Өздеріне келген елшіні ұдайы мазақ қылған құлдарға нендей өкініш! (30) Олардан бұрын қаншалаған нәсілдерді жоқ еткенімізді; олардың бұларға қайтып келмейтінін көрмей ме? (31) Біртұтас барлығы алдымызға жиналады. (32) Оларға өлі жер; бір белгі. Оны жандандырып, одан дән шығарамыз да сонда олар одан жейді. (33) Сондай-ақ онда құрмалардан, жүзімдерден бақшалар қылып, онда бастаулар ағыздық. (34) Оның жаратқан өнімінен әрі өздері қолекі істеген нәрселерінен жесін. Сонда да шүкір қылмай ма? (35) Сондай пәк Алла, барлық нәрсені жүп-жүбімен жаратты. Мейлі ол жердің өсірген нәрселерінен болсын, мейлі өздері өндірген және тағы



білмегендерінен болсын. (36) Оларға түн бір белгі. Одан күндізді ажыратамыз. Сонда олар, қараңғылықта қалады. (37) Сондай-ақ күн белгіленген көлемінде жүреді. Міне осы аса үстем, әр нәрсені білуші Алланың өлшеуі. (38) Тағы айдың орындарында өлшеп қойдық. Ескі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін. (39) Күннің айға жетуі мүмкін емес. Және түнде күндізден ілгерлемейді. Әрбірі көкте жүзеді (40)

سُورَاتِ

الْحَقِّ وَالْحَقِّ

وَأَيُّهُمُ أَنَا حَمَلْنَا ذُرِّيَّتَهُمْ فِي الْفَلَكِ الْمَشْهُونِ ﴿٤١﴾ وَخَلَقْنَا
لَهُمْ مِنْ مِثْلِهِ مَا يَرْكَبُونَ ﴿٤٢﴾ وَإِنْ نَشَأْ نُغْرِقْهُمْ فَلَا صَرِيحَ لَهُمْ
وَلَا هُمْ يُنْقَدُونَ ﴿٤٣﴾ الْآرْحَمَةُ مِنَّا وَمَتَعْنَا إِلَىٰ حِينٍ ﴿٤٤﴾ وَإِذَا
قِيلَ لَهُمُ اتَّقُوا مَا بَيْنَ أَيْدِيكُمْ وَمَا خَلْفَكُمْ لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ ﴿٤٥﴾
وَمَا تَأْتِيهِمْ مِنْ آيَةٍ مِنْ آيَاتِ رَبِّهِمْ إِلَّا كَانُوا عَنْهَا مُعْرِضِينَ ﴿٤٦﴾
وَإِذَا قِيلَ لَهُمُ انْفِقُوا مِمَّا رَزَقَكُمُ اللَّهُ قَالُوا الَّذِينَ كَفَرُوا
لِلَّذِينَ آمَنُوا أَلَطَعْمُ مِنْ لَوْ شَاءَ اللَّهُ أَطَعْمُهُمْ إِنْ أَنْتُمْ إِلَّا فِي
ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿٤٧﴾ وَيَقُولُونَ مَتَىٰ هَذَا الْوَعْدُ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿٤٨﴾
مَا يَنْظُرُونَ إِلَّا صَيْحَةً وَاحِدَةً تَأْخُذُهُمْ وَهُمْ يَخِصِّمُونَ ﴿٤٩﴾
فَلَا يَسْتَطِيعُونَ نَوْصَةَ وَلَا إِلَىٰ أَهْلِهِمْ يَرْجِعُونَ ﴿٥٠﴾
وَيُنْفِخُ فِي الصُّورِ فَإِذَا هُمْ مِنَ الْأَجْدَاثِ إِلَىٰ رَبِّهِمْ يَنْسِلُونَ ﴿٥١﴾
قَالُوا أُنزِلْنَا مِنْ بَعْضِنَا مِنْ مَرْقَدِنَا هَذَا مَا وَعَدَ الرَّحْمَنُ
وَصَدَقَ الْمُرْسَلُونَ ﴿٥٢﴾ إِنْ كَانَتْ إِلَّا صَيْحَةً
وَاحِدَةً فَإِذَا هُمْ جَمِيعٌ لَدَيْنَا مُحْضَرُونَ ﴿٥٣﴾ فَالْيَوْمَ لَا تَنْظِلُمْ
نَفْسٌ شَيْئًا وَلَا تَنْجُزُونَ إِلَّا مَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٥٤﴾


سُورَاتِ
الْحَقِّ وَالْحَقِّ

٤٤٣

бөленесіңдер" делінсе; (45) Сондай-ақ оларға Раббыларының белгілерінен бір белгі келсе-ақ олар одан жалтарады. (46) Қашан оларға: "Алланың сендерге берген несібесінен тиісті орынға жұмсаңдар" делінсе, сондай қарсы болғандар: "Алла қаласа, тамақтандыратын біреулерді біз тамақтандырамыз ба? Сендер мүлде адасқансыңдар" деді. (47) Олар: "Егер шын айтсаңдар, бұл құқайларың қашан?" дейді. (48) Олар таласып тұрғанда, оларды қолға алатын бір-ақ ащы дауыс күтіп тұрады. (49) Сонда олар өсиет айталмайды да үйлеріне де қайта алмайды. (50) Сұр үрілсе, сонда олар қабырларынан Раббыларына жүгіреді: (51) "Әттең-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды?,- дейді. "Міне мейірімді Алланың уәдесі. Пайғамбар да шын айтқан" (делінеді.) (52) Бір ғана айғай болады да сонда тұтас алдымызға әзір болады. (53) Ал енді бүгін ешкімге зұлымдық етілмейді. Сондай-ақ істегендеріңнің ғана бодауын көресіңдер. (54)

Олардың нәсілдерін толы кемеді (Нұх кемесінде) тасуымыз, олар үшін бір белгі (Б.Ж.К.М.) (41) Әрі олар үшін сол сияқтыдан мінетін көліктер жаратуымыз (да бір белгі.) (42) Қаласақ, оларды суға батырамыз. Сонда оларға болысушы да жоқ, олар құтқарылмайды да. (43) Бірақ Біздің тарапымыздан бір мәрхамет және бір мерзімге дейін пайдалану болады. (44) Қашан оларға: "Алдарыңдағы және арттарыңдағы жағдайлардан сақтаныңдар. Әрине мәрхаметке

Расында жаннаттықтар, ол күні зауықты шұғылдануда болады. (55) Олар да жұбайлары да көлеңкелердегі дивандарға жастаңған түрде болады. (56) Олар үшін онда жемістер және өздеріне не тілегендері бар. (57) Ерекше мейірімді Раббыларынан оларға: "Сәлем" сөзі болады. (58) "Әй күнәкарлар! Бүгін араны ашыңдар!" (59) Әй адам баласы! Сендерге: "Шайтанға табынбаңдар. Әрине ол, өздеріңе ашық дұшпан" деп, серт бермедім бе? (60) "Маған құлшылық қылыңдар. Тура жол осы!" (61) Расында ол, сендерден көптеген топты адастырды. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (62) Сендерге уәде етілген тозақ осы. (63) Қарсы келулерің себепті бүгін оған кіріңдер. (64) (Олар қылмыстарынан танғандықтан. Б.Ж.М.К.Р) Ол күні олардың ауыздарын мөрлейміз. Бізге олардың қолдары сөйлеп, не істегендеріне аяқтары айғақ болады. (24-С. 24-А. 41-С. 20-А) (65) Мұбада қаласақ, олардың көздерін мүлде соқыр қылар едік те сонда олар жол



іздесе, қайтып көрер еді? (66) Егер қаласақ, олардың мекендерінде әлбетте бейнелерін өзгертер едік. Сонда олар ілгері де кейін де кете алмас еді. (67) Әлде кімге өмір берсек, жаратылыста оны қайта бастырамыз. Олар түсінбей ме? (16-С. 70-А. 30-С. 54-А.) (68) (Мұхаммед F.C. ға) өлең үйретпедік әрі оған ол, лайық емес. Ол, бір үгіт және ашық Құран ғана: (26-С. 224-А.) (69) Тірі кісілерге ескерту, қарсы болғандарға байланысты сөз шынға шығу үшін. (70)

سُورَةُ الْاِنشَاءِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِي

اَوْلٰىرَبُّوْا اَنَّا خَلَقْنَا لَهُمْ مِمَّا عَمِلَتْ اَيْدِيْنَا اَنْعَمًا فَهُمْ لَهَا
 مَلِكُوْنَ ﴿٧٦﴾ وَذَلَّلْنَاهَا لَهُمْ فَمِنْهَا رَكُوبُهُمْ وَمِنْهَا يَأْكُوْنَ ﴿٧٦﴾
 وَهُمْ فِيْهَا مُنْفَعٌ وَمَسَارِبٌ اَفْلَا يَشْكُرُوْنَ ﴿٧٧﴾ وَاتَّخَذُوْا
 مِنْ دُوْنِ اللّٰهِ اِلَهَةً لَّعَلَّهُمْ يَنْصُرُوْنَ ﴿٧٨﴾ لَا يَسْتَطِيعُوْنَ
 نَصْرَهُمْ وَهُمْ لَهُمْ جُنْدٌ مُّحْضَرُوْنَ ﴿٧٩﴾ فَلَا يَحْزُنُكَ قَوْلُهُمْ
 اِنَّا نَعْلَمُ مَا يَسْكُرُوْنَ وَمَا يَعلِنُوْنَ ﴿٨٠﴾ اَوْلٰىرَبِّرَ الْاِنْسَانِ اَنَّا
 خَلَقْنَاهُ مِنْ نُّطْفَةٍ فَاِذَا هُوَ خَصِيْمٌ مُّبِيْنٌ ﴿٨١﴾ وَصَرَبْنَا
 مَثَلًا وَلَيْسَ خَلْقَهُ قَالَ مَنْ يُعْجِبُ الْعَظْمُ وَهِيَ رَمِيْمٌ ﴿٨٢﴾
 قُلْ يُحْيِيهَا الَّذِيْ اَنْشَاَهَا اَوَّلَ مَرَّةٍ وَهُوَ بِكُلِّ خَلْقٍ عَلِيْمٌ ﴿٨٣﴾
 الَّذِيْ جَعَلَ لَكَ مِنَ الشَّجَرِ الْاَخْضَرِ نَارًا فَاِذَا اَنْشَرْتَهُ
 مِنْهُ تُوقِدُوْنَ ﴿٨٤﴾ اَوَلَيْسَ الَّذِيْ خَلَقَ السَّمٰوٰتِ وَالْاَرْضَ
 بِقَدِيْرٍ عَلٰى اَنْ يَّخْلُقَ مِثْلَهُمْ بَلٰى وَهُوَ الْخَلْقُ الْعَلِيْمُ ﴿٨٥﴾
 اِنَّمَا اَمْرُهُ اِذَا اَرَادَ شَيْئًا اَنْ يَقُوْلَ لَهُ كُنْ فَيَكُوْنُ ﴿٨٦﴾
 فَسَبِّحْنِ الَّذِيْ يَبْدُوْهُ مَلَكُوْتُ كُلِّ شَيْءٍ وَّالَّذِيْ تَرْجِعُوْنَ

سُوْرَةُ الْاِنشَاءِ قٰنِتٌ


۴۴۵

(75) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың сөздері сені кейітпесін. Әрине Біз олардың көрнеулерін де көместерін де білеміз. (76) Адам баласы өздерін бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сонда да ашық қиқарлық істейді. (77) Олар өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал берді: "Міне шіріген сүйектерді кім тірілтеді?",- деді. (78) (Мұхаммед Ғ.С.): "Оны, сондай алғаш жаратқан тірілтеді. Ол, барлық жаратылысты біледі" де. (79) Ол сондай Алла, сендерге жасыл ағаштан от жаратты. Сол уақытта сендер оны жағасындар. (Марых, Гафар деп аталатын екі жасыл ағаш. Бір-біріне үйкелсе жанады. Б.Ж.М.К.Р.) (80) Сондай көктер мен жерді жаратқан Алла, олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Ол, әр нәрсені жаратушы, толық білуші. (81) Шын мәнінде Ол, бір істің болуын қаласа, Оның бұйырығы оған "бол" деу, сонда ол бола қалады. (82) Барлық нәрсенің билігі қолында болған әрі сендер Соған қайтарылатын Алла; кемшіліктен пәк. (83)


Олар үшін рас құдыретімізпен хайуандарды жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ өздері оларға иелік етеді. (71) Малды, оларға бойсұндырдық. Олар кейіне мінеді, кейінің етін жейді. (72) Олар үшін малдарда түрлі пайдалар, сусындар бар. Сонда олар шүкірлік қылмай ма? (16-С. 80-А) (73) Олар Алладан өзге тәңірлер жасап алып, олардан көмек көретіндіктерін үміт етеді. (74) Олар (бұттар), оларға көмек ете алмайды. Олардың өздері ол бұттарды қорғау үшін әзір әскер.

37-САФФАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз сексен екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сап-сап тұрушы (періштелерге) серт, (1) Айдаған сайын айдаушы (періштелерге) серт, (2) Үгіт оқушы (періштелерге) серт. (Алладан басқамен ант ету дұрыс емес. Бірақ, Алла тарапынан басқаға ант етілуі; ант еткен нәрселерде; ант етілген нәрселерге қуәлік бар деген ұғымды береді. Т-Қ) (3) Тәңірлерің біреу. (4) Көктер мен жердің әрі араларындағылардың және шығыс жақтардың Раббы. (70-С. 40-А.) (5) Рас дүние көгін жұлдыздармен безедік. (6) Бүкіл шектен шыққан шайтаннан қорғадық. (7) Олар, жоғарғы әлемді тыңдай алмайды. Олар, әр тараптан атылады. (8) Қуылған түрде олар үшін ұдайы азап бар. (9) Алайда әлде біреу бір сөз үрлайтын болса, оны өткір бір жалын қуалайды. (10) Енді олардан сұра: "Оларды жарату қиын ба? Басқа жаратқандарымыз қиын ба? Шын мәнінде оларды (адам баласын) бір жабысқақ балшықтан жараттық. (11) (Мұхаммед Ғ.С.) Әрине (Бұл жаратылысқа) таңырқадың, олар мазақтайды. (12) Қашан оларға ескертілсе де олар ескермейді. (13) Бір мұғжиза көрсе, олар тәлкек қылады. (14) "Бұл мүлде ашық жады" деседі. (15) "Біз өліп топырақ және сүйектер болған кезде, рас тірілтілеміз бе?" (16) "Әуелгі




аталарымыз да ма?", - дер. (17) "Әрине сендер қор боп тірілесіңдер" де. (18) Шын мәнінде ол бір үрейлі дауыс. Сонда олар қарап қалады. (19) "Әттеген-ай! Бұл есеп күні екен ғой!", - деседі. (20) "Бұл сендер жасынға шығарған билік күні!" (21) "Жинаңдар! Ол залымдарды да сыбайластарын да олардың табынғандарын да:" (22) "Алладан өзге. Оларға тозақтың жолын көрсетіңдер;" (23) "Оларды тоқтатыңдар. Өйткені олар сұраққа тартылады" (делінеді.) (24)




аздырған едік. Рас өзіміз де азғын едік." (32) Ал рас сол күні, олар азапқа ортақ болады. (33) Сөз жоқ, күнәкарларға солайша істейміз. (34) Расында оларға: "Аллдан басқа ешбір тәңір жоқ" делінген кезде, менменсіген еді. (35) Олар: "Жынды бір ақын үшін рас тәңірлерімізді тастайық па?,- десті. (36) Әрине ол, шындықты әкелген әрі елшілерді мойындаған еді. (37) Сөз жоқ, сендер күйзелтуші азапты татасындар. (38) Сендер істегендеріңнің ғана сазаын тартасындар. (39) Бірақ Алланың ықыласты құлдары бір сәрі. (40) Міне бұлар үшін белгілі бір несібе бар. (41) (Түрлі) жемістер де. Олар құрметке бөленеді: (42) Нығымет бақшаларында, (43) Дивандардың үстінде ерсілі-қарсылы болады. (44) Оларға қайнаған көзден кәселер айналдырыла ұсынылады. (45) Ішушілер үшін аппақ, тәтті. (46) Ол бас ауыртпайды да әрі мас қылмайды. (47) Олардың қасында телмірген ботакөздер бар. (48) Рас олар жарылмаған жұмыртқадай. (49) Олар қарама-қарсы отырып, сұрасады. (50) Олардан бір айтушы: "Расында бір ағайынмы бар еді" дейді. (51)

Оларға: "Бір-бірлеріңе неге болыспайсындар?,- (делінеді.) (25) Әрине бүгін олар еріксіз бой ұсынғандар. (26) Олар бір-біріне қарсы сұрақ қойсады. (27) (Олар бастықтарына): "Сендер бізге оң жақтан келуші едіңдер" дейді (28) Олар: "Олай емес, өздерің сенбеуші едіңдер" дейді. (29) "Өйткені, сендерге бір өктемдігіміз жоқ еді. Әрине өздерің азғын ел едіңдер." (30) "Раббымыздың бізге деген сөзі шынға шықты. Біз расында дәмін татамыз." (31) "Сонда сендерді

(О л , маған): "Шын - ақ растаушылардансың ба?",- дейді. (52) "Өліп, топырақ және сүйек болсақ та жазаландырыламыз ба?" (53) (деп қасындағыларға): "Оны көргілерің келе ме?",- дейді. (54) Сонда өзі қарап оны тозақтың ортасында көреді де: (55) "Аллаға ант етемін! Мені де жоқ ете жаздадың" дейді. (56) "Егер Раббымның игілігі болмаса еді, әрине мен де тозаққа келтірілгендерден болар едім." (57) "Біз өлмейміз бе?" (58) "Алғашқы өліміміз ғана. Біз азапқа да душар болмайыз." (59) Сөз жоқ, бұл (жаннат) ірі қол жетушілік. (Бұл сөздерді жаннаттықтар айтады. Ж.Б.М.К.) (60) Ғамал қылуға тиісті. (61) Осы қонақ асы жақсы ма? Не заққұм ағашы жақсы ма? (Заққұм; тозақтықтарға берілетін улы, сасық бір ағаш түрі. Сөздік Әлмауарит.) (62) Рас заққұм ағашын залымдарға сұмдық қылдық. (63) Рас ол, тозақтың түбінде шығатын бір ағаш. (64) Оның қауашақтары, шайтандардың бастары сияқты. (Өте жаман бейнеде деген ұғымда. Б.Ж.М.К.Р.) (65) Сондай-ақ олардан жеп, қарындарын толтырады. (66) Сосын оларға қайнап тұрған судан сусын беріледі. (67) Сосын олардың қайтар жерлері әлбетте тозақ болады. (68) Рас олар, аталарын




адасқан түрде тапқан болатын. (69) Сонда олар, аталарының ізінше жүгіре берді. (70) Олардан бұрын, алғашқылардың көбі адасқан еді. (71) Расында олардың ішіне де ескертуші жіберген едік. (72) Ескертілгендердің соңының не болғанын бір көр! (73) Бірақ Алланың ықыласты құлдары басқа. (74) Расында Нұх (Ғ.С.) Бізге жалбарынды. Біз нендей жақсы қабылдаушымыз! (75) Оны да семьясын да зор қиыншылықтан құтқардық. (76)




Нұх (F.C.) тың ұрпақтарын қалдырдық. (Жалғасты түрде өрбіттік.) (77) Оны кейінгілерге дәріптеттік. (78) Нұх (F.C.) қа бүкіл әлемнен сәлем болсын. (79) Рас Біз, ізгі іс істеушілерді өстіп сыйлыққа бөлейміз. (80) Өйткені ол, сенуші құлдарымыздан. (81) Сосын басқаларын суға батырдық. (82) Күдіксіз Ыбырайым (F.C.) де Нұх (F.C.) тың даңғыл жолында. (83) Өйткені, Ыбырайым (F.C.) Раббына, ынталы жүрекпен келген еді. (84) Сол уақытта әкесіне де еліне де:

"Нелерге табынасындар?",- деді. (85)
"Алладан өзге өтірік тәңірлер қалайсындар ма?" (86) "Әлемнің Раббына байланысты не ойларың бар?" (87) Сонда Ыбырайым (F.C.) жұлдыз жаққа назар аударып: (88) "Мен науқаспын" деді. (89) Сонда ел одан бұрылған бойда кете берді. (90) (Ыбырайым F.C.) олардың тәңірлерінің жанына оңаша барып: "Жемейсіңдер ме?",- деді. (91) "Неге сөйлемейсіңдер?" (92) Сонда аңдып барып, оң қолымен ұрды. (93) Олар, оған жүгірісіп келді. (94) "(Қолмен) жонып, алғандарыңа шоқынасындар ма?",- деді. (95) "Алла сендерді де жасаған нәрселеріңді де жаратты." (96) Олар: "Ол үшін бір бина жасап, оны отқа тастап жіберіңдер" десті. (97) Сонда олар оған бір айлакерлік жасауды ойлады да оларды төмендетіп жібердік. (98) (Ыбырайым F.C.): "Раббым жаққа кетемін. Ол, маған жол көрсетеді" деді. (99) "Раббым, маған жақсысынан бір үл бер!" (100) Оны өте мұлайым бір үлмен қуанттық. (101) Ұлы (Ысмайыл) өзімен бірге жүруге жеткен кезде: "Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін; назар аудар, көзқарасың не?",- деді. Ол: "Әй әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлылардан табарсың" деді. (102)

(Ыбырайым F.C. құрбан айының 8-ші күні; баласын құрбан шалатын бір түс көріп, күдіктенгендіктен: "Таруя"; күдікті күн деп, 9-шы күні; және қайта көріп, рас деп танығандықтан: "Ғарифа"; тану күні деп, 10-шы күні және көріп, құрбан шалғандықтан: "Нахыр" деп аталады. Б.М.) Сөйтіп екеуі де ұнап, әкесі оны маңдайының үстіне жатқызады. (Құдыретше бауыздаған бышақ кеспеді. Ж.М.) (103) Біз, оған: "Әй Ыбырайым!", – деп, дабыстадық; (104) "Рас түсінді шынға шығардың. Күдіксіз ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз" (дедік.) (105) Шын мәнінде бұл бір ашық сынау еді. (106) Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық. (Құдыретше бір құрбандық қошқар беріледі. Б.Ж.М.К.) (107) Кейінгі нәсілдерде, оған (жақсы даңқ) қалдырдық. (108) Ыбырайым (F.C.) ға сәлем. (109) Рас, ізгі істер істеушілерді осылайша сыйлыққа бөлейміз. (110) Өйткені ол, сенген құлдарымыздан еді. (111) Оны пайғамбарлардың ізгілерінен; Ысхақпен шүйіншіледік. (112) Өзіне де Ысхақ (F.C.) қа да береке бердік. Сондай-ақ екеуінің ұрпақтарынан жақсы болғандар да өздеріне ашық зұлымдық еткендер де бар. (113) Расында Мұса, Һарүн (F.C.) ға да игілік бердік. (114) Екеуін әрі елін зор апаттан құтқардық. (115) Оларға жәрдем еттік те сонда олар, жеңіске ие болды. (116) Екеуіне түсінікті кітап бердік. (117) Екеуіне тура жол көрсеттік. (118) Екеуіне, кейінгі




нәсілдерде (жақсы даңқ) қалдырдық. (119) Мұса және Һарүн (F.C.) ға сәлем. (120) Рас ізгі іс істегендерді өстіп сыйлыққа бөлейміз. (121) Өйткені, екеуі де сенген құлдарымыздан еді. (122) Әрине Іяс (F.C.) елшілерімізден еді. (123) Сол уақытта еліне: "Алладан қорықпайсыңдар ма?", – деді. (124) "Ерекше жаратушыны қойып, "Бағыл" атты бұтқа жалбарынасыңдар ма?" (125) "Алла, сендердің де бұрынғы аталарыңның да Раббы!" (126)



Сонда елі оны жасынға шығарды. Рас олар, жазаға келтіріледі. (127) Бірақ Алланың ықыласты құлдары басқа. (128) Кейінгі нәсілдерге оған (жақсы даңқ) қалдырдық: (129) "Іяс (F.C.) қа сәлем." (130) Рас Біз, ізгі іс істегендерді осылайша сыйлыққа бөлейміз. (131) Өйткені, ол сенімді құлдарымыздан еді. (132) Күдіксіз Лут (F.C.) елшілерден еді. (133) Сол уақытта оны да семьясын да түгел құтқардық: (134) Бірақ қалғандардың ішіндегі бір кемпірден басқа. (135) Сосын

өзгелерін жоқ еттік. (136) Әрине төңертең, олардан өтіп жүресіндер. (137) Әрі түнде де. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (138) Күдіксіз Юнос (F.C.) елшілерден еді. (139) Сол уақытта ол, толы кемеге қашқан еді. (Еліне кейіп, кемеге барып түскенде; кеме ауырлап, жүре алмай, шар салғанда соған шығады. Б.Ж.М.) (140) Шар салғанда ол, жеңіліске ұшырады. (Қарғып теңізге түсті.) (141) Сонда оны балық жұтты. Ол, айыпталған еді. (142) Егер ол, Алланы рас дәріптеушілерден болмаса еді: (143) Әрине қайта тірілетін күнге дейін балықтың қарнында қалған болар еді. (144) Сонда оны қырға шығарып, тастадық. Ол науқас еді. (145) Оның үстіне жапырақты бір ағаш өсірдік. (146) Оны жүз мың не тағы артығырақ елге жіберген едік. (147) Сонда олар иман келтірді де бір мерзімге дейін пайдаландырдық. (148) Енді олардан сұра: "Қыздар Раббыларыңкі де, ұлдар олардікі ме? (149) Немесе періштелерді ұрғашы жаратқанымызға олар куә ме? (150) Сақ болыңдар! Олар жалғандарын айта береді: (151) "Алланың баласы бар" деп, олар мүлде өтірік айтады. (152) Алла ұлдардан көрі қыздарды артық көре ме? (153)

Сендерге не болды? Қалай шешім етесіндер? (154) Түсінбейсіндер ме? (155) Немесе сендердің ашық бір дәлелдерің бар ма? (156) Шыншыл болсаңдар кітаптарыңды әкеліндер. (157) Олар Алла мен періштелер (Б.Ж.М.К.Р.) арасында ұрпақтық байланыс ұйғарды. Расында періштелер; олардың Алланың алдына келтірілетінін біледі. (Немесе Алла мен жын арасында жег-жаттық ұйғарды.) (158) Алла (Т.) олардың сипаттауларынан пәк. (159) Бірақ Алланың нағыз құлдары өйтіп сипаттамайды. (160) Сонда сендер де табынған нәрселерің де, (бірлесіп;) (161) Сендер Аллаға қарсы бұзақылық шығара алмайсыңдар. (162) Бірақ кім тозаққа түсетін болса, ол басқа. (163) (Періштелер, былай дейді. Б.Ж.): "Бізден орны белгіленбеген ешкім жоқ." (164) "Шын мәнінде біздер қатарланып тұрушыларданбыз." (165) "Әрине Алланы дәріптеушілерденбіз." (166) Олар былай дейтін еді: (167) "Егер бізде бұрынғыларға түсірілген үгіт болса еді," (168) "Әлбетте Алланың ықыласты құлдарынан болар едік." (169) Сонда олар, келген Кітапқа дереу қарсы шықты. Жақында (нәтижені) біледі. (170) Расында елші құлдарымызға сөзіміз бұрын бекіген болатын: (171) "Сөз жоқ, оларға жәрдем болады." (172) "Сөзсіз жеңіске ие болатын біздің әскер." (173) (Мұхаммед F.C.) сонда олардан



бір мезгілге дейін бет бұра тұр. (174) Оларды көре тұр, олар да жақында көреді. (175) Олар азабымыздың жедел келуін қалай ма? (176) Қораларына (азап) түскен кезде, ескерту берілгендердің таңы нендей жаман. (177) Сонда олардан бір уаққа дейін аулақ бол. (178) Тағы оларды байқай тұр. Жақында олар көреді. (179) Қастерлі Раббың олардың сипаттағандарынан пәк. (180) Елшілерге сәлем! (181) Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы, Алла (Т.) ға лайық. (182)

سُورَةُ

الْاٰخِرَاتِ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

صَّ وَالْقُرَّءَانِ ذِي الذِّكْرِ ۝۱۱ بَلِ الَّذِينَ كَفَرُوا فِي عِزَّةٍ وَشِقَاقٍ ۝۱۲
 كَرَاهِلِكُنَّ مِنْ قَبْلِهِمْ ۝۱۳ قَدْ نَدَّوْا وَلَاتٍ حِينَ مَنَاصٍ ۝۱۴ وَعَجِبُوا
 أَنْ جَاءَهُمْ مُنذِرٌ مِّنْهُمْ وَقَالَ الْكٰفِرُونَ هٰذَا سِحْرٌ كَذٰبٌ ۝۱۵
 اجْعَلِ الْاٰلِهَةَ الْاِلٰهًا وَحٰدًا اِنَّ هٰذَا الشَّيْءُ عَجَابٌ ۝۱۶ وَاَنْطَلَقَ الْمَلٰٓئِ
 مَنُومٌ اَنْ اٰمَسُوْا وَاَصْبُوْا عَلٰٓى اِلٰهِيْتِكُمْ اِنَّ هٰذَا الشَّيْءُ يَسْرٰدٌ ۝۱۷
 مَا سَمِعْتُمْ اِنَّا فِي الْمَلٰٓئِكَةِ الْاٰخِرَةِ اِنْ هٰذَا اِلَّا اٰخِيْلُقٌ ۝۱۸ اَنْزَلَ
 عَلٰى الذِّكْرِ مِنْ بَيْنِنَا اَنْ هُمْ فِيْ شَكٍّ مِّنْ ذِكْرِيْ بَل لَّمَّا بَدَوْا قُوَاعِدًا
 ۝۱۹ اَمْ عِنْدَهُمْ خَزَآئِنٌ رَّحْمَةً رَّبِّكَ الْعَزِيزِ الْوَهَّابِ ۝۲۰ اَمْ لَهُمْ
 مَّلٰٓئِكَةٌ السَّمٰوٰتِ وَالْاَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا فَلَمْ يُنۡزَلُوْا فِي الْاَسْبَابِ ۝۲۱
 جُنُودًا مَّا هُنَاكَ مَهْرُومٌ مِّنَ الْاَحْزَابِ ۝۲۲ كَذَبَتْ قَبْلَهُمْ قَوْمُ
 نُوحٍ وَعَادٌ وَفِرْعَوْنُ ذُو الْاَوۡلَادِ ۝۲۳ وَثَمُوْدُ وَقَوْمُ لُوطٍ وَاَصْحَابُ
 لَيْكَةِ ۝۲۴ اُولٰٓئِكَ الْاَحْزَابُ ۝۲۵ اِنْ كُلُّ اِلَّا كَذٰبَ الرَّسُوْلِ
 فَحَقَّ عِقَابٌ ۝۲۶ وَمَا يَنْظُرُ هَلْوَ اِلَّا الصَّٰبِحَةَ وَبِجَدَّةٍ مَا لَهَا
 مِنْ فَوَاقٍ ۝۲۷ وَقَالُوْا رَبَّنَا جَعَلْنَا قُلُوبَنَا قٰبِلًا يَوْمَ الْحِسَابِ ۝۲۸


۴۵۳

38-САД СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Сексен сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Үгіт толы Құранға серт. (1) Әрине қарсы болғандар, дандайсып, тартысуда. (2) Олардан бұрын қаншалаған нәсілді жоқ еттік. Сонда олар ойбайлады да; бірақ құтылар заман емес еді. (3) Олар өздерінен бір ескертуші келгеніне таңырқады да қарсы болғандар: "Бұл бір сиқыршы,

барып тұрған суайт" деді. (4) "Тәңірлерді бір-ақ тәңір қыла ма? Әрине бұл тым таңғажайып нәрсе." (5) Олардың бастықтары келіп: "Жүріңдер, өз тәңірлерінде сабыр ете тұрыңдар. Сөз жоқ, бұл бір мақсатты нәрсе." (6) "Тіпті бұны біз өзге дінде естіген емеспіз. Бұл мүлде бір жасанды жол." (7) "Арамыздан осыға ғана үгіт түсірілді ме?,- (десті) Олай емес, олар Мәнің үгітімнен күдіктенуде. Әрине олар азабымды татқан жоқ. (8) (Мұхаммед F.C.) немесе өте үстем, аса жомарт Раббыңның мәрхаметінің қазынасы олардың қасында ма? (9) Не көктер мен жердің әрі арасындағылардың иелігі олардікі ме? Ендеше, ыңғайын тауып, көтеріліп көрсін. (10) (Олар) мұнда соққы жеген рулардан бір қол. (11) Олардан бұрын Нұх, Ғад елі және салтанат иесі Перғауын да жасынға шығарған еді. (12) Сондай-ақ Сәмүд, Лүт және Әйке халқы да. Міне осы топтар: (13) Барлығы да елшілерді жасынға шығарғандықтарынан, азап лайық болды. (14) Ал енді бұлар да тоқтаусыз бір ғана ащы дауысты күтеді. (15) Олар: "Раббымыз, есеп күнінен бұрын көресімізді тез көрсет" десті. (16)

(Мұхаммед F.C.) олардың айтқандарына сабыр ет. Мықты құлымыз Дәуіт (F.C.) ті есіңе ал! Өйткені ол, өте бой ұсынушы. (17) Рас оған тауларды бағындырдық. Олар онымен бірге іңірде әрі сәскеде Алланы дәріптейтін еді. (21-С. 79-А.) (18) Оған құсты тобымен бағындырдық. Барлығы Алланы дәріптуші еді. (19) Оның патшалығын күшейтіп, оған даналық, сондай-ақ дауға билік айту қабілетін бердік. (20) Саған даушының хабары келді ме? Сол уақытта дуардан асып бөлмеге кіріп келген еді. (21) Олар Дәуіт (F.C.) ке кірген сәтте, сонда олардан абыржып қалды. Олар: "Қорықпа, бір-біріне өктемдік еткен екі даушымыз. Арамызға туралықпен билік қыл. Шатаспа да бізді тура жолға сал" деді. (22) "Рас мына туысымның тоқсан тоғыз саулығы бар еді де менің бір саулығым бар еді. Сонда да ол, "Оны маған тапсыр" деп, сөз бойынша өзіме өктемдік істеді." (23) Дәуіт (F.C.): "Шынында сенің саулығыңды өз саулықтарыңның үстіне сұраумен саған зұлымдық еткен екен. Расында қарым-қатынаста болғандардың көбі, әрине бір-біріне қаралық істейді. Бірақ иман келтіріп, турашылдық істегендер басқа. Олар азғантай" деді. Дәуіт (F.C.) шын мәнінде өзін сынағанымызды сезді. Сондықтан Раббынан жарылқау тілеп, сәждеге




жығылып, бой ұсынды. (24) Сонда оны жарылқадық. Шәксіз оның Біздің қасымызда әлбетте жақындығы, көркем келешегі бар. (Бұл дауа мәселесі, мысал үшін келтірілген. Б.М.К.Х.) (25) Әй Дәуіт! Сені жер жүзінде меңгеруші қылдық. Сондықтан адамдардың арасына хақиқатпен үкім ет, ойға ерме. Онда сені Алланың жолынан адастырады. Шәксіз Алланың жолынан адасқандар, есеп күнін ұмытулары себепті оларға қатты азап бар. (26)



Көк пен жерді әрі екі арасындағыларды босқа жартпадық. Ол қарсы келгендердің ойы. Сондықтан оттан азап болатын қарсы келгендерге не өкініш! (27) Немесе иман келтіріп, ізгі іс істегендерді, жер жүзіндегі бұзақылардай қыламыз ба? (28) (Мұхаммед F.C.) саған бір мұбарак Кітап түсірдік; аяттарын түсінсін әрі ақыл иелері үгіт алсын. (29) Дәуіт (F.C.) ке Сүлеймен (F.C.) ді бердік. Ол не деген жақсы күл еді. Рас ол өте бағынышты. (30) Сол уақытта

бір кеште Сүлеймен (F.C.) ге сәйгүлік жүйріктер келтірілді (31) "Сөз жоқ, мен Раббымды еске алу үшін атты өте жақсы көремін" деді. Ақыр тұлпарлар көзден ғайып болған сәтте: (32) "Оны маған қайтарып әкеліңдер" (деп,) сонда аяқтарын, мойындарын сипай бастады. (Құран Кәрім түрікше ұғымы, Диянат істері Түркия Құран ұғымы. Т-Қ.Пакистан.) (33) Расында Сүлеймен (F.C.) ді сынап тағының үстіне бір дене қойдық. (Б.Ж.М.А.) Сосын ол, тәубе қылды. (34) "Раббым! Мені жарылқа. Маған, менен кейін ешкімге нәсіп болмайтын патшалық бер. Әрине Сен өте жомартсың" деді. (35) Сондықтан қалаған жерге жетуге, бұйрығымен оңай жүретін желді бағындырдық. (36) Әр түрлі құрылыс жасаушы және сүңгігіш шайтандарды бағындырдық. (21-С. 82-А.) (37) Ал басқа біреулері шынжырларда матаулы еді. (38) "Бұл Біздің бергеніміз. Ал енді қалағаныңа бер. Немесе бермей ұстап тұр, есеп емес. (Ерк өзінде).", - (дедік.) (39) Күдіксіз ол үшін қасымызда жақындық әрі көркем келешегі бар. (40) (Мұхаммед F.C.) құлымыз Әйүп (F.C.) ті есіңе ал. сол уақытта Раббына: "Рас мені шайтан бейнет және қинауға ұшыратты" деп жалбарынды. (41) Оған: "Аяғыңмен жерді теп. Міне саған шомылатын әрі ішетін суық су" (дедік.) (42)

(Әйүп Ғ.С. қолынан бала-шаға, мал-мүлкі кетіп, құрт ауруға ұшыраса да қабақ шытпай сабырмен құлшылық қыла бергендіктен, Алланың мәрхаметімен сақайып бұрынғыдан да артық халге келеді. Б.М.К.Р.) Бізден бір мәрхамет сондай-ақ ақыл иелеріне бір үгіт түрінде оған семьясын; олармен бірге бір есе артығымен бердік. (Әйүп Ғ.С. әйеліне кейіп, жазылсам, жүз дүре соғамын деп ант етеді. Б.Ж.М.Р.) (43) "Қолыңа бір топ ши алып, сонымен бір үр. Сертіңнен қайтпа!" Шынында оны сабырлы көрдік. Ол недеген жақсы құл. Өйткені ол, өте бойсұнушы. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) құлымыз Ыбырайым, Ысхақ және Яғқұп (Ғ.С.) ты есіңе ал. Олар мықты да қырағы еді. (45) Расында Біз оларды нағыз ахиретті еске алуға арнадық. (46) Сөз жоқ, олар, қ а с ы м ы з д а т а ң д а у л ы игі-жақсылардан. (47) (Мұхаммед Ғ.С.) Ысмайыл, Іляс және Зүлкәфіл (Ғ.С.) ді де есіңе ал. Барлығы жақсылардан еді. (48) Бұл бір насихат. Күдіксіз тақуалар үшін тым көркем келешек бар. (49) Олар үшін есіктері ашық Ғадын жаннаттары бар (50) Олар онда жастанып отырады. Ол жерде мол жемістер, сусындар тілейді. (51) Олардың қасында телмірген жасыт қор қыздары бар. (52) Есеп күні үшін сендерге уәде етілгендер осы. (53) Сөзсіз, таусылмас берген несібеміз осы; (54) Я, осы! Ал расында азғындар үшін жаман орын



бар: (55) Олардың кірер жерлері тозақ. Сонда нендей жаман орын; (56) Я, осы! Енді олар, қайнар су, ірің татсын! (57) Тағы басқа осы сияқтылардың неше түрлісі бар. (58) (Қылмыстылардың бастықтарына): "Мына топ, сендермен бірге тозаққа кірушілер" (делінеді. Олар): "Оларға жақсылық жоқ. Олар тозаққа кіреді" (дейді.) (59) Олар: "Олай емес, сендерге жақсылық болмасын! Бұны бізге сендер келтірдіңдер. Нендей жаман орын" (дер.) (60) Олар: "Раббымыз! Бізге бұны кім келтірген болса, оның тозақтағы азабын неше есе арттыра түс!", - дейді. (61)

سورة الحديد


الحديد

وَقَالُوا مَا لَنَا لَنْ نَرَىٰ رَجُلًا كَمَا نَعُدُّهُمْ مِنَ الْأَشْرَارِ ﴿٦٦﴾ أَخَذَتْهُمْ
 سِحْرِيًّا أَمْ زَاغَتْ عَنْهُمْ الْأَبْصَارُ ﴿٦٧﴾ إِنَّ ذَلِكَ لَحَقٌّ تَخَاصُمُ أَهْلِ
 النَّارِ ﴿٦٨﴾ قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ وَمِمَّنْ أَلَّاهُ بِاللَّهِ الْوَحِيدَ الْقَهَّارِ ﴿٦٩﴾
 رَبُّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا الْعَزِيزُ الْغَفُورُ ﴿٧٠﴾ قُلْ هُوَ بَدِئُ
 عَظِيمٌ ﴿٧١﴾ أَنْتُمْ عَنْهُ مُعْرِضُونَ ﴿٧٢﴾ مَا كَانَ لِي مِنْ عِلْمٍ بِاللَّيْلِ إِذَا يَأْتِي
 إِذْ يَخْتَصِمُونَ ﴿٧٣﴾ إِنْ يُوحَىٰ إِلَيَّ إِلَّا مَا نَزَّلَ مُبِينٌ ﴿٧٤﴾ إِذَا قَالَ رَبُّكَ
 لِلْمَلَائِكَةِ إِنِّي خَلَقْتُ بَشَرًا مِنْ طِينٍ ﴿٧٥﴾ فَإِذَا سَوَّيْتُهُ وَنَفَخْتُ فِيهِ
 مِنْ رُوحِي فَقَعُوا لَهُ سَاجِدِينَ ﴿٧٦﴾ فَسَجَدَ الْمَلَائِكَةُ كُلُّهُمْ
 أَجْمَعُونَ ﴿٧٧﴾ إِلَّا إِبْلِيسَ اسْتَكْبَرَ وَكَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ ﴿٧٨﴾ قَالَ
 يَا بَنِي آدَمَ اسْكُنُوا مَا مَعَكُمْ أَنْ تَسْجُدَ لِمَا خَلَقْتُ بِإِيْدِي اسْتَكْبَرْتَ أَتَمَنَّكَ
 مِنَ الْعَالَمِينَ ﴿٧٩﴾ قَالَ أَنَا خَيْرٌ مِنْهُ خَلَقْتَنِي مِنْ نَارٍ وَخَلَقْتَهُ مِنْ طِينٍ
 ﴿٨٠﴾ قَالَ فَأَخْرِجْهَا مِنْهَا فَإِنَّكَ رَجِيمٌ ﴿٨١﴾ وَإِنَّ عَلَيْكَ لعَذَابَ يَوْمٍ
 الَّذِينَ ﴿٨٢﴾ قَالَ رَبِّ فَأَنْظِرْ إِلَىٰ يَوْمٍ يُبْعَثُونَ ﴿٨٣﴾ قَالَ فَإِنَّكَ مِنَ
 الْمُنظَرِينَ ﴿٨٤﴾ إِلَىٰ يَوْمِ الْوَلُوفِ الْمَعْلُومِ ﴿٨٥﴾ قَالَ فَبِعِزَّتِكَ
 لَأَعْرِضَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ ﴿٨٦﴾ الْإِعْبَادَ كَ مِنْهُمْ الْمُخْلِصِينَ ﴿٨٧﴾

٤٥٧

Олар: "Бізге не болды? Өздерін жамандардан санаған адамдарды көрмейміз ғой" деседі. (62) "Оларды сықаққа алушы едік. Немесе олар көздерімізге түспей ме?" (63) Күдіксіз, міне осы; тозақтықтардың тартысулары бір шындық. (64) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде мен бір ескертуші ғанамын. Өте өктем бір Алладан басқа ешбір тәңір жоқ" де. (65) "Ол, көктер мен жердің әрі екі арасындағылардың Раббы. Тым үстем, аса жарылқаушы..." (66) "Бұл бір ірі

хабар" де: (67) "Сендер Одан бет бұрсаңдар." (68) "Жоғары әлемдегілердің тартыспаларынан мәліметім жоқ еді." (69) "Шын мәнінде ашық бір ескертуші болғандығынан ғана маған уахи етілуде" (де.) (70) Сол уақытта Раббың, періштелерге: "Мен балшықтан бір адам жаратамын" деген. (71) "Қашан оны жасап, оған рұхымнан үрлеген сәтте, оған сәждеге жығылыңдар" (делінді.) (72) Сонда періштелердің бәрі түгел сәжде қылды. (73) Бірақ Ібіліс сәжде етпей тәкаппарланып, қарсылардан болды. (74) (Алла Т.): "Әй Ібіліс! Құдырет қолыммен жаратқаным сәжде етуден сені не тосты? Тәкаппарландың ба?,"- деді. (75) Ол: "Мен одан артықпын. Өйткені, мені оттан жараттың да оны топырақтан жараттың" деді. (76) (Алла Т.): "Дереу ол жерден шық. Шын мәнінде сен рахметімнен қуылдың" деді. (77) "Шынында қиямет күніне дейін лағынетім саған болсын." (78) Ол: "Раббым, онда қайта тірілетін күнге дейін маған мұрса бер" деді. (79) (Алла Т.): "Рас сен мұрса берілгендерденсің!" (80) "Белгілі бір күнге дейін." (81) Ол: "Үстемдігіңе серт! Әлбетте олардың барлығын аздырамын" деді. (82) "Бірақ олардан ықыласты құлдарың ғана қалады." (83)



(Алла Т.): "Хақиқат осы. Мен хақиқатты айтамын." (84) "Әлбетте тозақты сеніменен және саған ілескендермен, солардың барлығымен толтырамын." (85) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Сендерден оған ақы сұрамаймын. Өз ойымнан шығарушылардан емеспін" де. (86) "Бұл Құран бүкіл әлем үшін бір насихат!" (87) "Әлбетте оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер." (88)

39-ЗҮМӘР СҮРСИ

Меккеде түскен. Жетпіс бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бұл Қітаптың түсірілуі, тым үстем, аса дана Алла (Т.) дан. (1) (Мұхаммед F.C.) расында саған бұл Қітапты бір шындықпен түсірдік. Сонда Аллаға дінді нағыз арнап, құлшылық қыл. (2) Көңіл бөліңдер! Дін нағыз Аллаға тән. Сондай Алладан өзгені дос тұтқандар: "Біз бұларға, Аллаға жақындастырсын деп қана табынамыз" (дейді.) Күдіксіз олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Алла (Т.) үкім

береді. Расында Алла, кім өтірікші, өте қарсы болса, оны тура жолға салмайды. (3) Егер Алла бала иемденуді қаласа еді, жаратқанынан тілегенін таңдар еді. Ол одан пәк. Ол Алла жалғыз, өте үстем. (4) Көктерді, жерді шындық бойынша жаратты. Түнді күндізге айналдырады, күндізді түнге айналдырады және күн мен айды меңгереді. Әрбірі белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Абайлаңдар! Ол тым үстем, аса жарылқаушы. (5)

سُورَةُ الزُّمَرِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ

خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ ثُمَّ جَعَلَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَأَنْزَلَ لَكُمْ
 مِنْ الْأَنْعَامِ ثَمَنِيَّةً أَزْوَاجًا لِتَحْلُقَ فِي بَطُونٍ أُمَّهَاتِكُمْ
 خَلْقًا مِنْ بَعْدِ خَلْقٍ فِي ظَلَمْتِ ثَلَاثٌ ذَلِكُمْ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَهُ
 الْمُلْكُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ فَأَنْ تَضُرُّوهُ ۗ إِنْ تَكْفُرُوا فَإِنَّ
 اللَّهَ عَنِّي وَعَنْكُمْ وَلَا يَرْضَى لِعِبَادِهِ الْكُفْرَ وَإِنْ تَشْكُرُوا يَرْضَهُ
 لَكُمْ وَلَا تَزِرُ وَازِرَةٌ وِزْرَ أُخْرَىٰ ثُمَّ إِلَىٰ رَبِّكُمْ مَرْجِعُكُمْ
 فَيُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿٧﴾
 ۞ وَإِذَا مَسَّ الْإِنْسَانَ ضُرٌّ دَعَا رَبَّهُ مُنِيبًا إِلَيْهِ ثُمَّ إِذَا حَوَّلَهُ
 نِعْمَةً مِنْهُ نَسِيَ مَا كَانَ يَدْعُو إِلَيْهِ مِنْ قَبْلٍ وَجَعَلَ لِلَّهِ أَنْدَادًا
 لِيُضِلَّ عَنْ سَبِيلِهِ ۗ قُلْ تَمَتَّعْ بِكُفْرِكَ قَلِيلًا إِنَّكَ مِنْ أَصْحَابِ
 النَّارِ ﴿٨﴾ أَمِنْ هُوَ قَدْنَتْ آتَاءَةُ الْيَلِ سَاجِدًا وَقَائِمًا يَحْذَرُ
 الْآخِرَةَ وَيَرْجُو رَحْمَةَ رَبِّهِ ۗ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ
 لَا يَعْلَمُونَ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُولُو الْأَلْبَابِ ﴿٩﴾ قُلْ يَعْبَادُ الَّذِينَ
 ءَأَمَّنُوا أَنْقُورًا يَكُمُ لِلَّذِينَ أَحْسَنُوا فِي هَذِهِ الدُّنْيَا حَسَنَةٌ
 وَأَرْضُ اللَّهِ وَسِعَةٌ إِنَّمَا يُوَفَّى الصَّابِرُونَ أَجْرَهُمْ بِغَيْرِ حِسَابٍ ﴿١٠﴾


٤٥٩

تَجْوِيزُ
الْحَرْبِ
٤٦


сендерден мүңсыз. Құлдарының қарсылығын ұнатпайды. Егер шүкірлік етсеңдер, сендерге разы болады. Ешбір күнәкар, басқаның күнәсын көтермейді. Сосын қайтар жерлері Раббылары жақ. Сонда сендерге істеген істеріңді түсіндіреді. Өйткені, Алла көкіреkteгілерді толық біледі. (7) Қашан адам баласына бір таршылық келсе, Раббына жалбарып, Оған бейім ынта байқатады. Сосын қашан Алла оған бір игілік берсе, бұрынғы Оған жалбарғанын ұмытады да жолынан адастыру үшін Аллаға теңдес жасайды. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Қарсылығыңмен біраз мәз бола тұр. Сөз жоқ сен тозақтықсың" де. (8) (Ал осылар,) бой ұсынып, түн ішінде сәжде етіп, тіке тұрып, сондай-ақ ақиреттен қорқып Алланың рахметінен үміт еткен кісі сияқты ма? (Мұхаммед F.C.) оларға: "Білгендер мен білмегендер тең бола ма?";- де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады. (9) (Мұхаммед F.C.): "Әй иман келтірген құлдарым! Раббыларыңнан қорқыңдар! Бұл дүниеде жақсылық істегендерге жақсылық бар. Алланың жері кең. Шын мәнінде сабыр етушілерге сыйлықтары есепсіз орындалады" деп айт. (10)

Алла (Т.) сендерді бір кісіден жаратты. Сосын одан жұбайын жаратты. Тағы сендер үшін малдардан (түйе, сиыр, қой, ешкі.6-С. 143-А.) сегіз түр пайда қылды. Және сендерді аналарыңның ішіндегі (құрсақ, жатыр, қағанақ) үш қараңғылықта бір жаратылыстан кейін бір жаратылыспен жаратты. (22-С. 5-А. 23-С. 14-А.) Міне осы Раббыларың Алла (Т.) Патшалық Оған тән. Одан басқа еш тәңір жоқ. Қайтып бұрылып барасыңдар? (6) Егер қарсы келсеңдер, сонда Алла

(Мұхаммед Ғ.С.): "Шәксіз мен дінді нағыз Аллаға арнап, құлшылық қылуға бұйрылдым." де. (11) "Сондай-ақ бой ұсынушылардың алды болуға бұйрылдым" (12) "Шынында мен Раббыма қарсы келсем, ұлы күннің азабынан қорқамын" де. (13) "Дінімді нағыз Аллаға арнап құлшылық қыламын" де. (14) "Сендер Алладан өзге қалағандарыңа табыныңдар. Расында, зиянға ұшырағандар, қиямет күні өздерін де үй-іштерін де зиянға ұшыратқандар болады. Сақ болыңдар! Міне осы анық зиянға ұшырағандық" де. (15) Олардың үстерінде де оттан түнектер; астарынан да түнектер болады. Міне Алла құлдарын осы арқылы қорқытады. Әй құлдарым! Менен қорқыңдар. (16) Сондай бұттан, оларға табынудан аулақ болғандар, сондай-ақ Аллаға ынтамен бой ұсынғандар, олар үшін қуаныш бар. сонда құлдарымды шүйіншіле. (17) Сондай сөзге құлақ салып, сонда оның ең көркеміне ілесетіндер, міне солар, Алла өздерін тура жолға салғандар. Ал міне солар, ақыл иесі. (18) (Мұхаммед Ғ.С.) өзіне азап лайық болу сөзі




бекіген біреуді және тозақтағы біреуді сен құтқарасың ба? (19) Раббыларынан қорыққандар үшін астарынан өзендер ағатын қабат-қабат салынған сарайлар бар. Бұл Алланың уәдесі, Алла (Т.) уәдесінен таймайды. (20) Көрмейсің бе? Алла көктен жаңбыр жаудырып, оны жер жүзіндегі қайнарларға салды. Сосын ол арқылы түрлі-түсті егіндер шығарды. Сосын қуқыл тартып, оның сарғайғанын көресің. Сосын оны қоқымға айналдырады. Бұнда ақыл иелеріне үгіт бар. (21)




тура жолга салады. Алла әлде кімді адастырса, сонда оған тура жол көрсетуші болмайды. (23) Қиямет күні, жүзін жаман азаптан қоруга тырысқан кісі қандай?... Залымдарға: "Істегендеріңнің жазасын татындар" делінеді (24) Олардан бұрынғылар да жасынға шығарған. Сонда оларға күтпеген жерден апат келген. (25) Егер олар білген болса, Алла оларға дүние тіршілігінің қорлығын тарттырған. Әрине ахирет азабы тағы зор. (26) Расында Біз бұл Құранды адам баласына әр түрлі мысалды, олар үгіт алу үшін келтірдік. (27) Бұл мүлтіксіз бір арапша Құран. Әрине олар сақсынар. (28) Алла бір мысал берді: Өзара шығыса алмаған ортақтардың меншігіндегі біреумен бір адамның меншігіндегі біреу; мысалда, екеуі тең бе? Барлық мақтау Аллаға лайық. Бірақ олардың көбі түсінбейді. (29) (Мұхаммед F.C.) шынында сен де өлесің. Олар да өледі. (30) Сосын сендер, қиямет күнінде Раббыларыңның хұзырында дауласасындар. (31)

Алла (Т.) әлде кімнің көкірегің Ислам үшін ашса, сонда ол, Раббы тарапынан нұр үстінде емес пе? Жүректері Алланы еске алудан қатайғандар құрысын! Міне олар, ашық адасуда. (22) Алла (Т.); аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді. Одан Алладан қорыққандардың түктері үрпиеді. Сосын олардың терілері, жүректері Алланың зікіріне жұмсайды. Бұл (Құран) Алланың тура жолы. Онымен кімді қаласа,




Ал енді Аллаға өтірік айтқан, сондай-ақ өзіне шындық келген кезде, оны жасынға шығарған біреуден залымырақ кім бар? Қарсы келушілерге тозақта орын бар емес пе? (32) Сондай шындықты әкелген және оны мойындаған міне солар; тақуалар. (33) Оларға Раббыларының қасында қалағандары бар. Жақсылық істеушілердің сыйлықтары осы. (34) Өйткені Алла (Т.) олардың істеген істерінің жаманын жояды да оларды істеген істерінің ең жақсысымен сыйлайды. (35) Алла құлына жеткілікті емес пе? (Мұхаммед F.C.) олар сені Алладан өзгелермен қорқытады. Кімді Алла адастырса, оған тура жол көрсетуші жоқ. (36) Ал кімді Алла тура жолға салса, сонда оны адастырушы жоқ. Алла (Т.) өте үстем, өш алу күшіне ие емес пе? (37) (Мұхаммед F.C.) расында олардан: "Көктерді жерді кім жаратты" деп сұрасаң, әрине олар: "Алла" дейді. "Көрдiңдер ме? Егер

Алла маған бір зиян беруді қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың Оның апатын айықтыра ала ма? Немесе Алла маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса ала ма?",- де. "Алла маған жетеді. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін" де. (38) (Мұхаммед F.C.): "Әй елім! Өз орындарыңда істей берiңдер. Әрине мен де істеймін. Жақында білесiңдер" де. (39) "Қорлаушы азап кімге келеді? Үстіне тұрақты азап түсетін кім? (Жақында білесiңдер" де.) (40)




шапагатшы етіп алды ма? (Мұхаммед F.C.): "Егер олар еш нәрсеге ие болмаса да әрі еш нәрсені түсінбесе де ме?", - де. (43) (Мұхаммед F.C.): "Барлық шапагат Алла үшін. Көктер мен жердің иелігі Онікі. Сонсоң Ол жаққа қайтарыласыңдар" де. (44) Бір Алла зікір етілсе, ахиретке сенбегендердің жүректері жиренеді. Ал қашан Алладан өзгелер зікір етілсе, олар қуанады. (45) (Мұхаммед F.C.): "Әй көктерді және жерді жаратушы, көрнеу, көместі білуші Алла! Қайшылыққа түскен нәрселерде құлдарыңның арасына Сен төрелік етесің" де. (46) Егер біртұтас жер жүзінде болған нәрселер және онымен бірге сондай тағы зальымдардікі болса еді, қиямет күнінің қатты азабынан (құтылу үшін) оны төлеуге берер еді. Олар, Алла тарапынан еш күтпеген нәрселерді көреді. (47)

(Мұхаммед F.C.) расында саған Құранды адам баласы үшін шындық бойынша түсірдік. Сонда кім тура жолға түссе, өзі үшін. Ал кім адасса, ол өз зиянына. Сен оларға кепіл емессің. (41) Өлер уақытта жанды Алла алады. Сондай - ақ өлмегендердің жанын ұйқыда алады. (Сезім қабілеттері тоқтайды.) Сосын өлуіне үкім берілгендердікін тоқтатады да басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін жібереді. Сөз жоқ, мұнда түсінетін елге ғибраттар бар. (42) Немесе олар Алладан өзгені



Оларға істеген жамандықтары мәлім болады. Әрі олардың ажыуалаған нәрселері өздерін баурап алады. (48) Адам баласына бір қиыншылық душар болса, Бізге жалбарады. Сосын оған жанымыздан бір игілік берген сәтте: "Бұл маған білгіштігіме ғана берілді" дейді. Жоқ олай емес, ол бір сынақ. Бірақ олардың көбі түсінбейді. (49) Расында олардан бұрынғылар да соны айтқан болатын. Бірақ олардың істегендері кәдеге жарамады. (50) Сонықтан олардың кесірлері өздеріне тиеді. Сондай-ақ олардан залым болғандардың сұмдығы жедел өз бастарына жетеді. Олар Алланы осалдата алмайды. (51) Олар білмей ме? Расында Алла (Т.) кімді қаласа, оның несібесін кеңітеді де тарайтады. Сөз жоқ, осыларда сенген ел үшін өнегелер бар. (52) (Мұхаммед Ғ.С.): "Әй өздеріне зиян қылған құлдарым! Алланың рахметінен күдер


үзбендер. Алла біртұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені Ол тым жарылқаушы, төтенше мейірімді" де. (53) "Өздеріңе апат келуден бұрын Раббыларыңа қайтыңдар, Оған бой ұсыныңдар. Кейін жәрдем көре алмайсыңдар." (54) "Сендерге кенеттен, хабарсыз азап келуден бұрын өздеріңе түсірілген жақсы нәрсеге еріңдер!" (55) Біреудің: "Алла туралы кемшілік еткендігіме және мазақтаушылардан болғандығыма маған нендей өкініш" дейтін (күнді еске алыңдар.) (56)




болғанын көресің. Менменсігендердің орны тозақ емес пе? (60) Алла (Т.) тақуаларды табысты болғандықтары себепті құтқарады. Оларға жамандық тиіспейді де олар күйзелмейді. (61) Алла (Т.) әр нәрсеге кепіл. (62) Көктер мен жердің кілттері Оның иелігінде. Алланың аяттарына қарсы келгендер, міне солар; зиянға ұшыраушылар. (63) (Мұхаммед): "Маған Алладан басқаға құлшылық қылуды бұйырасыңдар ма? Әй надандар!", - де. (64) Расында саған да сенен бұрынғыларға да: "Егер Аллаға ортақ қоссаң әлбетте ғамалың жойылып кетеді де анық зиянға ұшыраушылардан боласың" деп уахи етілді. (65) Жоқ олай емес, Аллаға ғана құлшылық қыл. Және шүкірлік етушілерден бол. (66) Олар Алланы шын мәнінде қадырлай алмады. Негізінде қиямет күні жер бүтіндей Оның уысында. Және көктерде оң қолымен бүктеледі. (Алланың құдыреті бойынша апса; алақанында, жұмса; уысында. Б.Ж.М.) Ол олардың қосқан ортақтарынан пәк. Әрі жоғары. (67)

Немесе: "Егер Алла, мені тура жолға салса еді, әрине мен тақуалардан болар едім" (дейтұғын.) (57) Не олар азапты көрген сәтте: "Әттеген-ай! Маған қайта қайту болса еді, сонда жақсылық істеушілерден болар едім" (дейтұғын күннен сақтаныңдар.) (58) "Олай емес, расында саған аяттарымыз келді де оны жасынға шығардың. Сондай-ақ менменсіп, қарсы келгендерден болдың" (делінеді.) (59) (Мұхаммед F.C.) қиямет күні Аллаға өтірік айтқандардың беттері қап-қара

Сүр үрілгенде Алланың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ Алланың қалағандары қалады. (Б.Ж.М.) Сосын екінші рет сүр үріледі де сонда олар тұрған бойда қарап қалады. (Немесе не істелетіндігін күтеді. Ж.) (68) Жер жүзі Раббының нұрымен жарық болады. Кітап (ғамал дәптер ортаға) қойылады. Пайғамбарлар, куәлер келтіріледі. Олардың араларына хақиқат бойынша үкім етіледі. Олар әділітсіздікке ұшырамайды. (69) Әркімге не істегені толық төленеді. Алла олардың не істегендерін жақсы біледі. (70) Қарсы келгендер топ-топ тозаққа айдалады. Сондай-ақ оған барғандарында оның есіктері ашылады. Оларға оның күзетшілері: "Сендерге іштеріңнен, өздеріңе Раббыларыңның аяттарын оқитын және бұл күнге жолығатындықтарыңды ескертетін елшілер келмеді ме?,- дейді. Олар: "Әрине келді. Бірақ азап үкімі қарсы болушыларға шындыққа айналды" дейді. (71) Оларға: "Ішінде Мәңгі қалатын тозақтың есіктерінен кіріңдер" делінеді. Тәкаппарлардың орны нендей жаман. (72) Ал



Раббыларына қарсы келуден сақсынғандар, топ-топ жаннатқа жолданады. Сондай-ақ олар оған барғанда оның есіктері ашылады. Оларға оның сақшылары: "Сендерге сәлем. Қош келдіңдер, жаннатқа мәңгі қалатын түрде кіріңдер" дейді. (73) Олар: "Бізге берген уәдесін шынға шығарған және бізді жаннаттың жеріне мұрагер еткен Аллаға барлық мақтау лайық. Жаннаттан қалағанымызша орын аламыз. Ғамал қылушылардың сыйлығы қандай жақсы" дейді. (74)




білуші Алла тарапынан. (2) Күнәны жарылқаушы, тәубені қабыл етуші, азабы да қатты және кеңшілік иесі. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Әрі қайтар орын Сол жақ. (3) Алланың аяттары турасында қарсы болғандар ғана тартысады. (Мұхаммед F.C.) сені, олардың мемлекеттерде кезіп жүрулері алдамасын. (3-С. 196-А.) (4) Олардан бұрында Нұх (F.C.) тың елі әрі одан кейінгі топтар да жасынға шығарған болатын. Әр үммет өз елшілерін қолға алуға бел байлады. Сондай-ақ хақиқатты бос нәрселер арқылы қулатуға тырысты. Сондықтан оларды қолға алдым. Жазаландыруым қалай екен? (5) Осылайша қарсы болушыларға байланысты Раббыңның сөзі шындыққа айналды. Сөз жоқ, олар тозақтық. (6) Сондай ғаршыны көтерген және оның маңындағы періштелер, Раббыларын мақтаумен дәріптейді, Оған сенеді. Сондай-ақ иман келтіргендер үшін: "Раббымыз! Мәрхаметің, білімің әр нәрсені сидырып, ішіне алған. Сондықтан тәубе етіп, жолыңа түскендерді жарылқа! Әрі оларды тозақтан сақтай көр!", - (деп тілейді.) (Ғаршыны көтеруден мақсат; қорғау, басқаруға міндеттендірілген періштелер: Олар сап-сап болып, Алланың бірлігін, ұлықтығын баян етіп, дәріптей құлшылық қыла отырып Мұсылмандар үшін де хайыр дұға етеді. Б.Ж.М.К.Р.) (7)

(Мұхаммед F.C.) періштелерді ғаршының айналасында Раббыларын дәріптеген түрде көресің. Олардың арасында хақиқат бойынша үкім етіледі. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббына лайық делінеді. (75)


40-ҒАҒЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сексен бес аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1)
 Кітаптың түсірілуі, өте үстем, аса

"Рабымыз! Оларды әрі аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, оларды өзің уәде еткен Ғадын жаннаттарына кіргізе көр. Күдіксіз Сен өзің тым үстем, аса данасың..." (8) "Оларды жамандықтардан қорға. Ол күні кімді жамандықтан қорғасаң, сөз жоқ, оны мәрхаметіңе бөлеген боласың. Міне сол, зор қолы жеткендік." (9) Расында сондай қарсы болғандарға (қиямет күні): "Алланың ашуы, сендердің өз ашуларыңнан зорырақ. Өйткені, сендер иманға шақырылған кезде, қарсы болдыңдар" деп дабысталады. (10) Олар: "Рабымыз! Бізді екі рет тірілтіп екі рет өлтірдің. Енді күнәларымызға мойындадық. Ал енді бізге шығар жол бар ма?",- дейді. (2-С. 28-А.) (11) Оларға: "Бір ғана Аллаға шақырылғанда қарсы шықтыңдар да ал Оған ортақ қосылса, сенетін едіңдер. Ал енді үкім өте жоғары, аса ұлы Аллаға тән" (делінеді) (12) Ол сондай Алла, сендерге дәлелдерін көрсетті. Тағы сендерге көктен несібе түсірді.




Бірақ бой ұсынған кісі ғана үгіт алады. (13) Егер қарсы болғандар, жек көрсе де дінді өзіне ғана арнап, нағыз Аллаға жалбарыңдар. (14) Ол, дәрежелерді көтеруші, гаршының иесі. Жолығатын күнді ескерту үшін құлдарынан кімді қаласа, өз бұйрығымен уахи түсіреді. (Бұл жердегі "Рүх"; уахи мағнасында. Б.Ж.М.) (15) Ол күні; олар, көрнеуге шығарылады. Олардан ешбір нәрсе Аллаға жасырын болмайды. "Бүгін патшалық кімдікі? Тек қана жалғыз, тым өктем Алланикі" (делінеді.) (16)




жалбарынғандары, еш нәрсеге үкім бере алмайды. Күдіксіз Алла (Т.) толық естуші, тым қырағы. (20) Олар жер жүзінде кезіп, өздерінен бұрынғы, тағы күшті әрі жер жүзінде көп деректер қалдырғандардың соңдарының қалай болғанын көрмей ме? Сонда Алла, оларды күнәлары себепті қолға алған. Сондай-ақ оларды Алладан қорғаушы жоқ. (21) Осылар, расында өздеріне ашық белгілермен келген елшілеріне қарсы келулерінің салдарынан; Алла, оларды қолға алды. Өйткені Ол, тым күшті, азабы өте қатты. (22) Расында Мұса (Ғ.С.) ны мүғжизаларымыз әрі ашық дәлелмен жібердік. (23) Перғауын, Һаман және Қарунға жібердік. Олар: "Өтірікші жадыгер" деді. (24) (Мұса Ғ.С.) оларға жанымыздан шындық келтірген кезде: "Онымен бірге иман келтіргендердің ұлдарын өлтіріңдер, әйелдерін тірі қойыңдар" деді. Бірақ кәпірлердің әдістері мүлде зая болар. (25)

Бүгін әркім істегені бойынша жазаланады. Бүгін зұлымдық болмайды. Күдіксіз Алла (Т.) тез есеп көруші. (17) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға жақындаған қиямет күнін ескерт. Сол уақытта, жүректер жұтқыншаққа келіп, қылғынып, лоқсушылар болады. Залымдар үшін бір дос та ықбалды болушы да болмайды. (18) Алла көздердің қиянатын және көкіректердегі құпияны біледі. (19) Алла (Т.) туралық бойынша үкім береді. Олардың Алладан өзге



Перғауын: "Мені қоя беріңдер, Мұсаны өлтірейін. Ол, Раббына жалбарынсын. Расында мен оның, діндерінді өзгертуінен немесе жер жүзінде бір бұзақылық шығаруынан қорқамын" деді. (26) Мұса (Ғ.С.): "Мен, есеп күніне сенбеген әр текаппардан, менің де Раббым, сендердің де Раббыларыңа сиындым" деді. (27) Перғауын семьясынан иманын жасырған бір мүмін: "Раббым Алла, деген кісіні өлтірмеңдер. Расында ол, сендерге Раббыларыңнан мұғжизалармен келді. Егер өтірікші болса, өтірігі өзіне, ал егер шыншыл болса, сендерді қорқытқан апатың кейі бастарыңа келер. Расында Алла, шектен шыққан суайт біреуді тура жолға салмайды" деді. (28) "Әй елім! Бүгін патшалық сендердікі. Бұл жерде өктемсіңдер. Ал егер (Алланың ашуы) бізге келсе, сонда бізді Алланың апатынан кім қорғайы?,"- деді. Перғауын: "Мен сендерге өз көзқарасымды ғана айтамын. Сондай-ақ сендерді тура жолға ғана саламын" деді. (29) Иман келтірген кісі: "Әй елім! Расында


мен сендерге (өткен) топтардың күні сияқты күн (келуі) нен қорқамын" деді. (30) "Айталық: Нұх (Ғ.С.) елінің, Ғад, Сәмуд және олардан кейінгілердің әдеттері тәрізді. Алла (Т.) құлдарына зұлымдық қаламайды!" (31) "Әй елім! Расында мен, сендерге келетін ойбайласу күнінен қорқамын!" (32) "Сол күні арттарыңа бұрылып қашасыңдар. Сендерді Алладан қорғаушы болмайды. Алла кімді адастырса, оған тура жол көрсетуші болмайды." (33)




текаппар, зорлықшылдардың жүрегіне мөр басады. (Бітейді.)" (35) Перғауын: "Әй һаман! Маған бір мұнара жаса. Бәлкім жолдарға жетермін" дейді. (36) "Көктердің жолдарына жетіп, Мұсаның Тәңірін байқаймын. Расында мен оны өтірікші деп ойлаймын." Осылайша Перғауынға жаман істері көркем көрсетіліп, жолдан тосылды. Перғауынның тәсілдері, мүлде жойылуда. (37) Иман келтірген кісі: "Әй елім! Маған ілесіңдер. Сендерді тура жолға саламын" деді. (38) "Әй елім! Шын мәнінде бұл дүние тіршілігі, уақытша пайдалану. Сөзсіз ахирет, ол; тұрақты жұрт." (39) "Әлде кім бір жамандық істесе, сонда ол, соның өзіндей ғана жаза көреді. Ал және ер, әйел кімде-кім сенген түрде ізгі іс істесе, ал міне солар; жаннатқа кіреді. Сондай-ақ олар онда есепсіз ризыққа бөленеді." (40)

"Расында Мұса (Ғ.С.) дан бұрын Юсып (Ғ.С.) сендерге дәлелдермен келген еді. Алайда сендерге келтірген нәрседен үнемі күдікте өдіңдер. Ақыр Юсып (Ғ.С.) қайтыс болғанда: "Алла одан кейін ешбір елші жібермейді" деген өдіңдер. Осылайша Алла, шектен шығушы, күдіктенуші кісіні адастырады." (34) "Олар, өздеріне келген ешбір дәлел болмаса да, Алланың аяттары жайында тартысады. Бұл Алланың қасында да мүміндердің қасында да зор кейіс. Өстіп Алла, әрбір

"Әй елім! Маған не болды? Мен сендерді құтылуға шақырамын. Сендер мені тозаққа шақырасыңдар." (41) "Әрі сендер мені Аллаға қарсы болуға сондай-ақ білмеген нәрсені Оған ортақ қосуға да шақырасыңдар. Мен, сендерді өте үстем, аса жарылқаушы Аллаға шақырамын..." (42) "Күдік жоқ, шын мәнінде сендердің мені шақырған нәрселерің, дүниеде де ахиретте де шақыруға лайық емес. (Немесе олар шақыру күшіне ие емес.) Сөзсіз бәріміздің қайтар жеріміз Алла жақ. Расында шектен шығушылар, олар тозақтық." (43) "Таяуда менің айтқанымды түсінесіңдер. Мен ісімді Аллаға тапсырамын. Күдіксіз Алла, құлдарын толық көруші" деді. (44) Енді Алла, оны, олар жасаған сұмдықтарынан қорғады. Перғауындықтарды сүркей азап баурап алды. (Дүниеде суға батты. Ахиретте тозаққа кіреді. Ж.) (45) Олар ертелі-кеш отқа ұсынылады. Қиямет-қайым болған күні: "Перғауындықтарды азаптың ең




қаттысына кіргізіңдер." (46) Сол уақытта олар тозақта керкілдеседі. Нашарлары, паңсығандарына: "Расында біз сендерге ерген едік. Ал енді сендер, бізден оттың бір бөлімін кетіре аласыңдар ма?", - дейді. (47) Паңсығандары: "Расында бәріміз тозақтамыз. Күдіксіз Алла, құлдарының арасына үкім беріп қойған" дейді. (48) Оттағылар, тозақтың сақшысына: "Раббыларыңнан тілеңдер. Азабымыздан бір күн жеңілтсін" дейді. (49)




беріп, Израил ұрпақтарын Тәуратқа мұрагер қылдық. (53) Ақыл иелеріне тура жол әрі үгіт. (54) (Мұхаммед F.C.) ендеше сабыр ет. Шын мәнінде Алланың уәдесі хақ. Ертелі-кеш күнәңның жарылқануын тіле. Раббыңды дөріптеп, макта. (48-С. 2-А.) (55) Алланың аяттарына байланысты өздеріне бір дәлел келмесе де тартысқандардың көкіректерінде өздері есте жете алмайтын бір менмендік бар. Енді Аллаға сиын. Күдіксіз Ол, толық естуші, аса қырағы. (56) Әлбетте көктер мен жерді жарату, адамдарды жаратудан зор. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (57) Соқыр мен көруші тең емес. Сондай-ақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер мен жамандық істеушілер де тең емес. Аз ғана түсінесіңдер. (58)

(Тозақ сақшылары): "Сендерге елшілерің мүғжизалармен келмеді ме?",- дейді. Олар: "Әрине!",- дейді. (Сақшылар): "Ендеше жалбарыныңдар, көпірлердің тілегі мүлде зая кетуде" дейді. (50) Расында елшілерімізге иман келтіргендерге дүние тіршілігінде де куәлікке тұратын (қиямет) күні де әлбетте жәрдем етеміз. (51) Ол күні залымдардың желеулері кәдеге аспайды. Оларға қарғыс болады. Және жұрттың жаманы да солардікі. (52) Расында Мұса (F.C.) ға тура жол



Расында қиямет сағаты келеді. Онда шәк жоқ. Бірақ адамдардың көбі сенбейді. (59) Раббыларың: "Маған жалбарыңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында Маған құлшылық қылудан паңсығандар, олар қор болып, тозаққа кіреді" дейді. (60) Ол сондай Алла, сендерге түнді тынығу, күндізді көру үшін жаратты. Күдіксіз Алла, тым кеңшілік иесі. Бірақ адамдардың көбі шүкірлік қылмайды. (61) Міне осы Алла Раббыларың. Әр нәрсені жаратушы; Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Қайтып адастырыласыңдар? (62) Осылайша Алланың аяттарына қарсы келгендер адастырылады. (63) Ол Алла сендерге жерді тұрақ, көкті күмбез қылды. Сондай-ақ сендерді бейнелегенде көркем бейнеледі. Және де таза нәрселерден көрек


берді. Міне осы Алла, Раббыларың. Төтенше ұлы Алла, бүкіл әлемнің Раббы. (64) Ол тірі Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ендеше дінді Оған арнап, нағыз ынтамен өзіне жалбарыныңдар. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббына лайық. (65) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Маған Раббымнан ашық дәлелдер келген заман; сендердің Алладан өзге жалбарынғандарыңа құлшылық қылуыма тыйым салындым. Сондай-ақ әлемдердің Раббына бой ұсынуға бұйрылдым" де. (66)




көрмейсің бе? Қалайша айналдырылады? (69) Сондай осы Кітапты, елшілерімізге жібергендерімізді жасынға жібергендер, олар жедел біледі. (70) Сол уақытта олардың мойындарында ажырғылар, боғаулар болған түрде сүйреледі. (71) Қайнап тұрған суда болып, сосын отқа жағылады. (72) Сосын оларға: "Алладан өзге ортақ қосқан нәрселерің қайда?", - делінеді. (73) олар: "(Өзгелер) бізден ғайып болды. Бәлкім біз бұрын еш нәрсеге шоқынбаушы едік" дейді. Алла кәпірлерді өстіп тентіретеді. (74) "Бұл сендердің жер жүзінде орынсыз мәз болып, масайрауларыңның салдарынан." (75) Оларға: "Ішінде мәңгі қалатын тозақтың есігінен кіріңдер. тәкаппарлардың орны нендей жаман!" (76) (Мұхаммед Ғ.С.) енді сабыр ет. Алланың уәдесі хақ. Ал енді мейлі оларға еткен уәдеміздің кейбірін саған көрсетсек те (көзің тірісінде болса да) немесе саған өлім берсек те (бұрын қайтыс болсаң да) олар Біз жаққа қайтарылады. (77)

Сондай Алла сендерді топырақтан, сосын мәниден, сосын ұйыған қаннан жаратып, кейін бөбек қып шығарып, соңыра ержеткізіп, кәртейтеді. Кейбіреулеріңді (ержетуден) бұрын өлтіреді. Кейбірің белгілі мерзімге жетесіңдер. Әрине ойланарсыңдар. (67) Ол сондай Алла, тірілтеді әрі өлтіреді. Қашан бір істі бұйырғысы келсе, шын мәнінде оған: "Бол" дейді. Сонда ол бола қалады. (68) (Мұхаммед Ғ.С.) Алланың аяттары турасында тартысқандарды

Расында сенен бұрында елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те кейбірін баян етпедік. Ешбір елші Алланың рұхсаты болмайынша бір мұғжиза келтіре алмайды. Қашан Алланың әмірі келсе, хақиқат бойынша үкім етіледі. Бұл жерде бұзақылар зиянға ұшырайды. (78) Ол сондай Алла, Сендер үшін малдарды жаратты. Кейбірін мінесіңдер де кейбірін жейсіңдер. (79) Оларда сендерге түрлі пайдалар бар. Олардың үстінде көңілдеріңдегі хажетті жерге жетулерің үшін; оларға мініп және кемеде тасымалданасыңдар. (80) Алла сендерге белгілерін көрсетеді. Ал сонда Алланың қайсы белгілеріне қарсы келесіңдер? (81) Олар жер жүзінде кезбеді ме? Сонда өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Олар, бұлардан көп және күшті әрі жер жүзінде қалдырған деректері мықты еді. Сонда да табыстары олардың



істеріне жарамады. (82) Өйткені оларға, елшілері, мұғжизалармен келгенде, өз қастарындағы білімге мардамсыды да ажыуалаған нәрселері бастарына жетті. (83) Ал енді азабымызды көргенде: "Жалғыз ғана Аллаға сендік. Сондай-ақ Оған ортақ қосқан нәрселерімізге қарсы келдік" дейді. (84) Бірақ, азабымызды көргендегі сенімдері оларға пайда бермейді. Өйткені, Алланың құлдарына байланысты болып, келе жатқан жолы осы. Бұл жерде көпірлер зиян көреді. (85)




41-ФҮССИЛАТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Елу төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла тарапынан түскен. (2) Бұл Кітап, білген ел үшін аяттары ашық-ашық баян етілген арапша Құран. (3) Қуандырушы, қорқытушы. Алайда олардың көбі жалтарады. Сондықтан олар құлақ салмайды. (4) (Мұхаммед F.C.) олар: "Сен бізді шақырған

нәрсеге жүрегімізде бір перде, құлақтарымызда бір керендік бар. Сондай-ақ біз бен сенің арамызда далда бар. Сондықтан сен өзіңше істе де біз өзімізше істейік" деді. (5) (Мұхаммед F.C.): "Мен де сендер сияқты ғана адаммын. Маған: Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уахи етілуде. Сондықтан сол бағытқа жөнеліңдер әрі Одан жарылқау тілендер. Аллаға серік қосқандарға нендей өкініш" де. (6) Сондай зекеттерін өтемегендер, солар; өздері ахиретке де қарсы. (7) Расында иман келтіріп, ізгі іс істегендер, олар үшін; таусылмайтын сыйлық бар. (8) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Сендер жерді екі күнде жаратқанға қарсы келесіңдер ме? Сондай-ақ Оған теңеулер жасайсыңдар ма? Бұл бүкіл әлемнің Раббы" де. (9) Жерге үстінен асқар таулар жаратты да құт-береке қойып, жер жүзіндегілердің ризықтарын төрт күнде шамалады. Бұл сұраушылар үшін тура жауап. (10) Сосын көкке жөнелді. Ол, бір түтін еді. Сонда оған әрі жерге: "Екеуіңде ерікті немесе еріксіз түрде келіндер" деді. Екеуі де: "Бой ұсынған түрде келдік" деді. (30-С. 31-А.) (11)

Оларды жеті көк етіп, екі күнде жасады. Сондай-ақ әр көктің міндетін өзіне білдірді. Жақын көкті жұлдыздармен әшекейледік әрі қорғауға алдық. Осы тым үстем, толық білуші Алланың тақдыры. (Басқа: 7-С. 54-А. 10-С. 3-А. 11-С. 7-А. 25-С. 59-А. 32-С. 4-А. 50-С. 38-А. 57-С. 4-А. болып, жеті жерде жер, көк бүкіл әлемнің алты күнде жаратылғандығы баян етіледі. Бірақ Алланың қасында бір күн елу мың жыл.70-С. 4-А.) (12) (Мұхаммед F.C.) олар бет бұрса: "Сендерге Ғад, Сәмүд елінің басына келген нажағай сияқты апатты ескертемін" де. (13) Сол уақытта оларға ілгері кейін елшілер келіп: "Аллаға ғана құлшылық қылыңдар" дегенде, олар: "Егер Раббымыз қаласа, әлбетте періштелер түсірер еді. Расында біз сендер арқылы жіберілген нәрсеге қарсымыз" деді. (14) Сонда Ғад елі жер жүзінде орынсыз өздерін жоғары санап: "Бізден артық күшті кім бар?", - деген еді. Олар өздерін жаратқан Алланың олардан көрі күштірек екендігін білмеді ме? Олар, аяттарымызға қарсы келді. (15) Оларға дүниеде қорлық азабын таттыруымыз үшін өздеріне сәтсіз күндерде суық дауыл жібердік. Әрине ахирет азабы одан да қорлаушы. Оларға көмек етілмейді. (16) Ал енді Сәмүд еліне келсек,




оларға тура жол көрсеттік; бірақ олар туралықтан көрі көзсіздікті жақсы көрді. Сондықтан оларды қылықтарының салдарынан қорлық азабының нажағайы қолға алды. (17) Сондай иман келтіріп, сақсыңғандарды құтқардық. (18) Сол күні Алланың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. (19) Ақыр олар оған барған кезде; оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. (36-С. 25-А.) (20)




болдыңдар (23) Егер олар, енді шыдайтын болса, олардың орны от. Олар, кешірім тілесе де қабыл етілмейді. (24) Оларға сыбайластар қостық. (Шайтандарды ерікті қылдық. Б.М.) Сонда оларға алды-артындағы нәрселерді әдемі көрсетті. Сондықтан бұлардан бұрын өткен, жын және адам баласынан болған елдерге берілген азап әмірі бұлардың басына да келді. Өйткені олар, зиянға ұшыраушылардан еді. (25) Және қарсы келушілер: "Бұл Құранды тыңдамаңдар, оқылғанда шуылдаңдар. Бәлкім жеңіске ие боларсыңдар" десті. (26) Әрине қарсы келгендерге қатты азап таттырамыз. Сондай-ақ істеген жамандықтарының сазайын береміз. (27) Міне осы Алланың дұшпандарының сазайы от. Олар үшін онда мәңгілік орын бар. Аяттарымызға қарсы келгендердің жазасы (осы). (28) Қарсы болғандар: "Рабымыз! Жыннан да адамдардан да бізді адастырғандарды көрсет! Оларды табандарымыздың астына салайық. Ең төмендегілерден болсын" дейді. (29)

Олар терілеріне: "Не үшін бізге куә болдыңдар?",- дейді. (Терілері): "Бізді әр нәрсені сөйлеткен Алла сөйлетті; сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласыңдар" деп жауап береді. (21) Сендер өздеріңе құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады деп жасырынбаушы едіңдер. Тіпті Алла, істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер. (22) Міне осы Рабыларың туралы ойлаған ойларың, өздеріңді жойды да сонда зиянға ұшыраушылардан

Расында: "Раббымыз Алла" деп, сосын мықты тұрғандар, оларға періштелер түседі де: "Қорықпаңдар, кейімеңдер! Сендерге уәде етілген жаннат арқылы қуанышқа бөленіңдер" дейді. (30) "Біз, дүние тіршілігінде де ақиретте де достарыңбыз. Сендерге ол жаннатта көңілдерің көкसेген нәрселер бар. Сондай-ақ сендерге не тілесендер бар." (31) Бұл аса жарылқаушы, тым мейірімді Алла тарапынан бір сыйлық. (32) "Шын! Мен Мұсылмандарданмын." деп, Аллаға шақыра отырып ізгі іс істеген кісіден сөз тұрғысынан жақсы кім бола алады? (33) Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде жолға сал. (Жамандыққа қарсы жақсылық қыл.) Сол уақытта сені мен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді. (34) Бұл қасиет; сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ бұл сипатқа зор несібелілер ғана ие бола алады. (35)




Ал енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, сонда Аллаға сиын. Өйткені, Ол әр нәрсені толық естуші, білуші. (36) (Сәжде бар.) Түн мен күндіз және күн мен ай Алланың дәлелдерінен. Күнге де айға да сәжде қылмаңдар. Оларды жаратқан Аллаға сәжде қылыңдар; егер Оған құлшылық қылатын болсаңдар. (37) (Мұхаммед F.C.) егер олар тәкаппарланса, Раббыңның қасындағылар, (періштелер) Оны, күндіз-түні дәріптеуден жалықпайды. (38)




(Мұхаммед F.C.) расында жердің құрғап қалғанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде құлпырып көпсуі Алланың дәлелдерінен. Күдіксіз оны тірілткен Алла, өліктерді де тірілтеді. Өйткені Оның әр нәрсеге толық күші жетуші. (39) Шын мәнінде сондай аяттарымызда бұрмалаушылық жасағандар, Бізге жасырын емес. Ендеше отқа тасталған біреу жақсы ма? Немесе қиямет күні аман-есен келген біреу жақсы ма? Қалағандарыңды

істеңдер. Сөзсіз Алла, не істегендеріңді толық көруші. (40) Расында өздеріне Құран келген кезде, қарсы болғандар бар. Шын мәнінде ол, ардақты бір Кітап.(41) Оның алдынан да артынан да бос сөз келмейді. (араласпайды.) Аса дана, өте мақтаулы Алла тарапынан түсірілген. (42) (Мұхаммед F.C.) саған сенен бұрынғы елшілерге айтылған ғана айтылды. Күдіксіз Раббың жарылқау әрі күйзелтуші азап иесі. (43) Мұбада оны бөгде тілде бір Құран қылсақ, әлбетте олар: "Аяттары неге ашық баян етілмеген? Арапқа бөгде тілде айтыла ма?,"- дер еді. "Ол Құран иман келтіргендерге бір тура жол және шипа" де. Ал иман келтірмегендердің құлақтарында керемет бар. Сондай-ақ Құран оларға бір соқырлық. (Қараңғылық.) Олар ұзақ бір жерден шақырылғандай. (44) Расында Мұса (F.C.) ға кітап бердік. Сонда ол туралы да таласылды. Раббыңнан алдын ала бір үкім болмаса еді, әріне араларында іс біткен болар еді. Анығында олар, шәк ішінде одан күдіктенуде. (45) Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе де өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық істеуші емес. (46)

Қиямет мезгілінің мәліметі Аллаға тән. Оның білуінен тыс, жемістердің ешбірі қауашағынан шықпайды. Және ешбір ұрғашы жүкті болмайды да тумайды. Оларға: "Менің ортақтарым қайда?",- деп сұралған күні, олар: "Саған ұсындық; бізден оған куә болушы жоқ" дейді. (47) Бұрынғы шоқынғандары олардан ғайып болды. Өздерінің қашар жерлері болмағанын түсінді. (48) Адам баласы жақсылық тілеуден жалықпайды да егер оған бір жамандық душар болса, сонда мүлде күдер үзіп, үмітсізденеді. (49) Ал егер оған шалдыққан бейнеттен кейін өзіне жанымыздан мәрхамет етсек: "Бұл менің ақым; тіпті қиямет-қайым боларын да ойламаймын" дейді. Мүбада Раббыма қайтарылсам да сөзсіз мен үшін Оның жанында тағы жақсырағы бар" дейді. Әлбетте осындай қарсы болғандардың не істегендерін түсіндіреміз. Сондай-ақ оларға азаптың ауырын таттырамыз. (50) Қашан адам баласына бір нығмет берсек, бет бұрады да өз жағына қыңыраяды. Қашан оған бір сұмдық душар болса, сонда ол, көлемді түрде жалбарынады. (51) (Мұхаммед F.C.): "Көрдiңдер ме? Я, осы Құран



Алланың қасынан келген болып, сосын оған қарсы келсеңдер, ол ұзақ қайшылыққа түскен біреуден артық адасқан кім бола алады?" (52) Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе? (53) Абайлаңдар! Расында олар Раббыларына жолығудан күдіктенуде. Көңіл бөліңдер. Әрине Алла әр нәрсені толық меңгеруші. (54)



42-ШУРА СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Елу үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1-2) (Мұхаммед Ғ.С.) тым үстем, аса дана Алла (Т.) саған да сенен бұрынғыларға да осылайша уахи етті. (3) Көктердегі, жердегі барлық нәрсе Онікі. Ол тым жоғары, өте зор. (4) (Алладан қорқып) көктер үстінен жарыла жаздайды. Періштелер Раббыларын дәріптей мақтап,

жердегілерге жарылқау тілейді. Көңіл бөліндер. Күдіксіз Алла, тым жарылқаушы, төтенше мейірімді. (40-С. 7-А.) (5) Сондай Алладан өзге ие жасап алғандарды; Алла бақылайды. (Мұхаммед Ғ.С.) Сен оларға кепіл емессің. (6) Осылайша қалалардың орталығы (Мекке халқын) әрі маңындағыларды қорқытуың және де болуында шәк жоқ күні, жиналуды ескертуің үшін; саған арапша Бір Құран уахи еттік. Ол күні; бір топ жаннатта, бір топ тозақта. (7) Мұбада Алла қаласа оларды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда Алла, кімді қаласа, мәрхаметіне бөлейді. Залымдарға дос та көмекші де жоқ. (8) Я, олар Алладан өзге ие жасап алды ма? Негізінде Алла, өзі ие; Ол өліні тірілтеді. Және Оның әр нәрсеге толық күші жетуші. (9) Сендер тартысқан нәрсе турасында шешім жасау Аллаға тән. Міне осы Алла, менің Раббым. Оған тәуекел еттім әрі Оған мойынсал болдым. (10)

Көктер мен жердің жаратушысы; сендер үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, хайуандар үшін де жұптер жаратушы. Өстіп сендерді өсірді. Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші. (11) Көктер мен жердің (қазыналарының) кілті Оған тән. Кімді қаласа, несібесін кеңітеді де шамалайды. Өйткені Ол, әр нәрсені толық білуші. (12) (Мұхаммед F.C.) Алла Нұх (F.C.) қа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді сондай-ақ Ыбырайым, Мұса және Гиса (F.C.) ға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды: Дінді мықты орындаңдар да дінде бөлінбеңдер. Сенің шақырған нәрсең мүшріктерге ауыр келді. Алла оған (сен шақырған дінге) кімді қаласа, оны сайлайды. Кім Оған бейімдесе оны тура жолға салады. (13) Олар өздеріне білім келгеннен кейін араларындағы көре алмастықтың салдарынан ғана бөлінді. Егер Раббың тарапынан, белгілі бір мерзімге дейін сөз бекіген болмаса еді, әлбетте араларында іс біткен болар еді. Расында олардан кейін Кітапқа мұрагер етілгендер де




әлбетте одан шәк ішінде күдүктенуші. (14) (Мұхаммед F.C.) міне сол үшін хақиқатқа шақыр да бұйрылғаныңдай мықты тұр. Олардың ойларына ілеспе және оларға: "Алла ттісірген Кітапқа иман келтірдім. Сондай-ақ араларыңда әділдік қылуға бұйрылдым. Алла, біздің де Раббымыз, сендердің де Раббыларың. Біздің ісіміз бізге, сендердің істерің сендерге тән. Сендер мен біздің арамызда тартыс жоқ. Алла арамызды қосады. Және қайтар орын сол жақ" де. (15)



күшті, тым үстем. (19) Кім ахирет пайдасын қаласа, оған оның пайдасын арттыра түсеміз. Ал және кім дүниенің пайдасын іздесе, оған одан береміз. Оған ахиретте несібе жоқ. (20) Немесе дін тұрғасынан Алла бұйырмаған нәрсені оларға шаригат қылатын ортақтары бар ма? Егер Алланың шешімі бекіген болмаса еді, әрине араларында іс бітер еді. Күдіксіз залымдар үшін күйзелтуші азап бар. (21) (Мұхаммед Ғ.С.) залымдарды, қылмыстарының жазасы келуінен шошығандарын көресің. Ал сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер, жаннат бақшаларында болады. Олар үшін Раббыларының қасында не тілесе бар. Міне сол, ұлы кеңшілік. (22)

Дін қабылданғаннан кейін Алла турасында дауласқандардың даулары Раббыларының қасында босқа. Оларға ашу және қатты азап бар. (16) Ол сондай Алла, Кітапты және өлшеуді шындықпен түсірді. Қайдан білесің? Қиямет жақын шығар. (17) Оған сенбегендер, асығыс тілейді. Сенгендер, одан үрейленіп, оның хақ екенін біледі. Сақ болыңар! Ол мезгіл жайында тартысатындар, әлбетте ұзақ адасуда. (18) Алла (Т.) құлдарын өте аяушы. Кімді қаласа, несібе береді. Ол өте

Міне Алла, иман келтіріп, түзу іс істеген құлдарын қуанышқа бөлейді. (Мұхаммед F.C.): "Сендерден бұған жақындық махаббаттан басқа ешбір ақы тілемеймін" де. Кім бір жақсы табысқа ие болса, оның бұндағы жақсылығын арттыра түсеміз. Күдіксіз Алла, тым жарылқаушы, шүкірлікті бағалаушы. (Бұл аяттағы, жақын сүйіспеншілік: "Құлшылық арқылы Аллаға жақындау. Немесе Құрайштан болғандығым үшін жақындық көрсетіп жапа бермеулеріңді қалаймын" деген ұғымдарда. Б.Ж.М.К.Р.) (23) (Мұхаммед F.C. олар сені): "Аллаға өтірік жала қойды" дей ме? Алла қаласа, сенің жүрегіңді де бігер еді. Алла, өтірікті жойып, өз сөздерімен шындықты шынға шығарады. Өйткені Ол, жүректегілерді толық біледі. (24) Ол, құлдарының тәубесін қабыл етеді де күнәларын кешіреді. Әрі не істегендеріңді біледі. (25) Сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің тілегін қабыл етіп, кеңшілігімен арттыра түседі. Ал қарсы болғандар үшін қатты азап бар. (26) Егер Алла құлдарына несібені кеңітіп жіберсе, әлбетте жер жүзінде бүліншілік шығарады. Бірақ қалаған мөлшерде несібе береді. (43-С. 32-А.) Өйткені Ол, құлдарынан толық хабар алушы, көруші. (27) Ол сондай Алла, олар күдер үзгеннен кейін



жаңбыр жаудырып, рахметін шашады. Ол мақтаулы ие. (28) Көктер мен жердің жаратылуы және ондағы жәндіктердің таралуы Оның белгілерінен. Ол, оларды қашан қаласа да жинауға күші толық жетеді. (29) Бастарыңа келген бір ауыршылық, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады. Және де Алла көбін кешіп жібереді. (30) Сендер Оны жер жүзінде осалдата алмайсыңдар. Сондай-ақ сендерге Алладан өзге ие де жәрдемші де жоқ. (31)

سُورَةُ الشُّورَى
الْمُلْكُ وَالْمَلِكُ وَالْقُرْآنُ الْمَجِيدُ


وَمَنْ آتَيْتَهُ الْجَوَارِ فِي الْبَحْرِ كَالْأَعْلَمِ ﴿٣٦﴾ إِنْ يَشَاءُ يُسَكِّنِ الرَّيْحَ
فَيُظِلُّنَ رَوَاكِدَ عَلَنَ ظَهْرِهِ وَإِنْ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٌ لِكُلِّ صَبَّارٍ شَكُورٍ
﴿٣٧﴾ أَوْ يُوقِنَنَّ يَمَّا كَسَبُوا وَيَعْفُ عَنْ كَثِيرٍ ﴿٣٨﴾ وَيَعْلَمَ الَّذِينَ
يُحَدِّثُونَ فِي آءِ آيَاتِنَا مَا لَهُمْ مِنْ مَحِيصٍ ﴿٣٩﴾ فَمَا أُوْتِيتُمْ مِنْ شَيْءٍ فَمُنِّعَ
الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَمَا عِنْدَ اللَّهِ خَيْرٌ وَأَبْقَى لِلَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ
يَتَوَكَّلُونَ ﴿٤٠﴾ وَالَّذِينَ يُحَدِّثُونَ كِبْرًا لِآيَاتِنَا وَالْفَوَاحِشَ وَإِذَا مَا
عَضُّوا لَهُمْ بِغَيْرِ رَأْيٍ وَالَّذِينَ أَسْتَجَابُوا لِرَبِّهِمْ وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ
وَأَمْرُهُمْ شُورَىٰ بَيْنَهُمْ وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ ﴿٤١﴾ وَالَّذِينَ إِذَا أَصَابَهُمُ
الْبَغْيُ هُمْ يَنْتَصِرُونَ ﴿٤٢﴾ وَحَرِّمْنَا عَلَيْهِ سَيِّئَةَ مَثَلِهَا فَمَنْ عَفَا
وَأَصْلَحَ فَاجْرِهِ عَلَى اللَّهِ إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الظَّالِمِينَ ﴿٤٣﴾ وَلَمَنْ أَنْصَرَ
بَعْدَ ظُلْمِهِ فَأُوْتِنَا مَا عَلَيْهِمْ مِنْ سَبِيلٍ ﴿٤٤﴾ إِنَّمَا السَّبِيلُ عَلَى الَّذِينَ
يَظْلِمُونَ النَّاسَ وَيَبْغُونَ فِي الْأَرْضِ بِغَيْرِ الْحَقِّ أُوْتِنَا لَهُمْ
عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٤٥﴾ وَلَمَنْ صَبَرَ وَغَفَرَ إِنَّ ذَلِكَ لَمِنْ عَزْمِ الْأُمُورِ
﴿٤٦﴾ وَمَنْ يُضْلِلِ اللَّهُ فَمَا لَهُ مِنْ وَتِيٍّ وَمَنْ يَهْدِ اللَّهُ فَمَا لَهُ مِنْ
لَمَارٍ أَوْ الْعَذَابَ يَقُولُونَ هَلْ لَنَا مَرَدٌّ مِنْ سَبِيلِ ﴿٤٧﴾

٤٨٧

Теңізде таулардай кемелердің жүруі де Алланың белгілерінен. (32) Егер Ол қаласа, желді тоқтатар еді де кемелер су үстінде тұрып қалар еді. Даусыз бұнда өте сабырлы, толық шүкір етушілерге өнегелер бар. (33) Немесе оларды қылмыстарының салдарынан жоқ етеді; көбін кешірім етеді. (34) Аяттарымыз турасында тартысқандар, өздеріне бір қашатын жер болмағанын білсін. (35) Ал енді сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Алланың қасындағы нәрселер иман келтіріп,

Раббыларына тәуекел етушілер үшін хайырлы да тұрақты. (36) Сондай зор күнелардан, арсыздықтардан сақтанған сондай-ақ ашу кернеген кезде өздері кешірім еткендер; (37) Ал және сондай Раббыларына мақұл дегендер, намазды толық орындағандар сондай-ақ өзара істерін кеңеспен жүргізгендер және өздеріне берген несібемізді тиісті орындарға жұмсағандар. (3-С. 159-А.) (Т-Қ.) (Өзара ақылдасып, іс жүргізу Мұсылманшылықтың елеулі бір сипаты боп, саналады.) (38) Және де егер оларға бір зұлымдық болса, олар жәрдемдеседі. (39) Бір жамандықтың жазасы өзіндей ғана жамандық. Сонда кім кешірім етіп, жарасса; онда оның сыйлығы Аллаға тән. Күдіксіз Ол, залымдарды жақсы көрмейді. (40) Әлбетте біреу зұлымдық көргеннен кейін өшін алса, сонда оларға сын жоқ. (41) Шынында сөгіс, адамдарға зұлымдық қылып, жер жүзінде орынсыз шектен шыққандарға лайық. Міне солар үшін жан түршігерлік азап бар. (42) Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы. (43) Әлде кімді Алла адастырса, сонда одан кейін оның ешбір жәрдемшісі болмайды. Залымдар азапты көрген сәтте: "Қайтатын бір жол бар ма?", - дегенін көресің. (44)

Олар тозаққа төндірілгенде, корлықтан сүмірейіп, жасырын көз күйрығымен қарағанын көресің; иман келтіргендер оларды: "Зиянда болғандар, қиямет күні; өздерін де семьяларын да зиянға ұшыратқандар" дейді. Байқандар! Дау жоқ, залымдар тұрақты азапта болады. (45) Олардың өздеріне Алладан басқа жәрдем ететін достары жоқ. Әлде кімді Алла адастырса, сонда оған ешбір жол жоқ. (46) Алла тарапынан, кейін қайтарылмайтын бір күн келуден бұрын Раббыларыңа мақұл дендер. Ол күні сендерге паналар жер жоқ әрі тана алмайсыңдар! (47) (Мұхаммед Ғ.С.) енді егер олар бет бұрса, сені оларға күзетші етіп, жібермедік. Саған жалғастыру ғана міндет. Расында қашан адам баласына өз мәрхаметімізден таттырсақ, сонда оған мәз болады. Ал егер қолекі істеген кесірлерінің салдарынан бастарына бір жамандық келсе, сонда сөз жоқ, адам баласы мүлде қарсы келеді. (48) Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. (49) Немесе ұлдармен қыздарды жүп-жүбімен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу қылады. Күдіксіз



Ол, толық білуші, аса күшті. (50) Алла (Т.) бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі: Не бір елші жіберіп, өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз Ол, өте жоғары, хикмет иесі. (Мысалы: Ыбырайым Ғ.С. ға баласын құрбан шалу түсінде аян берілген. 27-С. 12-А. Алла (Т.) Мұса Ғ.С. ға көрінбей, сөзі естілген түрде сөйлескен. 7-С. 143-А. Көбінесе пайғамбарларға уахи арқылы нұсқау берілген. 4-С. 163-А.) (51)

سُورَةُ الزُّحْرِ

الزُّحْرِ

وَكَذَلِكَ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ رُوحًا مِّنْ أَمْرِنَا مَا كُنْتَ تَدْرِي مَا الْكِتَابُ
وَلَا الْإِيمَانُ وَلَكِن جَعَلْنَاهُ نُورًا نَّهْدِي بِهِ مَن نَّشَاءُ مِنْ عِبَادِنَا
وَإِنَّكَ لَنَهْدَىٰ إِلَىٰ صِرَاطٍ مُّسْتَقِيمٍ ﴿٥٢﴾ صِرَاطَ اللَّهِ الَّذِي لَهُ
مَا فِي السَّمٰوٰتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ ۗ أَلَا إِلَى اللَّهِ تَصِيرُ الْأُمُورُ ﴿٥٣﴾

سُورَةُ الزُّحْرِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

حَمِّ ﴿١﴾ وَالْكِتَابِ الْمُبِينِ ﴿٢﴾ إِنَّا جَعَلْنَاهُ قُرْءَانًا عَرَبِيًّا
لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ ﴿٣﴾ وَإِنَّهُ فِي أُنزُلِهِ لَكِتَابٌ لَّدِينًا
لَعَلِّي حَكِيمٌ ﴿٤﴾ أَفَضْرِبُ عَنْكُمُ الذِّكْرَ صَفْحًا
أَن كُنْتُمْ قَوْمًا مُّسْرِِفِينَ ﴿٥﴾ وَكَمْ أَرْسَلْنَا مِن نَّبِيِّ
فِي الْأَوَّلِينَ ﴿٦﴾ وَمَا يَأْتِيهِمْ مِّن نَّبِيٍّ إِلَّا كَانُوا بِهِ يَسْتَهْزِءُونَ ﴿٧﴾
فَأَهْلَكْنَا أَشَدَّ مِنْهُمْ بَطْشًا وَّمَضَىٰ مَثَلُ الْأَوَّلِينَ ﴿٨﴾
وَلَئِن سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَ السَّمٰوٰتِ وَالْأَرْضَ لَيَقُولُنَّ
خَلَقَهُنَّ الْعَزِيزُ الْعَلِيمُ ﴿٩﴾ الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ
مَهْدًا وَّجَعَلَ لَكُمُ فِيهَا سُبُلًا لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ ﴿١٠﴾

٤٨٩

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ұғымын Алла біледі. (1) Ашық Кітапқа серт. (2) Расында түсінулерің үшін оны Арапша Құран қылдық. (3) Күдіксіз ол қасымыздағы негізгі Кітапта өте жоғары, терең сырлы. (4) Сендер шектен шыққан ел екен деп, үгіт баян етуден айнып кетейік пе? (5) Бұрынғыларға қаншалаған пайғамбар жібергеніміз. (6) Олар өздеріне келген пайғамбарды ұдайы мазақ қылды. (7) Сондықтан олардан күштіректерді типыл қылдық. Бұрынғылардың мысалы өтті. (8) (Мұхаммед F.C.) егер олардан: "Көктер мен жерді кім жаратты?", – деп сұрасаң, әрине: "Оларды өте үстем, аса білуші Алла жаратты" дейді. (9) Сондай Алла, сендерге жерді бесік қылды да онда тура жүрулерің үшін жолдар жаратты. (10)

(Мұхаммед F.C.) саған осылайша әмірімізден бір "Рух" (Құран. Ж.М.Р.) уахи еттік. Сен, Кітап не? Иман не? Білмейтін едің. Бірақ Құранды нұр қылып, онымен құлдарымыздан кімді қаласақ, тура жолға саламыз. Расында сен тура жолға бастайсың. (52) Ол, көктер мен жердегі нәрселер өзіне тән Алланың жолы. Сақ болыңдар! Істер Аллаға қайтады. (53)

43-ЗҮХРҮФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сексен тоғыз аят.

Ол сондай Алла, көктен мөлшермен жаңбыр жаудыруда. Сонда онымен өлі бір жерді құлпырттық. Сол сияқты тірілтіліп, шығарыласындар. (11) Ол сондай Алла, барлық жұптерді жаратты. Сондай-ақ сендерге кемедең және хайуандардан мінетін көлік жаратты. (12) Олардың үстіне мінсеңдер, сосын Раббыларыңның нығметін еске алып: "Бұны бізге бағындырған Алла пәк. Өйткені біз бұған жақындаса алмайтын едік" дейсіңдер (13) "Күдіксіз Раббымызға қайтарыламыз." (14) (Мұхаммед F.C.) олар Аллаға құлдарының бір бөлімін арнады. (Періштелерді Алланың қыздары дейді.) Расында адам баласы ашық нәсукір. (15) Немесе Ол, жаратқандарынан қыздарды өзі алып, ұлдарды сендерге арнады ма? (16) Олардың біреуіне Аллаға арнағанының ұқсасы шүйіншіленсе, (қатының қыз тапты делінсе,) беттері қарайып, оны ашу кернейді. (17) Моншақ ішінде тәрбиеленіп, өз дауында баян ете алмайтын біреу ме? (Осындай нәзік жаралған қыздар Алланыкі бола ма?) (18) Олар, Алланың құлдары періштелерді өздерінше әйелдерге балайды. Олар,



 وَلٰكِنْ كَانَ فِي صَلٰةٍ بَعِيْدٍ ﴿٢٧﴾ قَالَ لَا تَخْضَعُوْا لَدَىٰ ۗ وَقَدْ قَدَسَتْ
 اِلَيْكُمْ بِالْوَعِيْدِ ﴿٢٨﴾ مَا يَبْدُلُ الْقَوْلُ لَدَىٰ وَمَا اَنَا بِظٰلِمٍ لِّلْعَبِيْدِ ﴿٢٩﴾
 يَوْمَ نَقُوْلُ لِيَجْهَنَّمَ هٰلِ اُمَّتَلٰتٍ وَنَقُوْلُ هَلْ مِنْ مَّرِيْدٍ ﴿٣٠﴾ وَاُرْلَفَتِ
 الْجَنَّةُ الْمُتَّقِيْنَ غَيْرِ عِيْدٍ ﴿٣١﴾ هٰذَا مَا نُوْعِدُوْنَ لِكُلِّ اٰوَابٍ حٰفِظٍ
 ﴿٣٢﴾ مَنْ خَشِيَ الرَّحْمٰنَ الْعَلِيْبَ وَجَاءَ بِقَلْبٍ مُّنِيْبٍ ﴿٣٣﴾ اَدْخَلُوْهَا
 يَسْلَمٍ ذٰلِكَ يَوْمَ الْخُلُوْدِ ﴿٣٤﴾ لَمْ يَأْسَءْ وَنْ فِيْهَا وَلَدْنَا مَرِيْدٌ ﴿٣٥﴾

019

Расында адамзатты жараттық. Оған, нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені Біз, оған күре тамырынан да жақынбыз. (16) Оның, оңынан да солынан да екі байқаушы отырады. (82-С. 10-13-А.) (17) Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын. (18) Өлім есірігі шындықты келтірді. Одан қашушы едің. (19) Сүр үріледі. Осы уәделі күн. (20) Әркіммен айдаушы және куә бірге келеді. (21) "Расында осыдан кәперсіз едің. Ал енді сенен шымылдықты аштық. Сондықтан

бүгін көзің өткірлесті" (делінеді.) (22) Жанындағы (періште): "Міне мендегі дайын" дейді. (23) "Бүкіл қарсы болған қиқарды, тозаққа салыңдар" (делінеді.) (24) "Жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы және күмәнданушы;" (25) "Бұлар сондай Алламен бірге тәңір жасап алған. Енді оны қатты азапқа салыңдар!" (26) Оның сыбайласы (шайтан): "Раббым! Оны, мен аздырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді" дейді. (27) (Алла): "Менің алдымда тартыспаңдар. Сендерге алдын ала уәдені білдірген едім" дейді. (28) "Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ құлдарыма әділетсіздік істемеймін." (29) Ол күні, тозаққа: "Толдың ба?", - дейміз. Ол: "Тағы да бар ма?", - дейді. (30) Бейіш, тақуаларға жақындатылады, алыс болмайды. (31) "Міне, уәде етілген нәрселерің; бүкіл тәубешіл, сақтанушылар үшін." (32) Кім көрместен Рахманнан қорықса, бейім жүрепке келсе; (33) "Ұжмаққа аман-есен кіріңдер. Бұл мәңгілік күні" (делінеді.) (34) Бейіште олар не тілесе бар. Сондай-ақ жанымызда артығы да бар. (35)


Олардан бұрын әздерінен орасан мықты, мемлекеттерді кезген, нәсілді жоқ еткен едік. Құтылар жер бар ма? (36) Шүбәсыз бұнда (сезімтал) жүрегі барға немесе құлақ салып, әзір болғанға бір үгіт бар. (37) Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (38) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың айтқандарына сабыр ет. Раббыңды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтай дәріпте. (Таң намазы, бесін, екінті. Б.Ж.М.) (39) Түннің бір бөлімінде және намаздардан кейін Оны дәріпте. (Намаздардың артындағы нәпілдер. Б.Ж.М.) (40) Жақын жерден бір айғайшының шақыратын (Сүр үрілетін) күніне құлақ сал. (41) Олар ол күні ащы дауысты анық естиді. Ол, (қабырдан) шығатын күн. (42) Расында тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ қайтар орын Біз жақ. (43) Сол күні жер жарылып, олар тезінен шығады. Осы жинау Бізге оңай. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың не дегендерін жақсы білеміз. Сен оларға зорлаушы емессің. Кім



азаптан қорықса, Құранмен үгіт бер. (45)

51-ЗӘРЯТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Алпыс аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Соғып ұшырушы желдерге, (1) Мол жаңбыр көтеруші бұлттарға, (2) Жеңіл жүруші кемелерге, (3) Істі бөлуші періштелерге серт! (4) Шын мәнінде сендерге уәде етілген қиямет әрине рас. (5) Әлбетте қиямет болады. (6)




Жолдары бар аспанға серт! (7) Күмәнсыз сендер талас-тартыс сөздесіңдер. (8) Шындықтан бұрылған бұрылады. (9) Ой жорушылар құрысын. (10) Міне солар, білімсіздік ішінде жаңылуда. (11) Олар: "Қиямет қашан" деп сұрайды. (12) Ол, олардың отқа жағылатын күні. (13) Оларға: "Азаптарыңды татыңдар! Асығып, тілегендерің осы" (делінеді.) (14) Шәксіз тақуалар бақшаларда, бұлақтарда болады. (15) Олар, өздеріне Раббыларының бергенін

алады. Өйткені олар, бұдан бұрын жақсылық істеуші еді. (16) Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. (17) Олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші еді. (18) Олардың малдарында; сұрағанға да сұрамағанға да тиесі бар. (19) Жер жүзінде нақ сенушілерге дәлелдер бар; (20) Сондай-ақ өздеріңде де бар. Көрмейсіңдер ме? (21) Сендердің несібелерің әрі уәде етілген нәрселер көкте. (22) Көк пен жердің Раббына серт. Шүбәсыз бұл, сендердің сөйлегендерің сияқты рас. (Бір-біріңе сөйлеген сөздерің қандай рас болса, сондай рас.) (23) (Мұхаммед F.C.) саған Ыбырайым (F.C.) ның ардақты қонақтарының (періштелердің) әңгімесі келді ме? (24) Олар Ыбырайым (F.C.) ға кіргенде: "Сәлем" десті. Ыбырайым (F.C.) да оларға: "Сәлем, бөгде қауым" деді. (11-С. 69-А., 15-С. 50-А.) (25) Дереву үйіне барып, семіз бір бұзау әкелді. (26) Оны оларға жақындатып: "Жемейсіңдер ме?",- деді. (27) Олардан тіксініп, қорықты. Олар: "Қорықпа!",- деді де оны білгіш бір ұлмен куантты. (28) Сонда Ыбырайым (F.C.) ның жұбайы, алдына ойбайлап келіп, өз бетін ұрды да: "Баладан қалған бір кемпірмін" деді. (29) Олар: "Осылайша Раббың бұйырды. Өйткені Ол, аса дана, толық білуші" десті. (30)

(Ыбырайым Ғ.С.): "Әй елшілер! Бұйымтайларың не?",- деді. (31) "Шынында біз қылмысты бір елге жіберілдік." (32) "Оларға балшықтан пісірілген тас жаудыру үшін!" (33) "Раббың тарапынан, шектен шығушылар үшін белгіленген" (деді.) (34) Ол жерден мүміндерді шығардық. (35) Дегенмен ол жерде Мұсылманнан бір үйден басқа таппадық. (Лут Ғ.С. мен екі қызы. Ж.) (29-С. 30-А.) (36) Ол арада күйзелтуші азаптан қорқушылар үшін бір ғибрат қалдырдық. (37) Мұсада да (ғибрат) бар. Оны ашық мұғжизалармен жіберген уақытта: (38) Перғауын сыбайластарымен теріс айналып: "Жады немесе жынды" деді. (39) Сондықтан оны әрі ләшкерлерін қолға алып, оны өзіне сөгіс берген түрде теңізге тастадық. (40) Ғад елінде де (ғибрат) бар. Сол уақытта оларға зиянды қатты дауыл жібердік; (41) Ол, тиген нәрсесін мүлде шіріген сүйектей етіп тастайды. (42) Сәмүд елінде де (ғибрат) бар. Сол уақытта оларға: "Бір мерзімге дейін пайдалана тұрыңдар" делінді. (43) Сонда олар, Раббыларының әміріне қарсы келді. Сондықтан олар, қарап тұрғанда нажағай түсті. (44) Сонда олардың тұруға да шамалары келмеді әрі жәрдем де көрмеді. (45) Бұрын Нұх (Ғ.С.) елін жоқ еттік.



Өйткені олар, бұзақы ел еді. (46) Аспанды құдыретімізбен жасадық. Шын мәнінде күшіміз жетеді. (47) Сондай-ақ жерді төседік. Недеген жақсы төсеушіміз. (48) Түсінулерің үшін әр нәрсені пар-парымен жараттық. (36-С. 36-А.) (49) (Мұхаммед Ғ.С. оларға): "Алла жаққа жүгіріңдер. Сөзсіз мен, Оның тарапынан сендерге ашық ескертушімін" (де.) (50) "Алламен бірге басқа тәңір қылмандар. Шын мәнінде сендерге ашық ескертушімін" (де.) (51)




Алла, ризықтандырушы және мықты күшке ие. (58) Сөз жоқ. Сондай зұлымдық қылғандардың, жолдастарының күнелары тәрізді күнелары бар. Сондықтан Менен асығып тілемесін. (59) Өздеріне уәде етілген күнге қарсы келгендерге нендей өкініш! (60)

52-ТҮР СҮРЕСИ

Меккеде түскен. Қырық тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Түр тауына, (1) Жазулы Кітапқа, (2) Теріге жазулыға, (3) Толықсыған үйге, (Көктегі қыблаға,) (4) Көтерілген төбеге, (көкке,) (5) Және ыстық теңізге серт! (6) Сөзсіз Раббыңның азабы болады. (7) Оны тойтарушы жоқ. (8) Ол күні аспан қатты төңселеді. (9) Таулар үшіп жүреді. (10) Сол күні өтірік деушілерге нендей өкініш! (11) Олар, сондай орынсыз сүңгіп ойнағандар. (12) Олар сол күні, тозаққа итеріліп, тасталады. (13) "Міне! Сендер өтірік деген тозақ!" (14)

Міне осылайша олардан бұрынғылар да пайғамбар келгенде, оларды: "Мүлде жады немесе жынды" деген. (52) Олар бұл жөнде өзара келіскен бе? Жоқ, олар шектен шыққан қауым. (53) (Мұхаммед F.C.) олардан бет бұр. Сонда сәгіске ұшырамайсың. (54) Үгітте! Өйткені үгіт мүміндерге пайда береді. (55) Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым. (56) Олардан бір несібе тілемеймін әрі олардың Мені тамақтандыруларын да қаламаймын. (57) Шүбәсыз Ол

Ал осы бір сиқыр ма? Немесе сендер көрмейсіңдер ме? (15) "Тозаққа кіріңдер. Шындасаңдар да шындасаңдар да сендерге бәрі бірдей. Істегендеріңнің ғана сазайын тартасыңдар! (16) Әрине тақуалар ұжмақтарда ырысқа бөленеді. (17) Раббыларының өздеріне берген нәрселерінің қызығын көреді. Оларды Раббылары тозақтың азабынан қорғаған. (18) "Істеген ғамалдарың себепті жендер, ішіңдер. Сіңімді болсын." (19) "Тізілген дивандарға сүйенген түрде" (делінеді.) Оларды бота көз хұрлармен үйлендіреміз. (20) Сондай иман келтіргендер, олардың ұрпақтары да иман келтіріп, өздеріне ілескен болса, оларды ол ұрпақтарына қосамыз. Сондай-ақ олардың ғамалдарынан еш нәрсе кемітпейміз. Әркім істегенінің бодауына ұсталады. (74-С. 38-А.) (21) Оларға бейіште қызығатын ет пен жемісті молайтамыз. (22) Олар бейіште тостағанға таласады. Онда бір орынсыз сөйлеу де күнәкарлықта болмайды. (37-С. 47-А. 56.С. 19-А) (23) Оларға сәдептегі інжу тәрізді жастар айналып, қызмет етеді. (24) Олар бір-біріне қарама-қарсы отырып хал сұрасады: (25)"Расында біз, бұрын (дүниеде) семьямызда да қорқушы




едік" деседі. (26) "Сондықтан Алла бізге игілік етті де зағарлы азаптан қорғады." (27) "Расында біз, бұрын Аллаға жалбарынушы едік. Өйткені Ол, игілік істеуші, ерекше мейірімді" (деседі.) (28) (Мұхаммед F.C.) ал енді үгіттей бер. Өйткені сен Раббыңның нығметі арқасында бақсы да жыңды да емессің. (29) Немесе олар сені: "Ол бір ақын. Сондықтан оған жаман заманның болуын тосамыз" дейді. (30) Оларға: "Күтіңдер. Мен де сендермен бірге күтемін" де. (31)

53-НӘЖИМ СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Алпыс екі аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Батып бара жатқан жұлдыздарға серт. (1) Жолдастарың (Мұхаммед F.C.) адаспады да ауытқымады. (2) Ол өз ойынан сөйлемейді. (3) Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана. (4) Оған оны өте күшті (Жебрейіл F.C.) үйретті. (5) Ол қуат иесі (Жебрейіл өз бейнесінде) тура тұрды. (Бұл көрініс Хыра тауында болған. Ж.Р.) (6) Ол, жоғары көк жиекте еді. (7) Ол, жақындап төмендеді. (8) Тіпті садақтың екі басындай әлде жақынырақ. (9) Сонда Алла, құлына уахи ететін нәрселерін көкейіне салды. (10) Оның көзінің көргенін көңлі жалғанға шығармады. (11) Ал енді оның көрген нәрсесіне сендер таласасыңдар ма? (12) Расында ол, Жебрейілді екінші рет көрді. (13) Тұрақтау ағашының жанында. (14) Оның қасында Мәуа жаннаты бар. (15) Сол уақытта ағашты қаптаған нәрсе қаптады. (16) (Мұхаммед F.C.ның) көзі таймады да үстірт қарамады. (17) Расында ол, Раббының ірі белгілерін көрді. (18) Лат пен Ғүззаны көрдіңдер ме? (19) Үшінші басқа Менатты? (20) Еркек сендердікі де ұрғашы Алланикі ме? (21) Онда бұл, орынсыз бір бөліс.



(22) Бұл, сендер және аталарың қойған құр аттар ғана. Алла оларға байланысты бір дәлел түсірген жоқ. Олар ойларына көңілдері қалағанына ғана ереді. Расында оларға Раббыларынан туралық (Пайғамбар) келді. (23) Немесе адамзатқа көксегені бола бере ме? (24) Негізінде ахирет, дүние Алланың иелігінде. (25) Көктерде қаншалаған періште бар. Алла қалап, разы болған кісісіне рұхсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды. (26)

سُورَةُ النِّجْمِ

النِّجْمِ

١٧ إِنَّ الَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِالْآخِرَةِ لَيَسْمُوكُمُ اللَّكِيَّةَ سَمِيَةَ الْاُنْتَى
 وَمَالَهُمْ بِهِ مِنْ عِلْمٍ إِنْ يَتَّبِعُونَ إِلَّا الظَّنَّ وَإِنَّ الظَّنَّ لَا يُغْنِي مِنَ
 الْحَقِّ شَيْئًا ﴿١٨﴾ فَأَعْرِضْ عَنْ مَنْ تَوَلَّى عَنْ ذِكْرِنَا وَلْتُبْدِ إِلَّا الْحَيَاةَ
 الدُّنْيَا ﴿١٩﴾ ذَلِكَ مَبْلَغُهُمْ مِنَ الْعِلْمِ إِنَّ رَبَّكَ هُوَ أَعْلَمُ بِمَنْ ضَلَّ عَنْ
 سَبِيلِهِ وَهُوَ أَعْلَمُ بِمَنْ اهْتَدَى ﴿٢٠﴾ وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمٰوٰتِ وَمَا
 فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسْتَوُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا
 بِالْحَسَنَى ﴿٢١﴾ الَّذِينَ يَحْتَسِبُونَ كَثِيرًا إِنْ تَمُرُوا لَمُقْوِحِينَ إِلَّا اللَّهُ
 إِنَّ رَبَّكَ وَسِعَ الْعَرْشَ هُوَ أَعْلَمُ بِكُمْ إِذْ أَنْشَأَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ
 وَإِذْ أَنْتُمْ أَجِنَّةٌ فِي بَطْنِ أُمّهَاتِكُمْ فَلَا تُرْكَوْا أَنْفُسَكُمْ هُوَ أَعْلَمُ
 بِمَنْ اتَّقَى ﴿٢٢﴾ أَفَرَأَيْتَ الَّذِي تَوَلَّى ﴿٢٣﴾ وَأَعْطَى قَلِيلًا وَأَكْدَى
 ﴿٢٤﴾ أَعْنَدَهُ عِلْمُ الْعَنِيْبِ فَهُوَ يَرَى ﴿٢٥﴾ أَمْ لَمْ يَبْتَأْ بِمَا فِي صُفْحِ
 مَوْصِي ﴿٢٦﴾ وَإِنْ رَهَيْمُ الَّذِي وُفِّي ﴿٢٧﴾ الْأَنْزُرُ وَارْزُقْ وَرَزَقْنِي
 ﴿٢٨﴾ وَأَنْ لَيْسَ لِلْإِنْسَانِ إِلَّا مَا سَعَى ﴿٢٩﴾ وَأَنْ سَعْيُهُ سَوْفَ
 رِي ﴿٣٠﴾ ثُمَّ يُجْزَاهُ الْجَزَاءَ الْأَوْفَى ﴿٣١﴾ وَأَنْ إِلَى رَبِّكَ الْمُنْتَهَى
 ﴿٣٢﴾ وَأَنْتَ هُوَ أَضْحَكُ وَأَنْتَ كِي ﴿٣٣﴾ وَأَنْتَ هُوَ أَمَاتُ وَأَنْتَ حَيَا ﴿٣٤﴾

٥٢٧


Шынында сондай ақиретке иман келтіргендер, періштелерді (Алланың қыздары деп) әйел атымен атайды. (27) Негізінде оған байланысты бір мәліметтері жоқ. Ойға ғана ереді. Шын мәнінде құр ой, шындық жағынан еш нәрсеге тұрмайды. (28) (Мұхаммед F.C.) үгітімізден жалтарып, дүние тіршілігін ғана қалаған кісіден бет бұр. (29) Міне олардың білімі осыған-ақ жетеді. Шынында Раббың жолынан адасқан кісіні де жақсы біледі. Және тура жолға түскенді де

жақсы біледі. (30) Көктердегі әрі жердегі нәрселер Аллаға тән. Сондай жамандық істегендер, істегендерімен жазаланады да жақсылық істегендерді жақсылыққа бөлейді. (31) Сондай күнелардың үлкенінен және арсыздықтан сақтанғандардың аздаған кінәлары болса да шәксіз Раббыңның жарылқауы кең. Сендерді жерден жаратқанда және аналарыңның қарнында шикі өкпе кездерінді де жақсы біледі. Сондықтан өздерінді өздерің ақтамаңдар. Ол, кім тақуа екенін жақсы біледі. (32) (Мұхаммед F.C.) сондай бет бұрғанды көрдің бе? (33) Ол, аз берді, тоқтатты. (34) Оның жанында құпия білім болып, шындықты сол көре ме? (35) Оған Мұса (F.C.) ның нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме? (36) Сондай-ақ әмірді орындаушы Ыбырайым (F.C.) ның да. (37) Ешбір күнәкар, басқаның күнәсын көтермейді. (38) Адамзат; еңбегіне жарай ғана табысқа ие болады. (39) Сөз жоқ, еңбегінің нәтижесін жедел көреді. (40) Сонсоң оған еңбегінің бодауы толық беріледі. (41) Күдіксіз Раббыңа тиянақтайды. (42) Шын мәнінде күлдірген де жылатқан да Ол. (43) Өйткені, өлтірген де тірілткен де Ол. (44)

Шүбәсіз Алла, ер, әйелді жұп жаратқан. (45) Тамызылған бір тамшы "мәни" суынан. (46) Шәксіз екінші жасау да Оған тән. (47) Сөз жоқ, байытқан да өркендеткен де Ол. (48) Расында Ол, "Шығра" жұлдызының Раббы. (49) Күдіксіз бұрынғы Ғад елін жоқ етті. (50) Сондай-ақ Сәмүд елін де қалдырмады. (51) Одан бұрын Нұх (Ғ.С.) тың қауымын да. Өйткені олар өте залым, тым жолдан шыққан еді. (52) Төңкерілген кентті жермен-жексен етті. (Лут Ғ.С. ның елі.) (53) Сонда оларды апат қаптаған сайын қаптады. (54) Ал енді Раббыңның қай нығметтерінен күмәнданасыңдар. (55) Бұл Пайғамбар бұрынғы ескертушіден бір ескертуші. (56) Қиямет жақындады. (57) Оны Алладан өзге әшкерелеуші жоқ. (58) Ал енді сендер осы сөзге таңырқайсыңдар ма? (59) Күлесіндер, жыламайсыңдар. (60) (Сәжде бар.) Сендер көперсізіндер. (61) Ал енді Аллаға сәжде қылып, құлшылық істендер. (62)

54-ҚАМАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу бес аят.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қиямет жақындады, ай жарылды. (1) Олар бір мүғжиза көрсе бет бұрады да: "Жалғасты түрдегі бір сиқыр" дейді. (2) Олар жасынға шығарып, әуестеріне ерді. Негізінде әр істің бір тұрағы бар. (3) Расында оларға секем аларлық хабар келіп болды. (4) Жеткілікті хикмет бар. Сонда да ескертулер пайда бермес. (5) (Мұхаммед Ғ.С.) ендеше, олардан бет бұр. Бір күні шақырушы жаман іске шақырады. (6)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

عَنْ
الْحَدِيثِ
OF


حُشْعًا أَبْصُرْهُمْ يُخْرَجُونَ مِنَ الْأَجْدَاثِ كَأَنَّهُمْ جَرَادٌ مُنْتَشِرٌ ﴿٧﴾
 مُهْطِعِينَ إِلَى النَّارِ يَقُولُ الْكَافِرُونَ هَذَا يَوْمٌ عَسِرٌ ﴿٨﴾ كَذَبَتْ
 قَبْلَهُمْ قَوْمَ نُوحٍ فَكَذَّبُوا عَبْدَنَا وَقَالُوا مَجْنُونٌ وَازْدُجِرَ ﴿٩﴾ فَدَعَا
 رَبَّهُ أَنِّي مَغْلُوبٌ فَانْتَصِرَ ﴿١٠﴾ فَفَتَحْنَا أَبْوَابَ السَّمَاءِ بِمَاءٍ مُنْهَمِرٍ
 ﴿١١﴾ وَفَجَّرْنَا الْأَرْضَ عُيُونًا فَالْتَقَى الْمَاءُ عَلَى أَمْرٍ قَدِيرٍ ﴿١٢﴾
 وَحَمَلْنَاهُ عَلَى ذَاتِ الْأَوْجِ وَدُمِّرَ ﴿١٣﴾ تَجْرِي بِأَعْيُنِنَا جَزَاءَ لِمَنْ كَانَ
 كُفِرًا ﴿١٤﴾ وَلَقَدْ تَرَكْنَاهَا آيَةً فَهَلْ مِنْ مُدَكِّرٍ ﴿١٥﴾ فَكَيْفَ كَانَ
 عَذَابِي وَنُذْرٍ ﴿١٦﴾ وَلَقَدْ بَشَّرْنَا الْقُرْآنَ لِلذِّكْرِ فَهَلْ مِنْ مُدَكِّرٍ
 ﴿١٧﴾ كَذَبَتْ عَادٌ فَكَيْفَ كَانَ عَذَابِي وَنُذْرٍ ﴿١٨﴾ إِنَّا أَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ
 رِيحًا صَرْصَرًا فِي يَوْمٍ نَحْسٍ مُسْتَمِرٍّ ﴿١٩﴾ يَنْزِعُ النَّاسَ كَأَنَّهُمْ أُعْرَاجُ
 نَخْلٍ مَسْفُورٍ ﴿٢٠﴾ فَكَيْفَ كَانَ عَذَابِي وَنُذْرٍ ﴿٢١﴾ وَلَقَدْ بَشَّرْنَا الْقُرْآنَ
 لِلذِّكْرِ فَهَلْ مِنْ مُدَكِّرٍ ﴿٢٢﴾ كَذَبَتْ ثَمُودُ بِالنُّذُرِ ﴿٢٣﴾ فَقَالُوا أَبْنَاءَنَا
 مِنَّا وَاحِدًا نَبْتَعُكُمْ إِنَّا إِذَا لَفِيَ ضَلَالٍ وَسُعْرٍ ﴿٢٤﴾ أَلْفَيْ الذِّكْرِ عَلَيْهِ
 مِنْ يَلِينَا بَلْ هُوَ كَذَابٌ أُتِيرَ ﴿٢٥﴾ سَعَا مَوْنٌ عَدَا مِنْ الْكُذَّابِ
 الْأُتِيرَ ﴿٢٦﴾ إِنَّا مَرْسَلُونَا فَوَيْنَهُ لَهْمُ فَأَرْتَقِبْهُمْ وَأَصْطَلِبِ ﴿٢٧﴾

٥٢٩

бойынша қосылды. (12) Оны (Нұхты) шегеленген тақтайлы кемеге орналастырдық. (13) Қарсы келгендерге жаза түрінде Нұх (F.C.) тың кемесі көз алдымызда жүріп бара жатты. (14) Расында оны ғибрат қып қалдырдық. Сонда түсінуші бар ма? (15) Азабым, ескертуім қалай екен? (16) Расында Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал сонда түсінуші бар ма? (17) Гад елі де жасынға айналдырған. Азабым ескертуім қалай екен? (18) Өйткені, оларға сәтсіз күнде; үздіксіз куілдеген боран жібердік. (19) Адамдарды түбінен қопарылған құрманың ағашындай жұлып, әкететін еді. (20) Азабым, ескертуім қалай екен? (21) Расында Құранды насихат үшін қолайлы қылдық. Қане, сонда түсінуші бар ма? (22) Сәмүд елі ескертушіні жасынға айналдырды: (23) "Өзімізден бір адамға ерейік бе? Әрине ол уақытта біз адасуда әрі есі алаң боламыз" деді. (24) "Арамыздан үгіт оған түсірілді ме? Жоқ, ол, мүлде өтірікші, өзімшіл" деді. (25) Олар ертең-ақ кімнің барып тұрған суайт, құж екенін біледі. (26) Расында аруананы оларға сын үшін жібердік. Сондықтан оларды байқа, сабыр ет. (Әй Салих, делінді.) (27)

Олар, қабырларынан көздерін сүлмейтіп, таралған шекіртке құсап шығады. (7) Шақырушы жаққа жүгірген кәпірлер: "Бұл ауыр күн" дейді. (8) Олардан бұрын Нұх (F.C.) тың қауымы да өтірік деген. Құлымызды жасынға шығарып: "Жынды" деген, әрі жебірленген еді. (9) Сонда ол, Раббына: "Күдіксіз мен жеңілдім, маған нұсрат бер" деп, жалбарынған. (10) Сондықтан көктің есігін құйылған жаңбырмен аштық. (11) Жерді жарып, қайнарлар шығардық. Сонда су өлшеулі әмір

Оларға: "Су араларында кезекті; әркім ішу кезегінде әзір болсын" деп түсіндір. (Құдықтың суын бір күн түйе, бір күн ел ішеді. Б.Ж.М.Р.) (28) Сонда олар жолдастарын шақырды да сонда ол, қылышын алып, түйені өлтірді. (29) Сонда азабым, ескертуім қалай екен? (30) Дұрысында оларға бір қатты дауыс жібердік те олар шарбақ қораның ұматылған қу жапырағындай болды. (31) Шүбәсіз Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Қане сонда түсінуші бар ма? (32) Лұт елі де ескертуді жасынға айналдырған. (33) Дұрысында оларға тас жаудырған боран жібердік. Бірақ Лұт (F.C.) тың семьясын таңменен құтқардық. (29-С. 33-А.) (34) Бізден бір нығметке бөленеді. Осылайша кім шүкірлік етсе, сыйлық береміз. (35) Расында (Лұт F.C.) оларға, апатымызды ескертті. Дегенмен олар, ескертуге күмәнмен қарады. (36) Расында олар Лұт (F.C.) тың қонақтарынан дәме қылды. Сондықтан олардың көздерін соқыр қылдық: "Ал азабымды, ескертуімді татыңдар." (37) Расында оларға тәңертең ерте бір азап келді. (38) "Ал азабым, ескертуім қалай екен?" (39) Әрине Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Қане түсінуші бар ма? (40) Расында Перғауындықтарға да ескертуші келген еді. (41) Олар мүғжизаларымыздың бәрін жасынға айналдырды. Сондықтан оларды өте күшті қолға алумен қолға алдық. (42) Сендердің қасарысуларың



олардан артық па? Немесе сендер үшін кітаптарда бір ақтама бар ма? (43) Не олар: "Біз өш алушы бір топпыз" дей ме? (44) Ол топ, таяуда жеңіліске ұшырап, арттарына бұрылып қашады. (45) Әлбетте оларға уәде етілген қиямет, ол; үрейлі, тым ащы бір мезгіл. (46) Шәксіз күнәкарлар, адасуда және құтыруда. (47) Ол күні, олар, тозақта етпетінен сүйреледі: "Тозақтың азабын татыңдар" (делінеді.) (48) Шын мәнінде әр нәрсені бір өлшеумен жараттық. (49)

سُورَةُ الرَّحْمٰنِ

الْمَدِيْنَةُ

وَمَا أَمْرُنَا إِلَّا وَاحِدَةٌ كَلَمْحٍ بِالْبَصَرِ ﴿٥٠﴾ وَلَقَدْ أَهْلَكْنَا
 أَشْيَاعَكُمْ فَهَلْ مِنْ مَّذْكَرٍ ﴿٥١﴾ وَكُلُّ شَيْءٍ فَعَلُوهُ
 فِي الزُّبُرِ ﴿٥٢﴾ وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُسْتَطَرٌ ﴿٥٣﴾ إِنَّ النَّفِيذِينَ
 فِي جَنَّتٍ وَنَهْرٍ ﴿٥٤﴾ فِي مَقْعَدِ صَدِيقٍ عِنْدَ مَلِكٍ مُّقَدِّرٍ ﴿٥٥﴾

سُورَةُ الرَّحْمٰنِ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الرَّحْمٰنُ ﴿١﴾ عَلَّمَ الْقُرْءَانَ ﴿٢﴾ خَلَقَ الْاِنْسَانَ ﴿٣﴾
 عَلَّمَهُ الْبَيَانَ ﴿٤﴾ الشَّمْسُ وَالْقَمَرُ مُحْسَبٰنِ ﴿٥﴾ وَالنَّجْمُ
 وَالشَّجَرُ سَجْدٰنِ ﴿٦﴾ وَالسَّمَآءُ رَفَعَهَا وَوَضَعَ الْمِيزَانَ ﴿٧﴾
 اَلَّا تَطْغَوْا فِي الْمِيزَانِ ﴿٨﴾ وَاَقِيمُوا الْوَزْنَ بِالْقِسْطِ
 وَلَا تُخْسِرُوا الْمِيزَانَ ﴿٩﴾ وَالْاَرْضَ وَضَعَهَا لِلْاِنْسَانِ ﴿١٠﴾
 فِيهَا فَاكِهَةٌ وَالنَّخْلُ ذَاتُ الْاَكْمَامِ ﴿١١﴾ وَالْحَبُّ ذُو الْعَصْفِ ﴿١٢﴾
 وَالرَّيْحَانُ ﴿١٣﴾ فَاِیَّ ءِالَآءِ رَبِّكُمَا تُكَذِّبَانِ ﴿١٤﴾ خَلَقَ
 الْاِنْسَانَ مِنْ صَلْصَلٍ كَالْفَخَّارِ ﴿١٥﴾ وَخَلَقَ الْجَاۤنَّ
 مِنْ مَّارِجٍ مِّنْ نَّارٍ ﴿١٦﴾ فَاِیَّ ءِالَآءِ رَبِّكُمَا تُكَذِّبَانِ ﴿١٧﴾

الْعَرَبِ
٥١

٥٣١

Әміріміз бір-ақ қас қаққандай. (50) Расында сендер сияқтыларды жоқ еткен өдік. Ал сонда түсінуші бар ма? (51) Олар істеген әр нәрсе дәптерде бекітілген. (52) Үлкен-кіші әр нәрсе жазулы. (53) Күдіксіз тақуалар, бейіштердегі өзен жағасында. (54) Ықпалды үкім иесінің хұзырындағы қалаған орнында. (55)


55-РАХМАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жетпіс сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Аса қамқор Алла. (1) Құранды үйретті. (2) Адамзатты жаратты. (3) Оған сөйлеуді үйретті. (4) Күн мен ай есеппен жүреді. (5) Өсімдік, (жұлдыз), ағаш Оған бас иеді. (6) Ол, аспанды биіктетіп, оған тең бір өлшеу қойды. (7) Өлшеуде шектен шықпаңдар. (8) Сондай-ақ тартуды әділетпен орындаңдар, таразыда кемітпеңдер. (9) Алла, жерді жәндіктер үшін жасады. (10) Жерде жемістер және шоқты құрмалар бар. (11) Онда қабықты ұрық және аңқыған өсімдіктер өседі. (12) Ендеше, (әй адамзат пен жын!) Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (13) Ол, адамзатты құмырадай сыңырлаған құрғақ топырақтан жаратты. (14) Жындарды оттың жалынынан жаратты. (15) Ендеше, (әй адамзат пен жын!) Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер. (16)

Ол, (жазғы-қысқы) екі шығыстың Раббы әрі екі күн батыстың Раббы. (17) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (18) Ағызған екі теңіз қосылады. (19) Екі арасында бөгет бар. Бір-біріне араласпайды. (20) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін жасынға айналдырасыңдар? (21) Екі теңізден де інжу-маржан шығады. (22) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (23) Теңізде таулар құсап жүрген кемелер Оған тән. (24) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (25) Бүкіл жер жүзіндегілер түгейді. (26) Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббың өзі ғана қалады. (27) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (28) Көктердегі әрі жердегі әркім Одан сұрайды, Ол, әр күні шұғылдануда. (29) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (30) Әй екі топ! (Адамзат пен жын.) Есептеріңді көреміз. (31) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (32) Әй жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге шамаларың келсе, өтіңдер. Өте алмайсыңдар! Бірақ бір қуатпен өте аласыңдар. (33) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін



өтірік дейсіңдер? (34) Сендерге түтінсіз жалын, отсыз түтін жіберіледі. Өздеріңді құтқара алмайсыңдар. (35) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (36) Көк жарылып, майдай еріп, гүлдей қызарған кезде. (37) Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (38) Сонда ол күні, адамзат пен жындар күнәсынан сұралмайды. (Өйткені, Аллаға мәлім.) (39) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (40)

سُوْرَةُ الرَّحْمٰنِ

الْمَاءِ الْكَافِرَاتِ وَالْمُنْفِرَاتِ

يَعْرِفُ الْمُجْرِمُونَ بِسِمَتِهِمْ فَيُؤْخَذُ بِالتَّوَصِيِّ وَالْأَقْدَامِ ﴿٤١﴾ فَيَأْتِي
 ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٤٢﴾ هَذِهِ جَهَنَّمُ الَّتِي يُكَذِّبُ بِهَا الْمُجْرِمُونَ
 نَطُوفُونَ فِيهَا وَبَيْنَ حَمِيمٍ ءَانِ ﴿٤٣﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ
 ﴿٤٤﴾ وَلَمْ نَخَفْ مَقَامَ رَبِّيهِمَا جَنَّتَانِ ﴿٤٥﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ
 ﴿٤٦﴾ ذَوَاتَا أَفْنَانٍ ﴿٤٧﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٤٨﴾ فِيهِمَا عِيسَانِ
 تَجْرِيَانِ ﴿٤٩﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٥٠﴾ فِيهِمَا مِنْ كُلِّ فِتْكَةٍ
 زَوْجَانِ ﴿٥١﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٥٢﴾ مُتَكَبِّرِينَ عَلَىٰ فُرُشٍ
 بَطَائِنُهَا مِنْ إِسْتَبْرَقٍ وَحِىَ الْجَنَّتَيْنِ دَانِ ﴿٥٣﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا
 تُكَذِّبَانِ ﴿٥٤﴾ فِيهِنَّ قَصِيرَاتٌ الْفُرُفِ لَمْ يَطْمِئْتْنِ إِسْسُ قَبْلَهُنَّ
 وَلَا جَانِ ﴿٥٥﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٥٦﴾ كَأَنَّهُنَّ الْيَاقُوتُ
 وَالْمَرْجَانُ ﴿٥٧﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٥٨﴾ هَلْ جَزَاءُ
 الْإِحْسَنِ إِلَّا الْإِحْسَانَ ﴿٥٩﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ
 ﴿٦٠﴾ وَمِنْ دُونِهِمَا جَنَّتَانِ ﴿٦١﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ
 ﴿٦٢﴾ مُدْهَأَتَانِ ﴿٦٣﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٦٤﴾ فِيهِمَا
 عِيسَانِ نَضَّخَتَايَا ﴿٦٥﴾ فَيَأْتِي ءَ الْآءِ رَبِّكَمَا تُكَذِّبَانِ ﴿٦٦﴾

٥٣٣

Күнәкарлар кескіндерінен танылады да кекілдері мен аяқтарынан ұсталады. (41) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (42) Міне осы күнәкарлардың жасынға шығарған тозағы. (43) Олар тозақ пен қайнар судың арасында айналып жүреді. (44) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (45) Раббының хузырына шығудан қорыққан кісіге екі бейіш бар. (46) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (47)

Екеуі де түрлі жемісті. (48) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (49) Ол екеуінде ағатын екі бұлақ бар. (50) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (51) Ол екеуінде жемістер пар-парымен. (52) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (53) Олар астары қалың жібек төсектерге сүйеніп отырады. Екі бақшаның жемістері жақын тұрады. (54) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (55) Бейіштерде өз ерлеріне телмірген сондай-ақ өздеріне олардан бұрын адамдар да жындар да соқтықпаған жұбайлар бар. (56) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (57) Ол жұбайлар; яқұт, маржан сияқты. (58) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (59) Жақсылықтың сыйлығы жақсылық қана. (60) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (61) Бұл екі бақшадан өзге бақша бар. (62) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (63) Екеуі де жап-жасыл. (64) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (65) Екі бақшада атылып қайнаған екі бастау бар. (66) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (67)


Ол екі бақша да түрлі жемістер және құрма, анар бар. (68) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (69) Ол ұрмақтарда қоркем мінезді, сұлу жұбайлар бар. (70) Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (71) Шатырларда тұратын хұрлар бар. (72) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (73) Ол хұрларға олардан бұрын адамдар да жындар да жуымаған. (74) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (75) Бейіштегілер, жасыл дивандарға, қоркем төсеніштерге жастанып отырады. (76) Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? (77) (Мұхаммед F.C.) Аса ардақты, жомарт Раббыңның аты өте жоғары. (78)

56-УАҚИФА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Тоқсан алты аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қиямет уақиғасы болған кезде, (1) Оның болуын өтірік деуші болмас. (2) (Ол) төмендетеді, жоғарлатады. (3) Сол уақытта жер тұтас сілкіндіріледі. (4) Таулар мүлде үгітіледі. (5) Ұшқан тозаңдай



болады. (6) Сол уақытта сендер үш бөлімге бөлінесіңдер; (7) (Ғамал дәптері оңынан берілген) оңшылдар, нендей жақсы ол оңшылдар. (8) (Ғамал дәптері солынан берілген) солшылдар, нендей жаман ол солшылдар. (9) Озаттар алдыңғы қатарда болады. (10) Міне солар, Аллаға жақын болғандар. (11) Ұрмақта нығметке бөленеді; (12) Бұрынғылардан көбірек. (13) Соңғылардан азырақ. (14) Безенген тақтар үстінде. (15) Олардың үстінде ерсілі-қарсылы отырады. (16)

سورة الواقعة


يَطُوفُ عَلَيْهِمْ وِلْدَانٌ مُّخَلَّدُونَ ﴿١٦﴾ يَا كُوفٍ وَابَارِيقَ وَكَاسٍ مِنْ مَعِينِ ﴿١٧﴾
 لَا يَصُدُّونَ عَنْهَا وَلَا يَنْفُونَ ﴿١٨﴾ وَفَكَهْهَ مِمَّا يَنْتَحَرُونَ ﴿١٩﴾
 وَلَحِيرَ طَيْرٍ مِمَّا يَنْتَهُونَ ﴿٢٠﴾ وَحُورٌ عِينٌ ﴿٢١﴾ كَأَمْثَلِ الذُّوْلِيِّ
 الْمَكُونِ ﴿٢٢﴾ حِرَاءَ لَيْمًا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿٢٣﴾ لَأَسْمَعُونَ فِيهَا الْقَوْلَ وَلَا
 تَأْسِيمًا ﴿٢٤﴾ إِلَّا قِيلًا سَلَامًا سَلَامًا ﴿٢٥﴾ وَأَصْحَابُ الْيَمِينِ مَا أَصْحَابُ
 الْيَمِينِ ﴿٢٦﴾ فِي سِدْرٍ مَحْضُورٍ ﴿٢٧﴾ وَطَلْحٍ مَبْضُورٍ ﴿٢٨﴾ وَظِلِّ تَمْدُودٍ ﴿٢٩﴾
 وَمَا وَمَسْكُوبٍ ﴿٣٠﴾ وَفَكَهْهَ كَثِيرَةً ﴿٣١﴾ لَأَمَقْطُوعَةٌ وَلَا
 مَمْنُوعَةٌ ﴿٣٢﴾ وَفُرُشٌ مَرْفُوعَةٌ ﴿٣٣﴾ إِنَّا أَنشَأْنَهُمْ إِنشَاءً ﴿٣٤﴾ فَجَعَلْنَهُمْ
 أَجْرَارًا ﴿٣٥﴾ عُرَابًا نَزَارًا ﴿٣٦﴾ لِأَصْحَابِ الْيَمِينِ ﴿٣٧﴾ ثَلَاثَةٌ مِنْ
 الْأُولَىٰ ﴿٣٨﴾ وَثَلَاثَةٌ مِنَ الْآخِرِينَ ﴿٣٩﴾ وَأَصْحَابُ الشِّمَالِ مَا أَصْحَابُ
 الشِّمَالِ ﴿٤٠﴾ فِي سُمُورٍ وَجَمِيمٍ ﴿٤١﴾ وَظِلِّ بَنِي إِسْرَائِيلَ ﴿٤٢﴾ لَا يَأْرِبُونَ
 وَلَا كَرِيمٍ ﴿٤٣﴾ إِنَّهُمْ كَانُوا قَبْلَ ذَلِكَ مُتْرَبِينَ ﴿٤٤﴾ وَكَانُوا يُصِرُّونَ
 عَلَىٰ الْحِنْتِ الْعَظِيمِ ﴿٤٥﴾ وَكَانُوا يَقُولُونَ أَيُّدَا بِنْتَا وَكُنَّا تُرَابًا
 وَعِظْمًا هَلْ تَأْتِيهِمْ مَرْغُوبَةٌ ﴿٤٦﴾ أَوْءَا بَاؤُنَا الْأَوْلُونَ ﴿٤٧﴾ قُلِ لَاتِ
 الْأُولَىٰ وَالْآخِرِينَ ﴿٤٨﴾ لَمَجْبُوعُونَ إِلَىٰ مِيقَاتِ يَوْمٍ مَعْلُومٍ ﴿٤٩﴾

٥٣٥

Оларға өзгермес жастар айналып, қызмет етеді; (17) Ағып жатқан арақтан толтырылған шелектер, құмандар және кәселерменен. (18) Ол; бас ауыртпайды да мас қылмайды. (19) Қалаған жемістері бар. (20) Көңілдері соққан құс еті бар. (21) Бота көз хұрлар бар. (22) Сақтаулы інжу сияқты. (23) Бұл істеген ғамалдарының сыйлығы. (24) Олар жаннатта бос не күнәлы сөз естімейді. (25) Бірақ "Сәлем, сәлем" деген сөзді ғана естиді. (26) Оңшылдар, ол оңшылдар нендей

бақытты. (27) Олар тікенсіз сидыр (ағаштары); (28) Жемістері үсті-үстіне шоғырланған мүз (банан) ағаштарының, (29) Созылған көлеңкенің астында болады. (30) Сарқырап аққан су бар. (31) Мол жеміс бар; (32) Ешбір түгеп, үзілмейтін, ешкім қорымайтын, (33) Биік төсектерде болады. (34) Расында хұр қыздарын жаңадан жаратамыз. (Немесе жаннаттық әйелдерді қайтадан жаратамыз.Б.) (35) Оларды ер көрмеген қыздар етіп, жаратамыз. (36) Күйеуін сүйгіш құрдас болады. (37) Бұл айтылғандар, оңшылдар үшін болады. (38) Бір топ бұрынғылардан (39) Бір топ соңғылардан.(40) Солшылдар, сол шолшылдар нендей сұмырай. (41) Олар ыстық бу, қайнар суда болады. (42) Қара түнек көлеңкеде болады. (43) Салқын да емес, жайлы да емес. (44) Өйткені олар, бұдан бұрын (дүниеде) тоң мойын әуесқорлар еді. (45) Зор күнәда қасарысушы еді. (46) "Өліп, топырақ және сүйектер болсақ та шын тірілеміз бе?",- дейді. (47) "Бұрынғы аталарымыз да тіріле ме?",- (дейді.) (48) (Мұхаммед Ғ.С.): "Сөзсіз бұрынғылар да, соңғылар да."- де. (49) "Әлбетте, мәлім күнде белгілі орынға жиналады" (де.) (50)

Сосын сендер әй адасқан өгірікшілер! (51) Әлбетте ағаштан, Заққұмнан жейсіңдер. (52) Одан қарындарыңды толтырасыңдар. (53) Оның үстіне қайнар судан ішесіңдер. (54) Шөлдеген түйеше, сіміресіңдер. (55) Міне олардың қиямет күнгі сыйлықтары. (56) Сендерді Біз жараттық, Сонда неге мойындамайсыңдар? (57) Сендер тамызған мәни суын көрдіңдер ме? (58) Оны сендер жаратасыңдар ма? Немесе Біз жаратмыз ба? (59) Біз араларыңда өлімді белгіледік. Бізден ешкім озалмайды. (60) Сендердің бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз. (61) Расында бұрынғы жаратуды білесіңдер, ендеше түсінбейсіңдер ме? (62) Ал енді еккендеріңді көрдіңдер ме? (63) Оны сендер өсіресіңдер ме? Не Біз өсіреміз бе? (64) Егер қаласақ, оны қоқымға айналдырар едік. Сонда күңкілдесе берер едіңдер; (65) "Расында зиянға ұшырадық," (66) "Тіпті мүлде бос қалдық" (дер едіңдер.) (67) Ішкен суларыңды көрдіңдер ме? (68) Оны



бұлттан сендер жаудырасыңдар ма? Немесе Біз жаудырамыз ба? (69) Егер қаласақ оны ащы қылар едік. Ендеше, шүкір етпейсіңдер ме? (70) Жаққан оттарыңды көрдіңдер ме? (71) Оның ағашын сендер жараттыңдар ма? немесе Біз жараттық па? (72) Біз оны бір ескерткіш және жүргіншілер үшін пайдалы қылдық. (73) (Мұхаммед F.C.) Ендеше Раббыңды ұлы атымен дәріпте. (74) Ал енді жұлдыздардың орындарына серт етемін. (75) Егер білсеңдер, ол, зор серт. (76)

سُورَةُ الْاِنْفِثَارِ

الْاِنْفِثَارِ وَالْعَلَقِ

إِنَّهُ لَقَرَّءَ أَنْ كَرِيمٌ ﴿٧٧﴾ فِي كِتَابٍ مَكْنُونٍ ﴿٧٨﴾ لَا يَمَسُّهُ إِلَّا
 الْمُطَهَّرُونَ ﴿٧٩﴾ تَنْزِيلٌ مِنْ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿٨٠﴾ أَفَبِعَذَابِ الْمَدِينِ
 أَنْتُمْ مُدْهِنُونَ ﴿٨١﴾ وَتَعْمَلُونَ رِزْقَكُمْ أَنْ كُمْ تُكْذِبُونَ ﴿٨٢﴾ فَلَوْلَا
 إِذَا بَلَغَتِ الْخُلُقُومَ ﴿٨٣﴾ وَأَنْتُمْ حِينِيذٌ تَنْظُرُونَ ﴿٨٤﴾ وَتَحْنُ أَقْرَبُ
 إِلَيْهِ مِنْكُمْ وَلَكِنْ لَا تُبْصِرُونَ ﴿٨٥﴾ فَلَوْلَا إِنْ كُنْتُمْ غَيْرَ مَدِينِينَ
 ﴿٨٦﴾ تَرْجِعُونَهَا إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿٨٧﴾ فَأَمَّا إِنْ كَانَ مِنَ الْمُقَرَّبِينَ
 ﴿٨٨﴾ فَرَوْحٌ وَرِيحٌ وَجَنَّتْ نِعْمَةٌ ﴿٨٩﴾ وَأَمَّا إِنْ كَانَ مِنَ أَصْحَابِ
 الْيَمِينِ ﴿٩٠﴾ فَسَلَامٌ لَكَ مِنَ أَصْحَابِ الْيَمِينِ ﴿٩١﴾ وَأَمَّا إِنْ كَانَ مِنَ
 الْمُكْذِبِينَ الضَّالِّينَ ﴿٩٢﴾ فَتَرْجُلٌ مِنْ حَبِيرٍ ﴿٩٣﴾ وَنَضْلَةٌ مِنْ حَبِيرٍ
 ﴿٩٤﴾ إِنَّ هَذَا لَمَوْحٌ مُبِينٌ ﴿٩٥﴾ فَسَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ ﴿٩٦﴾

سُورَةُ الْحَشْرِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

سَبِّحْ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿١﴾ اللَّهُمَّ مَاكَ
 السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ يُحْيِي وَيُمِيتُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿٢﴾
 هُوَ الْأَوَّلُ وَالْآخِرُ وَالظَّاهِرُ وَالْبَاطِنُ وَهُوَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ ﴿٣﴾

٥٣٧


Сендер көрмейсіңдер. (85) Ал сонда егер жазаланбайтын болсаңдар; (86) Егер шын айтсаңдар, оның жанын қайтарыңдаршы. (87) Ал егер өлген кісі, Аллаға жақындардан болса; (88) Сонда оған рахатты шаттық әрі нығметті ұжмақ бар. (89) Ал енді өлі оңшылдардан болса; (90) Саған оңшылдардан, "Сәлем" (делінеді.) (91) Егер өлі, жасынға шығарушы адасқандардан болса; (92) Сонда оның қонақ асысы, қайнар судан болады. (93) Әрі тозаққа салынады. (94) Сөзсіз міне анық шындық осы. (95) (Мұхаммед F.C.) ұлы Раббыңды атымен дәріпте. (96)

57-ХАДИД СҮРЕСІ


Шын мәнінде ол ардақты Құран. (77) Кітапта (Лаухы Махфұзда. Б.М.Р.) сақтаулы. (78) Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды. (Дәретсіз кісі ұстамайды.) (79) Әлемдердің Раббы жақтан түсірілген. (80) Сендер осы сөзді құр көресіңдер ме? (81) Расында берген ризыққа шүкір етудің орнына оны жасынға шығарасыңдар ма? (Ж.) (82) Ал жан жұтқыншаққа келген кезде; (83) Сол уақытта сендер қарап қаласыңдар. (84) Негізінде ол өліп бара жатқанға Біз жақынырақпыз.

Мединеде түскен. Жиырма тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктер мен жердегі нәрселер Алланы дәріптейді. Ол Алла, өте үстем, хикмет иесі (1) Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Тірілтеді, өлтіреді. Ол, әр нәрсеге күші толық жетуші. (2) Ол Алла (Т.) әуелгі әрі соңғы (әр нәрседен бұрын ежелден бар әрі меңгі қалады, соңы жоқ). Және Ол, (әр түрлі дәлелдермен) көрнеу әрі (ақыл жетпейтін) көмес. Сондай-ақ Ол, әр нәрсені толық білуші. (3)

Ол сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын ғаршыны игерді. Ол, жерге кірген нәрсені әрі одан шыққан нәрсені және көктен түскен нәрсені, оған көтерілген нәрсені біледі. Сондай-ақ Ол, қайда болсаңдар да сендермен бірге. Алла не істегендерінді толық көруші. (4) Көктер мен жердің иелігі Оған тән. Әрі барлық істер Оған қайтады. (5) Түнді күндізге ауыстырады, күндізді түнге ауыстырады. Сондай-ақ Ол көңілдегілерді толық біледі. (6) Аллаға, Елшісіне иман келтіріңдер. Және сендерді ие қылған нәрселерден тиісті орынға жұмсаңдар. Өйткені, сондай сендерден иман келтіріп, тиісті орынға мал жұмсағандар үшін ірі сыйлық бар. (7) Пайғамбар, сендерді Раббыларыңа иман келтіруге шақырса да Аллаға иман келтірмейтін сендерге не болды? Негізінде Алла, сендерден серт алған. Егер иман келтіретін болсаңдар. (5-С. 7-А., 7-С. 172-А.) (8) Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін құлына (Мұхаммед Ғ.С.ға) ап-ашық аяттар түсірді. Сөзсіз Алла, сендерге тым жұмсақ, ерекше мейірімді. (9) Алла жолында мал жұмсамайтын сендерге не болды? Негізінен көктер мен жердің




мұрагерлігі Аллаға тән. Сендерден Меккенің Алнуынан бұрын Алла жолында мал сарып қылып, соғысқан кісі; одан кейін мал сарып етіп, соғысқан кісімен тең емес. Олар дәреже тұрғысынан үлкен. Сондай-ақ Алла бәріне де жақсылық уәде етті. Алла істеген ғамалдарыңды толық білуші. (10) Әлде кім Аллаға көркем қарыз берсе, (тиісті орынға мал жұмсаса) сонда Алла, оны неше есе арттырады да оған көркем сауап береді. (2-С. 245-А.) (11)




есігі бар бір дуар орнатылады. Оның ішінде рахмет, сырт жағында азап бар. (13) Мұнафықтар, мүміндерге: "Сендермен бірге болмап па едік?," - деп, айғайлайды. Олар: "Әрине, бірақ сендер өздерінді сұмдыққа салдыңдар, күттіңдер, күмәндандыңдар. Сендерді құр үміттерің Алланың әмірі келгенге дейін алдады. Сондай-ақ сендерді Аллаға байланысты алдаушы (шайтан) алдады" дейді. (14) Сондықтан бүгін сендерден бір төлеу қабыл етілмейді әрі кәпірлерден де. Орындарың тозақ. Ол сендердің достарың. нендей жаман орын. (15) Иман келтіргендердің жүректері Алланың зікіріне (Құранға) жұмсап әрі түскен хақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар. (16) Біліңдер, Алла, жер өлгеннен кейін жандандырады. Расында түсінулерің үшін сендерге белгілерді ашықша көрсетеді. (17) Шүбәсыз садақа беруші ерлермен садақа беруші әйелдер, сондай-ақ Аллаға көркем борыш бергендер, (тиісті орынға мал сарып қылғандар,) оларға неше есе арттырады әрі олар үшін көркем сыйлық бар. (18)

Сол күні мүмін ерлер, мүмін әйелдердің нұрлары алдарында әрі оң жақтарында жүгіргенін көресің: "Сендерге бүгін қуаныш. Астарынан өзендер ағатын ұрмақтар бар. Ол арада мүлде қаласыңдар. Міне осы ұлы қол жеткендік" (делінеді.) (12) Сол күні, мұнафық ерлермен мұнафық әйелдер, Мүміндерге: "Бізге көздеріңнің қырын салыңдар! Нұрларыңнан бізде пайдаланайықшы!",- дейді. Оларға: "Арттарыңа қайтып, нұр іздендер!",- делінеді. Сонда олардың араларына

Сондай Аллаға, Елшісіне иман келтіргендер, Міне солар, Раббыларының қасында шыншылдар және шейіт болғандар. Олар үшін сыйлықтар және нұрлар бар. Ал сондай қарсы келіп, аяттарымызды жасынға шығарғандар, міне солар, тозақтық. (19) Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанғысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана. (3-С. 14-А.) Бұның мысалы: Өсірген өсімдігі кәпірлерді таңырқатқан жаңбыр сияқты. Сосын құрап, сап-сары болғанын көресің. Содан кейін үгінді болады. Ахиретте қатты азап әрі Алладан жарылқау, ризалық бар. Негізінде дүние тіршілігі бір алданыштың ғана нәрсесі. (20) Раббыларыңнан жарылқауға және кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей; Аллаға, Елшісіне иман келтіргендер үшін әзірленген жаннатқа жарысындар. Ол, Алла (Т.) ның мәрхаметі. Оны



қалаған кісісіне береді. Алла (Т.) зор кеңшілік иесі. (21) Жер жүзіне сондан-ақ сендерге мұбада бір бейнет келетін болса, ол, жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз осы, Аллаға жеңіл. (22) Бұл өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін. Алла бүкіл текаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді. (23) Олар сондай сараңдық қылып, кісілерді де сараңдыққа бұйырғандар. Ал кім жалтарса, Алла тым бай, мақтауға лайық. (24)




Расында елшілерімізді ашық мұғжизаларымызбен жібердік. Және елшілермен бірге адам баласының әділ тұруы үшін Кітапты, мизанды (Әр нәрсенің өлшеуін) жібердік. Сондай-ақ темірді пайда қылдық. Онда мықты күш әрі адамзат үшін хажеттер бар. (Соғыс құралдары тағы басқа аспаптар темірден жасалады. Тіпті темірсіз өмір болмайды. Б.Ж.М.Р.К.) Алла онымен дініне, елшілеріне көрмей-ақ көмек еткен кісіні мәлім етеді. Сөзсіз Алла, өте күшті, тым үстем. (25)


Расында Нұх (F.C.) және Ыбырайым (F.C.) ды жібердік. Екеуінің ұрпақтарынан да пайғамбар қылып, кітап бердік. Олардан тура жол тапқандары да бар. Олардың көбірегі бұзақылар. (26) Сосын олардың артынан жалғасты түрде елшілерімізді жібере отырып, Мәрийем ұлы Гиса (F.C.) ны жіберіп; оған ілескендердің жүректеріне жұмсақтық, мейірімділік салдық. (Раъбанятты); дүниеден безушілікті олар өздері шығарды. Оны оларға жазбадық. Бірақ олар Алланың ризалығын іздеу үшін (шығарды.) Сонда олар оны да шын мәнінде меңгере алмады. Олардан иман келтіргендерге бодауларын бердік. Олардың көбірегі бұзақылар. (27) Әй мүміндер! Алладан қорқындар, Елшісіне иман келтіріңдер. Сендерге мәрхаметінен екі есе береді. Әрі сендерге сонымен жүретін нұр жаратады. Сендерді жарылқайды. Алла (T.) тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (28) Кітап иелері Алланың кеңшілігінен еш нәрсеге ие бола алмайтындықтарын білсін. Шәксіз, мәрхамет Алланың қолында. Қалаған құлына береді. Алла (T.) зор кеңшілік иесі. (29)

58-МУЖАДӘЛЕ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жиырма екі аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
(Біреу әйелін өз шешесінің арқасына ұқсатуды "Зиһар" деп атайды. Жаһилиет дәуірінде мүлде ажырасып кетеді екен. Самет ұлы Әуіс: "Маған анамның арқасындайсың" дегендіктен жұбайы Пайғамбарға келіп шағады. Ж.М.К.Р.Х.Т.) (Мұхаммед F.C.)
расында Алла, ері жайында Аллаға шағып, сенімен тартысқан әйелдің сөзін естіді. Алла екеуіңнің сөйлескендеріңді де естиді. Шүбәсіз Алла, толық естуші, тым қырағы. (1) Сондай сендерден жұбайларын зиһар еткендердің әйелдері аналары емес. Олардың аналары өздерін тапқандар ғана. Сөзсіз олар теріс әрі өтірік сөз сөйлейді. Шынында Алла тым кешірімді, ерекше жарылқаушы. (2) Сондай жұбайларын зиһар еткендер, сосын айтқан сөздерінен қайтса, сонда екеуі қосылудан бұрын бір құл азат етуге тиіс. Міне сендерге осы нұсқау беріледі. Алла не істегендеріңді толық біледі. (3) Сонда біреу құл таба алмаса, екеуі қосылудан бұрын тұтас екі ай ораза ұстасын. Біреудің оған да шамасы келмесе, алпыс аш кісіні тамақтандырсын. Бұл Аллаға,




Елшісіне иман келтірулерің үшін. Сондай-ақ осы Алланың шектері, қарсы болушыларға жан түршігерлік азап бар. (4) Расында Аллаға, Елшісіне қасарысқандар, олар да бұрынғылар қорлағандай қорланады. Әлбетте ашық аяттарды түсірдік. Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар. (5) Сол күні, Алла, оларды тұтас тірілтеді де өздеріне не істегендерін түсіндіреді. Алла, оны түгендеп сақтады. Оны өздері ұмытты. Алла, әр нәрсені көріп тұрады. (6)



түсіп, тіпті сәлемнің өзін бүрмалаған. Ж.Б.М.Р.Т.) (7) Сондай сыбырдан тыйылғандардың тыйым салынған нәрселеріне қайта оралғандарын көрмедің бе? Олар күнәда, дұшпандық және Пайғамбарға қарсылықта сыбырласады. Әрі саған келген сәтте, өзіңе Алланың сәлемінен басқа сәлем береді. (Есендік тілемей өлім тілейді.) Сондай-ақ өздерінше: "Алла, бізді айтқан сөзімізбен азапқа душар қылмайды" дейді. Оларға кіретін тозақ жетіп асады. Ол нендей жаман орын. (8) Әй мүміндер! Егер сыбырласаңдар; күнә, дұшпандық және Пайғамбар (Ғ.С.) ға қарсылық жайында сыбырласаңдар. Жақсылық, тақуалықта сыбырласыңдар. Сондай-ақ Алладан қорқыңдар. Өйткені Ол тарапқа жиналасыңдар. (9) Шын мәнінде құпия жиналыс мүміндерді кейіту үшін шайтан ісі. Алла қаламайынша ешбір зиян келтірмейді. Сондықтан мүміндер Аллаға тәуекел етсін. (10) Әй иман келтіргендер! Сендерге жиналыста: "Орын беріңдер" делінсе, ашылыңдар. Алла да сендерге кеңшілік етеді. Ал және: "Тарқаңдар" делінсе, дереу тарқаңдар. Алла (Т.) сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді. Істегендеріңді толық біледі. (11)

(Мұхаммед Ғ.С.) көрмедің бе? Шәксіз Алла (Т.) көктер мен жердегі нәрселерді біледі. Үш кісі сыбырласа; сөз жоқ, төртіншісі, әлбетте бестің алтыншысы Алла. Тағы бұлардан аз, я көп тіпті қайда болса да әрине Ол, олармен бірге болады. Сонан кейін қиямет күні, оларға не істегендерін білдіреді. Шүбәсіз Алла, әр нәрсені толық білуші. (Рауаят бойынша, Ябудилер мен мұнафықтар; сыбырласып, қас қағысып, көз қысыудан тыйым салынған бола тұрса да өршелене

Әй иман келтіргендер! Пайғамбар (Ғ.С.) мен оңаша сөйлескен кезде, оңаша кеңесудің алдында садақа беріндер. Бұл сендер үшін хайырлы әрі кіршіксіз болады. Егер оны таппасаңдар, шәксіз Алла (Т.) тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (12) Пайғамбар (Ғ.С.) мен оңаша сөйлесуден бұрын садақа беруден тартындындар ма? Оны істемесеңдер де Алла, сендерді кешірім етті. Ал енді намазды толық орындаңдар, зекет беріндер. Сондай-ақ Аллаға, Елшісіне бағыныңдар. Алла (Т.) істегендеріңнен толық хабар алушы. (13) (Мұхаммед Ғ.С.) өздеріне Алла ашуланған қауымды достұтқандарды көрмедің бе? Негізінде олар, сендерден де олардан да емес. Сондай-ақ олар біле тұра өтірікке ант ішеді. (14) Алла, оларға қатты азап әзірледі. Олардың істегендері нендей жаман. (15) Олар анттарын қалқан қылып алып, Алланың жолынан тосады. Сондықтан олар үшін қорлаушы азап бар. (16) Олардың малдары да балалары да Алладан келген нәрсеге еш төтеп бере алмайды. Міне солар, тозақтық. Олар онда мәңгі қалады. (17) Қиямет күні Алла, оларды, тұтас тірілтіп жинағанда, сендерге ант ішкендей Оған да ант ішеді.



Расында олар оны пайдалы деп ойлайды. Байқаңдар! Шын мәнінде олар, өтірікші. (18) Оларға шайтан үстем келіп, өздеріне Алланы еске алуды ұмыттырды. Олар шайтанның тобы. Байқаңдар! Расында шайтанның жамағаты солар; зиян тартушылар. (19) Сөзсіз, Аллаға, Елшісіне қарсы келгендер, солар; қорлардың қатарында болады. (20) Алла (Т.): "Әлбетте Мен және елшілерім жеңіске иеміз" деп, жазған. Шүбәсыз Алла; тым күшті, аса үстем. (21)

59-ХАШЫР СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жиырма төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктердегілер мен жердегілер Алланы дәріптеуде. Ол, аса үстем, хикмет иесі. (1) (Рауаят бойынша, Мұхаммед Ғ.С. Мединеге көшіп келгенде, Януди Назыр ұлдары, соғыспауға, дұшпанға көмек етпеуге келісім жасайды. Бәдір жеңісінде: "Тәуратта жазылған хақ Пайғамбар осы" дейді. Бірақ, Ұхыт соғысынан кейін уәдені бұзып, қырық атты кісімен Меккеге барып, Әбу Сүфьянмен Мұсылмандарға қарсы келісім жасайды. Сондықтан Кәғап өлтіріліп, Пайғамбар Ғ.С. бір топ әскермен ауылдарын 21 күн қоршатқаннан кейін, жұрттарынан шығып кетуге келіседі. Көбірегі Шам жаққа, бір бөлімі Хайбарға барып, орналасады. Ж.Б.К.Р.Т.) Ол сондай Алла, Кітап иелерінен қарсы болғандарды алғаш шабуылда жұрттарынан шығарды. Сендер оларды шығады деп, ойламаған едіңдер. Олар бекіністері өздерін Алладан қорғайды деп ойлаған еді. Алайда Алла, оларға, күтпеген жақтан келді; олардың жүректеріне қорқу салды да олар, үйлерін өз қолдарымен әрі Мұсылмандардың қолдарымен талқандауда еді. Әй ақыл иелері! Гибрат алыңдар. (2) Егер Алла, оларға, сүргіндік жазбаса еді, әлбетте оларға дүниеде басқа азап берер еді әрі олар үшін ахиретте тозақ азабы бар. (3)

سُورَةُ الْحَشْرِ

الْحَشْرِ

لَا يَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ
حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَوْ كَانُوا آبَاءَهُمْ أَوْ أَبْنَاءَهُمْ
أَوْ إِخْوَانَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ أُولَئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ
الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِنْهُ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي
مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا
عَنْهُ أُولَئِكَ حِزْبُ اللَّهِ أَلَا إِنَّ حِزْبَ اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿١٥﴾

سُورَةُ الْحَشْرِ


بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

سَبَّحَ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ
﴿١﴾ هُوَ الَّذِي أَخْرَجَ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ مِنْ دِيَارِهِمْ
أُولَئِكَ لَمْ يَكُنْ لَهُمْ جَاهِزٌ لِمَا جَاءَهُمْ فَأَخْلَفُوا بِنَفْسِهِمْ
مَا بَعَثَهُمْ بِهِمْ مِنْ نَبِيٍِّّ يُؤْتِيهِمُ الْبَيِّنَاتِ وَأَقْبَلَتْ
الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْهُمْ لَعْنَةُ اللَّهِ وَلَعْنَةُ الْعَرَبِ وَالَّذِينَ
كَفَرُوا مِنْ بَنِي إِسْرَائِيلَ وَالَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ ذُرِّيَةِ عَادٍ وَهُوَ
الْحَقُّ الْمُبِينُ ﴿٢٠﴾ وَلَوْ لَا أَنْ كَتَبَ اللَّهُ عَلَيْهِمُ
الْحِجَابَ لَفَعَلْنَا لَمُدَّ بِهِنَّ فِي الدُّنْيَا وَلَهُمْ فِي الْآخِرَةِ عَذَابُ النَّارِ ﴿٢٢﴾


٥٤٥

Аллаға, ахирет күніне иман келтірген бір елдің; аталары не балалары яки туыстары немесе ағайындары болса да Аллаға, Елшісіне қарсы келгендерді сүйгенін көрмейсің. Міне солардың жүректеріне Алла иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір нұрмен қолдаған. Және оларды астарынан өзендер ағатын әрі онда мәңгі қалатын бейіштерге кіргізеді. Алла, олардан разы, олар да Алладан разы. Міне бұлар, Алланың жамағаты. Жақсы біліндер. Дау жоқ, Алланың жамағаты, олар; құтылушылар. (22)

Міне бұл, олардың Аллаға, Пайғамбарына қарсы келулері себепті. Әлде кім Аллаға қарсы келсе, Расында сонда Алла қатты азап иесі. (4) Жаудың құрма ағаштарын кесулерің немесе (кеспей) тамырларына тік қоюларың Алланың нұсқауы бойынша, бұзақыларды қорлау үшін болады. (5) Алланың, Елшісіне олардан қалдырған олжасына, сендер не ат шаптырып немесе түйе жүгіртпедіңдер. Бірақ Алла, елшілерін кімді қаласа, соған өктем қылады. Сондай-ақ Алланың әр нәрсеге күші еркін жетеді. (6) Алла (Т.) ның, Елшісіне бір кент тұрғындарынан қалдырған олжалары; Аллаға, Елшісіне, жақындарына, жетімдерге және жолда қалғандарға тән. Сендерден байлар арасында айналып жүрмеуі керек. Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да неменеден тыйса, одан тыйылыңдар әрі Алладан қорқыңдар. Сөзсіз Алла, қатты азап иесі. (Бұл аят бойынша Пайғамбар (F.C.) дың әміріне бой ұсыну уажіп. К.Т-Қ.) (7) Әсіресе сондай




жүрттарынан, малдарынан қуылғандар; Алладан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаға, Елшісіне көмек еткен пақыр мұғажірлер үшін. Міне солар шыншылдар. (8) Бұрыннан Мединеде қоныстанған иман иелеріне де (беріледі.) Олар өздеріне босып келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақсынса, солар құтылушылар. (9)




Сондай олардан кейін келгендерге де (бұл олжадан беріледі.) Олар: "Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай көр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір кірбеңдік қылма. Раббымыз шүбәсыз Сен тым жұмсақ, ерекше мейірімдісің." (9-С. 100-А.) (10) (Мұхаммед F.C.) көрмейсің бе? Мұнафықтар Кітап иелерінен иман келтірмеген туыстарына: "Егер жұрттарыңнан шығарылсаңдар, сендермен бірге шығамыз; сендерге

қарсы әсте ешкімге бағынбаймыз. Егер соғыс болса, әлбетте сендерге көмек етеміз" дейді. Олардың мүлде суайт екендігіне Алла куәлік етеді. (11) Егер олар жұрттарынан шығарылса да олармен бірге мұнафықтар шықпайды. Ал егер соғыс болса да олар соғыспайды. Егер көмек етсе де әрине олар, арттарына бұрылып қашады. Сосын оларға жәрдем етілмейді. (12) Әлбетте олардың жүректерінде Алладан көрі сендерден қатты қорқу бар. Өйткені олар, түсінбейтін ел. (13) Олар сендермен топты түрде соғыса алмайды. Бірақ бекіністегі ауылда не дуардың далдасында соғысады. Әрине өзара тартыстары қатты. Оларды бірлікте деп, ойлайсың. Жүректері быт-шыт. Өйткені олар, ойланбайтын ел. (14) Олар, өздерінен біраз бұрынғылар сияқты; істегендерінің жазасын татты. Әрі оларға күйзелтуші азап бар. (15) Олар, шайтанның мысалы сияқты; адамдарға: "Қарсы бол" деп айтып, адам баласы қарсы болған кезде: "Шынында сенен бездім. Расында әлемдердің Раббы Алладан қорқамын" деген еді. (16)



Сонда екеуінің де соңы; тозақта мәңгі қалатын болды. Міне залымдардың сазаы. (17) Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар. Әркім ертең үшін не жібергеніне қарасын. Және Алладан қорқыңдар. Шәксіз Алла, не істегендеріңді толық біледі. (18) Сондай Алланы ұмытқан, Алла оларға өздерін ұмыттырған кісілер тәрізді болмаңдар. Міне солар бұзақылар. (19) Тозақтықтар мен ұжмақтықтар тең емес. Ұжмақтықтар; олар, қолы жеткендер. (20) (Мұхаммед F.C.) егер осы Құранды бір тауға түсірсек еді, Алладан қорыққандығынан үрейленіп, быт-шыт болғаның көрер едің. Бұл мысалдарды адам баласы түсінсін деп, келтіреміз. (21) Ол

сондай Алла, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Көместі де көрнеуді де біледі. Сондай-ақ Ол, тым есіркеуші, ерекше мейірімді. (22) Ол сондай Алла, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол патша; өте пәк, есендік беруші, қорғаушы, тым үстем, аса өктем, өте зор. Алла олардың қосқан ортақтарынан пәк. (23) Ол Алла, жаратушы, жоқтан бар етуші және бейнелеуші. Аттардың ең көркемі Оған тән. Көктер мен жердегі әр нәрсе Оны дәріптейді. Ол, өте үстем, Аса дана. (24)




60- МУМТАХИНА СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй мүміндер! Менің дұшпандарымды да өз дұшпандарыңды да дос тұтпаңдар. Олар, сендерге келген шындыққа қарсы келсе де оларға сүйіспеншілік көрсетесіңдер. Олар, Пайғамбарды да сендерді де Раббыларың Аллаға иман келтірдіңдер, деп жұрттан шығарды. Сендер Менің жолымда ризалығымды іздеп, соғысқа

шыққанда, оларға жасырын достық істейсіңдер. Мен көрнеу, көмес істегендеріңді де жақсы білемін. Сендерден кім бұны істесе, расында ол тура жолдан адасты. (Балтаға ұлы Хатып, Мединеден Сара атты әйелмен Меккедегі елге: "Меккені алыну әзірлігі көріліп жатыр" деп, хат жолдайды. Бірақ Пайғамбарға Алла білдіргендіктен бірнеше кісі жіберіп, Сарадағы хатты алдырып, Хатыптан сұралғанда: "Бала-шағам Меккеде болғандықтан жаздым" дегеннен кейін Пайғамбар (F.C.) кешірім етеді. Б.Ж.М.К.Т.Х.) (1) Егер олар сендерге үстем келсе, өздеріңе жау болып, сендерге жаман ниетпен қолдарын созып, тілдерін тигізеді. Қарсы болуларыңды қалайды. (2) Сендерге туыстарың да балаларың да ешбір пайда бермейді. Алла қиямет күні, араларыңды ажыратады. Алла істегендеріңді толық біледі. (3) Расында сендерге Ыбырайым (F.C.) және онымен бірге болғандар, бір көркем өнеге болды. Сол уақытта, олар елдеріне: "Сендерден де Алладан өзге табынғандарыңнан да бездік. Сендермен арамызға мәңгі дұшпандық, өштік бастады. Сендерге Алланың бірлігіне иман келтіргенге дейін қарсымыз" деген. Бірақ Ыбырайым (F.C.) ның әкесіне: "Әрине сен үшін жарылқау тілеймін. Дегенмен Алладан келетін нәрсеге шамам келмейді" деген болатын. "Раббымыз, Саған тәуекел еттік, Саған қайттық әрі барар жеріміз Сен жақ." (4) "Раббымыз! Кәпірлер үшін бізді сынама. Бізді бағышта. Раббымыз! Сен өте үстем, хикмет иесісің." (5)

Расында сендерге, оларда (Ыбырайым Ғ.С. және сыбайластарында,) Алланы, ахирет күнін үміт еткен кісілер үшін көркем өнеге бар. Ал кім бет бұрса, сонда шүбәсыз Алла еш нәрсеге мұхтаж емес, аса мақтаулы. (6) Алланың сендермен дұшпандық еткен кісілердің арасына достық пайда қылуы мүмкін. Алла өте күшті әрі Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (7) Алла (Т.) дін жайында сендермен соғыспаған және жұрттарыңнан шығармағандарға жақсылық қылуларыңа, әділдік етулеріңе тыйым салмайды. Расында Алла (Т.) турашылдарды жақсы көреді. (8) Шын мәнінде Алла (Т.) сендермен дін турасында соғысқандарды, жұрттарыңнан шығарғандарды және шығарылуларыңа көмекші болғандарды дос тұтуларыңа тыйым салады. Біреу оларды дос көрсе, солар залымдар. (9) Әй мүміндер! Сендерге мүмін мұғажір әйелдер келсе, оларды сынаңдар. Олардың имандарын Алла жақсы біледі. Сонда егер олардың мүмін әйел екендігін білсеңдер, онда оларды кәпірлерге қайтармаңдар. Бұл әйелдер, оларға халал емес, олар да бұларға халал емес. Олардың бұл әйелдерге берген мәерлерін өздеріне қайтарып беріндер. Егер бұл әйелдердің мәерлерін берсеңдер, оларды, некеленулеріңнің оқасы жоқ. Кәпір



қатындарды некелерінде ұстамандар. Кәпір қатындарға берген мәерлерінді сұрандар. Кәпірлер де сендерге келген мүмін қатындарға берген мәерлерін сұрасын. Бұл сендерге Алланың үкімі. Араларыңа үкім қылады. Алла толық білуші, хикмет иесі. (10) Егер кейбір әйелдерің мәерімен кәпірге өтсе, сонда үстемдікке ие болсаңдар; олжадан, кәпірге әйелі кеткендерге кеткен мәерінің бодауын беріндер. Иман келтіргендер, Алладан қорқыңдар. (11)

سُورَةُ الصَّفَاتِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ

يَأْتِيهَا النَّبِيُّ إِذَا جَاءَهُكَ الْمَوْتُ مَنِّتَ بِمَا بَعَثَكَ عَلَيْنَ أَنْ لَا يُشْرِكَ
 بِاللَّهِ شَيْئًا وَلَا يُشْرَفَنَّ وَلَا يُزَيَّنَنَّ وَلَا يَقْتُلَنَّ أَوْلَادَهُنَّ وَلَا يَأْتِيَنَّ
 بِبُهْتِنٍ يُفَرِّسُهُ بَيْنَ أَيْدِيهِنَّ وَأَرْجُلِهِنَّ وَلَا يَعْصِيَنَّكَ
 فِي مَعْرُوفٍ قَبَائِعُهُنَّ وَأَسْتَغْفِرُ لَهُنَّ اللَّهُ إِنْ أَلَّفَهُ عَفْوٌ رَحِيمٌ
 ﴿١١﴾ يَأْتِيهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَانْتَوَلَوْا قَوْمًا غَضِبَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ
 قَدْ بَيَّسُوا مِنَ الْآخِرَةِ كَمَا بَيَّسَ الْكُفَّارُ مِنَ أَصْحَابِ الْقُبُورِ ﴿١٢﴾

سُورَةُ الصَّفَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

سَبَّحَ لِلَّهِ مَا فِي السَّمٰوٰتِ وَمَا فِي الْاَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ
 ﴿١﴾ يَأْتِيهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لِمَ تَقُولُونَ مَا لَا تَفْعَلُونَ ﴿٢﴾
 كَبُرَ مَقْتًا عِنْدَ اللَّهِ أَنْ تَقُولُوا مَا لَا تَفْعَلُونَ ﴿٣﴾ إِنْ
 اللَّهُ يُحِبُّ الَّذِينَ يُقْتُلُونَ فِي سَبِيلِهِ صَفًا كَانَتْهُمْ
 بَيْنَ مَرْصُوصٍ ﴿٤﴾ وَإِذْ قَالَ مُوسَى لِقَوْمِهِ يَا قَوْمِ لِمَ
 تَقُولُونَ مَا لَا تَفْعَلُونَ ﴿٥﴾ قُلْنَا زَاغُوا أَزَاغَ اللَّهُ قُلُوبَهُمْ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفٰسِقِينَ ﴿٦﴾

۵۵۱


Әй Пайғамбар! Егер саған мүмін әйелдер, Аллаға еш нәрсені ортақ қоспауға, ұрлық қылмауға, зинашы болмауға балаларын өлтірмеуге, қол-аяқтарының арасынан бір жала жаппауға, (Суық жолдан тапқан баланы өз еріне телімеуге. Ж.М.) және ізгілік істеуге, өзіңе қарсы келмеу үшін келген кезде, олардың (биғаттарын) серттерін қабыл ал. Олар үшін Алладан жарылқау тіле. Өйткені Алла, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (12) Әй мүміндер! Алланың ашуына ұшыраған елді

дос тұтпаңдар. Олар көпірлердің қабырдағылардан күдер үзгеніндей олар, ақиреттен үміт үзген. (13)


61-САФ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктер мен жердегі нәрселер Алланы дәріптейді. Ол Алла, тым үстем, аса дана. (1) Әй мүміндер! Істемейтін істеріңді неге айтасыңдар. (2) Істемейтін істеріңді сөйлеулерің Алланың қасында зор ашуға себеп болады. (3) Күдіксіз Алла (Т.) өзінің жолында мықты қаланған дуардай сап болып, соғысқандарды жақсы көреді. (4) Сол уақытта, Мұса (F.C.) еліне: "Мені не үшін ренжітесіңдер? Шын мәнінде сендерге Алланың елшісі екенімді рас білесіңдер" деген еді. Сонда олар, жолдан тайған кезде, Алла олардың жүректерін тайдырған еді. Алла бұзақы елді тура жолға салмайды. (5)

Сол уақытта Мәрийем ғлы Гиса (F.C.): "Әй Израил ұрпақтары! Шын мәнінде мен, сендерге Алланың Елшісімін, алдымдағы Тәуратты растаушы және менен кейін келетін "Ахмед" атты пайғамбарменен шүйіншілеймін" деген еді. Бірақ олар (ол, айтылған) Пайғамбар, оларға ашық дәлелдермен келген кезде: "Бұл ашық жады" деді. (6) Ислам дініне шақырылғанда, Аллаға қарсы өтірік жала жапқаннан кім залымырақ? Сондай-ақ Алла, залым қауымды тура жолға салмайды. (7) Олар, Алланың нұрын өшіруді қалайды. Кәпірлер жек көрсе де Алла нұрын тамамдайды. (8) Ол сондай Алла, мүшріктер жек көрсе де дінін бүкіл діндерге үстем қылу үшін Елшісін туралықпен хақ дінмен жіберді. (9) Әй мүміндер! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқаратын бір сауда көрсетейін бе? (10) Аллаға, Елшісіне иман келтіресіңдер; малдарыңмен, жандарыңмен Алла жолында күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осыларың сендер үшін хайырлы. (11) Күнәларыңды жарылқайды. Сендерге астарынан өзендер ағатын бейіштерге; Ғадын жаннаттарындағы орындарға кіргізеді. Зор табыс осы. (12) Тағы басқа сендер жақсы көретін бір нәрсе бар: Алла жақтан бір көмек



және жақын бір жеңіс бар. (Мұхаммед F.C.) мүміндерді қуандыр. (13) Әй мүміндер! Алланың (дінінің) көмекшілері болындар. Мәрийем ғлы Гиса (F.C.) ның хауариларға: "Алла жаққа көмекшілерім кім?";- дегенде, хауарилардың: "Аллаға біз көмекшіміз" дегендеріндей. Сонда Израил ұрпақтарының бір тобы иман келтіріп, бір тобы қарсы шықты. Иман келтіргендерді, дұшпандарына қарсы қолдадық. Сондай-ақ олар, дұшпандарына үстем болды. (14)



62-ЖҮМА СҮРЕСІ


Мединеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктердегі және жердегі нәрселер; үкім иесі, өте пәк, тым үстем, хикмет иесі Алланы дәріптейді. (1) Ол сондай Алла, сауатсыздардың ішіне өздерінен; оларға Алланың аяттарын оқып, оларды тазартатын сондай-ақ оларға; Кітап, даналық үйрететін бір Пайғамбар жіберді. Негізінде олар бұрын ашық адасуда

еді. (2) Ол Алла, бұл Пайғамбарды олардан басқа әлі оларға қосылмағандарға да жіберді. Ол тым үстем, аса дана. (Бұл жердегі, әлі оларға қосылмағандар; қияметке дейін Ислам дініне кіретін елдер. Б.Ж.М.) (3) Бұл пайғамбарлық Алланың кеңшілігі, оны қалаған құлына береді. Алла, зор кеңшілік иесі. (4) Өздеріне Тәурат жүктеліп кейін оны игере алмағандардың мысалы; кітаптарды артқан есек тәрізді. Алланың аяттарын жасынға шығарған елдің мысалы нендей жаман. Алла залым қауымды тура жолға салмайды. (5) (Мұхаммед F.C.): "Әй Яһудилер! Егер өздеріңді адамдардан өзге, Алланың шын досымыз деп ойласаңдар, дереу өлім тілеңдерші! Егер рас айтушы болсаңдар" де. (6) Негізінде олар, бұрын қолекі істеген қылмыстарының салдарынан әсте өлім тілемейді. Алла, залымдарды жақсы біледі. (7) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Расында сендер қашқан өлім; әрине ол, сендерге кездеседі. Сосын көместі, көрнеуді білуші Аллаға қайтарыласыңдар. Сонда сендерге істеген істеріңді түсіндіреді" де. (8)

Әй мүміндер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Алланы еске алуға (намазға) ұмтылыңдар; және сауданы қойыңдар, егер білген болсаңдар, сендер үшін жақсы. (9) Намаз өтелген кезде, жер жүзіне таралыңдар да Алланың мәрхаметінен несібе іздеңдер. Сондай-ақ Алланы көбірек зікір етіңдер. Әрине құтыласыңдар. (Мұхаммед Ғ.С. бір жұма күні, хутба оқып, тұрғанда бір астық артқан керуенге қағылған дабылды естіген ел, шыға жүгіріседі. Өйткені қатты ашаршылық бір жыл еді. Бұл аят соған байланысты. Б.М.) (10) Олар сауданы, ойынды көрген сәтте, сол жаққа тарайды да сені тік тұрған бойда тастайды. Оларға: "Алланың қасындағы нәрселер, ойыннан да саудадан да жақсы. Алла ризық берушілердің жақсырағы" де. (11)

63-МҮНАФИҚУН СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С.) саған мұнафықтар келген кезде: "Сені, анық Пайғамбар деп айғақ боламыз" деді. Сенің хақ Пайғамбар екеніңді Алла біледі. Сондай-ақ Алла (Т.) расында мұнафықтардың мүлде суайт екендігіне куәлік етеді. (1) Олар анттарын қалқан етеді де Алланың жолынан тыяды. Күмәнсыз олардың істегендері нендей жаман. (2) Міне расында олар, иман келтіріп, кейін қарсы келгендіктерінің салдарынан жүректері бітелген Енді олар, түсінбейді. (3) (Мұхаммед Ғ.С.)



оларды көрген кезде, тұлғалары сені таңырқатады. Олар сөйлесе, сөздерін тыңдайсың. Олар, бейне, қаланған қуыс дөңбек сияқты. Сондай-ақ олар, әрбір шыққан дауысты өздеріне жориды. (Өз қылықтарынан үрейленеді.) Олар дүшпан. Сондықтан олардан сақтан. Оларды Алла типыл қылсын. Қайда адасып, бара жатыр? (Мұнафықтардың бастығы Ғабдолла Ұбай ұлы, тағы басқалары зор денелі келбетті де шешен адамдар еді. Келіп, дуарға сүйеніп тұрып, әдемілеп сөйлеуші еді. Б.Ж.М.Т.) (4)

سُورَةُ الْمُنَافِقِينَ

وَإِذْ قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا اسْتَغْفِرْ لَكُمْ رَسُولُ اللَّهِ لَوَّأْنَهُمْ وَوَأْتَهُمْ
 وَرَأَيْتَهُمْ يَصُدُّونَ وَهُمْ مُسْتَكْبِرُونَ ﴿٥﴾ سَوَاءٌ عَلَيْهِمْ
 أَسْتَغْفَرْتَ لَهُمْ أَمْ لَمْ تَسْتَغْفِرْ لَهُمْ لَنْ يَغْفِرَ اللَّهُ لَهُمْ إِنَّ
 اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ ﴿٦﴾ هُمُ الَّذِينَ يَقُولُونَ
 لَا تُنْفِقُوا عِلىٰ مَنْ عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ حَتَّىٰ يَنْفَضُوا وَاللَّهُ
 خَرَأَيْنِ السَّمْعَاتِ وَالْأَرْضِ وَلَكِنَّ الْمُنْفِقِينَ لَا يَفْقَهُونَ
 ﴿٧﴾ يَقُولُونَ لَيْنَ رَجَعْنَا إِلَى الْمَدِينَةِ لَيُخْرِجَنَّ الْأَعَزُّ
 مِنهَا الْأَذَلَّ وَلِلَّهِ الْعِزَّةُ وَلِرَسُولِهِ وَلِلْمُؤْمِنَاتِ وَلَكِنَّ
 الْمُنْفِقِينَ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٨﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُلْهِكُمْ
 أَمْوَالُكُمْ وَلَا أَوْلَادُكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَمَنْ يَفْعَلْ
 ذَلِكَ فَأُولَئِكَ هُمُ الْخَاسِرُونَ ﴿٩﴾ وَأَنْفِقُوا مِنْ مَّا رَزَقْنَاكُمْ
 مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَ أَحَدَكُمُ الْمَوْتُ فَيَقُولَ رَبِّ لَوْلَا أَخَّرْتَنِي
 إِلَىٰ أَجَلٍ قَرِيبٍ فَأَصَّدَّقَ وَأَكُنْ مِنَ الصَّالِحِينَ ﴿١٠﴾ وَلَنْ
 يُؤَخَّرَ اللَّهُ نَفْسًا إِذَا جَاءَ أَجَلُهَا وَاللَّهُ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ ﴿١١﴾

سُورَةُ النِّجَابِ

•••

көресің. Олар бет бұрып, текаппарланады. (5) (Мұхаммед F.C.) олар үшін жарылқау тілесен де тілемесең де бәрі бір. Оларды Алла жарылқамайды. Алла (Т.) бұзақы елді тура жолға салмайды. (6) Олар: "Алланың Елшісінің жанындағы кісілерге еш нәрсе бермеңдер, олар тарқап кетсін" дейді. Негізінде көктер мен жердің қазынасы Аллаға тән. Бірақ мұнафықтар ұқпайды. (7) Ол мұнафықтар: "Егер соғыстан қайтып, Мединеге барсақ; ол жерден ардақтылар, інжықтарды әлбетте шығарады" дейді. Негізінде ғиззат Аллаға, Елшісіне әрі Мұсылмандарға тән. Бірақ мұнафықтар білмейді. (8) Әй мүміндер! Сендерді малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспасын. Әлде кім бұны істесе, міне солар, зиян тартушылар. (9) Сендерден біреулеріңе өлім келіп: "Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең де садақа беріп, ізгілерден болсам" деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар. (10) Қашан біреудің ажалы келсе, Алла, оны әсте кешіктірмейді және Алла, істегендеріңді толық біледі. (11)


(Рауаят бойынша Мұсталаық ұлдарымен болған бір қақтығыста, суға таласып, Ғабдолла Ұбай ұлы, мұғажірлерді өте ауыр сөздермен қорлайды. Пайғамбарға білініп; оны шақырып алып, сұрағанда, ант-су ішіп, жылмия танады. Өтірігі шыққаннан кейін оған, Пайғамбар (F.C.) дан: "Кешірім сұра, Алладан жарылқау тілесін" десе, қасарысып көнбейді. Б.М.) Егер оларға: "Келіңдер, Алланың Елшісі сендерге жарылқау тілесін" делінсе, олардың бастарын шайқағанын

64-ТАҒАБҮН СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Көктердегі және жердегі нәрселер Алланы дәріптейді. Патшалық Оған тән, мақтау Оған лайық. Сондай-ақ Оның әр нәрсеге толық күші жетуші. (1) Ол сондай сендерді жаратқан Алла. Сонда кейбіреулерің қарсы келесіңдер де кейбіреулерің иман келтіресіңдер. Алла істеген істеріңді толық көруші. (2) Көктер мен жерді хақиқат бойынша жаратты. Ол, сендерді бейнелегенде көркем бейнелеген. Әрі қайтар жерлерің Сол жақ. (3) Ол, көктер мен жерде болған нәрселерді біледі. Сондай-ақ жасырғандарыңды да әшкерелегендеріңді де біледі. Әрі көкіректегілерді толық біледі. (4) Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын татты. Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар. (5) Бұл, өздеріне пайғамбарлары ашық дәлелдермен келгенде: "Бізді адам тура жолға сала ма?",- деп қ а р с ы ш ы ғ ы п , б е т бұрғандықтарының салдарынан. Алла, оларға мұхтаж емес екендігін көрсетті. Өйткені, Алла, мұңсыз, мақтауға лайық. (6) Сондай қарсы болғандар, әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не



істегендерің түсіндіріледі. Осылар Аллаға оңай" де. (7) Ендеше Аллаға, Елшісіне және Біз түсірген нұрға иман келтіріңдер. Алла (Т.) істегендеріңді толық біледі. (8) Жиналатын күні; ол күні, сендерді жинайды. Міне сол, кімнің алданғаны ортаға шығатын күн. Кім Аллаға иман келтіріп, ізгі іс істесе; Алла оның жамандығын жояды да оны астарынан өзендер ағатын бейіштерге кіргізеді. Онда олар мәңгі қалады. Осы зор қол жеткендік. (9)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الَّذِينَ كَفَرُوا

وَالَّذِينَ كَفَرُوا وَكَذَّبُوا بِآيَاتِنَا أُولَٰئِكَ أَصْحَابُ
النَّارِ خَالِدِينَ فِيهَا وَسَاءَ الْمَصِيرُ ﴿٩﴾ مَا أَصَابَ مِنْ
مُصِيبَةٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ وَمَنْ يُؤْمِنْ بِاللَّهِ يَهْدِ اللَّهُ قَلْبَهُ، وَاللَّهُ بِكُلِّ
شَيْءٍ عَلِيمٌ ﴿١٠﴾ وَأَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ فَإِن
تَوَلَّيْتُمْ فَإِنَّمَا عَلَىٰ رَسُولِنَا الْبَلَاغُ الْمُبِينُ ﴿١١﴾ اللَّهُ لَا إِلَهَ
إِلَّا هُوَ وَعَلَىٰ اللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ ﴿١٢﴾ يَا أَيُّهَا
الَّذِينَ آمَنُوا إِنِّ مِنْ أَرْزَاقِكُمْ وَأَوْلَادِكُمْ عَدُوًّا
لَكُمْ فَاحْذَرُوهُمْ وَإِن تَعَفَوْا وَتَصَفَّحُوا وَتَغْفِرُوا
فَإِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿١٣﴾ إِنَّمَا آمَنَ لَكُمْ وَأَوْلَادُكُمْ
فِتْنَةٌ وَاللَّهُ عِنْدَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ ﴿١٤﴾ فَأَنقَا اللَّهُ مَا اسْتَطَعْتُمْ
وَأَسْمِعُوا وَأَطِيعُوا وَأَنفِقُوا خَيْرًا لِّأَنفُسِكُمْ وَمَنْ
يُوقِ شَحْ نَفْسِهِ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿١٥﴾ إِن تَقْرَضُوا
اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا يَضْعَفْهُ لَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ وَاللَّهُ شَكُورٌ
حَلِيمٌ ﴿١٦﴾ عَلَيْهِ الْعَيْبُ وَالشَّهَادَةُ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿١٧﴾

سُورَةُ الطَّلَاقِ


٥٥٧

Сондай қарсы келіп, аяттарымызды жасынға айналдырғандар; міне солар, тозақтық болып, онда мәңгі қалады; нендей жаман орын. (10) Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы-қасірет болмайды. Ал және кім Аллаға иман келтірсе, оның жүрегін түзейді. Алла барлық нәрсені толық білуші. (11) Аллаға да бой ұсыныңдар әрі Елшісіне де бағыныңдар. Егер бет бұрсаңдар, Елшімізге насиқат ету ғана міндет. (12) Алла бар. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Сондықтан мүміндер,

Аллаға тәуекел етсін. (13) Әй мүміндер! Сөзсіз әйелдеріңнен балаларыңнан өздеріңе дұшпан болатындар да бар. Олардан сақсыныңдар. Егер оларды кешірім етсеңдер, шығыссаңдар, жарылқасаңдар, шәксіз Алла, өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (14) Шын мәнінде малдарың, балаларың бір сынақ. Үлкен сыйлық Алланың қасындағы. (9-С. 23-А) (15) Сондықтан шамаларың келгенінше Алладан қорқыңдар. (Әмірлерін) тыңдаңдар, бой ұсыныңдар. Сондай-ақ тиісті орындарға мал жұмсаңдар; сендер үшін хайырлы болсын. Кім нәпсісінің сараңдығынан сақсынса, міне олар, құтылушылар. (16) Егер, Аллаға көркем қарыз берсеңдер, (тиісті орынға мал сарып қылсаңдар, 57-С. 11-А.) оны сендер үшін неше есе арттырады әрі сендерді жарылқайды. Алла шүкірлікті бағалаушы, өте жұмсақ. (17) Көместі де көрнеуді де білуші. Үстем, хикмет иесі. (18)

65-ТАЛАҚ СУРЕСІ

Мединеде түскен. Он екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй Пайғамбар! Қашан әйелдеріңді талақ қылсаңдар, сонда оларды белгілі мерзімінде ажыратыңдар және о мерзімді есептеңдер. Раббыларың Алладан қорқыңдар. Оларды үйлерінен шығармандар әрі олар да шықпасын. Бірақ олар ашық бір арысздық істесе, ол басқа. Міне бұл Алланың шектері. Ал кім Алланың шектерінен шықса, расында ол, өзіне қастық қылған болады. Білмейсің, мүмкін Алла, бұл уақиғадан кейін бір жағдай пайда қылар. (2-С. 228-234-А.) (1) Ал қашан олардың мерзімдері жетсе, оларды дұрыстықпен ұстаңдар немесе туралықпен ажыратыңдар. Сондай-ақ өздеріңнен екі әділ кісіні айғақ қойыңдар. Куәлікті Алла үшін толық орындандар. Міне осылармен; Аллаға, ахирет күніне иман келтіргендер үшін насихат етіледі. Кім Алладан қорықса, оған бір шығар жол пайда қылады. (2) Оған, Алла, ойламаған жерден ризық береді. Ал кім Аллаға тәуекел қылса, сонда Ол, оған жетіп асады. Сөзсіз Алла өз бұйрығын



атқарады. Расында Алла, әр нәрсеге бір өлшеу қойған. (3) Етеккірден қалған әйелдеріңнен күмәндансаңдар, олардың "ғыддаты" мерзімі үш ай. Және әдет көрмеген әйелдердің мерзімдері де сондай. Ал және жүкті әйелдердің мерзімдері олар босанғанға дейін. Кім Алладан қорықса, оның ісіне оңайлық жасайды. (4) Міне осы, Алланың сендерге түсірген бұйрықтары. Кім Алладан қорықса, оның жамандығын жояды да сауабын зорайтады. (5)

سُورَةُ الطَّلَاقِ


أَسْكُوهُنَّ مِنْ حَيْثُ سَكَنْتُمْ مِنْ وَجْدِكُمْ وَلَا تَبْصُرُوهُنَّ لِيُضَيِّقُوا
 عَلَيْكُمْ وَإِنْ كُنَّ أُولَاتٍ حَمَلٍ فَأَنْقِبُوا عَلَيْهِنَّ حَتَّى يَضَعْنَ حَمَلَهُنَّ
 فَإِنْ أَرْضَعْنَ لَكُمْ فَامْتُواهُنَّ وَأَنْتُمْ وَأَيْتُكُمْ بِمَعْرُوفٍ وَإِنْ
 تَمَّاسْتُمْ فَاسْتَرْضِعْ لَهُنَّ أُخْرَى ۖ لِيُنْفِقَ ذُو سَعَةٍ مِنْ سَعَتِهِ
 وَمَنْ قُدِرَ عَلَيْهِ رِزْقُهُ فَلْيُنْفِقْ مِمَّا آتَاهُ اللَّهُ لَا يَكْفُلُ اللَّهُ فُسَّاسًا
 ۗ إِمَّا مَاءً أَنْتَهُمَا سَيَجْعَلُ اللَّهُ بَعْدَ عَسْرٍ يُسْرًا ۖ وَكَانَ مِنْ قُرْبَى
 عَنَّتْ عَنْ أَمْرِ رِبَّاهَا وَرَسُولِهِ ۗ فَحَاسِبْنَهَا أَجْسَابًا شَدِيدًا وَعَدَّتْهَا
 عَدَابًا تَكْرًا ۗ ۝ فَذَاقَتْ وَبَالَ أَمْرِهَا وَكَانَ عِقْدًا غَمِيضًا ۗ وَتَمَّاسْتُمْ
 أَعْدَاءُ اللَّهِ لَهُمْ عَدَابٌ شَدِيدٌ ۗ فَاتَّقُوا اللَّهَ يَا أُولِي الْأَلْبَابِ الَّذِينَ آمَنُوا
 قَدْ أَنزَلَ اللَّهُ إِلَهُكُمْ ذِكْرًا ۖ رُؤُوسًا لِلَّذِينَ آمَنُوا إِلَّا الَّذِينَ صَدَقُوا
 لِيُخْرِجَ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ
 وَمَنْ يُؤْمِن بِاللَّهِ وَيَعْمَلْ صَالِحًا يُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا
 الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أُولَئِكَ هُمْ أَحْسَنُ اللَّهُ لَهُمْ رِزْقًا ۖ وَاللَّهُ الَّذِي خَلَقَ
 سَبْعَ سَمَوَاتٍ وَمِنَ الْأَرْضِ وَمِثْلَهُنَّ يَتَنَزَّلُ الْأَمْرُ بَيْنَهُمْ لِيَتْلَمَأُوا مِنْ
 اللَّهِ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ۖ وَأَنَّ اللَّهَ قَدْ أَحَاطَ بِكُلِّ شَيْءٍ عِلْمًا ۗ ۝

Алланың бергені бойынша нафақа берсін. Алла біреуге оған бергенінен артық жүктемейді. Алла, ауыршылықтан кейін жеңілдік береді. (7) Қаншалаған кент Раббыларының және елшілерінің әмірінен бас тартты. Сонда оларды қатаң түрде есепке тартып, өздерін жаман азаппен қинағанбыз. (8) Сонда өз істегендерінің сазайын татты. Негізінен олардың істерінің соңы зиян. (9) Алла оларға қатты азап әзірлеген. Әй ақыл иелері! Алладан қорқыңдар. Иман келтіргендер, Алла сендерге бір зікір (Құран) түсірді. (10) Сондай иман келтіріп, жақсы ғамал істегендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін Алла сендерге аяттарын оқитын бір Елші жіберді. Кім Аллаға иман келтіріп, жақсы ғамал істесе, Алла, оны астарынан өзендер ағатын әрі онда мәңгі қалатын ұжмақтарға кіргізеді. Расында Алла, оған нендей көркем несібе берді. (11) Ол сондай Алла, жеті көкті жаратқан және жерді де солар сияқты жаратқан. Күмәнсыз Алланың әр нәрсеге күші толық жететіндігін білулерің үшін әмірлері жер мен көктің арасына түсіп тұрады. Сондай-ақ Алланың білімі әр нәрсені ішіне алады. (12)

(Ажырасып, мерзім күткен) әйелдерді шамаларың келгенінше, үйлеріңде тұрғызыңдар. Оларға зорлау үшін түрткі салмаңдар. Егер олар жүкті әйелдер болса, сонда оларға босанғанға дейін нафақа беріңдер. Егер ажыраған әйелдер, сендер үшін бала емзірсе, сонда олардың жалақыларын беріңдер. Өзара дұрыстықпен ақылдасыңдар. Егер (ер аз беріп, әйел көп тілеп) бір-біріңе ауырлық салсаңдар, баланы басқа әйел емзіруге болады. (6) Кеңшілік иесі бай кісі; өзіне

66-ТАХРИМ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он екі аят.
Аса камқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
(Мұхаммед Ғ.С. жұбайларынан хазіреті Зейнептің үйінен бал шәрбеті ішкенін қызғанған хазреті Ғайша мен Хафса ақылдасып, Пайғамбар (Ғ.С.) ға: "Аузыңнан сасық иіс шығып тұр" дегендіктен өзіне балды арам етіп, ант ішеді. Б.М.К.Р.Т.Х.Ж-Қ.Т-Қ.) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңның ризалығын қалап, Алланың өзіңе халал еткен нәрсесін неге арам етесің? Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (1) Расында Алла, анттарыңды шешуді парыз қылды. Алла иелерің. Ол, толық білуші, аса дана. (2) Сол уақытта Пайғамбар (Ғ.С.) кейбір жұбайына берген сырды, ол басқаға хабарлап қойған сәтте, Алла оны Пайғамбарға білдірді. Бірақ Пайғамбар жұбайына оның кейбірін білдіріп, кейбірін білдірмеді. Сонда оны жұбайына білдірген сәтте, ол: "Бұны саған кім білдірді?",- дегенде, Пайғамбар (Ғ.С.): "Маған толық білуші, әр нәрседен хабар алушы Алла білдірді" деді. (3) Егер екеуің Аллаға тәубе етсеңдер жақсы. Расында жүректерің ауытқыды. Егер екеуің Пайғамбарға қарсы бір-біріңе болыссандар, оның иесі Алла және Жебрейіл (Ғ.С.) де, игі мүміндер де, тағы олардан кейін періштелер де оған болысады. (4) (Әй Пайғамбардың жұбайлары!) Егер сендерді ажыратса, Раббы оған орындарыңа сендерден жақсы,



Мұсылман; мүмін, бой ұсынушы, тәубе етуші, құлшылық қылушы, ораза ұстаушы, тұл және ер көрмеген қыз жұбайлар беруі мүмкін. (5) Әй мүміндер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар. Оның басындағы періштелер; жуан денелі, қатал. Олар, Алланың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйрылса, соны орындайды. (6) Әй қарсы келгендер! Бүгін сылтауратпаңдар! Шын мәнінде істегендеріңнің сазайын тартасындар. (7)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

يٰۤاَيُّهَا الَّذِيْنَ ءَامَنُوْا تَوْبُوْا اِلَى اللّٰهِ تَوْبَةً نَّصُوْحًا عَسَىٰ رَبُّكُمْ
 اَنْ يُّكْفِرَ عَنْكُمْ سَيِّئَاتِكُمْ وَيُدْخِلَكُمُ جَنَّاتٍ تَجْرِي
 مِنْ تَحْتِهَا الْاَنْهَارُ يَوْمَ لَا يُخْزِي اللّٰهُ النَّبِيَّ وَالَّذِيْنَ ءَامَنُوْا
 مَعَهُ يَوْمَ تُرْهِمُ يَسِيْرَ بِيْتِ اَيْدِيْهِمْ وَيَاْمِنْتِهِمْ يَقُوْلُوْنَ رَبَّنَا
 اٰتِنَا لَنَا نُوْرًا وَّاغْفِرْ لَنَا اِنَّكَ عَلٰى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيْرٌ ﴿٨﴾
 يٰۤاَيُّهَا النَّبِيُّ جَاهِدِ الْكُفْرَ وَالْمُنٰفِقِيْنَ وَاغْلُظْ عَلَيْهِمْ
 وَمَا وَنٰهُمْ جَهَنَّمُ وَيَسَّ الْمَصِيْرُ ﴿٩﴾ ضَرَبَ اللّٰهُ مَثَلًا
 لِلَّذِيْنَ كَفَرُوْا اَمْرًا تُوَجُّ وَاَمْرًا لُّوْطٌ كَا تَاخَذَت
 عَبْدِيْنَ مِنْ عِبَادٍ نَّاصِحِيْنَ فَاَخَاتَا هُمَا فَتَرٰ بَعْضِيَا عَمٰهُمَا
 مِنَ اللّٰهِ شَيْئًا وَقِيْلَ اَدْخُلَا النَّارَ مَعَ الْاٰخِلِيْنَ ﴿١٠﴾
 وَضَرَبَ اللّٰهُ مَثَلًا لِلَّذِيْنَ ءَامَنُوْا اَمْرًا فِرْعَوْنَ اِذْ
 قَالَتْ رَبِّ اٰتِنِيْ لِيْ عِنْدَكَ بِيْتًا فِي الْجَنَّةِ وَبِحَجِّيْ مِنْ فِرْعَوْنَ
 وَعَمَلِيْهِ وَبِحَجِّيْ مِنَ الْقَوْمِ الظّٰلِمِيْنَ ﴿١١﴾ وَمَرْيَمَ اِذْ
 عَمَّرْنَا لَهَا اَحْسَنَ فَرْجِهَا فَنفَخْنَا فِيْهِ مِنْ رُّوْحِنَا
 وَصَدَقَتْ بِكَلِمٰتِ رَبِّهَا وَكُنْتِيْهِ وَكَانَتْ مِنَ الْقٰنِنِيْنَ ﴿١٢﴾

• 11

Әй мүміндер! Аллаға шынайы тәубе қылыңдар. Раббыларың жамандықтарыңды жойып, астарынан өзендер ағатын ұрмақтарға кіргізуі үміт етіледі. Алла, ол күні, Пайғамбарды, онымен бірге иман келтіргендерді кейітпейді; олардың нұрлары алдарында, оң жақтарында жүреді. Олар: "Раббымыз! Нұрымызды толықтыр, бізді жарылқа. Сөзсіз Сенің әр нәрсеге толық күшің жетеді" дейді. (57-С.13-А.) (8) Әй Пайғамбар! Кәпірлер және


мұнафықтармен күрес. Сондай-ақ оларға қатаң бол. Олардың орны тозақ нендей жаман орын. (9) Алла (Т.) кәпірлерге Нұх (Ғ.С.) тың әйелі мен Лүт (Ғ.С.) тың әйелін мысал көрсетті. Олар жақсы құлдарымыздан екі құлдың некесінде еді. Сонда екеуі де оларға опасыздық қылды. Сондықтан екі пайғамбар да ол екеуін Алладан еш қорғай алмады "Екеуің тозаққа кірушілермен бірге кіріңдер." делінді. (10) Алла (Т.) иман келтіргендерге Перғауынның әйелін мысал көрсетті. Сол уақытта ол: "Раббым! Өз жаныңнан маған бейіште бір үй жаса әрі мені Перғауыннан және оның істегендерінен құтқар. Сондай-ақ залым елден де құтқар" деген еді. (11) Ғыман қызы Мәрийемді мысал көрсетті. Ол ұятты жерін қорғаған. Сондықтан рұхымыздан үрлеген едік. Ол, Раббының сөздерін және кітаптарын растаған еді. Сондай-ақ бой ұсынушылардан еді. (Нұх Ғ.С. ның әйелі; уаһила, еліне: "Ол жынды" деп, Лүт Ғ.С. ның әйелі; қонақ болып келген періштелерді, еліндегі бұзықтарға хабар беретін еді. Ал Перғауынның әйелі, Асия Мазақым қызы; Мұса Ғ.С. ға иман келтіргендіктен, Перғауын оны төрт қазыққа керіп, аяусыз түрде қинаумен өлтіреді. Ғыман қызы Мәрийем; Алланың әмірімен екі қабат болып, Ғиса Ғ.С. ды дүниеге келтіреді. Ж.М.Х.Т.) (12)

67-МҮЛК СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Сондай бүкіл әкімшілік қолында болған Алла, аса ұлы әрі Ол, әр нәрсеге күші толық жетуші. (1) Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол, тым үстем, аса жарылқаушы. (2) Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат-қабат жаратқан. Рахманның жаратуында еш мүлтік көре алмайсың. Қайта көз сал. Ешбір ақау көре аласың ба? (3) Тағы көзіңді екі қайтарып қара. Көзің саған шаршап, талған түрде айналады. (50-С. 6-А.) (4) Расында Біз дүние аспанын шамдар (жұлдыздар) мен безедік. Оны шайтандарды атуға жасадық. Сондай-ақ оларға жалындаған азап әзірледік. (15-С. 16-18-А., 37-С. 6-10-А.) (5) Сондай Раббыларына қарсы келгендер үшін тозақ азабы бар. Нендей жаман орын. (6) Ішіне тасталған сәтте, оның қайнап, күжілдеген дауысын естиді. (7) Долданғандығынан жарылып кете жаздайды. Қашан оған бір топ (қылмысты) тасталса, оларға оның сақшылары: "Сендерге ескертуші келмеді ме?,- деп, сұрайды. (8)



Олар: "Расында бізге ескертуші келді. Сонда оларды жасынға айналдырдық та Алла сендерге еш нәрсе түсірмеген. Сендер зор адасудасыңдар деп едік" дейді. (9) "Егер біз тыңдаған немесе ақылға салған болсақ еді, бұл жалындаған тозақтықтардың ішінде болмас едік" дейді. (10) Сөйтіп, олар күнәларын мойындайды. Ендеше, жалындаған тозақтықтар оңбасын! (11) Дұрысында сондай Раббыларынан көрмей-ақ қорыққандар, олар үшін жарылқау әрі зор сыйлық бар. (12)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ

وَأَسِرُّوا قَوْلَكُمْ أَوِ اجْهَرُوا بِهِ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿١٣﴾ أَلَا
يَعْلَمُ مَنْ خَلَقَ وَهُوَ اللَّطِيفُ الْخَبِيرُ ﴿١٤﴾ هُوَ الَّذِي جَعَلَ لَكُمْ
الْأَرْضَ ذُلُولًا فَامشَوْا فِي مَنَاكِبِهَا وَكُلُوا مِن رِّزْقِهِ وَإِلَيْهِ النُّشُورُ
﴿١٥﴾ أَمْ أَمِنْتُمْ مَن فِي السَّمَاءِ أَن يَخْسِفَ بِكُمْ الْأَرْضَ فَإِذَا هِيَ
تَمُورٌ ﴿١٦﴾ أَمْ أَمِنْتُمْ مَن فِي السَّمَاءِ أَن يُرْسِلَ عَلَيْكُمْ حَاصِبًا
فَسَتَعْمَوْنَ كَيْفَ يُنذِرُ ﴿١٧﴾ وَلَقَدْ كَذَّبَ الَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ فَكَيْفَ
كَانَ نَكِيرِ ﴿١٨﴾ أَوَلَمْ يَرَوْا إِلَى الطَّيْرِ فَوْقَهُمْ صَفَيْتَ وَمَقْتَضَىٰ مَا
يُمْسِكُهُنَّ إِلَّا الرَّحْمَنُ إِنَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ بَصِيرٌ ﴿١٩﴾ أَمْ هَذَا الَّذِي
هُوَ جُنْدٌ لَّكَ يَصْرُكُوكُ مِن دُونِ الرَّحْمَنِ إِنِ الْكَافِرُونَ إِلَّا فِي غُرُورٍ
﴿٢٠﴾ أَمْ هَذَا الَّذِي يَرْفَعُونَ إِنْ أَمْسَكَ رِزْقَهُ بَل لَّجُوفٌ أَعْوَىٰ
وَقَفُورٍ ﴿٢١﴾ أَمْ يَتَّبِعُونَ مِثْلَ عِلِّيٍّ وَجْهَهُ أَهْدَىٰ أَمْ يَتَّبِعُونَ سَوِيًّا
عَلَىٰ صِرَاطٍ مُّسْتَقِيمٍ ﴿٢٢﴾ قُلْ هُوَ الَّذِي أَنشَأَكُمْ وَجَعَلَ لَكُمُ السَّمْعَ
وَالْأَبْصَارَ وَالْأَفْئِدَةَ قَلِيلًا مَّا تَشْكُرُونَ ﴿٢٣﴾ قُلْ هُوَ الَّذِي ذَرَأَكُمْ
فِي الْأَرْضِ وَإِلَيْهِ تُحْشَرُونَ ﴿٢٤﴾ يَقُولُونَ مَتَىٰ هَذَا الْوَعْدُ إِن كُنتُمْ
صَادِقِينَ ﴿٢٥﴾ قُلْ إِنَّمَا الْعِلْمُ عِنْدَ اللَّهِ وَإِنَّمَا أَنَا نَذِيرٌ مُّبِينٌ ﴿٢٦﴾

٥٦٣


көктегінің сендерге тас жаудыруынан қауіпсізсіңдер ме? Ескертуімнің қалай екенін таяуда білесіңдер (17) Расында олардан бұрынғылар да жасынға айналдырған еді. Маған қарсы келу қалай екен? (18) Үстеріндегі қанаттарын жайып, қомдап ұшқан құсты көрмей ме? Оларды Алла ғана тоқтатады. Сөзсіз Ол, әр нәрсені толық көруші. (19) Сендердің Алладан өзге көмек беретін жасақтарың кім? Кәпірлер аллдануда ғана. (20) Алла ризығын тоқтатса, сендерді көректендіретін кім? Әрине олар тоң мойындықта, жиреніп қасарысуда. (21) Етпеттеп жүрген біреу турарақ ба? Даңғыл жолда тік жүрген біреу турарақ па? (22) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Ол сондай Алла, сендер үшін есту, көру және сезу жаратқан. Сонда да аз шүкір етесіңдер" де. (23) Оларға: "Ол сондай Алла, сендерді жер жүзіне таратқан және Сол жаққа жиналасыңдар" де. (24) Олар: "Егер айтқандарың рас болса, осы уәде қашан?",- дейді. (25) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде оның мәліметі Аллаға тән. Мен ашық ескертуші ғанамын" де. (26)

Сөздеріңді жасырсандар немесе әшкерелесендер де шәксіз Алла, көңілдегіні толық біледі. (13) Жаратқан білмей ме? Ол тым жұмсақ, әр нәрсені толық білуші. (14) Ол сондай Алла, сендер үшін жерді көнпіс қылып жаратты. Ендеше оның айналасында жүріңдер. Сондай-ақ Оның ризығынан жеңдер. Және барар жерлерің Сол жақ. (15) Жер теңселген сәтте аспандағының сендерді жерге жұттыруынан бейбітсіңдер ме? (16) Немесе


Олар оны жақыннан көрген сәтте, қарсы болғандардың жүздері бұзылып кетеді. Оларға: "Міне осы сендердің тілегендерің" делінеді. (27) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Көрдіндер ме? Егер Алла, мені әрі менімен бірге болғандарды жоқ етсе, немесе мәрхамет етсе, сонда кәпірлерді кім күйзелтуші азаптан құтқарады?",- де. (28) Оларға: "Ол Алла, аса қамқор. Оған иман келтірдік әрі Оған тәуекел қылдық. Кімнің ашық адасуда екенін таяуда білесіңдер" де (29) Оларға: "Көрдіндер ме? Егер суларың құрып кетсе, сендерге, бір аққан суды кім келтіреді?",- де. (30)

68-ҚАЛАМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Нұн: (Ұғымын Алла біледі.) Қалам әрі оның жазған нәрселеріне серт. (1) (Мұхаммед F.C.) Сен Раббыңның мәрхаметінде жынды емессің. (2) Сөзсіз сен үшін таусылмайтын бір сыйлық бар. (3) Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің. (4) Енді таяуда сен де көресің, олар да көреді. (5) Жындылық қайсыларыңда екен? (6) Күдіксіз Раббың кімнің жолынан адасқанын жақсы біледі. Және тура жолдағыны да біледі. (7) Ендеше, өтірікшілерге бой ұсынба.



(8) Егер сен босасаң сонда олардың да босағылары келеді. (Оларды бұттардан тыймасаң сонда оларда жұмсайды. Б.М.) (9) (Мұхаммед F.C.) әрбір көп ант ішкен ынжықтарға бой ұсынба; (10) Өте айыптағыш, өсек тасығышқа да, (11) Жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы күнәкарға да, (12) Сотқар, сондай-ақ тексізге де, (Мұғайяра ұлы Уәлід.) (13) Бұлар малды, балалы болса да. (14) Оған аяттарымыз оқылған сәтте: "Бұрынғылардың ертегісі" деді. (15)




Жуырда оның мұрнына дақ саламыз. (Түмсығын тасқа тигіземіз.) Бір жомарт адамның бақшасына мұрагер болған балалары, іштарлық өткендіктен апатқа ұшырайды. Б.М.Р.Х.Т.) (16) Бұларға бақша иелеріне пеле бергендей пеле бердік. Сол уақта олар, таң сәріден оның жемісін жинап алуға ант ішті. (17) Алла қаласа демеді. (18) Олар ұйықтап жатқанда бақшаға бір апат айналды. (19) Бақша қара түнектей болды. (20) Сонда олар, таң сәріден дабыстады : (21) "Егер жеміс алатын болсаңдар, бақшаларыңа жүріңдер"

деп. (22) Сонда олар сыбырласып, кетіп бара жатты: (23) "Бүгін бақшада сендерге ешбір міскін кірмесін" деп. (24) Олар, күші жете тұра таң сәріден оңаша кетті. (25) Сонда олар, бақшаны көрген сәтте: "Анық адасқан екенміз",- десті. (26) "Жоқ, біз құр қалған екенміз" (десті.) (27) Олардың орта көз қарастағысы: "Сендерге Алланы неге дәріптемейсіңдер демедім бе?,- деді. (28) Олар: "Раббымыз! Сені дәріптейміз. Расында залымдардан борған екеміз" десті. (29) Сонда олар, бір-біріне қарсы кінәласты: (30) "Неңдей өкініш бізге, анық шектен шығушылардан болдық" десті. (31) "Мүмкін Раббымыз оның орнына жақсырағын берер. Расында Раббымызға ынтықпыз." (32) Міне бейнет осындай. Әрине ахирет азабы тағы зор, егер олар білген болса. (33) Күдіксіз тақуалар үшін; Раббыларының қасында Нағым жаннаттары бар. (34) Бой ұсынушыларды, күнәкарлардай етеміз бе? (35) Сендерге не болды, қалай үкім бересіңдер? (36) Немесе оқитын бір кітаптарың бар ма? (37) Расында онда сендердің ұнатқандарың бар ма? (38) Немесе сендер үшін Бізге қарсы қияметке дейін жалғасатын, шәксіз өз пайдаларыңа үкім берілетін бір ант бар ма? (39) (Мұхаммед Ғ.С.) олардан сұра: "Расында осыған олардың қайсылары жауапкер екен? (40) Не олардың ортақтары бар ма? Егер сөздері шын болса, ортақтарын әкелсін. (41) Қиямет күні, балтыр (шындық) ашылады. Олар сәждеге шақырылады, сәжде қыла алмайды. (42)


Олардың көздері сүлкіп, өздерін қорлық баураған. Расында олар аман-сауында (дүниеде) сәждеге шақырылған болатын. (43) (Мұхаммед F.C.) енді осы сөзді (Құранды) жасынға шығарғандарды Маған таста; оларды білмеген жақтан баяулап кеміте береміз. (44) Оларға мұрсат беремін. Шынында шараларым күшті. (45) (Мұхаммед F.C.) немесе сен олардан жалақы сұрап, олар, ауыр зиянға ұшырады ма? (46) Не жасырын ғылым олардың жанында да олар соны жаза ма? (47) (Мұхаммед F.C.) ендеше Раббыңның үкімі бойынша сабыр ет. Балық иесі (Юныс F.C.) құсама. Сол уақытта ол, қайғыға булығып, жалбарынған болатын. (37-С. 139-147-А) (48) Егер оған Раббынан бір нығмет болмаса еді, сонда ол, қорланған түрде қырға тасталар еді. (49) Өйткені, Раббы оны таңдап жақсылардан етті. (50) Расында қарсы келгендер, Құранды тыңдаған сәтте, олар көздерімен ішіп-жеп, сені жыға жаздайды. Және: "Ол анық жыңды" дейді. (51) Негізінде бұл Құран әлемдерге насиқаттан басқа нәрсе емес. (52)

69-ХАҚҚА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Болуы анық қиямет. (1) Ол, болуы



анық не нәрсе? (2) Ол болуы анық уақиғаны қайдан білесің? (3) Сәмүд, Гад елдері, ол үрейлі қияметті жасынға айналдырды. (4) Бірақ Сәмүд елі шектен шығуларының салдарынан типыл қыланды. (5) Я, Гад елі де қуілдеген қатты боранмен жоқ етілді. (6) Алла, оларға ол боранды жеті түн, сегіз күн жалғасты түрде естірді. Сонда ол елді құрманың қуыс дөңбегінше құлағанын көрер едің. (7) Ал енді олардан бір қалған нәрсе көресің бе? (8)




уақиғасы болады. (15) Сол күні, көк жарылып, босайды. (16) Періште көктің атырапында болады. Сондай-ақ Раббыңның ғаршысын сегіз періште үстеріне көтереді. (17) Сол күні ұсыныласыңдар. Еш нәрселерің жасырылмайды. (18) Сонда енді кімнің кітабы оңынан берілсе; "Алыңдар, кітабымды оқыңдар!",- дейді. (19) "Расында мен осы есепке кездесетінімді ойлап ем." (20) Сонда ол, қуанышты тіршілікте, (21) Көтеріңкі жаннатта болады; (22) Жемістері салбырап тұрады. (23) (Оларға): "Өткен күнде істеген ғамалдарыңның арқасында ішіндер, жеңдер сіңімді болсын" (делінеді.) (24) Ал енді кімнің кітабы солынан берілсе: "Әттеген-ай! Кітабым берілмесе еді" дейді. (25) "Есебімнің не екенін білмесем екен!" (26) "Әттең! Іс бітіп кеткен болса еді. (Қайта тірілмеген болсам еді.)" (27) "Малым, маған еш пайда бермеді." (28) "Күш-қуатым жойылып кетті" (дейді.) (29) "Оны ұстаңдар да байландар." (30) "Сосын оны тозаққа салыңдар." (31) "Одан кейін оны жетпіс құлаш шынжырмен матаңдар" (делінеді.) (32) "Өйткені ол, ұлы Аллаға иман келтірмеген;" (33) "Әрі олар міскіндерді тамақтандыруға қызықтырмаған еді." (34)

Перғауын және одан бұрынғылар, сондай-ақ ойран болған кент тұрғындары қателескен. (9) Сонда олар Раббыларының елшілеріне қарсы келген. Сондықтан Алла, оларды қатты түрде қолға алған. (10) Расында су тасыған кезде, сендерді кемеге отырғыздық. (11) Оны, сендерге бір өнеге және естір құлақтарға естіп, сақтау үшін ғибрат қылдық. (12) Сонда бір рет Сүр үрілген сәтте, (13) Жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте, (14) Міне сол күні, қиямет


Сондықтан бүгін мұнда оның бір жанашыры жоқ. (35) Сондай-ақ іріңнен басқа ешбір тамақтары жоқ. (36) Оны күнәкарлар ғана жейді. (37) Сонда көрген нәрселеріңе серт, (38) Және көрмеген нәрселеріңе де серт. (39) Күдіксіз бұл Құран ардақты бір Елшінің сөзі. (Елші ойдан шығармайды, міндетін орындайды. Б.Ж.М.) (40) Ол, бір ақынның сөзі емес. Сендер аз сенесіңдер. (41) Сондай-ақ ол, бақсының да сөзі емес. Аз түсінесіңдер. (42) Ол, әлемдердің Раббынан түсірілген. (43) Егер елші, кей сөзді өзі айтып Бізге таңса; (44) Әрине оның оң жағынан қолға алар едік; (45) Сосын оның күре тамырын кесер едік. (Өлтірер едік.) (46) Сонда сендерден ешбіреу одан тоса алмайды. (47) Расында ол Құран, тақуалар үшін бір насихат.. (48) Сөзсіз сендерден өтірік деушілердің барлығын анық білеміз. (49) Өйткені, ол Құран, әрине қарсы келушілер үшін бір қасірет. (50) Шүбәсіз ол Құран, анық шындық. (51) (Мұхаммед Ғ.С.) ендеше ұлы Раббыңды атымен дәріпте. (52)

70-МАҒАРЫЖ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.



Бір сұраушы, болатын бір азапты сұрады. (8-С. 32-А.) (1) Кәпірлер үшін; оны кетіруші жоқ. (2) Ол азап биік дәреже иесі Алладан. (3) Ол жоғарғы орынға періштелер және Жебрейіл (Ғ.С.) мөлшері елу мың жылдық бір күнде шығады. (4) (Мұхаммед Ғ.С.) енді көркем сабырмен сабыр ет. (5) Олар қияметті ұзақ көреді. (6) Біз жақын көреміз. (7) Ол күні, аспан еріген кен сияқты болады. (8) Таулар, түтілген жүндей болады. (9) Дос, достың халін сұрамайды. (10)




адам баласы сабырсыз жаратылган. (19) Басына бір бейнет жетсе, тым төзімсіз. (20) Қашан қолына дәулет түссе, өте сараң. (21) Бірақ намаз оқушылар басқа. (22) Олар сондай намаздарын ұдайы орындайды. (23) Сондай олардың малдарында белгілі хақ бар: (24) Сұрағанға да сұрамағанға да. (51-С. 19-А.) (25) Тағы сондай қиямет күнін растағандар. (26) Сондай-ақ олар, Раббыларының азабынан қорқушылар. (27) Шын мәнінде Раббының азабы аман қалатын нәрсе емес. (28) Сондай ұятты жерлерін сақтағандар. (29) Бірақ өз әйелдері немесе қолдарындағы күндері басқа. Расында оларға сәгіс жоқ. (30) Ал сонда кім бұлардан басқаны іздесе, міне сонда олар шектен шығушылар. (31) Тағы олар сондай аманаттарын, уәделерін сақтаушылар. (32) Және олар, куәліктерінде бекем тұрушылар. (33) Әрі сондай олар намаздарына ұқыптылық істегендер. (34) Міне солар бейіштерде құрметке бөленетіндер (35) (Мұхаммед F.C.) ал енді сен жаққа мойындарын созып, жүгірген кәпірлерге не болды? (36) Оңнан, солдан топ-топ болып; (37) Олардың әрбірі нығметті ұжмаққа кіруді үміт ете ме? (38) Әсте олай емес! Расында Біз оларды өздері білген нәрседен (бір тамшы нәжіс судан) жараттық. (39)

Олар бір-біріне көрсетіледі. Қылмысты, сол күні, ұлдарын ол күннің азабынан (қорқып) төлеуге бергісі келеді; (11) Әйелін де туысын да; (12) Сондай-ақ өзін мәпелеген елін де. (13) Тіпті біртұтас жер жүзіндегі адамдарды беріп, сонан соң өзін құтқарғысы келеді. (14) Әсте олай болмайды! Шын мәнінде ол тозақ, жалындаған от: (15) Теріні сояды; (16) Ол теріс айналып, бет бұрғанды шақырады. (17) Дәулет жинап сақтаған (сараң) ды шақырады. (18) Шын мәнінде

Енді шығыстардың батыстардың Раббына серт! Шын мәнінде әр нәрсеге күшіміз жетеді. (40) Олардың орнына олардан жақсыны ауыстыра аламыз. Сондай-ақ ешкім Бізден оза алмайды. (41) (Мұхаммед F.C.) ендеше оларды қойып қой; оларға уәде етілген күнге дейін сүңгіп ойнай тұрсын. (42) Сол күнде олар қабырларынан тез шығып, тігулі көмбеге жүгіргендей жүгіреді. (43) Олардың көздері төмен қарап, өздерін қорлық басады. Міне осы, оларға уәде етілген күн. (44)

71-НҮХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен Жиырма сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Расында Нұх (F.C.) ты, еліне: "Қауымыңды күйзелтуші азап келуден бұрын қорқыт" деп, жібердік. (1) (Нұх F.C.): "Шын мәнінде мен сендерге ашық ескертушімін" деді. (2) "Аллаға құлшылық қылыңдар, Одан қорқыңдар, маған бағыныңдар;" (3) "Күнәларыңды жарылқайды және өздеріңді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. (Өмір сүрдіреді.) Егер білген болсаңдар, шын мәнінде Алланың өлшеулі мезгілі жетсе кешіктірілмейді." (4) (Нұх F.C.): "Раббым! Расында мен елімді күндіз-түні шақырдым." (5) "Бірақ шақыруым, олардың қашуын ғана



арттырды." (6) "Расында мен оларды Сенің бағыштауың үшін шақырған сайын, олар саусақтарын құлақтарына тығып, киімдерін бүркенген бойда, қасарысып, паңданған сайын паңданды." (7) "Сосын рас мен оларды қатты дабыстап шақырдым." (8) "Одан кейін мен оларға ашықша да тіпті өздеріне көмес түрде жасырын да айттым." (9) (Сондай-ақ оларға): "Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені Ол, өте жарылқаушы." дедім. (10)

سُورَةُ النُّوحِ

النُّوحِ

يُرْسِلِ السَّمَاءَ عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا ﴿١١﴾ وَيُمْدِدْكُمْ بِأَمْوَالٍ وَيَبِينْ وَيَجْعَلْ
 لَكُمْ جَنَّاتٍ وَيَجْعَلْ لَكُمْ أَنْهَارًا ﴿١٢﴾ مَا لَكُمْ لَا تَرْجُونَ لِلَّهِ وَقَارًا ﴿١٣﴾
 وَقَدْ خَلَقَكُمْ أَطْوَارًا ﴿١٤﴾ أَلَمْ تَرَ أَنَّ اللَّهَ سَمِعَ سَمَوَاتٍ
 طَبَاقًا ﴿١٥﴾ وَجَعَلَ الْقَمَرَ فِيهِنَّ نُورًا وَجَعَلَ الشَّمْسُ سِرَاجًا ﴿١٦﴾
 وَاللَّهُ أَنْتَبَ كُرْمٍ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا ﴿١٧﴾ ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ
 إِخْرَاجًا ﴿١٨﴾ وَاللَّهُ جَعَلَ لَكُمْ الْأَرْضَ بِسَاطًا ﴿١٩﴾ لَتَسْكُنُوا مِنْهَا
 سُبُلًا مُجَامِلًا ﴿٢٠﴾ قَالَ نُوحٌ رَبِّ إِنِّي نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ لَمَّا كُنْتُ مِنَ الْبَنِي
 آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ وَإِنِّي أَخْشَاكَ ﴿٢١﴾ وَكُنْتُ مُسَلِّمًا لِلَّذِينَ اتَّخَذُوا
 آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٢٢﴾ وَقَالَ نُوحٌ رَبِّ إِنِّي نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ
 لَمَّا كُنْتُ مِنَ الْبَنِي آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ وَإِنِّي أَخْشَاكَ ﴿٢٣﴾ وَكُنْتُ مُسَلِّمًا
 لِلَّذِينَ اتَّخَذُوا آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٢٤﴾ وَقَالَ نُوحٌ رَبِّ إِنِّي
 نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ لَمَّا كُنْتُ مِنَ الْبَنِي آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ وَإِنِّي أَخْشَاكَ ﴿٢٥﴾
 وَكُنْتُ مُسَلِّمًا لِلَّذِينَ اتَّخَذُوا آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٢٦﴾ وَقَالَ
 نُوحٌ رَبِّ إِنِّي نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ لَمَّا كُنْتُ مِنَ الْبَنِي آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ
 وَإِنِّي أَخْشَاكَ ﴿٢٧﴾ وَكُنْتُ مُسَلِّمًا لِلَّذِينَ اتَّخَذُوا آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ
 مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٢٨﴾ وَقَالَ نُوحٌ رَبِّ إِنِّي نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ لَمَّا كُنْتُ
 مِنَ الْبَنِي آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ وَإِنِّي أَخْشَاكَ ﴿٢٩﴾ وَكُنْتُ مُسَلِّمًا لِلَّذِينَ
 اتَّخَذُوا آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٣٠﴾ وَقَالَ نُوحٌ رَبِّ إِنِّي
 نَادَيْتُكَ بِعِصْوَانٍ لَمَّا كُنْتُ مِنَ الْبَنِي آدَمَ ۖ وَوَلَدْتُهُ وَإِنِّي أَخْشَاكَ
 ﴿٣١﴾ وَكُنْتُ مُسَلِّمًا لِلَّذِينَ اتَّخَذُوا آيَاتِكَ ۖ وَاللَّهُ مُجِيبُ الدُّعَاءِ ﴿٣٢﴾


٥٧١

"Ол, сендерге аспаннан мол-мол жаңбыр жібереді." (11) "Әрі өздерінді малдар, балалармен қамдайды. Және сендер үшін бақшалар жасап, өзендер ағызады." (12) "Алланың ұлықтығын ойламайтын сендерге не болды?" (13) "Расында Ол, сендерді түрлі жағдайларда жаратты." (14) "Алланың жеті аспанды қабат-қабат жаратқанын көрмедіңдер ме?" (15) "Олардың ішінде айды нұр қылып, күнді шам қылды." (16) "Алла, сендерді жерден өсіріп өндірді." (17) "Сосын сендерді, ол жерге

қайтарады сонан кейін қайта шығарады." (18) "Алла сендерге жерді төсеніш қылды." (19) "Оның кең жолдарында жүрулерің үшін." (20) Нұх (Ғ.С.): "Раббым! Расында олар маған қарсы келді. Сондай-ақ олар, малдары, балалары өздеріне зияннан басқаны арттырмаған біреулерге ілесті." (21) "Олар зор айлакерліктер істеді." (22) Және олар: "Тәңірлеріңді тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғүс, Яғүк және Насырды есте тастамаңдар" деседі. (Бұлар, бұттарының аттары.) (23) "Расында олар көпшілікті адастырды. Раббым! Сен де залымдардың адасуларын ғана арттыр." (24) Қылмыстарының салдарынан суға батырылды да отқа салынды. Енді олар, өздеріне Алладан өзге көмекші таба алмады. (25) Нұх (Ғ.С.): "Раббым! Жер жүзінде кәпірлерден ешбіреу тұрғын қалдырма" деді. (26) "Егер оларды қалдырсаң, құлдарыңды жолдан адастырады да бұзақы кәпір балаларды ғана тудырады; (27) "Раббым! Мені, әке-шешемді, мүмін болып үйіме кірген кісіні және мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді жарылқа! Сондай-ақ залымдардың жоқ болуларын ғана арттыр" деді. (28)

72-ЖЫН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма сегіз аят.
 (Мұхаммед Ғ.С. Меккемен Тайіптің арасындағы "Нахла" деген жерде сахабалармен бірге таң намазын өтегенде; жындар тыңдаған. Ж.М.Р.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маған уахи етілді" де. Сонда жындар: "Шынында бір ғажайып Құран тыңдадық" деді. (1) "Құран, бізді тура жолға салады. Енді соған иман келтірдік. Раббымызға ешбіреуді ортақ қоспаймыз." (2) "Расында Раббымыздың ұлықтығы өте жоғары, Ол, қатын, бала иемденбейді." (3) "Өйткені біздің ахымақтар, Аллаға шатақ сөйлеп жүр екен." (4) "Расында адамдар мен жынды, Аллаға байланысты есте өтірік айтпайды деп ойлаған едік." (5) "Шынында адамдардан кейбір ерлер; жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді де сонда олар, жындардың менменсуін арттыратын еді. (Құлазыған иен даланың қорғаушысы жын деп сиынатындар болған. Б.Ж.М.) (6) "Олар да сендердің Алла ешкімді қайта тірілтпейді деп ойлағандарың тәрізді ойлаған еді." (7) "Әрине көкке қарманғанымызда, оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық." (8) "Әлбетте тыңдау үшін; аспанның кей орындарында отыратын едік. Енді біреу тыңдамақшы болса, оны көздеген жұлдызды көреді" (15-С.



17-18-А.) (9) "Әрине білмейміз; жер жүзіндегілерге жамандық ойланылуда ма? Немесе оларға, Раббылары жақсылық қалауда ма?" (10) "Расында жақсыларымыз да одан төмендеріміз де бар; түрлі жолдарда едік." (11) "Шынында жер жүзінде Алланы еш жеңе алмайтындығымызды, қашып құтыла алмайтындығымызды аңғардық." (12) "Расында осы тура жолды естіп, Оған сендік. Кім Раббына иман келтірсе, сонда ол, кемшіліктен де зияннан да қорықпайды." (13)


وَأَنَا مِمَّا الْمُسْلِمُونَ وَمِمَّا الْقَاسِطُونَ فَمَنْ أَسْلَمَ فَأُولَٰئِكَ
تَحَرَّوْا رِشْدًا ﴿١٨﴾ وَأَمَّا الْقَاسِطُونَ فَكَانُوا لِجَهَنَّمَ حَطَبًا ﴿١٩﴾
وَالْوَالِدَاتُ عَلَىٰ الْوَارِثَاتِ لَكَافٍ لَّهُنَّ مَالَهُنَّ وَالنَّسَبُ
فِيهِ وَمَنْ يَعْزُضْ عَنْ ذِكْرِ رَبِّيَ وَسَلَكَ عِذَابًا فَاصِدًا ﴿٢٠﴾ وَأَنَّ
الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ﴿٢١﴾ وَأَنَّهُ لَمَّا قَامَ عَبْدُ اللَّهِ
يَدْعُوهُ كَادُوا يَكُونُونَ عَلَيْهِ لِبَدًا ﴿٢٢﴾ قُلْ إِنَّمَا أَدْعُوا رَبِّي وَلَا أُشْرِكُ
بِهِ أَحَدًا ﴿٢٣﴾ قُلْ إِنِّي لَا أَمْلِكُ لَكُمْ ضَرًّا وَلَا رِشْدًا ﴿٢٤﴾ قُلْ إِنِّي
لَنْ نَجِيَّ بِكُمْ مِنَ اللَّهِ أَحَدًا وَلَنْ أَجِدَ مِنْ دُونِهِ مُلْتَحَدًا ﴿٢٥﴾ الْإِنْفَاءُ
مِنَ اللَّهِ وَرِسَالَاتِهِ وَمَنْ يَبْصُرْ إِلَهَ اللَّهِ وَرَسُولَهُ فَإِنَّ لَهُ نَارَ جَهَنَّمَ
خَالِدًا فِيهَا أَبَدًا ﴿٢٦﴾ حَتَّىٰ إِذَا رَأَوْا مَا يُوعَدُونَ فَنَسِيَ عَمَلُونَ
مَنْ أضعف ناصراً وأقل عدداً ﴿٢٧﴾ قُلْ إِنْ أَدْرَيْتَ أَقْرَبُ
مَا تُوعَدُونَ أَمْ يَجْعَلُ لَهُ رَبِّي أَمَدًا ﴿٢٨﴾ عَلِيمُ الْغَيْبِ فَلَا
يُظْهِرُ عَلَىٰ غَيْبِهِ أَحَدًا ﴿٢٩﴾ إِلَّا مَنِ ارْتَضَىٰ مِنْ رَسُولٍ فَإِنَّهُ
يَسْلُكُ مِنْ بَيْنِ يَدَيْهِ وَمِنْ خَلْفِهِ رَصَدًا ﴿٣٠﴾ لِيُنذِرَ الَّذِينَ قَدْ أَجْلَفُوا
رِسَالَتِ رَبِّهِمْ وَأَحَاطَ بِمَا لَدَيْهِمْ وَأَحْصَىٰ كُلَّ شَيْءٍ عَدَدًا ﴿٣١﴾

